

Абай атындағы  
Қазақ ұлттық педагогикалық  
университеті

## ХАБАРШЫ

«Тарих және саяси-әлеуметтік  
ғылымдар» сериясы,  
№1(44), 2015

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.  
2000 ж. бастап шығады

Бас редактор  
т.ғ.д. **Ғ.Қ. КЕНЖЕБАЕВ**

Редакция алқасы:  
т.ғ.д., проф. **М.Қ. Қойгелдиев**

(бас ред. орынбасары),

т.ғ.к., доц. **У.М. Джолдыбаева,**

т.ғ.к., доц. **Р.Р. Оспанова**

(жауапты хатшылар),

т.ғ.д., проф. **Х.М. Әбжанов,**

PhD, проф. **Вирджиния Мартин**  
(АҚШ),

PhD, проф. **Клаудиа Чанг** (АҚШ),

т.ғ.д., проф. **Қара Әбдіуақап**

(Түркия),

т.ғ.д., проф. **О.Д. Осмонов**

(Қырғыз Республикасы),

т.ғ.д., проф. **В.М. Козьменко**

(Ресей Федерациясы),

т.ғ.д., проф. **Қ.Т. Жұмағұлов,**

проф. **М.Майер** (Германия),

т.ғ.д., проф. **К.Р. Несіпбаева,**

т.ғ.д., проф. **А.Б. Соколов**

(Ресей Федерациясы),

т.ғ.д. **Томохико Уяма** (Жапония),

т.ғ.д., проф. **Т.Ходжаоглы** (Түркия)

© Абай атындағы

Қазақ ұлттық педагогикалық  
университеті, 2015

Қазақстан Республикасының  
мәдениет және ақпарат  
министрлігінде

2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген  
№10102 - Ж

Басуға ???.2015 қол қойылды.

Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 34.5 е.б.т.

Таралымы 300 дана.

Тапсырыс ?.

050010, Алматы қаласы,

Достық даңғылы, 13.

Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық  
педагогикалық университетінің  
«Ұлағат» баспасы

## М а з м ұ н ы С о д е р ж а н и е

### ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ

<b>Алтаев А.Ш., Жумагулов Б.С.</b> Культурная революция и создание системы учреждений образования в Южном Казахстане.....	4
<b>Айдарбаева Р.Қ.</b> Алтай қазақтары және шекара мәселесі (XX ғасырдың 20-30 жж.).....	8
<b>Ермұқанов Е.Н.</b> 1920 жылдардағы өлке халқының күнделікті өмірі (халықтың арыз-шағымдары негізінде).....	13
<b>Джунусбаева А.М.</b> Международная деятельность религиозных организаций Казахстана в 1970-80-е годы.....	16
<b>Далаева Т.Т.</b> Казахи в системе местного административного аппарата в Семипалатинской и Акмолинской областях в начале XX в.....	20
<b>Мусагулова А.Б., Арыстанбекова К.Д.</b> Борьба советской власти против религии и ее отрицательные последствия в национальном самосознании.....	26
<b>Төлебаев Т.Ә., Әбікенова Г.Е.</b> Оңтүстік Қазақстан кәсіпорындарының өнімдері XIX – ғ. екінші жартысы мен XX ғ. басындағы аймақтық көрмелерде.....	34
<b>Тулеева М.К.</b> Оралмандар және оларды орналастыру мен жұмыспен қамту мәселелері.....	39
<b>Халидуллин Г.Х.</b> Великая отечественная война и военнопленные в Казахстане.....	43
<b>Нисамбеков Б.Р., Бексеитов Ғ.</b> Археология мұражайының қалыптасу тарихы.....	53

### ЖАЛПЫ ТАРИХ ВСЕОБЩАЯ ИСТОРИЯ

<b>Azimbay Gali, Chouaib Bencheikh Lehocine</b> Causes and consequences of the Arab revolutions of recent times The causes of revolutions: Factors and contexts.....	56
<b>Абдукадыров Н.М.</b> XVIII-XIX ғ.ғ. Осман империясы мен Ресей арасындағы Кавказ территориялары үшін болған саяси және экономикалық тартыстардың Ресей тарихнамасында зерттелуі (1991-2013).....	59
<b>Baisalbaeva T.M.</b> A history of creation and development meeting on interaction and measures of trust in Asia (1992-2007).....	67
<b>Болатқызы А., Беделова Г.С.</b> Из истории взаимоотношений хазар с Восточной Европой.....	72
<b>Садықова Р.О.</b> Жапония мен Қытай арасындағы территориялық мәселелер.....	77
<b>Тулеева М.К.</b> Түркі халықтарының рухани құндылықтары мен рухани өміріндегі діннің орны.....	83

### САЯСИ ТАРИХ ПОЛИТИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ

<b>Алтаев А.Ш., Жумагулов Б.С.</b> Влияние культурной революции на языковую ситуацию в Казахстане.....	86
<b>Джангирова Г.С.</b> Экологические проблемы Казахстана на современном этапе.....	89

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ВЕСТНИК

Серия «Исторические и социально-политические науки», №1(44), 2015

Выходит с 2000 года.  
Периодичность – 4 номера в год

Главный редактор  
д.и.н. Г.К. КЕНЖЕБАЕВ

Редакционная коллегия:  
д.и.н., проф. М.К. Койгелдиев,  
(зам. гл. редактора),  
к.и.н., доц. У.М. Джолдыбаева,  
к.и.н., доц. Р.Р. Оспанова  
(ответ. секретари),  
д.и.н., проф. Х.М. Абжанов,  
PhD, проф. Вирджиния Мартин  
(США),  
PhD, проф. Клаудиа Чанг (США),  
д.и.н., проф. Кара Абдиукап  
(Турция),  
д.и.н., проф. О.Д. Осмонов  
(Кыргызская Республика),  
д.и.н., проф. В.М. Козьменко  
(Российская Федерация),  
д.и.н., проф. К.Т. Жумагулов,  
проф. М.Майер (Германия),  
д.и.н., проф. К.Р. Несипбаева,  
д.и.н., проф. А.Б. Соколов  
(Российская Федерация),  
д.и.н., Томохико Уяма (Япония),  
д.и.н., проф. Т.Ходжаоглы (Турция)

© Казахский национальный педагогический университет имени Абая, 2015

Зарегистрировано  
в Министерстве культуры и  
информации  
Республики Казахстан  
8 мая 2009 г. №10102-Ж

Подписано в печать ????.2015.  
Формат 60x84 1/8.  
Объем 34.5 уч.-изд.л.  
Тираж 300 экз. Заказ ?.

050010, г. Алматы,  
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»  
Казахского национального педагогического  
университета имени Абая

Sultanova F.M. Emergence and distribution new religions.....	92
Раисов К.Д. Азаматтық қоғам ұғымының қалыптасу негіздері.....	95
Алтаев А.Ш., Иманкулова Д.С. Актуальные проблемы укрепления общеказахстанской идентичности.....	99

#### ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ

Бегалинова Қ.Қ., Қасымбаева Г.Н. Дала мәдениеті дамуының рухани бастаулары.....	103
Булгауов Ш.Т. Кеңестік кезеңдегі Қазақстандағы ұлт мәселесі шетел зерттеушілерінің еңбектерінде.....	106
Бегалиева А.К., Жаппасов Ж.Е., Әмірханов М. Жаңа экономикалық саясат тарихының деректері.....	110
Ибрагимова М.Н., Арыстанбекова К.Д. Ақ Орда билеушілерінің тарихы Темір әулеті тарихнамашыларының шығармаларында.....	114
Картаева Т.Е. Виртуалды музейлер кеңістігіндегі ақпараттық технологиялар.....	118
Мажитова Ж.С. Билер институтының қазіргі заманғы Ресейлік және Қазақстандық тарихнамасы: зерттеудің тұжырымдамалық әдістері.....	123
Муканова Г.К. Рассекреченные архивы о внешнеэкономической практике казахской автономии. Смагул Садвокасов.....	128
Султангалиева Г.С., Байгараев Н.А. Джадидистское движение в Казахской степи: проблемы изучения в современной историографии.....	134
Уюкбаева М.И. Социальные проблемы в прозе Бельгера Г.К. ....	141

#### ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ

Макажанова З.Ш. Методологические подходы в изучении социокультурного развития новой истории Казахстана в XIX веке	144
Meirmanov S.T. Mixed Methods in Historical, Social and Political Sciences.....	148

#### АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ

Байсалбаева Т.М., Түсіпова Г.Ж. Шаңырағың – шамшырағың. Алматы қаласы халқының табиғи өсімінің ерекшеліктері.....	154
Исаева А.И. К специфике семейно-брачных проблем в современном Казахстане.....	157
Жолдошев Н.Ж. Орус изилдөөчүлөрүнүн эмгектеріндегі “ичкилик” уруулары (XIX к. аяғы – XX к. башы).....	162
Қартабаева Е.Т. Сопылық және «бақыт алхимиясы».....	168
Nessipbaeva K.R. Tengrian culture and the kazakh ornaments.....	171
Шаймарданова З.Д. Этнографические заметки о казахской степи в Американской прессе XIX - начала XX века.....	175

#### ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНА – 550 ЖЫЛ

Қуандық Е. С. Қазақ хандығындағы Билер инстиуты: тарихы мен тағлымы.....	179
Өтениязов С. Қазақ мемлекетінің 550 жылдығы. Орыс-Қазақ қатынасы тарихындағы көкейкесті мәселелер.....	184

<b>Қожа М.Б., Жолсейтова М.А.</b> Қазақ хандығындағы қалалар тарихынан.....	<b>189</b>
<b>Махаева А.Ш.</b> Таһир ханның қырғыздарға қатысты ұстанымы....	<b>195</b>

### **ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАР ПЕРСОНАЛИИ**

<b>Әбдіғұлова Б.Қ.</b> Ермұқан Бекмаханұлы Бекмаханов – «қазақ тарихшыларының сұлтаны».....	<b>200</b>
<b>Дюсенова Н.К.</b> Академик Кеңес Нұрпейіс және оның отан тарихының дамуына қосқан үлесі (80 жылдығына арналады).....	<b>210</b>
<b>Халидуллин Г.Х.</b> Историк, профессор, воин, педагог – Сексенбаев Онбай Сексенбаевич.....	<b>213</b>

### **ЖАС ҒАЛЫМДАР ЗЕРТТЕУЛЕРІ ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ**

<b>Амиргалиев Е.Р.</b> Институционализация социальной работы в системе здравоохранения Республики Казахстан.....	<b>216</b>
<b>Аманова Л.Ж.</b> Развитие трудового законодательства в Казахстане 1918-1922 гг.....	<b>219</b>
<b>Асқаров О., Мырзабеков М.С.</b> АҚШ, Ресей және ҚХР-ның Орталық Азиядағы геосаяси мүдделерінің салыстырмалы талдауы	<b>222</b>
<b>Әпендиев Т.А.</b> Қазақстанға немістердің қоныс аударуы (XIX ғ. соңы мен XX ғ. басы).....	<b>226</b>
<b>Джакипова А.Б.</b> Сатпаев Қ.И. және Қазақ КСР Ғылым академиясының тарихы.....	<b>230</b>
<b>Канагатова А.И.</b> Социокультурная адаптация казахов-репатриантов в Казахстане.....	<b>233</b>
<b>Күрішбекова А.Қ.</b> Арнайы қоныс аударылыған литвалық азаматтардың Қазақстанға қоныстануы.....	<b>236</b>
<b>Маклушова Ж.С.</b> Қазақстан аумағының межелеуіне дайындығы мен барысы.....	<b>240</b>
<b>Онищенко Регина</b> Депортация и правовая реабилитация крымских татар.....	<b>244</b>
<b>Омарова А.Қ.</b> Қазіргі халықаралық қатынастар жүйесіндегі Мысыр және оның сыртқы саясатының негізгі бағыттары.....	<b>247</b>
<b>Өтеулі М.С.</b> Ауыл және қала тұрғындар санының даму тенденциясы (1959-1970 жж.).....	<b>251</b>
<b>Сүлейманова М.</b> История организации и проведения пятого юбилейного саммита Шанхайской организации сотрудничества..	<b>254</b>
<b>Серикбаева Ж.</b> Вклад ярких представителей национальной интеллигенции в развитие образования в Казахстане начала XX века.....	<b>260</b>
<b>Тусупова А.К.</b> Мұражай – тарих мұрасы.....	<b>262</b>
<b>Утеулиева Б.М.</b> Талғар қаласының пайда болуы мен зерттелу тарихынан.....	<b>268</b>
<b>Нұрлан А.Н.</b> Современные международные конфликты: причины, последствия, анализ.....	<b>270</b>

Білім және ғылым саласында қадағалау және аттестациялау жөніндегі комитеттің 2005 ж. № 476 «Диссертациялардың негізгі ғылыми нәтижелерін жариялайтын басылымдар тізбесіне» 2003 ж. 26 маусымдағы № 433-3 ж бұйрығына толықтыру енгізу туралы бұйрығы негізінде Абай атындағы ҚазҰПУ тарихи ғылымдары бойынша (07.00.00. мамандығы) Хабаршы БҒСҚАК тізіміне енгізілген.

На основании приказа Комитета по надзору и аттестации в сфере образования и науки за № 476 от 2005 г. о внесении дополнений в приказ от 26 июня 2003 г. № 433-3 ж "Об утверждении Перечня изданий для публикации основных научных результатов диссертаций" Вестник КазНПУ им. Абая по историческим наукам (специальность 07.00.00) внесен в Перечень КНАСОН

## **ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ**

УДК 94(574)

### **КУЛЬТУРНАЯ РЕВОЛЮЦИЯ И СОЗДАНИЕ СИСТЕМЫ УЧРЕЖДЕНИЙ ОБРАЗОВАНИЯ В ЮЖНОМ КАЗАХСТАНЕ**

**А.Ш. Алтаев** – д.и.н., профессор кафедры Истории Казахстана КазНУ им. аль-Фараби,  
**Б.С. Жумагулов** – декан факультета истории и по работе с иностранными студентами,  
к.и.н., профессор КазНПУ имени Абая

Важнейшей задачей культурной революции являлось создание новой советской системы образования, в которой интернациональное, а в действительности стандартизированное и унифицированное содержание, должно было воспитывать поколение большевистски мыслящих людей, свободных от национально-культурных традиций. Эта задача была выполнена даже в таком самобытном с культурно-исторической точки зрения регионе, как Южный Казахстан. Однако, историческая проекция на сегодняшние дни свидетельствует о том, что силу этнической и культурной идентичности казахского населения удалось лишь ослабить, но не уничтожить и именно в этом залог культурного возрождения народа.

**Ключевые слова:** культурная революция, культурная политика, большевистская модернизация, национальные, культурно-духовные традиции, учреждения образования

Культурная революция являлась одной из важнейших составляющих большевистской модернизации. Ее задачей было формирование унифицированной культуры советского типа – стандартной и свободной от национально-культурных особенностей. Главным препятствием для ее реализации в Казахстане, особенно в его южных областях, где очень сильными являлись национальные и культурно-духовные традиции. Несмотря на противодействие и сопротивление казахской национальной интеллигенции и населения в этой области большевистская культурная политика достигла значительной результативности. Проводя культурную революцию, большевистская партия окончательно закрепила конечные цели модернизации. Аналогичными методами, что и в экономике, то есть путем фундаментального разрушения прошлого, игнорированием преемственности поколений и прямым диктатом центра, решались вопросы и национально-культурного строительства. Руководство страны ясно осознавало, что экономические изменения невозможны без широкомасштабного наступления на прежние институты традиционного общества. Для казахского населения была использована стратегия тотального принуждения к советскому образу жизни и коренной чистки политической и интеллектуальной элиты за счет политики этноцида.

Предполагалось, что после формирования национального промышленного рабочего класса, массового притока казахов в города. культурной революции на основе коммунистических догматов и создания советской национальной интеллигенции изменится их поведенческая психология и усилится лояльность к новому строю. Это отчасти и удалось сделать в плане приближения к индустриальному обществу.

Однако это не ослабило силу этнической привязанности казахского народа, ведь какой бы успешной или нет была модернизация, ее последствия не ликвидируют национального сознания, а могут лишь видоизменить его. Режиму удалось существенным образом подавить традиционные формы выражения этничности, однако лишь с тем, чтобы породить новые.

Драматическим образом индустриализация совпала с национальным возрождением, затормозив своей необузданной стремительностью естественноисторическое развитие казахского народа. Крестовый поход против его "отсталости" являлся, по существу, наступлением на его тождественность через уничтожение кочевнической цивилизации и культурных ценностей предшествующих поколений. В качестве проводника модернизации была использована не жизненная школа казахов, а привнесенная культурно-цивилизационная русская модель.

Реализация положений культурной революции разворачивалась по ряду направлений. Одним из главнейших являлось создание и развитие учреждений образования и улучшение качества их работы.

Наибольшее ускорение в решении задач народного образования в Южном Казахстане (как и во всем СССР) было отмечено во второй половине 30-х гг., когда были преодолены последствия трудности начального этапа индустриализации, коллективизации и голодной эпопеи 1931-1932 гг. Но приоритетным являлось создание русских школ, о чем свидетельствуют архивные данные. О соотношении количества русских и казахских школ в городе Чимкенте можно судить по тому факту, что в 1926/27 учебном году в

школах первой и второй ступени имелось 65 русских преподавателей и только 10 казахов [1]. Материально-техническое оснащение школ той поры, особенно казахских было весьма плачевным. По словам комиссара народного просвещения Казахстана Тохтабая-оглы Карима, сказанным в середине 20-х годов и приводимым в книге М.Чокая "Туркестан под властью советов", опубликованной в 1927 году, «... в 1911 году в русско-киргизских школах на одного учащегося приходилось 17 рублей в год, а ныне в казахских школах – 7 рублей, в русских школах – 16 рублей» [2].

В 1930 г. был декларирован переход к всеобщему обязательному начальному обучению, а в 1931 г. было введено всеобщее обязательное семилетнее образование. Расширялась сеть интернатов, в которых к 1934 г. обучалось более 24 тыс. учеников. В 1925 г. в казахстанских школах был установлен единый образец аттестатов, свидетельств, 5-бальная система оценки, единая продолжительность учебного года и каникул, упорядочена структура школ.

Однако, несмотря на то, что к 1935 г. обучением в Казахстане было охвачено 91% детей школьного возраста, лишь треть из них училась в семилетних и средних школах, казахских средних школ вообще не существовало.

Быстрый рост школьных учреждений и увеличение численности учащихся в них отмечается в 30-гг., когда во всех областях Казахстана, в том числе и южных произошел своего рода «бум» образования.

Наибольший процент прироста наблюдался в Южно-Казахстанской и Джамбулской областях, что связано, на наш взгляд, прежде всего, с более высокой численностью населения. По абсолютной численности учащихся в 1939/1940 г. также лидировали южные области - Южно-Казахстанская и Алма-Атинская.

В реальности же ситуация выглядела не столь благополучно. В 1930 г. в г. Чимкенте имелось 25 школ 1-й ступени, из них 3 – казахских, 10 – узбекских, 9 – русских, 1 татарско-башкирская и 1 еврейская. В 25 школах обучалось 2035 учащихся, из них 2119 мальчиков и 1849 девочек. В школах 1-й ступени обучалось 11101 узбеков, 340 казахов, 134 татар, 2209 русских. В двух школах 2-й ступени – казахской семилетке и узбекской школе обучалось 656 чел. [3]. Кроме того, в городе функционировали профтехшкола, хлопкотехникум, кооптехникум, совпартшкола, ФЗУ при сантонинном заводе и одна девятилетняя школа. Немного улучшилась ситуация через несколько лет. В 1934 г. в г. Чимкенте с населением более 60 тыс. чел. действовали всего 8 начальных школ, 4 неполные средние школы, 3 средние школы, 3 школы ФЗУ, 3 техникума. В других же городах ситуация с образованием обстояла еще хуже, нежели по отчетным данным. К примеру, в 1927 г. в г. Туркестане, насчитывающем свыше 5 тыс. жителей, имелось только 15 школ, из которых 2 школы 11 ступени, 8 школ 1 ступени, 1 школа подростков, 2 детских дома, профтехучилище и казахское общежитие при школе им. Ленина, в которых обучалось 2442 чел. А в г. Казалинске в 1932 г. действовало 24 школы 1-ой ступени и 2 школы-семилетки [4].

При этом казахских школ было меньше, нежели русских и смешанных. В 20-х- 30-х гг. проводилась большая работа по методическому обеспечению школ. В 1921 г. в Семипалатинске отпечатали учебники "Есеп куралы", "оку куралы" и "Тіл куралы" А.Байтурсын и М.Дулатулы. При Госиздате была образована редакционная коллегия для создания новых учебных пособий, к написанию которых были привлечены А.Бокейхан ("География"), М.Жумабай ("История Казахстана", "Педагогика"), Ж.Аймауыт-улы ("Дидактика"), Б. Омаров ("Алгебра") и другие известные представители национальной интеллигенции. В 1927-28 учебном годах для казахских школ было издано уже более 30 наименований учебников общим тиражом 575 тыс. экземпляров. Тяжелый удар по системе образования нанес переход казахского языка в 1929 г. с арабской графики на латинскую. Одновременно с борьбой за всеобщую грамотность власти пытались оторвать казахов от огромного духовного наследия веков, зафиксированных в книгах с арабским шрифтом. Кроме того, даже после усовершенствования А.Байтурсыном в 1924 г. арабица позволяла казахам читать любые тюркоязычные издания, в т.ч. и выходившие за рубежом, что считалось политически вредным. Сотни тысяч казахов, умеющих читать по-казахски на основе арабской графики, были причислены к неграмотным и им пришлось заново осваивать новый алфавит.

В годы Советской власти в Южном Казахстане начала развиваться система высших учебных заведений. Так, в 1926 г. в Ташкентском высшем педагогическом институте был образован казахский факультет, который в 1928 г. факультет был переведен в Алма-Ату и преобразован в Казахский государственный университет. Два года спустя он был переименован в Казахский педагогический институт, а в 1935 г. ему было присвоено имя великого Абая Кунанбаева. В 1929 г. в Алма-Ате был открыт зооветеринарный институт, а в 1930 - сельскохозяйственный. В 1934 г. в столице состоялось открытие двух новых вузов - Горно-металлургического института и Казахского государственного университета им. С.Кирова. В 1931г. в Алма-Ате открывается первый в республике медицинский институт.

Принимались меры по подготовке квалифицированных кадров казахской национальности. Это дости-

галось, с одной стороны, открытием в республике собственных ВУЗов: на 1.01.1933 их было в республике 33. В Казахском государственном университете и ветеринарном институте в 1927 г. казахи составляли 55% студентов, в 1928 г. – 57%.

С другой стороны, молодые люди из республики отправлялись на учебу в российские научные центры. Только из Казахстана в ВУЗах России в 1933/34 году обучалось 3 тысячи человек. В результате подобных мер численность казахов, получивших высшее образование, увеличилась с 2,5 тыс. человек в 1925 году до 58 тыс. человек в 1939 году [5].

Естественно, что все вышеописанные достижения были результатом определенной политики союзного руководства, одной из целей которого было установление контроля над политической жизнью республики путем включения формирующейся национальной управленческой элиты в единую общесоюзную идеологическую среду.

Закончившие российский ВУЗ выходцы из национальных республик рассматривались центральным руководством как люди приверженные социалистическим ценностям и лояльные существующему порядку. В отношении же представителей национальной интеллигенции, образование и мировоззрение которых имело досоветское происхождение, и отстаивавших собственное видение политического и культурного развития Казахстана, в течение 30-х годов осуществлялась политика репрессий. Сотни казахских политических деятелей, работников науки и культуры стали жертвами массовых осуждений и расстрелов, которым подвергались, впрочем, все жители Казахстана независимо от их национальной принадлежности, социального и образовательного статуса.

С конца 20-х годов Казахстан, как и вся страна, вступил в период индустриализации. Бурное развитие новых отраслей промышленности, массовое строительство на территории республики потребовали привлечения в Казахстан высококвалифицированных специалистов из других, преимущественно европейских регионов страны. Обслуживание новых производств, развитие современных технологий обуславливало потребность в овладении местными кадрами технической документации на русском языке. Расширение лексической базы, всей информационной инфраструктуры казахского языка не успевало за темпами модернизации жизни. В республике сложилась иная, нежели в предшествующий период, демографическая и лингвистическая ситуация. Можно предположить, что произошедшее в конце 30-х годов изменение культурной и языковой политики, связано с отмеченными переменами. Свидетельством тому стало постановление ЦК ВКП(б) от 27.01.1938 в котором говорилось, что "... практика насаждения национальных школ ... нанесла огромный вред делу правильного воспитания и обучения ...", а затем постановления №324 СНК СССР и ЦК ВКП(б) от 13.03.1938 "Об обязательном изучении русского языка в школах национальных республик", за которым последовало постановление бюро ЦК КП Казахстана от 8.04.1938 г. "О реорганизации национальных школ". Через некоторое время появляется постановление СНК СССР от 10.11.1940 г. "О переводе казахского языка на русский алфавит" [6].

Не менее важна и политическая подоплека подобного шага центрального правительства. Покончив с "буржуазными националистами" в национальных республиках руководство страны непосредственно приступило к унификации языковой среды – важнейшего средства социальной и идеологической консолидации и, одновременно, создания базы для "посленационального" существования единой общности "советский народ". В то же время, ощущалась потребность в квалифицированных специалистах, способных осуществлять необходимые политические, идеологические и организационные мероприятия в местной национальной среде. Открывались новые ВУЗы. Например, в 1936 возникает педагогический институт в Чимкенте, где в 1937/38 учебном году училось 115 человек, из них 75 казахи, а в 1938/39 году – 110 казахов из общего количества 211 человек [7].

Поскольку практически во всех учебных заведениях, особенно готовящих рабочие кадры и инженерно-технических работников, обучение велось на русском языке, то для получения образования и работы на производстве требовалось хорошее знание русского языка. В этих целях 5 апреля 1938 г. было принято постановление ЦИК и СНК Казахской ССР «Об обязательном изучении русского языка в казахских школах». Однако, в решении отсутствовал пункт об изучении казахского языка в русской школе. Это делало процесс односторонним и снижало роль казахской школы, сужало сферу применения казахского языка. Все это выразилось в тенденции к сокращению числа национальных (прежде всего казахских) школ. Так, в 1938 г. 66 из них были переведены на программы русских школ [7].

Кроме того, крайне низкой была материально-техническая база школьных учреждений в Южном Казахстане и весьма неблагоприятно обстояло дело с педагогическими кадрами, для подготовки которых не хватало возможностей. К примеру, в г. Чимкенте в 1934 г. существовала 21 школа, но здания школьного типа имели только 6. Большинство школ занималось в 2-3 смены. Школьные помещения были плохо приспособлены для занятий, практически не были оснащены оборудованием и инвентарем.

Наряду с развитием среднего образования происходили сдвиги к области высшего образования. 1 сентября 1934 года был торжественно открыт Чимкентский политехникум. В первый год обучались в нем 87 учащихся по трем специальностям - разработка рудных месторождений, горная электромеханика и металлургия тяжелых цветных металлов. В списках обучающихся значатся представители казахской, русской, украинской, узбекской и немецкой национальности. Потребность в специалистах в таких отраслях возникла в связи с проведением индустриализации в Казахстане и первых довоенных пятилеток. Вступил в строй Ачисайский рудник - первенец цветной металлургии в Южном Казахстане. Затем в январе 1934 года свою первую продукцию выпустил Чимкентский свинцовый завод.

В 1938 году состоялся первый выпуск техникума - 65 специалистов, направленные на заводы области и страны. В 1941 году Чимкентский горно-металлургический техникум объединяется с Лениногорским ГМТ, эвакуированным в регион в связи с началом Великой Отечественной войны.

Осенью 1937 года, по ходатайству Наркомпроса и СНК КазССР, Совнаркомом был открыт Чимкентский государственный учительский институт. Его открытие было обосновано расширением сети школ в Южно-Казахстанской области. Помимо этого было введено обязательное всеобщее образование в городе, в связи с чем резко увеличилось количество семилетних школ в деревне и связанная с этим необходимость обеспечения довольно быстрорастущей школьной сети высококвалифицированными педагогическими кадрами.

Летом 1937 года, постановлением Облисполкома, для института было предоставлено помещение бывшей казахской десятилетки. В нем были размещены два первых курса исторического и языка - литературного факультетов, а также две группы подготовительных курсов. В этом же помещении было организовано общежитие для студентов, столовая, буфет, физкультурный зал и квартиры для преподавателей. Таким образом, были созданы условия для нормального функционирования учебного заведения и успешной деятельности, как студентов, так и преподавателей.

В год организации института в подготовительные группы было принято 58 человек. Из них 40 человек - казахов, 18 - европейцев. На первый курс исторического факультета зачислено было 30 человек: из них 10 человек - казахов; 20 человек - представители других диаспор. На первый курс факультета языка-литературы - 27 человек казахской национальности. Таким образом, всего обучалось 115 студентов, 77 из них - казахи, 38 человек - представители других национальностей. Что касается преподавательского состава, то в 1937/1938 году он состоял из восьми человек, четверо из которых были казахами, а четверо - европейцами.

В 1938/1939 учебном году был организован физико-математический факультет, включающий в себя казахское и русское отделение по тридцать человек в каждом.

Если рассматривать национальный состав института за изучаемый период, (1937-1941 гг.) то можно увидеть следующее: казахов - 236; русских - 163; узбеков - 9; украинцев - 24; татар - 9; корейцев - 41; евреев - 1 и прочих национальностей - 28 человек.

Национальный состав преподавателей характеризуется: русских - 11; казахов - 14; татар - 3; корейцев - 4; украинцев - 1; евреев - 2; и узбеков - 1 человек [8].

Складывалась противоречивая ситуация, с одной стороны, все усилия по развитию системы образования и культуры предпринимались в русле унифицированной культурной политики, но под знаком оказания помощи развитию национальных окраин, реализуемой союзным центром. В результате сфера применения русского языка в Казахстане расширялась. Количество его носителей увеличивалось и в результате приобщения казахского населения к индустриальным формам производства и включения в соответствующую социальную и культурную среду, а сфера казахского языка все более сокращалась. Казахские школы являлись в основном школами 1 ступени, следовательно, казахским детям было гораздо сложнее дальше продолжить свое образование. Среднее, а особенно высшее образование в южных областях, как и во всем Казахстане развивалось на основе русского языка, что создавало как значительные препятствия для получения образования казахскому населению, так и функционированию самого языка.

1 ГАЮКО, Ф. 83, Оп.1, Св.2, Д. 40, Л.17.

2 Чокай-оглы М. Туркестан под властью Советов. Главы из книги. Простор - А.-Ата, 1993, - N.9-10, - С. 101-112.

3 ГАЮКО, Ф.1236, Оп.1, Св. 5, Д. 14, Л.24.

4 ГАЮКО, Ф.1236, Оп.1, Св. 5, Д. 17, Л.41.

5 Кишкбаев Н. Торжество Ленинской национальной политики в Казахстане. - А.-Ата, 1968, - С. 53.

6 Кишкбаев Н. Торжество Ленинской национальной политики в Казахстане. - А.-Ата, 1968, - С. 54.

7 Анушкин Д. Из опыта коренизации в Каз.ССР // Революция и национальности. - М., - №7, - С. 98.20.

8 ГАЮКО, Ф.1236, Оп.1, Св. 5, Д. 25, Л.19.

### **Түйіндеме**

Мәдени төңкерістің басты мақсаты Кеңес өкіметіне жаңа оқу жүйесін енгізу болды. Интернационалды, алайда ұлттық-мәдени дәстүрлерден еркін, стандартты және бірегейлендірілген мазмұнға негізделген, большевиктер сынды ойлайтын жаңа ұрпақ өсіру мақсаты алға қойылды. Бұл мақсат тарихи көзқарастар мен төл мәдениетімен ерекшеленетін Оңтүстік Қазақстан өңірінде де жүзеге асырылды. Дегенмен, бүгінгі күні тарихи құбылыстарды сыни тұрғыда қарастырған мәліметтерге сүйенсек, бұл қазақ халқының этникалық және мәдени қуатын әлсіреткенімен, оны толық жоюды алдына мақсат етіп қойған жоқ болатын. Халықтың қайта мәдени өркендеуінің кепілі де сонда болды айта аламыз.

**Тірек сөздер:** мәдениет төңкерісі, мәдениет саясаты, ұлттық мектептер, большевисттік нығайту, ұлттық, мәдениет-рухани құндылықтар, білім мекемесі

### **Summary**

The most important task of the Cultural Revolution was to create a new Soviet education system, in which international, but in reality standardized and unified content was aimed to educate the generation of the Bolshevik-minded people, free from national and cultural traditions. This task was accomplished even in such a distinctive from cultural and historical point of view region as the Southern Kazakhstan. However, the historical view of present days indicates that it was only possible to weaken the effect of ethnic and cultural identity of the Kazakh population but not to destroy it and this is a key of cultural revival of the people.

**Key words:** cultural revolution, cultural policy, the Bolshevik modernization, national, cultural and spiritual traditions, educational institutions

ӘӘЖ 281

## **АЛТАЙ ҚАЗАҚТАРЫ ЖӘНЕ ШЕКАРА МӘСЕЛЕСІ (XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЖ.)**

**Р.Қ. Айдарбаева – т.ғ.к., Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан,  
Мемлекеттік техникалық университетінің доценті**

Қандай да болмасын құбылыстың, оқиғаның мән-мағынасын толық ашу үшін оның құрамдас бөліктерін зерттеп білу қажет екендігі белгілі. Біз қарастырып отырған мәселе бойынша, Қазақстан халқының ұлттық және әлеуметтік дамуының толық бейнесін жасау тек жеке аймақтардағы осы үрдістердің ерекшеліктері мен барысын талдау негізінде ғана мүмкін болады. Отандық тарих ғылымында халық тарихын зерттеу маңызды орын алады. Алайда бүгінгі күні сол мәселелердің басым көпшілігі қазіргі заманғы методологиялық тәсілдер тұрғысынан қосымша зерттеулерді қажет етеді. Ендігі жерде, қазақтардың Алтайдың түрік халықтарымен этногенетикалық байланыстарын зерттеп, дәлелдеу арқылы осы кемшіліктің орнын толтыру қажеттігі туындап отыр.

Бұл жерде XX ғ. басына дейін Үлкен Алтай қазақтары бір-бірімен қоян-қолтық араласқан біртұтас болғандығын және ол аймақтағы оқиғалардың ортақ себеп-салдары болғандығын естен шығармаған абзал. Алтай қазақтарының тарихын бөліп-жармай кешенді зерттеу және жаңаша ой елегінен өткізу Қазақстан тарихшылары алдындағы маңызды ғылыми міндеттердің бірі.

**Тірек сөздер:** Алтай, қазақтар, миграция

Отандық тарих ғылымында халық тарихын зерттеу маңызды орын алады. Алайда бүгінгі күні сол мәселелердің басым көпшілігі қазіргі заманғы методологиялық тәсілдер тұрғысынан қосымша зерттеулерді қажет етеді. Бұл әсіресе аймақтық мәселелерді зерттеуге, Қазақстанның жеке аймақтарының тарихына тікелей қатысты. Қандай да болмасын құбылыстың, оқиғаның мән-мағынасын толық ашу үшін оның құрамдас бөліктерін бүге-шүгесіне дейін зерттеп білу қажет екендігі белгілі. Біз қарастырып отырған мәселе бойынша, Қазақстан халқының ұлттық және әлеуметтік дамуының толық бейнесін жасау тек жеке аймақтардағы осы үрдістердің ерекшеліктері мен барысын талдау негізінде ғана мүмкін болады.

Аса ірі олқылықтар қазақ халқының тарихын зерттеуде орын алып келеді. Әсіресе жеке аймақтарда қазақ халқының қалыптасуына байланысты мәселелер ерекше атап өткен жөн. Осы күнге дейін Алтайда қазақ халқының қалыптасуы мәселесі аз зерттеліп, қазақстандық тарихнамада өз деңгейінде көтерілмей келеді. Қазірге кезде Алтай - төрт мемлекеттің (Қазақстан, Ресей, Монғолия және Қытай) шекаралары тоғысқан аймақ. Осы жерлерді көптеген ұлт өкілдері ертеден мекен етіп келеді. Дегенмен, осы төрт мемлекеттің де аумағын мекен ететін тек қазақ халқы ғана. Бұл кездейсоқтық емес екендігі күмән тудырмауы тиіс. Бұл жерде барлық заманда тарихы, мәдениеті және тілінің ортақтығымен топтасқан тайпалар мен халықтар мекен еткені белгілі. Мұны археологиялық, этнографиялық, фольклорлық және лингвистикалық деректер мүлтіксіз дәлелдеп береді. Дегенмен, көптеген жылдар бойы бойы қазақтардың тарихы көршілес халықтардың тағдырынан, оның ішінде Алтай түріктерінің тағдырынан бөлектеліп жеке қарастырылып келгені мәлім. Тіпті олар бір-біріне қарама-қарсы қойылып, шаруашылық және мәдени байла-



ныстарының сан-алуандылығы тек Ресеймен қарым-қатынас шеңберінде ғана жасанды түрде шектеліп отырды. Ендігі жерде, қазақтардың Алтайдың түрік халықтарымен этногенетикалық байланыстарын зерттеп, дәлелдеу арқылы осы кемшіліктің орнын толтыру қажеттігі туындап отыр.

Отандық тарих ғылымында Таулы Алтай, Моңғолия мен Қытай аумағын мекендеген алтай қазақтарына арналған зерттеулер баршылық [1]. Дегенмен Кеңді Алтай (Қазақстандық Алтай) қазақтарына қатысты бірде-бір іргелі зерттеу жоқ. Бұл жерде ХХ ғ. басына дейін Үлкен Алтай қазақтары бір-бірімен қоян-қолтық араласқан біртұтас болғандығын және ол аймақтағы оқиғалардың ортақ себеп-салдары болғандығын естен шығармаған абзал. Алтай қазақтарының тарихын бөліп-жармай кешенді зерттеу және жаңаша ой елегінен өткізу Қазақстан тарихшылары алдындағы маңызды ғылыми міндеттердің бірі.

Алтай қазақтары тарихының мәселелерімен ресейлік тарихшылардың назарынан тыс қалған жоқ. Олар Таулы Алтай (Ресейлік Алтай) қазақтарының жергілікті тобының этносаяси және этноәлеуметтік тарихын зерттеуге өзіндік үлестерін қосты [2]. Дегенмен, өз тұжырымдарының басым бөлігін олар идеологиялық және саяси тапсырыс ретінде пайда болған орыс тіліндегі мемлекеттік құжаттар негізінде жасап, тарихты «жоғарыдан» зерттеумен шектеліп қалады. Қазіргі заманғы қалыптасып отырған геосаяси жағдайда аталған мәселе қоғамдық-саяси өзектілік пен елеулі практикалық маңызға ие болып отыр. Саяси арандатуларға жол бермеу және Алтай аумағында орын алған күрделі тарихи үрдістерді дұрыс түсіну үшін іргелес мемлекеттер ғалым-тарихшыларының тығыз қарым-қатынасын орнатып, ортақ зерттеулер жүргізу қажеттігі туындап отыр.

Соңғы кездері солтүстік көршілеріміздің ақпарат құралдарында шекара мәселелерін қайта көтеріп, сепаратистік пиғылдағы көзқарастарын жария ету үрдісі белең алуда. Бұл талаптардың негізсіз екендігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, дер кезінде тойтарыс беріп отырған жөн деп санаймыз. Шығыс Қазақстан мемлекеттік мұрағатында сақталған алтай қазақтары тарихына қатысты тарихи деректер осы өңір тарихының кейбір көлеңкелі жақтарын зерттеп, шынайы тарихи баға беруге мүмкіндік ашады. Сондай мәселелердің бірі еліміздің шығыс шекарасының айқындалу мәселесі болып табылады.

Таулы Алтайда қазақтар жиі қоныстанған аймақтардың бірі – Қосағаш ауданы. Мұндағы қазақтар тұрған жеріне қарай - Жазатыр қазақтары, Шүй бойы қазақтары болып - екіге бөлінеді. Бұл жерлерге қазақтар ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап қоныс аударып келе бастады. Оның әртүрлі себептері болды. Ресей Мемлекеттік Кеңесінің 1870 жылы 19 қазанындағы шешімі бойынша Қытаймен шекараны нығайту мақсатымен Жеменей және Бұқтырма өзендері бойында жаңа әскери бекіністер салу көзделген еді. Жаңа жерлерге қоныс аударуға ниет білдірген казак офицерлеріне шеніне қарай 50-ден 400 десятинге дейін жер, ал қатардағы казактарға 10-20 десятин жер бөлу туралы Императордың бұйрығы шығады [3]. Бұл шешімнің салдарынан осы уақытқа дейін Бұқтырма аңғарын жайлап келген қазақтар өз жерлерінен бірте-бірте ығыстырылып шығарыла бастады. Жер көлемінің азаюы қазақтардың өз ішінде де дау-дамайлар туғызады. Сол кезде Бұқтырма қазақтарының бір бөлігі Қытайға, екінші бір бөлігі солтүстікке, төлеңгіттер жеріне көшуге мәжбүр болады.

Жазатырға қазақтар қазіргі Катонқарағай ауданының Шыңғыстай ауылынан келген. Жазатыр - казак сөзі. Жергілікті тұрғындардың айтуына қарағанда, қазақтар Катонқарағайдан келіп, алғаш қыстаған жылы киіз үйде отырған. Ағаш үйлерді олар кейіннен сала бастаған. Бұл жердің қысы киіз үйде отырған қазақтарға қатты тиеді, малдары да көп қырылады. Ал жазы адамдарға да, малға да аса жайлы болған екен. Сондықтан олар бұл «жаз отыратын ғана жер» екен деген. Тіл танушы ғалым Ж.Болатовтың пікірінше Жазатыр топонимі «жаз отыр» тіркесінің азын-аулақ өзгеріске ұшырап біріккен түрі.

Бұл жерге алғаш қоныстанған Шәкен, Тоқтамыс, Сатыбай деген кісілер. Ел ішіндегі би-болыстармен келісе алмай олар туыстарын ертіп, елден көшіп кетеді. Тоқтамыс Мұқал ұлы бірден Жазатырға келеді де, сонда орнығып қалады. Шәкен бастаған топ Қытайдың Бұрылтоғай, Үліңгір деген жерлеріне барып қыстайды. Сол жылы қыс қатты болып, олар жұтқа ұшырайды. Жаз шыққан соң олар Жазатырға таяп барып отырады. Сол жерде Сатыбайдың Есім атты ұлы дүниеге келіп, ол жер «Есім сайы» деп аталып кеткен.

Халық ауызынан алынған мәліметтер тарихи шындықпен берік қабысып жатыр. 1878 жылы орыстың атақты саяхатшысы Н.М. Пржевальский Зайсаннан шығып, Тибетке бара жатқанда, Қытай аумағында қазақтардың ауылына кезігеді. Н.М. Пржевальский осы жағдай туралы былай деп жазады: «...Қашқан қазақтардың ауылы. Біз келерден сәл ғана бұрын бұл жерлерде, яғни Үліңгір өзенінің орта бойында қазақтар бір жыл қыстаған. Олар Семей облысы Өскемен уезінен 1878 жылы Қытайға қашқан қазақтар болатын. Сол кезде барлығы 1800 түгін көшіп кеткен. Қашқан қазақтардың бір бөлігі оңтүстік Алтайға, ал бір бөлігі Үліңгірге келген. Олар алғашында Бұрылтоғайдан тура жолмен Гученге өтпекші болған. Алайда шөлде жол таба алмай, кейін бұрылып, қайта Үліңгірге келеді. Осы жерде 1878-1879 жылдың қатаң қысын өткізіп, малдары жұтқа ұшырайды...»

1870 жылдың жазында Шүй алқабында болған В.В. Радлов өз күнделігінде: «Бұқтырма қазақтарының бір бөлігі (қаратайлар) Ресейге бағынды, ал самайлар Қытайға өтіп кетті», - деп жазған. Осы жолдардың алдында: «Өткен жылы, бәлкім, бұл жерлерде қазақтар тұрған болуы керек», - деген сөздер бар. Шындығында қазақтар бұл кезде Шүй даласына әлі бекініп орныға қоймаған кез болатын. Тек осыдан он шақты жыл өткен соң ғана кезінде Шыңғыстайдан Қытайға босып кетуге мәжбүр болған Қаратай, Самай, Қаракерей рулары аз-аздап Қалғұты, Үкөк, Жазатыр, Жұмалы, Аюлы жағына өтіп, тұрақты қоныстана бастайды.

Ол кезде бұл жерлерде, Шат, Жазатыр, Қалғұтыда да урұнқайлар мекендеген, алғашқы қоныстанушылар оларға салық, тарту төлеп тұрған. Мысалы, олар алғашқы жылы 60 құнан төлеген деген мәлімет бар [4]. Алайда 3-4 жылдан соң урұнқайларды көшіп келіп жатқан қазақтар ығыстыра бастайды. Ал ХІХ ғасырдың аяғында Қытай мен Ресей арасындағы шекара белгіленген соң, урұнқайлар бұл жерлерді біржолата тастап, Қызыл кезең асуы (Ұландаба) арқылы өтіп, Монғолия аумағына орнығады. Сол уақыттан бастап бұл жерлер қазақтардың қарамағына өтіп, жергілікті халық әртүрлі алым-салықтарды, жал ақысын Семей облысы әкімшілігіне төлеп тұрған.

Осы аталған жерлердің солтүстік бөлігінде қазақтар төлеңгіттермен көршілес тұрды. 1912 жылы жер өлшеушілер қазақтар мен төлеңгіттердің арасындағы жерлерді бөліп, жеке қазақ болысын ұйымдастырды [5]. Олардың иеліктеріндегі жерлердің шекарасы Мұзтау мен Көксу өзенінің сол жағалауындағы Теректай таулары арқылы, Қаракем, Жазатыр, Ақсай өзені бойымен, Аюлы, Суырлы тауларымен Монғолияға дейінгі жерлерден өтетін болады.

Алайда жер бөлісі кезінде мемлекеттік қорға жататын иен жатқан жерлер туралы анық шешім қабылданбағандықтан, кейін Қазақстан жеке автономиялы республика болып құрылғаннан соң Ойратия мен Қазақстан арасында жер дауы пайда болды. Бұл даулы жердің көлемі 50 551 198 шаршы метрді құрады [6].

1926 жылы өткізілген Бүкілодақтық алғашқы халық санағы нәтижесінде Қосағаш аймағына қарасты Қазақ ауыл кеңесінің құрамында 451 қазақ шаруашылығы, ондағы тұрғындардың саны 2175 деп көрсетілген. Бұдан басқа Жазатыр бойында, яғни даулы аумақта санаққа ілінбеген 403 көшпелі қазақтардың 43 шаруашылығы бар екендігі аталған [8]. Ал 1930 жылы Жазатыр алқабындағы қазақ шаруашылықтарының саны 128-ге жеткен, оның тек 23 ғана Ойратияға тіркелген болатын [7].

1930 жылдың республикамыз тарихындағы аса ауыр жыл болғандығы мәлім. Бүкіл елімізде жаппай ұжымдастыру саясаты басталып, оның жүзеге асыру барысында көптеген аймақтарда асыра сілтеушілікке жол берілді. Оның ауыр зардабын, әрине, халық көрді. Республикамыздың қиыр шығысында орналасқан Шыңғыстай, Катонқарағай аудандары тұрғындарының жағдайы да осы жылы күрделене түсті. Олардың бар малы күштеп тартып алынып, өздеріне ауыр алым-салықтар салынды. Сонымен қатар, олардың көпшілігі аса ауыр ағаш жығу жұмастарына күштеп тартылды.

Жаппай ұжымдастыруға жол бермеуге тырысқан кулактар мен байлар әр елді мекенде өзін-өзі қорғау отрядтарын құрып жатты. Осы кезде мал-жанын, дүние-мүлкін сақтап қалуға тырысқан көптеген тұрғындар Қытай асып кетуге әрекеттенді. Олардың арасында тек байлар ғана емес, репрессиялық органдардың негізсіз қудалауына ұшыраған талай орта және кедей шаруалар да болды.

Жан сауғалап қашқан қазақтардың көшіне тыйым салу үшін шекара күшейтілді. Сенімсіз деген адамдардың дүние-мүлкі кәмпескеленіп, өздерін шекарадан 100 шақырымнан ары жерге күшпен қоныс аударту шаралары қолданыла бастады.

Осындай жағдайда өздерін қорғап қалуға тырысқан қазақтар солтүстікке, Ойратияға қарай өте бастады. Ойратияның әкімшілік органдарының қызметкерлері де осы жағдайды өз пайдасына қолданып қалу үшін жер дауын көтеріп, халық арасында үгіт жұмысын жүргізеді. Катонқарағай аудандық аткомының президиумы мәжілісінің 1930 жылғы 25 сәуірдегі шешімінде: «Қосағаш аймақтық аткомының төрағасы Манеев пен Қосағаш аткомы Қазақ ауыл кеңесінің президиум мүшесі Әлімханов Әбілкәсен 21-23 наурызда, одан кейін 11-16 сәуірде Жазатырдағы қазақ ауылдарын аралап, тұрғындар арасында Қазақстанға қарсы үгіт жұмыстарын жүргізген. Оларды Ойратия әкімшілік органдарының қоластына өтуге үгіттеген», - деп аталып өтілді.

Айта кеткен жөн, ол кезде Ойратияда жағдай Қазақстанмен салыстырғанда біршама жақсы болатын. Мысалы, 1929-1930 жылдары ауыл шаруашылық салықтары Қосағашта біршама төмен еді. Шыңғыстай ауданы бойынша салық мөлшері жылқы – 13 сом, ірі қара – 15 сом, қой - 3 сом, ешкі – 2 сом 50 тиын болса, Қосағашта жылқы мен ірі қара малға 11 сом, қой мен ешкіге 2 сом көлемінде салық салынды. Сонымен қатар салық төлеуден босатылған шаруашылықтар біздің шекаралық аудандарда 40 пайызды құраса, Қосағашта барлық шаруашылықтардың тең жартысын құраған [8].

Халықты ең қажетті тауарлармен қамтамасыз етуде де Қазақстан өкілетті орындары кейбір қателіктерге жол берді. Мысалы, Қосағаш ауданы егіншілікпен айналыспайтын аудан болғандықтан тұрғындары жоспарлы түрде астықпен қамтамасыз етіліп тұрса, көршілес біздің аудандарда жағдай басқаша еді. Осы жерлердегі Қазақстанға қарасты ауылдар тұрғындары астықпен қамтасыз етілмегендігі былай тұрсын, керісінше, оларға ет салығымен қатар астық салығын төлеу де міндеттелген еді. Соған байланысты олар малдарының бір бөлігін астыққа айырбастап, оны қайтадан мемлекетке астық салығы ретінде өткізуге мәжбүр болды. Аталған себептерге байланысты даулы аймақтағы қазақтардың басым көпшілігі Ойрат азаматтығына пейілді болды.

Кейбір кеңес қызметкерлері тарапынан орын алған асыра сілтеушілік фактілері жағдайды одан әрі ушықтыра түсті. Қосағаш аткомы президиумы атына жазылған Манеевтің хабарламасында төмендегідей фактілер келтірілген: «Ойратия азаматы болып саналатын Тоқтыбаев Шауханның жергілікті органдарға міндетті 51 сом салығын төлеп қойғанына қарамастан, Қазақстан өкілі Қониятов келіп «120 сом салықты Қазақстанға өткізуің керек» деп қокан-лоққы көрсеткен, төлеуден бас тартқан Тоқтыбаевты тұтқынға алып, 1,5 айдан кейін ғана босатқан. Осыдан кейін оған 480 сом көлемінде салық төлеуді талап етеді. Оны төлеуге шамасы келмеген Тоқтыбаевты түнде келіп, тұтқындап алып кетеді. Отбасы жан сақтау үшін ауыл-ауыл бытырап кетті». Ал тағы бір деректе: «Жайқынов Айтымның отбасы 4 адамнан тұрады. Шаруашылығында 111 қой, 3 сиыр, 4 жылқы бар. Осының бәріне ол 322 сом салық төлеуі керек. Ойратияда осы шамалы шаруашылық әлдеқайда аз салық төлейді», - деп жазылған [9].

Салық көлемінің неліктен жоғары болу себебін халыққа ешкім түсіндірмеді. Көп жағдайда салық жинаушылар тұрғындарға ешқандай құжат бермейтін, мұның өзі олардың тарапынан әртүрлі пайдақорлық әрекеттердің болу мүмкіндігін көрсетеді. Халық тарапынан басшылардың іс-қимылдарын сынау туралы сөз қозғамаса да болады. Өйткені не бассыздық жасалса да, бәріне «кеңес өкіметінің заңы» деген дәлел айтылатын болды.

Сондай-ақ, Қазақстан шекарашылары тарапынан орын алған кейбір заңсыздықтар халықтың жағдайын одан әрі шиеленістіре түсті. Олар өкімет органдарының шешімінсіз осы аймақты «соғыс жағдайындағы аймақ» деп жариялап, жергілікті халықтан ет, май, малға жем-шөп тартып алып, шекарашыларды атпен қамтамасыз етуді талап етеді. Бұл әрекеттерге сәл ғана қарсылық көрсеткен қазақтарға «антикеңестік әрекет» жасады деп айып тағылып, айдалып кете баратын болған.

Міне, осындай халық наразылығы шегіне жетіп тұрған кезде, Ойратия өкілдері жер дауын тағы да көтеріп, оны өз пайдасына шешуге әрекеттер жасауға кірісті. Жер дауының басты нысаны – Жазатыр алқабы болды. Жазатыр арқылы Қазақстан Монғолиямен тікелей шекаралас болып, онымен тікелей сауда-саттық жүргізіп тұрған. Айырбас сауда орталығы Катонқарағай ауылында орналасқан болатын. Осыған байланысты Қосағаш және Катонқарағай ауылдары арасында Монғолиямен сауда жасау үшін бақталастық та болды. Жазатыр Ойратия қоластына өткен жағдайда Қазақстан Монғолиямен шекаралық сауда жасау мүмкіншілігінен айрылатын. Сондықтан Ойратия жағы даудың өз пайдасына шешілуіне бар күш-жігерін салды.

1930 жылы даудың ең шиелініскен шағында мәселенің шешімін табу үшін Семей облысы және Ойратия арасында екі жақты келісім нәтижесінде арнайы комиссия құрылды. 1930 жылдың 5-6 сәуірінде Қосағаш ауылында осы комиссияның мәжілісі өтіп, төмендегідей шешім қабылданады:

«1. Жазатыр, Ақ-Алаха және Көксу өзендері және олардың салалары бойында тұратын халықтың жағдайын жақсарту және жер мәселесін біржолата шешу мақсатында жаңа ауылдық кеңес құру қажет деп саналсын.

2. Жаңадан ұйымдастырылған ауылдық кеңесті Қазақ АКСР-і болмаса Ойрат автономиялық облысы құрамына бекіту мәселесі тұрғындардың өз талқылауына берілсін.

3. Осы шешім негізінде тұрғындардың жиналыстарын өткізу үшін комиссия жоғарыда аталған елді мекендерге Қазақ АКСР-і жағынан И.В.Трегубов, Ойратиядан Қосағаш аймақ аткомы президиумының мүшесі Д.Мүрәлімов баратын болсын деп шешті».[10]

Осыдан соң, тұрғындардың пікірлерін анықтау мақсатымен Жазатырда – 11 сәуірде, Шатта – 13 сәуірде және Қалғұтыда – 17 сәуірде азаматтардың жалпы жиналыстары өткізіледі. Талқылау барысында тұрғындардың басым көпшілігі Ойратияға қосылуға дауыс береді. Жиналысқа қатысушылар ішінен Шат ауылының тұрғыны Жәкенов өз сөзінде Ойратиядағы тұрмыстың кеңшілігін және салық мөлшерінің төмендігін алға тартып, Ойратия қоластына өтуге үгіттейді. Оны Мамырсалқанов Мырзағұл қостап, ешбір дәлел-дәйексіз мал-мүлікті тартып алып, контрабандист деп айыптап азаматтарды қамауға ала берген Шындығатай шекара заставасының іс-әрекеттеріне наразылығын мәлімдейді. Мысалы, еш себепсіз Баировтың анасы жер аударылды, ал Байбосынов, Әженов және т.б. орта шаруалардың дүние-мүлкі

тартып алынған. Нуркин Сүлеймен Қалғұтыда мектептің жоқтығын, тұтыну қоғамының мүшесі болғанына қарамастан, ешқандай тауарлармен қамтамасыз етілмейтіндігін тілге тиек етіп, Ойратия құрамына өтуді қолдайды.

Жиналыстарда сөйлеген Қазақстан өкілі П.В. Трегубов: «Социалистік революция нәтижесінде қазақтар өз автономиясын құруға мүмкіндік алды. Жергілікті халықтың бәрі қазақтар. Олардың қазіргі уақытта және болашақта жан-жақты дамуы тек қазақ автономиясы құрамында ғана толық қамтамасыз етіледі», - деп атап көрсеткеніне қарамастан, голощекиндік саясаттың құрбандығына ұшыраған қазақтар басқаша шешім қабылдады. 1930 жылдың 20 шілдесінде өткен Семей округтық аткомы президиумының мәжілісінде осы мәселе қаралып, Ойратиямен жана шекара шебі туралы шешім қабылданды. Аталған елді мекендер Ойратия құрамына енгізілді.

Осы оқиғалар нәтижесінде Қазақстан өз жерінің бір бөлігінен ғана айрылып қойған жоқ, Монғолиямен тікелей байланыстың үзілуіне байланысты Катонқарағай ауылы айырбас-сауда орталығы ретінде маңызын жоғалтты.

1 Мынжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. - Үрімші: Шыңжаң халық баспасы, 2007; Кабыш-ұлы И. История казахов Алтая. - Алматы, 1992; Кабыш-ұлы И. Керейлер керуені - Олгий, 1995; Зардыхан Қ. Казахи Монголии - А., 2001; Мұқаметханұлы Н. Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы (1860-1920) - Алматы: ҚазАқпарат, 2000.

10 Преодолевая религиозное влияние ислама (сб. документов и материалов). - Алма-Ата, 1990. - с. 115.

11 Преодолевая религиозное влияние ислама (сб. документов и материалов). - Алма-Ата 1990. - с. 41-42.

12 Преодолевая религиозное влияние ислама (сб. документов и материалов). - Алма-Ата, 1990. - с. 43.

13 ЦА РК ф. 81, оп. 1, д. 510, л. 202.

14 ЦА ПО ф. 22, оп.1, д. 25, л.49.

15 Климович Л. Социалистическое строительство и религия на Востоке. - М-Л., 1929. - 122 с.

16 ЦА РК ф. 81, оп. 4. д. 3, лл. 277-284.

17 Преодолевая религиозное влияние ислама (сборник документов и материалов) - Алма-Ата: «Казakhstan», 1990. - 161 с.

### Түйіндеме

Жалған интернационалистік қағидалармен қаруланған әміршіл жүйе өз саясатын жүргізуге лайықты, оны қолдап-қолпаштайтын жасанды идеологияның қызметіне сүйенді. Әсіресе, Кеңестер заманында қазақ халқының ұлттық бет-бейнесі жан дүниесі, психологиясы өзгертіліп алғашқы рухани байлықтарынан, болмысынан ажыратыла бастады. Бұл халықтың ұлттық, мәдени ерекшеліктері мен салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын сақтауы ұлтшылдыққа баланды. Кеңестер дәуірінде коммунизм құруды желеу еткен коммунистер идеологиясы ұлттық болмысқа нұқсан келтірді. Қазақ халқының дүниетанымына жат пиғылға толы "жаңалықтар" енгізіліп, зиян келтірілді. Ұлттың табиғи болмысын еріксіз өзгертетін, оны біртіндеп білдіртпей аздырып-тоздыратын әккі саясаттың идеологиясының күшімен халық санасына улы сына қағылды. Осы саяси жүйе кеңес дәуірінде қазақтарға ұлттық салт-дәстүр жолымен өмір сүруге тыйым салып, кедергі жасады. Ол кезеңде қазақ ұлтының тұтастығына дәнекер болып келген тіл мен дінге шабуыл жасалды. Ғасырлар бойы өмірлеріне рухани азық етіп келген мұсылмандарды дінінен аластау мақсатымен Кеңес үкіметі "Құдайсыздар қоғамын" құрып бұрын сонды тарихта болмаған қиянатқа барды. Тәуелсіздігі жоқ халық осылай тәуірінен айрылып, Орталыққа жалтақтап екінші сұрыпты ұлт күйінде өмір кешті. Өркениет төрінен орын алуға лайықты ұлттық тәрбиенің нәрлі тамыры, жасанды идеологиямен коректендіріліп, социалистік қоғамның жаңа адамдарын тәрбиелеуге бағытталған саясаттың тапсырмаларын орындаумен ғана шектелді. Осындай тәрбие көргендер Отанды сүю, имандылық, үлкенді қадірлеу, ата-ананы сыйлау секілді қазақ халқына тән асыл қасиеттерді діншілдікке, ұлтшылдыққа жатқызып одан шошынып өсті, қазақ халқының дәстүрлі дамуына кедергі жасады. Кеңестік идеология туралы шындықты халқымыз тек тәуелсіздігін алған сәттен бастап қана оқып, білуге мүмкіншілік алды. Дін ісімен айналысқан Кеңестің негізгі қызметі мен тарихтағы орны жайындағы шынайы деректер зерттеушілерге соңғы жылдары ғана ашылған мұрағат құжаттары арқылы белгілі бола бастады. Бұл құжаттар арқылы діни ұйымдардың саны, кадр мәселесі, оқыту мәселесі, діни мерекелердің аталуы, шіркеулердің табысы, діни жәдігерлердің сақталуы, жалпы дін қызметкерлерінің тұрмысы мен көптеген жұмыстары туралы мағлұматтар белгілі болды.

**Тірек сөздер:** дін, мешіттер, молда, Кеңес өкіметі кезіндегі ислам, діни мектеп

### Summary

The arrival of Islam in Central Asia and Kazakhstan in VII-VIII centuries. directly related to spiritual development. Receiving Islam among the first of the Turkic states, the study of the Koran and the use of the values of the Holy Book are guaranteed to create a solid foundation of the state. Unfortunately colonial rule in the nineteenth century Tsarist Russia in Kazakhstan, as well as the Communist era, which has existed on this earth 70 years, significantly undermined the foundations of Islam. The first years of Soviet power to exercise caution with respect to the religious feelings of the population. On the one hand, the Bolsheviks promised "Working Muslims' protection of their rights, on the other hand, they sought to stifle the first stirrings of a democratic state. Soviet overtures to the Muslim East was in stark contrast to its militant anti-religious policy, which took place in the following years. In the second half of the 1920s in the Soviet Union began a massive attack on religion. Approval by the end of the totalitarian system of the 1920s gave rise to an unprecedented campaign against religious organizations and clergy, which were seen as political objects. OGPU authorities conducted various activities to prevent tacit association of Muslims, on the one hand, through religious organizations, and on the other, the clergy and the political consolidation of national intelligence. The Bolsheviks took the decision on the registration and de-registration of religious associations, the opening and closing of mosques, supervising the observance of the legislation on cults. This procedure resulted in the limitation and denial of their civil rights, started rough administrative control over all religious activities of the country. Islam has suffered more than other religions because the government conducted a grand experiment to replace the Arabic alphabet from the beginning of the Latin alphabet, and then to Cyrillic. The reform of the alphabet caused tremendous damage to the authority of Islam, has undermined the foundations of the spiritual and moral values of Muslim society. Suppressed any form resistance. Ban Muslim religious organizations, harassment and physical destruction of the mullahs and imams, closing mosques undermined organizationno-mobilization base of Islam in Kazakhstan. The changed life of Kazakhs helped erosion of religious traditions and the formation of an atheistic worldview Kazakh population.

**Keywords:** religion, mosque, Mullah, Islam in the Soviet state, a religious school

## ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ ӨНІМДЕРІ XIX Ғ. ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ МЕН XX Ғ. БАСЫНДАҒЫ АЙМАҚТЫҚ КӨРМЕЛЕРДЕ

**Т.Ә. Төлебаев** – *т.ғ.д., ал-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры,*  
**Г.Е. Әбікенова** – *т.ғ.к., ал-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті*

Мақала қазақстандық тарихнамада өте аз зерттелген мәселенің бірі – әртүрлі дәрежедегі көрмелерге қазақстандықтардың қатысуы тарихына арналған. Бүгінгі күндері елордамыз Астана қаласында ТМД елдері мен Орталық Азия аумағында өткізілетін ең алғашқы халықаралық деңгейдегі көрмеге дайындық барысында бұл тақырыптың маңызы арта түсуде. Авторлар алғаш рет ғылыми айналымға қосқан мұрағаттық және статистикалық деректері негізінде, XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. басындағы Түркістандық және жергілікті көрмелерге Оңтүстік Қазақстандық кәсіпкерлер мен қолөнершілердің өз өнімдерімен қатысуы, оның барысы мен нәтижелері туралы мәселелерді сипаттайды. Көрмелердің сол кездердің өзінде аймақтың шаруашылықтық және әлеуметтік дамуында тиімді рөл атқарғандығы туралы тұжырым жасайды.

**Тірек сөздер:** ЭКСПО-2017, көрме, Түркістан, Ташкент, кәсіпкерлер, қолөнершілер, экспонат, экспонат

Бүгінгі таңда тауарлардың өндірушіден тұтынушыға қарай жақындауында көрмелер үлкен орын алуда. Көрмелерге қатысу кез келген кәсіпорын мен фирманың жетістікке жету жолына айналды. Астанадағы «EXPO-2017» көрмесі ТМД елдері мен Орталық Азия аумағындағы өткізілетін ең алғашқы халықаралық деңгейдегі көрмеге болғалы отыр. Мемлекет басшысы осындай ауқымды шараны еліміздің астанасында ұйымдастыру туралы бастама көтерді. 2012 жылдың 22 қарашасында EXPO халықаралық бюросы Бас ассамблеясының 152-ші сессиясында Қазақстанның елордасы Астана қаласында EXPO-2017 халықаралық көрмесін өткізу туралы шешім қабылдады. Сол жылы 26 қарашада Мемлекет басшысы «ЭКСПО-2017» Халықаралық мамандандырылған көрмесін дайындау мен оны өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссия құру туралы» №436 Жарлыққа қол қойды. Соның негізінде «ЭКСПО-2017»-ні өткізуге дайындық басталып кетті. Оған дайындық барысында қазақстандықтардың көрмелер өткізу тәжірибесі мен оларға қатысу тарихына назар аударған да дұрыс деп ойлаймыз.

XIX соңына қарай әлемнің көптеген елдері мен аймақтарында, солардың қатарында қазақ жерінде де жәрмеңкелік және көрмелік қызмет кең таралды. Қазақстандық кәсіпкерлер жергілікті, аймақтық, аймақаралық және халықаралық сияқты көрме түрлерінің барлығына да сол XIX ғасырдан бастап қатысып келеді. Біз оны Түркістандық көрмелер тарихынан-ақ айқын көреміз. Бұл мақалада тек аймақтық көрмелер туралы баяндауды мақсат еттік. Келесі мақалаларда бүкілресейлік және дүниежүзілік көрмелерге қазақстандықтардың қатысуы туралы баяндайтын боламыз.

1884 жылы Түркістандық ауыл-шаруашылығы қоғамы құрылды. Осы қоғам генерал-губернатор мен егіншілік және мемлекеттік мүлік министрлігінің рұқсатымен өлкелік көрмелер ұйымдастырып отырды, олардың жалпы саны - 8 және 1886, 1890, 1894, 1890, 1900, 1901, 1906, 1909 [1] өткізілді. Біз солардың зерттеліп отырған аймақ үшін маңызы бар бірнешеуіне ғана тоқталамыз.

1886 жылы Түркістандық көрмеге 725 адам, оның ішінде 139 орыс, 586 жергілікті халықтың өкілдері қатысты. Шымкент уезінен - 8, Әулиета уезінен - 7, Түркістан - 3, Перовскіден - 1 экспонат болды. 3 – группада (кустарлық өнеркәсіп) – 459 экспонат, ол 4-группада(ауыл шауашылық және техникалық заводтық өңдеу өнімдері)-50 экспонат болды. Жекелеген өндіріс иелерінің арнайы өз павильондары болды. Көрмеде ағайынды Дюршмердтердің кәсіпорындарында тазартылған ішектер, Н.П. Савинковтың заводының өнімдері, Әулиеатадағы менониттердің және Пішпектік А.М. Фетисовтың жасаған уыздары (ірімшігі), Н.И. Ивановтың арақ-шараптары, сырасының үш сорты: қарапайым(баварлық және веналық) ристік және сальватор қойылды. Бұлармен бірге Түркістан қаласынан Ақмешіт Базарқұлова тоқыған жібек шәлі өзінің тазалығымен және сәнділігімен көз тартты.

1906 жылғы Ташкентте өткен ауылшаруашылық өнеркәсібі көрмесінің ерекшелігінің бірі оған тек Түркістандық қана емес, Россияның әртүрлі аудандарынан да экспонаттардың қатысуы болды. Қолөнер бөлімі үш бөлімшеге: 1) европалықтардың ұсақ өндірісі 2) жергілікті ұсақ өндірушілердің өндірісі және 3) қол өнер болып бөлінді.

1-бөлімше көптігі және әртүрлілігімен өзгешеленеді. Әсіресе Собесетің құм бұйымдары мен Ригадан келген Сидлини ің, Италиялықтарға өте ұқсас өндірісшілердің ішінен Турсын Магомедовтың өндірісінің көзешісі үлкен шеберлігі мен икемділігі арқылы көзге түскен. Қолөнершілер бөлімшесінде көптеген әдемі кілемдер мен әйелдердің сәндік бұйымдары қойылды. Кустарылық бөлім бойынша 84 экспонат қойылған,

олардың 6-бірінші, 7-екінші, 31-үшінші дәрежедегі силықтарға ие болды. Ал фабрика-завод өнеркәсібі бөлімінде 27 өндірістен экспонат қойылды. Олар да 6-бірінші, 14-екінші, 3-үшінші дәрежелі силықпен наградталды. Әсіресе «Андреевтік жолдастық (Т-во)», «Соловьев және К», Никитин мен Савинковтың сантонин, «Зингер бірлестігі», «Шановтың мұрагерлері», Мизгеревтің темекі т.б. кәсіпорындары ерекшелініп тұрды [2].

1909 жылы 13қыркүйектен 22 қазанға дейін Түркістандық ауыл шаруашылық өнеркәсіптік және ғылыми көрмесі болды. Оны көруге 158500 адам қатысты, олардың ішінде жергілікті халықтың өкілдері көп болады.

Ұсақ өндіріс пен қолөнер бөлімінде, жергілікті шеберлердің заттары 1894 жылғы Ташкенттегі көрмемен салыстырғанда нашар жиналғандығы атап көрсетілген. Бұл 1909 жылғы көрмеде М.Х. Қабуловтың темір ұсталығы (слесарлық) бұйымдары, А.Асранқұлов пен Б.Разымовтың аяқ киімдері мен галоштары, К.Шадыбеков пен Н.Ярь-Мухамедовтың тартпалары, қамшысы мен ат әбзелдері, А.Исматуллаевтың ағаш (столярное) бұйымдары т.б. ерекшеленді.

Ал европалықтардың қолөнер заттарының бөлімшедегі экспонаттары өзінің сәнімен және сан алуандығымен көз қарықтырды. Әсіресе ташкенттік қолөнер училищесінің оқушылары жасаған жұмыстар көңіл аударарлық болды... Жергілікті қолөнершілер Р.И. Рабинович, Б.С. Гершун және Раговер жасаған зер (алтын) тігін бұйымдары мен офицерлік киімдері слесарь И.Келиннің велосипеді, Мангенштейн мен Прайстың бас киімдері т.б. көңіл аударарлық болды. Кейбір жергілікті қолөнершілердің өз павильондары жабдықталды. Мысалы: М.Бабаходжаевтың, Иса-Мухамедовтың, В.Т. Абду-Мешковтың жібек, Ш.Шайдаятовтың темір бұйымдарының павильондары тұрды. Көрме соңғы жылдары кілем өндірісінің біршама қысқарғанын да байқатты. Ол ең алдымен жүннің Россияға көптеп әкелілуінен қымбаттап кетуімен байланысты болды [3].

Қолөнер бөлімінде сондай-ақ сырттан келген экспонаттар да орын алды. Олардың ішінен ерекше атауға ие болғандары Москвалық губерниялық земствоның ойыншықтары, «Жако және К» фирмасының қаңылтыр бұйымдары, Тулалық «Тейле балаларымен» бірлестігінің самаурыны т.б.

Көрменің сырттан келгендер, соның ішінде тіпті шет елдерден келгендер де көптеп қатынасқан бөлім - бұл фабрика-заводтық бөлім болды. Бұған дейінгі көрмелерден осы аттас бөлімнен тағы бір ерекшелігі әртүрлі саладағы өнеркәсіп заттарының және өндірістік техникалық қойылуында болды. Бұл бөлім Кауфмандық гүл алаңының орталық бөлігін алып жатқан шағын фабрикалық қалашық тәрізді болып шықты. «Будың жылы, машиналардың біркелкі металдық тырсылы, локомобильдердің гудоктары, жұмысшылар мен механизмдердің асығыс қимыл-әрекеттерді көрерменді жұмыс кезіндегі қимыл-әрекеттерді көрерменді жұмыс кезіндегі алып завод жағдайына әкелгендей болды» [4].

Әсіресе шетелдіктер мен дамыған өнеркәсіптік аудандардан келген экспонаттарға мүмкіндігінше толық шолу жасау қажет деп есептейміз. Себебі ешқандай, тіпті орта дәрежедегі болса да, техникалық білім орталығы жоқ өлке тұрғындары мен өнеркәсіпшілері үшін өндіріс орындарын кеңейтуге ұмтылысын тудыруда техникалық танымы мен түсінігін дамытуда мұндай экспонаттардың рөлі зор болды.

Р.Вольфтың фирмасы ыстық бумен жүретін өздері жасап патенттеген локомобильді қойды. Локомобильдің ұқыпты жасалғаны сонша, бұл алып машина ешқандай шу мен тарсылсыз жұмыс істеді, тіпті әдеттегі металдық бөліктердің шиқыл мен үйкелісі де естілмеді. Айғайынды Крупптардың фирмасы қатар тұрған Вольфтың локомобильінен энергия ала отырып жұмыс істеп тұрған гидравликалық сыққыш (пресс) пен Андерсон системасындағы май заводуның толықтай көрсетті.

В.Г. Стольдің фирмасы өз павильонында жұмыс істеп тұрған мұнай двигателін, бірнеше май шығаратын гидравликалық сыққыш, май заводуның өнімдерін, диірмен тастарын т.б. көрсетті. Осы павильонда сондай-ақ Ф.Гекантельдің заводуның арматуралары, Сушевск заводуның асханалық плиталары қойылды. Мальцевтік заводтардың акционерлік қоғамы жүріп тұрған локомобильді шойын құймаларын, пешті, ваннаны, қол жуғыштарды, раковиналарды, төккіш трубаларды, хрусталь ыдыстар мен әртүрлі әйнек бұйымдарды көрсетті.

П.К. Грош пен Шимунек және К фирмалары өз павильондарында «Климакс» системалы матор, орталықтан тепкіш насос, динамо-машина т.б. орналастырды.

А.Эрлангердің фирмасы павильонында диірмен машиналармен оның керек-жарақтарын қойды.

Густав Листтің заводу әр системалы насостарды, ондық жүздік салмақ тастарын (вес) көрсетті.

Мақта өнеркәсібіне қажетті экспонаттар көптеген ірі өндіріс орындарының павильондарынан орын алды. Олар Ярославльдік үлкен мануфактура, Андреевтік сауда-өнеркәсіптік жолдастық, К.М. Соловьев пен К сауда үйі, Переясловьдік мануфактура жолдастығы т.б. болды.

«Треугольник» деп аталған бұрынғы Орыс-Американ резинка мануфактурасы жолдастығы әртүрлі резина бұйымдарын көрсетіп, кейбір көрушілерге үлестірді.

Граф П.П. Шуваловтың мұрагерлігінің Пермдік құю заводы цинктік темірлер, қара және ақ қаңыл-тырлар, темір бұйымдар т.б. алып келді.

Зингер және К сауда үйінің әртүрлі тігін машиналары мен тігілген түрлі-түсті жібек бұйымдары көңіл бөлуге тұрарлық болған.

И.Р. Плещер үлкен қазақ үйге Альфа-Лавель сеператорын қойды.

Ұн өндірісі ағайынды Яушевтардың сауда үйі, ағайынды С. және И.Скобелевтар, Нахичевандық жолдастығы, Лутмановтың мұрагерлері және Н.И. Зимин сияқты фирмалар мен жеке адамдардың кәсіпорындарының экспонаттары арқылы көрсетілді [5].

Цемент пен одан бұйым жасау үлгілерін портланд-цемент өндіретін С-Петербург жолдастығы, Волгадағы Глухоозерск және М.С. Строганов заводтары көрсетті.

Ішек өндірісі Г.В. Дюршмидтің павильонында, әртүрлі саз балшық заттар Ф.Сабоевский; өңделген тері, жүн И.Д. Тезиковтың мұрагерлері; зығыр, қыша, шырақ майлары А.П. Мазаев пен сүйек күйдіретін заводтардың акционерлік қоғамы; сабын, арба дөңгелегінің майы, өңделген тері - Х.А. Тюменов пен С.С. Мұрадовтың; өртенбейтін ақша кассасы мен киім-кешектің құрыс-тырысын жазатын заттар (катон) системасы, кондитерлік заттар А.Д. Потеряхин, С-Петербургтік химиялық лаборатория, Эйнем фабрикасы жолдастығы т.б. өндірістік органдардың экспонаттары ретінде қойылған еді.

Бұрынғы көрмелермен салыстырғанда көптеген ірі-ірі бүкіл Россияға ғана емес, әлемге әйгілі орыстық тіпті шет елдік өнеркәсіп орындарынан көрмеге өз заттарын қоюы ең алдымен Түркістанда ірі өнеркәсіпті негіздеу мен дамытуға қарай сенімді бет-бұрыстың, екіншіден Орынбор-Ташкент темір жолының ашылуынан соң, жергілікті табиғи байлыққа қызығудың туғанының айқын дәлелі.

Аталынған фирмалар мен кәсіпорындардың көрмеге қойған кейбір заттары тек экспонат қана болып қойған жоқ, өндіріс орындары мен шаруашылық салаларында жердің шалғайлығына қарамастан, алынып келіп пайдаланыла да бастады. Мысалы Р.Вольфтың фирмасының двигательдері Қоқандағы мақта тазалайтын заводтарда пайдаланылды. Көптеген көрерменнің айтуынша орталықтан тепкіш насостар, егер Түркістанды минералдық отын арзан болса, суландыруда, ирригациялық каналдардан әлдеқайда арзанға түсер еді, әрі тиімді болар еді. Олардың кейбіреулерін мысалы инженер-техник А.А. Рудинский, жергілікті халықтың өкілі Қазымбаев Сырдария өзенінде т.б. пайдаланды.

Ұн диірменінің А.Эрлангердікі сияқты арнайы фирмаларының қатысуы да бекер емес еді. Соңғы көрмеге дейінгі жылдарда біраз жерлерде, соның ішінде Ташкент қаласы мен оның маңында көптеген жаңа диірмендер пайда болған және жалпы ұн тарту дами түскен болатын [6]. Осы айтылғандардың өзінен-ақ, біз Түркістан өнеркәсібінің, әсіресе ірі өндірісінің көрмелердің және оған қатынасқан шет елдік Орталық Россиялық кәсіпорындардың прогрессивті роль атқарғанын көреміз.

Енді осы көрмеге қатысқандарға берілген наградаға келетін болсақ, сөз жоқ көптеген шет елдік және орталық россиялық және өлкелік кәсіпорын иелері жоғары бағалар алды. Олардың экспонаттары мен роліне жоғарыда жете тоқталғандықтан, бұл мәселені тек оңтүстік Қазақстандықтар бойынша ғана сипаттауда жөн деп білеміз. Ең жоғарғы көрмелік награда мемлекеттік гербке ие болған 5 фирманың біріншісі болып тізімдеме Н.И. Ивановтың мұрагерлері тұрды. Екінші үлкен награда С-Петербург қаласының құрметті үлкен алтын медалі де жасырын дауыс бойынша соларға тиді. 21 ноябрьдегі эксперттік және ұйымдастыру Комитеттерінің бірлескен мәжілісінде Жетісу облысындағы сауда-өнеркәсіптік қызметінің зор маңызы үшін Н.Я. Пучасовқа Комерциялық Кеңесші атағын беруді өтіну туралы қаулы қабылданды. Оған сонымен қатар жоғары сапалы арағы мен шарабы үшін келесі награда - Құрметті диплом берілді.

Үлкен алтын медальға Жетісу казак әскерінің әскери шеберханасы - әртүрлі заттары және А.С. Гавриловтың темекі заводы - жоғары сапалы, әрі арзан темекісі үшін ие болды.

Кіші алтын медальды Пугасовтың арақ заводының аға шебері Р.И. Браунс - сапалы арақ жасағаны, И.Д. Лутмановтың мұрагерлері мен механикалық ұнтақтау диірменінің Пішпектік Бірінші жолдастығы - өте сапалы ұндары үшін иемденді.

Верныйлық С.Г. Газиевтің тері заводына жақсы өңделген терілер үшін үлкен күміс медаль берілді. Қолөнер бөлімі бойынша кіші күміс медаль Қаскелеңдегі казак А.Я. Неупокоевке әртүрлі тағаны жақсы жасағаны, С.Г. Газиевке сапалы қайыс бұйымдары, Шымкент уезінің Арыстанды болысының қазағы Пірназар Досбаевқа семьясымен жасап көрмеге қойған тамаша қазақ үйі үшін берілді.

Завод-фабрика бөлімі бойынша бұл кіші күміс медальды Пугасовтың тері заводы жақсы сапалы терілер үшін алды [7].

Қола медальға қолөнер бөлімі бойынша Верныйдағы зерлі тігу цехының шебері Б.С. Гершун алтынды тігін жұмыстары, Кіші-Алматылық казак В.Н. Салагаев жасаған пышағы мен балғасы, Шымкенттік А.Кәрімбаев етіктің терілерін өңдегені үшін, ал фабрика-завод бөлімі бойынша өңделген терілері үшін

Хамза Тюменов пен Саид Мұратовтардың тері заводы, темекі түтікшесі(гильза) үшін «Ф.Пестов пен А.Радинов» гильза өндірісі жолдастығы наградталды. Бұл заводтарға сондай-ақ Императорлық орыс техникалық қоғамының медаліне дипломдар қоса тапсырылды.

Қола медаль сондай-ақ Прессвальскідегі Л.Х. Торопкиннің сыра заводына сырасының және Х.А. Тюменов пен С.С. Мұратовтарға сабындары мен арба дөңгелегінің майының жақсы сапасы үшін берілді.

Қолөнершілердің көпшілігі мақтау қағазына ие болды. Шымкенттіктер: У.Алланазаров, Тыныбай Қожа Магамедов ағаш шеберлігі жұмыстары, Таш Пулат Жанмұрзаев орыстық етік, Шианкүл Құлмұхамедов барқыт қазақ бөрігі, Рузы Күншиев түйе терісінен ұлтабан, Шымкенттік Бөген болысы Батыршы Бекбаев шидегі көркем тоқыма, киіз және пүліштің үлгілері, Ташкент уезінің Гайбат болысының қазақ әйелі Үміт Оңласынова шиден, сол болысының қазағы Қожамберді қамыстан көрмеде тоқыма-лы заттар жасағаны үшін, Шымкент уезіндегі Дорофеевка ауылының шаруасы Д.Литвиненко қыш өндірісі үшін наградталды.

Фабрика-завод бөлімі бойынша кесек сабындары үшін мақтау қағазына алғандардың ішінде Жетісу облысындағы Бақты мекеніндегі «Г.Е. Ботвин балаларымен» сауда үйі де болды.

Жалпы көрме қорытындысы бойынша 32 награда Оңтүстік Қазақстандықтарға тиді және марапаттың саны жөнінен қолөнер мен фабрика-завод бөлімдері теңдей болып шықты. Бұл жерде мынаны да естен шығармау керек фабрика-завод бөліміндегі экспонаттардың барлығы бірдей ірі өндірістердің өнімі бола берген жоқ, сол сияқты қолөнер бөліміндегі кейбір заттар ұсақ өнеркәсіпшілер шеберханасының тауарлары еді.

Көрме жергілікті өндірістің жетістіктерін ғана емес кемшілік жақтарын, даму қарқынын көруге де мүмкіндіктер берді. Оны әсіресе осы көрменің каталог-жолбасшысын құрастырушылар жіті байқаған.

Олар көшпелілердің үй өндірісінің кең дамуда екендігін, жергілікті қолөнершілердің өнеркәсіптік өмірге үлкен бейімділігін; әртүрлі өндірістің техникасын, рыноктың талаптарын тез меңгеретінін, тұтынушылардың талабымен келісетінін айта отырып, жалпы соңғы 10-15 жылда қолөнер өндірісінің төмендеп кеткеніне алаңдаушылық білдіреді. Олар әсіресе теміржолдардың салынуы жергілікті халықтың талабына бейімделген арзанқол фабрикалардың көптеп келуін мұның басты себебі деп көрсетеді. Пышақ өндірісі мүлде нашарлап кетті, тері, саз балшық т.б. жасау төмендеуде дейді. Ірілеу өнеркәсіптердің күйреуі, олардың қатарласқан мүрдeleri туралы айта отырып, біздіңше өзіндік мәні бар дұрыс тұжырым жасайды. Қоғамдық пікір әрбір жекелеген кәсіпорын күйреуіне жекелеген адамдар мен кәсіпкерлер кінәлі деп есептейді. «Үкімдер шығарылды, ал соның ізін ала өндіріс қайта пайда болды, тағы қайтадан мезгілсіз күйреді», - дей келіп әртүрлі саладағы жаппай күйреулердің жалпы заңды себептеріне көңіл бөлу қажет, - «себептер төмендегідей негізгі заңдылықтарда жатыр: Түркістандық қазба байлықтарының қорының нашар зерттелуі, алдын-ала тәжірбиесі аз кәсіпкердің техникалық және жалпы ғылыми білімінің жеткіліксіздігі, қажетті көлемдегі ақша қаражатының үнемі жетіспеуі» [8].

1913 жылы күзде Верныйда Жетісу облыстық ауыл-шаруашылықтық және өнеркәсіптік көрме болды. Көрмедегі экспонаттар тоғыз бөлімге жіктелді, 7-8 бөлімдері қолөнер мен өнеркәсіпке арналды. Қолөнер бөлімі бірнеше бөлімшелерге жіктелді. Қазақтардың бөлімшесі бай, орташа және кедей тұрмыстарын бейнелетіндей етіп көрсетілді. Байдың қазақ үйінде көшпелілердің қымбат өнімдері, зерлі жібек шапандар, ішіктер, қымбат күміс белдіктер, ескі қарулар, сауыт, қалыңдықтың киімдері, қымбат аң терілері, кілем, ерлер мен әйелдердің сәндік өнімдері т.б. болды.

Кедейлердің қазақ үйінің жанында қазақтардың қолөнері көрсетілді. Темір және ағаш шеберлері, зергерлер жұмыс істеп, әйелдер киіз басып, қап, қоржын, қазақ үйге қажетті сәндік бұйымдар жасап жатты. Сондай-ақ әйелдердің бие, сиыр, түйе сауып, қымыз, айран, ірімшік т.б. жасап жатқаны да іс жүзінде көрсетілді.

Ұйғырлар бөлімінің сәнін жаркенттік В.Юлдашев бай коллекциясымен толықтырып тұрды. Ал дүнгендер павильоны фарфор, саз-балшық ыдыстар, тас бұйымдар, әйелдердің қол еңбегі, әсіресе түрлі түсті жібек маталардан тіккен бұйымдар, күріш, көкөніс т.б. көрсетілді.

Ірі өндіріс орындары жеке бөлім бойынша топтастырылды. Көрмеге қатысқан Н.И. Ивановтың мұрагерлерінің жолдастығы өзінің екі арақ-шарап, 6 сыра қайнату заводтарының өнімдерін конкурстан тыс деп жарияланғанына қарамастан комиссия 48 жылдық еңбегін, өлкелік, бүкіл россиялық және шетелдік көрмелерде әлденеше рет силықтырға ие болғанын ескере отырып, бұл фирманы Мемлекеттік Гербті беруге ұсынуды дұрыс деп тапты.

Үлкен алтын медальды түкті шұға мен жүнді трикоға өңдейтін сәтті қойылған тәжірбие өндірісі және ол бұйымдарының сапасы үшін «Шахворстов пен Пестовтың» сауда үйінің шұға фабрикасы алды.

Сыра үшін берілген жоғары награда - орта алтын медальды «И.Д. Лутмановтың мұрагерлерінің»

заводы иеленді. Қалған сыра қайнататын заводтарға мақтау қағаздары берілді. Кіші алтын медаль шарабының сапасы үшін «Н.Пугасовтың баларымен» сауда үйіне берілді.

Ұн диірмені мен тері заводтарының конкурсына облыстан тысқары жерлерден де өндіріс орындары келіп қатысты. Олар Ақмола облысының Петропавлск қаласының «Мукамол» сауда өнеркәсіптік жолдас-тығы және Құлжа қаласынан электр энергиясымен жұмыс істейтін, германдық өндіріс машиналарымен жабдықталған «Ағайынды Мұсабаевтар» фирмасының тері заводы болды. Пішпектік М.С. Енгалычев пен петропавлдық «Мукамол» өндірістерінің өнімі бірдей наградаға ие болды. Н.А. Гаврилованың диірмені үлкен күміс, ал «Н.Д. Лутмановтың мұрагерлері» кіші күміс медаль алды.

Өзінің қарапайымдылығына қарамастан жергілікті тері өндірістері ағайынды Мұсабаевтарды оңай жеңді. Сапасы бойынша «А.А. Мальков балаларымен» және «Х.А. Тюменов пен С.С. Мұратов» жолдас-тығы кіші алтын медальмен, «Н.Пугасов балаларымен» сауда үйі - үлкен, М.Е. Енгалычев - кіші күміс медальдармен наградталды. Қалған тері заводтары, соның ішінде ағайынды Мұсабаевтар да бар мақтау қағаздарымен қанағаттанады.

Көрмеде «Г.Е. Ботвин және балалары» сауда үйінің Шәуешектегі орыс факторында орналасқан сабын заводының әртүрлі өнімдері де ерекше көңіл аударуға тұрарлық болды [9].

«Жалпы өнеркәсіп және қолөнер бөлімдері көрмеде өте бай қойылды және Жетісуда арақ-шарап, сыра тағы сол сияқтылардан басқа, көптеген басқадай өндіріс орындарының дамуы үшін материалдар мен өнімнен кемшілік көрмейтінін айқын куәландырды» [10].

Жергілікті шаруашылық және өнеркәсіптік даму үшін, Жетісудың байлығын тезірек игеру үшін Түркістан мен Сибирді қосатын теміржолды қажет деген алпауыттар өз талаптарын тағы да жар сала айтып жатты [11].

Жалпы алғанда Түркістан өлкесі 1870-1913 жылдар аралығында 7 Россиялық, 1873-1914 жылдар арасында 10 бүкіл әлемдік [12] және 1886-1909 жылдар арасында 8-Түркістандық көрмеге қатысты.

Жыл өткен сайын көрмеге қатысушылар оңтүстік қазақстандықтар көбейе берді. Н.И. Иванов, Н.Пугасов, Н.П. Савинков, Н.Лутманов, А.Гаврилов, Х.А. Тюменов пен С.С. Муратов, Г.В. Дюршмидт өлке көлеміндегі бірнеше кәсіпорынмен өндірістік иелері ретінде, еңбекші халықты қанаудың үлкен торын құрды.

Мысалы И.Д. Лутманов Верныйдағы механикалық диірмен, жүн тазалығыш кәсіпорын мен сыра заво-дын, Н.Я. Пугасов Жетісудағы екі шарап, 2 сыра, 1 тері зауытын, Х.Тюменов пен С.Мұратов тері, жүн жуатын және сабын өндірістерін, Г.В. Дюршмидт Жетісуда, Семейде т.б. ішек тазалайтын, Н.И. Иванов Жетісу, Самарқан, Сырдария облыстарында бірнеше арақ-шарап, сыра, темекі өнеркәсіптерін иемденді.

Олар сауда-өнеркәсіптік буржуазияның негізін құра бастап, Н.Ивановтың, Н.Пугасовтың, Н.Лутманов-тың, А.Гавриловтың ұрпақтарының бірлесіп иеленуі және мұрагерлер ретінде әкелерінің ісін жалғасты-руы маманданған өнеркәсіпшінің, өнеркәсіп буржуазиясының - қалыптасуының бастамасы еді.

Сонымен, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында географиялық ауқымы әртүрлі көлемдегі көрмелерде Оңтүстік Қазақстандық өндірістер мен өнеркәсіптерде өзіндік ат салысып отырды. Көрмелер-дің прогрессивті мәні сонда кәсіпкерлер шет елдерге, орталық өнеркәсіпті аудандарға барып ірі өндіріс орындары мен олардың жекеленген бөлшектерімен жақын танысты, ал өлкелік, облыстық көрмелер сөз жоқ кәсіпкерлердің ғана емес жұмысшылардың, бүкіл көрермендердің танымын арттырып, өнеркәсіптің жаңа түрлеріне ұмтылысын күшейтті.

1 РГВИА . Ф. 400, оп 1, д. 3782, л 124.

2 Маев Н.А. Туркестанская выставка 1886 года. - Ташкент, 1886. - 15-77 бб.

3 Туркестанское сельское хозяйство. 1907. - №4. - 323-333 бб.

4 Тимаев К.А. Обзор Туркестанской сельско-хозяйственной выставки в Ташкенте в 1909 году. - Б.М. и Г. - 50-52 бб.

5 Тимаев К.А. Обзор Туркестанской сельско-хозяйственной выставки в Ташкенте в 1909 году. - Б.М. и Г. - 54 б.

6 Тимаев К.А. Көрсет. шығ. - 56-59 беттер.

7 Тимаев К.А. Көрсет. шығ. - 58-61 беттер.

8 РГВИА . Ф 400, оп.1, д.3782. Л 124, 130, 131, 134, 137-139, 143, 150, 154-156, 160-161, 166, 168.

9 Каталог-путеводитель Туркестанской XXV-летней Юбилейной сельскохозяйственной, научной и промышленной выставки Туркестанского общества сельского хозяйства с 13-го ноября по 15 октября 1909 г. в г. Ташкенте. - Ташкент, Б.Г. - 54, 56-57 бб.

10 Обзор Семиреченской области за 1913 г. - Верный, 1915. - 61-65, 69-71 бб.

11 Обзор Семиреченской области за 1913 г. - Верный. 1915. - 71 б.

12 Чабров Г.Н. Выставочная работа в Туркестанском крае (1869-1917). // Труды Музея истории Узбекистана вып. III. - Ташкент, 1956. - 135 б.

### Резюме

Статья посвящена к одному из малоисследованных в казахстанской историографии вопросу – к истории участия казахстанцев в разных формах выставок. Данная тема вызывает повышенный интерес в связи с подготовкой к первой в странах СНГ и Центральной Азии международной выставки в столице нашей страны – Астане.

Авторы статьи на основе впервые введенных в научный оборот архивных и статистических данных изложили историю участия предпринимателей и ремесленников Южного Казахстана во второй половине XIX – начале XX вв. на Туркестанских и местных выставках со своими экспонатами и о ходе проведения и результатах этих выставок. Сделано заключение о положительном роле таких выставок в хозяйственном и социальном развитии региона в дореволюционный период.

**Ключевые слова:** ЭКСПО-2017, выставки, Туркестан, Ташкент, предприниматели, ремесленники, экспонент, экспонат

### Summary

This article is devoted to one of the unexplored issue in Kazakh historiography - the history of Kazakhstanian participation in various forms of exhibitions. This topic is an increasing interest in connection with the preparation of the first in the CIS and Central Asian international exhibition in the capital of our country - Astana. The authors first introduced on the basis of a scientific revolution archival and statistical data presented history of participation of entrepreneurs and craftsmen of Southern Kazakhstan in the second half of XIX - early XX centuries the Turkestan and local exhibitions with their exhibits and on the conduct and results of these exhibitions. It is concluded that the positive rolet such exhibitions in the economic and social development of the region in the pre-revolutionary period.

**Keywords:** EXPO, EXPO-2017 exhibition, Turkestan, Tashkent, entrepreneurs, art isans, exhibitors and exhibit

ӘӘЖ 94(574) .314.151.5

## ОРАЛМАНДАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУ МЕН ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**М.К. Тулекова** – т.ғ.д., *Абай атындағы ҚазҰПУ, Әлем тарихы кафедрасының профессоры*

Мақалада негізінен Отанынан сыртқа қоныс аударып кетіп шетелдерде тұрып жатқан қазақтардың еліміз егемендігін алғаннан кейінгі өз туған Отандарына оралу мәселесі қарастырылған. Жалпы сырттағы қандастарымыздың елімізге оралуы кеңес кезінде де болған, бірақ ол кезде үкіметтің жасырын түрде араласуымен жүзеге асырылған. Ал егемендік алған алғашқы жылдан бастап елімізге қандастарымыз көптеп келе бастады, оларға арнайы квоталар бөлініп, келген отандастарымызды қарсы алып орналастыру мәселелері де мемлекет тарапынан жүзеге асырылды.

Бірақ тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы әлеуметтік және экономикалық тұрақсыздықтар мен қиыншылықтар көштің легінің бәседеуіне алып келді, оның бірнеше себеп-салдары болды. Ол әсіресе сырттан келген отандастарымызды жұмыспен қамту және тұрғын үй мәселесінің шешілмеуі, тілдік қиыншылықтар және оралмандарды қолдамның бірден қабылдамауы олардың елге деген ұмтылысын баяулатты. Осы мәселелер мақаланың негізіне алынды.

Сонымен қатар елдегі көші-қон процестері де XX ғ. 90 жылдарының басында көбейіп кетті. Елімізден өз отандарына басқа ұлт өкілдерінің көшуі жиіледі, әсіресе, еврейлер мен немістер, орыстар. Ал 90 жылдардың аяғында еліміздің экономикасының тұрақтануымен қатар көші-қон процесі де баяуланғаны баяндалды.

**Тірек сөздер:** миграция, иммиграция, эмиграция, репатриация, диаспора

**Репатриация-оралмандар.** Қазақстан Республикасы өзінің егемендігін алғаннан бастап қиын-қыстау кезеңдерде шетке кеткен қандастарымыз өз Отанына қайта орала бастады. Бұл Қазақстан үшін жаңа құбылыстың бірі болды. Негізінен шеттегі қазақтардың көшіп келуі бұрын да болған. Оның бірінші легі 1959-1966 жж. сәйкес келді, ол Қытайдан көшіп келушілер болған. Ол жасырын түрде тек орталық үкімет орындарының араласуымен болды. Ал XX ғасырдың 90 жылдарынан басталған репатриация жоспарланбаған, аяқ астынан болған КСРО-ның құлауымен байланысты Қазақстан Республикасына егемендігін алғаннан кейін басталды.

1990 жылдардағы саяси бетбұрыстар демографиялық өсуімізге өз әсерін тигізбей қойған жоқ. 1991 жылдан шетелдегі қандастарымыз өзінің тарихи отаны Қазақстанға орала бастады. Республикамызда арнайы көші-қон саясаты жүргізіліп, «Көші-қон туралы» заң екі рет қабылданды. Осы заң аясында құрылған «Көші-қон және демография» агенттігі көші-қон саясатын үйлестіруші негізгі органға айналды. 1991-1998 жж. аралығында ата-мекеніне оралған оралмандар саны шамамен 184 мыңға жетіп отыр. Оның 20-дай пайызы, яғни 36 мың қандасымыз Қазақстан азаматтығын қабылдауға арыз берген. Қалған 140 мыңдай қандастарымыз шетел азаматының құқығын иеленіп, тәуелсіз елімізде тірлік етіп жүр [1].

1939-1970 жылдары көрші одақтас республикалардан 100 мыңдай адам өз бетімен Қазақстанға көшіп келген. Ал, 1970-1989 жылдар аралығында тағы да 150 мың адам өз республикасына көрші аймақтан қайта оралған. Тәуелсіздік алғаннан бастап Қазақстанға бұрынғы өз жерін тастап кеткен отандастарымыз

қайтадан келуде. Олардың саны аз, сонымен бірге олар өз отандарына келгенмен көптеген қиындықтарға кездесіп отыр. Рәмигранциялық процесс 1991 жылдан басталды. Содан бері 40 мың жанұя этникалық қазақтар жалпы саны 276 мың адам Қазақстанға келді. Ол репатрианттардың көбісі бұрынғы ТМД елдерінен - 103 мың адам. Монголиядан - 63 мың, Ираннан - 48 мың, Түркиядан - 2,4 мың [2].

XX ғ. 90-жылдарының ортасынан бастап республикаға Исламдық Иран Республикасынан қазақтар көшіп келе бастады. Олар кезінде ол жерге 20-30 жылдардағы аштық кезінде, одан соң Сталиннің тоталитарлық саясатының зардабынан барғандар еді. Олар көбінесе Батыс Қазақстан аймағынан шыққандар, бірақ келген кезде олар Алматы, Оңтүстік Қазақстан және Манғыстау облыстарына орналасуға ұмтылады. Сонымен қатар Синьцзян, Үндістан, Пакистан арқылы Түркия жеріне барған қазақтардың да Отанына қайта көшіп келуі жиіледі. 1991 жылдан бастап Қазақстан жеріне сырттан қазақтар көптеп келе бастады. 1991 жылы алғаш рет қазақтардың Монголиядан көптеп келуі байқалды - 12,5 мың адам. Монголиядан барлығы 1991-1993 жылдар аралығында 60 мың қазақтар келді. Ал кейінгі кезде жұмыссыздықтан, нарықтық экономикаға байланысты олардың көшіп келуі азая бастады [3].

Қазақстан жеріне 1991-1993 жылдар аралығында алыс шетелден 57,4 мың қазақ келді. 1993 жылдан бастап репатрианттардың саны азая бастады. Оның себебі репатрианттарға квоттың азаюы, елдегі халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайының нашарлауы, әсіресе көшіп келушілер үшін. Екі санақ аралығындағы 10 жыл аралығында Қазақстанға 1 млн. 150 мыңнан аса адам келіп қоныстанды (шамамен 280 мың жанұя), оның ішінде 185 мың қазақтар (45 мың жанұядан артық) және “алыс” шетелден (көбі Монголиядан). Біздің елге келушілердің көпшілігі Оңтүстік (33%) және Солтүстік (32%) Қазақстанда, оның ішінде Жетісу аймағының орталығы Алматы қаласына орналасты. 1989-1993 жж. Қазақстанға 872 мың иммигранттар, немесе кейінгі 10 жылдағы 76% болса, ал 1994-1998 жж. барлығы 274 мың (24%) болды. Республикаға келушілердің орта жылдық үлесі 1997-1999 жылы 38,6 мыңға қысқарды, 1989-1991 жж. 190 мыңға қарсы. Осы жылдары көшіп келгендердің көпшілігінің қайта қайтқаны туралы деректер де бар. Аймаққа Алматы қаласына осылардың 200 мың адамы орналасып ол оның халқының санының екі санақ арасында 5,4% өсуіне негіз болды [4].

Консульдық Департамент Басқармасының ақырғы деректеріне байланысты әрбір үшінші қазақ шетелдерде тұрып жатыр, олардың жалпы саны 3,5 млн. адамға тең. Алыс шетелдерде: Қытайда - 1258500 адам; Монголиядан - 83000 адам; Ауғанстанда - 28000 адам; Түркиядан - 20000 адам; Иранда - 3450 адам; Балтық елдерінде - 2500 адам; Германияда - 700 адам; Жапонияда - 40000 адам; Австралияда - 40000 адам; Бельгияда - 28 адам; Сауд Аравиясында - 28 адам; Норвегияда - 20 адам; Кубада - 2 адам. Барлығы 1476228 адам. Сонымен қатар Францияда - 172 жанұя; Швецияда - 51 жанұя; Пакистанда - 36 жанұя; АҚШ - 23 жанұя; Австрияда - 18 жанұя; Швейцарияда - 4 жанұя; Данияда - 4 жанұя. Барлығы 308 жанұя. Таяу шетелдерде 1814300 қазақтар тұрып жатыр, оның ішінде Өзбекстанда 967200 адам, Ресейде 687800 адам, Түрікменстанда 87000 адам, Қырғызстанда 42600 адам, Украинада 10500 адам, Тәжікстанда 10000 адам, Әзербайжанда 4000 адам, Грузияда 3000 адам, Молдовада 2000 адам, Арменияда 500 адам, Беларусьта 300 адам [5].

1991-1995 жылдар аралығында Қазақстанға 137919 қазақ келді, оның тең жартысы 69819 адам, немесе 50,6% - таяу шетелдерден, оның ішінде Ресейден, Украина, Тәжікстан және Балтық және Кавказ бойы мемлекеттерінен; 49,4% иммигрант-қазақтар алыс шетелдерден келді: көпшілігі Монголиядан - 61040 адам, азшылықтары Ираннан - 4372 адам, Түркиядан - 2007 адам, Қытайдан - 443 адам және Ауғанстаннан - 18 адам. Монолиядан иммигранттардың көптеп келуі 1991-1994 жж. онда Қазақстанға 60772 адам келіп орналасты. Аймақтағы Қалкелен қаласына ауған жерінен қазақтар Түркия жерінде бірнеше жыл өмір сүргендер - 150 жанұя, немесе 1500 қазақ келіп орналасты. 1991 жылдан бастап репатриация басталғаннан бері Түркия арқылы келген ауғандық қазақтар 300 жанұя, немесе 3500 адамға жетті. Олар көбінесе Шығыс Қазақстан, Жетісу аймағы және Оңтүстік Қазақстан облыстарына орналасуда [6].

Оралмандардың ең көп келген жері Өзбекстан. 1999 жылғы халық санағының дерегі бойынша 10 жыл ішінде өзбектер саны Қазақстанда 12% өсті және 370,7 мың адам болған. Ал Қытайдан кейінгі 5 жыл ішінде жыл сайын 500-800 адам келуде, Монголиядан репатрианттар саны 1999 ж. - 452 адамға, 2000 ж. - 203 адамға тең болды. Осы келіп жатқан репатрианттар негізінен 4 облыс жеріне бөліп орналастырылуда: Ақмола, Қарағанды, Оңтүстік-Қазақстан және Алматы [5.12].

Елдегі сол кездегі әлеуметтік-экономикалық дағдарыс олардың жағдайын жақсарта алмады. Осы күнге дейін көпшілігінде әлі үй, жұмыс жоқ. Қазақстанға келген рәмигранттарға берілетін көмектер туралы үкімет тарапынан айтылғанмен ол толығымен жүзеге асырылмады. Репатрианттарды үймен қамтамасыз ету миграция мен демографиялық Республикалық агенттіктің басты толық шеше алмай отырған мәселесінің бірі. 1999 жылы мемлекеттік бюджеттен осы үшін 500 млн. қаржы бөлінді, ал қажеті 1,78 млрд. Осы



ақшаның өзі оларға толық барып жетпейді. Ол қаржының өзі талан-таражыға түсіп кетіп отырғаны туралы баспасөз беттерінде жарияланып жүрді. Екінші мәселе, ол жұмысқа орналастыру. Ол бір жағынан, олардың мамандықтарына байланысты болса, екіншіден жұмыс орнының жоқтығынан.

**Ішкі көші-қон.** 90-жылдардағы облыс арасындағы болған көші-қондық процесінің ең көп тараған жерлері ол Алматы қаласы, Алматы облысы, орталық аймақтар - Ақмола, Қарағанды, Павлодар, сосын Қостанай, Ақтөбе, Маңғыстау. Ал 1999 жылдың ортасынан бастап қоныс аудару қайта жаңдана түсті. Ол 1997 жылғы 54,8% қарағанда барлық жағынан 1998 жылы 61,7 % болды. Ол әсіресе астананың ауысуына байланысты Алматы мен Астана қалаларында өте жоғары болды. Осы республиканың өз ішінде болған көші-қондық процесстер қала мен ауылдағы адамдардың саныны, ұлттық құрамы мен жыныстық сипатын өзгертіп отырды. 1995 жылға дейін қаладан ауылдық жерлерге қоныс аударушылар саны өсіп, нәтижесінде ауылдағы халықтың саны өссе, ал 1995 жылдан кейін керісінше болды. Енді ауылдық жерлерден қалаға қоныс аударушылардың саны өсті. Олар қалаға жұмыс іздеп келді. Оның құрамында жастар өте көп болды. Одақ тараған кезде көптеген ірі өнеркәсіп орталықтары тоқтап қалып, орталық қалалардағы адамдар саны күрт азайып кетті. Одақ тарағаннан кейінгі алғашқы жылдардағы ел ішінде болған әлеуметтік-экономикалық және саяси қайта құрулар, көптеген өнеркәсіп орындарын қайта құруға, немесе оны жабуға алып келді. Міне осының нәтижесінде көші-қондық процесс тез жүрді. Кейінде республика ішіндегі көші-қонда ірі өзгерістер болды, республика ішіндегі халықтардың қозғалысы негізінен екі бағытта болды- облыс ішінде (Жетісу аймағының өз ішіндегі халықтардың орын ауыструы) және облыс аралық (аймақтар және облыстар арасындағы). Жыл сайын 300 мың адам республиканың өз ішінде орын ауыстырып отырады. Облыс аралық көші-қон 1991 жылы 155,8 мың болса, 2000 ж. - 79,1 мың болып кемігені байқалады. Ал облыс ішіндегі көші-қон осы уақыт ішінде 275,5 мың адамнан 105,3 мың адамға, яғни 2,6 есеге дейін азайды. Аймақ аралық көші-қондық қозғалыста қалалар арасында Астана мен Алматы, облыс арасында Ақмола мен Маңғыстау дұрыс сальдо беріп отыр.

1998-1999 жж. елде 90 мың адам (6% - елдегі барлық халықтың санына алып есептегенде) болды. Ол ауылдағы әлеуметтік-экономикалық қиыншылықтарға, өнеркәсіп орындары жабылып қалған қалалар мен Қазақстанның алыс жатқан аудандарынан халықтың көшуінен болды. Ішкі көші-қондық қозғалыста негізгі орында жұмыс жасындағы адамдар тұрады, әсіресе қазақ ұлты: қала халқы 755 мыңға кемісе, ал ауылдық жерлерде - 490 мыңға кемігенмен қала халқының пайызы бұрынғы мөлшерде - 56% болып қалды, ол Қазақстандағы урбанизация процесінің өсіп отырғанын көрсетті. Көшкендерге қарағанда келгендер жағынан ерекше орын алатын Жетісу аймағындағы Алматы қаласы (тұрмыс жағдайының жақсы болуымен, жұмыс орны болудан), Ақмола облысы мен Астана қаласы (астананы өзгеруге байланысты), Маңғыстау облысы (мұнай өндіру, жоғары еңбек ақы). Жұмыс жасындағы адамдардан айрылып жатқан аймақтар Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстары. Халықтың тығыз орналасуы жағынан оңтүстік пен солтүстік ерекшеленсе, аз орналасқан жері орталық Қазақстан. Ол табиғи-климаттық жағдайымен байланысты болуы мүмкін. Ішкі көші-қондық процеске тоқтала отырып мынадай қорытынды жасауға болады: халықтың жиі орын ауыстыруының басты себебі жұмыссыздық, экономиканың құрылымдық реформалануы, әлеуметтік-экономикалық, табиғи-экологиялық себептер [7].

1980 жылдарға дейін республиканың өз ішіндегі қоныс аудару Солтүстіктен, Шығыстан, Батыстан оңтүстік аймақтарға қарай жүрсе, ал 1997 жылдан бастап оңтүстіктен батысқа, шығысқа, солтүстікке қоныс аудару өсуде. Қазақтар саны жағынан әліде оңтүстік облыстарда көпшілікті құрайды. 1989 жылдан бастап Жетісу аймағы қазақтар саны жағынан көп облыстар қатарына қосылды. Қазақстанның өз ішіндегі көші-қон процесі облыстар мен аудандар, қала мен село арасындағы 1990 жылдардың бірінші жартысында азайса, ал екінші жартысында ол процесс қайта жаңдана түсті. Республика ішіндегі халықтың көп қоныс аударатын аймағы Жетісу-Алматы және Алматы облысы, сонымен қатар Солтүстік Қазақстан аймағы болды.

Ал облыстар арасындағы халықтың көп қоныс аударған жерлері Ақмола, Қарағанды, Павлодар, сонымен қатар батыс аймақтардағы Ақтөбе мен Маңғыстау облыстары. 1995 жылы миграцияға түскендердің көпшілігі қазақтар - 65%, ал 22%-ін орыстар құрайды [8].

Осыдан көріп отырғанымыздай көші-қон сальдосы бойынша облыс аралық халықтардың көші-қонында ең жоғары көрсеткіш берген жыл - 1989 жыл болса, ал кейінгі кездерде оның төмендеуін байқаймыз. Ал халықаралық көші-қонда 1994 жыл, одан кейін 1992 жылы сырттан келгендерге қарағанда сыртқа кетушілер саны жағынан басым болып отыр. Ол көрсеткіш 1999 жылы төмендесе, ал 2000 жылы қайтадан халықаралық көші-қон ұлғайғаны байқалады [9].

1989 жылы ауылдық жерге облыс аралық және облыс ішіндегі келгендерден көрі кеткендер саны басым болды, ал халықаралық көші-қоны бойынша 1990 жыл ерекше көрсеткіш берді, онда келгендерге

қарағанда ауылдық жерден шетелге кеткендер саны басым болды, кейінгі кезде облыс аралық көші-қонда ауылдық жерге келушілерден гөрі кетушілер саны артық болып отыр, ал керісінше облыс ішіндегі көші-қонда кеткендерге қарағанда келушілер саны артық - 1292 адамға сәйкес келіп отыр [10]. Жалпы облыс бойынша алып қарастыратын болсақ 1989 жылы облыс аралық көші-қонда келгендер саны 24430 болса, ал кеткендер саны 28203 болып кері мәнді көрсетті, ал 1999 жылы облысаралық көші-қонмен келгендер 12140 болып, керісінше кеткендер 13538-ге тең болды, яғни - 1396 адамға кері мәнді беріп отыр. Сонымен қатар облыс аралық көші-қонда келгендер 1989 жылы 34206 болса, ал 1999 жылы 9842 болды. Бұл облысаралық көші-қонның азайғандығын көрсетеді. Халықаралық көші-қонды салыстыратын болсақ 1989 жылы келгендер саны жалпылама 17686 болса, кеткендер 27228 болды, ал 1999 жылғы есепте келгендер 4250, кеткендер 8257 болып өсіп кетіп отыр, осы көрсеткіш 2000 жылғы статистикалық есепте келгендер халықаралық көші-қоннан - 2727 болса, ал кеткендер 8909 болып, - 6182 кері мәнді беріп отыр. Бұл кетушілердің санының әліде тұрақталмай өсіп отырғанын көрсетеді [11]. Енді көші-қон Алматы қаласында қалай болғанын білу үшін төмендегі статистикалық кестені қарастырып көрейік.

Кесте 1. Алматы қаласындағы көші-қон 1989-2000 жж. [12]

	Облысаралық көші-қон			Облыс ішіндегі көші-қон			Халықаралық көші-қон		
	Сальдо	Келгендер	кеткендер	сальдо	келгендер	Кеткенде р	Сальдо	Кел- гендер	Кетк- ендер
1989 ж.	15344	37340	21996	0	0	0	-602	12040	12642
1990 ж.	5065	26136	21071	0	0	0	692	14514	13822
1991 ж.	4961	25156	20195	0	0	0	-1118	11907	13025
1992 ж.	4437	23394	18957	0	0	0	-12010	8908	20918
1993 ж.	4097	21432	17335	0	0	0	-17631	6413	24044
1994 ж.	8860	23740	14880	0	0	0	-22321	5255	27576
1995 ж.	14284	27330	13046	0	0	0	-15043	5324	20367
1996 ж.	12958	24027	11069	0	0	0	-9016	4631	13647
1997 ж.	9905	20920	11015	0	0	0	-10862	3371	14233
1998 ж.	13989	26642	12653	0	0	0	-9345	3687	13032
1999 ж.	11193	21794	10601	0	0	0	-5184	3449	8833
2000 ж.	10232	20366	10134	0	0	0	-7886	2703	10589

1989 жылы Алматы қаласына облыстардан келгендер мен кеткендер арасында тиімді сальдо жоғары болғанын көріп отырмыз, ол 1991-1993 жж. азайса, ал 1995 жылы келгендер саны қайтадан жоғары көрсеткішті берді, 2000 жылы бұл көрсеткіш келгендер 20366, кеткендер 10134 болып тиімді мәнге 10232 - адамға өскенін көре аламыз. Ал халықаралық көші-қон бойынша келгендер саны 1990 жылы ғана жоғары болған, ол біртіндеп төмендер бара жатыр. Ал кеткендер саны 1994 жылы ең жоғары мәнді берсе, ал 1999 жылы ол төмендеді. Қазір келгендер мен кеткендер халықаралық көші-қоны бойынша – 7886 адамға кері мәнді беріп отыр [13]. Қорыта келгенде, келушілер саны төмендеп кеткен. 1991 жылы Қазақстан өз егемендігін алғаннан кейін шетелдегі бауырластарымыз көптеп елге келе бастаса, ал 2000 жылы елдегі қиын экономикалық жағдай, олардың әлеуметтік жағынан қамтамасыз етілмеуі бұл процестің төмендеуіне алып келді. Жалпы көші-қон ол елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына тікелей байланысты, халықаралық жағдай, елдің ішкі, сыртқы саясаты әсер ете отырып бұл процесс елдегі этнодемографиялық жағдайға тікелей әсер етеді.

1 Мендикулова Г.М. *Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие.* - Алматы: Ғылым, 1997. - 264 с. (222).

2 Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. *Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980 гг.).* - Алма-Ата: «Ғылым», 1991. - 185 с. (43).

3 Топлин А., Шульга В. *Содружес тво Независимых государств: Проблемы и возможности социально-демографического развития // Центральная Азия и Кавказ.* - №3(15), 2001. - С. 199-200.

4 *Итоги переписи населения 1999 года Республике Казахстан.* - С. 3,15.

5 *Иммиграционная политика в Казахстане на примере репатриантов из дальнего зарубежья. Отв.ред. М.Ауезов, С.Жусупов.* - Алматы: Казахстанский институт социально-экономической информации и прогнозирования, Фонд Сорос-Казахстан, 2000. - С. 4.

6 *Итоги переписи населения 1999 года по г. Алматы. Том.1.* - Алматы, 2001. - С. 12.

7 *Краткие итоги Переписи населения 1999 года в Республике Казахстан.* - Алматы, 1999. - С. 12.

8 *Основные итоги переписи населения 1999 года в Республике Казахстан. Национальный состав населения Республики Казахстан.* - Алматы, 2000. - С. 4.

9 *Демографический статистический сборник Казахстана, 1999. Статистический сборник.* - Алматы, 2000. - С. 8-9. *Итоги переписи населения 1999 года по Алматинской области том 1.* - Алматы, 2000. - С. 5-11.

10 Галиев А. *Миграция – естественная норма, если не видеть в ней национальной подоплеку* // Мысль, 1993, – №4. – С. 48-49.

11 Қазақ санының өскені – мынау, өшкені-анау! // Түркістан, 2000. 7-қантар. 3-бет.

12 Козыбаев М.К. *История и современность*. - Алматы: "Ғылым", 1991. – 254 с.

13 Қозыбаев М.К. *Демографические исследования в Казахстане. Итоги и перспективы*. // Вестник АН КазССР. 1991. - №11. - С. 12.

### Резюме

В статье рассмотрены вопросы возвращения казахской диаспоры, ранее покинувших свою Родину и долгое время проживавших в зарубежных странах до периода обретения Казахстаном независимости. Возвращение наших соотечественников на Родину происходило так же и в советские времена, но данный процесс проходил в строгой секретности. Но с момента обретения независимости, в первые ее годы, количество возвратившихся соотечественников возросло, для них были выделены специальные квоты, государство взяло обязательство по приему и размещению соотечественников.

Но социальные и экономические проблемы, имевшие место в первые годы независимости, затруднили миграционную политику и на это было несколько причин. Это конечно же проблемы по трудоустройству и обеспечению жильем прибывших из-за границы соотечественников, языковые трудности и не принятие обществом оралманов. Все эти моменты были в основе данной статьи. В то же время в самой стране так же начались множественные миграционные процессы в 90-х годах 20 века. Участился отток из нашей страны представителей разных национальностей на свою историческую Родину, в особенности это были евреи, немцы и русские.

Археология мұражайының келесі бөлімі қола ғасырына (Андронов мәдениетіне) арналады. Бұл кезде адам мыс пен қоланы балқытуды үйренеді. Ерте кездегі Қазақстан қоласының индустриялық орталығы болып Орталық және Шығыс Қазақстан территориясында орналасқан қалайымен мысқа бай кен орындары болып саналады. Сондықтанда болар Орталық Қазақстан жерінен осы кезге байланысты тұрақтары мен жерлеу орындары көптеп кездесуі. Орталық Қазақстан облысының қола ғасырына байланысты материалдар археологиялық кезеңмен экспозицияда екіге бөлінеді: Нұра кезеңі (б.д.д. XVI-XV ғғ.) және Атасу кезеңі (б.д.д. XIV-XIII ғғ.). Арнайы бір бөлім кейінгі қола яғни Бегазы-дәндібай мәдениетінің ескерткіштеріне арналады. Экспозицияда ою өрнекпен орнектелген керамика, қоладан жасалған жебенің ұштары және найза, балталар, алтын мен қоладан жасалған әшекей бұйымдар қойылған.

Саз балшықтан жасалған ыдыстар, балтала, айшалғылар Оңтүстік Қазақстан облысындағы атакты Таутары молалар ескерткіші мен Жетісудағы Қара-Құдық ескерткіштерінен табылған сәндік әшекейлер Республиканың оңтүстікпен оңтүстік шығыс аймақтарындағы осы мәдениеттің сыры мен құпиясын тануға мүмкіндік береді. Қола заманы жайында баяндайтын арнайы бөлімде тұрақтар жайында мағлұматтар жинақталған. Мұнда бірнеше жертөлелерден тұратын қоныстардың қалай салынғандығы, ондағы еңбек тастан, сүйектен жасалған қарулары сондай-ақ керамикасы көрсетілген. Үшінші бөлім б.д.д. VIII ғ. дан V ғасыр аралығын қамтиды. Бұл кез Ф.Энгельс айтқандай Қылыш кезі, темір соқа кезі, темір балта яғни ерте темір кезеңі. Айтылып отырған кезеңде Қазақстан территориясын мекен еткен халықтар арасында көшпенді мал шаруашылығына өтуі, алғашқы қоғамдық бірліктер ыдырап тайпалық одақтардың пайда болу тұсына сәйкестендірілді.

Экспозицияның тарауын хронологиялық дамуы жағынан көрсететін Орталық Қазақстанның саз кезеңіне жататын Тасмола мәдениетінің ескерткіштері ашады. Бұл көрмеде қаруланудың түрлері, ат әбзелдерінің саймандары, қолданбалы өнер туындылары көрсетілген. Аса қатты қызығушылықты сүйектен жасалған камшат, ешкі, бұғы жануарлары бейнеленген түймешік көздің жалынын алады сонымен қоса қоладан жасалған архар бейнесі бар мүсіндік фигуралар қойылған. Батыс Қазақстан ескерткіштерін сақтармен савроматтардың қалдырған ескерткіштерімен көрсетілген. Олар Лебедевқа обасымен және Ақтөбе облысындағы обалар арқылы көрсетіліп тұр. Саз балшықтан, металдардан жасалған ыдыстар, зергерлік бұйымдардың табылғандығы сармат тайпаларының антикалық өркениетпен тығыз байланыста болғандығын дәлелдейді [4-68].

Бәрінен де нақты деректермен Жетісудағы сақтардың мәдениеті көрсетілген. Бесшатыр қорғанының камерасы, қарулар, еңбек қарулары сақтардың мәдениеттілігінің жоғары дамығандығын көрсетеді. Осы бөлімде әлемге әйгілі Есік қорғанынан табылған материалдар да көрсетілген. Қорғаннан табылған бірегей қайталанбас тума болып саналатын Алтын адамның реконструкциясымен бас киімі барша көрермендерге ұсынылып отыр.

Қаратума мен Ұзын-Бұлақ сақтарының қорғандарынан табылған мүліктері де әр алуан болып келеді. Б.д.д. III ғ. – б.д. VI ғ. Шығыс Қазақстанмен Жетісудағы Үйсіндердің мәдениетіне жататын Іле мен Талас жазықтарында орналасқан қорғандардан табылған қыш ыдыстар алуан түрлілігімен таң қалдырады.

Жетісудың тұрғындарының қандай болғандығы жайында баяндайтын сақпен үйсіннің бас сүйегіне сүйене отырып М.М. Герасимовтың жасаған екі адамның реконструкциясы көрсетіліп тұр. Бір бөлімі Қазақстанның оңтүстік өңіріннің отырықшы тайпалардың қоныстарымен қорғандарына арналған. Көрмеде Шардара ауданына, Ақтөбе-бабаата, Шауышқымтөбе обаларынан табылған қарулар, зергерлік бұйымдар табылған керамика, металдан жасалған бұйымдар ұсынылып отыр.

Экспозицияның төртінші бөлімі ортағасыр кезеңіне арналады. Б.д. басында класттық жүйелі қоғамдық ара қатынастар пайда бола бастап ертефеодалдық қатынастар орнатылады. Түркілер, түркештер, қарлұқ, оғыз, қараханид, қыпшақ секілді ерте мемлекеттер бірін бірі алмасыттырып отырады. Мұндай жағдайда Қазақстанның ортағасырлық қалалары дамуын бастан кешіреді. Әсіресе қала мәдениетінің дамуы X-XII ғғ. жатады. Өзінің қоматылығымен көздің жалынын алатындай коллекцияға бай Тараз, Алматы, Талғар, Жақсылық, Көктума, Ақтөбе және Баба-Ата секілді ортағасырлық қалаларынан табылған керамикалық және шыныдан жасалған ыдыстар саналады. Бөлімнің ең үлкен экспозициясының материалдары соңғы үш

жыл қатарынан жүргізіп жатқан ортағасырлық Отырардағы археологиялық кешенді экспедициясы жүргізіп жатқан қазба жұмысы барысында табылған материалдарға арналады. Аэрофотосуреттерге көз салар болсақ онда бірден аңғаратынымыз көшелермен шағым аудандары жақсы түсірілген. Бұл кезеңге жататын керамикалық және шыны мен металдардан жасалған бұйымдарды көруімізге болады. Бұл көрменің ең маңызды жәдігерлер қатарына Арстан-Бап мавзолейінен шыққан ою өрнектелген екі бағана болып саналады. Ортағасырлық Қазақстан архитектурасымен құрлысы фото суреттермен және Сауран мен Бозоқ қалаларының аэрофото суреттерімен көрсетілген. Айша-Бибі мен Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Иассауи кесенесі 10 шы және 50 масштабтар арқылы жасалынған макеттері сол заманның сәулет өнерін көрсетіп тұр.

Ортағасырлық бөлімінің көрмесінде Бөріжар мен Алакөл обаларының материалдары және Жетісу мен Шығыс Қазақстан обаларының материалдары қойылған. Бөлім ішінде арнайы тақырып ретінде Құлтөбе қалашығының материалдары арналады. Мұнда материалдар Қаратау аймағында мекендеген қазақтардың тұрмыс жағдайына арналады.

Көрмеде ХІХ-ХХ ғасырлардағы қазақтардың қолданбалы өнерінің туындылары көрсетілген. Материалдар негізінен сырғалар, білезіктер, жүзіктер, белдіктер, иегер секілді жәдігерден тұрады. Бұл өз тарапынан қазақ халқының байырғы тұрғындары сақтар, үйсіндер түркілермен тығыз байланысын көрсетеді [5-57].

*1 Ақишев К.А., Байпаков К.М. Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысы. 1973 ж. 29-шы жыл басылуы. №11(343).*

*2 Бернштам А.Н. Проблемы древней истории и этногенеза Южного Казахстана. // Изв. АН КазССР. Серия археол., 1950. Вып. 2. - С. 80.*

*3 Смагулов Е.А., Туякбаев М.К., Бурнашева Р.З. Отчет о полевых исследованиях Туркестанской археологической экспедиции в 1999 году. Архив музея "Азрет Султан". - С. 14-42.*

*4 Археологическая карта Казахстана. - А-Ата, 1960. - С. 230, N 3366.*

*5 Агеева Е.И., Пацевич Г.И. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана // Тр.ИИАЭ АН КазССР. Т.5, 1958. С. 105.*

### Резюме

В отличие от специализированных государственных музеев, где могут быть собраны коллекции из случайных находок, кладов и приобретений, экспонаты музея археологии представляют особый единый и неделимый по принципу материала изготовления научный комплекс, полученных при раскопках погребальных сооружений, древних городов и поселений. Музей археологии создан в результате работ нескольких поколений казахстанских ученых начиная с 20-х годов 20 века: он хранит не только историческую память нашего народа, но и олицетворяет достижение казахстанской науки, ее этапы развития. У истоков уникального музея археологии ИА МОН РК стояли выдающиеся ученые: А.Х. Маргулан, А.Н. Нусупбеков, Е.И. Агеева, Г.И. Пацевич, К.А. Ақишев, Х.А. Алпысбаев, А.Г. Максимова, М.К. Кадырбаев, К.М. Байпаков и многие другие. В музее представлены уникальные, имеющие мировое историческое и научное значение артефакты из раскопок могильников, поселений и древних городов. Научно-исследовательская деятельность проводится сотрудниками музея и за рубежом. За последние 40 лет многие экспонаты «Золотой кладовой» и музейной выставки с успехом демонстрировались более чем 20 странах, в том числе: Германии (1975 г., 1992 г., 2008 г.), АРЕ (1976 г.), Турции (1977 г., 2002 г.), Японии (1974 г., 1978 г., 1998 г., 2008 г.), США (1989 г., 2007 г.), Корею (1990 г., 2000 г.), Франции (1991 г., 2001 г.), Австрии (2001 г.) и в других выставочных площадках мира.

**Ключевые слова:** Ревитализация, интерпретация, имитация, живой музей, живая экспозиция

### Summary

The archaeology Museum was opened in 1973 at the Institute of archaeology of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR on the initiative of the First Secretary of the Communist party of Kazakhstan D. A. Kunaev as object storage and constant study unearthed materials. In June 2010 the Museum of archaeology became a part of the Republican state enterprise "Gylym ordasy".

The Museum has a rich Fund of unique collections and highly qualified specialists in the field of archaeology and museology. The basis of the Museum was the archaeological collection from many year-old excavations. Among them there are unique, with a global value, materials from the excavations of burial mounds from the Bronze Age collection, referring to the period of Saks and Usuns, findings from ceramics, glass, coins from the excavations of the Medieval cities of Otrar, Taraz, Turkestan, Talgar.

**Keywords:** Revitalization, interpretation, imitation, a living museum, live exposure

**ЖАЛПЫ ТАРИХ**  
**ВСЕОБЩАЯ ИСТОРИЯ**

**CAUSES AND CONSEQUENCES OF THE ARAB REVOLUTIONS OF RECENT TIMES.**  
**THE CAUSES OF REVOLUTIONS:FACTORS AND CONTEXTS**

*Azimbay Gali – the Doctor of Historical Sciences,*

*Chouaib Bencheikh Lehocine – Algeria In the Arab world there was an accumulation of negative dictatorial and authoritarian regimes. Dictatorial and authoritarian regimes ruled without the democratic will of the people and the intelligentsia. Thus, some of the decisions of authoritarian and dictatorial regimes were unpopular among the population*

A reduction in the standard of living and social stagnation situation. In all countries experienced a decline in living standards. The same social situation in Libya, Tunisia, worse in Egypt. Complaints Egyptian protesters were focused on legal and political issues, including police brutality, state of emergency laws [1], as well as the lack of free elections and freedom of speech. Corruption and economic issues including high unemployment, inflation, food prices and low wages. The main demands of the protesters had put an end to the regime of Hosni Mubarak, the emergency law, freedom, non-military government justice. They are demanded and talked about the good governance of the resources of Egypt. Unions strike added pressure on government officials [2]. The situation in Tunisia was a little better, people were less to be pitied, and they began serial Arab revolutions. However, two things seem clear. First, that the economic stability and progress can not replace the need for fundamental freedoms. While the rise in food prices and high unemployment in the countryside caused by the first protests. Simmering tension over the years of political repression, which threw this longing to the streets [3]. They demanded and talked about the good management of resources in Egypt. Unions strike put additional pressure on government officials [2]. The situation in Tunisia was a little better, people were less to be pitied, and they began a series of Arab revolutions. However, two things seem clear. Firstly, economic stability and progress can not replace the need for fundamental freedoms. While the rise in food prices and high unemployment in rural areas, were provoked first protests. Simmering tension over the years of political repression, which splashed a desire to protest in the streets [3].

This situation has created a wide contrast between good education, high demand for democracy and the practice of the government (the perception of corruption, political system was based on democracy). Estimated Libyan citizens, 13% were unemployed. More than 16% of households did not have any of their members who receive a steady income, while 43.3% - had only one member. Despite having one of the highest unemployment rates in the region, there was a shortage of labor: more than a million migrant workers present on the market. These migrants have formed the bulk of the refugees fleeing Libya after the outbreak of hostilities. Despite this, Libya Human Development Index in 2010, the highest in Africa, and even more than that of Saudi Arabia. Libya had a good social security system. Libya provides access to free education, free medical care and financial assistance for housing, while it was difficult to provide free access to fresh water in most parts of the country. The worst economic conditions in the eastern part of the state, in the breadbasket of the ancient world, where Gaddafi extracted oil. Improving housing and provides access to free fresh water. Obsolescence of infrastructure caused by emissions of waste waters in Benghazi, and untreated sewage worsened the environment [4]. Decline in economic development, the new elite of the country could not protect them from the cyclical crises.

Newspaper Express Tribune with the newspaper International Herald Tribune: The situation worsened corruption in Arab countries [5]. Is aging ideological myths and stereotypes and media ideology - the national version of the socialist market structures. Refresh the concept of nationalism and religious revival. The majority of respondents in Egypt, Tunisia and Yemen responded to the question: Assess the level of corruption - has increased in the past two years, the study found, in Egypt 64 percent said that corruption has worsened the situation; in Tunisia, 80 percent. The exception was Libya, where only 46 percent said that the country has become more corrupt. In Egypt, 78 percent of respondents said that the police are corrupt or very corrupt. The share accounted for 65 percent of corrupt judges and 45 per cent for the military. Military - one of the most respected institutions in the country, they overthrew President - Islamist Mohamed Morsi, sparking a wave of protests.

The militarization of foreign and domestic policy and the growth of the military burden on national budgets. The Middle East is the most militarized region in the world, with the title of most weapons sales there. In fact, the US has put more weapons to the region than any other region in the world. In 2007, the Bush administration



announced an unprecedented deal worth 20 weapons, at least a billion dollars in sales to Saudi Arabia and five other oil-rich countries of the Persian Gulf: Bahrain, Kuwait, Oman, Qatar and the United Arab Emirates. In addition, the United States provides a large amount of cash assistance in the Middle East, particularly Israel, to put weapons and provide security. Much has been written in many newspapers around the world. US militarization of the cause of the Middle East. SeemaLuthra on arms sales and military expenditures United States in the Greater Middle East, writes: Military budgets in the Greater Middle East and Saudi Arabia - 48531, 16446, Turkey, Israel, 16446, Pakistan - 6282, Iraq, 5845 (Billions of dollars) [6].

"Population explosion" and the consequences of overpopulation. In Arab countries, population growth rate of 2.5% per year. Virtually every Arab country, more than 4 out of 10 residents are young people 15 years and younger. Pakistan is the fastest growing non-Arab countries of Asia, there is a doubling of the population every 24 years. Striking differences in European countries a high proportion of Indians, Pakistanis, Bengalis and their Exposure to extreme demographic potential [7]. Main reason for overcrowding is the "population explosion" and too rapid population growth. As a result, they have a problem for the budget. They have to spend a lot of money on medical care of people for schools, as well as to employ young people.

Factors order.

1. The collapse of the Soviet Union and the loss of influence and Russia wants to renew its influence in the former Soviet Union.

2. The formation of a unipolar world and the consequences of the growing influence of the European Union, NATO and individual countries.

3. The collapse of the Soviet Union. Putin's Russia has become a mini-empire. The collapse of the local conditions, such as Yugoslavia, Georgia and Iraq Saddam.

4. The emergence of a new superpower China and its success.

5. The rising price of oil, gas and new price reduction, the beginning of the new geopolitical "games and war."

Factors internal political purposes.

1. The negative impact of rising prices for oil and gas on the world economic situation and the country. Discovery and development of shale oil and gas - the revolutionary events. Falling prices for oil and gas, and uranium.

2. The aggravation of inter-ethnic and inter-religious relations in developing countries. In the future, we can observe the collapse and fragmentation in Syria and Iran, as well as the creation of "Great Azerbaijan", and we'll see a split of India and the creation of new nation-states. Kurdish separatism would create the nation-state.

3. The deterioration of relations between the two countries over territorial issues. Firstly, China will have problems with the deterioration of relations between the neighboring countries over territorial issues. This also applies to relations with Russia, India and Vietnam.

4. "population explosion" and its consequences. The sharp increase in the urban population and impoverishment of the population. The increase in the urban homeless and unemployed. Increase and urbanization constitute a large agglomeration, and the growth of social discontent. The first reason is the high impoverishment of the population of Cairo due to overpopulation. In Cairo, 17 million people [8].

At dawn you can see firsthand the urban poor, occupied Cairo, residents of the city and suburban residents are on asphalt. Including Coptic cemetery, good heat and Neil nearby. No shower soap and costs about one-fifth of the urban population. Thus, the first cause of the revolution in Egypt impoverished population of large cities, they detonators revolution. Migration and urbanization - it causes permanent.

The urban poor are given by young people aged 15 to 30 years. Throughout the world, young people are a little controlled, uncontrolled youth in Cairo. They are concerned about a very different and very different from their parents in Egypt, and from peers around the world. Because they are concerned not so much sex, and extreme poverty and humiliation. Social humiliation - this is the reason of the spontaneous mood of the masses. Social humiliation of young people the most - a risky form of provocation. Included anger and further Commission, and motor skills. Then comes the a short path of insight, and then exit to the street - "a universal enlightenment". There comes the anger and courage. Muslim politeness goes and gives way to anger. They finally realized that the police and arbitrary reflects the attitude of the government to the citizens of the country. Then the question arises why there are no free elections and why there is no freedom of speech. Why corruption has become a national disaster for them and became the main occupation of the dictator. Instantly disappeared social constraints of society and the concept of class solidarity and national unity with the ruling class. The overthrow of Hosni Mubarak, not the regime announced a revolution. In Egypt, a very small middle class city. This is bad. In Egypt, not much elite and nomenclature created from the class of colonels (not the generals and senior officers). It has a healthy forces. And that's good [1]

5. The sharp increase in the level of education. The eradication of illiteracy and the expansion of mass urban educated class.

6. Changes in the ratio of the influence of Islamism and nationalism. The retreat of nationalism and Islamism.

The consequences of the Arab revolutions of recent times. Results and implications:

The acquisition of political and social experience of mass demonstrations of urban population.

1. Using the latest political and Internet technologies in the political struggle.

2. Effect of foreign legal entities of a unipolar world (France and the UK) on the dynamics of the political process after the collapse of the Soviet Union.

3. The emergence of the phenomenon of multi-revolutions and coups. Each stage- is solving specific problems of each stage.

4. The rise to power and attempts to hold on to power Islamist parties and movements. The secularization of political movements. They give up too Islamic requirements for liberal and soft Islamic norms of political life.

5. Assessment of the religious situation in Kazakhstan over the next decade and beyond. We expect that the slow but mild process of Islamization in Kazakhstan. Gradual exodus of people from non-Kazakhs in Kazakhstan. The increase in the absolute number of Kazakhs, Uzbeks, Turks, Azeris, of which the Muslim majority. Soft Islamization process will slow the expansion of the Islamic cultural component in the domestic sphere. Muslim factor is how:

1) the absolute growth of the Muslim clergy who continue to be recruited from the lower social strata, and the further structuring of Islamic clerical circles and their sympathizers;

2) we will see the development of certain elite circles and pro-government religious establishment, and "Muslim dissidents," the official mosque and disaffected Muslim clerics and their supporters and customers. We will see the Muslim clergy in prisons and their activity;

3) traditional Islamic tradition will change in the direction of the adaptation of the universal representation and creation of a global Islam. Painful concessions in order to eliminate the use of horse meat;

4) we will see an increase in social and moral control of Islamic militants over the media intelligentsia;

5) on the other side of the Muslim community, they will not mind, but we will have a tacit approval of their actions. Some discontent intelligentsia, liberal politicians, artists under Islamic rule and regulation of private and public life will not cause sympathy from the public;

6) increase the influence of politicians from the religious populists. For most politicians will place mandatory social and religious behavior: going to the mosque donations. Becomes noticeable impact on the election campaign.

For 7-10 years we will see increasing role of mosques and clergy in Kazakhstan. At the last stage of this process, it will come to the peak of his popularity. During this period, will be the accumulation of negative events in the mosque: corruption, extreme manifestation of the episodes, and excessive accumulation of property in the higher officials of the clergy. This will cause a lively discussion in the community and the mosque will lose some of its popularity among the people. The adverse effects of political activity of spiritual movements that try themselves in politics. Increase secular relations. We can not judge the degree of saturation of the intensity of this process. We can observe the process of Islamization ended. Islamic institutions stabilize at a new, higher stage level. Perhaps there will be several divisions of Islam in Kazakhstan. The result of this process is that the Kazakh society will be able to keep time on the liberal pro-Western orientation of society. The slow progress of Islam update Kazakh traditional Islam and institutions based on new interpretations of Islam [9].

Maybe in the next decade we will witness the increasing role of fundamental interpretation of Islam. It will be obvious to update funeral traditions, for example, if the Kazakhs were buried on the third day after his death, is now practiced burial on the second day after his death, in the long run will be buried on the day of death, without waiting for the arrival of the next of kin. Kazakh Islam will take a universal form, and in the next decade will be one of the key identifiers Kazakhs and Kazakhstan will play an integral role as the Kazakh language in Kazakhstan.

Causes of the Algerian stability during the "Arab spring"

Social poverty, social humiliation, human freedoms, corruption, dictatorship, are the main causes that made the Arab people revolt on their governments. Even for the first elected government in Egypt after the revolution, its failure to enhance the social conditions and the standard of living was an ultimate cause to lose its supporters. Algeria shares some of the drawbacks of the Arab states which had revolutions; however, it avoided the Arab spring. I would like to introduce some of the causes that made Algeria avoid it. This would be presented from my point of view as an Algerian young citizen. Hopefully, this would make my comment more fruitful. Concerning the social conditions, actually since 2008 there was a raise of all public sectors' wages that led to a higher standard

of living. For human freedoms, the basic freedoms and liberties are respected; particularly the freedom of speech is largely exercised. However this is the case for the written media, for the visual media there used to be a law that bans the opening of TV channels, but that has been outlawed recently (2011).

For the type of the regime, actually most Algerian people believe that the military has a hand in the government, whether that is true or not, our regime can't be considered a tyranny.

Some of the analysts, when analyzed the Algerian case they considered the past 1990s civil war as the main cause that made the Algerian people reluctant to rebel against the government. It's true that the psychological effect of that civil war is still alive in the heart of the Algerians; the wound hasn't been healed yet. However, I have no doubt that if this people wasn't a little satisfied by what was done by the government, if its conditions were not good, he would have definitely stand to get the regime down.

I would say that the government played a role to avoid the crisis. However that doesn't mean that it has done enough, I believe that we could achieve a much better position if this country was ruled better.

1 Gali A. *Revolution in Egypt*. *erkin Eurasia.com* 2.08.2013; Azimbay Gali, *Asif Hussain Demographic and migratory phenomena of Kazakhstan and Pakistan (problem analysis)* – Әлемдік заманауи білім беру кеңістігі: үрдістері және келешегі атты ғылыми тәжірибелік конференция материалдары. 26 сәуір 2013 жыл, - Алматы, 2013, - 270-279 бб.

2 [en.wikipedia.org/wiki/Egyptian\\_Revolution\\_of\\_2011](http://en.wikipedia.org/wiki/Egyptian_Revolution_of_2011).

3 [foreignpolicyblogs.com/2011/01/17/a-jasmine-revolution-for-tunisia/](http://foreignpolicyblogs.com/2011/01/17/a-jasmine-revolution-for-tunisia/).

4 [en.wikipedia.org/wiki/Libyan\\_civil\\_war](http://en.wikipedia.org/wiki/Libyan_civil_war).

5 [tribune.com.pk](http://tribune.com.pk) By Reuters Published: July 9, 2013.

6 [forusa.org](http://forusa.org). JULY 09, 2013.

7 [koenraadst.bharatvani.org/books/demogislam/part3.html](http://koenraadst.bharatvani.org/books/demogislam/part3.html) The Muslim birth rate. Muslim fertility.

8 [counterpunch.org/](http://counterpunch.org/) Not a Crisis or a Coup. The People's Revolution in Egypt by NAWAL EL SAADAWI. Cairo.

9 *erkin Eurasia.com* Azimbay GALI. *Revolution in Egypt*. *erkin Eurasia.com* 2.08.2013; Azimbay GALI. *Rating confessional and ethnic situations in Kazakhstan over the next decade and after*. 23.08.2013.

#### Түйін

Қос автор алжирлік пен қазақстандық араб мемлекеттеріндегі келеңсіздіктерді талдап олардың маңызды себептері ретінде демографиялық тез өсу – деп атап отыр. Сол сияқты коррупцияның, әсіре әскерилердің күшейуі, әскери шығындардың дендеуі, - ол да негативті әсер береді дейді қос автор.

**Тірек сөздер:** ағылшын және араб тілді сайттар, төңкеріс себептері

#### Резюме

На основе материалов арабоязычных и англоязычных сайтов и газет авторы пытались анализировать причины стагнации арабских стран и причины революций и переворотов. По мнению авторов, демографические проблемы и перенаселение и проблемы крупнейших городов особенно очевидны и являются важнейшими причинами этих беспорядков и революций. Авторы алжирец и казах, анализируя ситуацию в арабских странах, отмечают, что в Алжире и в Казахстане эти противоречия менее очевидно прослеживаются и появляется возможность предотвратить их.

**Ключевые слова:** арабоязычный и англоязычные сайты, причины революций

УДК: 930(73) «20»: 94 (560)

### **XVIII-XIX ҒҒ. ОСМАН ИМПЕРИЯСЫ МЕН РЕСЕЙ АРАСЫНДАҒЫ КАВКАЗ ТЕРРИТОРИЯЛАРЫ ҮШІН БОЛҒАН САЯСИ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРТЫСТАРДЫҢ РЕСЕЙ ТАРИХНАМАСЫНДА ЗЕРТТЕЛУІ (1991-2013)**

**Н.М. Абдукадыров – ал-Фараби атындағы ҚазҰУ-ның 3 курс PhD докторанты**

Мақалада, тәуелсіздік жылдары мен ХХІ ғасырдың басында Ресей тарихнамасында, XVIII-XIX ғғ. Осман империясы мен Ресейдің Кавказда саяси және экономикалық бақталастыққа түсуінің зерттелу деңгейі қарастырылады. XVIII-XIX ғғ. Осман империясы мен Ресей арасындағы сыртқы саясатта түйіскен аймақтардың бірі Кавказ территориялары болды. XVIII ғ. басында, бүкіләлемдік отарлау процесінде, Ресей империясы Кавказ территорияларына еніп, мұнда Осман империясының басты саяси бақталасына айналды. Бұл мәселелер бойынша ХХ ғ. 90-жылдары мен ХХІ ғ. басында Ресейде бірқатар зерттеулер жүргізілді. Бірқатар ғылыми еңбектер жарыққа шықты және көптеген ғылыми тұжырымдар жасалды. Мақалада, ресейлік тарихшылар мен османтанушылардың аталған тақырыптар бойынша зерттеу жұмыстары мен ғылыми тұжырымдарын тарихнамалық талдау жасалынады. Сонымен қатар, Кавказ халықтырының Осман империясы мен Ресей арасындағы қатынастардың дамуы қосқан үлесі мен тежелуіне әсер етуі туралы зерттеулерге баса назар аударылады.

**Тірек сөздер:** Осман империясы, Ресей империясы, тарихнама, геосаясат, экономика, Кавказ, Кавказ халықтары

XVIII ғ. басында империя дәрежесіне көтерілген Ресей, өзінің империялық саясатын одан әрі қарай жалғастыру мақсатында көрші елдердің территорияларына ене бастады. Осы мақсатпен, Ресей империясы осы кезде Еуропада ықпалынан қол үзе бастаған Осман империясының Кавказдағы территорияларына көз тікті. Уақыт өте ішкі-сыртқы саясатта дағдарысқа ұшырай бастаған Осман мемлекеті де, өзінің сыртқы саясаттағы белсенділігін қолда ұстап тұру мақсатында, Кавказдағы территорияларын қорғап қана қоймай, одан әрі қарай терең енуді көздеді. Осылайша, Осман империясы мен Ресей империясы арасында геосаяси жоспарларға байланысты ұзаққа созылған саяси тартыстар орын алған.

Екі империя арасында орын алған мұндай геосаяси мәселелер тақырыбында, Ресейде тәуелсіздік жылдары мен 2000 жылдардың басында көптеген зерттеу жұмыстары жүргізілді. Ресей тарихшылары үшін бұл тақырып төңірегінде зерттеу жұмыстарының қолға алынуы біріншіден, екі империяның саяси және экономикалық қатынастарын зерттеуден туындаса, екіншіден отан тарихын зерттеу аясында туындады. Өйткені, 1991 жылы Кеңес Одағы ыдыраған соң, барлық мемлекеттер өз тарихын зерттеуге кіріскен тұста ресейлік тарихшылар да Ресейдің ішкі және сыртқы саяси тарихын кең көлемді зерттеуді қолға алды. Өйткені, кеңестік кезеңде Ресей империясының сыртқы саясатының тарихын зерттеуге және оның Кавказ халықтарын күштеп бағындыруы мен бұл жолда Осман империясымен бақталастыққа түсуі туралы зерттеу жұмыстары кеңестік идеологияның әсерінен өте аз жүргізілді. Тіпті, Осман империясы мен Ресейдің Кавказ территорияларында саяси бәсекеге түсуі мен Кавказдағы халықтардың ұлт-азаттық көтерілістері туралы тақырыпта ғылыми мәселелерді көтерудің өзі қиын болды. Сондықтан да, тәуелсіздік жылдарында бұл тақырып, Ресей тарихнамасындағы өзекті тақырыптардың бірі болды. Ресейде аталған тақырып бойынша университет ғалымдары мен Ресей Ғылым академиясының тарихшы-ғалымдары шұғылданды. Сонымен қатар, бұл тақырыпты зерттеуде, Ресей федерациясының Кавказдағы автономиялық республикалары мен облыстарындағы ЖОО ғалымдары үлкен үлес қосты. Олар негізінен өз ұлтының тарихын зерттей отырып, соның негізінде Осман империясы мен Ресей империясының аймақтағы ықпалын көрсеткен, сондай-ақ, екі империяның саяси және экономикалық тартыстары жайлы мәселе көтерген.

Ең алдымен, XVIII-XIX ғ.ғ. Осман империясы мен Ресей арасындағы Кавказ территориялары үшін болған саяси тартыстар мен оның нәтижелері туралы арнайы тақырып ретінде жүргізілген зерттеу жұмысына тоқталып өтсек, бұл мәселе бойынша бірқатар зерттеу жұмыстары жүргізілген. XX ғасырдың 90 жылдарында Ресейде, XVIII ғасырдың басында Осман империясы мен Ресей арасындағы Кавказ мәселелері бойынша көлемді зерттеу жұмыстарын жүргізген және аталған тақырып бойынша зерттеу жұмыстарында түрлі ғылыми мәселелер көтерген ресейлік зерттеушілердің бірі Ю.В.Приймак [1]болды. Зерттеуші өзінің кандидаттық зерттеу жұмысында XVIII ғ.соңы мен XIX ғ.басында Осман империясының Солтүстік-Батыс Кавказдағы әскери-әкімшілік саясатын көрсетіп, ондағы халықтардың әлеуметтік ахуалы туралы зерттеген. Зерттеуші, бұл аудандардағы халықтардың шаруашылық өміріне баса назар аударып, онда осман үкіметінің мемлекеттік басқару әдістерін көрсетеді. Сонымен қатар, бұл аймақтарда Осман империясы мен Ресейдің саяси-экономикалық бақталастыққа түсуін және соның нәтижесінде туындаған орыс-түрік соғыстарын ашып жазады.

Аталған тақырып төңірегінде Ресейде ғылыми-зерттеу жұмыстарын түрік тарихшысы Х.Чапраз көптеп жүргізді [2]. Х.Чапра зерттеу жұмысында XIX ғасырдың I жартысында Осман империясы мен Ресей империясының Батыс Кавказдағы сыртқы саясатын қарастырады. Онда негізінен Батыс Кавказдағы орыс-түрік бақталастығы мен екі мемлекет арасындағы геосаяси және экономикалық тартыстардың орын алуын зерттеген. Империялар арасында саяси және экономикалық дау тудырған аймақ ретінде қазіргі Грузия территориясын көрсетіп, онда осы кезеңде Кахетия, Картлия, Имеретия Гурия сынды княздіктер мен олардың территориялары империялар арасында үлкен саяси және экономикалық дау тудырғанын тұжырымдайды. Бұл мәселелердің 1806-1812 жылдары болған орыс-түрік соғысы барысында да қыза түсіп, соғыс аяқталғаннан кейін Ресей өзінің батыс Грузиядағы билігін нығайтуына баға береді. Автор осы аталған факторларға талдау жасай отырып, Грузияның Ресей империясының құрамына өту процесін түсіндіреді.

Аталып отырған тақырып, ресейлік тарихшы К.М. Мартиросяның [3] кандидаттық зерттеу жұмысында бірқатар мәселелер көтерілген. Зерттеуші негізінен XVIII ғ. соңы мен XIX ғ. басында Солтүстік-Батыс Кавказдың сыртқы саяси жағдайы туралы зерттей отырып, Солтүстік-Батыс Кавказ халықтарының әлеуметтік-экономикалық ахуалын басты назарда ұстаған. Сонымен қатар, мұндағы елдер мен халықтардың сыртқы жағдайына Ресей мен Осман империясының әсері көрсетіліп, соның негізінде екі империя арасындағы геосаяси мәселелер де қарастырылған. Аталған империялардың арасында бұл аудандар үшін орын алған саяси тартыстар мен жанжалдардың күшеюін және 1806-1812 жж орыс-түрік соғыстарының

бұл аймақтардағы қатынастарға әсерін талдай отырып, сондай-ақ, 1828-1829 жж орыс-түрік соғысынан кейін Солтүстік-Батыс Кавказ территорияларының Ресейге қосылуы туралы бірқатар маңызды факторларды атап өтеді. Зерттеу жұмысының маңызды ерекшелігі, мұнда зерттеуші екі империяның Кавказ территорияларындағы тартыстарын осы аталған орыс-түрік соғысындағы саяси факторлармен түсіндіреді.

Осман империясы мен Ресейдің арасындағы Кавказдағы сыртқы саяси және экономикалық бақталастығын И.А. Сотниченко зерттеді [4]. Зерттеуші өзінің кандидаттық зерттеу жұмысында XVIII-XIX ғ.ғ. Солтүстік Кавказда Осман империясы мен Ресей арасындағы саяси жанжалдар туралы зерделейді. Зерттеу жұмысындағы негізгі мәселе Ресейдің оңтүстікке қарай жылжи отырып, Таяу Шығысқа жақындауын және Жерорта теңізіне шығу сияқты геостратегиялық жоспарларын көрсетуге арналған. Сонымен қатар, Ресейдің бұл жоспарларына қарсы шыға отырып, Солтүстік және Батыс Кавказ территориялары үшін жүргізген соғыстарына ғылыми талдау жасалған. Зерттеуші өз жұмысында Кавказдың Ресей мен Осман империясының арасында үнемі жалғасып отыратын жанжал алаңына айналды дей отырып, бұл жанжалға Осман империясын кінәлі етіп көрсеткісі келіп, субъективизмге жол берген. Оның себебін Кавказ халықтарының басым бөлігі мұсылман және түркі халықтары болғандықтан, оларды Осман империясының айдауына көніп отырған деп көрсетеді. Зерттеуші өз жұмысында Кавказдағы түркі-мұсылман халықтарының, түркі-мұсылман мемлекеті болған Осман империясына көшіп келуін процестерін де қарастыра отырып, оның басты себептерін пантүркизм және панисламизм идеяларымен түсіндіргісі келеді. Алайда, Кавказ халықтарына Ресейдің империялық саясатын негізінде көрсетілген саяси қысымдардың бұл көшке өз септігін тигізгені жайлы ескерілмеген.

90-жылдар мен ХХІ ғасырдың басында Ресейде Осман империясы мен Ресей арасындағы Кавказдағы сыртқы саяси және экономикалық қатынастар мен сыртқы саяси тартыстар туралы, отан тарихымен айналысушы ресейлік ғалымдардың еңбектерінде де қарастырылды. Олар Осман империясы мен Ресей арасындағы қатынастарды арнайы тақырып ретінде қарастырмастан, тек аталған хронологиядағы Ресейдің Кавказдағы сыртқы саясатын зерттеп, соның ішінде Ресейдің Осман империясымен қатынастарына тоқталып өткен. Аталған мәселе бойынша тәуелсіздік жылдары Ресейде С.К. Пчегатлук [5] кандидаттық зерттеу жұмысын жүргізді. Зерттеушінің ғылыми жұмысында ХІХ ғасырда Ресейдің сыртқы саясаттағы экономикалық әрекеттері қарастырылады. Мұнда Ресейдің Солтүстік-Батыс Кавказ халықтарымен сыртқы сауда қатынастарын жүргізіп, кейіннен сауда қатынастарына Осман империясының кедергі болуы қамтылған. Автор, мұның себебін, осы кезеңде Осман империясының да бұл аймақтарда сауда қатынастарын жүргізгенімен түсіндіреді. Ресейдің Осман империясымен Кавказ территорияларында саяси тартысқа түсуі туралы ғылыми тұжырымдар А.В. Землянскийдің [6] ғылыми жұмысында кездеседі. Зерттеуші өзінің ғылыми-зерттеу жұмысын ХVІІІ ғ. 30-90 жылдары Ресей империясының Кавказдағы сыртқы саясатына арнап, онда негізінен Ресейдің Кавказ территорияларын отарлау саясатын зерттеген. Осы тұста зерттеуші өз жұмысында, аз көлемде болса да Ресейдің Кавказда Осман империясымен сыртқы байланыстарының жағымды және келеңсіз тұстарына объективті тұрғыда тоқталып өткен. Мұнда екі империя арасындағы саяси тартыстардың себептерін жан-жақты қамтыған. Сондай-ақ, Ресей империясының Кавказдағы сыртқы саясаты мен отарлау әрекеттері Ю.Ю. Клычниковтың [7] ғылыми-зерттеу жұмысында да талдауға түскен. Зерттеу жұмысында басты талқыға түскен мәселе, ХІХ ғ. 20-40 жылдары Ресейдің Солтүстік Кавказ территорияларына сауда-экономикалық байланыстар жасау арқылы енуі мен бұл жолда оған Осман империясының және Англия мен Иранның қарсылық көрсетуі болды. Алайда, мұндай кедергілерге қарамастан, Ресейдің Кавказ территорияларына сауда-экономикалық байланыстар арқылы еніп, көптеген саяси тартыстардан соң, оларды өзіне қосып алуы, зерттеу жұмысындағы ең өзекті мәселелердің бірі ретінде көрсетілген. Зерттеушінің, бұл уақытта Ресей империясы мен Солтүстік Кавказ халықтары арасындағы әлеуметтік-экономикалық байланыстарға мән беруінің басты маңыздылығы, бұл қатынастар Солтүстік Кавказ халықтарын Ресейге өз еркімен тартылуына себеп болған. Бұл себепті түрлі деректермен дәлелдей отырып, нақты тұжырым жасаған. Сонымен бірге Ресейдің Кавказ территорияларына ене отырып, онда Осман империясымен бәсекеге түсуін Ресей тарихшысы А.Н. Рябиков зерттеді [8]. А.Н. Рябиков өз тақырыбының өзектілігін ХІХ ғ. Ресейдің Кавказдағы әскери және дипломатиялық мәселелеріне арнайды. Тақырыптың өзектілігін ашу бырысында зерттеуші аталған кезеңде Ресей мен Осман империясының арасындағы Кавказ территориялары үшін саяси мәселелеріне тоқталады. Бұл мәселелерге тоқтала отырып, зерттеуші Ресей империясының Кавказдағы әскери тарихына тереңдеу енеді. Сонымен қатар, Кавказ территорияларының біраз бөлігінің Осман империясы мен Иранның Ресейге өтуінде тарихи процестерді нақты сарапқа салмай, субъективизмге жол берген.

XVIII-XIX ғғ. Кавказ территорияларында Осман империясы мен Ресейдің саяси-экономикалық бәсекелестікке түсуін тәуелсіздік жылдарымен екінші мыңжылдықтың алғашқы жылдарында Ресей Федерация-

сындағы Дағыстан, Шешенстан, Черкесия, Ноғай елі, Адыгей сияқты автономиялы республикалар мен облыстардың тарихшылары да зерттеулер жүргізген. Олар ең алдымен өз республикасының тарихын зерттеуге мән беріп, соның негізінде Кавказда Осман империясы мен Ресей империясының сауда-экономикалық тартысқа түскендігін зерттеген. Жеке ғылыми зерттеу мен авторлық зерттеулер нәтижесінде аталған автономиялардың ЖОО-да Ресей мен Осман империясының Кавказдағы саясаты бойынша кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалды. Біріккен зерттеу жұмыстары жарыққа шықты. Кандидаттық және докторлық зерттеу жұмыстарын зерттеуде бірқатар тарихшылар, Ресей мен Осман империясының жалпы Кавказдағы тартыстары туралы немесе оның жеке аймақтарындағы бәсекелестіктер туралы ғылыми мәселелерді (Солтүстік, Батыс Кавказ т.б.) арнайы тақырып ретінде алған болса, кейбір тарихшылар мұнда өмір сүріп отырған халықтар мен мемлекеттердің, атап айтсақ, Дағыстан, Ноғай елі, Черкесия, Шешенстан деп арнайы территориялық негіздерді басты ғылыми нысанға алып отырды.

XVIII-XIX ғғ. Осман империясы мен Ресей арасындағы Кавказдағы саяси қатынастар мен Кавказ территориялары үшін туындаған саяси және сауда-экономикалық мәселелер туралы кандидаттық ғылыми-зерттеу жүргізген Н.А. Саламова [9] болып, зерттеуші өз зерттеу жұмысында аталған тақырып бойынша бірқатар ғылыми мәселелерді көтерді. Тарихшы зерттеу жұмысында 1722-1783 жылдар аралығында Ресейдің Кавказ бен Қырым территорияларына ену процесіне талдау жасаған. Сондай-ақ, I Петр тұсындағы Ресейдің Кавказдағы саясатын нақты көрсеткен. Зерттеу жұмысы барысында I Петрдің Осман империясымен соғысудың қажеті жоқ екендігін ашық зерделеген. Өйткені, расында да I Петр 1711 жылы Прут соғысында Осман империясынан ауыр жеңіліске ұшырағаннан кейін онымен соғысуды біраз уақытқа қажетсіз деп тапқан. Алайда, Швециямен болған Солтүстік соғысынан кейінгі жеңістен жігерленген I Петр, XVIII ғ. 20 жылдары Осман империясының Кавказ бен Қырымдағы территорияларына көз тіге бастағаны жайлы зерттеуші нақты тұжырымдар жасаған. Аталған аймақтарда Осман империясы мен Ресей империясының саяси және сауда-экономикалық бақталастыққа түскенін көрсету зерттеушінің ең негізгі объектілерінің бірі болып табылған. Сонымен бірге, Осман империясы мен Ресей империяларының Кавказда саяси және экономикалық бәсекеге түсуі туралы Э.Г. Джахияеваның [10] докторлық зерттеу жұмысында зерттелген. Зерттеу жұмысы аталған мәселелер бойынша жарияланған ең көлемді зерттеу жұмыстарының қатарына жатқызылады. Зерттеуші өз ғылыми-зерттеу жұмысының басты объектісі ретінде Осман империясы мен Ресей және Иран арасында Кавказ территориялары үшін жасалған келісімшарттардың себептері, барысы мен нәтижелеріне сондай-ақ тарихи маңыздылығын алған. Зерттеу жұмысында, 1774 жылғы Кучук-Кайнаржа келісімінен бастап, 1812 жылғы Бухарест бітіміне дейін жасалған келісімшарттардың саяси маңыздылықтары ашылып, сондай-ақ, бұл келісімшарттардың тарихи құқықтық аспектілерін ашып көрсеткен. Келесі кезекте, Осман империясы, Ресей және Иран мемлекеттерінің Кавказда саяси тартысқа түскені туралы У.М. Алиеваның [11] ғылыми-зерттеу жұмысынан көре аламыз. Автор өзінің кандидаттық жұмысында негізінен Солтүстік Кавказ территорияларының осы мемлекеттер арасында тартысқа түсуін және бұл аудандардағы халықтардың тағдыры туралы тың тұжырымдар жасаған. Зерттеушінің еңбегінің басқа авторлардан ерекшелігі ол XVIII ғасырдың соңғы ширегі мен XIX ғасырдың алғашқы ширегінде Солтүстік Кавказдың аталған державалар арасында таласқа түскеніне тоқтала отырып, бұл аудандардағы халықтардың әлеуметтік-экономикалық ахуалына және бұл аудандарда орыс-түрік қатынастарының негізгі бағыттарын айқындайды. Бұл уақытта орыс-түрік қатынастарының қандай деңгейде екендігін көрсете отырып, тарихшы екі империяның геосаяси жоспарларына жеке-жеке ғылыми тұжырым жасайды.

Осман империясы мен Ресейдің геосаяси мақсаттарға байланысты Кавказда түйісуін көлемді зерттеген ғалымдардың бірі Н.А. Сотавов [12] болды. Ғалым, өз зерттеу жұмыстарын XVIII ғасырда Осман империясы, Ресей және Иранның Солтүстік Кавказдағы саясатына арнайды. Өз зерттеу жұмыстарын кеңестік кезеңде жүргізіп бастаған ол 1991 жылы осы тақырыпқа арналған монографиясын жариялады. Сонымен бірге, осы тақырыпқа қатысты бірқатар ғылыми мақалалары да жарияланған. Автор өз зерттеу жұмыстарында аталған тақырыптың тарихнамалық мәселелеріне және деректанулық негіздеріне кеңінен тоқталған. Аталған мемлекеттердің Солтүстік Кавказ территориялары үшін болған саяси тартыстарына жеке-жеке тоқталып, олардың арасында Дағыстан территорияларына баса назар аударған. Сонымен бірге, Осман империясы мен Ресей арасындағы геосаяси мәселелер туралы зерттеу жұмыстарын Н.А. Сотавовтың ұлы Х.Н. Сотавовжалғастырды [13]. Х.Н. Сотавов та әкесінің жолын жалғастырып, өз зерттеу жұмыстарын Осман империясы мен Ресей және Иран арасындағы Кавказда Дағыстан территориялары үшін болған саяси тартыстарды зерттеуге арнады. Зерттеуші, Дағыстан территориясының I Петрдің тұсында осы аталған үш мемлекеттің арасындағы геосаяси мәселеге айналғанын көрсетеді. Зерттеу жұмысы, негізінен XVIII ғ. алғашқы ширегінде Дағыстан территориясы үшін орын алған геосаяси мәселе-

лерді зерттеуге арналып, онда Осман империясы мен Ресей арасындағы келіссөздер мен 1724 жылғы Стамбул келісімі туралы да тұжырымдар жасалған. Зерттеу жұмысында 1735-1739 жжорыс-түрік соғысының негізгі себептері ретінде екі мемлекет арасында Дағыстан территориялары үшін болған тартыстар да көрсетіледі. Х.Н. Сотавовтың бұл жұмысы Ресей мен Осман империясы арасындағы Кавказ үшін болған саяси тартыстары жайлы жазылған ең көлемді жұмыстардың бірі болды. Сондай-ақ, екі империяның Кавказда, оның ішінде қазіргі Дағыстан жері үшін болған саяси тартыстары туралы Р.М. Касумовтың [14] зерттеу жұмысында жақсы көрініс тапқан. Зерттеуші өзінің докторлық диссертациясында 1723-1813 жж аралығында Кавказ және Дағыстан территориялары үшін шекаралас державалардың саяси тартысқа түсуін көрсеткен. Ғалым өз жұмысында Осман империясы мен Ресейдің Кавказ және Дағыстан территориялары үшін таласқа түсуі мен оған Иранның да араласуына кеңінен тоқталады. Зерттеу жұмысында Ресейдің империалистік саясатына баса мән берілген. Ал, мұның себебін Ресейдің Кавказдағы басқыншылық әрекеттерімен дәлелдейді. Сонымен бірге Осман империясының да мұнан қалыс қалмай, Кавказ территорияларына енуді көрсетіп, бірқатар ғылыми тұжырымдар жасайды. Соның негізінде, бұл зерттеу жұмысы, Ресей мен Осман империясының Дағыстан территориялары үшін тартысқа түсуін зерделеген ең көлемді жұмыстардың бірі болды. Сонымен қатар, Осман империясы мен Ресей империясының Дағыстан территорияларында саяси бақталастыққа түсуіне Б.Б. Ханарсланова [15] өзінің кандидаттық зерттеу жұмысын арнады. Зерттеуші өз жұмысында 1722-1735 жылдар аралығында Дағыстан мен Ширван аймағында Осман империясы мен Ресей және Иранның саяси тартысқа түсуі мен оның нәтижелерін көрсетеді. Мұнда негізінен бірқатар саяси мәселелер қамтылып, оның нақты себептері мен барысы және салдары анықталған. Үш державаның Кавказда түйісуінің негізгі себептерін көрсетуде аймақтағы діни факторлар да себеп болғанын дәлелдейді. 1724 жылғы Стамбул келісімі мен нәтижелеріне талдау жасалынады. Ресей империясы мен Осман империясының арасында Дағыстан территориясы үшін туындаған геосаяси мәселелерге арнап кандидаттық зерттеу жұмысын жүргізген ресейлік тарихшылардың бірі И.И. Ибрагимова [16] болды. Зерттеуші өз жұмысында XVIII ғ. соңы мен XIX ғ. басында Осман империясы мен Ресей арасындағы саяси тартыстар мен оның себептеріне, барысына және нәтижелеріне талдау жасайды. Бұл уақытта Ресейдің Кавказда ықпалының өскендігін көрсете отырып, оның Осман империясына қыр көрсетуіне ғылыми талдау жасайды. Сонымен қатар, зерттеу жұмысында Дағыстан халықтарының да өз еркіндігі мен тәуелсіздік қалауы туралы тұжырымдар ұсынылған. Зерттеу жұмысында негізінен үш мемлекеттің сыртқы саясатына мән беріледі. Олар: Осман империясы, Ресей және Иран болды. Ресей мен Осман империясы арасындағы Дағыстан территориясындағы саяси және сауда қатынастарының бірде жанданып, бірде тоқтап қалу себептеріне баса мән берген. Сонымен бірге Осман империясының экономикалық жағдайының нашарлап, оның Дағыстанда ықпалының азаюына да тоқталған.

Ресей мен Осман империясы үшін Солтүстік Кавказ, оның ішінде Дағыстан территориялары үшін орын алған саяси тартыстар туралы мәселелер жекелеген зерттеушілердің де еңбектерінде көтерілді. Олардың ішінде ең негізгілері ретінде алып қарасақ, В.С. Бобылевтің, М.Р. Гасановтың, Е.И. Иноземцеваның, М.И. Абдуллаеваның, В.О. Бобровниковтың және А.А. Алимирзаеваның [17] зерттеу жұмыстары бұған дәлел бола алады. Аталған зерттеушілер, өз зерттеу жұмыстарын Осман империясы мен Ресей арасындағы Солтүстік Кавказ бен Дағыстан территорияларында түйісуі туралы арнайы тақырып ретінде алып зерттегенімен, олар бұл мәселелер туралы өз зерттеу жұмыстарында жақсы көтере білген. Бұл жұмыстардың қатарында ресейлік зерттеуші Н.А. Магомедовтың [18] еңбектерін де атауға болады. Зерттеуші өз жұмысында Дағыстан халықтарының әлеуметтік-экономикалық ахуалы мен саяси тарихын зерттей отырып, оған Ресей мен Осман империясының әсер етуін басты назарда ұстаған. Жеке зерттеуші ретінде танылған Н.А. Магомедов өзінің Дағыстан тарихына қатысты зерттеу жұмыстарында Осман империясы мен Ресейдің Кавказдағы саяси тартыстары мен түрлі салалар бойынша байланыстарын зерделейді.

XVIII ғасырда Кавказ территорияларының Осман империясы мен Ресей арасындағы саяси қатынастарға негіз болғаны туралы Т.И. Гациеваның [19] да кандидаттық зерттеу жұмысында да көлемді орын ала білді. Зерттеуші өз жұмысының басты бағытын XVIII ғасырдың басында Осман империясы мен Ресей және Иран мемлекеттерінің арасындағы қатынастардың дамуы мен құлдырауына Солтүстік Кавказ территорияларының ролін көрсетуге арнаған. Оның ішінде, Осман империясы мен Ресей арасында Дағыстан мен Шешенстан территориялары арқылы сауда-экономикалық байланыстардың дамуы мен өз кезегінде сыртқы саяси факторлардың әсерінен халықаралық тартыстар орын алып отырғаны көрсетіледі. Дағыстандықтар мен шешендердің 1724 жылғы Стамбул келісімінің жасалуына қызмет еткені жұмыстың негізгі жаңалықтарының бірі болып табылады. Екі империя арасында орын алған сауда-экономикалық және саяси қатынастардың Шешенстан мен Дағыстанның әлеуметтік-экономикалық ахуалына әсер етуі туралы нақты тұжырым жасалған. Зерттеу жұмысының басты міндеттерінің бірі дағыстандықтардың тарихымен

От Верхнего Салтова на расстоянии от 12 до 40 км были найдены городища с роменским культурным слоем, означающий юго-восточный рубеж восточнославянского мира. Культурный слой восточных славян в салтовской культуре были обнаружены среди населения Верхнего Салтова, где исследовано 18 жилищ. Это: углубленные сооружения квадратно-прямоугольной формы, каркасно-столбовые и срубные конструкции стен, глиняные сводчатые печи низ которых вырезан в материке или в материковом останце. Также влияние роменской культуры на салтовскую, можно увидеть на примере наличия открытых очагов на глиняных останцах, ясно свидетельствующие переход от кочевнического обогревательного устройства к новому славянизированному [4].

Жилища содержали славянскую черту: двускатную круша, врезанная в угол сводчатая печь, сооруженная на материковом останце, а также яма-ниша, которая входила в общую площадь жилища. Такие ямы являются одной из характерных черт славянских археологических культур Днепроовского Лесостепного левобережья начиная с киевской и до волынцевской.

Исследования в поселениях Верхний Салтов, говорят о многообразии этнических памятников, в составе которых и роменская. К примеру, в городище Мохнач были найдены 3 жилища, вместившие в себя салтовские и славянские слои. Роменская культура подтверждается находками печи-каменки, сложенную на глиняном растворе и лепные сосуды, изготовленные из грубо шамотированного теста; салтовомаяцкая: открытый очаг, обложенный камнем или обмазанный и горшки с традиционным горизонтально прочерченным орнаментом. В жилищах были обнаружены лесные пряслица и пряслица из амфор, салтовские сосуды и кусочки гончарных роменских сосудов. Данные находки в Мохначе, по мнению археологов, свидетельствуют о взаимодействии культур, сосуществовании и сотрудничестве Хазарского каганата и северян [4].

Параллельно с продолжением сбора материала на Салтовском могильнике, проводились исследования на Дону в Приазовье, в Прикубанье, на отрогах Кавказа в Дагестане, на Тамаском полуострове, в Крыму, на Левобережье Днепра и западном Поднесторье. Касательно исследуемой проблемы, важно уделить внимание исследованиям в лесостепной и степной части бассейна Дона и Северного Донца. Данная территория была славяно-хазарским пограничьем, контактной зоной оседлого и полукочевого населения. Исследованием археологических материалов по этногенезу салтовской культуры Подонья занимались М.И. Артамонов, Н.Я. Мерлерга, С.А. Плетнева, Г.Е. Афанасьева. Исследователям удалось узнать принадлежность памятников салтовской культуры лесостепного Подонья алано-болгарским племенам.

Сухогомольшанский могильник принадлежат к числу наиболее изученных захоронений салтовской культуры верховьев Северского Донца, здесь археологами исследовано 317 захоронений по обряду кремации. Согласно выводам исследователей средневековья В.В. Седова и Г.Е. Афанасьева, салтовские поселенцы столкнулись в лесостепи с большим массивом Пеньковского (славянского) населения, вследствие чего происходила инфильтрация славян в салтовскую среду. В результате и появляются салтовские могильники типа Сухой Гомольши с обрядом трупосожжения. Большое количество исследованных на могильниках погребений указывает на относительную длительность их существования. Так, Сухогомольшанский могильник, по данным исследовавшего его В.К. Михеева, в целом существовал со второй половины VIII по начало X в., хотя отдельные территориальные группы захоронений датируются

более коротким временем. Исследования археологами могильника позволили им сделать вывод, что Сухогомольшанская община характеризовалась большой степенью обособленности, замкнутости, закрытости, что косвенно и подтверждается антропологическими данными. То, что Сухогомольшанский могильник находится рядом с городищем, окруженным несколькими крупными селищами, указывает на достаточно значительную роль всего комплекса для окружающего населения [5].

Обнаруженные в Подонье памятники, могильники с захоронениями в катакомбах по обряду трупоположения относят к аланским племенам. Наиболее полно данный тип погребального обряда исследован на Верхне-Салтовском, Дмитриевском, Маяцком и ряде других могильниках. К иному типу погребального обряда относятся трупоположения в грунтовых ямах. Исследование таких погребений на Нетайловском, Волоконовском, Дмитриевском и Бакалейском могильниках убедительно доказывает принадлежность этой группы памятников праболгарским племенам. В этом же районе также найдены памятники, интерпретация принадлежности которых является спорной. Здесь встречались захоронения по обряду трупосожжения с остатками кремации в ямах. Одним из них является могильник в с. Новая Покровка в Харьковской области. Он был исследован И.Ф. Левицким, и Ю.В. Кухаренко. Последнему удалось обнаружить 6 погребений с трупосожжениями и два комплекса вещей, содержавшие предметы вооружения и снаряжения коня. Инвентарь данного могильника был связан с Новопокровским могильником, обнаруженный у с. Тополи. Могильник содержал предметы вооружения, предметы быта, снаряжения коня.

В 1973-1982 гг. у с. Сухая Гомольша в Харьковской области, археологическая экспедиция, проводимая под руководством В.К. Михеева, были обнаружены могильники с погребениями по обряду трупосожжения. В с. Пятницкое Чугуевского р-на Харьковской области в 1977 году были раскопаны поселение и могильник на песчаных дюнах в пойме р. Большая Бабка. Установлено, что погребения совершались по обряду трупосожжения. Останки были сложены в ямки круглой формы. Инвентарь погребений был аналогичен первым двум перечисленным выше могильникам. В.К. Михеев здесь же исследовал 6 погребений и 3 захоронения по обряду трупосожжения и погребения коня. В с. Кочеток был выявлен комплекс вещей всадника-война. Комплекс содержал топор-чекан, 13 наконечников стрел, удила, серп, железную фибулу [6].

В 1984 г около с. Красная Горка был исследован могильник, на котором было раскопано 121 погребений по обряду трупосожжения и 189 - по обряду трупоположения. У с. Вербовка в урочище Лысый Горб экспедицией под руководством С.В. Воловика было выявлено несколько погребений по обряду трупосожжения, содержащих погребальный инвентарь салтовского типа. По определению этнической принадлежности данных типов могильников были предложены следующие варианты: 1) тюркский; 2) угорский; 3) иранский; 4) славянский. Наиболее правдивой для ученых оказался славянский вариант, так как обряд кремации славянами применялся до принятия христианства, в доказательство этому является Пеньковская культура в среде бассейне Северного Донца [6].

Для салтовских погребений характерны помимо трупосожжения и наличие оружейного инвентаря, но археологи убеждены, что славянские погребения не содержат оружия. О.М. Приходнюк, опираясь на сведения Маврикия о том что, "любой (среди славян и антов) вооружен двумя небольшими копьями" выявил что, славянские воины VI-VII вв. - это пехотинцы.

Захоронения могильника Сухая Гомольша по инвентарю схожи с погребениями по обряду трупосожжения из Прикубанских могильников. Их объединяет преобладание ямных погребений над урновыми, форма и размеры региональных ям, состав погребального инвентаря, в котором значительное место занимают предметы вооружения (сабли, боевые топоры-чеканы, пиковидные наконечники копий) и конского снаряжения (удила, стремяна, кольчатые соединители ремней сбруи), наличие в погребениях складных серпов, больших железных пинцетов, фибул с завитком на конце приемника и фибул-кресал, принадлежностей для костра (котлов, шампуров, вилок для доставания мяса из котла). При этом, инвентарь обеих групп погребений имеет типологическую близость. Так, однотипными в обеих группах являются пламевидные наконечники копий, некоторые типы наконечников стрел, коньковые шумящие подвески, сережки булавовидной формы, украшенные зернью, железные фибулы. Для обеих групп погребений характерен обряд преднамеренного повреждения оружия, наличие на вещах следов пребывания их в огне погребального костра [7]. Это является доказательством этнического родства населения, общей материальной культуры и способа ведения хозяйства. Многообразие погребальных обрядов, свидетельствует о комплексной этнокультурной структуре общин Сухого Гомольша. Такое разнообразие захоронений также присуще черняховской культуре.

Сожжения славян юга Восточной Европы, отраженные в пражской, корчакской, колочинской, пеньковской, волынцевской культуре и славянские кремации VIII-IX вв. с территории Подунавья имеет и

общие схожести и различия. Различия выражены в: 1) славянские кремации находились в ямах круглой формы, диаметром 0,3-0,4м, в могильниках Сухой Гомольши преобладают захоронения в ямах вытянутых очертаний и рядом находился комплекс с предметами вооружения и конского снаряжения; 2) в захоронениях славянских сожжений Подунавья найдены пережженные человеческие кости, в Сухой Гомольше такие случаи встречались редко; 3) отсутствие в погребениях керамики; 4) в сухогомольшанских погребениях встречаются кремации в сосуде с перевернутым вверх дном [6].

Таким образом, эти различия рассматриваются как факт того, что часть захоронений Сухой Гомольши принадлежат потомкам пеньковского и колочинского населения. Также в кремациях данного района присутствуют археологические культуры степных и лесостепных районов Восточной Европы: пеньковской, колочинской, волынцевской, тюркской.

В.К. Михеев [8], по найденным коньковым шумящим подвескам и захоронениям в ямах с ориентацией север-юг в погребениях Сухого Гомыльша, установил о присутствии представительниц угорского этноса. О найденных в погребениях конских начальниках, железных прогнутых фибул с завитком на конце приемника, исследователи отмечают их принадлежность к сармато-аланскому населению Юго-Восточной Европы. О принадлежности части сухогомольшанских погребений тюркской среде свидетельствуют находки захоронений с «тайничками», кремации в ямах с направлением восток-запад, предметы вооружения и конские снаряжения и некоторые предметы быта.

Таким образом, исследователи пришли к выводу, что погребения в Сухого Гомыльша делятся на два типа: 1) могильники с преобладанием представителей местного этнически неоднородного элемента: славяно-иранцы, славяно-балты и потомки тюрко-угорско-иранской среды; 2) с преобладанием численности пришлого компонента.

Второй тип могильников показывает большую включенность в экономическую и политическую структуру Хазарского каганата, чем первая, явно занимающая подчиненное положение, группа. Причиной образования смешанной родоплеменной единицы на территории Сухогомольшанского могильника, является разгром Великой Булгарии хазарами и завоеванием района между Доном и Днепром. Население Сухого Гомыльша вместе с алано-булгарами являлись буферной зоной между Хазарским государством и народами Восточной Европы. Проводя политику Хазарского каганата, войны сухогомольшанской общины, вместе с воинами алано-болгарских общин бассейна Северского Донца, совершают походы за данью к покоренным соседним земледельческим племенам (полянам, северянам, вятичам), участвуют в товарообмене с народами Прикамья (буртасами), земли которых были богаты разнообразными мехами [6].

Утверждение о контактах славян и жителей каганата проявились и в появлении на Пеньковских селищах юртообразных сооружений, собственно найденные в поселке Богатое, Чернечина, Осиповка на р. Орель. Сооружение из Осиповки прост по интерьеру. Сооружение овальной формы, углублено было в материк на 0,1 м. На полу были найдены куски глины и посередине пола было темное пятно очага. Этот факт отмечал еще И. И. Ляпушкин в статье «Памятники салтово-маяцкой культуры в бассейне р. Дона», где был высказан тезис, согласно которому присутствие в салтовских полуземлянках открытых очагов является их основным отличием от славянских жилищ, отапливавшихся глинобитными и каменными печами. Среди салтовских захоронений аналогичные находки были на Правобережном Цимлянском селище. Находки юртообразных сооружений кочевников на территории расселения земледельцев - славян говорит о наличии разноэтнических элементов.

Еще один район, представляющий археологическую ценность для исследуемой проблемы - Степное Подонье. Здесь обнаружен могильник у Чернецкого оврага близ хутора Зливки, откуда и название комплекса «зливский». В данном районе выявлены 450 погребений Салтово-Маяцкой культуры и более 40 могильников [9]. Находки отопительного сооружения, керамики и тандыров в данном регионе свидетельствуют о расселении в среде праболгар народов Кавказа, Закавказья и Азии. О наличии праболгарской традиции свидетельствуют лепные и подправленные горшки кухонного типа, емкости тарного назначения, столовая мощная посуда. Расселение ираноязычного этноса фиксируются захоронениями катакомбного вида. Археологи разделили погребения Степного Подонья на три вида: 1) погребения с языческими традициями; 2) погребения с исламскими обрядами; 3) погребения со смешанными обрядами.

По сравнению с погребениями Среднего Дона и Среднего Донца, захоронения лесостепного Подонья скудны военными снаряжениями, и даже отсутствуют военные укрепления. Факт отражается и на постройках, которые представлены в виде хозяйственно-бытовых, ремесленных жилищ и сакральными сооружениями.

По этому поводу, пришли к выводу, что данная территория была обычным селищем, зависящая от хазарской власти. Население не имело оборонительных сооружений, ни военных снаряжений и не могло защитить себя, в случае наступления врага.

По вышерассмотренным археологическим исследованиям контактов населения салтово-маяцкой культуры со славянами, убедились о мирных взаимоотношениях и сотрудничестве между ними. Собственно, выраженной во взаимообмене навыками в хозяйственной деятельности, домостроительстве и в этнокультурных процессах.

А.З. Винникову, между славянами и алано-болгарами установились исключительно дружеские отношения, которые носили форму торговых контактов, а также проявлялись во взаимном обогащении отдельными производственными навыками [10].

О наличии торговых отношений между славянами и населением Салтово-маяцкой культуры говорят находки украшений. В Титчихинском городище, в памятниках на р. Воронеж были найдены перстни, бронзовые подвески-амулет, в виде креста в круге, т.е. солнечный амулет символ Тенгри, бронзовые бубенчики, копоушка коромыслообразного типа с петлей посередине, черные стеклянные браслеты с Саркела. Массовое расселение славян территории Подонья происходило в период обозначения границ северо-западной Хазарии и с самого начала между народами установились дружеские отношения. У донских славян появились новые формы керамических изделий: горшки яйцевидной формы из теста с орнаментом, сосуды с шаровидным туловом, кувшины. Появились полуземляночные жилища и глинобитные печи.

Ученый-археолог А.А. Тортика в своем труде «Северо-Западная Хазария в контексте истории Восточной Европы во второй половине VI I- третья четверть X вв. » рассмотрел контакты славян и хазар в контексте торговых отношений.

О существовании торгового пути проходящий через территорию Хазарский каганата, впервые предложил П.Г. Любомиров. Исследователь на основе пяти кладов восточных монет, обнаруженных в бассейне Дона, выявил существование торгового пути, который бы вел из Хазарского каганата по Дону и Северному Донцу к левобережным притокам Днепра, Пслу и Сейму, на Десну, затем на Днепр и в Киев, и после по Днепру на север, в Западную Европу. И.И. Ляпушкин [11] на основе археологических исследований Днепро-Донского междуречья, предполагал, что население салтово-маяцкой культуры содействовало торговле славян. Об этом свидетельствовали скопление монетных находок конца VIII – начала IX в. на территории степного и особенно лесостепного вариантов СМК: в Ростовской и Воронежской областях, на Правобережном Цимлянском городище, в Верхнем Салтове, на Донецком городище. По этому же пути, на Балтику транзитом через Кавказ доставлялись многочисленные виды каменных и стеклянных бус из Сирии и Ближнего Востока. Область наибольшей концентрации этих бус в Восточной Европе – Северо-Западный Кавказ, Крым и СМК. Бусы были желтые, посеребренные, голубые, зеленые, черные. Из Подонья бусы расходились по двум направлениям. Во-первых, через Волго-Донское междуречье на Среднюю Волгу и в Прикамье. Второе направление – на правобережье Днепра и оттуда на южный берег Балтики. Прослеживается и связь жителей верховий Северского Донца с Византией, по крайней мере с крымскими ее провинциями: со второй половины VIII в. в лесостепи появляется крымский импорт – кувшины-ойнохой, но в первой половине IX в. поступление кувшинов в этот район прекращается [11].

Таким образом, были рассмотрены основные археологические материалы, свидетельствовавшие о хазаро-славянском дружеском взаимоотношении. Были установлено, что славянские традиции оказали влияние на салтово-маяцкую культуру, прежде всего на сооружения и быт. И в роменской культуре встречались элементы салтово-маяцкой культуры: техника готовки кухонных сосудов, отопительных сооружений. Поддержка торговли на Волжском пути хазарами, также свидетельствует о заинтересованности развития взаимоотношений двух культур. Хотя археологический материал по Хазарии очень сложен и противоречив, однозначной интерпретации на данном этапе не поддается. Исследование хазаро-славянских отношений не теряет актуальности.

1 Афанасьев Г.Е. *Население лесостепной зоны бассейна среднего Дона в VIII-X вв. (аланский вариант салтово-маяцкой культуры). Археологические открытия на новостройках. Вып.2. - М., 1987.*

2 Свистун Г.Е. *Фортификация городища Верхний Салтов. [Электронный ресурс]: <http://www.repin.in.ua/ru/articles/ge-svistun-fortifikaciya-gorodishcha-verhniy-saltov> (дата обращения: 03.0.2015).*

3 Хоружая М.В. *Исследования Верхне-Салтовского археологического комплекса: проблемы и перспективы. [Электронный ресурс]: <http://museum.kh.ua/docs/publications/229.pdf> (дата обращения: 03.03.2015).*

4 Колода В.В., Горбаненко С.А. *Сельское хозяйство носителей салтовской культуры в лесостепной зоне. [Электронный ресурс]: <http://www.hagahan-lib.ru/library/selskoe-hozyaistvo-nositelev-saltovskoy-kulturu.html> (дата обращения: 3.03.2015).*

5 Михеев В.К. *Северо-западная окраина Хазарии в свете новых археологических открытий. // Хазарский альманах. Т.3. - Киев-Харьков, 2004. - С. 74-93.*

6 Аксенов В.С., Михеев В.К. Население хазарского каганата в памятниках истории и культуры. «Сухогомольшанский могильник VIII-X вв.» // Хазарский альманах. Т.5. - Киев-Харьков, 2006.

7 Михеев В.К. Погребальный обряд Красногорского могильника салтово-маяцкой культуры. – Казань, 1990.

8 Михеев В.К., Десярь. Раскопки Сухогомольшанского могильника. - М., 1973.

9 Михеев В.К. Коньковые подвески из могильника Сухая Гомольша. - М., 1982.

10 Винников А.З., Афанасьев Г.Е. 1991. Культурные комплексы Маяцкого селища. - Воронеж.

11 Ляпушкин И.И. 1958. Памятники салтово-маяцкой культуры в бассейне р. Дон. МИА. – №62. – М., Д958. – С. 85-150.

### Түйіндеме

Мақалада, бас археологиялық қазбалар негізінде, славян мен хазар халқының қарым-қатынастары анықталды. Авторлар салтов-маяцтық мәдениеттің және славян халқының бейбіт қатынасын дәлелдейтін археологиялық айғақтарын қарады. Алынған мәліметтерді саралап, мәдениетті ауыс-түйістің, сауда қатынастың дамуы болғаны деген тұжырымға келген. Археологиялық зерттеумен айналысқан және археологиялық мәліметтермен жұмыс істеген ғалымдардың еңбектері ерекше, олар И.П. Ляпушкин, С.А. Плетнева, В.К. Михеев, О.М. Приходнюк. Раскопки Верхнего Салтова, Сухой Гомыльши, Лысый Горб и Красная Горка аймағындағы қазбалар, салто-маяцтық және ромен мәдениеттердің өзара әсер тигенін көрсетеді. Айтылған үдеріс құрылыс техникасы, еңбек құрал саймандар жасалуы мен жерлеу рәсімінде білінеді.

**Тірек сөздер:** хазарлар, славяндар, қарым-қатынас, Верхний Салтов, Сухогомыльштық там, археологиялық зерттеу

### Summary

In the article, on the basis of these archaeological excavations, the mutual relations of slavs and khazars were ratified. Authors considered archaeological proofs of peaceful relations of population saltov-maytsk culture and slavs. Analysing the information, send to the conclusion about existence of cultural trade-out between populations, development of trade relations. The row of labours is distinguished on archaeological researches, in their number labours of such visible scientists as, I.P. Laypushkin, S.A. Pletneva, V.K. Miheev, O.M. Prihodnuk. Excavations of Verhnii Saltov, Suhay Gomilsha, Lisii Gorb and Krasnay Gorka testify to mutual influence of saltov-maytsk and romensk culture, shown in the technique of building, making of tools and funeral.

**Keywords:** khazars, slavs, relationship, the Verhnii Saltov, Suhogomilshansk cemetery, archaeological research

ӘОЖ 327 (52+73)

## ЖАПОНИЯ МЕН ҚЫТАЙ АРАСЫНДАҒЫ ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

**Р.О. Садықова** – т.ғ.к., дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының доценті,  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Бұл мақала тарихи контекстіндегі Қытай мен Жапонияның Сенкаку аралдарына қатысты территориялық мәселе-сіне арналған. Автор ресейлік зерттеушілердің ұсынған қақтығыстану бойынша кезеңдік бөлінісіне сәйкес Сенкаку аралдарына қатысты екі мемлекеттің арасындағы даудың негізгі кезеңдерін, оның географиялық маңыздылығы мен басты факторларын қарастырады.

Сенкаку аралдары бүгінгі уақытқа дейін Жапония мен Қытай үшін маңыздылығын жоғалтпай келеді. Екі мемлекеттің арасындағы қақтығыс ХХ ғ. 60 жж. аяғы мен 70 жж. басында БҰҰ-ның Азия және Қиыр Шығыс бойынша экономикалық комиссияның жүргізген зерттеулері жарияланған уақытта пайда болды. Ұйымның жасаған мәлімдемесіне сәйкес Шығыс-Қытай теңізінде Сенкаку аралдарының маңындағы материктік аймақтағы әлемдегі ең бай мұнай кең орны бар деп анықталды.

Осындай қорытындыдан кейін екі мемлекеттің Сенкаку аралдарының қай мемлекетке тиесілігіне қатысты даулары басталды. Бұл аумақ қазір Жапонияға тиесілі болғанымен, Қытай мен Тайвань өз талаптарын күшейтіп отыр. Тараптар мәселенің шешілуін кейінгі қалдыруға тырысуда.

**Тірек сөздер:** территориялық проблемалар, қақтығыс, Сенкаку аралдары, қақтығыстану

Қазіргі таңдағы халықаралық қатынастарда қақтығыстарды зерттеу аса маңызды. Себебі мемлекетаралық деңгейдегі қақтығыстарды зерттеу арқылы өз мемлекетімізде осы деңгейдегі қақтығыстарды болдырмау жолдарын қарастыруда аса маңызды болмақ. Қақтығыстарды теориялық тұрғыдан зерттеуге деген ұмтылыстардың ежелгі кезеңде-ақ көрініс тапқандығын байқауымызға болады. Фукидид, Эпикур, Гераклит сияқты ежелгі заман философтары өз еңбектерінде қақтығысты қоғамдық өмірдің бір бөлігі ретінде қарастырған болатын. Ал қайта өрлеу кезеңінде әлеуметтік қақтығыстарға қатысты сыни пікірлер айтыла бастады. Т.Мор, Э.Роттердамский, Ф.Рагле сияқты ойшылдар әлеуметтік қақтығысты сынға ала отырып, әлеуметтік тәртіпсіздіктердің материалдық, психологиялық және саяси алғышарттарын болдыр-

мау жолдарын ұсынды. Кейінгі кезеңдерде, яғни XVIII-ғасырда, Д.Пристли, Ш.Монтескье мен Ж.Ж. Руссо сияқты ағылшын демократтары мен француз ағартушылары әскери қақтығыстар мен зорлық-пен жаулап алушылықты өткір сынға алды. Олар қақтығыстарды «тағылықтың» қалдығы деп қарастырды және феодалдық бастауларды жою арқылы ғана «мәңгілік бейбітшілікті» орнатуға болады деп есептеді. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңде қақтығыстарды теориялық тұрғыда зерттеу зор маңызға ие болды. Кеннет Уолцтың, Роберт Кохэннің, Стивен Краспердің еңбектерінде халықаралық қатынастардың өзгеруіне байланысты жаңа сипатқа ие болған неореализм, неолиберализм секілді парадигмалардың негізіндегі қағидаларға сай теориялық талдаулар жүргізілді.

Бүгінгі таңда да халықаралық қақтығыстар түсінігі немесе қақтығыстардың жекелеген түрлеріне байланысты жазылған еңбектердің саны көп болып отыр. Сол себепті мақала авторы да Қытай мен Жапония арасындағы территориялық қақтығыстың мәнін түсіну мақсатында теориялық негіз ретінде соңғы жылдары жарық көрген басты үш еңбекке сүйенді. Атап өтер болсақ, бұл жұмысты жазуда батыс ғалымдары Гэри Гозрц пен Пол Ф. Дильдің «Территориялық өзгеріс және қарулы қақтығыс» [1], ресейлік ғалымдар А.Анцупов [2] пен Р.А. Сетовтың [3] еңбектеріне сүйенді.

Мақала авторының осы тақырыпты қарастырудағы мақсаты - Сенкаку аралдарына қатысты мәліметтерге сүйене отырып, Қытай мен Жапония арасындағы территориялық қақтығыстың пайда болу тарихы мен даму барысын зерттеу.

Қытай мен Жапония арасындағы Сенкаку аралдарына қатысты дауда, ең әуелі, осы аралдың жағрафиялық орналасуына аса үлкен мән берген дұрыс, себебі геосаяси тұрғыдан талдау жасауда бұл мәселе басты орында болмақ. Сенкаку немесе Дяюйдао аралдары кіші жанартаулық аралдар мен таулы биіктіктерден құралған. Аралдың барлық территориясы шамамен 7 шаршы километрді құрайды. Аралдың басым бөлігі 8 гектарлық аумақты құрайтын және оңтүстігінде Тайвань мен батысында Окинавамен шектесіп жатқан ірі арал - Уоцуридзиманың маңында топтасқан. Мұндай жағрафиялық мәліметтер осы қақтығыста жағрафиялық кеңістік факторының басты орынға ие болып отырғандығын дәлелдей түседі. Батыстық ғалымдар Пол.Ф. Диль мен Гэри Гозрцтің зерттеуі бойынша территорияның маңыздылығының критерийлерінің бірі - бұл даулы аумақтың екі мемлекетке де жақын болуында. Осы критерийге сай мемлекеттер шалғай жердегіден гөрі өз аумағына жақын жатқан территорияларды маңызды деп есептейді [1]. Ресейлік ғалым Р.А. Сетов та аймақтық жақындық немесе ортақ шекара түрінде мемлекеттердің жағрафиялық жақын орналасуы территориялық проблемаларды тудырады деген тоқтамға келген [3]. Сол себепті бұл көзқарасқа сай екі мемлекеттің Сенкаку аралдарына жақын орналасуы осы кеңістікке ие болу үшін басталған қақтығысқа ықпалын тигізіп отыр. Екіншіден - геосаяси тұрғыдан бұл аймақтағы табиғи байлық Қытай мен Жапонияның энергетикалық қажеттіліктерін өтеуге, сондай-ақ «алып Қытайдың» демографиялық мәселесін шешуде маңызы зор болмақ. Осы тұрғыдан қақтығыстың өзіндік ерекшелігін ресейлік автор Анцуповтың «Қақтығыстану» еңбегінің негізінде талдау жасар болсақ, Қытай мен Жапония арасындағы территориялық қақтығыстың белгілері төмендегідей:

Біріншіден - оның субъектілері мемлекеттер болып отыр, екіншіден - бұл қақтығыс негізінде қақтығысқа түсуші тараптардың ұлттық-мемлекеттік мүдделерінің сай келмеуі; үшіншіден - мұндай қақтығыс қақтығысқа қатысушы тараптардың сыртқы саясатының жалғасы болмақ, төртіншіден - осы қақтығыс аймақтық және ғаламдық деңгейде халықаралық қатынастарға әсер етуі мүмкін [2].

Жапония мен Қытай арасындағы Сенкаку аралдарына қатысты қақтығыс XX ғ. 60 жж. аяғы мен 70 жж. басында БҰҰ-ның Азия және Қиыр Шығыс бойынша экономикалық комиссияның жүргізген зерттеулері белгілі болған кезде туындады. Бұл комиссия Шығыс-Қытай теңізінде Сенкаку аралдарының маңындағы материктік аймақтағы әлемдегі ең бай мұнай кең орны бар деген қорытынды жасады. Сол кезеңнен бастап ҚХР мен Тайвань Сенкаку аралдарын бақылауда ұстап отырған Жапонияға өзінің территориялық талаптарын қоя бастады. Қытайлық тарап басты дәлел ретінде Сенкаку аралдары Қытайға Мин және Цин династияларының бақылауы кезеңінде-ақ тиесілі болғандығын және 1895 жылғы Мэйдзи үкіметінің заңсыз қосып алуына байланысты Сан-Франциско бейбіт келісім-шарттың баптарына сай Тайвань мен Пескадор аралдарымен қоса Қытайға қайтарылуы тиіс екендігін келтіруде.

Мұндай тарихқа негізделген дәлелдің мәнін түсіну үшін осы аралдардың атауының қай уақытта пайда болғанына назар аударған дұрыс болар. Дяюйдао немесе Сенкаку аралдары туралы алғашқы мәліметтер Рюкю аралдарына жіберілген Қытай елшілерінің жазбаларында кездеседі. Мин династиясының басқаруы кезеңінде (1368-1644 жж.) Қытай мен Рюкю аралдарының арасында елшілік қатынастар болған еді. Қытай провинциясы Фучжоудан Рюкю астанасы Нихаға жіберілетін кемелер келесі бағытты ұстанды: кемелер Тайвань аралдарын солтүстігінен айналып өтіп, Дяюйдао (Сенкаку) аралдары, Кумэ аралы жанынан жүзіп өтіп, Нахаға жеткен. Осылайша Сенкаку аралдары Наха мен Фучжоу арасындағы жүзуші кемелер-

дің маңызды бағыттаушысы болған. Окинава университетінің профессоры Мидорима Саказнің пікірінше, Сенкаку аралдары теңізде жүзушілерге XIV ғ. екінші жартысында-ақ белгілі болған. Көптеген жапон зерттеушілерінің пікірінше, Сенкаку аралдары ежелден Рюкю аралдарының тұрғындарына белгілі болған. Окинава аралында оны «Юкун-Кубашима» деп, ал басқа аралдарда «Игун-Кубашима» деп атаған. Юкун және Игун аралдары атауы Уоцури аралдары атауына ие, ал қазіргі күнге дейін сақталған Кубасима атауы Кобис аралдарына жатқызылған. «Юкун» жергілікті диалектіде «балық» дегенді, ал «Игун»-«найза немесе гарпун» дегенді білдіреді. Қазіргі кездегі аралдың «Уоцуридзима» атауы («балық жақсы ауланатын арал») осы атаулардан пайда болды. «Дяюйдао» атауының қытайлық үлгісі де осындай мағынаны білдіреді. Куба (Кобис) атауы аралда өсетін ағаштардың құрметіне қойылған. Сенкаку аралдарынан жақын жерде балық аулаушы Рюкюдің балықшылары оларға осындай атаулар берген [4].

1872 жылы Рюкю княздігі зорлықпен Жапония территориясына қосылды. Рюкюдің билеушісіне Токиода резиденция беріліп, ол елеулі қамтамасыз етілді. Қытай Рюкю аралдарын Жапония юрисдикциясында екендігін мойындаудан бас тартты. Қытайдың Рюкю аралдарын қосылуын мойындату үшін 1874 жылы Тайваньға қарай жазалау операциясы ұйымдастырылды. 1879 жылы бұрынғы Рюкю княздігі Окинава префектурасы мәртебесіне ие болды. Қытаймен бағныштылық қарым-қатынас толық үзілді. 1885 жылы 22 қыркүйекте Окинава губернаторы үкіметке Сенкаку аралдарында Жапония территориясы ретінде белгілейтін мұнараны салу ұсынысымен хат жіберді. Дәл осы жылы 21 қазанда губернатор ішкі істер министрлігінен жауап алды. Онда Сенкаку аралдары елсіз арал және ешкімнің де территориясы емес делінген, себебі Жапония Рюкю аралдарын өз территориясы деп есептеген Қытайдың ұстанымын ескере отырып, шешуші қадам жасай алмады. Қытай әлі де Рюкю княздігін өз аймағы деп есептеді, себебі олар бес жүз жыл бойы Қытайға алым-салық төлеген еді. Мұндай ұстаным Сенкаку аралдарының сол кезеңде территориялық өзгерістің түрі-мемлекетаралық ұсыну формасында болғандығын көрсетті. Ол қандай да бір мемлекеттің территориясы сол мемлекеттің отары ретінде есептелмей, басқа мемлекеттің де дәл сондай отары емес территориясына айналғандығын білдірді. XIX ғ. 70-80 жж. Сенкаку аралдары Жапонияның ресми географиялық карталарында кездесе бастады. 1884 жылы Сенкаку аралдарында жапондық кәсіпкер Кога Тацусиро бастаған балық аулаушылықпен, теңіз тасбақаларын аулаумен, т.б. айналысатын экспедиция болып қайтты. 1885 жылы жапондық кәсіпкер Кога Мэйдзи үкіметіне аралдарды жалға алу туралы ұсыныс жасады, бірақ бұл ұсыныс қабылданбады. Алғашқы аралды игерудің ұмтылыстары қатаң табиғи-климаттық жағдайлардың болуынан сәтсіз өтті. Окинава губернаторы Сенкаку аралдарының Жапонияға тиесілігін заңдастыру үшін шараларды қабылдау қажет деп есептеді, себебі аралдар маңында жапон балықшылары балық аулаумен айналысқан болатын. 1890 жылы 13 қаңтарда губернатор екінші хатты жіберді. Онда алғашқы хаттағы ұсыныспен қатар, Сенкаку аралдарын Яэяма уездіне қосу ұсынысы айтылған. Үкімет бұл ұсынысты қабылдамады. Алайда жапон үкіметі бұл аралдарды елсіз арал және ешкімнің территориясы емес деп есептей отырып, жапон балықшыларына Сенкаку аралдары маңында балық аулауға тыйым салмады. Өз тарапынан Қытай да жапон балықшыларының әрекеттеріне қатысты қарсылығын білдірген жоқ. Мэйдзи үкіметінің экспедициясы Сенкаку аралдарын зерттеп, оның Қытайға тиесілігіне байланысты ешбір мәліметтерді таппаған соң, Сенкаку аралдары туралы мәселені Жапония министрлер кабинетінің отырысының талқылауына ұсынды. 1895 жылы 14 қазанда министрлер кабинеті Окинава губернаторының ұсынысын қанағаттандыру және ресми түрде Уоцури мен Куба аралдарын (Сенкаку аралдары) Жапония территориясы деп жариялайтындығы туралы шешім қабылдады. Қытай бұл шешімнен бейхабар болды, шешім бір жақты құпия түрде қабылданды. Мұндай құжаттар тек 1950 жылдың наурызында ғана «Жапонияның сыртқы саясатының құжаттары» атты жинақта жарық көрді. Ресей авторы Федорова өзінің жапон-қытай қарым-қатынастарына қатысты мақаласында 1950 жылға дейін жапондық министрлер кабинетінің Сенкаку аралдарын 1895 жылы «елсіз арал» ретінде қосып алғандығы туралы басқа мемлекеттердің бейхабар болғандығын сенімділікпен айтады [5].

1895 жылы сәуірде «Сюмпанрода» бас қосқан жапондық өкілдер Ито Хиробуми мен Муцу Мунэмицу, қытайлық өкілдер - Ли Хун-чжан мен Ли Цзин-фан таңғы сағат 10:00-де Симоносеки бейбіт келісім-шартына қол қойды. Осы қол қойылған Симоносеки келісім-шартының 2-ші бабына сай Қытай Жапонияға мәңгілік иелікке ондағы бекіністері мен барлық мемлекеттік меншігімен қоса төменде көрсетілген территорияларды берді: Мукден провинциясының оңтүстік бөлігі, (беріліп отырған аймаққа Ляодун жартыаралының шығыс жағалауында орналасқан Мукден провинциясындағы аралдар да кіреді); толығымен Тайвань аралы мен онымен жанасып жатқан аралдар; Пенхуледао аралдары. Келісім-шарт мәтінінде Сенкаку атауы кездеспейді, алайда Қытай үкіметі екінші баптағы атап өтілген Тайваньмен жанасып жатқан аралдардың қатарына Сенкакудың да кіретіндігін мәлімдеп, екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жасалынған келісімдерге сәйкес бұл аралдың қайтарылуын көздеп отыр. Осылайша Симоносеки келісім-

шарты Қытай мен Жапонияның арасындағы жасалынған территорияларға қатысты алғашқы құжат деуімізге болады.

1896 жылы 5 наурызда императорлық жарғымен Сенкаку аралдарының әкімшілік мәртебесі анықталды. Уоцури мен Кобис аралдары Яэяма уездінің Исигаки аралдарындағы Тоносиро ауылының құрамына кіргізілді. 1885 жылы жапон үкіметі аралдарды ақысыз кәсіпкер Кога Тацусироға жалға берді. 1932 жылы Кога Сенкаку аралдарын сатып алды. 1895 жылдан екінші дүниежүзілік соғысқа дейін Қытай Сенкаку аралдарына ешбір талап қоймады. 1951 жылы Қытайдың қатысуынсыз өткен Сан-Франциско конференциясы өтті, ол АҚШ пен Англиямен Жапониямен жасалынатын бейбіт бітім шартқа ресми түрде қол қою мақсатымен ұйымдастырылды. Көптеген мүдделі мемлекеттер конференцияға шақырылмады немесе оған ағылшын-американдық келісім-шарттың жобасына қарсы болудың белгісі ретінде қатысудан бас тартты. Сан-Франциско келісім-шартының екінші бабына сай Жапония Формоза мен Пескадор, Парасель сияқты аралдарына қатысты барлық құқықтардан бас тартты. Келісімнің үшінші бабына сай Нансей архипелагы (Рюкю мен Дайто аралдарын қосқанда) және Нампо Сето, Парес Вела мен Маркус аралдары БҰҰ-ның қамқорлығына беру жүйесіне сай АҚШ-тың қарамағына өтті. Сенкаку аралдары туралы бұл бапта айтылмаған. Жапонияның ресми ұстанымы бойынша Сенкаку аралдары АҚШ-тың қол астына өтуіне байланысты 3 бап бойынша Тайвань мен Пескадор аралдарымен қоса Жапонияның құрамына өтуі тиіс [6].

Сан-Франциско келісімінен кейін Сенкаку аралдары Коганың меншігінде болғандықтан, АҚШ-тың әкімшілігі бұл аралды Когадан 1958 жылы әскери жаттығуларды жүргізу үшін жалға алуға мәжбүр болды. АҚШ әкімшілігі Рюкю үшін Когаға 5763 долларды жыл сайын төлеп отырды. 1963 жылы жалға төленетін төлем көлемі 10576 долларға көтерілді. Осылайша қақтығыс басталар алдындағы қалыптасқан жағдай осындай болған еді.

Ресейлік автор А.Анцуповтың «Қақтығыстану» еңбегіне сай қақтығысты төмендегідей кезеңдерге бөліп қарастыруға болады.

1. Жасырын кезең (қақтығысқа дейін қалыптасқан жағдай)

- а) проблемалық объективті бір жағдайдың қалыптасуы;
- б) объективті проблемалық жағдайды түсіну;
- в) қақтығыстық емес әдістермен объективті проблемалық жағдайды шешу;
- г) қақтығысты болдыратын жағдайдың болуы.

2. Ашық кезең:

- а) инцидент;
- б) шиеленісуі;
- в) шиеленістің аяқталуы.

Қытай мен Жапония арасындағы қақтығыстың жасырын кезеңі - 1968-1978 жылдар аралығы.

*Объективті проблемалық жағдайдың қалыптасуына ықпал еткен оқиға* - 1968 жылы БҰҰ-ның Азия және Қиыр Шығыс бойынша экономикалық комиссиясының Сенкаку аралдары маңында Шығыс Қытай теңізінің құрлықтық аймағында әлемдегі көмірсутек қорларының болуы мүмкіндігі туралы баяндаманы жариялауы еді. Осы хабардан кейін аралдың экономикалық тұрғыдан маңыздылығын бағамдай отырып, Қытай мен Тайвань өзіндік талаптар қоя бастады. 1969 жылы Тайвань кен орны оның территориялық суларында орналасқан деп мәлімдеді және Уоцури аралында мемлекеттік туды орнатты. 1971 жылы 30 желтоқсанда ҚХР-дың СІМ ресми түрде Мин және Цинь династиясынан бергі уақыттан бері Қытайдан баяғыдан бергі территориясы деп мәлімдеп, Сенкаку аралдарына өзінің мүдделестігін байқатты. Мұндай екі мемлекеттің талаптары Тайвань мен Қытайдың, сондай-ақ Жапонияның да қақтығысты зерттеудегі жасырын кезеңнің *объективті проблемалық жағдайды түсіну* сатысына жеткендігін дәлелдей түседі. 1971 жылы *объективті проблемалық жағдайды қақтығыстық емес әдістермен шешуге* қадам жасалынды. 1971 жылдың 17 маусымында Жапония мен АҚШ арасында Окинава аралдарын Жапонияға қайтару туралы шешім қабылданды. Келісімде Жапонияға қайтарылатын территориялардың қатарына Сенкаку аралдары да кіргізілген. 1972 жылы 15 мамырда АҚШ пен Жапонияның арасында жасалынған Рюкю аралдарын қайтару туралы келісімге сай Рюкю аралдары ресми түрде Жапонияға берілді. Қытай бұл келісімге қарсылығын білдіргенімен, 1978 жылға дейін екі мемлекет арасында аса ірі территориялық қақтығыстар болған жоқ. Бірақ Окинаваның Жапонияға қайтарылуынан бері жапон үкіметі бірнеше рет өзінің әскери теңіз күштерін қытайлық балықшыларды бұл аймақтан кетіру үшін жіберіп отырды. 1978 жылы ғана *қақтығысты болдыратын жағдай* қалыптасты. Сол кезеңде Қытай тұрғындарымен да, жапондық тұрғындар тарапымен да белгілі бір заңсыз әрекеттер жасалынған. Мәселен, Жапонияға келер болсақ, осы жылы Жапонияның Сейненша немесе жапондық жастардың Федерациясының оңшыл қанаттағы саяси тобы заңсыз түрде Жапонияның Сенкаку аралдарына қатысты талаптарын заңдастыру үшін



кемелердің жолын көрсетіп тұратын мұнараны (маякты) салды. Мұнараға «бірінші мұнара» атауы беріліп, сол жылдан бастап бұл топ жыл сайын оны тексеріп, батареясын толықтыру үшін барып тұрды.

Жапондық жастардың Федерациясы аса ұлтшылдық көзқарасты ұстанатын полиция мәліметтерінде және федерацияның мүшелерінің айтуынша 3000 мүшелік топ Якуза мафиясымен байланысы бар Кобаяши-кай тобымен тығыз қарым-қатынаста болып отырған ұйым. Сейненшаның мақсаттарының бірі - мұнаралар салу арқылы Жапонияның Сенкаку аралдарына қатысты талабын заңдастыру болды. Ал кейбір мәліметтерге көз салар болсақ, 12 сәуірде шамамен жүздеген қытайлық кемелер заңсыз түрде Сенкаку аралдары маңындағы Жапонияның территориялық су аймағына кірген. 14 сәуірде кемелер бұл аймақты тастап кетті. Осылайша жапондық жастар Федерациясы мен қытайлықтардың әрекеттері қақтығысты зерттеудің *ашық кезеңі* болды, себебі нақты осы екі топтың екі мемлекет арасындағы пайда болған алғашқы *инцидент* немесе қақтығыс еді. Сол уақытта Қытаймен бейбітшілік және достық туралы келісімге қол қою туралы келіссөздер жүргізіп жатқан жапондық үкімет ҚХР-нан аталған инцидентті түсіндіруді талап етті. Осы талапты қанағаттандыру мақсатымен 1978 жылы 15 сәуірде ҚХР-дың Мемлекеттік кеңесінің министрі Чжоу Эньлай бұл инцидент кездейсоқтық және Қытай үкіметінің бұл әрекетке ешбір қатыстылығы жоқ деп мәлімдеді. Нәтижесінде 1978 жылы бейбітшілік пен ынтымақтастық туралы жапон-қытайлық келісімге қол қойылды. Осы кездесуде Дян Сяопин Дяоюйдао немесе Сенкаку аралдарына иелік мәселесін кейінгі ұрпақтың талқылауына қалдыруды ұсынды.

*Қақтығыстың шиеленісі* 1990 жылдан басталып 2005 жылға дейін жалғасты. 1990 жапондық үкімет Сейненша тобына Сенкаку аралында 1978 жылы орнатқан мұнарасын қалпына келтіруге рұқсат беруге шешім қабылдады, бұл әрекетті сынға алған Тайваньдағы оппозициялық партиялар екі кемені онда жіберу мақсатымен ұйымдастырып, аралдарға қарай жіберді. 1995 жылы Шығыс Қытай теңізі аумағында қытайлық кемелер байқалды. 1996 жылы Жапония Сенкаку аралдарының жанындағы 200 мильдік аймақты немесе осы территория айналасындағы 370 километрлік аймақты өзінің айрықша экономикалық аймағы деп жариялады (Exclusive economic zone). Сол уақыттан бастап қытайлық мұнайды зерттеумен айналысатын кемелерінің осы аймаққа келуі әрекеттерін күшейе түсті. 1996 жылы жапондық жастар Федерациясының жаңа мұнараны салуы жапониялық топқа қарсы наразылықты, әсіресе, Тайвань мен Гонконгта тудырды. «Жалпықытайлық Дюоюйдао қорғаушыларының федерациясының» белсендігі арта түсті. 1996 жылы тайваньдық және гонконгтық топ Сенкаку аралдары маңында бірнеше қайықпен жүзіп барып, қарсылығын білдірді. 1997 жылы бойы Гонконг және Тайваньның қарсылық кемелері аралдарға жақын келуін жалғастыра берді. Қытайлық қарсылық білдірушілер 1998 жылы қыркүйекте жапондық жағалаудағы қарауылшылармен қақтығысып қалғаннан кейін Сенкаку аралдарына жақындай түсті.

2000 жылы наурызда қытайлық теңіз кемелерінің флоты Жапонияның айрықша экономикалық зонасы аумағында Шығыс Қытай теңізінің орталығында дайындық жұмыстарын жүргізді. 2003 жылы Қытай Тайваньмен Сенкаку аралдарына қатысты өз талаптарын қоя бастады. 2003 жылы 22 маусымда Қытай мен Гонконгтың қарсылық білдірушілерімен кішкентай балық аулайтын қайықты пайдалану арқылы Сенкаку аралдарында орнығу әрекеттенді. Қайық аралдың өзіне жетпеді, алайда ол Жапонияның территориялық су аймағына кірді. Жапонияның жағалаудағы қорғанысы оны шығарып жіберді.

2004 жылы шілдеде Жапония өзінің айрықша экономикалық аймағында табиғи газдың бар жоқтығын білу үшін зерттеу жұмыстарын бастады. Бұл оқиға Шығыс Қытай теңізіндегі Қытай иеліктері үшін күрестің күшеюіне әкелді. 2004 жылы шілдеде жапондық басқарудағы Шығыс Қытай теңізі аймағын жаулап алуға тағы да бір әрекет жасалынды. 2004 жылы 19 қарашада Қытай екіжақты қарым-қатынастарда Жапониямен Шығыс Қытай теңізіндегі мұнайды зерттеу бойынша қайшылыққа тап болып отырған талаптарды талқылайтындығын мәлімдеді. Жапондық үкімет газдың қорларының мол болуы мүмкіндігінің шектелуін ескере отырып, Қытайдан оның жоспарланған кен орындары қамтыған аймақтары туралы ақпарат беруді талап етті. 2004 жылы қарашада Тайвань маңында екі сағат бойы су асты кемесі жапондық сулары аумағында болды. Артынша 16 қарашада Жапонияның сыртқы істер министрі Қытай сыртқы істер министрі Ху Давеймен ондағы жапон елшісі Корешиге Анамимен беріп жіберілген жолдамада Қытай бұл су асты кемесінің жаттығу жұмыстарын жүргізгендігін және «техникалық себептерден» олардың Жапонияның су аймағына кіргендігі туралы айтылған деді. Жапон сыртқы істер министрлігінің сайтының мәліметтеріне сүйенер болсақ, екі мемлекет арасында кездесу 2005 жылдың 30 қыркүйек пен 1 қазан аралығында өтті. Онда қытайлық тарап бұл мәселені әлі толыққанды зерттемегендігін, сол себепті кейінгі кездесуде талқылауына қалдыруды ұсынды [7].

Екі мемлекеттің қарым-қатынасы мәселесі Азия-Тынық мұхиты аймағындағы АСЕАН сияқты ұйымның аумағында да талқыланып жүр. Мәселен, 2004 жылы 30 қарашада өткен АСЕАН+3 саммитына байланысты өткізілген пресс-конференцияда Жапонияның бұрынғы сыртқы істер министрі Д. Коидзуми

Шығыс Қытай теңіздеріне қатысты сұрақ қойылған кезде ол екі мемлекет те осы аймақты қатығыс теңізі емес, керісінше ынтымақтастықтың теңізіне айналдыруға келісіп отырғандығын және қай салада өзара даму керектігін әлі шешпегендігін айтқан болатын [8].

Қытай мен Жапонияның арасындағы территориялық қақтығыс 2012 жылдың қыркүйегінде қайта өршіді. Ол уақытта Токио аралдарды жеке меншік иелерінен алу арқылы ұлттандыруы туралы жариялады. Бұл жағдай Қытайдың наразылығын тудырып, елдің ішінде жапондықтарға қарсы демонстрациялардың орын алуына әкелді. Сол уақыттан бастап Қытай даулы аралдраға өзінің патрульдік кемелерін жіберіп тұрады. 2013 жылдың басында Жапония да Сенкаку аралдарын қорғау мақсатында арнайы бөлімді құру ниеті туралы мәлімдеді. Екі мемлекеттің арасындағы территориялық проблема әлі де соңғы жылдары кейінге қалдырылуда.

Осылайша қорытындылар болсақ, бұл қақтығыстың әлі де болса аяқталу кезеңіне қадам баса алмай отырғандығын байқаймыз.

Шын мәнісінде, Қытай мен Жапония арасындағы территориялық мәселелердің шешілмеуіне оның географиялық орналасуы мен табиғи байлық көзі болу мүмкіндігімен қатар, басқа да факторлардың зор маңызға ие болып отырғандығын байқауымызға болады. Біріншіден бұл қақтығыста қауіпсіздік факторы ықпалын тигізіп отыр. Екі мемлекет те бүгінгі таңда қорғаныс жүйесінде реформалар жүргізіп, елеулі өзгерістер енгізуде. Жапония Қытайдың күш қолдануынан қауіптеніп отыр, сол себепті АҚШ-пен әріптестік қарым-қатынастарды нығайтып отыр. Алайда АҚШ ресми түрде араласпау саясатын ұстанып, бұл қақтығыстың әскери сипатқа ие болмайтындығына сеніп отыр. Екіншіден - бұл қақтығыстың Қытайдың немесе Жапонияның үлесіне шешілуі Азия-Тынық мұхиты аймағындағы геосаяси жағдайды өзгертеді, себебі мұндай шешім екі мемлекет қарым-қатынасындағы Спратли аралдары мен Тайваньға қатысты, сондай-ақ Корея мәселесін де ушықтырып жібереді [9]. Курил аралдары мәселесі мен АҚШ-тың аймақтағы жаңа рөлі сияқты проблемалар да туындауы мүмкін. Үшіншіден-екі мемлекеттің қақтығысына Азия халықтарының, әсіресе Қытай мен Жапония арасындағы және Корея мен Жапония арасындағы бір-бірін ұнатпаушылық сезімінің, яғни ұлтшылдық факторының ықпалы болып отыр. Осы айтылған ойдың дәлелі – 2005 жылы сәуір айында Қытайда өткен Жапониядағы жарық көрген жаңа тарих оқулығына байланысты наразылық акциялары еді. Сондай-ақ, осы қақтығыстада Жапония мен Қытай үшін өзара экономикалық байланыстар маңыздырақ болып отыр. Яғни, территориялық мәселеге қатысты даудың шешілуін кейінге қалдыра отырып, екі тарап экономикалық байланыстарды кеңейтуге тырысуда. Сол себепті осы мәселенің шешімі кейінгі уақыттың еншісінде болмақ.

1 Пол Ф. Диль, Гэри Гоэри. «Территориальные изменения и вооруженный конфликт». В кн. *Война и геополитика*. - Новосибирск, 2003. - С. 230-249.

2 Анцупов А. *Конфликтология*. – М., 2000. - С. 263-271.

3 Сетов Р.А. «Конфликт и кризис: категориальное составляющее теории международных отношений // [www.theory.ru](http://www.theory.ru).

4 *Senkaku / Diaoyutai Islands* // [www.globalsecurity.org/military/world/war/senkaku.htm](http://www.globalsecurity.org/military/world/war/senkaku.htm).

5 <http://fir.usu.ru/~akebono/SITE/Fedorova.htm>

6 *История войны на Тихом океане*. – М., 1958. - Т. 5. - С. 339.

7 *Japan-China Consultations on the East China Sea and Other Matters (September 30 to October 1, Tokyo)* // [www.mofa.go.jp/region/asia-paci/china/consult0509.html](http://www.mofa.go.jp/region/asia-paci/china/consult0509.html)

8 *Press Conference by Prime Minister Junichiro Koizumi Following the ASEAN+3 Summit. November 30, 2014* // [www.mofa.go.jp/region/asia-paci/asean/pmv0411/press.html](http://www.mofa.go.jp/region/asia-paci/asean/pmv0411/press.html)

9 *The Senkaku/Diaoyu Islands Dispute* // [www.dur.ac.uk/~dgg0www1/docs/senkaku.html](http://www.dur.ac.uk/~dgg0www1/docs/senkaku.html)

### Резюме

Данная статья посвящена территориальной проблеме между Японией и Китаем в отношении островов Сенкаку в историческом контексте. На основе периодизации предложенные российскими исследователями по конфликтологии автор рассматривает основные этапы конфликта, географическую значимость островов Сенкаку и главные факторы, влияющие на разрешение территориальной проблемы. Острова Сенкаку до сегодняшнего времени имеет большую значимость для Японии и Китая. Конфликт между двумя государствами возник в 60 гг. и в нач. 70 гг. XX в. после провозглашения решений экономической комиссии ООН по Азии и Дальнему Востоку. Согласно этому заключению было выявлено что в Восточно-китайском море острова Сенкаку имеются самые богатые залежи нефти. После такого заключения комиссии ООН Китай и Тайвань начали предъявлять свои требования к Японии и начался конфликт. На современном этапе стороны стараются откладывать решение данного вопроса.

**Ключевые слова:** территориальная проблема, конфликт, острова Сенкаку, конфликтология

### Summary

This article focuses on the territorial issue between Japan and China in relation to the Senkaku Islands in the historical

context. On the basis of periodization proposed by Russian researchers on conflict author examines the main stages of the conflict, the geographical significance of the Senkaku Islands, and the main factors affecting the resolution of the territorial problem. Senkaku Islands to the present time is of great importance for Japan and China. The conflict between the two countries emerged in the 60's. and in the beginning of 70 years of the twentieth century when United Nations Economic Commission for Asia and the Far East proclaimed the results. According to this conclusion, it was found that in the East China Sea Senkaku Islands are the richest oil deposits. After the conclusion of the UN Commission China and Taiwan has started to present their demands to Japan and the conflict began. At the present stage, the sides are trying to delay the resolution of this issue.

**Key words:** territorial problems, conflict, Senkaku island, conflictology

УДК 94(574): 2(=512.1)

## **ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН РУХАНИ ӨМІРІНДЕГІ ДІННІҢ ОРНЫ**

**М.К. Тулекова** – *т.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ, Әлем тарихы кафедрасының профессоры*

Мақалада негізінен Түркі халықтарының рухани құндылықтары мен рухани өміріндегі діннің орны баяндалады. Дін қоғамдағы негізгі қозғаушы күштердің бірі. Адам баласы бесіктен бастап жанұяда тәрбие алады, осы ислам қағидаларын басшылыққа ала отырып адам баласы өзінің алғашқы тәрбиесін бала бойына сіндіреді. Сол арқылы келешек қоғамның саналы азаматы тәрбиеленеді. Дін-қоғамның рухани байлығы. Осы мақалада түркі халықтарының рухани құндылықтарының қалыптасуы мен даму кезеңдері, оған әсер етуші факторлар мен оны жүзеге асыру жолдары, рухани өмір, рухани қажеттілік және қоғамдағы рухани мәдениеттің алатын орны ғылыми түрде баяндала отырып талданды. Жалпы рухани байлықтың құндылықтарын дамытуда адамгершілік идеясынан бастау ала отырып ислам қағидаларымен сусындай өскен түрк баласы өз бойындағы руханилықты дамыта отырып өмірдегі адамилық, ғылымилық, білімділік идеяларын бойына сіндіре отырып қоғамның дамуына өз үлесін қоса алары сөзсіз екендігі талданды.

**Тірек сөздер:** дін, рухани, отан, адамгершілік, философия, мәдениет, сана

As the only source of dogma recognize the Bible here, seeking to reach its authentic sense. For this purpose "the Leading Council" in 1950 made own transfer of the Bible into English from which then it is translated and into other languages of the world. The translation into Russian is recently executed. "Witnesses" consider as a true name of an Almighty God, the creator of the sky and the earth Jehovah. The doctrine of the Holy Trinity is rejected. Jesus Christ not God, but first creation of Jehovah, his only-begotten son. Christ died not on a cross, and on a column. Iyegovist and Christ's rise on the sky reject. The Holy Spirit – is the invisible operating Jehovah's strength. "Witnesses" deny also immortality of soul. Paradise is understood as happy future time on the earth which will follow the Armageddon – the forthcoming fight of Jehovah where it will break present "evil system of the world" and in which all people opposing to Jehovah will be lost. The hell, on interpretation of "the Leading Council", – is a common grave of all dead and the lost people, but not a place of torments. Full rescue will be received only 144 000 "true" – most worthy "witnesses" who will be uplifted on the sky. Other "betrayed" from among "iyegovist" will live in paradise on the earth [6].

Blood of the person is considered the life and therefore "witnesses" refuse flatly blood transfusion in case of accidents and a serious illness. "Witnesses" refuse and usual military service, agreeing only to service alternative. Taxes they pay honestly and strictly carry out other civil duties [7]. Though they consider the state as Jehovah's permission, but condemn state systems, including them part of "world system of the evil". Therefore, as a rule, don't take part in the electoral companies, in official actions and festivals.

The dogma of "witnesses" is penetrated by apocalyptic moods, expectation of the future Armageddon, "doomsday". First approach of the Armageddon was appointed to 1914 then is postponed for 1925, then for 1975

... "Doomsday" didn't come, and "the Leading Council" assures "witnesses" that "end of the world" just about will come: "As well as Jehovah promised, the Armageddon comes nearer. It won't be postponed because of the feelings peculiar to people. Can seem that the Armageddon is late, but Jehovah follows the schedule. The Armageddon will begin in an hour which was appointed by Jehovah". So edifies the *StorozhevayaBashnya* magazine which extends almost in 70 languages with a monthly circulation of 26 million copies [8]. Circulation of other Jehovah's magazine "is approximately same Waken!".

The ceremonialism of "witnesses" is extremely simplified. They recognize a water baptism at the accession to the organization, the communicating made time in a year, in day of death of Jesus Christ. Meetings of "witnesses" it is carried out three times a week where orderly study the Bible, read and explain the maintenance of future issues the Jehovah's' magazines. Meetings remind boring student's occupation. One weekly meeting is specially devoted to training and exchange of experience of missionary work in so-called "theocratic school". The regional, regional and international congresses "Jehovah's Witnesses" are periodically carried out. In essence, missionary service, visits of meetings, studying of Bibles and instructions "the Leading Council" take away all free time from adherents and completely exclude attention and interest in events outside this totalitarian community. Our supervision show that "witnesses", as a rule, strictly follow norms of morals, however evade from close human contacts with "external". Their public activity is muffled. As a result this faith forms socially deprived personality with fear expecting approach of "doomsday".

As well as "Jehovah's Witnesses", Christian churches reject and carry to sects and heresies "Muna's Church". It began to act officially since 1992 in our country. The full name of this neochristian faith "Association of the Holy Spirit for association of world Christianity" – "Church of association". Total number of its organizations registered under different names in Russia is rather small – 9 associations. But it is very remarkable organization which nowadays works more than in 130 countries of the world.

The Korean San Maine Mun founded this Church in 1954 and for rather short time turned it into powerful international corporation. The church of association has a set of the missionary centers and milliard financial means. She actively participates in political life under the slogan of fight against communism. Adherents Mun conduct also extensive charity; take part in implementation of many scientific and educational programs. Munites extended in a set of the Russian schools of the program and manuals "My World and I", "Way to a Unification", "Way of Love", which passing purpose – involvement of pupils to Church of association. Quite often on streets of the cities it is possible to see young men and girls collecting donations "on the needing students" or suggesting to buy from them ("how many you will give, there is so much and enough") any trifle. It – the adherents Muna who are carrying out "fandreyzing" – fund raising for Church. Her many adherents work nearly free of charge at the enterprises Muna.

The dogma of Church Mun is stated in the book "Principle of Association" where outlooks of the Bible and Taoism are peculiar combined. Mun, on this dogma, is the third Adam (the second Adam – Jesus Christ), and it is possible, even the Messiah. A family Muna – a sample for formation of the world family. The church of association pays special attention to missionary activity among youth, including among students. Many are attracted by the promise to pick up to each young man the bride (or the groom) and to provide a happy family. To Church Mun from the public is brought a set of charges of "zombiing" of her adherents. For this reason, carrying out missionary actions among school students and youth, activists of Church often veil now the confessional accessory and use bright slogans of fighters against AIDS, defenders of pure love, etc [9].

Anyway, it isn't necessary to demonize adherents of new religions. Their vast majority – is the worthy citizens of our fatherland who made voluntary such world outlook choice. Perhaps, over time many of them will be disappointed in this choice, will address to religion of fathers, and even will choose for themselves a secular image of outlook and behavior.

1 Алов А.А., Владимиров Н.Г., Овсиенко Ф.Г. *Мировые религии*. - М., 1998.

2 Малерб М. *Религии человечества*. - М.; СПб., 1997.

3 *Старые церкви, новые верующие. Религия в массовом сознании постсоветской России / Под ред. К.Каарийайнена и Д.Фурмана*. - М.; СПб., 2000. *Введение в общее религиоведение*. - М., 2001.

4 *История религии: В 2 т.* - М., 2002.

5 Васильев Л.С. *История религий Востока*. - М., 1988.

6 Таевский А.А. *Христианские ереси и секты I-XXI веков: Словарь*. - М., 2003.

7 Дворкин Л. *Сектоведение. Тоталитарные секты*. - Н. Новгород, 2000.

8 *Новые религиозные культы, движения и организации в России: Словарь-справочник*. - М.: Изд-во РАГС, 1998.

9 *Религии народов современной России: Словарь*. - М., 2002.

### Түйіндеме

Дінтану ғылымы дамуының қазіргі кезеңінде жаңа деп аталатын діндерге үлкен назар аударылады. Осы соңғы жылдарда көптеген жаңа конфессиялардың пайда болуы немен байланысты? Бұл сұрақ жиірек зерттеуші-дінтанушыларда туындайды. Жаңа діндердің әрқайсысында нақты негізін салушысымен қатар өзінің азды көпті терең тамырлары бар. Дәстүрлі әлемдік діндер тәрзіді жаңа діндерде де өзінің негізгі белгілері мен ерекшеліктері бар. Қазіргі кезде адамзат тарихында жаңа діндердің қайсысы өзінің лайықты орнын алатындығын нақты айқындап айту қиын. Мүмкін олардың кейбіреулеріне рухани көрініс тән болар. Ал басқалары қазіргі қоғамның діни өмірінде шиеленістердің қайнар көзі болуы ықтимал. Мүмкін өздерінің жақтаушыларының (із-басарларының) санасы мен мінез-құлқына бүлікшілік енгізер деп қауіптенуі керек шығар. Бұл мақалада олардың кейбіреулерін алып қарастыру негізінде жаңа діндердің әлеуметтік-адамгершілік мүмкіндіктерін көрсетуге әрекеттер жасалған.

**Тірек сөздер:** дін, дінтану, жаратушы, қауым, көзқарас, қоғам, қазіргі заман

### Резюме

На современном этапе развития религиоведения большое внимание уделяется так называемым новым религиям. Чем вызвано появление множества новых конфессий именно в последние годы? Этот вопрос все чаще возникает у исследователей-религиоведов. Каждая из этих новых религий имеет свои более или менее глубокие земные корни, а также и конкретного создателя. Как традиционные мировые религии новые религии имеют основные признаки и черты. Сегодня трудно сказать, какая из новых религий обретет свое достойное место в истории человечества. Возможно, некоторым из них будет присущ духовный облик. Другие же, вероятно, будут источником напряжения в религиозной жизни современного общества. Может, следует их опасаться за то, что они могут вносить деструкцию в сознание и поведение своих приверженцев. В данной статье предпринята попытка показать социально-нравственный потенциал новых религий напри мере некоторых из них.

**Ключевые слова:** религия, религиоведение, создатель, община, взгляд, общество, современность

ӘӘЖ 101:316

## АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ҰҒЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ НЕГІЗДЕРІ

**К.Д. Раисов** – *Казахский Национальный Университет имени Аль-Фараби, магистр*

Мақалада азаматтық қоғам идеясы туралы мәселелер қарастырылады. Азаматтық қоғам – саяси өкіметке тәуелсіз жұмыс істейтін және оған ықпал жасауға қабілетті әлеуметтік қатынастар мен институттар жиынтығы. Дербес жеке адамдар мен әлеуметтік субъектілер қоғамдастығы. Қандай да болмасын қоғамдық мәні бар идеяларды қабылдау қашанда сұхбатты, яғни сұхбаттасушы жақтардың түрлі көзқарастарын және маңызды тепе-теңдігін білдіреді. Ешкім ешкімге өз түсінігін мойындатуды да, ешкім ешкімді дәлме-дәл қайталауды да мақсат етпейді. Идеялар белгілі қоғамның, әлеуметтік дамудың талаптарына сәйкес келетіндіктен қабыл алынады. Сондай идеялардың қатарына азаматтық қоғам идеясы жатады. Азаматтық қоғам туралы әр түрлі көзқарастар, әр түрлі бағдарлар бар. Қазірде азаматтық қоғамның жалпыға бірдей ортақ анықтамасы жоқ.

**Тірек сөздер:** азаматтық қоғам, демократия, философия, полис, болмыс, ренессанс, сана, диалектика

Азаматтық қоғам ұғымының тарихи өте ертеден басталады. Ол адамзат өміріне жаңадан түсініктер мен теориялар әкеле отырып, көптеген өзгерістерге ұшыраған. Мұның бәрі оның тарихи дамуын қарастыруда үлкен қызығушылық тудырады.

Азаматтық қоғамды философиялық анықтама ретінде ғылымға енгізген – Аристотель. Ол азаматтық қоғамның қалыптасу барысын зерделеуге тырысты. Аристотель азаматтың құқықтары мен міндеттерінің ара-жігін ашып, азамат, қоғам, мемлекет ұғымдарының арасындағы ұқсастықтары мен ерекшеліктерінің мәнін аша білді. Мемлекет дегеніміз азаматтар және азаматтық қоғамның жиынтығы болып табылады. Аристотельдің «Саясатына» қарасаңыз, шынайы азаматтық, яғни азаматтардан құралған қауымдастық тек қана жоғарғы билік жалпыға бірдей игілікті іске асырғанда, яғни тұлға, өзін азамат ретінде (күл емес) танып, қоғамдық өмірдің барлық ісіне қатынаса алғанда ғана азамат бола алады /1/. Ондай демократияның заманауи демократиядан сапалық айырмашылығы мемлекеттік билікке жүктелетін конституция және конституциялық шектеулер, сондай-ақ мемлекеттің үстінен қарайтын және оның негізгі болатын құқық идеясының ежелгі грек демократиясына жат болғандығы байқалады.

Ежелгі грек ойшылдарының философиялық ойлауы толығымен қала-мемлекетке (полис) бағытталған еді. Әбден жетілген пішінде қала-мемлекет дамыған құрылымдық жүйе ретінде белгілі. Қала-мемлекетті гректер жоғары бағалаған. Адам қаншалықты маңызды болса да, бүтіндей мемлекет – полиске тәуелді болды. Бұл аспект, әсіресе, заңдар түсіндірулерінен айқын байқалатын. Ежелгі көзқарастар үшін олар қайдан шықса да, заңдардың міндеттілігін мойындау тән еді. Платонның «Заңдарында» айтылғандай, дін мен мораль болуына қарай өмір сурмеуі керек, олар заңмен қабылдағандықтан жүзеге асуы қажет.

Еуропада XV жүзжылдықта адам, қоғам және мемлекет арасындағы жаңа сападағы қарым-қатынастар бірте-бірте қалыптасып, заңдастырыла бастады. Бірақ, азаматтық қоғамның тұтас адамзаттық социумы мен саяси әлемінен адамдар өмірінің бір-бірімен байланыстағы құрылымдар жүйесі болса да, дербес сананы бөліп алып қалыптастыру әрқашан алдыңғы қатарда тұрады. Батыс өркениетінің азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекетке жету жолында әлеуметтік, саяси және идеологиялық өткір қақтығыстар, сондай-ақ үлкен ауқымды бірнеше саяси революцияларды басынан өткерді. Экономиялық жүйенің орталық институты нарық, ал оның негізгі ұстанымдары дербестік, еркін бәсекелестік және еркін кәсіпкерлік болды. Қоғамда өмір сүру, яғни нарықтық қатынасатарға араласу және материалдық пайда табу жолын ашық жариялаған экономика адамының озық үлгісі қалыптасты.

Сонымен жеке меншік адамның ажырамас құқығына айналды, әрі ол тіршіліктің негізі болды. Бұл ұстанымдар келісімдік және меншіктік қатынастардың жаңа түрлерінің қалыптасуының негізін қалады. Жеке тұлғаның қоғамға, ал қоғамның мемлекетке қатыстылығының маңызы артты. Азаматтық қоғамның тарихи тұжырымдары мен практикалық үлгілері қалыптасқан әртүрлі үш дәстүрдің негізі мен тәжірибесінде пайда болды. Мұның бірі Ренессанс дәуіріндегі италияндық қала-мемлекеттердегі азаматтық қоғамның алғашқы белгілері көрінетін еуропалық жерортатеңіздік дәстүрлер. Бұл дәстүр Макиавеллиде айқын көрініс тапқан.

Екіншісі немістің мәдени ортасының ықпалымен қалыптасқан континенталды-еуропалық дәстүрмен байланысты. Ерікті азаматтың пайда болуына көп жағдайда қолөнершілер мен саудагерлердің алғашқы бірлестіктері болған гильдия ықпал етті.

Үшінші ең маңыздысы – либеральды англо-американдық дәстүр.

Италияндық қайта өрлеудің ірі ойшылдарының бірі Никколо Макиавелли (1469-1527) прагматикалық, тәжірибелік саяси ғылымның бастауын ашты. Макиавелли бойынша азаматтық қоғам-таптық, сословиелік, партиялық қарама-қарсы мүдделердің жиынтығы

Макиавеллидің ізін ала азаматтық қоғам тұжырымын жасау ісіне Жаңа заманның көптеген ойшылдары өз үлесін қосты. Қарастырып отырған мәселеге орай ол ойшылдардың еңбегін әр кезеңмен қарастыруға болады. Мысалы: Дж. Мильтонның “Сөз еркіндігі туралы”, Томас Гоббстың “Левиафан”, Джон Локктың “Мемлекеттік басқару туралы екі трактат”, Монтескьенің “Заңдар рухы”, Жан Жак Руссоның “Қоғамдық келісім туралы” және француз энциклопедистерінің еңбегі. Бұл еңбектерде адамның тіршілік қарекетінің ерекше түрі ретіндегі азаматтық қоғамның қалыптасуының мәселелері әртүрлі деңгейде қарастырылады /2/.

Гоббс жоғарғы билік иесі мемлекет - левиафан мен осы жоғары билікке бағынышты бірақ, ерекше құқығы бар тәуелді халықтың ара жігін анықтауға тырысады. Гоббстың табиғи құқық пен азаматтық немесе ыңғайлы заңдар туралы пайымдаулары қызығушылық туғызады. Оның ойынша, олар мазмұны ғана емес, көлемі жағынан да сәйкес келеді. Алайда, риясыздық, әділетсіздік, ризалық сияқты қасиеттерді білдіретін және моральдік сананы қалыптастыратын табиғи заңдар сол күйінде шын мағынасында заң бола алмайды, олар тек адамды бейбітшілікке, қайырымдылыққа, төзімділікке үндейді. Бұл бір-біріне зиянын тигізіп, ортақ жауына біріге қарсы тұруға жол бермеу үшін табиғи еркіндікке шектеу қоятын азаматтық немесе ыңғайлы заңдар деуімізге болады. Гоббс «азаматтық қоғамның басы бір-бірінен үрейленеді» - деп санады. Адамдардың қоғамнан тыс жағдайы – барлығының барлығына қарсы соғысы. Бейбітшілікті сақтап тұру барлық адамдардың ерік-жігері біріккен кезде ғана мүмкін болмақ. Осындай жолмен құрылған бірлестікті Гоббс “мемлекет немесе азаматтық қоғам” деп атады. Табиғи жағдайды “барлығының барлығына қарсы соғысы” деп қараған Гоббс мемлекетті жеке тұлғаны осы соғыстан қорғайтын институт деп санады. Ол үшін жеке тұлғаның “табиғи құқығын” азаматтық заңдармен шектеп, кейбір құқық бөліктерін жоғары билікке беру керек дейді. Осылайша мемлекет өзінің бағыныштылары алдында жауапты, бірақ олардан билікке толық мойынсұнуды талап етеді. Жоғарғы биліктің болуы – мемлекетпен сәйкес келетін азаматтық қоғамның қажетті құрамдас бөлігі. Алайда, Гоббстың айтуы бойынша мемлекет күдіретті, авторитарлы немесе репрессивті болса да, оның негізгі функциясы азаматтардың конституциялық құқығын қорғау болып табылады.

Джон Локк (1632-1704) халық үстемдігі, билік пен мемлекеттің келісімімен пайда болу және тұлғаның ажырамас құқығы идеясын орнықты жасап шықты. Локктың құқық туралы ойлары сол уақыттың рухын білдіретін буржуазиялық либерализм мен “ақылмен танудың” үлгісі болды /3/. Осы “ақылмен тану” мемлекеттің жеке кәсіпкерлердің ісіне араласуға қарсы болды, сонымен бірге мемлекеттен диктаторлардың өктемдігі мен қалың бұқараның қаһарынан қорғауды талап етті. Парламент, сөз, ар, баспа, жеке меншік сияқты әр түрлі буржуазиялық еркіндіктерді заң жүзінде бекітіп, оның бұзылмауына кепіл болуы тиіс. Сот және әскери билікпен бірге атқарушы билік үкіметке, яғни министрлер кабинеті мен корольге



беріледі. Үкіметтің іс-әрекеті ешкімнің өзгертуге құқы жоқ заңдармен реттеледі. Гоббстен айырмашылығы Локк “табиғи жағдайды тек қана – барлығының барлығына қарсы соғысы” деп емес, адамдардың еркіндік және теңдік жағдайы деп түсінді. Осы жерде олардың табиғилықтан азаматтық күйге өтудегі айырмашылығы көрінеді. Егер Гоббс бұл екеуін қарама-қарсы қойса, Локк азаматтық қоғам табиғи жағдайдан өсіп шығып, оның логикалық және органикалық жалғасы болып табылды деп санады. Олар қоғамдық сипатын да әртүрлі түсінді. Гоббс қоғамдық келісімді сақтаудың кепілі мемлекет деп санаса, Локк халықтың заң шығарушы өкілдері дейді. Локктың қоғамдық келісім сақтаудың концептісі оның билікте болу ұстанымдарымен тығыз байланысты. Одан келіп шығатыны – үкімет өз бетімен еркін жұмыс істеу құқығына ие бола алмайды және ол заңдарға бағынуға міндетті. Үкімет билігінің ешкімнің жеке меншігін тартып алуға құқығы жоқтығын атап көрсеткен Локк, меншік деп адамға тиесілі тек қана мүлік емес, сондай-ақ адам өмірін, денсаулығын, ар-ұяты мен абыройын және барлық заңдастырылған құқын санайды. Егер үкімет бұл ұстанымдарды бұзып, оған қарсы іс-әрекет жасаса, мемлекет азаматтары көтеріліске шығып, осы үкіметпен жасаған келісімін бұзып, жаңа билікті тағайындауға құқылы. Алайда Локк та Гоббс сияқты азаматтық қоғамның негізіне жатқан бұл ұстанымдардың шынайы өмірден алшақтығына және осы ұстанымдардың нормативті сипатта екеніне келіседі. Локк үшін азаматтық қоғам мемлекетке пара-пар келеді/4/.

Билік бөлінісін заң шығарушы, атқарушы және сот деп үш негізгі салаға бөлген Шарль Монтескье ұсынған тұжырымдаманың маңызы зор. Оның ойы бойынша, атқарушы және заң шығарушы салалар біріккен жағдайда еркіндікті шектеу, зорлық, зомбылық пен тирания орын алады. Қалған екі билік тармағы мен тең әрі дербес басымдық беру идеясы да осы Монтескьеге жатады. Оның жүйесі бойынша сот билігі конституциясының орындалуына және қалған екі билік тармағының заңдылығына негізгі кепіл болып, олардың арасында келіспеушіліктер мен алауыздықтар туған жағдайда төрелік атқарды.

Ж.Ж. Руссо халық егемендігі мен кең ауқымды демократияның негізін салушы ретінде танымал ойшыл. Ол әділ мемлекет мәселесін жоғары билікке барлық азаматтардың қатысу мүмкіндігін қамтамасыз ету арқылы шешпек болды. Сонымен бірге көпшіліктің қалаулы іске асыру мақсатында мемлекеттің пайдасы үшін азаматтардың жеке құқын тартып алу, қоғамның әр мүшесі өз қалауын жалпы тұтас ықтиярға бағындыру болып табылады /5/. Сондықтан бұл жерде барлығы тең қарым-қатынаста болатындықтан баршаның толық теңдігіне қол жетеді. Сонымен бірге тек өз-өзімен болғандықтан, әркім ерікті болып қала береді. Руссоның қателігі жеке бостандықты көзге ілмеді.

Гельвицкий адам, оның идеялары әлем мен қоғам туралы түсініктері және сезімдері қоғамдық ортады қалыптасатынын, адам қоғамдық ортаның жемісі екенін асқан батылдықпен дәлелдейді. Гельвицкийдің ойынша махаббат немесе немқұрайдылық табиғи жаратылыстан емес, қоғамдық және мемлекеттік құрылым көрсеткішінен туады. Дидро да осыны айтады: жақсы заңдар жақсы әдет-ғұрып, өнеге, ал керісінше нашар заң нашар қоғам. Халықтың надандығы биліктің деспоттық түрінің алғышарты және оның тірегі болып табылады. Сондықтан өткен тарих «алаяқтар тобының» қанауындағы надан халық тарихы болғандықтан, онда ғибратты дүние жоқтың қасы.

Т.Гоббс, Дж.Локк, Ж.Ж. Руссо, Ш.Л. Монтескье және т.б. қарастырған индивидуалдық концепциясы күн тәртібіне мемлекеттен тәуелсіз, қоғамның азаматы ретіндегі жеке тұлғаның бостандығын қойды. Нәтижесінде азаматтық қоғамның дәстүрлі концепциясы ХУІІІ ғ. екінші жартысынан бастап эрозияға ұшырап, қайта қарала бастады. Бұл үрдіс И.Канттың, С.Пуфендорфтың, В.Фон Гумбольдтың көзқарастарынан байқалады.

В фон Гумбольд «мемлекет көп әсер еткен сайын, әсерді қабылдағандардың бәрі бір-біріне ұқсас бола бастайды» - деп көрсетті. Мұндай мемлекет зат үшін және адамдардың іс-әрекетінің жемісі үшін олардың өзін ұмытып кетеді. «Мұндай мемлекеттік жүйе әрекет етуші және тұтынушы күштердің әр-алуандығынан гөрі өліктердің үйіндісі мен іс-әрекет пен тұтынудың тірі құралына ұқсас болып кетеді» [5].

Азаматтық қоғам концепциясын терең негіздеп, оның мемлекетпен өзара байланысын зерттеуде Гегельдің қосқан үлесі орасан зор. Гегель үшін азаматтық қоғам арнайы қарастыру пәні. Ол оны талдауды «құқық философиясының» екінші тарауында қарастырады. Бұл сараптамаларында Гегель азаматтық қоғам дегеніміз ортағасырлардан бастап Жаңа заманға дейінгі ұзақ әрі күрделі тарихи трансформациялар үдерісінде отбасынан мемлекетке бағытталған диалектикалық қозғалыстың ерекше сатысы деген байламға келеді. Сол кезеңдегі үстемдік құрған табиғи құқық теориясын сыни тұрғыда талдай отырып, оның азаматтық қоғам мен мемлекетті әлеуметтік өмірдің мемлекеттегі отбасының этикалық әлемі мен бұқара өмірінен айқын айырмашылығы бар екенін дәлелдейді. Азаматтық қоғам мемлекетке тәуелділігі жоқ, өзара әрекеттесіп азаматтық қоғаммен реттелетін жеке тұлғалар, таптар, топтар, корпорациялар, сословиялар мен институттар кешенінен құралады.

Гегель бойынша азаматтық қоғамға үш кезең жатады; 1) қажеттілік жүйесі (жеке тұлға да, барлық азаматтар да). 2) еркіндік пен меншікті қорғауға кепіл болатын сот жүйесі, 3) жеке тұлғаның игілігі құқы ретінде қарастырылуын қадағалайтын полиция және мемлекеттің адамгершілік негізі болып табылатын әртүрлі мүдделер, істер мен іскерліктер бірлестігі корпорация. Бірақ Гегель үшін кереғар мүдделердің сайыс алаңы ретінде көрінетін азаматтық қоғам деңгейінде шынайы еркіндік пен саналы тәртіп әлі орнай қойған жоқ. Соңдықтан, өзі шынайы мемлекетті қарама-қарсы қойған азаматтық қоғам үшін «саналы мемлекет» күдіретті. Гегельдің дәлелдеуі бойынша мемлекет бұл, еркіндік идеясы, нақты және жоғарғы құқық, құқықтық білім, тұтас ағза, саяси мемлекет, сондай-ақ абсолюттік рух пен қоғамның тарихи дамуының қорытынды кезеңі. Сонымен бірге азаматтық қоғам бір мезгілде әрі автономды, әрі саяси және бейсаяси құбылыс болып табылады. Көптеген батыс ойшылдары азаматтық қоғамды мемлекеттен бөліп қараудағы Гегельдің сіңірген еңбегін ерекше атап өтеді.

Жаңа заман ойшылдары көтерген мәселелер А.Токвиль, К.Маркс, Г.Спенсер, В.Парето, Г.Моски, М.Вебер, А.Мишель, Л.Дюги, Б.Кроче, К.Шмитт сияқты ойшылдардың зерттеулері мен еңбектерінде жалғасын тапты. Ең алдымен кеңестік философия мен саяси теорияда зерттелгені себепті марксизм тұжырымына тоқталамыз. Маркстің ойы бойынша жеке меншікке шешуші роль беретін азаматтық қоғам мемлекетті тудырады. Мемлекет болса азаматтың ұйытқы болатын саяси қондырғы, жеке материалдық мүдделер қоғамы, яғни осы қоғамды қамти отырып, шын мәнінде меншік иелеріне, үстем таптарға қызмет ететін қоғам деген сөз. Карл Маркс бойынша азаматтық қоғамдағы «жақын күндердегі болмыста» адам әлемдегі өзі үшін де, өзге үшін де шынайы тұлға мәніне ие /6/. Ал мемлекетте адам туылатын тіршілік иесі ретінде өзінің шынайы тұлғалық мәнінен айырылған. Осыдан келіп ол «діни адам мен мемлекет азаматының арасында, тіленші мен мемлекет азаматының арасында, жер иеленуші мен мемлекет азаматының арасында, тірі тұлға мен мемлекет азаматының арасында айырмашылық» туады деді. Маркс азаматтық қоғамның әлеуметтік құрылымдарын буржуазиялық қоғам тудыратын дербес ұйым емес, қайта азаматтық қоғам пайда болған түр ретінде атап көрсетті. Ал соңғысы пролетариаттың тууына ықпал ететін ауыспалы сипатқа ие.

Азаматтық қоғам концепцияларының түрлі варианттарының қалыптасуы индивидуалды бостандық идеясының, әрбір жеке тұлғаның құндылығы қалыптасуымен ажырамас байланыста жүрді.

Шын мәнінде, жеке адам өзін мемлекетпен, саяси жүйемен ажырамас бірлік құратын экономикалық, әлеуметтік, мәдени, діни, саяси және өзге де салалардан бөлек, сол салалардағы өзінің мәртебесі мен рольдік қызметтерінен тыс қарастыра алмас еді. Өмірдің барлық маңызды салалары мемлекеттік, саяси бастаулармен өріліп жатыр. Басқаша сөзбен айтсақ, солар арқылы жекелеген адамдардың мемлекеттік ұйымдасуға қатынасы жүзеге асады. Дербес мүшелер жеке бір саланы құра алмайды. Олардың өмірі өздері жататын бір ұйыммен, не топпен ажырамас бірлікте. Соңдықтан, азаматтық қоғамның қалыптасуындағы маңызды кезеңге адам құқығы мойындалуының тарихи сипатын жатқызу керек.

Азаматтық қоғам туралы әр түрлі көзқарастар, әр түрлі бағдарлар бар. Қазірде азаматтық қоғамның жалпыға бірдей ортақ анықтамасы жоқ. Дегенмен әлемдік әлеуметтік-философиялық ғылымда бұл феноменді зерттеудің екі түрлі бабы бар. Біріншісі азаматтық қоғамды әлеуметтік әмбебап категория ретінде қарастырады. Бұл ұғымға олар мемлекетке, өкімет құрылымдарына қарама-қарсы қойылған қоғамдық қарым-қатынастардың бүкіл жиынтығын сыйғызады. Екіншілері азаматтық қоғам ұғымының мағынасына шынайы батыстық феноменді жатқызады да, оны буржуазиялық (нарықтық-демократиялық) қарым-қатынастардың қалыптасуымен байланыстырады. Азаматтық қоғам деп адамның жеке тұлғасының және бейресми, мемлекеттік емес қоғамдық ұйымдардың дамуына қолайлы жағдай туғызатын әлеуметтік тәртіп түрін айтады. Азаматтық қоғам - ол жеке тұлғаның негізгі құқықтыры мен еркіндіктері заң жүзінде қамтамасыз етілетін және саяси қорғалатын, мемлекеттен тыс қатынастар саласы үйлесімді дамыған қоғам.

1 Аристотель. *Политика-мысль*, 1989. – С. 376.

2 Гоббс Т. *Левиафан или материя, форма и власть государства церковного и гражданского // Собрание сочинений в 2-х т.* – М.: Мысль, 1989. – Т.2. – С. 736.

3 Локк Дж. *Об управлении разумом. // Собрание сочинений в 3-х т.* – М.: Мысль, 1995. – Т.2. – С. 53.

4 *Гражданское общество и правовое государство: предпосылки формирования*, - М., 1991.

5 Гумбольд фон В. *Язык и философия культуры*. – М., 1985. – С. 37. А.Де Токвиль. *Демократия в Америке*. – М.: Прогресс. 1994. – С. 378.

6 Маркс К., Энгельс Ф. *Сочинения. Т. 1.* – М, 1949. – С. 410.

#### Резюме

В статье анализируется идея, согласно которой, глубинной основой демократического гражданского состояния

является то, что сущностью человека является его свобода выбора, возможность выбора человека собственных жизненных ценностей и мотивов именно им самим. Только это и делает человека человеком. Именно сформированные как самостоятельные в своих решениях и поступках индивиды могут быть гражданами. Это, разумеется, в идеале. Государство должно способствовать такому становлению граждан.

Гражданское общество - это сфера самопроявления свободных граждан и добровольно сформировавшихся не коммерчески направленных ассоциаций и организаций, независимая от прямого вмешательства и произвольной регламентации со стороны государственной власти и бизнеса. Развитое гражданское общество является важнейшей предпосылкой построения правового государства и его равноправным партнером.

**Ключевые слова:** гражданское общество, коғам, демократия, философия, полис, бытие, ренессанс, сознание, диалектика

### Summary

The article analyzes the idea that the depth of the man demokratis civil state is that the essence of man is freedom of choice6 a choice man life values and mo-tives of it themselbes. Only this makesm us human. It was formed as an independent in its desions and actions of individuals can be citizens. This is certainly the ideal. The state must promote the establishment of sush citizens.

Civil society - is the realm of self-manifestation of free citizens and voluntarily formed not commercially aimed associations and organizations , independent of any direct intervention and regulation by the state government and business

**Keywords:** civil society, philosophy, democracy, policy, exictevce, renaissance, conscience, dialectics

УДК 94(574) “21”:323.1

## АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ УКРЕПЛЕНИЯ ОБЩЕКАЗАХСТАНСКОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ

**А.Ш. Алтаев** – д.и.н., профессор кафедры «Истории Казахстана», КазНУ имени аль-Фараби,  
**Д.С. Иманкулова** – магистрант 2 курса кафедры «История Казахстана», КазНУ имени аль-Фараби

Статья посвящена одной из актуальных проблем независимого Казахстана - укреплениюгражданской идентификации.

В настоящее время Казахстаном накоплен богатый опыт в укреплении взаимопонимания и дружбы граждан различной этнической и религиозной принадлежности. В Казахстане сформирована собственная модель межэтнического согласия, получившая высокую оценку в мировом сообществе. Но, несмотря на это, процесс сохранения и укрепления этнической и религиозной идентичности народов Казахстана был и остается весьма важной и актуальной задачей. Это вызвано тем, что общество не стоит на месте, тот уровень согласия, который был вполне удовлетворителен вчера, становится недостаточным для решения сегодняшних задач, и тем более – завтрашних. Их решение требует более глубокого единства, притом, что вызовы внутреннего и особенно внешнего свойства все нарастают.

Авторы пришли к выводу, что одним из решений данной проблемы является осознание общности судьбы каждым представителем этноса страны. Большую роль в сохранении осознанной идентичности играет объединительная идея, получившая название в казахстанской модели «Мәңгілік ел».

**Ключевые слова:** идентичность, «Мәңгілік ел», межэтническое согласие, межконфессиональные отношения, консолидация, национальное единство

На протяжении веков на исторической земле казахов перекрещивались судьбы многих народов - носителей различных культур, религий и традиций. В результате сложилась уникальная ситуация, когда вместе с казахами мирно живут представители 140 этносов и 40 конфессий. При этом длительное совместное проживание различных этносов сформировало в обществе устойчивые традиции толерантности.

В полиэтничном обществе формирование и укрепление национального единства является базовым условием обеспечения безопасности и независимости государства, реализации стратегических приоритетов его социально-экономического и политического развития.

Актуальность сплочения и консолидации казахстанского общества значительно возрастает в современных условиях, когда перед Казахстаном стоят задачи по реализации планов новой индустриализации, обеспечения инновационно-технологического прорыва страны в XXI веке.

В этой связи, целью идеи «Мәңгілік ел» является обеспечение национального единства в Казахстане на основе гражданской идентичности, патриотизма, духовно-культурной общности, сохранения стабильности, межэтнического и межконфессионального согласия в обществе.

Под национальным единством понимается целостность существования этнических общностей в составе единого государства, высокая степень самоидентификации граждан страны с Республикой Казахстан, с существующей системой ценностей и идеалов, которые близки абсолютному большинству казахстанцев и консолидируют общество в единое целое.

Объединяющим началом и предметом заслуженной гордости всех поколений казахстанцев является наша общая история.

С обретением независимости общими ценностями народа Казахстана стали свободный выбор своей собственной судьбы, сопричастность к строительству нового государства, совместная ответственность за судьбу страны и будущих поколений ее граждан.

В то же время разнообразие и диалог этнических культур в стране являются источником постоянного обогащения и развития всех казахстанцев.

В казахстанском обществе глубоко укоренились нравственные ценности, почитание старших, уважение к институту семьи, традиции гостеприимства.

Все это способствует укреплению взаимопонимания и дружбы граждан различной этнической и религиозной принадлежности.

Сегодня в Казахстане сформирована собственная модель межэтнического согласия, получившая высокую оценку в мировом сообществе.

Приоритеты обеспечения межэтнического и межконфессионального согласия отражены в программной работе Президента Н.А. Назарбаева «Идейная консолидация общества как условие прогресса Казахстана», Концепции формирования государственной идентичности РК. Эта тема всесторонне раскрыта в книгах Главы государства «В потоке истории», «Критическое десятилетие», его докладах на сессиях Ассамблеи народа Казахстана и других выступлениях.

Одним из главных инструментов национальной политики стала созданная в 1995 году Ассамблея народа Казахстана (АНК), объединяющая 818 этнокультурных объединений. Их руководители входят в состав АНК, а также малых ассамблей. 46 этносов имеют свои этнокультурные центры.

В 2007 году в рамках конституционной реформы Ассамблея получила право избирать девять депутатов Мажилиса Парламента. Таким образом, введен конституционный механизм представительства интересов этнических групп в Парламенте. В 2008 году принят Закон «Об Ассамблее народа Казахстана», не имеющий аналогов в мире.

Важнейшим направлением деятельности государства в сфере межэтнических отношений стало проведение сбалансированной языковой политики. Согласно Конституции, государственным языком является казахский, в государственных организациях и органах местного самоуправления наравне с казахским официально употребляется русский язык. Государство заботится о создании условий для изучения и развития языков народа Казахстана.

В 1673 школах обучение ведется на русском языке. Действует 81 школа, в которых обучение полностью ведется на узбекском, таджикском и уйгурском языках. В 108 школах языки 22 этносов Казахстана преподаются в качестве самостоятельного предмета. Открыто 195 специализированных этнолингвистических центров, где дети и взрослые могут изучать языки 30 этносов. Для изучения родных языков выделяются бюджетные средства воскресным школам.

Уделяется большое внимание развитию многообразия культурной и информационной сферы. Так, кроме казахских и русских театров успешно функционируют 4 национальных (этнических) театра: узбекский, уйгурский, корейский и немецкий. Причем три из них - единственные на территории СНГ.

Газеты и журналы выпускаются на 15 языках, радиопередачи выходят на 8, телепередачи - на 11 языках, государством выделяются средства на поддержку деятельности 19 этнических СМИ, а всего их 33.

Стало традицией ежегодно проводить массовые народные празднования Наурыза, Масленицы, объявлены выходными религиозные праздники Курбан-айт и православное Рождество.

Начиная с 2003 года в нашей стране проводятся съезды лидеров мировых и традиционных религий, в которых принимают участие видные религиозные деятели и представители различных конфессий.

Таким образом, в Казахстане накоплен уникальный опыт национальной политики, обеспечивающей мирное сосуществование множества различных этносов и конфессий. При этом главным фактором успешности казахстанской модели межэтнического согласия выступает сохранение баланса интересов населяющих страну этнических групп, не допускающего привилегированного положения одних и ущемления прав других.

Вместе с тем существует ряд факторов, который может оказывать отрицательное влияние на межэтническую ситуацию.

В частности, это усиление этнорелигиозных противоречий в различных частях мира, в том числе и в некоторых соседних странах. Потенциальную опасность представляет проникновение в Казахстан извне различных форм этнорелигиозного экстремизма и радикализма. Этническую окраску могут приобретать имеющиеся в обществе локальные социальные и бытовые проблемы. Возможные упущения в работе по

воспитанию молодого поколения содержат опасность для преемственности традиций межэтнической и межкультурной толерантности населения полиэтничного Казахстана.

Эти и другие аспекты требуют повышенного внимания как со стороны государства, так и всего общества.

Консолидация казахстанского общества – задача предельно актуальная. Да, в Казахстане имеется осязаемый уровень согласия, как этнического, так и конфессионального. И это наше достояние, которым надо дорожить. Но согласие и единство – это не состояние, это процесс. Как это всегда бывает при качественном реформировании страны, а нам необходимо это реформирование, тот уровень согласия, который был вполне удовлетворителен вчера, становится недостаточным для решения сегодняшних задач, а тем более – завтрашних. Их решение требует более глубокого единства, притом, что вызовы внутреннего и особенно внешнего свойства все нарастают. Качественная модернизация Казахстана, реальный переход его на инновационные технологии потребует осязаемого напряжения сил казахстанского общества, и здесь единство общества, концентрация его усилий на прорывных направлениях развития являются необходимыми.

Сегодня как никогда Казахстан расширяет свою идентичность – он совмещает западные и исламские ценности, западные и восточные формы экономического и финансового развития. Это необходимо, так как сохранение идентичности предполагает расширение ее содержания. Отсутствие осознанной идентичности крайне опасно и для государства, и для общества, и для человека. Это отсутствие ведет к распаду любой общности, всякой личности. «Для общества гораздо страшнее нищеты атомизация нации», – подчеркивает Н.Нарочницкая. «Если разрушить социальную ткань, то формируются целые категории граждан с психологией люмпенов, которые не ассоциируют себя ни с государством, ни с социумом, они не участвуют в его поступательном развитии. Это серьезная проблема для властей любой страны» [1].

Среди других проблем, связанных с сохранением идентичности на страновом и личностном уровне, огромное значение имеет процесс сохранения религиозной идентичности. Для Казахстана последняя задача означает сохранение особого статуса ислама и православия с частичным приятием (или неприятием) католицизма, новых протестантских и нео-ориенталистских религиозных течений. Процесс этот – сложный и многомерный.

Казахстану надо сознательно удерживать имеющийся уровень духовной идентичности – это позволит сохранять и государственную, и общественную, и личностную идентичность. Поэтому почти единственным путем противостояния глобалистскому вызову бездуховности в Казахстане является государственная поддержка исламу и православию, как традиционным религиям, издавна здесь существующим, и духовная (на основе ислама и православия) консолидация казахстанского общества.

Осознанию общности судьбы должна способствовать объединительная идея, на роль которой выдвигались и выдвигаются такие идеи, как: 1) идея гражданского общества; 2) казахская национальная идея; 3) идея евразийства; 4) идея «экологического возрождения» и конечно идея «Мәңгілік ел».

Социально-экономическое самочувствие населения является также очень важным фактором, влияющим на консолидацию и проблемы государственного строительства. Понятно, что переход к рыночным отношениям способствовал расслоению общества, а условия глобализации усилили ситуацию разделения на «субъекты» и «объекты» глобализации, как на уровне государств, так и на уровне индивидов.

Одним из определяющих факторов социально-экономического самочувствия населения является неоднозначное отношение к вопросу о легитимности распределения общественного богатства на заре обретения Казахстаном независимости. Такая ситуация характерна практически для всех постсоветских республик. Так, свое негативное отношение к перераспределению общественного богатства в России неоднократно высказывал лауреат Нобелевской премии по экономике (2001) Джозеф Стиглиц. Он отмечал, что вместо того чтобы увеличить темпы роста экономики они (команда Т.Гайдара) разрушили ее, опираясь на еще более фантастические, чем у К.Маркса, представления о природе капитализма [2].

Исследователи отмечают, что во многих странах мира (и даже в отсталых) сложился слой американизированной или европеизированной элиты, получившей образование на Западе, который превращается в космополитов «не в силу осознания единства мира или мышления глобальными категориями, но в том смысле, что их связь с национальным социумом резко ослаблена и они существуют в своем оторванном от реальности мире» [3]. Другие исследователи отмечают, что «культурная деградация, культурный гедонизм элиты, больше не способной поддерживать идею духовного превосходства, сильнее подтачивали стены мировых империй, чем полчища варваров, или армии неприятелей» [4].

Социокультурная консолидация, единый порыв народа нашей республики, возможность их осуществления имеет два основных структурных аспекта: социальный и национальный. Первый – забота о челове-

ке, то есть каждый человек должен почувствовать, что государство в лице всех структур действительно заботится о нем: это ответственная работа каждого чиновника на своем месте, борьба с коррупцией. Кроме того, каждый член общества должен почувствовать, что он может действительно влиять на общественные процессы через систему выборов, неправительственные организации, общественные организации. То есть реально должен действовать принцип обратной связи, в основе которого в системе человеческих сообществ должны лежать два основных принципа демократии – избирательность и подотчетность.

Таким образом, для реализации идеи «Мәңгілік ел» необходимо сконцентрировать усилия государства и общества на решении следующих основных задач:

- укрепление общеказахстанской идентичности, поддержка консенсуса по основополагающим ценностям казахстанского общества;
- формирование эффективной системы взаимодействия государственных органов и институтов гражданского общества в сфере межэтнических, межконфессиональных отношений;
- развитие государственного языка как фактора единения народа Казахстана;
- содействие сохранению и развитию этнокультурной, языковой самобытности казахстанских этносов;
- противодействие проявлениям экстремизма и радикализма, недопущение ущемления прав и свобод человека и гражданина.

1 Нарочницкая Н. Кризисы заканчиваются. Вопрос в том, какими мы выходим из них // «Литературная газета», №35, 2009.

2 Стиглиц Дж. Глобализация: тревожные тенденции / Пер. с англ. и примеч. Г.Г. Пирогова. – М.: «Мысль»: Национальный общественно-научный фонд, 2003. – 300 с.

3 Луценко К. Кто победит? Национальное государство в эпоху глобализации. // «Свободная мысль». – 2006. – №3. – С. 192-199.

4 Василенко И.А. Символический капитал культуры в глобальной геополитической борьбе. – «Власть». – 2002. – №3. – С. 36.

### Түйіндеме

Мақала тәуелсіз Қазақстанның өзекті мәселелерінің бірі – азаматтық сәйкестендіруді нығайтуға арналған.

Қазіргі уақытта қазақ еліміз әр түрлі этникалық және діни қатарына қатысты азаматтарының өзара түсінушілік пен достықты нығайту жағынан бай тәжірибе жинаған. Қазақстанда әлемдік қауымдастықта жоғары баға алған этносаралық келісімнің өзіндік үлгісі қалыптасқан. Алайда, бұған қарамастан, Қазақстан халықтарының этникалық және діндік сәйкестілігі сақталуы мен күшейтілу үдерісі - Қазақстандағы маңызды және өзекті мәселе. Қоғам әрқашан даму кезінде, сол себептен кешегі күні қанағат болған ынтымақ деңгейі бүгінгі және ертенгі күні туылатын мәселелерді шешуге жеткіліксіз болуы мүмкін. Олардың шешімі терең тұтастықты талап етеді, себебі ішкі және әсіресе сыртқы қарсылық әрқашан күшейе беруде.

Авторлар бұл мәселенің бір шешімі - әрбір этнос өкілі тағдырларының ортақтығын сезінуін қорытынды етті. Саналы сәйкестіліктің сақталуы барысында Қазақстан үлгісінде «Мәңгілік ел» деп аталынған біріктіруші идея үлкен рөл атқарады.

**Тірек сөздер:** сәйкестілік, «Мәңгілік ел», этносаралық келісім, конфессия аралық қатынастары, бірігу, ұлттық бірлігі

### Summary

The article is dedicated to one of the actual problems of independent Kazakhstan – strengthening of civil identification.

Nowadays, Kazakhstan has accumulated rich experience in strengthening mutual understanding and friendship between the citizens of different ethnic and religious backgrounds. Kazakhstan has formed its own model of inter-ethnic harmony, which has been praised in the international community. But despite this, the process of maintaining and strengthening of the ethnic and religious identity of the peoples of Kazakhstan has been and remains a very important and urgent task. This is due to the fact that the society does not stand still, the level of agreement that was quite satisfactory yesterday, is becomes insufficient for today's problems, and especially tomorrow.. Their solution requires a deeper unity, despite the fact that the challenges of internal and external properties are particularly increasing.

The authors concluded that one of the solutions to this problem is the awareness of a common destiny representative each ethnic group of the country.

**Keywords:** a major role in maintaining a conscious identity plays a unifying idea, dubbed in Kazakh model of "Mangilik el".

## ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ

УДК 94(574)

### ДАЛА МӘДЕНИЕТІ ДАМУЫНЫҢ РУХАНИ БАСТАУЛАРЫ

Қ.Қ. Бегалинова – филос.ғ.д.,

Г.Н. Қасымбаева – т.ғ.к., Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ

Мақалада авторлар дала мәдениетіндегі рухани мәселелердің даму ерекшеліктерін қарастырады. Шығыс халықтарының дүниетанымы бейнеленген ортағасырлық шығармаларға талдау жасалған. Шығыстың ауызша және жазбаша мәдениетінің жетістіктеріне тоқталған. Мәдениеттің әртүрлілігі себептерінің түп-тамыры, біздің ойымызша, шаруашылық-мәдени типтерде. Алғашқы – далалық – қабатта көшпенділік басым орын алады. Екінші аймақ шығыстың отырықшылық-егіншілік жағдайында қалыптасады. Бұл факторлар аймақтық құбылысқа тән басқа ерекшеліктерді де анықтайды. Дала мәдениетінің әмбебаптығымен қатар бірегейлігі әлеуметтік-экономикалық және мәдени-тарихи себептер кешеніне байланысты. Бейімді тіршілік етумен қаладағы отырықшы-егіншілік өркениеттің икемді сәйкестігінің арқасында Қазақстан территориясында бұлжымайтын рухани эволюция үшін алғышарттар пайда болды.

**Тірек сөздер:** Ұлы Дала мәдениеті, руханилық, дүниетаным, ауызша және жазбаша мәдениет, Әлем

Адамзат тұтастық ретінде күрделі космостық құбылыстың жаратылысы, үйлесімді космостың қажетті және заңды бөлігі болып табылады. Қазіргі кезеңде адамзат балалық шақтан бастап, тамаша жастық шақ арқылы өте отырып, өзінің эволюциялық рухани кезеңіне аяқ басты. Дәл қазіргі кезде адамзат өткенге қорытынды жасап, болашақ перспективасының мәнін түсінетін кезеңге жетті. Сондықтан қазіргі кезең болмыс ақиқатына сұраныс болып табылады: Адам жер жолын түсінеді және өзінің экзистенциясын іздейді. Осылайша арнайы теориялық зерттеулер арқылы ғана емес, сонымен қатар ғылыми-танымал басылымдардағы және өте маңызды болып табылатын өмір шындығы арқылы өтетін рухани әдебиеттегі төңкерісті түсіндіруге болады.

Әлем эпохалық өзгерістер табалдырығында тұрғанын көптеген сансыз деректер мензейді. Ауаның өзіне қайсыбір вибрациялар сіңгендей, осы көрінбейтін, бірақ анық сезілетін, ауада кезіп жүрген өзгерістер байқалады. Қазіргі ойшылдардың атап өтетін келесі ерекшелігі осы тоқтар адамның ең нәзік рухани мәнін қозғайды. Дәл осы руханилық, рухани өлшем сол бір көзге көрінбейтін, алайда сезілетін, дегенмен әзірше нақты, сыртқа көрінерліктей бейнесі жоқ рельефті сезінерлік аура болып табылады.

Ұлы Дала мәдениетінің ауызша - акустикалық, контактілі - коммуникативті қабаттарын қазақтар, қырғыздар мен башқұрттар, түркмендер, өзбектер мен татарлар, қарақалпақтар, тувалықтар мен алтайлықтар, якуттер, хақастар мен қалмақтар, буряттар, монғолдар және кең байтақ дала кеңістігінде орналасқан басқа этностар тірі бүлінбеген ипостаста өсірді. Мәдени-тілдік бірлік, аңыздар, жырлар - эпикалық ертегілердің, вокалды-инструменталдық жанрлардың ортақтығы осы үрдістердің нәтижесі болды. Оны бақсы, жыр, толғау, жар-жар, ұста (ұстаз), саз, сазгер, күй терминдерінен көруге болады. «Бақсы» сөзінің адамға қатысты (ауруды білу) және космоспен (мәңгілік) қосарланған, сонымен қатар, олардың үздіксіз байланысын көрсететін көптеген мәні бар. Бақсының негізгі әлеуметтік миссиясы жоғары болғандығы соншалық, 19 ғасырға дейін қазақтың рухани қайраткерінің қобызы қасиетті, діни құрал ретінде сақталды, оны тек бақсылар мен жыраулар ғана қолдануға құқылы болды, ал ерекше (қою, қаныққан) тембрі, яғни айқын көрінісі осы күнге дейін ескіше түрде – қыл-қобызда сақталған. Көптеген мәнге ие «саз» дефинициясын да осындай аспектіде көрсетуге болады. Шығыс халықтарында табиғи материал - балшық, ал әуен және музыка аспабы бір «саз» сөзімен белгіленеді. Мұндай дәл келу, үйлесу әннің, әуеннің балшықтың илімділік мүмкіндігімен ұқсатуға негізделген; екеуінің де адамға әсер ету ерекшеліктері бар. Көптеген ежелгі халықтарда балшықтан жасалған алғашқы адам туралы этимологиялық аңыз кең тараған. Сөздің этимологиясы материалдық және рухани бастамалардың бөлінбейтіндігі ретінде жалпыкөлемдік тұтастығын сақтайды, саз ұғымының терең филогенетикалық бастауларының бар екендігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді; Жаратушы мен оның жаратуының өзара байланысты жаратылыс әрекеті ретінде Универсумның субстанционалды бірлігін көрсетеді.

Ата-бабаларының жоғары рухани-этикалық өсиеттері тұжырымдалған дүниетаным кешеніне ауызша-акустикалық, контактілі-коммуникативті мәдениет болмысының ерекше тұрақтық пен құрылымды аяқталғандық тән. Мұнда мәңгі рух ауыспалы материядан басым, сондықтан мәдениет те ең алдымен рухани мұра. Осындай дүниетанымдық бағыттар негізінде адамның космоспен қарым-қатынасы жатады. Осы

үлгіде адам – ең кіші және сонымен қатар ең үлкен өлшем, шексіз әлем орталығы; онда жоғалып кеткен, көзге көрінбейтін нүкте емес, сол бір мәңгі аспан, көз жеткізбес шексіз дала мен жазықтық тәрізді оның бөлігі. Адаммен салыстырғанда әлем зор. Алайда ісінде, бүкіл әлеммен тұтастық сезімінде ол өзінің шынайы мәнінің шегіне дейін көтеріледі.

Адам мен космостың өзара қарым-қатынасы кеңістіктік-уақыттық координаталар жүйесін құрайды. Әлем осі деп аталатын вертикаль координата үш негізгі күдіретке сәйкес келетін бүкіл әлемнің үшке бөлінген бөлігінің символы ретінде қабылданады. Олар – тәңір; Жер – Су – Орта әлем жебеушісі; Ұмай – әйелдер әлемінің Тәңірі және балаларды қорғаушы. Олардың бейнесінде космостық өмірдің мәңгі айналымы идеясы анық көрінеді: бұрынғы өткен (аруақтар) – қазіргі – болашақ (балалар). Мұнда болашаққа, яғни балаларға ерекше көңіл бөлінеді. Енді ғана дүниеге келген сәбиге анасы «сипай, мәпелей, әлпештей, әндете отырып: менің қолым емес – Ұмай Ананың қолы, Ұмай Ана сені қолдайды және осы өмірде сені қабылдайды, - деп сыбырлайды. Сәбиге бірден түйсік – сезім... және сөздік – бейнелік деңгейде Өмір Тәңірі мен әлем оны қуана қабылдайтыны туралы беріледі» [1, 16 б].

Ауызша-акустикалық, контактілі-коммуникативті мәдениет болмысының өміршендігі басқалардың қолы жетпейтін қасиетті білімді меңгерген таңдаулы хабардар адамдар арқылы қамтамасыз етілді. Даланың «сегіз қырлы – бір сырлы» тәңірліктерінің қызметін халық жоғарыдан жіберілген тәңірдің сыйы ретінде қабылдады және ол көшпенділердің дүниетанымдық моделін ұстайтын, сақтайтын әрі тұжырымдайтын цементтеуші материал болды, оны өмірге қабілетті және динамикалық қылды.

Басқа қыры, ауызша-акустикалық, контактілі-коммуникативті қыры ерекше дамыды, ол – ортағасырлық кезеңдегі әлем өркениетінің шырқау шегіне жеткен араб-ислам Халифатының мәдениеті еді. Батыстағы сияқты мұнда да Ортағасыр – үлкен жасампаздық, қала құрылысының кең қанат жайған кезеңі және философия, ғылым, әдебиет пен өнердің дамыған кезеңі болды. Алайда жазба мәдениетінің сенімді енуі өмірлік-тарихи негізін құрастыра отырып, әртүрлі бейнеде қайталанбас айқын көріністе ауызша саласымен өзара әрекеттесті. Ауызша және жазбаша қырларының өзара әрекеттестігі қоғам өмірінің барлық салаларын қамтыды. Бір жағынан көркем жазу (каллиграфия) жоғары дамыды; нота жазудың болуы, музыка ғылымының жоғары деңгейі дәлелдейтін саз мәдениетінде жазудың орны ерекше орын алды. Басқа жағынан жазба мәдениетінің өркендеуімен қатар жалпыазиялық феномен – ауызша кәсіби дәстүр жетекші орын алды. Бұл осы күнге дейін Таяу Шығыс, Орта Азия мен Закавказье халықтарының классикалық жетістігі мен ұлттық мақтанышын құрайтын мақамдық-мұқамдық цикл болып табылады. Тәжік пен өзбек мақамдарында, ұйғыр мен әзірбайжан мұқамдарында, иран дастахтарында және араб мақамдарында вокалдық-инструменталдық ансамбль құрамында жеке ән орындау басым.

Ауызша және жазбаша қырларының өзара әрекеттестігі қала мәдениетінің құбылысы – мақамдық өнер; оның тақырыбы мен бейнелері араб-парсы поэзиясымен, яғни Шығыс мұсылмандарының жазба мұрасымен байланысты. «Мақам» (мұқам, магом) – әуен (мелодия) – үлгі терминінің жалпы мағынасы белгілі бір эстетикалық концепцияны (мысалы, Өсу – әдемілік пен жетілу өлшемі; Бузрук – ұлылық пен маңғаздылық, айбындылық, Наво – ән, әуен, өмірді қабылдау) бейнелейді [2, 186 б.]. Араб-ислам Халифаты мәдениетіне діни және секулярлы бастамалардың шектеулі сәйкестігі тән. Ғылыми зерттеулерде діни-философиялық тұрғы басым. Діни ғимараттар, мұсылман медресесі, мешіті немесе будда храмы мәдениеттің әмбебап күмбезі ретінде қызмет атқарады және ғылыми, оқу, өнер орталықтарының ролін орындайды.

Осылайша, сипатталған аймақтардың (Дала және Шығыс) ортақ белгілерімен қатар түбегейлі айырмашылықтары да бар. Осы мәдени-тарихи аймаққа ауызша мәдениет қабатының жүйелі дамуы, осындай жағдайдың арқасында сақталған бастапқы рухани-практикалық тұтастықпен сабақтастығы тән. Айырмашылығы дала қабаты мәдениетті негізгі ауызша-акустикалық, контактілі-коммуникативті болмысы ретінде өсіреді. Араб-ислам Халифатының «Іс-істеп» көшпенді әлемнен айырмашылығы шығыс өркениетіне қайталанбас айқын көрініс беретін ауызша және жазбаша қабаттардың табиғи өзара әсері тән.

Келесі айырмашылығы мақаматтың – тек поэзиямен ғана емес, сонымен қатар қимылмен, би сферасымен байланысты мәдениет құбылысы екендігінде. Дала қабаты ауызша қабат негізінде философия, ғылым, және білім сияқты мәдени сфералардың туындауына мүмкіндік беретіндей биотикалық табиғатты, мазмұн мен түрдің бірлігін, сөз бен әуеннің суырып салмашылық бірлігін сақтауды жалғастырады.

Мәдениеттің әртүрлілігі себептерінің түп-тамыры, біздің ойымызша, шаруашылық-мәдени типтерде. Алғашқы – далалық – қабатта көшпенділік басым орын алады. Екінші аймақ шығыстың отырықшылық-егіншілік жағдайында қалыптасады. Бұл факторлар аймақтық құбылысқа тән басқа ерекшеліктерді де анықтайды. Көшпенділіктің арқасында Іс істепте ауыз әдебиеті тенденциясы басым болады. Айтқанымызға дәлел ретінде түркі мәдениеті мен философиясының негізін қалаушы, «сегіз қырлы, бір сырлы» фразеологизмімен анықталатын әмбебап тип Қорқыт ата әулие тұлғасын мысалға келтіреміз.



Дала мәдениетінің әмбебаптығымен қатар бірегейлігі әлеуметтік-экономикалық және мәдени-тарихи себептер кешеніне байланысты. Бейімді тіршілік етумен қаладағы отырықшы-егіншілік өркениеттің икемді сәйкестігінің арқасында Қазақстан территориясында бұлжымайтын рухани эволюция үшін алғышарттар пайда болды. Ұлы жібек жолындағы көне алқап оазис, Еуразия мәдениетінің інжу-маржаны, адамзат ақыл-ойының және жасампаздығының ескерткіштері Отырар, Тараз, Үргеніш, Яссы (Түркістан), Сайрам, Созақ... болды. Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» (Құтты білік), Махмұт Қашғаридің «Диуани лұғат ат-түрік» (Түркі тілдерінің жинағы), «Кодекс Куманикус» (латын-парсы-қыпшақ сөздігі) энциклопедиялық еңбектері түркі тілді жазба әдебиетінің тамаша жетістіктері болып табылады. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігі» түркі тіліндегі алғашқы энциклопедиялық шығарма. Көшпенді түркі тайпаларынан шыққан қараханидтік династияның отырықшы алқапқа (Мавераннахр, Шығыс Түркістан) саяси үстемдік құру мақсатында жазылды. Қоғамды басқару және ұстай білу даналығын тануға жол көрсету мақсатында жазылған осы саяси трактатта автордың өзінің өмірлік ұстанымының философиялық мәнін түсіну бойынша бай тарихи-мәдени материал жинақталды және қорытыланды; сонымен қатар Жүсіп Баласағұн өзі өмір сүріп отырған қоғамды сынаудан қорықпайды. Өмір мәнінің дүниетанымдық мәселелері: адамның не үшін жаралғандығы, қоғамдық және табиғи универсумдағы адамның орны мен рөлі қарастырылады. «Барлық құндылықтардың ішінде махаббат қана жоғары құдіретке ие, себебі ол басқа адамның өзіне сияқты қайталанбас және ерекше күйзелетін рухани, мәндік өлшем деңгейіндегі өзара қарым-қатынасы», - деп тұжырымдайды Баласағұн [3, 119 б.]. «Тоғыз ғасырдан аса бұрын ойшыл-ақын дүниеге келген және өзін толғандырған ойын өзінен кейін дүниеге келетіндермен бөлісуді ниет етіп, өскен жерлерде ғасырлар қойнауынан үндеу естуі тиіс: әлемге оның бүкіл көпөлшемді және таусылмас тереңдікте қарандар, жеңілдікке салынбаңдар, даналықпен ұғыңдар, бәрінен бұрын өздерінде адамгершілікті сақтандар» [4, 65 б.].

Махмұт Қашғаридің «Диуани лұғат ат-түрік» үш томдық түркі тілдерінің сөздігінің баспадан шығуы Ортағасырлық ғылыми әлемде үлкен оқиға болды. Оған дейін негізінен діни-философиялық, поэтикалық, дидактикалық және құқықтық жұмыстар белгілі болды; түркілер филологиясы туралы кітап айрықша оқиға болды. «Осы кітапты, – деп жазады Қашғари өз еңбегі туралы, – мен алфавиттік ретпен мақалалармен, мәтелдермен, өлеңдермен және прозадан алынған үзінділермен... безендіре отырып, құрастырдым. Мен онда (кітапта) олардың (түркілердің) тәжірибелерімен және білімдерімен (оқырмандарды) таныстыру үшін, оқитын өлеңдерінен мысалдар, сонымен бірге олардың бақытты және бақытсыз күндерде дана нақыл сөздер ретінде қолданылатын мақалдарын тараттым. Сонымен қатар мен кітапта аталмыш заттар мен белгілі (қолданылатын) сөздерді жинастырдым, және осылайша, кітап жоғары құндылыққа көтерілді және озат басымдыққа жетті» [4].

1 Нурланова К. *Человек и мир: казахская национальная идея.* – Алматы: Қаржы-Қаражат, 1994.

2 *Музыкальный энциклопедический словарь.* Гл. редактор Келдыш Г.В. – М.: Советская энциклопедия, 1990. – 672 с.

3 Орынбеков М.С. *Духовные основы консолидации казахов.* – Алматы: ИД «Аркаим», 2001. – 252 с.

4 Касымжанов А.Х., Касымжанова С.А. *Духовное наследие казахского народа.* – Алма-Ата, 1991. – 90 с.

### Резюме

В статье авторы рассматривают особенности духовного развития культуры Степи. Дан анализ средневековых произведений, где отражены мировоззрения народов Востока. Раскрыты достижения устной и письменной культуры Востока. По нашему мнению, корни культурного многообразия лежат в хозяйственно-культурных типах. Первоначально степных слоях кочевничество играют приоритетную роль. Оседло-земледельческая зона формировалась на восточных районах. Эти факторы определяют и другие особенности связанные с этим регионом. Универсальность и неповторимость Степной культуры определяются социально-экономическими и культурно-историческими комплексными причинами. Благодаря тесной связи между обычной городской и оседло-земледельческой цивилизации, на территории Казахстана для духовной эволюции.

**Ключевые слова:** культура Великой Степи, духовность, мировоззрение, устная и письменная культура, Вселенная

### Summary

In the article authors examine the features of spiritual development of culture of Steppe. An analysis is given to medieval works, where the world view of people of East is reflected. The achievements of verbal and writing culture of East are exposed. In our opinion, the roots of cultural diversity lie in the economic and cultural types. Originally nomadic steppe layers play a primary role. Settled agricultural area formiravalas on the east. These factors determine and other features associated with this region. Versatility and originality of the steppe culture defined by socio-economic and cultural-historical complex causes. Due to the close relationship between the city and the usual sedentary agricultural civilization in Kazakhstan for the spiritual evolution.

**Keywords:** culture of Great Steppe, spirituality, worldview, verbal and writing culture, Universe

## КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ ШЕТЕЛ ЗЕРТТЕУШІЛЕРІНІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ

**Ш.Т. Булгауов** – *ал-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Тарих, археология және этнология факультеті, Дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының оқытушысы*

Мақалада кеңестік Қазақстандағы ұлт мәселесінің зерттелуі деңгейі анықталады. Мәселенің тарихнамасының тарихнамасына шолу жасалады. Тарихнамалық зерттеулердің өте сирек жазылуының себептері, ғылымда үстемдік еткен тұжырым айқындалады. Ұлт мәселесін зерттеудегі ұстанымдардың бағыттары қарастырылады. Тарихнамалық деректердің кеңестік және тәуелсіздік кезеңге сәйкес келетіндігіне назар аударылған. Кеңестік кезеңдегі ғылыми әдебиеттерде тарихи дамудың барлық сатысына формациялық тұрғыда қарайтын, тарихты анықтаудың басқа принциптерін мойындамайтын, қоғамдық-экономикалық формация категориясын жеке дара дәріптейтін, адамзаттың мыңдаған жылдық адамгершілік, өркениеттік жетістіктерін жоққа шығаратын, адамдардың материалдық өндіріспен байланысын өте жоғары қоятын, әлеуметтік-экономикалық салаға «өндірістік қатынас, өндіргіш күш» қатынастарының нәтижесі арқылы ғана қарайтын, «таптық» тұрғыдағы методологиялық зерттеу бағыттары үстемдік еткендігі жазылады. Тәуелсіздік кезеңінде «Тарих – адам қызметінің жемісі» принципі, тарихи таным үдерісінде ең жоғары құндылық ретінде адамды қою, кеңестік ұлт саясатының геноцид, этноцит, ашаршылық, саяси т.б. да жағымсыз өзгерістерге алып келгеніндігін дәлелдейтін ұстаным басшылыққа алынғандығы туралы тұжырым жасалады.

**Тірек сөздер:** ұлт мәселесі, тарихнама, тарихнамалық деректер, тарихнамалық кезең, методологиялық бағыттар, лениндік ұлт саясаты

Кеңестік тарихтың жаңа кезеңмен байланысты өзгеріске түсуі, кеңестік саяси, шаруашылық реформаларының ұлт, қоғам дамуымен үйлеспейтін, шындықтан қашық тұстарының жария болуы да бұл кезеңге өзгеше қарауымызға себеп болып отыр. Қазақ халқының кеңестік кезеңдегі терең өзгерістерге түсу себептеріне, оның әлеуметтік, саяси, идеологиялық және экономикалық «жетістіктерге» жетуіне басты қадам жасаған кеңес билігінің саяси, идеологиялық әрекеттеріне сын көзбен қарауымызға да көптеген себептері бар. Негізгі себеп, ол қазақ халқының, оның саяси еркі мен бостандығының тәуелсіздікке қол жеткізуі болатын. Сонымен қатар, айта кету керек, Ленин, Сталин секілді кеңестік құрылыстың көсемдері тұсында социалистік құрылысты орнату жолындағы идеологияның, саясаттың тек ұлт мәселесінің «құрамдас бөлшегі» ғана болып, интернационализм идеясының негізі бойынша ұлттың «өтпелілігінде», қоғамдық өзгерістерді жасайтын ұлт емес, езілген таптар деген тұжырымның үстем болуына байланысты болды. Соның салдарынан «социализмнің толықтай жеңісі», «мәдени революция», «азамат соғысы», «жер-су», «аграрлық», «индустриалдық» т.б. да өзгерістер, ондағы «табыстар» тек жұмысшы, шаруа таптарының мүддесі тұрғысынан қарастырылып, барлық өзгерістерге «таптық» таңба басылды.

Егер буржуазиялық «фальсификаторлардың» қандай мәселелерге баса назар аударғанына топтама жасайтын болсақ **біріншіден**, жергілікті халықтар «Кеңес өкіметі үшін күресуге дайын емес еді», далалық өлкеде социалистік революция «заңсыз оқиға болатын», жергілікті халықтар революциядан «аулақта қалды»... деген сөздер көзге түседі. **Екіншіден**, ұлт аймақтарының социалистік революциядан соң да «отарлауда», еріксіздікте, қысымда... екендігі. **Үшіншіден**, социализм мұнда «күштеп орнату», тонау арқылы жүргені айтылады. **К.Есмағамбетов** Уилердің сөзімен айтқанда жергілікті халық Совет өкіметі үшін күресуге дайын болмаған себебі «сауатсыздық», өйткені «1917-ші жылы Далалық өлкенің, түркістандықтардың мұсылман жұрты 97% сауатсыз болатын, тек аздаған сауатты интеллигенция ғана революцияны түсіне алатын» еді дейді. Зеньковский де «көшпелілік, төмен деңгейлі сауаттылық, рулық қатынас... «пролетарлық революция» тұсында олардың саяси бейжай болуына алып келді», «көшпелілерге саяси хабарлар, идеологиялық ұрандар тым кеш жететін» дейді [1,155-156 бб.]. Автор бұл сөздерге тек қана «...бұл тұжырымдар тарихтың шындығына қарсы» - деп қана жауап қатады. А.Парк те «1917-ші жылдың алдында марксистердің өзі Түркістанды социалистік революция үшін қолайсыз орта деген» - дейді, **К.Есмағамбетов** болса «Осылай дей тұра империализм тұсында ұлттық мәселе ұлттық-отарлық мәселеге айналғанын, ал ұлт-азаттық қозғалыс социалистік революцияның құрамдас бөлігіне айналғанын айтпайды» - дейді [1,156 б.]. Автор А.Паркті өзімен шатастырып алған секілді, өйткені ондай ойды тек қана марксист, коммунист қана айтары анық. Ал, **Х.Иноятов** буржуазиялық тарихнамашылардың «Түркістан мен Далалық өлкеде революцияның жеңісі заңды құбылыс емес» [2,236.], оның үстіне ол революцияның «тек орыстардың қатысуымен болып, жергілікті халықтардың қатыспағандығын» айтқанын келтіреді [2,24 б.]. Шетел авторларының сөздерін **С.З. Зиманов** «Қазақстанда толықтай немесе жеке бөліктерінде ұлттық жұмысшы табы, осы сөздің қатаң түсінігінде, болған жоқ. Тек саны аз, бытыраңқы, санасы аз,

өзерінің көшпелі және жартылай көшпелі ұжымдарымен байланысын үзбеген жұмысшы қабаты (прослойка) болды. Қазақстан жұмысшылары әлі де болса жартылай шаруа болатын» [3, 94 б.] және «1918-ші жылдың ортасына дейін өлкеде болшевиктердің бір де орталығы болған жоқ» [3,98 б.] деген сөздер арқылы қостап тұрғандай. Оның үстіне автор Қазақстанда Октябрь революциясын кім қолдады деген мәселеге де жауап беретін секілді: «Қазақстанда казак бөлімдерінен өзге тұрақты әскери бөлімше-лер аз болмады. ...Солдаттар көп жағдайда революциялық үгіт үшін қолайлы орта болатын» [3, 91 б.], - дейді.

**К.Есмағамбетов** буржуазиялық тарихнама «Октябрь революциясын тек орыстар жүзеге асырды»... Х.Сетон-Уотсон айтқандай «жаңа өкіметтің» негізгі мақсаты «Түркістандағы социалистік революцияны ұйымдастыру емес, мұсылман арасындағы ұлттық қозғалысты басып-жаншу болатын». Уилер айтқандай «Совет өкіметінің казак өлкесіндегі сүйеніші, таптық жағынан бөлінісіне қарамай, орыс қоныс аударушылары болатын» [4,158 б.]. Р.Пайпс, А.Парк, О.Кэроу т.б. өлкеде «орыс отаршылдарының» болуы, ал ұлттық үкіметтердің оларды өз жағына тарта алмауы соңғыларының «жеңілуіне себеп болды» дейді. ...Уилер де «советтік саясаттың шаруалардың революцияшылдығына күмән келтіретіндігін», ал орыс, украиндырдың негізінен «жұмысшы болғанын», ал азиаттардың көпшілігі «шаруа» болғандықтан екуінің арасында одақ болуы мүмкін еместігін айтады [4,161 б.]. М.Рукин осылардың қорытындысы секілді «Октябрь революциясының табысы бүгін бір аймақты жаңа тәртіпсіздікке ұшыратты. Орыстың революциялық «бостандық» ұраны мұсылмандар үшін заңсыздық пен тонаудың «бостандығына» айналды» [4,161б.], - дейді.

Ұлт аймақтарының социалистік революциядан соң да «отарлауда», еріксіздікте, қысымда қалғанын **К.Есмағамбетов** ағылшын-американ буржуазиялық тарихнамашыларының сөзін келтіре отырып лаж жоқ білдірді: «Олар КСРО-дағы ұлттық мәселенің шешілу тәжірибесінің халықаралық маңызын өздерінше түсіндіріп, ұлттың өзін-өзі билеу құқы шындығында (фактический) біздің елімізде іске аспағандығын, Орта Азия халықтары мен казак халқы өздерінің тағдырын өз бетімен және ерікті шешуге мүмкіншілік алмағанын «дәлелдеуге» тырысады» - дейді [4.162-163 бб.]. Автор ұлттың өзін-өзі билеу құқы принципінің маркстік-лениндік түсініктемесі (трактовка) А.Лоудың «Ленин ұлттық мәселе жайында», Ф.Бахгорнның «Советтік орыс ұлтшылдығы», Э.Гудманның «Дүниежүзілік мемлекеттің Советтік моделі», Катлин Стальдің «Британдық және Советтік отарлық жүйелері», Р.Смаль-Стоцкийдің «Совет Одағының ұлттық проблемалары», Р.Пайпстің «Совет Одағының құрылуы» және т.б. зерттеулерде «сынға» алынғанын, ол үшін олар оны бұрмалағанын жазады. Мысалға: А.Парк «1920-шы жылдың соңында Совет үкіметі іс жүзінде, принципінде болмаса, Россия ұлттарына берген өзін-өзі билеу құқын, бөліну құқына дейін, бұрынғы әудесінен бас тартты» деген. Ал Р.Даниэльс пен М.Рукин «СССР-дің құрылуы ерікті түрде емес, күштеу арқылы» деп дәлелдейді, Я.Грей «Алғашқы елу жыл. Советтік Россия 1917-1967 жж.» кітабында ұлттық аймақтар «Советтік Россияға тек Қызыл Армияның «жаулауынан»(оккупация) соң қосылды» деп үзілді-кесілді мәлімдейді» [4,163 б.], - дейді.

Осы тектес ойды **К.Есмағамбетов** Х.Сетон-Уотсон Октябрьдің 50 жылдығына арналған жинақта КСРО өмірін «бір де бір азиаттық ұлттар өздерінің мемлекеттерін құру мүмкіншілігіне ие бола алмады» деп сипаттайтынын, осыған ұқсас тұжырымдарды Р.Смаль-Стоцкий, Г.Хэмбли, Л.Тиллет, Т.Раковска-Хармстоун т.б. да жазатынын [2,164 б.] айтады. Буржуазиялық тарихнамашылар марксистердің мақсаты «шаруаларды қайыршыландыру, оларды меншігінен айыру» екенін, онан соң «олардан пролотерий жасау» болғанын, жалпы большевиктер шаруаларға «саяси ойында айырбас теңге» ретінде ғана қарағанын айтып «кінә таққысы келеді» [2,164 б.], - дейді. **Х.Иноятов** 1973-ші жылы жарық көрген «Советтік Орта Азиядағы ұлттық мәселе» - деген ұжымдық еңбектің, Э.Олуорттың редакциясымен шыққан, бір авторы Сеймур Бэнкер «Ташкент үкіметі орыс отарлық өкіметтің бейнесін сақтаған» деп тұжырым жасағанын алға тартты [5,292 б.]. Социализм мұнда «күштеп орнату», тонау арқылы жүргені айтылады.

Кеңестік зерттеушілер шетел авторларының социалистік құрылыстың тағы бір тірегі ұжымдастыру саясатының да сынға түсуі болатын. **К.Есмағамбетов** ағылшын-американ буржуазиялық тарихнамашыларының «ешқандай объективті алғышарттар болмаса да» Қазақстандағы ұжымдастырудың «заңсыздығын», күштеуге негізделгенін, бұл өзгерістің тек қана «орыс пролетариатының пайдасы» үшін болып жатқанын айқанын келтіре отырып, Дж. Уилер «Кеңес өкіметінің мақсаты ол жерді және суды пайдаланудың дәстүрлі жүйесін бұзу еді», ал А.Волин, С.Н. Прокопович, Г.Динерштейн, Н.Ясный, М.Фейнсод, Ф.Мосли т.б. «ұжымдастыру тек қана күштеуге негізделді» деп айтқанын келтірді. И.Виннер, Дж. Уилер, Р.Пайпс, Е.Бэкон «көшпелілерді отырықшыландырудың қажеттілігін және мүмкіншілігін жоққа шығарады» [4,165 б.], - дейді автор. В.Канолли «Оралдың арғы жағында» деген кітабында: «...большевиктер партиясының съездері Россияның индустриалдық негізінің шығыс бөліктердің орасан зор табиғи байлықтарының игерілуі арқылы кеңеюін қарастырды» [4,167 б.], - деп индустриаландырудың кімнің арқасында

жүруі тиіс екенін білдіреді. Осы сөздерді растайтын ойларды Коларц, Уилер де айтады, олар индустриаландыруды «отарлаудың құралы», Коларц «Тәжірибе көрсеткендей Кеңес Одағының орыс емес территориясындағы әрбір жаңа фабрика, әрбір жаңа көмір шахтасы, әрбір жаңа мұнай бұрғысы сол территориядағы халықтар үшін емес, великоросстар үшін», Х.Сетон-Уотсон «мұндағы әлеуметтік реформалар... жергілікті ұлттардың пайдасына шешілмеген» деп ойларын ашып айтқанын автор сынға алды [4,168 б.].

Р.Кокуэстің «Ұзақ уақыт бойына Кеңестік империяны қорғаудың сылтауы болып келген... индустриаландыру. Бірақ та мұндай ақталуды кез келген отар державасына да келтіруге болар» деп айтқанына **К.Есмагамбетов** қосылмайтындығын білдірді [4,171 б.]. **О.И. Чеченкина** да осы тектес ойды айтқандарға «олар осындай табыстар коммунистерсіз, кеңестік құрылыссыз да болатындығын, өйткені өмір алға жылжуда, ал прогресс қандай да болмасын бір жүйенің монополиясы емес» - деп дәлелдеуге тырысады дейді [5,19 б.]. Ал, білім саласындағы, жалпы мәдени революция табыстарын Х.Сетон-Уотсон, Дж. Уиллер, Я.Билинский, В.Аспатурян, Н.Де Уитт, Р.Конквест, Дж.Решетар, Уильям Медлис т.б. «тек қана ұлттық рухты, дәстүрді жаншып басумен, күштеп ассимиляциялаумен және орыс емес халықтарды «орыстандырумен» байланыстырады» [5,20-21 б.], - деп сынға алды. Автор буржуазиялық авторлардың қорытынды секілді мына бір кең тараған ойын келтіреді «...социализм тұсында түрлі мәдениеттерге орын жоқ, коммунизм және ұлттық мәдениет – өз ара сәйкестігі жоқ түсініктер», «ұлттық өнер мен мәдениеттің дамуындағы «кедергі» ол – коммунистік партияның басшылығы» [5,26 б.]. Зерттеуші өзінің ұлтқа деген көзқарасын: «буржуазиялық әдебиетте ұлт жайлы – табиғатынан мәңгілік, қатып қалған, өзгермейтін түсінік секілді қарастырылады, ұлттық өнердегі өзгерістерді тек «өзгелердің әсері» ретінде түсіндіреді» [5,27б.], - деп, яғни өзінің маркстік-лениндік позицияда тұрғандығын, ұлттың түбінде жойылатындығын, бір ұлтта екі мәдениеттің бар екендігін мойындайтындығын көрсетеді.

Дж.Уилердің «...қазіргі Түркістанның жерлері тайпалар мен рулардың пайдалануында болатын, оны конфискелеу, жеке адамдарға бөлу мүмкін емес болатын», Патриархалдық жүйе мықты болатын, сондықтан да шаруалардың ойына помещиктердің жерін алу ойларына да келмеді. Сондықтан да Совет өкіметінің басты мақсаты «дәулеттілерге» қарсы «мүліксіз» кедейлерде жоқ өшпенділікті туғызу еді» [6,37 б.] деген сөздерін **Д.Кшібеков** келтіре отырып, «...дәстүрлі жерді, суды пайдалануды жою арқылы Кеңес өкіметі мұсылман қоғамының негізін шайқады, ондағы мақсаты мұнда саяси идеяларды және мәдени тәртіптерді белгілеудің келесі бір шараларын енгізуге даярлау болатын» деген сөзін қосады [6,42 б.]. Дегенмен, «коллективтендіруде жекелеген, кейбір қателіктердің болғанын», «бірақ олар өз уақытында және тез шешілгендігін» [6,43 б.] автор мойындайды.

Жалпы, зерттеуде қазақ халқының демографиялық қиындықтарды басынан кешіргенін Ян Мэррей Мэтлидің сөзімен келтіреді. Ол Орта Азия территориясын орыстардың жайлауы жергілікті халықтың мүддесіне қайшы жүргенін айта келе 1926 жылы орыстар - 35%, қазақтар - 59%; 1939 жылы орыстар - 47%, ал қазақтар - 46%; 1959 жылы орыстар мен украиндар - 51%, қазақтар тек қана - 30%-ға жуық болғанын [6,68-69 бб.] айтқан. Осыған сабақтас ойды «Қазақстан және тың мен тыңайған жерді 1953-1964 жж. игерудің бағдарламасы» мақаласының («Мизан» журналындағы) авторы Мартин Макколи еуропалықтардың көптеп келуіне байланысты қазақтардың пайызы «онан сайын төмендеді» деп көрсеткенін айтады. Автор осы келтірген деректердің қателігін көрсету үшін белгілі «социализм тұсында өндіргіш құрал-жабдыққа жеке меншік жойылған, қанаушы және қаналушылар жоқ, ұлттық, нәсілдік бөлінушілікке қарамастан өзара тең, отарлауға орын жоқ» [6,69 б.] деген ойды айтады.

Ағылшын тарихшысы Дж.Уилердің «басмашылықты жеңген соң» Совет үкіметі Орта Азияда өзінің билігін орната алатын болды. Енді большевиктердің басшылары орыс емес халықтарға бермек болған өзін-өзі басқару құқың «қайтып алғанын», және ол оны И.В. Сталиннің 1918-ші жылғы қаңтарда айтқан «ұлттардың өзін-өзі билеу бостандығын еңбекшілерге беріп, буржуазияға бермеу» деген сөзіне «сүйеніп айтты» [6,22 б.], - дейді **Д.Кшібеков**. И.В. Сталин өзін-өзі билеу құқына бұл ұлттың буржуазиясы емес, жұмысшылары ие болу керек, «өзін-өзі билеу принципі социализм үшін күрес құралы болу керек, сонымен қатар социализм принципіне бағынуы тиіс» (И.В. Сталин. Соч., т.4, с.32.) деген болатын [6,23 б.]. Дж.Уилер болса осыдан аса маңызды бір қорытынды жасайды: «Орта Азияда ұлттық талпынысты жүзеге асыратын жалғыз элемент интеллигенция болатынын ескерсек, ендігі жерде ұлттың қалыптасуы жоғарыдан орнатылатын таза жасанды процесс болады...» [6,23 б.], - деп қорытқан.

Жалпы, кеңестік зерттеушілер ХХ ғасырдың 90-шы жылдарының басына дейін өз ұлтын қорғауға тырысқан қозғалысты «буржуазиялық тарихнамашылар» «Орта Азия халықтарының ұлт-азаттық қозғалысы» деп сипаттап келгенін көреміз. Мысалға Чарльз Варен Хостлер, Вели Каюмхан, М.Рывкин, олар «ұлттық бостандықтың тамаша күрескерлері», «бұл азаттық үшін қозғалысқа барлық халықтар қатысты», «ұлттық патриоттар қозғалысы» [2,312 б.] деп бағалаған дейді **Х.Иноятов**. Автор міндетті түрде басма-

шыларды тек жаман жағынан көрсетуге тырысты: «контрреволюциялық қозғалыс», «бандиттер», «қарақшы», «қанаушы таптың сүйеніші, жоғын жоқтаушы», «азғындар, қылмыскерлер, адам кейпінен айырылғандар» [2,313-317 бб.] ретінде сипаттады

Қазақ ұлтының жағдайын көп қарастырған Дж.Уилер 1917-ші жылғы желтоқсандағы съезд шешімдерін, «Алаш» партиясының құрылуын, өлкеде автономияның жариялануын айта келе «Автономияны жариялау мақсаты қазақ мемлекетін құру емес, қазақ даласында коммунизмнің таралуына кедергі жасау еді» дейді [6,21 б.]. Алаш партиясының басшыларының осы көрегендігін, оны көрсетіп отырған ғалымды кеңестік авторлар барынша сынға ала отырып, «...бұл контрреволюциялық партияны буржуазиялық тарихшылар қазақ халқының ұлттық мүддесін «қорғаушылары» ретінде көрсеткісі келеді, ал шын мәнісінде «Алашорданың» әрекеті көпшілік халықтың мүддесіне – қаналушы көпшіліктің, толықтай қайшы болатын» [6,22 б.], - дейді. Осы секілді көзқарастар ғылымда Қазақстанның тәуелсіздігі өз қолына алғанша өзінің позициясын бермей келді.

1 Есмагамбетов К. *Действительность и фальсификация*. - Алматы: Казахстан, 1976.

2 Инояттов Х. *Против фальсификации истории победы Советской власти в Средней Азии и Казахстане*. - Ташкент: «Узбекистан», 1976.

3 Зиманов С.З. В.И. Ленин и советская национальная государственность в Казахстане. – Алматы: изд. «Наука» КазССР. 1970.

4 Есмагамбетов К. *Действительность и фальсификация*. - Алматы: Казахстан, 1976.

5 Чеченкина О.И. *Критика современной англо-американской буржуазной историографии политики Советской власти в области развития культуры народов Средней Азии и Казахстана*. 02.автореф. - М., 1975.

6 Кишибеков Д. *Критика буржуазной фальсификации опыта строительства социализма в Казахстане*. - Алматы: Казахстан, 1972.

### Резюме

В статье определяется степень изученности советского национального вопроса в Казахстане. Дан обзор историографии историографии проблемы. Раскрываются причины редкого написания историографических работ, концептуальные выводы доминировавшие в науке. Рассматриваются подходы исследования национального вопроса. Обращается внимание на соответствие историографических источников советскому периоду и периоду независимости. Пишется о том, что в научной литературе советского периода доминировали методологические принципы классового подхода исследования которые, все этапы развития истории рассматривали с позиции формационного подхода, не признавшие другие принципы определения истории, отождествлявшие общественно-экономическую формацию как единственную категорию, придавшие на нет цивилизационного достижения, многовекового опыта человечества с точки зрения морали, ставшие связь людей с материальным производством выше всякого отношения, смотревшие на социально-экономическую сферу как на результат «производственных отношений, производительных сил». Сделаны выводы о том, что в период независимости исследователи руководствовались принципом «История – плод деятельности человека», в процессе исторического познания высшей ценностью является человек, методологическим подходом доказывающим что, советская национальная политика привела к геноциду, этноциту, голоду и другим негативным преобразованиям.

**Ключевые слова:** национальный вопрос, историография, историографические источники, историографический период, методологические подходы, ленинский национальная политика

### Summary

The paper determines the degree of scrutiny of the national question in the Soviet Kazakhstan. An overview of the historiography of historiography of the problem Reveals the causes of rare writing historiographical works, conceptual conclusions dominated in science. Approaches the study of the national question. Draws attention to compliance historiographical sources Soviet period and the period nesavisimosti. Written about that in the scientific literature of the Soviet period was dominated by the methodological principles of the class approach to research, all stages of development from the perspective of the history of this formation approach is not recognized by other principles for determining history is identified socioeconomic formation as a single category, attached to nothing civilizational achievements centuries of human experience in terms of morality, people become connection with material production is above every relationship, gazing at the socio-economic impacts as a result of the "relations of production, the productive forces." Conclusions about the fact that in the period of independence, researchers guided by the principle "History - the fruit of human activity" in the historical knowledge of the highest value is the man methodological approach proving that Soviet nationality policy has led to genocide etnotsitu, hunger and other negative changes.

**Keywords:** national question, historiography, historiographical sources, historiographical period, methodological approaches, the Leninist national policy

## ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕКТЕРІ

**А.К. Бегалиева** – *әл-Фараби атындағы ҚазҰУ аға оқытушысы, Алматы қаласы,*  
**Ж.Е. Жаппасов** – *т.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті, Алматы қаласы,*  
**М.Әмірханов** – *әл-Фараби атындағы ҚазҰУ аға оқытушысы, Алматы қаласы*

Мақалада жаңа экономикалық саясат тарихына қатысты деректер қарастырылып, оларға талдау жасалады. Азамат соғысының аяғында Кеңестік Ресейде «әскери коммунизм» саясатынан келген жүйелі дағдарыс басталды. Оның алдын алу үшін кеңес үкіметі 1921 жылы экономикада біртіндеп реформа жүргізіп, нарықтық қатынасты қалпына келтіру мақсатымен жаңа экономикалық саясатқа көшті. Дегенмен де ЖЭС Кеңес мемлекеті экономикасын дамытудың магистральды бағыты бола алмады. Ресей коммунистік партиясының құжаттарын, мерзімді баспасөз материалдарын сипаттай отырып, ЖЭС жетістігі мен кемшіліктерін байқауға болады.

**Тірек сөздер:** жаңа экономикалық саясат, баспасөз, большевиктер, жоспар, съезд, пленум, нарық

Жаңа экономикалық саясат тұсындағы маңызды деректерге РКП(б) – БКП(б) құжаттары, сол кезеңдегі мерзімді баспасөз материалдары жатады. Деректерге талдау жасағанда коммунистік партияның кеңес үкіметі механизміндегі орнына берілген қазіргі кездегі бағаға мән берген жөн деп санаймыз. Бұл кезде коммунистік партия билікке монополия жасады, демек, оның құжаттары директивалық сипатта болып, оны тек коммунистер ғана емес, барлығы орындауға міндетті болды., РКП(б)– БКП(б) ОК съездері, конференциялары, Пленумдары – бұл партияның ұжымдық ойының нәтижесі. Оларсоциализм құрылысының жолдарын, К.Маркс, В.Лениннің пролетариат диктатурасы, коммунистік партияның жетекшілігі, социализм құрылысы туралы ілімдерін дамытатын нақты теориялық ережелерді іздеді. Кейбір құжаттар тікелей іс-қимыл сипатында болса, кейбіреуі халық комиссарлары немесе коммунистер арқылы жүзеге асыратын сипатта болды. БКпал ету сипаты 1920-жж. бойы тереңдеді және биліктегі партия элитасына байланысты өзгеріп отырды. Мұндай деректерді қолданғанда сыни көзқараспен қарап, ресми партия құжаттарында жарияланған саяси декларацияларды тәжірибедегі іспен сәйкестігін салыстырған жөн деп санаймыз.

Партияның саяси директивалары әр түрлі болды: партия съездері мен ОК Пленумдарының мәлімдемелері, шешімдері, орталық органдардың қаулылары мен Орталық комитет хатшыларының басқа да нұсқаулары [1]. 1920-1930-жж. партия еңбек бұқарасы мен партия, түрлі партиялық-мемлекеттік ұйымдарына тікелей назар аударғаны белгілі. Бейбіт жағдайда халыққа төтенше жағдай енгізіп, ұтқырлықты көтеруге көңіл бөлді. Осындай бағыттың нәтижесінде «Үнемділік тәртібі үшін күрес туралы» (1926 ж.), «Өзін-өзі сынауды кеңейту туралы» (1928 ж.), «Еңбек тәртібін көтеру туралы» (1929 ж.) т.б. БКП(б) ОК үндеулері шықты.

Деректердің ішінде партияның съездері мен конференцияларының материалдары маңызды болып саналады. РКП(б) X съезінің (8-16 наурыз 1921 ж.) шешімдері кеңестік мемлекет пен оның ұйымдарының, қоғам үшін және партияның өзі үшін жетекші роль атқарды. В.И. Ленин съезде баяндама жасап, азық-түлік салғыртын, азық-түлік салығымен ауыстыру саясатын ұсынды [2, с. 256-257]. ЖЭС – бұл тек экономикалық саясат қана емес, оның саяси мәні жұмысшы табының миллиондаған шаруалар бұқарасымен одағын нығайту болды. ЖЭС жүзеге асыру саяси құрылыста өзгеріс жүргізуді талап етті, тәртіптің кейбір жақтарын тұрақтандыруды анықтады. Съезде белгіленген бағыттар кеңестік ұйымдардың нормативтік актілерінен де көрініс тапты.

Партия съездері кеңес мемлекеттілігінің мәні, көп укладты жүйедегі социализм құрылысы туралы концептуалды теориялық ережелерді жасады. РКП(б) XI съезі X съезд шешімдерін дамыта отырып, ЖЭС мәнін былай анықтады: «...жаңа экономикалық саясат жұмысшы мемлекетінің мәнін өзгертпейді, алайда социалистік құрылыстың әдістері мен түрлерін өзгерте отырып, ол құрылып жатқан социализм мен капитализмге қайтып оралуға талпынып жатқандар арасындағы экономикалық жарысқа миллиондаған шаруалардың нарығы арқылы шаруашылық мүдделерін қанағаттандыру негізінде жол береді» [2, с. 318].

Енді баспасөз деректеріне сипаттама жасайық. «Социалистический вестник» журналы 1921 жылдан бастап шығарылып, РСДРП орталық ұйымы болды. Бұл журналды Ресейден эмиграцияға кеткен РСДРП жетекшісі және идеологы Ю.Мартов және Р.Абрамовичтердің ұйымдастыруымен шықты. Журнал Берлинде 1921-1933 жж. 1933-1940 жж. Парижде шығып тұрды. Шетелдік орыс баспасөз материалдарына қарағанда ол академиялық тұрғыдағы деңгейімен ерекшеленді.

Баспасөз бетінде елдің әлеуметтік-экономикалық мәселелеріне қатысты маңызды пікірталастар болып

тұрды. Сонымен қатар меньшевиктер елдің болашағы туралы болжамдар да жасаған. Ресейдің постбольшевиктік мүмкіндіктерін нақты айта көрсете білді. Бұл басылым ХХ ғ. 20-30-жж. РСДЖП-мен байланысты ресейлік социал-демократиясының теориялық көзқарастарының эволюциясын айқындауға мүмкіндік береді. Меньшевиктер Ресей модернизациясының негізгі кезеңдерін талдаған. Бұл талдау Ресейдегі оқиғаларды большевизммен байланысты адамдар жасады, олардың методологиялық ұстанымдары ұқсас және батыстық социал-демократия мұраттарына бағытталғанымен қызықты.

«Социалистический вестник» журналы тарихи дерек ретінде құнды, өйткені ондағы материалдар арқылы біз эмиграциядағы меньшевиктердің бағдарламалық-теориялық негізін түсінеміз. Осы журналдың төңірегіне жиналған меньшевиктер большевиктерге қарсы бола отырып, коммунистік экспериментте социалистік құрылыста қандай да бір салауатты шығармашылық бастама бар деп түсінді.

1922 жылы идеялық алауыздықтарға байланысты социал-демократтар қатарында басқа топ пайда болып, олар 1922-1925 жж. «Заря» журналын шығарды. Бұл журнал оңшыл меньшевизм көзқарасын білдірді. Бұл басылымның аналитиктері өз ұстанымын Г.В. Плеханов мұрагерлері ретінде білдірді. Социал-демократтардың бұл бөлігінің көзқарасы орыс либералдық ойының ұстанымын көрсеткенін атап өткен жөн. «Заря» журналының ірі теоретиктері А.Н. Потресов пен Ст.Иванович болды. Олар өз мақалаларында жаңа экономикалық саясатты енгізгеннен кейінгі өзгерістерге талдау жасады.

«Социалистік вестник» тобындағылармен салыстырғанда, социал-демократтардың бұл бөлімі Қазан төңкерісін қабылдаған жоқ, сонымен қатар большевиктердің кез келген әрекетін құптамады. Алайда большевиктер экономикалық қайта өзгерістерге марксизм негіздеріне сүйеніп баға берді. Социал-демократтарға көзқарастары жағынан эсерлер жақын болды. Шетелде эсер партиясының теоретигі, белгілі саяси қайраткер, 1920 ж. Ресейден кетіп қалған В.М. Черновтың жетекшілігімен социал-революционерлер партиясының Шетелдік орталығы ашылды. Ол «Революциялық Россия» журналының негізін қалады. Бұл журнал әуелі Ревелде, кейіннен Берлин мен Прагада 1920-1931 жж. шығып тұрды. Бұл журналды «Социалистік вестникпен» көтерілген мәселелері бойынша салыстыруға болады. Журнал ЖЭС тұсындағы большевиктік қайта құрулардың өткір мәселелерін көтерді. Оның беттерінде эсерлер партиясының бағдарламалық құжаттары жарияланды. Бұл жерде эсерлер партиясының кейбір элементтері жаңа экономикалық саясатты жүргізу кезінде большевиктерден алынған. Сондықтан мұндай деректерді талдағанда «Революциялық Россия» журналының теоретиктері большевиктік қайта құруларға талдау жасауға ерекше мүдделі болды.

Эсер тобынан В.М. Черновтың оппоненттері 20-30-жж. «Воля России» журналын шығарды. Ол 1920-1922 жж. газет ретінде, 1922-1932 жж. журнал ретінде шығып тұрды. Журнал Ресейдегі оқиғаларды үнемі қадағалап отырды, Париждегі «Современные записки» журналымен пікірталастар жүргізіп тұрды. Социал-революционерлердің орталықтық ағымдағы көрнекті өкілі Е.Сталинский бірден большевиктік қайта құруларды талдауға кірісті. Сонымен қатар журналдың бетінде В.В. Сухомлин, М.Слоним сияқты осы бағыттың көрнекті өкілдері мақалалар жариялады.

Бұл басылым жаңа экономикалық саясатты жүргізуге қатысты мәселелерге эсер диаспорасының берген бағасын зерттеуге мүмкіндік береді.

Эсерлік теориялық ойдың оң қанаты А.Ф. Керенскийдің қатысуымен «Дни» атты апталық газет әрі журналда теориялық ойларын білдірді. Бұл жерде халықтық диаспораның оң қанатының басты ерекшелігі олардың көзқарастары либералды құндылықтар бағытында болғандығын атап өткен жөн. Эсерлік диаспораның теоретиктері социализм мен либералды құндылықтар туралы маңызды ойлар айтып, тез арада ресейлік либерализммен жақындасып кетті. Олар либералды ағымның көптеген өкілдері сияқты жаңа ақ интервенцияға қарсы тұрды. Ресейді толық азат ету большевиктік Ресейдің қойнауында пісіп жетілген ішкі үдерістерді дамыту арқылы болатынын нақты түсінді. Елдің республикалық-демократиялық дамуына бұл мерзімді баспасөз теоретиктерінің күмәні болған жоқ. «Дни» журналы эсер партиясы оң қанатының теоретиктерінің ЖЭС зерттеулеріне қатысты берілген бағаның қандай болғанын ашуға мүмкіндік береді. 20-жж. Ортасында «Дни» журналы «Последние новости» журналына еліктей бастады. «Дни» журналының ресми экономисі А.Марков С.О. Загорский қайтыс болғаннан кейін П.Н. Милоков баспаның әлеуметтік-экономикалық мәселелер туралы зерттеулеріне жетекшілік жасады. «Дни» журналы большевиктік модернизацияны күнделікті мәселелерін көтерді [3].

П.Н. Милоковтан басқа газет беттерінде белгілі орыс зерттеушілерінің және С.О. Загорский, А.Марков, С.Н. Прокопович, Е.Д. Кускова сияқты публицистердің мақалалары жарияланып тұрды. Газет беттерінде Ресейде ЖЭС жүргізуге қатысты мәселелер бойынша пікірталастар жасалды.

Ресей эмиграциясында ерекше орын алған экономист, статистик, қоғам және саяси қайраткер, публицист С.Н. Прокопович ерекше орын алды. Ол саяси экономия, өнеркәсіп өндірісі, статистика, кооператив-

тік қозғалыстың теориясы мен тарихы, аграрлық және жұмысшы мәселелері, социалистік идеялармен белгілі болған. С.Н. Прокопович Ресейден кеткеннен кейін 1922 ж. Берлинде экономикалық кабинет құрып, оның міндетіне Кеңестік Ресейдегі шаруашылық және қоғамдық-саяси өмірді жүйелеу, сыни ойдан өткізу енді.

Экономикалық кабинет «Экономический вестник» және «Русский экономический сборник» басылымдарын шығарды. Ондағы мақалалардың көпшілігі Ресей халық шаруашылығын талдауға арналды. Оны екі фактор бойынша түсіндіруге болады: біріншіден, жаңа экономикалық саясаттың жүргізілуіне байланысты негізгі назар Ресейге аударылды, екіншіден, қаражаттың болмауына байланысты басқа тақырыптар бойынша материалдар жинақталмады. Дегенмен де «Экономикалық вестник» көптеген деректерді қолдануы нәтижесінде Ресей экономикасының барлық үдерісін бақылауға мүмкіндік берді. Кеңес үкіметінің декреттері, партия съездерінің резолюциялары мен материалдарына, билік ұйымдарының қаулыларына терең талдау жасалды. Кабинет басылымдары статистикаға назар аударып, жетекшісі С.Н. Прокоповичтің жеке ғылыми мүддесінің болғанын дәлелдейді [4].

Деректердің келесі бір тобы мемлекеттік жоспарлауға байланысты құжаттар құрайды. Ресейдегі жаңа экономикалық саясаттың бастамасы жоспар мен нарықты үйлестіру туралы мәселені қою келісімсіз екенін көрсетеді. Олар Ресей кешенді түрде ел экономикасын тиімді басқару міндеттерін шешуді сипаттайды. Олар мемлекеттік жоспарлау мен оның әдістерін енгізуге, халық шаруашылығының балансын жасауға қатысты. Нәтижесінде біртіндеп еркін сауда мен нарықтық құрылымдарға өте бастады. Шетел капиталын тартып, жұмыссыздықпен жаппай күрес жүріп, 20-жж. соңында еңбекпен қамтамасыз ету жүзеге асты. Басқаша айтқанда, ел экономикасын басқарудың тұтас моделі жасалды.

Жоспарлау мен жаңа экономикалық саясаттың әдістерін меңгеру алғашқы кезде оңай болған жоқ. Ол бірнеше дағдарыстармен, әсіресе баға дағдарысымен жүрді. Бірақ бұл мәселелер экономикалық даму негізінде шешіліп жатты. Нәтижесінде 1926-1927 жж. елде толығымен өнеркәсіп әлеуеті толық орнына келді, ал ол жеті рет күйреген болатын [5]. Ауыл шаруашылығы өндірісі, еңбек өнімділігі және халықтың нақты кірісі революцияға дейінгі деңгейге жетті.

Большевиктер ескіні қалпына келтірмей, нарықтық қатынастың мемлекет реттеп отыратын жаңа, корпоративтік моделін жасағысы келді. Алғашқы кезде Мемлекеттік жоспар нарықты алмастырмай, ол халық шаруашылығындағы мақсатқа жетуді ойластыруы керек. 20-жж. экономистері жоспар мен нарықты қарама-қарсы қоймай, керісінше, оларды үйлестіріп, экономикада жоғары тиімділікке жетуді қамтамасыз етті. Олар нарық өз табиғаты жағынан тепе-теңдікке талпынбайды, одан алшақтайды, сондықтан экономикалық және әлеуметтік салдарлардың диспропорциясын туғызады. Бұл 1928 жылға дейін жобалау-индикативтік жоспарлау директивтікпен алмасқанша сақталды.

Мемлекеттік жоспар мен ЖЭС экономиканы басқарудың екі механизмі туралы деп есептеу туралы айтылған пікірлермен келісе беруге болмайды деп санаймыз. Іс жүзінде, Мемлекеттік жоспарлау әскери коммунизм саясатынан шығып, басқарудың қаржылық әдісін және мемлекеттік бюджетті жасауды жоққа шығарған ГОЭЛРО комиссиясының негізінде жасалды. Кронштадт бүлігіне дейін (ақпан-наурыз 1921 ж.) партияның X съезінің үзілісінде Қаржы Халық Комиссариатын материалдық құндылықтарды есепке алатын бухгалтерияға айналдырып, ақша жүйесін жою идеясы ұсынылды. Жоспарлаушылар мен қаржыгерлер арасында халық шаруашылығы моделін реттеу бойынша қақтығыстар туды.

Деректерге қарағанда «Мемлекеттік жоспарлау және ЖЭС» мәселесі қарама-қайшылықта екенін байқауға болады, өйткені 1925-1926 жж. жоспарлауда маңызды қателер болған. Ол ЖЭС тағдырына жағымсыз әсер етіп, экономикада қиындықтар туғызды. Ал тарихнамада XX ғ. 30-жж.-80-жж. екінші жартысында Мемлекеттік жоспарлауға жағымды баға берілді. 80-жж. аяғы-90-жж. ЖЭС кезеңіне қайтадан жағымсыз баға беріле бастады.

1925 ж. көктемде шаруашылық жыл кезеңінде (қазан 1925 – қыркүйек 1926 ж.) өндіріске бөлінетін қаржыны үш есе – 350 млн сомнан 1 млрд сомға дейін өсіру шешімі қабылданды, ал бұл экономикалық даму қарқынын жеделдетудің алғашқы «секірісі» болатын. Осы бастаманы «шамадан тыс индустриализация» идеясына қарсы болса да, Дзержинский көтерді. Осы жағдайға талдау жасасақ, «экономикалық секіріс» Мемлекеттік жоспарлауға берілді, сөйтіп инвестиция көздері іздестірілді, астық дайындау, шикізат тауарларын өткізу қолға алынды.

Жоғары көрсеткішпен белгіленген жоспарды орындау қиынға соқты. Біріншіден, 1925 жылға дейін эмиссия 55% өсті. Екіншіден, астық дайындау жоспары орындалмады. Жоғары өнім алу жөніндегі және артық астық болатыны туралы көктемгі болжам дұрыс болмады. Үшіншіден, шикізатты тез өткізу сәтсіз болды. 1925-1926 жж. ішкі баға дүние жүзімен салыстырғанда 20% жоғары болды, ал әлемдік баға аграрлық-шикізат дағдарысына байланысты 5 пайыздай кеміді. Осы диспропорцияға байланысты бірқатар



тауарды экспорттау рентабельді болмады – мұнай өнімдері және орман ағаштары тиелген эшелондар шекараға тақалып тұрды да, кейіннен қайта қайтты. Төртіншіден, жеке капиталға шабуыл күшейді – 1925 жылдан бастап қалада салықтың жаңа түрлері енгізілді, темір жол тасымалдарына және т.б. жоғары тарифтер енгізілді, 1926 жылдан бастап деревнядағы ауқаттыларға қысым көрсету күшейді. Бесіншіден, Сокольников бастаған Қаржы Халық Комиссариаты дүниежүзілік валюта биржасына кеңестік алтын червонецті енгізуді ұсынды, бірақ ол кең сұраныс таппағандықтан, 1928 ж. оны әкетуге ресми түрде тиым салынды. Осылайша кеңестік валютаны біртіндеп конвертациялау аяқталды.

Қабылданған шаралардың нәтижесінде, соның ішінде жеке объектілер құрылысын тоқтатып тастау, 1926 ж. аяғына қарай экономикалық жағдай тұрақтандыруға мүмкіндік туды. Өнеркәсіпке капитал салу 2 есе, өнеркәсіп өндірісі – 40% артық, астық өнімдері – 1,4 есе, астық дайындау – 1,8 есе өсті. Бюджет кірісі 30% өсті, бюджет профициті 15,3 млн. сом құрады [4, с. 228].

1925 ж. «секіріс» экономика, шаруашылықтың нарықтық әдісі бойынша қатты соққы берді. Келесі жылдары: өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының өсу қарқыны екі есе төмендеді; эмиссиялық қарқын қаржы және материалдық-заттық өндірістік үдерістер арасындағы диспропорцияны күшейтті; «тауарлық аштық» масштабтары кеңейді, 1925-1926 жж. деревнядағы ақы төлеуді қанағаттандырмай 1925-1926 жж. 350-370 млн. сом, ал 1926-1927 жж. шамамен 500 млн соммен анықталды; астық дайындаудағы қиындықтар қайталанып тұрды әрі шиеленісті.

1925 жыл жаңа экономикалық саясаттың шарықтау шегі болды, тіпті жеке капитал, қысымның көбейгеніне қарамаста, өнеркәсіп пен саудада жоғары болды (35% дейін). Алайда келесі жылдан бастап ЖЭС тоқырай бастады. БКП(б) сәуір пленумы (1926 ж.) халық шаруашылығының «кезекті міндеті» ретінде жоспарлық бастаманы жүзеге асыруды тапсырды. 1925 жылғы «секіріс» салдарына баға берілмеді. Астық дайындаудағы қиыншылықтар және өнеркәсіпке инвестиция салу бойынша кеткен қателіктер Еңбек және қауіпсіздік Кеңестің, Қаржы Халық комиссариатының, жоспар жасайтын ұйымдардың субъективті қателіктерінің салдары деп мойындалды.

1 КПСС в резолюциях и решениях съездов, конференций и пленумов ЦК. - М., 1970. - Т. 3. - С. 322-327; Т. 4. - С. 94-98, 169-175.

2 КПСС в резолюциях и решениях съездов, конференций и пленумов ЦК. - М., 1970. - Т. 2.

3 Милоков П.Н. Очерки по истории русской культуры. - М., 1993.

4 Крестьянское хозяйство по данным бюджетных исследований и динамических переписей. - Берлин, 1924.

5 Гуль Р. Я унес Россию. Россия в Германии. - М., 2000. - Т.1.

### Резюме

В статье рассматриваются источники истории новой экономической политики. К концу гражданской войны Советская Россия переживала системный кризис, вызванный политикой «военного коммунизма». Для его преодоления весной 1921г. советское руководство начало постепенное реформирование экономики - новую экономическую политику - с целью частично восстановить в ней рыночные отношения и тем самым нормализовать сферу производства и товарного распределения. НЭп, однако, так и не стал магистральным направлением развития экономики Советского государства, и к 1929 г. совокупность различных факторов привела к отказу от его идей. По материалам российской коммунистической партии, периодической печати можно проследить успехи и просчеты НЭП.

**Ключевые слова:** новая экономическая политика, периодика, большевики, план, съезд, пленум, рынок

### Summary

This article discusses the sources of the history of the New Economic Policy. By the end of the Civil War, Soviet Russia was going through a systemic crisis caused by the policy of «war communism». To overcome the spring of 1921 y. the Soviet leadership began a gradual economic reform - a new economic policy - in order to partially restore it market economy and thereby normalize the production and commercial distribution. NEP, however, did not become the main direction of development of the economy of the Soviet state, and to the 1929 y. combination of factors led to the rejection of his ideas. According to the materials of the Russian Communist Party, periodicals can be traced successes and failures of NEP.

**Keywords:** new economic policy, Periodicals, Bolsheviks, plan, congress, plenum, market.

## АҚ ОРДА БИЛЕУШІЛЕРІНІҢ ТАРИХЫ ТЕМІР ӘУЛЕТІ ТАРИХНАМАШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА

**М.Н. Ибрагимова, К.Д. Арыстанбекова** – *Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ЖООДББФ-нің оқытушылары*

XIV-XV ғасырлардағы Қазақстан тарихын зерттеу өткен ғасырдың бай мұрасымен тығыз байланысты. Олардың ішінде бүгінгі күнге дейін ғылыми маңыздылығын жоғалтпаған парсы жазба деректері ерекше орын алады.

Мақалада Қазақ хандығының құрылуының бастауы болған Ақ Орда мемлекетінің билеушілері тарихын темірлік деректер негізінде зерттеу қарастырылған. Темір әулеті тарихнамашыларының шығармалары Ақ Орда мемлекеті мен оның билеушілерінің тарихынан құнды мәліметтер беретін дерек көзі болып табылады. Біржақтылығына қарамастан бұл деректер қолданыс аясынан өз орнын тауып келеді. Алайда әлі күнге дейін бұл шығармалар деректік талдауды қажет ететін деректер қатарына жатады. Зерттеудің басты мақсаты осы темірлік деректер бойынша Ақ Орданы билеген хандар жайлы мәліметтерді топтастырып, салыстыра зерттеу. Автор мақалада Әмір Темір тарихнамашыларымен берілген Ақ Орда билеушілерінің билеген жылдарын басқа да деректермен салыстыра зерттеу арқылы нақтылығын анықтауға тырысады. Сонымен қатар мақала авторы Ақ Орда мемлекеті билеушілерінің билік ету тәртібін рет-ретімен көрсетіп береді. Мақалада Ақ Орда мемлекетінің алғашқы билеушісі Ерзеннен бастап, Ұрыс ханға дейінгі оқиғалар Алтын Орда мемлекетіндегі жағдаймен байланыстырыла зерттелген.

**Тірек сөздер:** дерек, пікір, Орда-Ежен, әулет, хан

Болашақта еліміз мәңгілік елге айналуы үшін төл тарихымыз шынайы әрі нақты жазылуы тиіс. Бүгінгі таңда барлық ғалымдарымыз отанымыздың тарихын жаңа бағытта зерттеуге кірісіп кеткен болатын. Қаншама құнды деректер ашылып, айналымға енгізіліп те жатыр. Соған қарамастан әлі де ашылмаған дүниелер қаншама.

Темір әулеті тарихнамашыларының шығармалары Ақ Орда мемлекеті мен оның билеушілерінің тарихынан құнды мәліметтер беретіндер дерек көзі болып табылады. Біржақтылығына қарамастан бұл деректер қолданыс аясынан өз орнын тауып келеді. Алайда әлі күнге дейін бұл шығармалар деректік талдауды қажет ететін деректер қатарына жатады.

Зерттеуіміздің мақсаты темірлік деректер бойынша Ақ Орданы билеген хандар жайлы мәліметтерді топтастырып, салыстыра зерттеу.

Му'ин ад-дин Натанзи Сасы-Бұқадан бастап өрбіткен Орда Ежен ұрпақтарының билігі жайлы көп мәліметтер береді. Ол Ақ Орда билеушісі Сасы-Бұқа Ноғайдың ұлы деп көрсетеді. Алайда Сасы-Бұқа Ноғайдың емес Баянның ұлы екендігі зерттеушілермен дәлелденген болатын. Му'ин ад-дин Натанзи Сасы-Бұқаны (1309-1315 жылдар) сол уақытта Алтын Орда тағына отырған Тоқтының ұлы Тоғрылдың замандасы ретінде таниды. Ал Низам ад-дин Шами мен Шараф ад-дин Йазди, Ұлықбек шығармаларындағы мәліметтерде Алтын Орда тағына Тоқтыдан кейін билікке Тоғрыл емес, оның ұлы Өзбек хан отырған. Бұл деректердің ешқайсысында да Тоғрылдың таққа отырғандығы жайлы мәліметтер кездеспейді. Тек Му'ин ад-дин Натанзидің шығармасында ғана оның билеген уақытынан мәліметтер беріледі. Өтемісқажының «Шыңғыс-намесінде» Тоқтыдан кейін мүлдем хандар ұрпағына жатпайтын «Ұйғыр омағынан Бажыр Тоқ-Бұғадеген [біреу]» таққа отырғандығы жайлы мәлімет кездеседі. «Шыңғыс-намеде» Тоғрұл жайлы оның Тоқтының інісі екендігі және Тоқты оны таққа таласады деп өлтіргендігі жайлы баяндалады [1, 172-176 бб.] Натанзи ғана беймәлім деректерге сүйеніп Тоқтыдан кейін Тоғрыл таққа келгендігін баяндайды. Алайда басқа деректердің барлығы Тоқтыдан кейін Өзбек хан отырды деп көрсетеді және соның негізінде бүгінгі күнге дейін көптеген зерттеулер жазылып келеді.

Му'ин ад-дин Натанзи Сасы-Бұқаның бұрынғысынша бағыныштылық ережесін сақтағандығын айтады. Ол 30 жыл билігі тұсында Тоғрыл хан мен Өзбек ханның бірде бір шақырылуынан қалған емес дейді. Сөйтіп 720 х.ж. (1320-1321) қайтыс болатындығын айтады. Алайда Натанзи деректері бойынша берілген жылдар басқа деректермен қарама-қайшы келеді. Егер Сасы-Бұқа 720 х.ж. қайтыс болған болса, Ерзен сол жылы таққа келуі керекеді. Бірақ кейбір зерттеулер бойынша 1320 жылы Ерзен емес таққа Мүбәрәк-қожа отырады. Босворт өз зерттеуінде Сасы-Бұқадан соң билікке Ильбасан (1315-1320) келді, одан кейін Мүбәрәк-қожа (1320-1344) таққа отырды деп келтірсе [2, 204 б.], зерттеуші Қ.Салғараұлы да сол жылдары Ильбасан билік етті деп көрсетеді, бірақ ол Мүбәрәк-қожаны Ерзен деп біледі [3, 37 б.].

Сасы-Бұқа қайтыс болғаннан соң оның орнына Өзбек ханның бұйрығы бойынша Сасы-Бұқаның ұлы Ерзен отырады. Ол жайлы «Мунтахабат-таварих-и Му'иниде» былай суреттеледі: «Он был царем крайне умным, праведным, превосходным, богобоязненным [4, 129-130 бб.]». Сонымен қатар Му'ин ад-дин Натанзи Ерзеннің Сығанақты көркемдетіп, Отырарда, Сауранда, Жентте, Баршыкентте талай ғимараттар салдырғанын хабарлайды.

Натанзидің Өзбек ханды Алтын Орда тағына 737 х.ж. (1336-1337 жж.) отырып, 30 жыл билеген соң 767 х.ж. (1365-1366 жж.) дүниеден қайтты [4, 128 б.] деп мәлімет беруі өз деректеріне қарама-қарсы келіп отыр. Өйткені жоғарыда Натанзи дерегі бойынша келтіргеніміздей Сасы-Бұқаның ұлы Ерзен Өзбек ханның жарлығымен таққа отырған болатын, тіпті «Сасы-Бұқаны 30 жыл билігі тұсында Тоғрыл хан мен Өзбек ханның бірде бір шақырылуынан қалған емес» деп берген мәліметі Өзбек хан билігі өзі көрсеткендей 737 хижра жылына (1336-1337 жж.) ешқандай сәйкес келмей отыр. Әмір Темірдің немересі Мырза

Ұлықбектің «Тарих-и арба<sup>2</sup> улус» атты шығармасында Өзбек ханның Алтын Орда тағын 712 х.ж-да

(1312 ж.) иеленгендігі және 750 х.ж. (1350 ж.) дүниеден қайтқандығы жайлы мәліметтер келтіріледі. Оның мәліметтеріне сүйенетін болсақ «Сұлтан Мұхаммед Өзбек ханның исламнан алдыңғы патшалығы сегіз жыл, исламнан кейінгісі болса отыз жыл еді»[7, 226 б.]. Демек барлығын қосқанда 38 жыл болып отыр. Осы мәліметтер шындыққа біршама жақын келетін сияқты. Әрине Өзбек ханның қашан билікке келіп, қашан қайтыс болғандығы жайлы мәселе зерттеуді қажет ететін бөлек дүние. Біздің бұл жердегі мақсатымыз осы деректерді салыстыра отырып, Ақ Орда хандарының билік құрған жылдарын анықтау.

Ерзеннің орнына оның ұлы Мүбәрәк-қожа келеді. Му'ин ад-дин Натанзи мәліметіне сенетін болсақ, ол 6 ай ғана билік құрған және де оның билікке келуімен елде бүлік, тәртіпсіздік орнайды деп көрсетіледі. Әбден тыныштыққа үйренген халық оған алты айдан артық шыдай алмады. Сөйтіп Мүбәрәк-қожаның биліктен кетуіне тура келді. Одан соң ол тағы «2 жыл 6 ай Алтай мен қырғыздар елінде үйсіз-күйсіз қаңғырып жүріп, соңында сол жерде қаза табады» деп Му'ин ад-дин Натанзи Мүбәрәк-қожаның өмірін қысқаша ғана баяндайды. Ал Гафари дерегіне сүйенетін болсақ, ол 6 ай билік құрғаннан кейін өледі [4, 211 б.].

Тарих ғылымдарының докторы З.Қинаятұлы Мүбәрәк-қожа 6 ай ғана билік құрды деген Му'ин ад-дин Натанзидің мәліметіне сүйене отырып: «Әрине, Мүбәрәк-қожа билігі ұзаққа созылмағанымен, ол аз уақыт ішінде әкесінің тұсында басталған игі істерді (дербестікті Қ,З) ақырына жеткізуге тырысып бақты. Әйгілі Орыс-хан «Мүбәрәк-қожаның ісін жалғастыруды» өз алдына мақсат етіп қойғанына қарағанда, Мүбәрәк-қожаның Ақ Ордада атқарған қызметі салмақты сияқты»[5, 190 б.],-дейді.

Сонымен қатар З.Қинаятұлы "Бүркеншік Искандерде" Мүбәрәк-қожаның тұсынан Ақ Ордада бүліншілік басталды деп жазуы бұл Шибан әулеті тарихшыларының Мүбәрәк-қожаның тәуелсіздік саясатына қарсы пікірінің әсерінен болуы мүмкін. Олай дейтініміз егер Ақ Ордада Мүбәрәк-қожаның тұсында бүліншілік етек алғаны рас болса, оның інісі Шымтай 17 жыл дербес билік құрып Алтын Орда тағына отыруға арнаулы шақыру алмаған болар еді» [5, 191 б.],-деген пікірі көңілге қонарлық.

Ал кейбір зерттеушілер Му'ин ад-дин Натанзидің Мүбәрәк-қожа 6 ай ғана билік құрды деген пікірін жоққа шығарады. Н.Н. Мингулов: «...Мүбәрәк-қожа ханнан (1320-1344) бастап Ақ Орда билеушілері Алтын Ордаға тіпті сөз жүзіндегі тәуелділігінен де түпкілікті құтылды», - дейді. Автор өз мәліметіндегі 1320-1344 жылдар Стэнли Лен-Пульдің деректері мен ақша материалдары бойынша осылай деп көрсетеді [6, 158 б.].

З.Қинаятұлы: «Тарихи деректерге қарағанда, Ерзен 1345 жылы өлген. Сондықтан Мүбәрәк-қожаның хан тағына отырған жылы да 1345 жылы болмақ. Оның атына соғылған күміс ақшадағы көнерген жазудың екінші цифрі көнеліктің салдарынан бұрыс оқылуы мүмкін сияқты. П.С. Савельев Мүбәрәк-қожаның хандық құрған жылын «1344-1345»деп келтіргенінде негіз бар. Егер олай болса, Орда Еженнен соң Ақ Орданың шынайы тәуелсіздікке қол жеткізген уақыты да осы жылдар [5, 190 б.], - дейді. Бұл пікірді толықтай қолдай отырып, Ерзеннің билік еткен жылдарын жоғарыда Натанзи келтірген Сасы-Бұқаның қайтыс болған 1320 жылынан бастап, 1345 жылмен аяқтағанымыз жөн деп білдік. Олай болса Мүбәрәк-қожа 1320-1345 жылдары емес, 1344-1345 жылдары билік құрды. Осылайша Натанзидің деректеріне сүйене отырып Ақ Ордада Сасы-Бұқадан соң Ерзен 24 жыл, ал Мүбәрәк-қожа алты ай биледі деп көрсетуге болады.

Қ.Салғараұлы: «...Алтын Орда екіге бөлінді дегенде кейінгі Ақ Орданы тәуелсіздік алып, Алтын Ордаға бағынбай кеткен кезі деп айтамыз. Бұл бөліну парсы тарихшысы Му'ин ад-дин Натанзидің жазуына қарағанда, Алтын Орданың ханы Токтаның тұсында болған секілді. Ал оның хандық құрған кезі 1290 мен 1312-жылдардың аралығы. Демек, Ақ Орданың Алтын Ордаға бағынбайтын дербес жеке хандық құрған кезін осы жылдардан бастау керек. Мұны Өзбек ханның Орда-Ежен балаларын бұрынғы тәуелділік қалпына келтіру үшін баласы Тыныбекті зорлықпен оларға қоятыны да дәлелдейді. Алайда Тыныбек көп кешікпей өлтіріліп, Орда-Ежен балалары билікті өз қолдарына қайтарып алады», - деп Ақ Орданың өз

дербестігін алған уақытын Ерзен билеген жылдардан әрі ұзартып жібереді [3, 36 б.].

Мүбәрәк-қожадан кейін Ақ Орда тағына Му'ин ад-дин Натанзи мәліметі бойынша Жәнібек ханның жарлығымен Ерзеннің ұлы Шымтай (1344-1361) отырып, ол 17 жыл жеке-дара билік жүргізеді [4, 30 б.]. Бұл жерден бір байқайтынымыз Му'ин ад-дин Натанзидің деректерінде Ұрыс ханға дейінгі Ақ Орда хандары Алтын Орда хандарының бұйрығымен таққа отырған. Демек Ақ Орда тек Ұрыс ханнан бастап қана өзінше жеке мемлекет ретінде өмір сүре бастаған.

Деректерде Шымтайдың қалай өлгендігі жайлы ешқандай мәліметтер кездеспейді. Шымтай өлімінен кейін оның ұлы Ұрұс хан билікке келеді. Ұрұс ханның өмірі мен саясаты жайынан темірлік деректер толығырақ мәліметтер келтіреді. Әсіресе Му'ин ад-дин Натанзидің «Мунтахаб ат-таварих-и Му'ини» шығармасындағы мәліметтер нақтырақ деп айтуға болады.

Ұрұс хан тарихта қазақ хандары әулетінің негізін қалаушы ретінде танымал. Ол мықты әскери қолбасшы, мемлекеттік қайраткер және де өз заманының қажыр-қайратты билеушісі. Сонымен қатар Ұрұс хан түрлі діни мекемелер (мешіттер, медреселер) салу арқылы өз мемлекетінің соның ішінде Сығанақ қаласының мәдениетінің дамуына үлкен үлес қосты. Му'ин ад-дин Натанзи бойынша Ұрұс хан «өте соғысқұмар, күшті және құдыретті патша» ретінде сипатталады [4, 131 б.].

Му'ин ад-дин Натанзи Ұрұс хан Шымтайдың ұлы, Шымтай Ерзеннің ұлы, Ерзен Сасы-Бұғаның ұлы, Сасы-Бұға Ноғайдың ұлы [4, 129-130 бб.] деп көрсетеді. Бұл деректе Сасы-Бұға Ноғайдың ұлы деп танылады. Ал Рашид ад-дин және басқа да деректер бойынша Сасы-Бұға Баянның ұлы. Му'ин ад-дин Натанзи шығармасындағы Ұрұс хан шежіресін Рашид ад-дин мәліметтері бойынша жалғастырар болсақ, Ақ Ордада Сасы-Бұғаға дейін Орда (Орда-Ежен) – Сартақан (Сартак) – Қуынжы (Қоңшы) – Байан билік еткен [4, 41-48 бб.]. Осы жерде Ұрұс хан Орда-Еженнің ұрпақтарынан тараған деген пікір қалыптастыруға болады.

Сонымен Ұрұс ханның тұсында Ақ Орда жеке дербес мемлекет ретінде танылады. Ақ Орда біз білетініміздей Қазақстан аумағында өмір сүрген қазақтың алғашқы мемлекеті. Қазақ хандығының құрылуын біз осы Ұрұс ханның билік еткен кезеңінен бастауымыз керек. Оны қаншама рет зерттеушілеріміз айтты да.

Авторы беймәлім Темір әулеті сарайында жазылған шығармалардың бірі «Муизз ал-ансаб» бойынша Ұрұс хан әулетінен 1) Тоқтақия, 2) Темір-Мәлік, 3) Құйыршық хан шаңырақтары тарайды [8, 346 б.]. Тоқтақия шаңырағынан Қазақ хандығының алғашқы ханы Керей хан ұрпақтары тарайды. Құйыршық хан шаңырағынан Барақ хан тарайды. Барақ ұлы Жәнібектен Кеңесары Қасымұлына дейінгі барлық хандар - Құйыршық хан шаңырағының түлектері.

Осылайша Ақ Орда мемлекетін басқарып, оның гүлденуіне, экономикасы мен мәдениетінің дамуына елеулі үлес қосқан билеушілері жайлы Темір әулеті тарихнамашылары қызықты, әрі нақты мәліметтер жазып қалдырғанына көз жеткіздік. Байқағанымыздай Темір және оның ұрпақтарына арналған шығармалардың мәліметтері Ақ Орда билеушілеріне қатысты күрделі мәселелердің шешімін табуға көмектеседі. Дегенмен бұл деректердің барлығы сыннан өткізуді қажет етеді. Жоғарыда байқағанымыздай осы уақытқа дейін Ақ Орда мемлекеті жайлы бірден-бір дерек көзі болып табылатын Му'ин ад-дин Натанзи берген мәліметтер де өз ішінде бір-біріне қарама-қайшы келіп отыр. Сондықтан кез-келген деректі пайдаланбас бұрын деректік талдаудан өткізуіміз қажет екендігі баршамызға мәлім. Бұл мәселе әлі де өзінің тереңнен зерттеуін күтіп тұр.

Кесте 1. Темір тарихнамашыларының деректері бойынша келтірілген Алтын Орда мен Ақ Орда хандарының кестесі

Низам-ад-Дин Шами Шереф-ад-Дин Йезди	Му'инад-ДинНатанзи		Мырза Ұлықбек
Жошы	Жошы		Жошы
Батый	Батый		Батый
Берке	Берке		Берке
Сайын хан	Мөңке Темір		Сайын хан Мөңке Темір
Йисун-Мөңке	Туда-Мөңке	<i>Сол қанат Ақ Орда</i>	Йасу Мөңке
Тоқта	Тоқта		Тоқта
-	Тоғрыл	Сасы-Бұқа (Ноғайдың ұлы)	-
Өзбек	Өзбек	Ерзен Мүбарак-кожа	Өзбек
Жәнібек	Жәнібек	Шымтай	Жәнібек

Бердібек	Бердібек		Бердібек	
Келдібек	Келдібек		Келдібек	
Наурыз	Орда-Шейх		Наурыз	
Шеркес			Шеркес	
Хызыр	Хызыр		Хызыр	
Муруд	Хальфай Темір Қожа Мурид		Марду	
Базаршы			Базаршы	
Сасы-Ноқай(Сасы-Бұқа) Тұғлық-Темір	Ильяс		Токтай-хан Тұғлық-Темір	
Мұрат-қожа	Азиз		Мұрат-қожа	
Құлтық-қожа	Қажы-хан		Құлтық-қожа	
Ұрус	Ұрус	Ұрус		
Тоқтақия	Тоқтақия	Тоқтабай		
Тұмұқан-Темір-Мәлік	Темір-бек(Темір Мәлік)	Темір Тілек		
Тоқтамыс	Тоқтамыс	Тоқтамыс		
Темір-Құлтық	Темір-Құлтық	Темір-Құлтық		
Шадыбек	Шадыбек	Шадыбек		
Полат	Тек Йезди бойынша	Темір Сұлтан	Полат	
Желал-ад-Дин		Желал-ад-Дин	Темір-хан Желал-ад-Дин	
Кепек Керім-Берді		Гийас ад-Дин Мұхаммед хан		Керім-Берді
Чекре Дервиш				Күйік Шығыр Жаппарберді Сайыд Ахмад Дервиш
Мұхаммед				Мұхаммед-хан Дәулетберді Барақ

1 Қазақстан тарихы туралы түркі дерктемелері. I том. Өтемісқажы. Шыңғыс-наме. - Алматы: «Дайк-Пресс» 2005. - 400 б.

2 Босворт К.Э. Мусульманские династии. Справочник по хронологии и генеалогии. Пер.с англ. П.А. Грязневича. - М.: «Наука», 1971. - 324 с.

3 Салғараұлы Қ. Хандар кестесі (Шыңғыс хандарының жылнамалық кестесі). – Алматы: «Жалын», 1992. - 48 б.

4 Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды. - М.-Л., 1941, т. II. - 308 с.

5 Қинаятұлы Зардыхан. Қазақ мемлекеті және Жошы хан. – Астана: «Елорда», - 2004. - 344 б.

6 Қазақстан тарихы. - А., 1998, II том. - 640 б.

7 МирзоУлугбек. Турт улус тарихи. / Б.Ахмедовнинг жқиришисузи, изохлазиватахририда: Форстилидан Б.Ахмедов вабоишқ. тарж./ - Т., 1994. - 352 б.

8 Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Государства и народы Евразийских степей. Древность и средневековье. Второе издание. - СПб., 2004. - 368 с.

### Резюме

Изучение истории Казахстана XIV-XV вв. тесно связано с наследием ученых прошлого века. Из них особое место занимают персидские исторические источники, которые до настоящего времени не потеряли свое научное значение.

В данной статье на основе тимуридских источников исследуется история правителей государства Ак Орда, ставшего причиной возникновения Казахского ханства. Труды тимуридских летописцев являются источником бесценных сведений об истории государства Ак Орды и его правителей. Несмотря на тенденциозность, эти источники успешно находят свои применения в исследованиях. Однако эти сочинения относятся к тем трудам, которые требуют фактического анализа. Главной целью работы является проведение сравнительного анализа собранных данных о правителях Ак Орды по тимуридским источникам. Автор в статье старается определить точные даты правления правителей Ак Орды ведя сравнения данных из трудов тимуридских летописцев с другими источниками. А также указывает порядок их правления. В статье исследуется события, связанные с положениями государства Ак Орда начиная с времен первого правителя Ак Орды Ердена до Урус хана.

**Ключевые слова:** источник, точка зрения, Орда-Эджен, династия, хан

### Summary

Researches on history of Kazakhstan in XIV-XV centuries are closely connected with a rich heritage of last century. Among them occupies a special role the written facts on the Farsi which didn't lose importance and to this day. In this article on basis the Timur's sources is investigated history of governors of the state of AkOrda which became the reason of emergence of the Kazakh khanate. Works the Timur's chroniclers are a source of invaluable information on history of the state of AkOrda and his governors. Despite narrow-mindedness, these sources successfully find the applications in researches. However these compositions belong to those works which demand the actual analysis. Main goal of work is carrying out the comparative analysis of collected data on governors of Ak Orda on Timur's sources. The author in article tries to define exact dates of board of governors of AkOrda conducting comparisons of data from works the Timur's chroniclers with other sources. And also specifies an order of their board. In article is investigated the events connected with provisions of the state of AkOrda since times of the first governor of AkOrdaErden to Urus khan.

**Keywords:** source, points of view, Orda-Edjen, dynasties, khan

УДК 069.001.12

## **ВИРТУАЛДЫ МУЗЕЙЛЕР КЕҢІСТІГІНДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР**

**Т.Е. Картаева** – *Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,*

*Археология, этнология және музеология кафедрасының профессоры м.а., т.ғ.к.,*

**Л.О. Абильдаева** – *Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Археология, этнология және музеология кафедрасының магистранты*

Мақалада қазіргі таңдағы музейлердегі виртуалдандырудың өзектә мәселелері мен оны жүзеге асыру жолдары және музейдегі ақпараттық технологиялардың қолданыстық маңызы қарастырылады.

Қазіргі ақпараттық қоғамда музей ісінің даму перспективасын қарастыруда инновациялық әдісті игеру керек. Осы тұрғыда ғаламтор жүйесі музейлерге жаңа жұмыстармен айналысуға мүмкіндік береді, сайт түріндегі ғаламтор-медиалар ашудың музей әлемі кеңістігін кеңейтуде, музейлердің өз қорындағы құндылықтарын ақпараттандыру ісінде маңызы зор. Заманауи музей өткенді сақтаушы ғана емес - осы шақтағы идеяларды қалыптастырушы. Жаңа технологиялардың және интербелсенді ақпараттық телекоммуникациялардың дамуы, қоғам ортасының өзгеруіне жаңаша көзқарасты талап етеді. Қазіргі таңда жаңа технологиялар біздің жеке және кәсіби өмірімізде күннен күнге маңызды болып келеді және музей саласында да қызметтің сапасын өзгертуге теңдессіз үлес қосары анық. Мақалада музей ісіне әлем музейлері жүйесіндегі ақпараттық технологияны енгізудегі мәселелері мен әдістері қарастырылып, мультимедиялық жабдықтар базасын тәжірибеге енгізе отырып, ақпараттық жүйеге көшу жолдарының маңыздылығы мен қажеттілігі анықталады.

**Тірек сөздер:** виртуалды музей, виртуалды экспозиция, енсорлы киоск, электронды каталог, аудиогид

*Виртуалды музейлер* – виртуальды кеңістікте орналасқан, компьютерлік технологиялар көмегімен жүзеге асырылған музейлер моделі, әрі музей экспозициясындағы материалдарды көпшіліктің қабылдауына қолжетімді, тиімді етуге арналған веб-сайттың түрі. Яғни музейлердің орналасқан мемлекетіне бармай-ақ, үйде, мекемеде отырып, музей экспозициясына ғаламтор жүйесі, аудиотехникалар, мультимедиялық қондырғылар, интерактивті қондырғылар көмегімен саяхатқа шығу. Мұнда музейлерде экспонаттар «*виртуалды экспозицияда*» орналасады. Виртуалды музейлерге саяхатты электронды жасалған аудиогидтер жүргізеді. Веб-сайт түріндегі алғашқы музейлер ғаламторда 1991 жылы пайда бола бастады. Басында виртуалды музейлер нақты музейлердің сайты ғана болса, кейіннен жеке веб-сайт музейлер ашыла бастады да, қазіргі таңда кең қолданысқа ие болды.

Виртуалды музейлер интернет-технологияларды қолдану арқылы сақтау, қауіпсіздік, экспонаттарға тез, жеңіл әрі кеңінен қол жетімді болуын қамтамасыз ету сияқты музейдегі дәстүрлі мәселелердің заманауи шешімін ұсынады. Виртуалды музейдің бір ерекшелігі экспонаттар классификациясына қатысты мәліметтердің интерактивті әдістер арқылы іздеуге мүмкіндік береді, мысалы, бір көркемсуретте теңіздің бір жағасы, жартаспен бірге берілсе, ақпараттық технология арқылы сол теңізбен, жартас табиғатымен толық танысуға болады.

Қазіргі таңдағы ауқымды электронды экскурсты жүзеге асырып отырған ақпараттық кеңістіктегі ірі музейлердің бірі - Канада виртуальды музейін Канада құндылықтары департаменті жанындағы Канада құндылықтарының ақпараттық жүйесі агентігі құрған (Canadian Heritage Information Network). Канада виртуальды музейі 2500-ден аса Канада музейлері қорларына презентация жасайды. Музей әртүрлі қалалар мен Канада қоғамдарының дамуы туралы ірі коллекцияны, 580 000 экспонат бейнесін, виртуальды ойындар, білім беру материалдарын біріктірген, ресурстары ағылшын және француз тілдерінде жасалған (www.liveinternet.ru).

2001 жылдың 5 сәуірінде ғаламтор жүйесінде АҚШ, Канада және Мексика елдерінің біріккен бағдар-

ламасы аясында аталған елдердің суретшілерінің музей қорларында сақталған 300-ден аса картиналарын насихаттайтын музей-сайт ашылған ([net.compulenta.ru](http://net.compulenta.ru)).

Ресей және Канада мемлекеттерінің біріккен жобасы аясында, екі елдің 14 өнер музейіне экскурсия жасай алатын «Горизонттар. Орыс және канадалық пейзаждар (1860-1940)» атты виртуальды көрме де ғаламтор жүйесінде жұмыс жасап келеді. Көрме экспозициясында Ресей тұтынушылары үшін арнайы орыс тілінде аудиогид жұмыс жасайды (<http://horizons.shm.ru>).

Виртуальды музей электронды саяхатында 3D форматында көрініс енгізу ісі де кең қанат алып отыр. Мысалы, Ақ үй виртуальды музейінің Дөңес кабинетін (<http://whitehousemuseum.org>) осы форматта аралауға болады [6, с. 48-53].

Электронды музейге саяхатқа шығуға өз уақытына қарай тапсырыс беруге болады, мысалы Британ виртуальды музейінің 1 немесе 3 сағаттық саяхат-турлары ұйымдастырылған. Музейдің Египет, Жапония, Латын Америкасы, Азия және Европа залдарына саяхат-турлары осы уақытқа қарай қысқа метражды, ұзақ метражды етіп 2 түрлі мазмұнда жасалынған [15].

Бүкіл дүниежүзілік компьютер желісіне қосылу қызметін қамтамасыз ету мақсатында Гугун Император сарайы музейінің Ақпараттық орталығы өзінің озық тәжірибесін әлемдік музейлер кеңістігіне шығарып отыр.

Музей қытай өнерінің керемет коллекцияларына ие болғандықтан, Ақпараттық орталық өздерінің алдарына ең үздік халықаралық музейлік веб-сайт дайындауды мақсат етіп қойған. Жұмыс нәтижесінде материалдың сапасы мен саны ұлғайып, мәтін жеті тілге аударылды: жеңілдетілген қытай, ағылшын, жапон, неміс, француз, испан және орыс тілдері. Озық ақпараттық технологияларды енгізу нәтижесінде музейді виртуалды көру арқылы әлемнің әр түпкіріндегі адамдар музейдің ішінде бола алады. Мысалы, ежелгі қытай көркем өнеріне үш өлшемді – 3D виртуалды тур жасау ұйымдастырылған. Интерактивтік ойындар жас пайдаланушылардың қытай мәдениетіне деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында құрылған. Бұл ойындардың материалы ретінде атақты көркемсуреттер, археологиялық қазбалар мен мұрағаттық мәліметтер пайдаланылады; осындай ойындардың көмегімен балалар бірегей тәжірибе жинап, уақытын жақсы өткізеді.

2000 жылы қаңтарда Гугун музейі сайтында «Виртуалды музей» деп аталатын озық технологиялы графикасымен, танымдық және түсіндірмелік мәтіндері бар жоба іске қосылды, онда мәдени жәдігерлерді көрсетуге арналған көптеген тақырыптардың мазмұны ашылады. Қазіргі уақытқа дейін келесідей бағдарламалар жетілдірілген: «Цин және миндік безендірілген фарфор», «Сун династиясының атақты альбомдар парағы» және «Будда қағидасындағы суреттерге толық баяндама».

«Виртуалды музей» барлық жастағы көрермендерге бағытталған. Виртуалды шынайылық арқылы олар коллекциялардың ортасында болып, шарлауына немесе ойнауына мүмкіндік береді. Сайтқа кірушілер өнерге қатысты қажетті мәліметтер алып ой өрістерін кеңейтеді.

Жылдан жылға өнер туындылары ескіріп өзінің айқындығын жоғалта бастады. Табиғи апаттар мен соғыстар экспонаттарға қауір қатер келтіреді. Сондықтан коллекцияларды виртуалдандыру және музей қорын цифрлы форматқа аудару музей ісіндегі негізгі міндеттердің біріне айналған, экспонаттарды суретке түсіру және көрсетілім кезінде музей қызметкерлері ең бірінші шеберлер жасаған туындылардың сақталуын қамтамасыз етеді.

Гугун музейінде музей коллекцияларын виртуалдандыру жобасы 2001 жылдан басталған. Оның алдында бұл әдістің болашағы мен мүмкіндіктеріне анализ жасалды. Тайваньдық компаниялар арқылы, музейге заманауи құрал-жабдықтар беріліп, музей заттары суреттерін өңдеуге арналған параметрлер алынды. Синик Академиясының мамандары әдістің халықаралық стандартқа сәйкес келетініне көз жеткізу мақсатында сараптамалар жасады [7, с. 42-44].

Санкт-Петербургтегі «Мемориал» ғылыми-ақпараттық орталығының Гулаг виртуальды музейі жобасын жасаған, жоба бойынша музей екі компоненттер тұрады, 1) «Гулаг іздері» - ландшафтық және антропогендік ортадағы ерте заман іздері; 2) «Террор некрополи» - террордан зардап шеккендер мен зардап шеккен жерлер, нысандар туралы. Жоба виртуальды картотека, уақытша және тұрақты көрме, анықтамалық ақпарат, тақырыптық рубрикалар, музей құжаттары бөлімдерін қамтиды, мультимедиялы музей экспонаттары бұрынғы КСРО елдері музейлеріндегі репрессия тарихынан сыр шертетін экспонаттар, фотосуреттер мен құжаттарды қамтиды.

Москвада 2001 жылдың басында құрылған «Радио және телевидение» виртуальды музейі – Ресейдің мәдениет және БАҚ тарихынан мәлімет береді. Жоба концепциясы ЮНЕСКО қолдауына ие болған [13].

Қазіргі таңда әлемнің көптеген елдерінің музейлері өз музейлерінің виртуальды музей ретіндегі көшірмесін жасауды жүйелі жолға қойып келеді. Солардың бірқатары: Алғашқы қауым виртуальды музейі;

Эрмитаж; А.С. Пушкин атындағы Мемлекеттік көркемсурет өнері музейі; Третьяков галереясы; Мемлекеттік орыс музейі; Британ музейі; Лондон ұлттық музейі; Көркемсурет виртуальды музейі; Экономикалық келісім кенесі бренттер музейі; Ф.М. Достоевский мемориалдық музейі; М.В. Ломоносов мемориалдық музейі; Одессадағы А.С. Пушкин мемориалдық музейі; «Михайловск» А.С. Пушкин музей-қорығы; Космонавтика мемориалдық музейі; Планетарий; «Павловск» музей-қорығы; Европадағы ірі сарай-парк архитектурасы ескерткіштері; Дарвин музейі; Лондон балалар музейі; Канада почта музейі; Москва кино музейі; Кремль виртуальды музейі; Ақ үй виртуальды музейі т.б. [9-15].

Art Project виртуальды музейі 17 000 картина, 600 000 графика, 300 000 авторлық бұйымдар, 700 000 археологиялық, 1 000 000 нумизматикалық құндылықтарды электронды экспозициялайды. Музейде Стритвью талабы бойынша саяхат жасап, әрбір экспонатты 7000 мегапикселге дейін үлкен өлшемде көруге болады. Art Project әлемнің төмендегідей 17 ірі музейіне виртуальды саяхат-тур жасатады: Көне ұлттық галерея, Берлин-Германия; Фрир өнер галереясы, Смитсон институты, Вашингтон, Колумбия-АҚШ; Фрик коллекциясы, Нью-Йорк-АҚШ; Берлин картина галереясы, Берлин-Германия; Метрополитен музейі, Нью-Йорк-АҚШ; Қазіргі заман өнері музейі, Нью-Йорк-АҚШ; Королева София музейі, Мадрид-Испания; Тиссен-Борнемис музейі, Мадрид-Испания; Кампа музейі, Прага-Чехия; Ұлттық галерея, Лондон-Ұлыбритания; Версаль сарайы – Франция; Мемлекеттік музей, Амстердам-Нидерланды; Мемлекеттік Эрмитаж, Санкт-Петербург – Ресей; Мемлекеттік Третьяков галереясы, Москва-Ресей; Тейт галереясы, Лондон – Ұлыбритания; Уффици галереясы, Флоренция – Италия; Ван Гог музейі, Амстердам – Нидерланды [14].

Қазіргі таңда музейлер өз саясатында 3D, 5D технологиясын енгізуде. Бұл формат ойын-сауықтыру қызметті атқармайды, музейде ол жаңа, бағалы мазмұнға ие, зерттеу нысанына айналады. 3D, 5D технологиясының музей ісіндегі қолданыс аясы өте кең, музей ішлік кинотеатр, интерактивті парта, интерактивті тақта, интерактивті кітап, электронды каталог, интернет-медиа, электронды экспозиция, электронды терминал, ашық электронды экспозиция, видео-аудио ролик т.б., ал күрделі түрлерін қолданысқа енгізу арқылы, музей мазмұнына сәйкес келетін ғылыми-танымдық, ағартушылық ақпараттарды тарату арқылы келушілердің танымдық көкжиегі кеңейеді. Әрі бұл музейлік ақпаратты жеткізудің қазіргі таңда оңтайлы, әрі тиімді жолы болып табылады [1].

Ақпараттық кеңістікте музей жұмыстарының қолдану аясы кең. Соның ішінде экспозициядағы әрбір экспонатқа қосымша мәтіндік және суреттік түсініктеме беретін, қордағы экспонаттар жайлы виртуалды көрме орнатылған, экспозицияға қойылмаған қор материалдарынан толық мәлімет алуға мүмкіндік беретін электронды терминал-қондырғылар сенсорлық киосктердің де маңызы ерекше. Қазіргі заман музейлерінде сенсорлы ақпараттық киоскілер экспозиция мазмұнын ашатын электронды көмекші немесе ақпараттық беру жүйесі қызметін атқарады. Музейлік статистикалық зерттеу барысында ең көп музей технологиялары АҚШ музейлерінде пайдалатыны белгілі болды. Екінші орында Тайланд орналасты. Бұл мемлекеттердің барлық музейлерінде келушілерге қызмет көрсететін сенсорлы киоскілер бар. Сондай-ақ киоскілер келушілерге дыбыстық артқы фонмен безендіріліген мультимедиялық жобаны көруге мүмкіндік береді. АҚШ-тың, Еуропаның және Ресейдің көптеген музейлерінде сенсорлы киоскілер экспозициядан тыс, яғни экспозиция тақырыбына сай музей қорындағы құндылықтарға саяхат жасататын электронды көмекші құрал қызметін атқарады [1]. Музей сыртындағы музей қарамағындағы жерге *электронды ашық экспозиция* қалыптастыруда жаңа технологияның жетістігі. Бұл әдіс музей жарнамасын, әрі қала безендіру жұмысын қоса атқарады [4].

*Электронды каталог* – музей қорымен толық танысуға мүмкіндік береді, әрі музей қорын қолжетімді етеді. Себебі, музей экспозициясында музей қорының белгілі бір бөлігі экспозицияға орналастырылады. Келген келушілер тек қана музей ішіндегі тұрақты және уақытша көрмелерді көруге мүмкіндігі бар. Сондықтан, электронды каталог арқылы музейден тыс жерде де музейдің бүкіл экспонаттарын көруге адамдардың мүмкіншілігі бар [8-9].

Виртуалды музей ісіндегі өзекті мәселелердің бірі *виртуалды реконструкция* ісін ғылыми айналымға ендірту болып табылады. *Виртуалды реконструкция* – әртүрлі ғылым салаларындағы тәжірибелерді, модельдеуді қолданатын ерекше ғылым бағыты болып саналады. Виртуалды реконструкция термині «виртуалды» және «реконструкция» терминдерімен түсіндіріледі. «Виртуалды» түсінігі көп қырлы және көптеген анықтамаларға ие, бірақ бұл бағыт бойынша ол материалды емес, иллюзия мағынасында айтылады. «Реконструкция» – бұл сыртқы пішінін және архитектуралық нысанның құрылысын, сондай-ақ ортаны немесе заттың өмір сүрген тарихи дәуірін қайта жаңғырту. Виртуалды реконструкция негізгі бөлшектері сақталмаған немесе белгілі бір жұрнағы ғана сақталған, я болмаса сақталуы нашар, бірақ бірегей экспонаттарды электронды каталогтауда маңызы зор [9].



Қазіргі кездегі музейлік экскурсияларды ұйымдастырудың жаңа сатысы әрине электронды қондырғыларды, яғни инновациялық технологияларды пайдалана отырып, оқу орындарында *электронды көшпелі-дәріс көрмелерді* ұйымдастыру жұмыстарынан көрінеді. Бұл біріншіден, білім алушының жаңа инновациялық техникаға деген ынтасын арттырады, екіншіден уақыт үнемделеді [1, с. 27-29].

Қазіргі таңда музейлер қызметі қоғамдық институт ретінде әлеуметтік-экономикалық жағдайға сай жүргізілуде. Сондықтан да, көшпелі көрмелердің электронды нұсқасын тапсырыс беруші оқу орындарының мүмкіншіліктеріне қарай атқарылады. Музей ісіндегі экскурсиялық жұмыстар музей залдарының мазмұнымен ғана шектелмейді, сондықтанда музей экспозициясынан тыс тақырыптық экскурстар ұйымдастыру мәселесі музей ісінің ауқымын кеңейте түседі. Сондай-ақ электронды экскурстар музейге келе алмайтын мүмкіндігі шектеулі жандармен жұмыс аясын да қалыптастырады.

Қазіргі заманғы музейлер дамуының жаңа сатысы жаңа компьютерлік технологияларды музейлік экспозицияны көпшілікке түсінікті ету, көпшілікті музейге тарту ісінде электронды экскурстар өткізудің мәні зор болып табылады. Әрбір экспонаттың құрылымының бейнесін, оның тарихын, зерттелу деңгейін немесе таңдалып отырған тақырыпқа сай мәтіндерді ашу үшін экскурс жасалады. Электронды музейлік экскурстарды кез-келген музейлік тақырыпта жасауға болады [1, с. 28].

Музейлер мен көрме залдарына арналған *аудиогидтер* – музейлер мен көрме залдарында экскурсия жүргізудің ең жаңаша бір түрі. Ғылыми-техникалық прогрестің жаңалықтары сонымен қатар мәдениет пен өнерге де келіп жетті. Мысалы, синхронды аудармалар үшін арналған техниканың кез келген экскурсияны қызықты лекциялық сабаққа айналдырарлық қасиеті бар.

Ірі музейлерде үлкен топтардың болуының әсерінен экскурсоводты тыңдау көп жағдайда ыңғайсыз болғандықтан, музейге келушілерге аудиогидтер таратылады. Теледидарға арналған дистанциондық пультті еске түсіретін кішкентай құрылғы экспонаттар туралы аудиофайлдардан тұрады.

Аудиогидтер 2 түрге бөлінеді: *қолданбалы; автоматты*. *Қолданбалы аудиогид* нөмерленген батырмалардан тұратын құрылғы, оның көмегімен экспонат немесе стендтің нөмерін теруге болады. Музейге келушілер құрылғыдағы нөмерді теріп, экспонаттар туралы анықтамалық аудиофайлдарды тыңдайды. Құрылғыда сонымен қатар файлды артқа немесе алдыға жылжытатын батырма бар. *Автоматты аудиогид* экспонаттың жанында тұрған батырманы басқанда жұмыс істейтін құрылғы. Музейге келушілер құрылғыны алып, стендке қарай бағыттайды, құрылғы автоматты түрде құлаққа тағатын моно құрылғыға мәліметті жібереді. Бұл аудиогид музейлер мен көрмелерді аралауға зор мүмкіндік береді. Берілген құрылғылардың көмегі арқылы көрмелердің ұзақтығы тәулік бойы созылады. Қазіргі таңда бұл жүйелер 32 тілге дейін ендіре алады.

*Электронды қалалық экскурсовод* кез келген аймаққа бекітіле алынады. Аудиофайлдар картадағы орналасқан нүктесі мен қаланың назар аударарлық орындарын көру ұзақтығына байланысты жазылады [4, с. 40-45; 5, с. 38].

*Экскурсиялық мақсаттағы аудиогид-плеер*. Тасымалдаушы аудиогид-плеер қарапайым басқаруымен ыңғайлы MP3 плеерден тұрады. Оның пішіні кредитті карточкадан да кішкентай және оның көпфункционалдылығы өмірдің түрлі салаларында қолданысқа ие. Аудиогид-плеер музыкалық кештерде, ойын-сауық және спорттық іс-шараларда жарнамалық мақсатта және ақпаратты таратуда қолданыла алынады. Плеерлердің бағасы қолжетімді болып келеді. Әрбір музейге келуші адам өзінің қалаған уақытында плеерге жазылған файлды жарнамалық ақпаратты тыңдай алады. Миниатюрлі аудиогид плеері аудиофайлдарды қайта орап, қайта тоқтап, қайта қосып, тыңдай алады. Плеер аудиогид 12 сағат бойы жұмыс істейді. Плеердің жиынтығына USB-өткізгіш кіреді. Сөйтіп плеерге аудиокітаптар, музыкалар, аудиоэкскурсияларды т.б. жазып алуға болады.

Аталған технологиялар көмегімен аудиоэкскурсияларды экскурсоводсыз-ақ өткізуге болады, қаланың немесе музейдің ішімен серуендей келе кез келген аялдаманы таңдап жүруге болады. Объект немесе экспонат туралы мәліметті тыңдау үшін аудиофайлды қайта орап, тыңдауға, дауыс регуляторының максималдылығы мен минималдылығын дәлдеп қоюға, мақсат қойған жеріне бармай-ақ виртуалды аудиоэкскурстар тыңдауға болады [2, с. 81].

Аудиогид круиздік саяхаттарда, автобустық серуендерде де қолданылады. Туристік аудиогидті 2 түрлі жолмен таңдауға болады: *алдын ала таңдап алынған маршруттық саяхат; арнайы компаниядағы экскурсияларын жеке таңдау*. Саяхаттың маршрутін біле салысымен, турист компаниядан аудиогид құрылғысына тапсырыс жасайды. Құрылғы пішіні үлкенді емес. Саяхаттаушы оны кез келген уақытта қоса алады. Аудиогидтерді әр түрлі тақырыптарға сай таңдауға болады. Мысалы, көркемдік музейлер мен сарайлар, қалалар мен сәулет ескерткіштері. Құрастырушылар әр объект пен экспонат үшін экскурсия картасын, аудиофайлын құрайды.

Аудиогид жүйелерінің құрылғысы акпараттардың өшірілмеу қаупін қадағалайтын қорғаныш функцияларынан тұрады. Антивандальды корпус құлаған сәтте соғылмайды. Аудиогид 12 сағат бойы үзіліссіз жұмыс жасай алады, ал жұмысы тоқтаған жағдайда оны тоқ көзіне қосу қажет. Түрлі функцияларды ажырата білу үшін аудиогид түрлі-түсті индикаторларға боялған және олар түрлі режимдегі жұмыстарды атқарады: қосу, тоқтату, қайта айналдыру. Бұл жүйе келесі комплектілерден тұрады: аудиогид; құлаққа тағатын құрылғы; тоқ көзі; аудиофайлдарды жазып алатын құрылғы [5].

Қорыта айтқанда, әлемнің бәсекеге қабілетті, дамыған елдерінің басым бағыттардың бірі инновациялық нанотехнологияларды қоғамның барлық саласында қолданысқа енгізуден көрінеді. Мемлекеттің қарқынды дамуында музейлер мен туризмді қатар дамытудың шешуші рол атқаратыны сөзсіз. Бұл ХХІ ғасыр музейлері жолға қойып отырған инновациялық қадам.

1 Какабаев Б. *Формы экспозиционно-выставочных работ в современных условиях / Труды Центрального музея - Алматы: Ғылым, 2004.*

2 *Музей в цифровую эпоху «Интермузей-2014». Журнал «Музей» №.7/2014, - С. 81.*

3 *Музейная экспозиция. На пути к музею 21 века. - М., 1997.*

4 Ноль Я.Л. *Информационные технологии в деятельности музея. – СПб., 2007.*

5 *Музей и новые технологии/ под ред. Никишина Н.А. - М., 1999.*

6 *Пешков Ю.М. Из истории компьютеризации музеев США. Труды Центрального музея - Алматы: Ғылым, 2004.*

7 *Сокровища музея императорского дворца. Гугун. – М.: Издательство «Наталис» Рипол Классик, 2007.*

8 *Чинколл Р. Музейная каталогизация и ЭВМ. – М.: Мир, 1983.*

9 *Электронный каталог музейных предметов/http://shm.ru/kollektsii-i-muzeynyj-kompleks/elektronnyy-katalog/.*

10 <http://gulagmuseum.org>

11 <http://horizons.shm.ru>

12 <http://whitehousemuseum.org>

13 <http://www.tvmuseum.ru>

14 [www.artproject.com](http://www.artproject.com)

15 [www.britishmuseum.org](http://www.britishmuseum.org)

### Резюме

В данной статье рассматривается значимость развития и улучшения использования информационных технологий в отрасли виртуальных музеев и важность путей их улучшений.

В современном обществе информационных технологий необходимо внедрять инновационные пособия для развития музейного дела. По этой причине использование интернета дает возможность развивать новые музейные проекты, а также на основе интернет коммуникации расширить пространство музеев на сайтах, в музеях ценность использования информационных технологий очень важна. Современный музей является не только хранителем прошлых предметов, а так же распространителем современных идей. Оно требует внедрение и развитие новых технологий и внутренних информационных технологий, изменив по-новому взгляд общества на музеи. На сегодняшний день новые технологии значимы как в нашей личной жизни, так и социальной жизни из дня от дня, и они приносят такое же равное ясное изменение в отрасль и деятельность музеев. В статье рассматривается внедрение информационных технологий на основе систем мировых музеев, способы использования мультимедийных оборудования на данной базе необходимость путей перехода на них.

**Ключевые слова:** виртуальный музей, виртуальная экспозиция, сенсорный киоск, электронный каталог, аудиогид

### Summary

In the article the significance and extension ways of information technologies on the base of virtual museum are scrutinized.

In modern society of information technology in museums information technology prospects should be developed. To a museum the approach of usage and development of information technology brings opportunity to its new work, on the Internet sites museum space is increasing, museum resource appreciates this importance. Modern museum is considered to be not only the protection place - it is the broadcast of present ideas. The development of new technologies and new information technologies demand novel view on society. Nowadays new technologies improve our personal and social lives and contributes museum branch as well. In the research, the passes of information systems' implementation on the world basis of museums are contemplated; the inculcation of multimedia equipments, the value and transition on the innovative information technologies are explored.

**Key words:** virtual museum, virtual exposition, touch screen kiosk, electronic catalog, audio guide

УДК 930(470+574)

## БИЛЕР ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ РЕСЕЙЛІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТАРИХНАМАСЫ: ЗЕРТТЕУДІҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ ӘДІСТЕРІ

**Ж.С. Мажитова** – *М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің таяу шет елдер мемлекеттер тарихы кафедрасының докторанты, т.ғ.к., доцент*

Мақалада XVIII-XIX ғ. қазақ қоғамының дәстүрлі билер институтын зерттеудегі Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясының зерттеушілерінің қазіргі заманғы тұжырымдамалық тәсілдері қарастырылады. Кеңес Одағының ыдырауынан кейін тарихшылар, заңгерлер және басқа да гуманитарлық бағыттардың өкілдері ескі таптаурынды концепциядан алшақ кетіп қана қоймай, дәстүрлі қоғам тарихын зерттеуде жаңа концептуалды бағыттарды құрастыру амалдарын жасады. Қазақтардың құқықтық институттарын, соның ішінде бидің тарихын зерттеуде заманауи ресейлік және қазақстандық зерттеушілердің алдында ортақ ғылыми бағыттарды жасап шығару тұрды.

**Тірек сөздер:** ресейлік және қазақстандық заманауи тарихнама, қарапайым құқық, билер институты

Алдыңғы ғасырдың 80-ші жж. ортасы Кеңес одағы тарихында «қайта құру» кезеңі оқиғаларымен белгілі. Осы уақытта Кеңес Одағының коммунистік партиясының негізгі қағидалары – жариялылық, нәтижесінде ұлы мемлекеттің құрамына кірген барлық одақтас республикаларының кейінгі тағдырында елеулі роль ойнаған елдің қоғамдық өмірінің барлық жақтарын демократизациялау жарияланды. Ұлғайып келген қоғамдық әлеуметтік-саяси дағдарыс сыртқа халықтардың ұлттық қарсыластығы түрінде шықты, бұл өз алдына жастардың демократиялық қозғалыстарының, қоғамның ұлттық бірегейлікке деген қызығушылығының, тарихи өткенді зерттеп қайта түсіну және болашақтың перспективаларын анықтау ықыластығының пайда болуына алып келді.

1980-ші жылдардың аяғы 1990-шы жж. басы жаңа тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуымен белгілі; кеңес империясының орнына Тәуелсіз мемлекеттер достастығы құрылды. Бұл кезеңде Ресеймен қоса, Қазақстанның да ғылыми қауымы ұлттық тарихқа деген қызығушылықтарын көрсетіп, КСРО ыдырауынан кейінгі толтырылуы қажет орындарды анықтап, жиналған ғылыми-зерттеу тәжірибені жағадан қарастырумен қатар тарихи өткеннің көптеген құбылыстарына баға беруді бастады.

Ғалымдардың ғылыми қызығушылықтарының ауқымы өте кең болды. Зерттеу алаңына Қазақстанның Ресей империясына қосылу мәселелерімен бірге (қосылу немесе басып алу), Қазақстан территориясындағы ұлт-азаттық қозғалыстар (ұлт-азаттық немесе феодалдық-монархиялық) кірген болса сонымен бірге қазақтардың қарапайым құқығы және басқа да мәселелер ғалымдардың зерттеу аясынан тыс қалған жоқ. Тарихшылар, заңгерлер және Қазақстан Республикасының ғылымының басқа да гуманитарлық бағытының өкілдері, кеңестік идеологиямен еріксіз енгізілген концепцияның ескі стереотиптерінен алшақ кету үшін қазақтардың қарапайым құқығын, соның ішінде билер институтының пайда болуы мен дамуы мәселелерін зерттеуде 1980 жж. аяғында жаңа концептуалды бағыттарды іздей бастайды.

Қазақтардың қарапайым құқық жүйесін ғылыми зерттеуге итермелеген басты себеп 1989 ж. жарық көрген «Қазақтардың қарапайым құқық мәселесі» атты танымал құқықтанушы, академик С.З. Зимановтың еңбегі келешекте ғалымдардың бастамасымен ғылыми-зерттеу объектісі ретінде анықтаған құқықтық сұрақтар шеңберінің ішінде бастысы ретінде белгілегендері: «Қазақтардың қарапайым құқық институттарын монографиялық зерттеу» [1]. Ғалымның пікірі бойынша, тек нақты және терең білім қарапайым құқық институттарын білу мәселесін нәтижелі шешуге мүмкіндік береді.

Концептуалды тәсілдерді қалыптастыруда Қазақстанның да тарих ғалымдары тыс қалмады. 1990 ж. 27-28 шілдесінде «Колониализм жағдайындағы ұлттық қозғалыстар (Қазақстан, Орта Азия, Солтүстік Кавказ)» атты дөңгелек үстел өтті, оның бастамашылары «Тарих мәселелері» баспасымен бірлесе отырып Қазақ КСР ғылым академиясының Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институты болды. Форум КСРО-ның әр түрлі аймағынан, соның ішінде Ресей, Қазақстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Өзбекстаннан Ресей империясының территориясындағы ұлт-азаттық қозғалыстар мәселелері бойынша ірі мамандарды жинады. Пікірталас барысында бұрынғы метрополия территориясындағы ұлт-азаттық қозғалыстарды жарықтандыруда жаңа концептуалды тәсілдердің қажеттігі туралы шешім қабылданды, соның ішінде Қазақ КСР ҒА академигі М.К. Қозыбаев «назарларымызды оқырмандар

күтетін жаңа ойлардың негізінде жатқан мәселелерге аудару» қажеттігі туралы мәлімдеді [2].

Пікірталас барысында ғалымдар түпкір территориялардың Ресейге қосылуы әр түрлі әдістермен жүргізілгендігі туралы мәлімдеді: жергілікті басқарушы тарап пен ресей әкімшілігінің арасында жүргізілген келіссөздер нәтижесінде; Ресей империясының басып алу саясатының барысында; өз еркімен кіруінің нәтижесінде. Әр түрлі ұстанымдардың болуына қарамастан, ғалымдар түрлі республикалардың ұлттық мүдделерін қозғайтын көптеген қиын мәселелерді зерттеуде жаңа ортақ концептуалды әдістерді жасап шығару туралы пікірді білдірді. Солай бола тұра жиналыстың қатысушылары шешімі КСРО құрамына кірген халықтардың өткеніндегі қиын әлеуметтік-саяси және экономикалық үдерістерін түсінудегі тарихи ғылымды айтарлықтай алға жылжытатын мәселелердің бар екендігі туралы мәлімдеді. Мысал ретінде, зерттеуші В.П. Крикунов ғалымдар «айналымға жанжақты көптілді жергілікті құжаттамалық кәуәліктерді қоспастан, біркелкі деректердің жартымсыз қорларына сүйене беретіндіктен: халықтық ақылды, қозғалыстарға қатысушыларды бойлаған мақсат армандарды, ештеңемен тең келмес қиындықтардың, бірыңғай ерліктердің мәнін ашудың жолын табу, түсінуге өте қажетті оқиғаларды, этно әлеуметтік үдерістерді т.б. назардан тыс қалдырмау қажет» [3] деп анықтаған болатын.

Ғалымдардың сөздерінде қоғам алдына халық тарихының әлеуметтік-саяси және экономикалық, оның азаттық қозғалысының мәселесіне қатысты өзінің көзқарасын ұсыну мүмкіндігінен кейбір ғалымдарда пайда болған масаттану бойынша алаңдаушылық көрініс тапты. Ғалымдар зерттеушілердің көзқарастары құжаттамалық материалдарға негізделіп, ғылыми этикаға, ғылымның саналық жағына сәйкес келуі шарт «тарихи зерттеулер саяси нұсқаудың талабы бойынша емес, ғылыми сананың негізінде жазылуы тиіс» [4], және жаңа концептуалды шешімдердің жолында революцияға дейінгі және кеңестік зерттеушілердің де бай тарихнамалық ғылыми мұралары туралы ұмытпаған жөн екендігін белгілейді. Тарихты қайта түсіну тарихи зерттеулердің әдістемесін байытуға жол салуы тиісті. Бұл қысқа қайта құру кезеңінен кейін (1985–1991) ғалымдар қазақ қоғамының әлеуметтік және саяси құрылымын сипаттауда таптық әдістен әлі алыс кеткен жоқ, онда қазақ билері бұл зерттеудің негізінде жоюға тиісті қарапайым көшпенділердің қанаушылары, пролетариаттың жауы ретінде көрсетілген. Зерттеушілерге «Кеңес тарихнамалық ғылымның өткен жолы сан қырлы. Оны зерттеу ...тарих әдістемесінің марксисттік-лениндік қағидаларын жан-жақты игеруге жағдай жасайды, ...әдебиетке деген тарихи бекітілген тәсілдерді жинақтауға, мәселе шеңберіне кеңестік тарихи ғылымның әдістерін, тұжырымдамаларын, дәстүрлерін енгізіп, оның болашағын анықтау» екендігін есте сақтау ұсынылды [5]. Алайда басты марксистік тәсілдемеден алшақтау жарқылдары ғылымдардың кейбір жұмыстарында көрініс табатындығын ескерген жөн [6].

1991 ж. Қазақстан және Ресей арасында жаңа кезең басталды. Мемлекеттік тәуелсіздіктің жариялануы ұлттық тарихты жазу талпыныстарын алға тартып, тарихи өткеннің көптеген даулы және әркелкі мәселелеріне деген ғылыми қауымның қызығушылықтарын тудырды. Қазақстанның Ресей құрамына қосылуы, қазақ және орыс халықтарының әлеуметтік және саяси қатынастары едәуір орын алатын орыс-қазақ байланыстарының қалыптасуы мәселелері өзекті бола түсті. Ғалымдар дәстүрлі қазақ қоғамы, соның ішінде халықтың қарапайым құқықтық өзіндік сана сезімінің ерекшеліктерін қарастыратын оның құқықтық институттары, Дала территориясындағы Ресей империясының әкімшілік реформалары кезіндегі оның өзгеруі туралы көзқарастарды қайта сынауға ұшыратты.

1990 жж. бірінші жарты жылдығындағы қазақ тарихнамасының бірден бір пікірталастық тақырыптарының бірі қазақ қоғамындағы билер институтын, оның көшпенді ұжымның қызметіндегі мәртебесі мен ролін анықтау мәселесі болды. Би көшпенді қауымда тайпааралық одақтастықтардың жетекшісінен бастап сотқа дейінгі түрлі қызметтерді атқарған ең басты тұлғалардың бірі болғандықтан, бұл құбылысты зерттеуге барлық гуманитарлы бағыттың өкілдері кірісті: тарихшылар, заңгерлер, филологтар, философтар, саясаттанушылар және т.б. Тақырыптың әзірленуіне Б.М. Абдрахманова, Ж.О. Артықбаев, Ж.М. Джанпейсова, И.В. Ерофеева, А.И. Оразбаева және т.б. этнограф тарихшылар; С.З. Зиманов, Ж.С. Алдибеков, К.А. Жиренчин, З.Ж. Кенжалиев, С.Өзбекулы, Н.Өсерұлы және басқа да заңгерлер; М.Еслямғалиұлы, Д.К. Кшибеков және басқа философтар; Б.А. Адамбаев, Г.К. Бельгер, С.Негимов және басқа филологтар өз үлестерін қосты. Осы кезеңнен бастап ғылыми екінің дәстүрлі қазақ қоғамының құқықтық институтын тұжырымдамалық зерттеуге өткендігі туралы айтуға болады. Билерді сипаттауда ғалымдар «қоғам тарихы таптардың күресу тарихы болды» деген тұжырымнан алшақтап, осы уақыттан бастап билер басқа қоғамға қарама қарсы қойылуы тоқтатылып, олар енді қазақ қоғамының тарихында анықтаушы ролді ойнаған басты тұлғаға айналды.

Бұл кезеңде тақырып бойынша білімді толықтырудың бір жолы ретінде ғалымдардың дәстүрлі қазақ қоғамын зерттеудің өзекті мәселелерін баспа беттерінде кең талқылауға шығарып отырған ғылыми мерзімді баспалар болды.

Бұл ғылыми тәжірибе 90 жж. ортасынан бастап билер институтына қатысты көптеген мәселелердің сапасы бойынша жаңа деңгейге ие болғандығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді: яғни қандайда бір оқиғаны бұрынғы жай ғана сипаттаудан мәселені ғылыми зерттеу және тарихнамалық мәліметтерді жинақтау әрекеттеріне қадам жасау. Ұлттық тарихтың беттерін зерттеуде «Ғылыми тәуелсіздіктен» туындаған масаттану енді әлде қайда ойға салынған әдістермен ауыстырылады. Сонымен қатар, бұл жұмыстарға тарихтың теориялық-әдістемелік мәселелерін антимарксистік жолмен баяндаудан алшақтап, мәселені шешудегі жаңа тұжырымдамалық бағыттарды анықтау үшін жиналған теориялық-тарихи тәжірибені пайдалану талпыныстарына көшу үрдісі тән екендігін айқындау қажет.

Белгілі тарихшы М.Қ. Қойгелдиев өзінің «Жетісудағы Ресей билігі (XIX ғ.-1917 ж.)» атты зерттеуінде патша өкіметінің отар аймақтардағы халықтарды қатаң бақылауға алып, оны өз уысынан шығармау үшін халықты алдымен шоқындырып, одан кейін орыстандыруды көздегенін қарастырып, ол туралы: «Патша өкіметі отарлау процесі барысында православиялық Ресейге қарсы ислам дінінің қорғанысы – ұйытқылық, рухани қарсылық ұйымдастырушы күш міндетін атқаратынын жақсы түсінді. Сондықтан ислам дінінің түркі халықтарының өміріндегі ықпалын әлсіретіп, соңынан оны жоюға үлкен ынта қойды. Ислам дінін патша өкіметі өзінің саяси міндеттерінің жүзеге асыру жолындағы негізгі кедергі ретінде бағаланды. Шеткері аймақтардағы халықтарды орыстандыру жолындағы патша өкіметінің сойылын соғушылардың айла-әрекеттерінің бірі – мұсылман халықтарын ғасырлар бойы қолданып келе жатқан араб графикасы негізіндегі жазуын қолданыстан шығару болды. Араб жазуын мұсылман халықтарының қолдануын қалайда ығыстырып, оның орнына кириллицаны енгізуді жүзеге асырып қалуда Н.И. Ильминский, Н.П. Остроумов секілді миссионер ғалымдар белсенділік танытып жатты. Н.И. Ильминскийдің пікірінше, әліпби қай уақытта да дінмен бірге қабылданған. Татарлар, қазақтар және т.б. түркі халықтары өзге мұсылман елдері тәрізді араб жазуына ислам дінінің таралуына байланысты көшкен. Араб жазуы – оларды ислам дінімен байланыстырушы үлкен құрал. Сондықтан, оның ойынша, түркі халықтарының жазуына орыс әліпбиін енгізу арқылы «екі қоянды бір окпен өлтіруге болады». Біріншіден, оларды мұсылман дінінен айыруға, екіншіден, біртіндеп православиеге көшіруге болады», - деп жазды [4].

«Исторический опыт становления и развития школьного образования в Казахстане в XIX - начале XX веков» атты зерттеудің авторы Н.А. Адельбаева XIX ғасырдағы Қазақстан мектептеріндегі білім беруді ұйымдастыруға тарихи құжаттар негізінде жүйелі талдау жасап, осы кезең аралығындағы Қазақстан аймақтарындағы мектептерде білім берудің өзіндік ерекшеліктерін қарастырған [5].

Империялық сипаттағы оқу орындарында білім алған қазақ жастарын, атап айтқанда Қазандағы оқу орындарында қарастырылып отырған кезең аралығында оқыған бірнеше қазақ жастары туралы еңбектің авторы Б.А. Кенжетеев. Ол ғылыми зерттеулер мен мұрағат құжаттары мәліметтері негізінде Қазан оқу орындарында білім алған қазақ студенттері туралы, олардың сандық көрсеткіші, студенттердің аты-жөні жөнінен мол мағұмат береді [6]. Дәл осындай империялық университеттерде білім алған қазақ жастары, қазақ студенттігінің қалыптасу бейнесі туралы жарияланымдардың авторы А.А. Айтмухамбетов. Оның жаңадан толықтырылған студенттердің аты-жөні, білімі туралы мәліметтері оқыған қазақ жастарының санын көбейтіп, қазақ жеріндегі ағартушылықты зерттеудің мәліметтер базасын кеңейтуге біршама үлес қосқаны анық.

И.Р. Халитова Солтүстік-Шығыс Қазақстан материалдары негізінде 1867-1914 жылдар аралығындағы Қазақстандағы халық ағартушылығы мәселелерін, қалыптасуын, даму кезеңдері мен деңгейін қарастырды [7]. Ол XIX ғасырдың 80 жылдарындағы Ақмола, Семей облыстарындағы мектептер мен ондағы білім беру сапасына талдау жасайды, сол кезеңдегі Солтүстік-Шығыс Қазақстан халқының жан басына шаққандағы мектеп санының аз болғанын, мысалы 1893 жылы 100 тұрғынға оқитын балалардың санын шаққандағы көрсеткіш Ақмола облысында – 9,4%, Семей облысында - 2,3% ғана екендігін көрсетеді. Сонымен

қатар 1905 жылғы революция өлкенің ағарту саласына біршама әсер еткенін, II Николай патшаның 17 қазанда жариялаған манифесті негізінде комерциялық мектептер мен училищелер ашылғанын, нәтижесінде өлкеде капиталистік қатынастар белең алып, «жаңа әдісте» оқытатын мектеп медреселердің жұмысы жанданғанын атап өтеді [7, 23].

Бөкей хандығы қазақ халқының материалдық және рухани мәдениеті дамуының ошағы болды. Сондықтанда осы өлке ағартушылық мекемелерінің құрылуы мен дамуын қарастыратын зерттеушілер үшін маңыздылығын жоғалтпауда. Осы аймақтың XVIII-XIX ғасырлардағы демографиялық ахуалын қарастырған М.Н. Сдыков өз монографиясында қазақ балаларының білім алуы мәселесі, Батыс Қазақстан халқының сауаттылық деңгейін мұрағат материалдары мен халық санағы статистикалық мәліметтері негізінде анықтады [8]. Келесі бір Батыс Қазақстан өңірінің ағартушылығын зерттеген ғалым Р.Л. Абдрахманова болды, ол өз зерттеуінде батыста ашылған алғашқы мектеп-медреседен бастап, Бөкей Ордасындағы орыс-қазақ мектебінің, орта және кәсіби білім беретін мекемелердің ашылуы мен дамуы, маңызын қарастырды [9].

Осы сараланған еңбектермен қатар, XIX ғасырдың соңы-XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ жеріндегі ағартушылық тақырыбы тікелей зерттеу нысанына алынбаса да, жекеленген аймақтар бойынша қазақстандық оқу-білім саласының даму тарихына қатысты ұтымды тұжырымдар жасаған кандидаттық және докторлық диссертациялардан Ш.Н. Нағымов, А.М. Нурғалиева, М.Ш. Егембердиев, Қ.Б. Болатова, Ж.Т. Төлепберген [10] және т.б. еңбектерін атасақ болады. Бұл зерттеулерде жекеленген аймақтардағы жәдидшілдіктің ықпалы, мұсылмандық қозғалыс, оның ерекшелігі, ағартушылықтың жаңаша әдіспен қалай жүзеге асырылғаны, қазақ қоғамындағы медресе мен мектептердің орны, оқу-ағарту орындарының түрлері және дамуы, техникалық жағынан жабдықталуы және т.б. мәселелер қарастырылған.

XIX ғ. соңы - XX ғ. бас кезінде түркі тілдес мұсылман халықтарының саяси өмірінде «мұсылмандардың дәстүрлі өмір салтын өзгеріске түсіретін жаңа серпін» деп бағаланған жәдидшілдік тақырыбын С.К. Рүстемов өзінің «XX ғасыр басындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі мұсылмандық қозғалыс» атты кандидаттық диссертациясында отарлық езгідегі қазақ қоғамына жәдидтердің әкелген жаңалығы, ағартушылығы мен патшалық билік тарапынан шектеуге қарамастан ашылған жәдидтік мектептер қызметін қарастырып, оң бағасын береді [11].

С.Қ. Шілдебай «Түрікшілдік және Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс» атты монографиясында Ресей империясының мұсылман халықтарын әскери, саяси-экономикалық, әлеуметтік және мәдени-рухани жағынан отарлауды тоқтаусыз жүргізгенін, олар отар аймақтарды басқару жүйесінде, түркі халықтарын орыстандыру мен шоқындыру, алфавитін өзгерту және аралас мектептерді ашуынан көрініс тапқанын айтады. Нәтижесінде ұлт зиялылары Ресейдің отарлық саясатына қарсы, «жәдидтік» күрес бағытын қалыптастырғанын, жәдидтердің мәдени-ағартушылық қызметі түрік халықтарының санасына ұлы төңкеріс әкелгенін және қазақ қоғамына ерекше ықпал жасағанын баса көрсетті. Сонымен қатар, XX ғасырдың басындағы жәдидшілік патша үкіметін қатты үрейлендірген философиялық-идеологиялық, рухани-мәдени һәм тарихи-түріктік тұтастықты көтерген, қазақ қоғамына ерекше ықпал еткен әрі тарихында терең із қалдырған мәдени түрікшілдік болды деп жазады [12, 43-85].

Қазақ даласындағы жәдидшілдіктің тарихы ресей мұсылмандарының: Еділ бойы және Қырым татарлары, башқұрттар және тағыда басқа Империяның түркі тілдес халықтарының жәдидшілдігі тарихының жалғасы мен толықтырылуы болып табылады. Әсіресе жәдидтік ағартушылық қозғалыс жөнінде Татарстан мен Башқұртстан ғалымдарының еңбектері аса қомақты болып отыр, олардың қатарында Р.М. Мухаметшин, Р.С. Хакимов, Р.Г. Кузеев, Л.А. Ямаева, М.Н. Фархшатов, А.Х. Басыров, З.М. Абдуллина және т.б. Бұл еңбектер Ресей империясының барлық мұсылман аймақтары мен Қазақ даласында пайда болған және дамыған жәдидтік қозғалыстағы татарлар мен башқұрттардың рөлін, соның ішінде жәдидтердің денсаулық сақтау, ағартушылық, ғылым, мәдениет сияқты қоғамның әлеуметтік салаларындағы қайырымдылық қызметтері арқылы баса көрсетіледі. Татар және башқұрт жәдидтерінің алдына қойған міндеттері - ағартушылықты тарату, түркі тілі мен әдебиетін, ұлттық театр мен басылымдарды дамыту болды. Татар молдалары Қазақ даласында жаңа әдісті мектеп ашуға, қайырымдылық мұсылмандық қоғамдар құруға және т.б. септігін тигізді. Р.М. Мухаметшин «Ислам в татарской общественной мысли начала XX в.» атты зерттеуінде XX ғ. басында татарларда қоғамдық сана жанарып, жаңа қоғамдық ойлардың негізгі идеяларының қалыптасу кезеңін басынан өткергенін қарастырады. Діни реформаторлық пен ағартушылық және либералдық ойлар ұлт-азаттық қозғалыстарға, ұлттық танымның негізгі идеяларының қалыптасуына әкеліп соқты, дәл осы кезеңде, 1905-1907 жылдардағы революциядан кейін мерзімді басылым, зайырлы білім беру, қазіргі ғылым мен техниканың жетістіктеріне қызығушылық артып, саяси партиялар мен бірлестіктер құрылып, ұлттар өздерінің саяси көзқарастарын ашық білдіре



бастағанын жазады [13, 160]. Сонымен қатар, қоғамдық ойды қалыптастыруда оқу орындарының рөлін жақсы түсінген ұлт зиялылары қоғамның және ұлттың прогрессивті дамуы үшін халыққа білім беруді жаңа жүйеге өткізуге, дыбыстап оқыту әдісіне, ұсталық пен өнеркәсіптік тәжірибемен қатар шетел тілін де меңгеру жолында жұмыс жасағанын қарастырады [13, 161].

Р.С. Хакимов өзінің «Джадидизм (реформированный ислам)» атты монографиясында [14] реформаланған исламның қалыптасуы мен дамуы мәселелерін XIX-XX ғғ. жәдидшілдіктің татар жеріндегі ағымының тарихы мысалында қарастырады. Р.Хакимовтың еңбегінің маңыздылығы сонда қазіргі ғылыми үдеріс контекстінде «жәдидшілдік» терминіне қатысты жарияланымдар мен бұл ағымның идеологиялық мектебі туралы зерттеулердің аздығында болып отыр. Монографияны татарлық исламдық ойлардың дамуы тарихи-философиялық экскурсы ретінде сипаттауға болады. Онда жәдидшілдік идеясының пайда болуын қалыптасқан білім беру жүйесін реформалау қажеттігінен туындаған медреседегі зайырлы білім беру үдерісі ретінде қарастырады. Оның түсінігіндегі мұсылман – ол білімге ұмтылған, ізденіс үстіндегі, өзіндік сыни ой қорыта алатын, тіпті әрқашан дұрыс болмаса да, ең бастысы ақиқатты іздеу арқылы өзін-өзі жетілдіретін адам.

Еділ-Орал территориясында мәдени қауымдастықтың қалыптасуы мен даму заңдылығын қарастырған белгілі башқұрт этнологы Р.Г. Кузеев болды. Ол көп ұлтты Еділ-Орал аймағы тарихын Оңтүстік-Шығыс Еуропа халықтарымен өзара байланысын тарихи-мәдени тұрғыда қарастыруды жаңа деңгейге көтерді. Р.Г. Кузеевтің еңбектеріне әлеуметтік-экономикалық және этно-мәдени дамуды теориялық және нақты-тарихи тұрғыда талдау тән. Ол түркі халықтарының ұлттық қозғалысын хронологиялық жағынан төрт кезеңге бөлді. Біз үшін қарастырылып отырған тақырып аясында алғашқы екі кезеңі, яғни ұлттық-демократиялық, XIX ғ. соңы мен 1905 жылға дейінгі аралық және әлеуметтік-демократиялық кезең, 1905-1919/20 жылдарға дейінгі аралық маңызды [15, 237].

Мұсылмандық мәдени-ағартушылық қоғамдардың қызметін қарастырған ғалым Л.А. Ямаева XX ғ. бас кезіндегі мұсылмандық либерализмді қоғамдық-саяси қозғалыс ретінде қарастырып, Уфа, Орынбор губернияларындағы түркі-мұсылман халықтарының саны, этникалық құрамы, білімі, әлеуметтік құрылымына тоқталып, Орал-Еділ бойындағы жәдидтік қозғалыс пен оның әлеуметтік базасына, жәдидшілдіктегі негізгі ағымдарға, сонымен қатар Мемлекеттік Думаға мүше болған мұсылман депутаттардың қызметін қарастырды [16].

Башқұрттардың XIX ғ. 60-90 жылдарындағы халық ағартушылығын қарастырған М.Н. Фархшатов еді. Ол Башкириядағы халықтық ағартушылық жүйесінің қалыптасуы мен дамуын, оны демократияландыру жолындағы прогрессивтік күштердің күресін Оңтүстік Орал башқұрттардың негізгі қоныстанған аумағы шеңберінде қарастырады. Бұл өз кезегінде көрші жатқан қазақ халқының сол кезеңдегі саяси және ағартушылық жағдайын, мектеп, медреселердегі оқыту жүйесі мен бағдарламаларын қарастыруға мүмкіндік береді, өйткені қазақтар Орынбор мен Қазанда білім алған сияқты Уфа оқу орындарында да білім алды, сондықтан бұл зерттеу біз қарастырып отырған тақырыпты ашуға өзіндік ықпалын тигізеді. Сондай-ақ, мұнда XIX ғ. аяқ кезіндегі мектеп, медреселерді реформалау жөніндегі қозғалыстарда қарастырылған [17].

Сонымен қатар, башқұрт ғалымдарынан жәдидшілдікке әлеуметтік-философиялық талдау жасаған А.Х. Басыровтың және Башкириядағы жәдидшілдіктің тарихи-мәдени аспектісін қарастырған З.М. Абдуллинаның еңбектері де жәдидшілдіктің жаңа қырларын ашуға біршама көмек тигізері сөзсіз [18].

Соңғы он жылдықтарда Орталық Азияның посткеңестік республикаларында ортаазиялық жәдидшілдік және оның көшбасшылары мәселелері бойынша зерттеулер жарыққа шықты. Тәжікстанда жарық көрген еңбектердің қатарынан, Бұхара және Түркістан жәдидтерінің қоғамдық-саяси қызметі қарастырылатын тарихшылар Н.Б. Хотамовтың [19], Н.У. Гафаровтың [20] еңбектерін атауға болады. Посткеңестік кезеңде жәдидтер қызметін жан-жақты қарастыруда Өзбекстан ғалымдары елеулі үлес қосты. Бұлардың қатарында Д.Алимованың [21], Н.Каримовтың [22], С.Б. Шадманованың [23] еңбектері ерекшеленеді.

Сондай-ақ, біз қарастырып отырған тақырып бойынша соңғы жылдарда зерттеу жүргізіп жүрген шетелдік зерттеулерден А.Халид, А.Д. Балгамиз, А.Франк, Р.Крюс, С.Дюдуаньон және т.б. еңбектері өте маңызды мәліметтерімен және мәселеге сырт көзқарас тұрғысынан қарастыруда таптырмас құнды еңбек болып отыр.

Қазіргі кезде жәдидшілдіктің өзекті мәселелеріне қатысты АҚШ, Еуропа және Жапония ғалымдары қарқынды зерттеу жұмысын жасауда. Олардың ішінен американдық тарихшы әрі антрополог Адиб Халидтің еңбегіненерекше атауға болады, ол өзінің «The politics of Muslim cultural reform: jadidism in Central Asia» («Мұсылман саясаткерлерінің мәдени реформалары: Орта Азиядағы жәдидшілдік») деген фундаменталды еңбегінде XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басындағы жәдидтерді ортаазиялық аймақтағы

мәдени элитаның арасындағы көшбасшылар деп көрсетеді. Сонау Әмір Темір тұсындағы Түркістанның тарихынан бастап, патшалық Ресейдің қазақ жерін жаулап алуы, қазақ даласына бекіністер салуы, жәдидшілдік идеясының негізі, татар ағартушылары және т.б. мәселелерді толық қарастырады. Сонымен қатар, Орта Азиялық жәдидшілдіктің тарихы мен өзекті тақырыптары бойынша көптеген аспектілерді ашып береді [24].

Осы тақырыпты көлемді тағы бір зерттеуші американдық ғалым Д.Балгамиз өз диссертациясында [25] қазақ тілі мен әдебиетін, қазіргі қазақ әдебиетінің негізін қалаған қазақ халқының интеллектуалды элитасының қалыптасуы мен дамуын, олардың ұлттық бірлік пен мәдениетті жаңғырту жолындағы жаңа модернистік саясатын қарастырады. Оның айтуынша, Ресейдің отарлауы тарихи кезеңінде қазақ даласының дәстүрлі өмір сүру салты бұзылды. Ресей әкімшілігінің зайырлы мектептер ашудағы мақсаты патша мен қазақ халқының арасында байланыстырушы ұлты қазақ зияткер тобын қалыптастыру арқылы татар ұлтшылдығын уағыздайтын татар мұғалімдерін ауыстыру болды деп көрсетеді. Сонымен қатар зерттеуінде, алғашында достық сипатта қалыптаса бастаған орыс-қазақ байланысы қазақ жеріне күштеп қоныс аударушылардың санының көбеюімен дәстүрлі көшпелі өмір салты отырықшылыққа ауыстырыла бастауымен шиеленісе түскенін жазады. Осыны жақсы түсінген, алдын болжай білген ұлт зиялылары бұл жағдайдан шығудың жолы ана тілінде жаңаша білім беруді жетілдіруде деп білді және сол жолда тынбай күрес жүргізгенін, ал оның саяси тұрғыда қазақтардың орыстарға қарсы тұруы деп бағаланғанын атап өтеді. Сонымен жаңашыл зиялылар мен ескілікті жақтаушы дәстүршілдер және орыстар арасындағы байланыстар мен қарсы тұрулар нәтижесінде ХХ ғасырдың басында қалыптасқан қазақ саяси ұлттық элитасы тарихы мұрағат материалдары, сирек кездесетін кітаптар, сол кезеңнің естелік жазбалары мен күнделіктері, хаттары, мерзімді басылымдар мен әдеби шығармалар негізінде сарапталған. Сонымен қатар, ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамының модернизациялануы, қазақ жеріндегі мектеп медреселер, ондағы оқыту жүйесі мен бағдарламалары, алғашқы қазақ кітаптары мен мерзімді қазақ басылымдары: «Түркістан уәлиаты», «Дала уәлиаты», «Айқап», «Қазақ» газеттерін, қазақ елінің ұлт зиялылары мен зиялы әйелдері туралы зерттеу жүргізіп, маңызды тұжырымдар жасаған.

Қазіргі американдық тарихшы Аллен Франктің «Патшалық Ресейдің мұсылман діни мекемелері: Жаңаөзен үйезі мен Ішкі қазақ ордасының исламдық әлемі, 1780-1910 жж.» [26] атты кітабында революцияға дейінгі Еділ өңірінің исламдық институт жүйесін бір ауылдың хроникасына сүйеніп қарастырады, яғни «Алты-ата тауарих» Алтыата мен Үлкен өзен өзендері аралығындағы мұсылман қоғамының жылнамасы, 1909-1910 жж. Мұхаммед Фатих б. Аййуб Аль-Ильмини мен оның ұлы Мұхаммед және Самара губерниясы, Жаңа өзен үйезіне қарасты Ильмин ауылының мешіті имамы мен мұғалімі бірігіп жазған. Осы дерек негізінде бастауыш мектеп пен жоғары – мадрас қызметі негізінде бүкіл бір империяның мұсылман аймақтарының өмірі сипатталады, біз үшін маңыздысы Ресей империясына тікелей бағынышты емес жергілікті Солтүстік Қазақстанның мұсылмандық мекемелерінің қызметін империядағы мұсылмандық дискус тұрғысынан, яғни империяны мұсылман отарларының қабылдауы тарапынан қарастырылғаны және тақырыпқа қатысты тарихнамасы. Аллен Франктің зерттеуін келесі американдық ғалым Р.Крюс өзінің «Пайғамбар мен патша үшін: Ресей Империясы мен Орталық Азиядағы ислам» [27] атты еңбегінде сынға алады, Еділ Орал өңіріндегі мұсылмандыққа дұрыс баға берілмегенін, бір өңірдің конфессиялық танымымен бүкіл империяның мұсылмандарының дүниетанымын ашу мүмкін еместігін айтып өтеді, сонымен қатар исламдағы иерархияның атқаратын қызметіне, татар ағартушыларының ХХ ғ. бас кезіндегі қазақ қоғамындағы орнын қарастырады.

Тақырып ауқымында зерттеу жүргізген Еуропалық ғалымдардың арасынан француздық зертеуші Стефан Дюдуаньонды ерекше атап көрсетуге болады. Ол өз зерттеуінде ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы ХХ ғасырдың бас кезіндегі Ресей империясы мұсылман халықтары, әсіресе Еділ бойы татарларының арасындағы жәдидшілдіктің көрінісін Татарстан Орталық Мемлекеттік мұрағаты материалдары негізінде қарастырып, жәдидшілдіктің осы өңірдің мұсылман халқына жәдидшілдіктің әр кезеңдегі идеологиялық ықпалы, сонымен қатар мәдени, әлеуметтік және саяси жақтарын ашып көрсетеді [28, 83]. Стефан Дюдуаньон келесі мақаласында Еділ мен Қырым татарлары арасында жанданған мұсылмандық реформа немесе жәдидшілдіктің тарихы мен қазіргі кездегі сипатын ашып көрсетуге тырысады. Кеңестік жылдарда жабық тақырыптардың бірі болған жәдидшілдіктің «жылымық жылдардан» бастап ара-тұра қарастырыла бастағанына қарамастан әлі күнге оң бағасын ала алмай отырғанын жазады. Зерттеуінде жәдидшілдіктің сонау алғашқы көрінісінен бастап, 1905 жылғы революция тұсындағы сипаты, одан кейінгі 1917 жылғы революция қарсаңындағы бағыты, мектеп мен медреселеріндегі білім беру реформаларын қарастырады [29].

Сонымен, қазіргі тарих ғылымында жәдидшілдік тақырыбына арналған көптеген еңбектер пайда

болды. Бұл еңбектерде жәдидтердің мәдени-ағартушылық рөлі, олардың мектеп-ағартушылық жүйесі, жәдидтік кітап ісі, кітапханашылық, әдебиет және публицистика, драматургия және театр, ұлттық мерзімді басылымдар және жәдидтердің денсаулық сақтау, ағартушылық, ғылым, мәдениет пен өнер сынды қоғамның әлеуметтік салаларындағы қайырымдылық қызметтері қарастырылады.

Посткөнестік зерттеулер мен шетелдік ғалымдардың соңғы жылдарда жарияланған еңбектері, қарастырылып отырған тақырыптың кейбір мәселелерінің тарихи объективтілігін қалпына келтіруге мүмкіндік беріп отырғанын көреміз. Бірақ қазіргі отандық тарих ғылымында XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақ даласындағыжаңа әдісті мектеп, медреседегі оқу үдерісін ұйымдастыру, оқулықтар мен оқу құралдарының мазмұны жөнінде жүйелі зерттеу жоқ, бұл жерде айта кету керек жәдидшілдік әу баста ағартушылық жүйесінің аясында оны реформалау мен модернизациялау үшін пайда болған еді. Қазақстандық тарихнамада әлеуметтік-саяси және жағрафиялық жағдайларымен анықталған Даладағы жәдидшілдіктің дамуының аймақтық ерекшелігі де көрсетілмеген. Даланың солтүстік-батыс бөлігіндегі жәдидшілдіктің даму ерекшелігі Еділ-Орал аймағы жәдидтік қозғалысымен, ал Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығыс бөлігінде ортаазиялық жәдидшілдікпен байланысты болды. Сондай-ақ, патшалық Ресейдің мұсылман халықтарын ағарту ісінің түпкілікті мақсаты мен Қазақстандағы зайырлы халықтық ағарту ісінің қалыптасуы мен дамуына арналған зерттеулер жоқтың қасы.

Сонымен қатар, қазіргі ғылыми үдеріс контекстінде қазақ жеріндегі жәдидшілдіктің қалыптасуы мен дамуына Ресей, Түркия және Араб елдеріндегі революциялардың ықпалы жөнінде зерттеулер жоқтың қасы, сондай-ақ қазақ даласында жәдидшілдіктің жүзеге асырылу бағыттары мен сипаты, татар және башқұрт зиялыларымен қазақ зиялыларының байланыстары мұрағат қорларындағы материалдар негізінде толықтыруларды қажет етіп отыр, сондықтан да біз зерттеу жұмысымызды болашақта сол бағытта жүзеге асырмақ ойдамыз.

1 Садвакасова З.Т. *Духовная экспансия царизма в Казахстане в области образования и религии (II половина XIX - начало XX веков)*. - Алматы: Қазақ университеті, 2005. - 345 с.; Садвакасова З.Т. *О положении мектебов в Казахстане в конце XIX - начале XX веков. // Саясат*. - 2002. - №3, 4, - С. 80.

2 Султанғалиева Г.С. *Западный Казахстан в системе этнокультурных контактов (XVIII начало XX вв.)*. Монография. – Уфа: РИО РУНМЦ Госкомнауки РБ, 2002. – 262 с.

3 Нуртазина Н.Д. *Казахстан и Средняя Азия: тенденции развития духовной общности на рубеже XIX-XX вв.* Автореф. канд. ист. наук. - Алматы, 1993. – 27 с.

4 Қойгелдиев М.Қ. *Жетісудағы Ресей билігі (XIX ғ.-1917 ж.)*. - Астана: Елорда, 2004. – 216 б.

5 Адельбаева Н.А. *Исторический опыт становления и развития школьного образования в Казахстане в XIX-начале XX веков*. Диссерт. на соиск.уч.степени д.и.н. - Уральск, 2010. – 295 с.

6 Кенжетәев Б.А. *Казанские учебные заведения и процесс формирования казахской интеллигенции в сер. XIX – начале XX вв.* – Казань: «ПИФ», 1996. - 87с.

7 Халитова И.Р. *Проблемы народного образования в Казахстане в 1867-1914 гг. (становление, этапы, уровень развития, на материалах Северо-Восточного Казахстана)*. Автореферат дисс. на соиск.уч.степени к.и.н. - Алма-Ата, 1993. - 26 с.

8 Сдықов М.Н. *Население Западного Казахстана: история формирования и развития (1897-1989)*. – Алматы, 1995. - 220 с.; *Формирование населения Западного Казахстана в XVIII-XIX вв.* – Алматы: Ғылым, 1996. - 220 с.

9 Абдрахманова Р.Л. *История становления и развития народного образования Западного Казахстана (1841-1941 гг.)*. Дисс. на соиск.уч.степени к.и.н. - Уральск, 2010. – 152 с.

10 Нағымов Ш.Н. *Батыс Қазақстан мектептері тарихын оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану (өлкелік білім мұражайы материалдар негізінде): тарих ғыл. докт. дис.* - Алматы, 2000.; Нурғалиева А.М. *Ислам в истории и культуре казахского общества (XVIII-начало XX веков)* дисс.докт. истор. наук. - Уральск, 2010. - 298 с.; Болатова Қ.Б. *XIX ғ. II жартысы мен XX ғ. басындағы Шығыс Қазақстандағы оқу – ағарту жүйесі мен білім беру мекемелерінің қызметі. т.ғ.к. ғыл. дәреж. алу үшін зерт. диссер.* Семей, 2010. – 133 б.; Толепберген Ж.Т. *Мусульманское движение в Западном Казахстане и Южном Урале: особенности и тенденции взаимодействия (конец XIX и начало XX вв.)*. Автореферат на соиск. учен. степ. к.и.н. - Актөбе, 2010. – 132 с.

11 Рүстемов С.К. *XX ғасыр басындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі мұсылмандық қозғалыс*. Тар. ғыл. канд. дисс. автореф. – Алматы, 1997. – 15-16 б.

12 Шілдебай С.Қ. *Түрікшілдік және Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс*. – Алматы: Ғылым, 2002. – 214 б. (43, 49-50, 66, 85).

13 Мухаметшин Р.М. *Ислам в татарской общественной мысли начала XX в. // Очерки истории татарской общественной мысли*. – Казань: Татар. кн. изд-во, 2000. – 191 с.

14 Хакимов Р.С. *«Джадидизм (реформированный ислам)*. - Казань: Институт истории АН РТ, 2010. – 208 с.

15 Кузеев Р. *Национальные движения в тюркском мире, российский федерализм и перспективы этно-политического развития Башкортстана в 20 веке. // М.В. Иордан, Р.Г. Кузеев, С.М. Червоная. Ислам в Евразии: современные этические и эстетические концепции суннитского Ислама, их трансформация в массовом сознании и выраже-*

ние в искусстве мусульманских народов России. – М.: Прогресс-Традиция, 2001. – 516 с.

16 Ямаева Л.А. Мусульманский либерализм начала XX в. как общественно-политическое движение (по материалам Уфимской и Оренбургской губерний). - Уфа: Гилем, 2002. - 300 с.

17 Фархиятов М.Н. Народное образование в Башкирии в пореформенный период. 60-90-е годы XIX в. - М.: Наука, 1994. – 144 с.

18 Басьров А.Х. Джадидизм: социально-философский анализ. Дисс. на соис. уч. степени к.ф.н. - Уфа, 2009. – 140 с.; Абдуллина З.М. Джадидизм в Башкирии в конце XIX начале XX веков: историко-культурологический аспект. Дисс. на соис. уч. степени кандидата культурологии. - Уфа, 2003. – 164 с.

19 Хотамов Н. Бухарские джадиды и основные этапы их деятельности. - Душанбе: АН РТ, 2000. - 56 с.

20 Гафаров Н.У. История культурно-просветительской деятельности джадидов в Бухарском эмирате. - Худжанд: Гос.изд.им. Р.Джалила, 2000. - 176 с.

21 Алимова Д.А. Джадидизм в Средней Азии. Пути обновления, реформы, борьба за независимость. - Ташкент: Узбекистан, 2000. - 24 с.

22 Каримов Н. Возникновение джадидского движения и просветительская деятельность джадидов // История и самосознание II: Узбекистан и Германия в XX веке. - Ташкент, 2007. - С. 56-59.

23 Шадманова С.Б. Вопросы социально-экономического и культурного положения Туркестана на страницах периодической печати (1870-1917 гг.): Автореф. дисс. докт. ист. наук. - Ташкент, 2011. - 62 с.

24 AdeebKhalid *The Politics of Muslim Cultural Reform: Jadidism in Central Asia*. Berkeley: University of California Press, 1999. p. 336.

25 A. DenizBalgamis. *The origins and development of Kazakh intellectual elites in the pre-revolutionary period*. Dissertation Submitted in Partial Fulfillment of the Requirements of the Degree of Doctor of Philosophy (History). University of Wisconsin-Madison, 2000. - p. 259.

26 Allen J. Frank. *Muslim religious institutions in Imperial Russia. The Islamic world of Novouzensk District and the Kazakh Inner Horde, 1780-1910*. Leiden-Boston-Koln: E. J. Brill Academic Publishers. 2001. - P. 341.

27 Crews, Robert D. *For Prophet and Tsar: Islam and Empire in Russia and Central Asia*. Harvard University Press, Cambridge. 2006. - P. 463.

28 Mouhammetchine Rafiq, Dudoignon Stéphane A. *L'apport de quelques sources russes officielles à l'historiographie du djadidisme chez les Tatars de la Volga (Aux Archives centrales d'État du Tatarstan)*. In: *Cahiers du monde russe: Russie, Empire russe, Union soviétique, États indépendants*. Vol. 37 N 1-2. Janvier-juin 1996. - pp. 83-95.

29 AbdoullineYahya, DudoignonStéphane A. *Histoire et interprétations contemporaines du second réformisme musulman (oudjadidisme) chez les Tatars de la Volga et de Crimée*. In: *Cahiers du monde russe: Russie, Empire russe, Union soviétique, États indépendants*. Vol. 37 N1-2. Janvier-juin 1996. - pp. 65-82.

### Резюме

В данной статье рассматривается проблема изучения джадидизма как этапа просветительства в Казахской степи в конце XIX – начала XX века в современной гуманитарной литературе, включая исследователей Центральной Азии, России и США и Европы. Изучение развития джадидизма в Российской империи позволило увидеть размах и проникновения движения во все сферы казахского общества, а именно посредством открытия новометодных мектебе и медресе, библиотек, благотворительных мусульманских обществ, развития национальной печати. Анализ исторических исследований показал, что изучение джадидистского движения в Степи нужно рассматривать не только в общероссийском контексте, но и в изменениях социально-политических условий происходивших в арабских странах и Турции.

**Ключевые слова:** джадидизм, просветительство, мектебе, медресе, исторические исследования

### Summary

In this article was considered the problem of studying of Jadidism as a stage of enlightenment in the Kazakh steppe in the late XIX - early XX century in modern humanitarian literature, including researchers in Central Asia, Russia and the United States and Europe. Study of the development of Jadidism in the Russian Empire allowed to see the scope and penetration of movement in all areas of the Kazakh society, namely by opening new methodical muslim schools such as medrese and mektebe, libraries, charitable Muslim societies, the development of the national press. Analysis of historical research has shown that the study of Jadidist movement in the steppe should be viewed not only on a national context, but also in changes of the socio-political conditions occurring in the Arab countries and Turkey.

**Keywords:** Jadidism, Enlightenment, Mektebe, Medrese, Historical research

УДК 821.0

## СОЦИАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ В ПРОЗЕ БЕЛЬГЕРА Г.К.

**М.И. Уюкбаева** – профессор КазНПУ имени Абая

Эта статья посвящена социальным проблемам современного казахстанского общества в романе Г.Бельгера «Разлад». Здесь рассматриваются разные аспекты разлада: в обществе, в семье, в казахском ауле. Автор также поднимает вопросы распада института семьи на фоне распушенности молодежи, ее безответственности и бездуховности. Тут остро поставлена проблема распада отношений отцов и детей, обнищания одних слоев населения и обогащения верхушки. В дано статье отмечается своеобразие языка и стиля писателя, его публицистичность и драматизм ситуаций. В этом исследуемом романе также говорится о проблемах старости и одиночества, любви к родине и смысле человеческой жизни; презрении к богатству и стремлении к счастью, которое невозможно без родины, любви и труда. Статья также отмечает интернационализм художественных произведений Г.Бельгера, их гуманизм и критическое отношение к негативным проявлениям в человеческом обществе.

**Ключевые слова:** общественный, социальный, духовность, семья, патриотизм, проблемы, реализм, публицистичность, драматизм, отцы, дети, обреченность, бедность, богатство, прошлое, будущее, неологизмы

Корреляция как взаимосвязь, взаимозависимость, соотношение предметов или понятий составляет сущность романа Герольда Бельгера «Разлад», где все взаимосвязано, взаимозависимо и сравнивается один с другим. В философской смысле - это роман об одиночестве и старости, которые, как, показал автор, не имеют национальности. Все старики схожи в одном: они живут прошлым, настоящее их не устраивает, будущее у них сомнительно. Психологизм романа «Разлад» ставит его в один ряд с мировой классикой, которая описывала старость как время подведения итогов. Как, например, в романе Бальзака «Гобсек», где главный герой убежден, что прожил жизнь не зря, так как стал миллионером, возведя золото в степень мерил состоятельности человеческой жизни. Старик Сантьяго в Нобелевском романе Эрнеста Хэмингуэя «Старик и море» рад, что научил рыбачить мальчика Манолина, который благодарен ему, став его кормильцем. А в «Василий Фивейском» Леонида Андреева священник, разуверившись в свое вере, умирает от горя, поняв, что прожил жизнь зря. Старики ранимы особенно, потому что уже ничего нельзя исправить, время ушло безвозвратно. Ошибки очевидны, но их нельзя устранить, их последствия отразились на настоящем и шагнули в будущее, стали фатальными.

Бельгер, описывая главных героев романа «Разлад», находит у них много общего: оба добропорядочные отцы семейств, труженики, патриоты, оба осиротели после смерти жен и отъезда взрослых детей. Жизнь с взрослыми детьми сделала их еще более одинокими в непривычной обстановке: в элитной квартире и в элитной стране. И получилось, что они нужны только друг другу - казах и немец. Их роднит любовь к малой родине, к своему умирающему аулу. Они задумали благородное дело, « политику добрых дел», начав с малого - построить баню в своем ауле для тех, кто там еще остался по причине бедности и невостребованности в городе. Союз двух одиноких стариков, их труд на благо родного аула - это вызов разладу, который царит во всем мире среди людей, в семьях и в государствах. Старики нашли новый смысл жизни; приободрились, почувствовали себя нужными, стараясь самостоятельно возродить свой аул назло всемирному кризису, общественной неустроенности. Они бросили своеобразный вызов вселенскому разладу, стараясь наладить свою стариковскую жизнь вдвоем, бок о бок создавая, а, не разрушая, любя свою землю, а не грабя ее. Герольда Бельгера всегда отличала активная жизненная позиция, гражданственность, поэтому его главные герои тоже преданы своей родине, проивали за нее кровь и пот. Без нее они несчастны, вдали от родины они тоскуют по ней, не находя себе места в чужом враждебном городском ландшафте.

В романе Бельгера всегда казахи и немцы роднятся духовно, потому что это самая прочная связь, надежная и необходимая для выживания. У сельского учителя Мамбета Казиевича и тракториста Карла Деграфа общие воспоминания и одинаковая ответственность за свой народ и его благополучие. Они не просто земляки и соседи - они люди одной эпохи, пережившие одинаковые лихолетья, говорящие на одном языке, чувствующие на одной волне, понимающие друг друга. Они счастливы только на родной

земле. Символична сцена, когда в Германии Карл обругал немецкую чиновницу по-казахски. Казахи ему ближе и понятнее, чем германские немцы. Историческая родина ему не мила, потому что есть Казахстан, ставшие ему настоящей родиной.

Главные герои романа Бельгера «Разлад» обладают тонкой душевной организацией: они чувствуют, что неуместны в семьях своих детей, что они безнадежно отстали от современной жизни и только раздражают своих повзрослевших детей своим присутствием. Именно поэтому Мамбет Казиевич просит своего сына Бахыта сдать его в дом престарелых, чем унижает последнего. А Карл Деграф стремится навестить свой родной казахских аул, предпочитая его благополучной Германии, где все ему чуждо. Главные герои этого романа не привыкли жить за чужой счет, рассчитывать на чью-то милость. Они полны достоинства и гордости, но только у себя на родине. Только там они чувствуют себя полноценными людьми. Мамбет Казиевич, словно внутренний эмигрант, заточен в роскошной квартире элитного дома, как в тюрьме, что его совсем не радует. Кстати, этот дом и история его возникновения рассказана также и в романе «Туюксу», как и описание сквера возле памятника Чокану Валиханову, где собираются именитые старики поговорить, обсудить свои проблемы. Люди социальные существа, они не могут без общения и взаимоподдержки. Корреляция как сравнение есть в сценах романа, когда бедствующие пенсионеры открыто завидуют Мамбету Казиевичу, живущему в шикарных условиях, не знающему материальных трудностей. Но писатель всегда подчеркивает, что любовь и внимание важнее материальных ценностей.

Корреляция в этом художественном произведении есть и в образах Бахыта и его жены Зухры, изменяющей ему с Сержем. Адюльтер, по мнению психологов, сохраняет семью, но не в этом случае. Интерпретация автора заключается в нетерпимости к неверности супруги со стороны всей семьи: дети презирают, протестуют, свекр ужасается, муж в ступоре. В казахской литературе неверные жены показаны в «Последнем долге» А.Нурпеисова и «Белой аруане» С.Санбаева. А мужескую неверность больше всего осуждала Жорж Санд из женской солидарности сродственной франсуженкам страстью.

Реализм и критическое отношение к современникам позволили Г.Бельгеру создать целую галерею узнаваемых людей. Настоящий писатель не боится нажить врагов, он дистанцируется от мелочности и говорит о наболевшем, не боится высказывать правду и иметь свое мнение. Этим романы Г.Бельгера и интересны. Истинный писатель всегда - бунтарь, глашатай, борец.

В произведениях Г.Бельгера интернационализм ограничен, основан на принципах гуманизма. У него люди делятся не по национальности, а по морально- нравственным качествам, общности жизненных интересов и принципов. У Г. Бельгера герои сначала являются людьми, а потом уже казахами и немцами.

Корреляция поколений в романе Г.Бельгера «Разлад» обнажает конфликт старших с младшими, отцов и детей. Считается, что дети больше похожи на своих сверстников, чем на родителей. А тем более, когда родители заняты собой, поэтому дети предоставлены сами себе. Мамбет Казиевич как дед и учитель не в силах помочь своим внукам, он только ужасается их педагогической запущенности, не видит выхода из сложившейся ситуации, поэтому хочет убежать из роскошной квартиры. Как и внучка Лаура, которая, чтобы насолить гулящей матери, увела у нее любовника Сержа, ушла к нему жить.

Поразил все и внук Арыстан, ставший отцом в 17 лет, будучи школьником. Распушенность и вседозволенность стали для него обычными. Он позволяет себе амикошонство и с дедом, и с родителями. Арыстан, как и сестра, осуждает свою мать за адюльтер, эгоизм и легкомыслие. Институт семьи разрушается, родственники друг другу не испытывают теплых чувств, они развлекаются в меру своей испорченности и возможностей. В этой семье никто ни о ком не заботится. Мамбет Казиевич чувствует себя в элитной квартире, как в пустыне. Он мечтал о том, что о нем на старости лет будут заботиться, лелеять, вести с ним душевные беседы. И так получилось, что самым близким человеком на свете стал для него такой же одинокий старик, его тамыр, односельчанин- немец Карл Деграф, с которым он провел вместе почти всю жизнь.

Для прозы Г.Бельгера характерна публицистичность и драматизм событий. Давая оценку современным событиям, автор размышляет о политике, экономике, современных нравах: « Вновь кредо власть-предержащих становилась нехитрая мудрость, гласящая: чем сорок дней быть атаном-холощенным рабочим верблюдом, лучше быть один день бурой - самцом-производителем и побуйствовать властью.» Вот и буйствуют, пляшут ламбаду, хапают. Хватают. Пихают в себя три горла, снабжают дерьмом богатства потомков до седьмого колена. Терзают бедную страну, как хищник добычу, все, кому не лень, кто вовремя подсуелся и изловчился, подкрался, пристроился к какой-нибудь- большой или малой- государственной кормушке. Казалось, всех охватило повсеместное безумство. Обрушилась пандемия наживы, начался пир Вальтазара, сплошной той\_ дымом с пылью до небес. Такой колоброд Степь доселе не знала. Что хочу, то и ворочу - стало девизом ретивых заступников и благодетелей народа. А то, как

же... чай, не зря боролись за независимость и суверенность. Кто смел, то и успел. А кто опоздал- пусть пеняет на себя. Рынок не для растяп и пентюхов. Выживает сильнейший. Пора это зарубить на носу».

И роман «Разлад» - это своего рода зеркало эпохи со всеми ее неурядицами проблемами в семье и в обществе, утерей привычных понятий старых принципов, под которые далеко не смогли подстроиться. Или не захотели в силу своих убеждений.

Произведения Г.Бельгера демонстрируют прекрасное знание им трех языков: немецкого, казахского, русского. Не случайно, поэтому он является переводчиком немецких классиков на казахский язык. Г.Бельгер использует в своей прозе не только архаизмы, но и неологизмы; измытаренный, анахорет, нищевод, а также фразеологизмы - сбить с панталыку и т.д. Лучший переводчик - это тот, кто сам является писателем и поэтом, создателем художественных произведений.

Таким образом, корреляция в романе Г.Бельгера «Разлад» обнажает проблемы современности, поиски лучшей жизни и надежду на будущее: «Скорей всего, понадобится смена двух-трех поколений, ибо нынешнее юное поколение, судя по всему, сбито с толку, с панталыку, развращено ложными идеалами, сомнительными ценностями, пагубными ориентирами, оно, можно сказать, загублено, а чтобы нравственно очиститься, облагородиться, опомниться, выправить все наносное последующим поколениям, очевидно, нужны время, терпение, усилие, высокие цели и чистые помыслы. Душе человеческой необходимо обновиться, преодолеть меркантильность, полость, жадность к дерьму, именуемому богатством, которое ныне его так тяжело поразило».

1 Бельгер Г. *Разлад*. Изб.соч. т.5, - А., 2011.

2 *Советский энциклопедический словарь* - М., 1990.

3 *Джолдасбекова Б.У. Проза русских писателей Казахстана* - А., 20007.

4 *Ананьева С. Русская проза Казахстана* - А., 2010.

### Түйін

Бұл мақала қазіргі қазақстандық қоғамның әлеуметтік мәселелеріне "алалық" деген Г.Бельгера романында арнаулы. Мында алалықтың бөлек-бөлек аспектері: қоғамда, отбасыда, қазақ ауылда қарастырылады. Автор да отбасының институтының ыдыра-сұрақтарын баста ренде азғындаушылықтың жас, оның жауапкерсіздігінің және рухсыздықтың көтереді. Мұнда өткір мәселе ыдыра- қатынас әкенің және бала-шағалардың, халықтың және бастың баюшылығының ылғи қабатының жұтандығының құрулы. Арада айтылмыш мақалаға тілдің және жазушының стильсінің ерекшелігі белгіленеді, оның публицистичность және жағдайдың драматизмының. ара осы зертте- роман- да да туралы қартайғандықтың және жалғыздықтың мәселелерінде, к елге деген көңілде және адами өмірдің мағынасында сөз бол-; байлыққа деген жек көрушілікте және аусарлықта к бақытқа, нешінші без елдің, көңілдің және еңбектің нанғысыз. Мақала да Г.Бельгера көркем туындысының интернационализмын, оның адамдығының және қысылшаң қатынасты теріс айқында - адами қоғамда белгілейді

**Тірек сөздер:** қоғамдық, әлеуметтік, рухани, отбасы, патриоттық, мәселелер, реализм, публицистік, драматизм, әке, бала, кедейлік, байлық, өткен, болашақ, неологизмдер

### Summary

This article is devoted to social problems of modern Kazakhstan society in G. Belger's novel "Dissonance". Here different aspects of dissonance are considered: in society, in a family, in the Kazakh aul. The author also brings up questions of disintegration of institute of a family against dissoluteness of youth, her irresponsibility and inspirituality. Here the problem of disintegration of the relations of, impoverishments of one segments of the population and enrichment of a top is sharply put. In it is given to article the originality of language and style of the writer, his publitsistichnost and dramatic nature of situations is noted. In this studied novel it is also told about problems of an old age and loneliness, love for the country and sense of human life; contempt for wealth and aspiration fortunately which is impossible without the homeland, love and work. Article also notes internationalism of works of art of G. Belger, their humanity and the critical relation to negative manifestations in human society.

**Keywords:** sociality history problems fathers and children humanity and the critical relation to negative manifestations in human society

## **ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ**

УДК 574 (14.01)

### **МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ В ИЗУЧЕНИИ СОЦИОКУЛЬТУРНОГО РАЗВИТИЯ НОВОЙ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА В XIX ВЕКЕ**

**З.Ш. Макажанова** – к.и.н., доцент КазНПУ имени Абая, кафедра иностранных языков  
для специальных целей института полиязычного образования КазНПУ имени Абая

Данная статья посвящена рассмотрению проблемы методологии вопроса социокультурного развития новой истории Казахстана в XIX веке. Одним из важных методологических подходов является интегративный подход, позволяющий выявить возможность исследования «имперской» перспективы и раскрыть сложность формирования на национальных окраинах административно-бюрократической системы. По мнению автора, важным в теоретическом плане в исследовании предложенной проблемы является вопрос о рекрутировании нерусских народов в административный аппарат управления.

**Ключевые слова:** методология, империя, административно-бюрократический аппарат, чиновник, переводчик, национальные окраины, история

Важной теоретической основой в изучении социокультурного развития Казахстана в XIX в. явился интегративный подход, дающий возможность сравнительного изучения и обобщения историко-культурных изменений в единой системной целостности на основе упорядочивания разнообразной и разнонаправленной информации. Данный подход выявляет возможность исследования «имперской» перспективы, включающий многонациональное и поликонфессиональное разнообразие Российского государства и раскрывает сложность формирования на национальных окраинах административно-бюрократической системы, знаменовавшая собой внедрение новой власти, новых порядков. Методологически можно выделить следующие уровни рассмотрения проблемы:

1. Условия и предпосылки возникновения и развития казахского чиновничества. Особенности политического, социально-культурного развития в XIX вв. Казахстана требуют теоретического анализа ее функциональной роли в имперской системе России, правовых, государственных, управленческих форм, принципов и механизма имперского управления, сложности имперской России, анализа эволюции административно-политической системы и влияние ее на социально-экономическое развитие казахского общества.

В содержание стратегической политики Российской империи в регионе входило: политико-административное и территориальное устройство, внедрение принципов организации государственного механизма по управлению нерусскими народами и меры по формированию чиновничьего аппарата органов местного управления. Региональные власти оказывались на стыке соприкосновения двух мировоззрений – русского миропонимания и народа, жившего со своим восприятием миропорядка. Русские стали социально-образующей категорией в Казахской степи, поскольку с ними было связано возникновение новой социальной группы – чиновничества в его российской модификации. Что представляли собой чиновники, призванные служить на далеких окраинах, каковы были их сословное происхождение, образовательный ценз и национальный состав? Для того, чтобы выстроить концепты для рассмотрения данной проблемы важно изучение понятие «империя»

Изучению административной политики, управленческой организации Российской империи одного из важнейших направлений в имперской тематике, имперского управления, можно считать коллективный труд московских историков «Национальные окраины Российской империи. Становление и развитие системы управления» (М., 1997). В этой работе авторы стремились обобщить имеющийся материал по политико-административному устройству империи и представить сравнительный анализ. Несмотря на проведенную определенную работу, они не смогли преодолеть очерковый характер построения книги [1].



В связи с реформой местного управления на постсоветском пространстве возрос интерес к истории губернаторской власти [2, 3, 4].

Сибирская бюрократия середины XIX в. активно изучается новосибирским исследователем Н. П. Матхановой, ее подход к данной проблематике интересен, прежде всего тем, что она взглянула на окраинную политику самодержавия через призму личности высшей восточносибирской администрации середины XIX [5].

На современном этапе идет процесс выявления и накопления исторического материала, построения на его основе новых исторических концепций, в том числе и в истории организации регионального управления. В российской исторической науке значительно представлены исследования по формированию чиновничества Западной и Восточной Сибири. Г.Ф. Быконя, И.Б. Маркова и В.В. Рабцевич, В.Е. Зубов на основе обработки формулярных списков представили специфику сибирской бюрократии [6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13].

Административная практика имперского строительства империи усвоила некоторые принципы и приемы, которые позволяли не только поддерживать территориальную целостность страны, но и не допускать серьезных осложнений в региональном управлении. Важно понимать, что на национальных окраинах проявил себя особый тип российского чиновника, носителя иных цивилизационных для окраины ценностей, имперских порядков и имперских технологий, управленческое поведение которого могло деформироваться под воздействием окружающей социокультурной среды. Формировался специалист-управленец, прошедший службу, зачастую, на разных окраинах, переносивший управленческие приемы и имперские технологии с одной окраины на другую, способный адаптировать свой опыт к местным реалиям. Практика регионального управления на азиатских окраинах требовала от российского чиновника способности взаимодействия с верхушкой местной элиты, умение лавировать между различными группировками в ней. Это объяснимо отчасти потребностью привлечения к управлению местной элиты, которая должна была сохранить временно свое влияние, но под контролем российской администрации. На первых порах российские власти ограничивали свое присутствие только надзором (нередко уменьшая налоговое бремя или даже откладывая податное обложение в пользу российской казны на будущее), вмешиваясь в жизнь местного общества только в случае нарушения безопасности в регионе. Главным аргументом для такого вмешательства декларировалось стремление установить порядок и обезопасить ее жителей от внутренних усобиц и внешней агрессии. Одним из немаловажных факторов являлась эффективность и дешевизна использования традиционных институтов самоуправления и суда. Однако самодержавие строго ограничивало политическую самостоятельность и политические претензии традиционной верхушки. Российский чиновник не только переносил с окраины на окраину империи чиновничий стиль центра, но и управленческие методы и технологии, приобретенные в разных окраинных условиях. Именно он осуществлял так называемый имперский управленческий транзит. Важно отметить и то, что чиновники регионов имели гораздо больше возможностей для карьеры (окраинные льготы, возможность получения наград и повышений по службе за особые заслуги), что позволяло им впоследствии занимать видные места в столичной иерархии и влиять на формирование, как общей российской бюрократической культуры управления, так и на выработку в целом правительственной политики. Модель русского чиновника, его влияние и стиль имели значение в формировании мировоззрения представителей казахской элиты. Во-первых, они проникались символами имперской власти посредством организации переговоров, встреч. Во-вторых, представители казахской элиты приобщались к атрибутам чиновника Российской империи и в их восприятии возникала модель чиновника.

Вторым важным в теоретическом плане в исследовании предложенной проблемы является вопрос о рекрутировании нерусских народов в административный аппарат управления. Потребность в тесных и повседневных контактах местной администрации с казахским населением обусловила необходимость привлечения к управлению, в качестве переводчиков, толмачей и письмоводителей - татар, башкир, мищари и тептяри, принадлежавших к одной этнолингвистической семье, исповедовавшие одну религию - ислам. Российское законодательство инициировало поступление татар и башкир в местный аппарат управления. В принципе российской властью был восстановлен исторический опыт использования татар в качестве переводчиков между Россией и Персией в XVI-XVII вв. Русский востоковед В.Бартольд писал, что в лице татар русское правительство в XVI-XVIII вв. располагало готовыми кадрами переводчиков [14].

Истинные цели России в Центральной Азии американская газета описала следующим образом: «Так как вся земля у подножия гор пригодна для возделывания культур, в результате российские колонии обосновались вдоль главных горных цепей. Правительство поощряет эту колонизацию путем предоставления поселенцам определенного количества земли без оплаты, при условии, что они сразу же начнут возделывать ее. После десяти лет занятия земли поселенец становится владельцем земли, но не может оставить ее, пока она не будет возвращена властям. Многочисленные колонии были основаны не только в степях кочевых киргизских племен, но в той части региона, населенного таджиками и узбеками, которые вели оседлый образ жизни и были цивилизованными в течение многих столетий. В регионе Сыр-Дарья существует ряд населенных пунктов, которые помогают консолидировать силы России, наиболее важный из которых Ташкент, который насчитывает более чем 12 000 российских жителей...»

В провинции Семи рек (Семиречье) российская колонизация датируется 1854 годом, число российских городов и сел гораздо больше, поселенцы составляют свыше 30 000, среди них несколько

тысяч казаков» [14].

В начале XX века в американских газетах появляются заметки о природных богатствах казахской степи. Казахские степи с их природными богатствами привлекали внимание и американских предпринимателей. Американский сенатор Кларк из Монтаны предложил российскому правительству 36 000 000 рублей за 50 лет аренды большого участка земли в киргизских степях, богатых медью, углем и серебром [15].

А нью-йоркская газета «The Evening World» проинформировала читателей о нефтяном фонтане мощностью в 60 000 баррелей в день в киргизской степи [16].

Изучение традиционного казахского общества и его основных механизмов жизнеобеспечения, ответа этого общества на вызовы того времени, в том числе на вторжение других цивилизаций, т.е. российской колонизации, представляло большой научный интерес в историко-этнографической парадигме, перерастающей постепенно с установлением Советской власти в геополитический интерес.

1 Американская пара живет в казахской юрте. - Режим доступа [URL://tengrinews.kz](http://tengrinews.kz) - (дата обращения 22.01.2015).

2 Minnesota's Fame Attacks a Family From That Land // The St. Louis Republic. - 1904. - March 27. - P. 12.

3 A Kirghiz Matron // New-York Tribune. - 1841. - May 13. - P. 4.

4 Russia's Horse Reserve // Evening Star. - 1883. - September 01. - P.3.

5 Cobbold, Ralph P. Inner most Asia - Travels and Sport in the Pamirs. - London, 1900.

6 Eagles and Their Prey. - Western Kansas world. - 1888. -May 05. -P.1.

7 Younghusband, Francis Edward. The Heart of a Continent Asian Educational Services: a narrative of travels in Manchuria, across the Gobi desert, through the Himalayas, the Pamirs and Hunza 1884-1894. - New Delhi: Asian educational services, 1993. - 332 p.

8 Kirghiz // The Lafayette advertiser. - 1886. - May 15. - C. 1.

9 Natives of Siberia // The Princeton Union. - 1897. -7 января. - C. 7.

10 English label // The Evening Telegraph. - 1869. - July 6. - C. 3.

11 Русский десант // Memphis Daily Appeal. - 1870. - 24 июля. - C. 1.

12 The Russian Landing // Memphis Daily Appeal. - 1870. - July 24. - P. 1.

13 Russia in Central Asia // Salt Lake Evening Democrat. - 1885. - May 7. - P. 3.

14 Journal «Des Débats» // The Sunday Herald. - 1885. - April 26. - C. 2.

15 Senator Clark's // The Salt Lake Herald. - 1901. - 27 декабря. - C. 2.

16 Huge Fountain of Fire // The Evening World. 1911. - May 16. - P. 4.

### Түйіндеме

XIX ғасыр Орталық Азия аймағының батыс елдерін ерекше қызықтырған кезі ретінде сипатталады, сол уақытта қазақ даласына әр түрлі мемлекеттік құрылымдар мен тәуелсіз қауымдастықтар өкілдері атынан ғалымдар, миссионерлер, саяхатшылар, жаратылыстанушылар ағылып жатты. Қазақстан этнографиясы жөніндегі мақалалар киіз үйді, үйлену дәстүрін, қазақтардың кір жууын, сұңқармен аңшылықты, қазақ даласындағы жануарлар мен өсімдіктер әлемін сипаттады, олар XIX ғасырдағы жетекші американдық газеттерінде жарияланды. Ол газеттердің қатарында, мысалы, «The Evening World», «Honolulu Star-Bulletin», «The Sunday Herald», «The Sun», «Western Kansas World», «Evening Star», «Burlington Weekly Free Press», «The Lafayette Advertiser» және басқалары бар. Американдық газеттер беттерінде жарияланған қазақтар туралы деректерінде қазақ даласы ұлы дала өркениетінің мұрагері ретінде қарастырылды. Бұл материалдар Қазақстан зерттеушілеріне бұрын-соңды белгілі болмаған және алғаш рет ғылыми айналымға енгізіліп отыр.

**Тірек сөздер:** орталықазиялық аймақ, қазақ даласы, мемлекеттік құрылымдар, қоғам, Қазақстан этнографиясы, киіз үй, дәстүр, саятшылық, қазақ даласының жануарлар мен өсімдіктер әлемі, аңыздар

### Summary

XIX century was characterized as a time of heightened interest of western countries to the Central Asian region and the Kazakh steppes, where under the guise of scholars, missionaries, explorers, scientists headed by representatives of various government agencies and independent companies. Articles on the ethnography of Kazakhstan shall provide a description of the yurt, the tradition of marriage, laundry Kazakhs, falconry, fauna and flora of the Kazakh steppe, have been published in leading American newspapers of the XIX century. This paper, for example, «The Evening World», «Honolulu Star-Bulletin», «The Sunday Herald», «The Sun», «Western Kansas World», «Evening Star», «Burlington Weekly Free Press», «The Lafayette Advertiser» and others. The fact of the publications of the Kazakhs in the pages of American newspapers shows that the Kazakh steppe was seen as the successor of the great steppe civilizations. These materials were previously unknown to researchers and Kazakhstan for the first time introduced into the scientific revolution.

**Keywords:** Central Asian region, the Kazakh steppes, government agencies, society, ethnography of Kazakhstan, yurts, traditions, hunting, fauna and flora of the Kazakh steppe, were

## ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНА – 550 ЖЫЛ

ӘОЖ 947.7/9

### ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНДАҒЫ БИЛЕР ИНСТИУТЫ: ТАРИХЫ МЕН ТАҒЛЫМЫ

Е.С. Қуандық – т.ғ.д., профессор

Ұлттың элитасы саналатын билер мен шешендердің асыл мұрасының әрбір сөзінен таптық астар іздеген кеңестік идеология, қазақ халқын тарихи тамырынан, өткендегі өнегелі өмірінен айырды. Аталған мақала арқауы болған тақырып жоғарыда аталған қызыл идеологияның құрбаны болған, қазақ даласындағы билердің орны олардың қазақ хандығын, яғни мемлекеттілігін нығайтудағы рөлі мен сан-қырлы қызметтеріне арналады.

**Тірек сөздер:** билер, «Би екеу болса, дау төртеу»; «би» сөзі ежелгі түркінің «бек» сөзінен бастау алып, негізінен «басқару», «билеу», «билік ету»; «Билер кеңесі»; «қара қылды қақ жарар»; «Сөз шынына тоқтайды, пышақ қынына тоқтайды: «от ауызды, орақ тілді»; «Су түбін шым бекітеді, дау түбін сөз бекітеді»; Төле, қаздауысты Қазбек, Әйтеке билер

Қазақ халқының өзге ұлттарға ұқсамайтын ғасырларға жалғасқан өзіндік ата-салты, дәстүрлері әлі де болса қалтарыста қалып ұрпақ санасына жетпей жатқан жайы бар. Өткен кеңестік дәуірде қазақ хандығы мен мемлекеттілігіне байланысты түсініктер, дәстүрлер айтылмай, жазылмай, тәрбиелік маңызы теріс бұрмаланып, зиянды етіп көрсетіліп отырылды. Көшпелілерге, яғни қазақ өміріне ғана тән болған билер мен шешендердің дуалы ауыздарынан шыққан қоғамдық мәні ерекше сөздер қызыл идеологияны уағыздаушылар тарапынан ескіліктің сарқыншағы, бүгінгі заманға қажет емес деп түсіндірілді.

Мұндай Кеңес Одағының саясатына ыңғайланған сыңаржақ тұжырым Қазақ Совет Энциклопедиясының екінші томында жазылған. Онда: «Би - әлеуметтік категория ретінде қазақ халқының тарихында ерте заманда шыққан үстем тап өкілі. Халықтың әдет-ғұрпын, дәстүрін білумен, сөз таласында шешендігімен даулы істі қарауда тапқырлығымен көзге түскен адамдар ғана Би бола алды. Мұндай «қасиеті бар» адамдар көбінесе билеуші таптар, ауқаттылар арасынан шығып отырды. Әлеуметтік қатынастардың дамып шиеленісумен бірге, билердің көпшілігі қанаушы таптардың уәкіліне айналды. ... Билердің әдет-заң нормаларын талқылауда, билік айтуда, ол биліктің орындалу әдістерін белгілеуде кең құқықтары болды. ...Билер соты ұлы Қазан төңкерісіне дейін қылмыстық және азаматтық істердің көпшілігін қарайтын ресми орган болып, құн, барымта, қалың мал, әменгерлік, көп әйел алу т.б. патриархтық кертартпа қалдықтарды қорғап келді» [1, 322 б.] - деп билердің қазақ қоғамындағы рөлін әдейі төмендетіп, қаралап, мәнін бұрмалап көрсеткен.

Ұлттың элитасы саналатын билер мен шешендердің асыл мұрасының әрбір сөзінен таптық астар іздеп, қайдағы бір жат пиғылды тықпалаған кеңестік идеология, қазақ халқының тарихи тамырынан, өткендегі өнегелі өмірінен айыруға жанталасып бақты. Біз көтеріп отырған бұл тақырып жоғарыда аталған қызыл идеологияның құрбаны болған, қазақ даласындағы билердің орны олардың қазақ хандығын, яғни мемлекеттілігін нығайтудағы рөлі мен қызметтеріне арналады.

Бүгінде «би» сөзінің шығу тегі жайлы бірауызды кесіліп-пішілген пікір жоқ. Осы мәселені зерттеген ғалымдар Г.Вамбери, В.Радловтар «би» сөзінің төркінін түркі тіліндегі биіктік, жоғарлылық деген мағналардан іздесе, зерттеушілер Леонтьев, Ш.Уәлиханов, Халид және т.б. ғалымдар әр түрлі өзге де пікірлер білдірген. Ескі тарихқа көз жүгіртер болсақ «би» сөзі ежелгі түркінің «бек» сөзінен бастау алып, негізінен «басқару», «билеу», «билік ету» деген ұғымдарды білдіреді. Осы пікірге тоқталсақ «би» терминінің шығу уақыты да ежелгі түркі заманы екені талас тудырмайды [2, 87 б.].

Ел басқаруда билердің орны ханнан кем еместігін, тіпті ханның өзін «Билер кеңесі» сайлайтынынан сескенген Ресей империясы Қазақстанды отарлау барысында олардың рөлін шектеп, 1868 жылы қабылданған «Жаңа устав» қазақ даласында сұлтандық пен елді басқарудың ежелден келе жатқан дәстүрлі жүйесін мүлдем жойып тынды. Қарауындағы бодан елдің ондағы билердің беделдерінің кей жағдайда

хандардан да жоғары тұратындығы Ресей империясының отарлау саясатын ойдағыдай жүргізілуіне кедергі деп білді. Алайда орыс отаршылдары және олардың мұрагері Кеңес үкіметі билер институтын қазақ жерінен халық өмірінен біржолата аластап өздеріне тиімді басқа құрылыммен алмастырды.

Ол жаңа құрылым бойынша «бөліп алда билей бер» деген саясат жүзеге асырылып, қазақ даласы ұсақ болыстарға бағынышты болды. Осындай ұсақталған болыстарды, бұрын көсемдігімен, шешендігімен халыққа танылғанда ғана өздігімен Би атанатындар басқарса енді оның орнына халық «сайлап», Ресей патшасының еркеше құқықты өкілдері заңдастырып бекітетін билік ұсынған адам болды. Мұндай қадамға бару ғасырлар бойы мінсіз қызмет етіп, тарихтың, қоғамның қалыптасуына олардың бойындағы саналуан тума таланттарын біржолата жою еді. Өйткені, енді болыстыққа би-қазылыққа өзінің дара қасиеттерімен би атанғандар емес, **пара беру арқылы**, халықтың емес, **қара басының құлқынын ойлайтын**, Ресей патшасы өкілдерінің айтқанын істеп, айдағандармен жүретін дарынсыз, жағымпаз, мансапқорлар «сайланды». Бұлар туралы дана Абай өзінің «Үшінші қара сөзінде» әрбір старшын басы бір би сайлау саясатын сынап келіп, «Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолын», «Есім ханның ескі жолын», өз Тәуке ханның күлтөбенің басындағы күнде кеңес болғанда «Жеті жарғысын» білмек керек. Бұл ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендікпен ескіріп, бұл жаңа заманға келіспейтұғын болса, оның орнына татымды толық билік шығарып, төлеу саларға жарарлық кісі болса керек еді, ондай кісі аз, яки тіпті жоқ. Абайдың - «бас-басына би болған өңшең қиқым» деп қынжылуы осы кездің көрінісіне айқын куә.

Ал, шығыс жұлдыздарының бірі Ш.Уәлиханов «Билер сотының ертеден келе жатқан халықтық түрі» деген мақаласында, *«Би атағын беру қазақта халық тарапынан бір сайлау арқылы немесе халықты билеп отырған үкімет тарапынан бекіту арқылы болған емес, тек сот ғұрыптарына әбден жеттік, сонымен қатар тілге шешен қазақтар ғана бұл құрметті атаққа өз бетімен ие болып отырған. Мұндай би атағын алу үшін би болам деген қазақ өзінің ісіне жетіктігі және шешендік қабылеті бар екендігін халық алдында сан рет көрсетуге тиіс болған. Ондай адамдардың атағы бүкіл қазақ даласына тез жайылып, олардың аты жұрттың бәріне мәлім болып отырған»* [3].

Қазақ сахарасын көп кезіп, зерттеген ауыз-әдебиетіміз, әдет-ғұрып, салт-санамыз туралы көптеген еңбектер қалтырған Ә.Диваев, А.Васильев, В.Радловтың және т.б. ғалымдар шығармаларында да билердің тума талант иесі шешендік, тапқырлық қасиеттерді әбден меңгерген адамдар болғандығы айтылған. Басқаны былай қойғанда, жат жұрттың өкілдерінің өздері «би үстем таптың өкілі, ол тек қана хан-сұлтан-дардың, бай-манаптардың сойылын соғып, халықты қанаушы» деген пікірді бірде-бір жазбапты. Арғы-бергі ауызша тараған немесе жинақталып қағазға түскен көне шежірелерімізге зер салсақ, бидің тек байлардың ғана арасынан емес, жоқ-жітікті кедейлер арасынан да талай шыққанын, *«Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітірген»* саңлақ билер болғанын тарих растап отыр.

Ал, жоғарыда атағанымыздай, Ресей отаршыларының бұрынғы жүйені жойып, старшын сайлауын енгізіп оған көсемдік те, шешендік те, тіпті еш қасиеті жоқ, тек пара берген бай адамдарды би етіп сайлауы - *«Аузы қисық болса да бай баласы сөйлесін»* деген принципке негізделген еді. Енді бұрынғы әділеттің ақ туын көтерген билер орнына яғни, кеменгер отырар жерге жағымпаз, биліктің сойылын соғатындарды отырғызып, тұтас бір халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан ел басқару дәстүрінен ада етіп, халықты отаршылдарға бағынышты етіп, бытыраңқы жағдайда ұстау мақсатын жүзеге асырған еді.

Қазақ даласында хандық дәуірде сөз құдіреті айрықша бағаланды. Қазақтар сөз қадірін өз қадірім деп білді. Олар кеңдігін де, елдігін де, кеменгерлігі мен көсемдігін де сөз құдіретіне сыйғызған ұлт болды. Олардың тарихы да, тағдыры да, тәлімі мен тәрбиесі де, даналығы мен даладай көңілі де сол сөз құдіреті арқылы беріліп жатты. Қазақ даласындағы бітіспес даудың, бәтуасыз керістің кесімі де, шешімі де байламды бір ауыз сөз болған. Тұла бойдың тылсым сырын сыртқа шығарар, лып еткен сезім, терең ақыл, кемел ой, арман-мұрат, мұң мен сыр - бәрі сыйған сиқыр сөздің бағасын, оны айта білетін адамды қазақ қадір тұтып құрметтеген. Басқаша айтқанда, орынды әділ сөзге тоқтаған. Бұлай ету бүгінде өркениетті мемлекеттердегі адамдар арасындағы қатынастардағы басты құндылықтар болып табылса, ал қазақ қоғамы сол кезде-ақ оны жан-тәнімен ұғынған халық болған.

Қазақ хандығында «қарасүйектердің» пұрсатты әлеуметтік санаттары арасында билер сословиесі өте маңызды орын алды, олар көшпелі қауымдарда сот билігі қызметін жүзеге асырды. **«Би»** деген сөзді, - деп көрсетті Я.П. Гавердовский-шешен, бай және тапқыр адамдар деп түсіну керек.[4,73 б.] Қазақ жерінде билердің пұрсатты жағдайы ең алдымен құқықтық реттеу, төрелік және пәтуалық міндеттердің қоғамдық маңызының зор болуымен анықталды. Билер тобының күші мен ықпалы едәуір дәрежеде оның мүшелерінің дағдылы құқықты, дәстүрді білуі, шешендік шеберлігі, қауымдардың мүдделерін қорғай білуі сияқты жеке қасиеттеріне де байланысты болды. «Сот ғұрпындағы шешендік, шеберлікпен ұштасқан терең

таным ғана қазақтарға осы құрметті атақты беретін» [5, 473 б.] - деп көрсетті Ш.Уәлиханов.

Қоғамдық қайшылықтарды шешу тәжірибесінде сот төрешілері рөліне әр түрлі адамдар ұсынылған кезде **меритократия** (яғни ең дарындылар билігі) принципі айқындалаушы рөл атқарды, оған сәйкес қазақтардың дағдылы құқығы жөнінен мол танымы бар, ең талантты, беделді және тәжірибелі халық қазылары ғана билер бола алатын. Бұл орайда қазақтардың құқықтық дәстүрлерінде би атағын тікелей мұраға қалдыруға ешқандай жол берілмеді. Алайда меритократия принципі қайсыбір қазақ биінің ең жақын ұрпақтарының (баласы, немересі, шөбересі) де би болып сайлана алу мүмкіндігі жоққа шығарылмады.

Аумалы-төкпелі, алмағайып замандарды бастан кешкен қазақтардың осындай өзіндік басқару жүйесі болған: ел қамын жеген ерлері, сөзін сөйлеп, олардың қамын ойлаған шешендері, әділдіктің ақ туын түсірмеген білгір билері өткен. Билер-халықтың көкейіндегісін тауып айтқан, көмейіндегісін жарыққа шығарған әділет жоқшысы болған. Бұл тұлғаның ерекшелігі сонда, биді байлық та, барлық та жасай алмаған. Би тұғырына топты жарып, таразы басын тең ұстап, әділдікті сақтап, қара қылды қақ жарып айтатын парасатты адамдар көтерілген. Биге-табиғи дарын, текті ақыл, алыстан көріп, барлай алатын, оны зерделей білген дана, сөздің «майын» ағызатын дүлдүл шешендер жатқан. Міне, осы би ұғымының мәнін ашатын: «Түгел сөзің түбі-бір, Түп атасы-Майқы би» -деген сөз тарихта қалған.

Қазақтың атақты билері: Төле, қаздауысты Қазбек, Әйтекеден қалған сөз билігі дәстүрі ғасырлар бойы үзілген емес. Олардың заманында, Ахмет Байтұрсынов пікірімен айтқанда, **«әділ билердің қолында билік қазақтың неше түрлі дертін жазатын таптырмас дәрі еді** [6]. Билер жақсы мен жаманды, жақын мен алысты, қымбат пен арзанды, қиын мен жеңілді салыстырып алға тартқан. Мал дауы мен жан дауы, ар дауы мен намыс дауына кесімді билік айтып, «тілмен түйіп, тіспен шеше алмас» тұжырым жасаған. Ол заманда кез келген қазақ мылжындықты, далбасалықты, жағымпазды мін көріп, қорлық санаған. «Сөз шынына тоқтайды, пышақ қынына тоқтайды» деп шындықтың туын көтерген «от ауызды, орақ тілді» шешендерін қастерлеп өткен. «Су түбін шым бекітеді, дау түбін сөз бекітеді» деп те ретіне қарай келістіріп отырған. Бейнелі, дәлелді, қисынды уәж айтқан. Билер билік айтарда ауытқып, бұра тартқан тұстары болса, бірін-бірі тоқтатып, әділетке шақырған, «айтқан сөзі-құрған қақпандай» болған беделді билер қазақ қоғамындағы әділеттіліктің жаршысы болған.

Сонымен, би дегеніміз - ел жұртының әдет-ғұрыпын, салт-дәстүрін, өткен шежіресін, тарихын, қоғамының даму барысын, айнала қоршаған табиғаттың сан-алуан қасиеттері мен құпияларын білетін, адамдардың көкірек көздеріне ой көзімен қарай алатын, әртүрлі мінез-құлықтарды айтқызбай-ақ тап басып танитын, ғылым-білімнен хабардар, терең ойлы пікірлерін шешен тілмен жеткізіп беруде дара қасиеті менгерген жандар болды. Әрине би атаулының бәрі бірдей шетінен кемеңгер, көсем болған деген ұшқары пікір айта алмаймыз. Өзінің азды-көпті көрген-түйгенімен, бір қағар шешен тілімен ортаға түсіп, қара басының, құлқының қамы үшін малы барлардың, хан-сұлтандардың теріс екендігін көре-тұра бұрыс тартып, өз руларының сойылын соққан бисымақтар да ел арасында аз ұшыраспағанын айтпасақ, ақиқаттан аттаған болар едік. Әрине, ондай бисымақтар ақыға алған атымен, киген тонымен бірге тозып, халық жадынан тез ұмыт болып отырған.

Билер бойындағы дара қасиеттер бірін-бірі толықтырып, төрт аяғынан тең басып тұрмаған жағдайда билер додасында қарсы тарап осал тұстан ұрып түсіп, омақастырып жеңетін болған.

Билерге-көкірек көзі қиядағыны шалатын, ойы орамды, көнені ғана біліп қоймай, болашақты да тап басып, байламды, алдағыға болжам жасай алатын, әрдайым халық көңілінен шыға білетін жан болу міндетті жүктелген. Мысалы, қазақ хандығына Орталық Азияға жол ашу үшін ресей патшалығынан елшілік келіп: «Қазақтар, сіздер бізге бодан болыңыздар!» деген ұсыныс жасайды. Олардың пікірін жат санаған билер: «Осыларды өлтіре салсақ қайтеді» десіп, аға билер-Төле, Қазбек, Әйтекелерге соңғы сөз айтуды жүктейді.

Сонда бірі: «Алар ма еді мына көлдің қуын атып?» - дейді.

Екіншісі: «Оғын шығын болмаса суын атып?» - дейді.

Үшіншісі: «Құтылмастай пәлеге қалып жүрмейік, Құс екен деп, перінің қызын атып?» - дейді. Сөз осымен бітіп, орыс елшілігі аман-есен еліне қайтарылады [7].

Билер осындай сәтте сара сөздің саңлағы болған. Бірде астарлап, бірде мысқалдап сүйекке жеткізіп, мақтамен бауыздап, қажет жерінде қара тасты қақ айырып түсерлік семсерден бетер от ауызды, орақ тілді, ойы ұшқыр, қиялы қанат, заңғар-заңғар ойлардан қас қағымда сөз зергелейтін, ақпа, асыл асыл сөздің мәйегін ағызатын болған.

Шешендік - көп халықтарда ертеден ұшырасатын қасиет. Тіпті Ежелгі Рим империясы мен Грек, Мысыр елдеріндегі оқу орындарында шешендік өнер **«Риторика»** аталып, негізгі пәндердің бірі болып саналған. Ал, қазақ даласында билер арнайы ешбір пәнді оқымай-ақ саликалы ойдың түйінін дәл жеткізу-

ге шебер болған.

Қазақта, сондай-ақ жалпы түркі елдерінде би секілді Қазы деген сөз бар. Қазы да билік айтушы, төрелік етуші болып саналады. Әйтсе де Би мен Қазы сөздерінің мағанасы әртүрлі. Қазы бір өзі ғана даулы іспен жүгінушілерге шешім шығарып, төрелік айтады. Ал оның әділдігі мен әділетсіздігі көп жағдайда тең түсіп жатуы ықтимал. Ондай жағдайда дау айтушылар Қазыдан асып, Билер алдына жүгінетін болған. Яғни, Қазы өзінің дүниетаным, көзқарасына қарай дұрыс болсын, бұрыс болсын-төрелік айтушы ғана.

Халық арасында би төрелігіне қатысты айтылатын «Би екеу болса, дау төртеу» деген астарлы маңызды сөз бар. Бұл сөзді кейде билер көп болған жерде дауда көп деп сынаржақты ұғамыз. Мұндай пікір қате. Бұл арада даулы мәселені екі би емес, үш би (яғни тақ санды) шешсін дегені. Яғни, бірі айыптаушы, екіншісі - ақтаушы болса, ал үшіншісі - ортақ, әділ шешім айтатын Төбе Би болсын дегенді меңзегені. Әдетте, даулы мәселеге төрелік айтарда кемі үш би қатысу міндеттелген. Бұл әдіс сол кезеңдегі дала демократиясының таптырмас туындысы болып табылады.

Би елші мәмлегер (дипломат) ретінде де тарихтан өз орын алған. «Жауластырмақ - жаушыдан, елдестіркемек - елшіден», «Елшісіне қарап елін таны» деген секілді тек қазаққа тән емес, түркі дәуірінен келе жатқан көптеген мақал-мәтелдерде қаншама терең мағана жатқанын біз әлі де жете пайымдай алмай келеміз. Яғни, би тек ел ішіндегі даулы мәселені шешеді екен деп қарауымыз дұрыс емес. Әрине, жеке адамдар, ру, тайпа, ұлыс аралығындағы кикілжінді ел мен ел арасындағы даулы істермен қатар қоюға болмайды. Сол себепті де, қазақ қоғамы ел арасындағы мәселені шешу үшін жат жұртқа нағыз беделді билерді жіберіп реттеп отырған. Қазақтармен жауласып келген қалмақ хандығына соғысты тоқтатып, тату көршілік қатынас орнату үшін кезінде Тайкелтір би бастаған елші құрамында Қазыбекте барған. Сонда Қазбек бидің қалмақ ханына елшілікке барғанда айтқаны:

*«Сен темір де мен көмір,  
Еріткелі келгемін.  
Екі еліктің баласын,  
Теліткелі келгемін.  
Егесетін ел шықса,  
Иілткелі келгемін.  
Тұтқыр сары желіммін,  
Жабысқалы келгемін.  
Жаңа үйреткен жас тұлпар  
Шабысқалы келгемін.  
Танымайтын жаттарға,  
Танысқалы келгемін.  
Қазақ-қалмақ баласы,  
Табысқалы келгемін.  
Табысуға келмесең,  
Тұрысатын жеріңді айт,  
Сен қабан да мен арыстан  
Алысқалы келгемін»* - дегенде Қазбектің от шашқан көздері, саңқылдаған асқақ үні,

түйдек-түйдек батыл айтылған асыл сөздері Қоңтәжі ханға ерекше әсер етіп, екі иығынан екі аю аузынан от шашып: «Тыпыр етші осыдан, көріп алайын!» деп тұрғандай көрінген. Сендерге көрінбегенмен маған солай әсер етті. Менің енді оған айтар сөзім жоқ. «Екі елдің арасындағы бітім шартын өзі айтсын деп билікті бердім» - дейді Қоңтәжі хан. Осылайша екі ел арасында әділетті бітім жасалып, қолды болған мал-жан қайтарылады.

Ел басшылары сол заманда Билер арқылы барлық түйінделген мәселелерді мүмкіндігінше бейбіт жолмен шешіп, бәтуаластыруды мұрат тұтқан. Қазақ ұлыстарындағы билердің жұртқа билік жүргізу мәртебесі ерекше болды. Билер өз құзырына қарайтын рулардың арасында сот, әкімшілік және әскери билікті де иемденді. Хандық басқару жүйесінде, билердің рөлі ерекше маңызды болды. Ел басқаруда саяси салмағы бар билер аталған билік жүйесінде әскер басшысы, әкімшілік басқаруды жүзеге асырушы, дау-жанжалдарға төрелік айтатын сот, дала аристократиясының өкілі ретінде ең кемінде төрт міндетті ұшптастыра атқарды [8,351 б.].

Билер саясатпен де айналасып, қоғам қайраткері дәрежесіне дейін көтеріліп отырған. Би-жекелеген адамдар, ру мен ру, тайпа мен тайпа арасындағы дау-жанжалды шешумен ғана шектелмегені баршаға мәлім жай. Олар ел мен ел арасындағы қоғамдық мәні зор саяси мәселелерді шешуде хан-сұлтандардың негізгі тірегі, кеңесшісі болған. Хан, сұлтандармен бірге мемлекеттік істерді шешуге араласып «Халық кеңесіне» қатыстырылған. Хан қаншама қаһарлы болғанның өзінде «Билер кеңесінде» көпшілік дауыспен қабылданған шешімді жеке билікпен бұза алмаған. Әйгілі Әз Жәнібек ханның жанында ел ішінің сыртқы

саясатының барлық мәселелерін талқылап, баға беріп, жөн-жоралғы сілтейтін алпыс би болған екен дейді. Атақты Абылай ханның жанында үнемі кеңесші 8 би болғаны тарихтан белгілі [9].

Ал, иісі қазақтың басын біріктіріп, тұтас хандыққа қол жеткізген Әз Тәуке, бүгінде ежелгі гректердің заңгері Салон шығарған заңмен пара-пар делініп жүрген, «Жеті жарғыны» жазғанда ошақтың үш сирағындай тең тұрған билеріміз – Төле, Қазыбек, Әйтекелердің ақыл-кеңесін басшылыққа алғанын ешкім жоққа шығара қоймас. Күлтөбе, Мортөбе бастарында өткен талай әйгілі кеңестерде ел бірлігі, асауқаты, амандығы мен болашағы жайында келелі іске кеңес берген де осы билеріміз болатын.

Би халық тарихын, әдет-ғұрпын, салт-санасын жете меңгерумен қатар заңғар-заңғар ой түйе білген философ, ғылымның әр саласынан жақсы хабардар, білімпаз болған. Олар Күн, Ай, Жұлдыз, Жер, Су, Тау, Көк аспанмен бірге жер бетінде қыбырлаған қоңыздан бастап барша аң, құстың сан-алуан қасиеттерін жете білген. Тағылымды пікір айтар жерде соларды салыстырмалы түрде мысалға келтіріп, саналы ой түйіп қана қоймай болашаққа көріпкелдікпен болжау жасау да көбіне осы билердің еншісінде болған. Сондай-ақ, олар қал-қадірлерінше жоқ-жітіктің, әлдіден зәбір көрген әлсіздің жоғын жоқтап, ел мүддесін көздеген жандар болған. Таудың аласармауын, бұлақтың сарқылмауын мұрат тұтқан әр би ізінен кейінгі ұрпақтың да ел ұйтқысы боларлықтай азаматтар боп жетілуін ешқашан қаперлерінен шығармай жандарында сақтаған. Мүмкіндігінше өз балаларының бірін болмаса ат аяғы жетер жердегі көкірегінде сәулесі, көзінде оты бар жастарды қыран шалар қия биіктен танып, тәрбиелеп, баулып өсіретін болған. Болашақта соларға ұқсап, ел мүддесін көздесем-ау деген талапты жастар ондай атақты билерді өздері іздеп барып, батасын алатын дәстүр болған. Үміт етіп, сенім артқан ондай жастарға батасын берумен бірге өмір бойы өздерінің жинақтаған тәлім-тәрбиесін, ұлағат сөздерін құлақтарына құюдан жалықпаған, саналы, дана ойлы, тәрбиеші, ұстаз билердің есімі халық жадында мәңгі сақталған.

Атақты билер мемлекетті басқаруда, саяси билік жүргізуде ең негізгі талаптарының, принциптердің санатына бірлік пен келісушілік идеясын жатқызады. Яғни, мемлекет ішінде тыныштық орнатудың, ел бірлігін нығайтудың, күшін арттырудың қайнар көзі-хан сайлауда, билік жүргізуде алауыздыққа, жүзге бөлінуге жол бермеу үшін күресті.

Ел ішінде би ой түйіп, сөз ұстап, әділ төрелік айтумен бірге бүкіл бір халықтың болашақ ұрпағын тәрбиелеуде де теңдессіз қызмет атқарумен қадірменді саналған.

Қазақ халқының өмірінде билер институтының алар орны мен үлес-салмағы, маңыздылығы айрықша болды. Өйткені оның-мемлекеттің саяси және әлеуметтік жағдайын тек әдеттегі құқықпен қана емес, рухани-мәдени салт-дәстүр негізінде де ұштастыра әрі теңестіре отырып қамтамасыз етуші бірден-бір құрылым ретіндегі рөлі ерекше. Бұл құрылым ол кезде мемлекеттік басқару жүйесімен тығыз астасып жатты. Билер ел, жер, жесір дауын, мал-жан, кәсіп мәселесін түйінді төрт-ақ ауыз сөзбен тындырып отырған. Тындырғанда да хатсыз, қарарсыз, ауызша жүзеге асырып, бітіріп отырған. Қазіргідей алтын уақыттарын жиын, мәжіліс съезбен өткізіп, құлаш-құлаш қаулы-қарар қабылдап, оны жоғары-төменді бұйрықпен таратып, төрешілдікке, қағазбастылыққа салынбаған. Ол кезде бір бидің өзі осы күнгі соттың да, прокурордың да, полицияның да, өзге де құқық қорғау органдарының қызметтерін атқарған ғой.

Бүгінде ұрпағына үлгі болатын қазақ даласында «қара қылды қақ жарған» әділеттілігімен халқының құрметіне бөленген үш арысымыз - Төле, Қазыбек, Әйтекелер жеткен заңғар биік бар.

Төле би-аты аңызға айналған тарихи тұлға. Қыз анандан, бота енеден ажырап аңырағанда, азынаған осынау "Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама" атанған шапқыншылық заманда халыққа қарадан шыққан билер ұйтқы, ұйымдастырушы болды. "Елге бай құт емес, би құт" дейтін нақыл сөзді Төле би сол кезде айтыпты. Еңіреген елінің бел баласы көсіліп кетсе көсем, шешіліп кетсе шешен, қандастарының мұңын мұндап, жоғын жоқтап, қайғысын жеп, қамын ойлаған атақты үш би ішкі де, сыртқы да саясатта сара бағыт ұстады. Ол халықты әділетті басқарудың қайнар көзі ұлт мүддесіне жан аямай қызмет ететін, жұртқа жанашыр бола білетін адамдардың билікке келуімен байланыстырады.

Қалай болғанда да сан ғасырлар бойы халқымызбен бірге жасасып, оның ел басқару жүйесінде айрықша қоғамдық маңыз атқарып келген Билердің рөлін заман талабына сай қайта жандандырсақ, ұлттық қадір-қасиеттерімізді сақтауға көмектесер еді.

Осы қастерлі мұра, даналық, «қара қылды қақ жарар» әділдіктің адал оғы, сатылмаған қазақтың киелі ауызды билерінен шыққан сөздер бүгінгі таңда да қазақ қоғамына үлгі болуы қажет екендігіне ешкінің таласы жоқ деген ойдамыз.

1 Қазақ Совет Энциклопедиясы. Қазақ Совет Энциклопедиясының Бас редакциясы. - Алматы, 1973 - 2-том. - 322 б.

2 Халид Қ. Тауарих хамса: (Бес тарих). - Алматы: Қазақстан, 1992. – 87 б.

3 Есламғалиұлы М. Би дегенді біле ме бүгінгі ұрпақ? Қазақ әдебиеті. 1993. - 29 қазан, №44.

4 Говердовский Я.П. Обзорение Киргиз-кайсацкой степи. 1803г. // РО ИРИ РАН (Петербургское отделение). Кол. 115, №495, - 73 б.

5 Валиханов Ч.Ч. Собр. Соч., т.4. – Алматы, 1984. - С. 473.

6 Байтұрсынов А. Закон жобасының баяндамасы. Өркен. 1990. 13 қазан.

7 Есламғалиұлы М. Би дегенді біле ме бүгінгі ұрпақ? Қазақ әдебиеті. 1993. 29 қазан, №44.

8 Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. - Алма-Ата: Рауан, - 1992 - С. 351.

9 Есламғалиұлы М. Би дегенді біле ме бүгінгі ұрпақ? Қазақ әдебиеті. 1993. 29 қазан, №44.

#### Резюме

В статье доктора исторических наук, профессора Куандык Е.С. описаны история и значение института биев как основы степной демократии. Дана также оценка их ораторского искусства и народной дипломатии. Авторитет биев был основан на том, что они выражали чаяния народа и осуществляли его волю. Данная статья также посвящена раскрытию значения биев в казахском обществе которые стали жертвой идеологии того времени. Важную роль и многостороннюю деятельность биев можно увидеть в укреплении Казахского ханства и казахской государственности

**Ключевые слова:** бии, институт биев, Толе би, казбек би, Айтеке би, совет биев, Казахское ханство, государство, ценное наследие

#### Summary

The article by the Professor of Law Kuandyk E.S. reports on the history and meaning of the institute of beys (ancient Kazak magistrates), as of a basis for the steep democracy. The article also appraises the rhetoric and people's diplomacy authority of beys. The beys' statements had accumulated the people's expectations and its will. This article is also devoted to the disclosure of the value biys in Kazakh society who are victims of an ideology of the time. Important role and multilateral activities biys can be seen in the strengthening of the Kazakh Khanate and the Kazakh state.

**Keywords:** Bies, Institute biys, Tole, Kazbek bi, Aiteke., biys advice, the Kazakh Khanate, the state, valuable legacy

ӘӨЖ 574 (23)

## ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІНІҢ 550 ЖЫЛДЫҒЫ. ОРЫС-ҚАЗАҚ ҚАТЫНАСЫ ТАРИХЫНДАҒЫ КӨКЕЙКЕСТІ МӘСЕЛЕЛЕР

**С.Өтениязов** – т.ғ.к., Мадрид және Қазақ-Американ университеті профессоры

Мақалада автор қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасында әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарды оқытудың көптеген проблемалары қордаланғандығына тоқталады. Соның ішінде еліміздің тарихының зерттелуі мәселесі айрықша назар аударуды қажет етеді. Бүгінде Тәуелсіздікке қол жеткізгенімізге аз уақыт өтпесе де, ағымдағы жылы Қазақ хандығының 550 жылдығын өз деңгейінде өткізу аса маңызды.

Сонымен қатар мақала авторы Қазақ мемлекеттілігі, оның басқару жүйесі, билер институты, ел басқару жүйесіндегі ерекшеліктер сынды мәселелердің қатарында, осы күнге дейін хандар мен билердің орны мен қызметі жайында толық мәлімет беретін оқулықтар мен кітаптардың жайы туралы баяндайды.

**Тірек сөздер:** Қазақ мемлекеті, Қазақ хандығы, Әбілқайыр, Түркістан, хандар, билер

*Қазақ елінің Ресейге қосылу тарихын қайта қарау Ж.Қасымбаевтың арманы еді. Әттең әлі күнге дейін жүзеге асқан жоқ...*

1456 жылдан есептесек 2016 жылы Қазақ мемлекетіне 560 жыл толады. Ал, 1465 жылдан бастап санасақ келесі жылы 550 жылдық ұлы тойды салтанатпен өткізуге міндеттіміз... Қазақ мемлекеті, яғни Қазақ хандығы Орта ғасыр бітіп Жаңа заман басталғанда пайда болған ерекше мемлекет болатын. Бір сөйлеммен айтқанда Жаңа заманның **інжу маржаны**, басқаша айтқанда **шамшырағы** еді... (Орысша айтсақ **жемчужина Нового времени**). Астанасы Түркістан қаласы болған Қазақ мемлекеті соңғы екі мың жыл ішіндегі **ең демократиялы** мемлекет еді. Бұл мәселеге кейінірек тоқталамыз.

Қазақ елі адамзат тарихында ерекше орын алатын өзгеше халық. Басқа мұсылмандарға және бүкіл түркі халықтарына ұқсамайтын қазақтың көптеген әдет-ғұрыптарымен қатар біртұтас тілі бар. Қазақ тілінде басқа халықтар секілді диалекті жоқ. Әдет-ғұрпы бірдей. Мысалы өз руынан қыз алмайтын болған соң құдалық салты бар. Тілі бірдей, тұрмыс салты бірдей. Томск мен Еділге дейінгі ұлан-ғайыр территорияда осы айтылған біркелкі салты мен тілінің бірдей болуы дүние жүзі ғалымдарын таң қалдырады. Мысал үшін айтсақ алақандай жерде тұрса да, көрші өзбек пен түркмен халықтарының тілдерінде диалекті бар, әдет-ғұрыптары әртүрлі. Қыздары өз аулынан ешқайда шықпайды... Ал, қазақтар Маңғыстауда жүрсе де Павлодармен әлде Тарбағатаймен құда болып жатады. Қысқасын айтқанда басқа ешқандай түркі әлде жалпы мұсылман халықтарына ұқсамайтын өзінің алтын заңдары бар ерекше халық – қазақ.

*Құдаларын құдайындай сыйлаған,*



*Жақсы көрсе құда бол деп қинаған... (Қ.Мырзалиев).*

Қазақтар өз ауылы ғана емес, Қазақстанның басқа облыстарымен қыз алысып қыз беріседі. Осындай асыл қасиеттерінің арқасында қазақтың бірлігі ешқашан ажырамайды. Ресей империясы, одан бері де Кеңес тұсында қазаққа көп қиянат жасалды. Қазақты жүзге бөліп те, руға бөліп те, бір-біріне соңғы ғасырларда айдап салып неше түрлі қиянаттар жасалып келе жатыр. Қазақты қанша мұқатса да құрта алмағаны белгілі... Осындай жетістіктер мен ерекшеліктерінің барлығы кешегі **300 жыл өмір сүрген, астанасы Түркстан болған, бір орталыққа бағынған айбынды Қазақ мемлекетінің біртұтастығы арқасында пайда болған еді.** Сол Қазақ хандығының тарихын кез келген адам ойына келгенін жазып бұрмалай бергені, халқымыздың және қазіргі Егеменді Қазақстанның жетістігі мен жеңісіне нұқсан келтіреді.

Қазақ елінің тағы бір ерекшелігі ертедегі Ғұндардың (хун) барлық әдет -ғұрпы мен тұрмыс салтын біздің заманымызға түгелдей жеткізгендігі. Мысалы: Киіз үй (Қар үй), бесік және баланы бесікке бөлеу салты, Құмалақ ашу әлде жору өнері, тағамдары ... 1

Қазақ тілінде диалекті жоқ деп жоғарыда айттық. Дегенмен Кеңес өкіметі тұсында қазақ тілінде диалекті бар деп «дәлелдеп» бірлі жарым диссертациялар қорғалғаны рас (С.Аманжолов)... Әрине мұндай жағдайлар қазақ тарихы мен болмысына және ғылымға кереғар келеді. Диалектілер қазақ елінде енді шығуы мүмкін. Себебі әртүрлі елде жасайтын қандастарымыз (мысалы Өзбекстан мен Қытай республикасында) арасында осы күндері жергілікті халықтың тілдерінің әсері байқалады. Ал, Ресейдегі қандастарымыз бірнеше ұрпақтан соң тілімізді жоғалтуы мүмкін деп қауіптенеміз... Олардан Қазақстанға ағылып келіп жатқан қандастарымыз жоқ...

Қазақ тілі қандай бай болса, әдебиеті де соншалықты бай екенін мақтанышпен айтамыз. Оған мысал қазақ ауыз әдебиетінің көлемі 108 том болып баспадан шыққаны... Осы күндері қазақ ақындарының 100 томдығын шығару жоспарланып жатыр... Осы аталған жетістіктеріміз бен ерекшеліктеріміз кешегі 300 жыл өмір сүрген Қазақ мемлекетінің жетістігі, сол кезде қалыптасты... Сол бір орталыққа бағынған айбынды Қазақ мемлекетінің арқасында тіліміз бен әдет ғұрпымыз біркелкі болып қалыптасты. Бұл не деген күшті мемлекет болған. Оның күштілігі мен құдіреттілігі әрине басқаруына байланысты болды. Барлық жетістігімізді жіпке тізіп қарайтын болсақ түгелдей 3 ғасыр өмір сүрген Қазақ мемлекетіне борышты екенімізді көреміз.

Қазақ мемлекетінің қандай ерекшеліктері болды, соған қысқаша тоқталайық. Ең алдымен айтатынымыз Қазақ хандығы - ең демократиялы мемлекет болды. Себебі **Хан билігі – шектеулі болды.** Ханның өзі сайланбалы болды. Қазақта қырық ру болса, әр рудың басшысы яғни рубасы басқарды. Ол әрине белгілі би болды. Хан ру рубасылары келісімсіз ештеңе шеше алмайтын еді. Қорыта айтқанда Хан түгелдей рубасыларына тәуелді болды.

1. Басқару мәселесімен.

2. Әскери мәселемен, себебі ханда әскер болған жоқ. Әскерді рубасылар берді.

3. Экономикалық жағынан – ханға алым салықты да рубасылар берді. Демек Қазақ мемлекетінің ханы түгелдей билер институтіне тәуелді болды.

Осы күнгі Қазақстан Республикасында әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарды оқытудың көптеген проблемалары қордаланды. Солардың ішінде Қазақстан тарихының проблемалары өте көп. Осы пәнді оқытуға өкіметіміз көп қаржы бөліп келе жатыр. Алайда осы пәнді оқытудың әзірге проблемасы көбеймесе азайған жоқ...

Егеменді ел болғанымызға 23 жыл толса да, етек жеңімізді жинап еркін өмір сүріп жатсақ та, көптеген академиктеріміз бен докторларымыз болса да, ғылым мен білім саласында көптеген проблемаларымыз бар. Әсіресе гуманитарлық ғылымда, соның ішінде тарих ғылымында көптеген проблемалар қордаланды. Тек XVI-XVIII ғасырлардағы тарихымыздың өзінде төмендегідей әлі күнге дейін шешімін таппаған проблемалар бар.

I. Қазақ хандығының яғни мемлекетінің басқару жүйесі және билер институты. Ел басқару жүйесінің аса демократиялы болуы және Хан мен билердің орны мен қызметі осы уақытқа дейін студенттер мен мектеп оқушыларына арналған оқулықтарда көрсетілмеді.

II. Қазақ-қырғыз қатынастары (*Қырғыздар қазақ мемлекетінің құрамында 150 жылдан аса уақыт болды. Ержүрек қолбасшы, батыр Есім хан оларды Көкем би арқылы, Тәуке хан Тиес би арқылы биледі*).

III. Орыс-қазақ қатынастары – негізінен қырғын соғыстардан, яғни қазақ елінің ұлт-азаттық соғыстарынан тұрады. Оларды қысқаша былай жіктеуге болады:

1. XVI ғасырдың ақырында басталған қазақ орыс қатынасы. Қазақстанның солтүстік шегараларына құрылған Ресейдің тісіне дейін қаруланған казачьи войскаларының шабуылдары.

2. Қазақ-жоңғар қатынастары Жоңғар шапқыншылығының басталуы. Ақтабан шұбырынды оқиғасы-

ның алғы шарттары.

3. Ақтабан шұбырынды оқиғасының ақиқат тарихы.
4. Қазақ орыс қатынасы және І Петрдің ақтабан шұбырынды оқиғасына тікелей қатысы ж.б.
5. Қазақ елін ажалдан құтқарған тарихи тұлға Әбілхайыр т.б.
6. Әбілхайырдың тарихи хатының дәл аудармасы мен мазмұны...
7. Қазақ-башқұрт қатынастары...

Осындай ерекше біртұтас халықты – *Ұлт болып бірікпеген халық, әлі ру руға бөлініп жүрген халық* деп белгілі шовинист Юдин айтқаны үшін 70-жылдары Академияның Тарих институтінен шығарылған еді. Оны қуған сол кездегі институт директоры академик А.Нүсіпбеков болатын. *(Ондай ауру сөзді айтып ұпай жинайтындар қазіргі күнде де табылады...)*

Еуразиядағы Қазақ мемлекеті Ресей мен Қытай секілді екі үлкен империяның ортасында болып Еуропаның оқ атар жаңа (огнистрельные орудия) қаруларына қол жеткізе алмай изоляцияда тұрды. .. Осындай күдіретті мемлекетті ыдыратып құлатқан, **көп жылдар қиянат жасаған Ресей империясы** екені әлі күнге дейін ашық айтылмайды. Оның есесіне алдақашан сүйегі қурап кеткен (1756 жыл) жоңғарды ғана айтады. Бұл күндегі қазақ елі кино түсірсе де, бірдеңе жазса да, жоңғарды, одан қалса 1771 жылдан соң бас көтермеген қалмақты айтып аруағын шулатады да орыс ағайындардың жасаған қиянаты туралы әдейі үн қатпайды. Шындық айтылмайтын болса тарихты жазып неге керек...

Ресей империясы Қазақ еліне алғашқы қарулы шабуылын 1580 жылдары Жайық бойындағы әсем қала Сарайшықты қиратып тонаудан бастады. Көп ұзамай сол 90-шы жылдары Қазақ ханы Тәукенің інісі Оразмұхамедті тұтқындап Мәскеуге алып кетті. Оның барлық күш жігері мен әскери талантын пайдаланып воевода дәрежесіне дейін көтерді. Тіпті оның өлімінің өзі Ресей мемлекетіне Поляк басқыншыларынан құтылуға көмектесті... Мәскеуді басып алған Польша королі Лжедмитрий күдікті воеводаның бірі деп Оразмұхамедті өлтіреді. Өзінің жерлесінің кегін қайтару үшін Петр Урусов (Едіге бидің шөбересі) Лжедмитрийді өлтіреді де Ресей патшасының тағын поляктардан босатып Ресей мемлекетін құтқарып қалады. Жыл сайын ноябрь айында Ресейде поляктардан құтқарған К.Минин мен М.Пожарский деп ерекше атап өтеді. Бұл екеуіне ескерткішті Мәскеуде Сталин қойдырып еді. Алайда П.Урусов пен Оразмұхамед туралы бір сөз де айтпайды. Егер орыс ағайындар тарихқа адал болса П.Урусовке алтыннан ескерткіш қояр еді...

Осынау 1580-1730 жылдардағы 150 жылға созылған орыс пен қазақ арасындағы қырғын соғысты белгілі зерттеуші М.Әбдіров:

**«...С конца XVI – начала XVIII в. начинается ожесточенная и кровополитная, длившаяся 150 лет, казахско- казачья война. С этого момента вся история взаимоотношений казахов с яицкими /Жайық өзені/ казаками заполнена взаимными набегами, враждой захватом пленных и угоном скота. Борьба шла не на жизнь, а на смерть, с переменным успехом, и в этой борьбе не было ни победителей, ни побежденных, никто не хотел уступать. (1) – деп жазған болса, қазақ елінің басына түскен соншама ауыртпалық туралы: - «...Многострадальная казахская земля обильно полита кровью наших предков, отстаивших право на мирную жизнь на древней, исконно своей территории...» (2) – деп жан-жақты анықтамасын берген болатын.**

Ал, екінші 150 жылдық кезең туралы (XVIII бен XIX ғасырлар) аса қиын кезең туралы Х.Досмұхамедов:

**«...Осы екі ғасырдағы патша өкіметінің жұмысы қазақты әбден бағындырып алып, қазақты көпір қылып Азияға аттау болды. Қазақтың амалы таптайын деп тұрған патша өкіметінен құтылу болды. Дәуірлеп келе жатқан орыс байларының капиталымен жауласам деп, *Кіші жүздің жүз жарым жылдай тарихы қанмен жазылғандай болды.*»(3) - деп толық бейнесін берген еді.**

Осылай Кіші жүз қазақтарының Ресей басқыншыларымен соғысы әрқайсысы 150 жылдан тұратын екі кезең, демек барлығы 300 жыл соғыс. Осы Кіші жүз қазақтары мен орыс казактары арасындағы қырғын соғысты М.Әбдіров: **«...Они были хорошо вооружены и обучены, прекрасно организованы, дисциплинированы, обладали громадным опытом борьбы с покоренными народами, Вот с такими отборными воинскими отрядами 300 лет воевали казахи за свою свободу и независимость, отстаивая родную землю...» (4) - деп мінездеме берген еді. Қазақ еліне толассыз шабуыл жасаған орыс-казактардың жауыздығы мен зұлымдығы туралы орыс тарихшылары да көптеп жазды.**

Мысалы тарихшы А.Рябинин: **«...У яицких казаков был один смертельный враг - это киргизы (т.е. казахи). Они были «враги неутомимые, настойчивые, не знавшие ни страха, ни усталости. Яицкие казаки вели против них войну настоящую и ожесточенную» (5) - деп жазғаны қазақтардан басқаның бәрін тізе бүктірдік енді тек қазақтарды бағындыру ғана қалып тұр деп жазып, қаншама қазақ ауылдарын**

түгелдей аямай, жауыздық пен қатыгездіктің неше түрін көрсетіп қырып жібергенін баяндайды... А.Карпов кітабында: «...Раз это киргиз – то враг, заклятый враг и все, что носило на себе киргизский облик, все уничтожалось, билось казаками на смерть, целые аулы, старцы, жены – все истреблялось; убивались дети и грудные младенцы, - «вырастут – укусят!» говорили казаки и поднимали их на копьё. Истреблять басурманина – такова была миссия казака того времени, миссия, освященная церковью» «б) - деп неше түрлі зұлымдықтарды жазды...

1692 жылы Ресей мемлекет басына І Петр келген соң орыс әскерлерінің Қазақ жеріне жаңа қарқынды шабуылдары басталды. Себебі І Петр қалмақтардың ұйымдасқан қарулы отрядтарын қазақ еліне айдап салып отырды. Аюкені қалмақтың ханы етіп тағайындап, барлық титулды, барлық сыйлықты соған берді. Оның негізгі міндеті қазақ елін шауып қирату қана болды. Сорлы Аюке хан тегін сыйлықтар мен арзан титулдарға қызығып өз қандастарын өлімге айдап отырғанын түсінбеген болар. Түсінген болуы мүмкін тек өлер алдында 1724 жылы қалмақтардың Әбілхайыр қолынан қырылып жатқанында ғана... Не деген сұрқиялық өмір. Күні кеше Шыңғысханның қандасымыз, ұрпағымыз деп жүрген халықтың Ресей сойылын соғып жүріп арам өлгені әрине жетесіздік, сұрқиялық, ұят, яғни даңқсыз өмір.

Әрине І Петр келген соң тісіне дейін қаруланған казачьи отрядтар мен қалмақтар шабуылына қазақ елінің есесі кете бастады. Сол кезде қазақ елі үшін І Петрден кем емес тұлға жарқырап тарихи аренаға келді. Жас батыр қолбасшының аты Әбілхайыр (1685-1748) еді. Бұл 1700 жылдар болатын. Қазақ елі мен Ресей қоластындағы туысқан башқұрт халқын қызғыштай қорғаған ерлігі ескеріліп 1709 жылдың күзінде Әбілхайырды Кіші жүзге Тәуке ханның өзі бас болып билер кеңесінің шешімімен хан сайлады. Әбілхайырдың қазақ елін Ресей басқыншыларынан 48 жыл бойы қорғаған ерліктеріне қысқаша тоқталайық.

1707-1709 ж.ж. башқұрт халқының ұлт-азаттық көтерілісіне Әбілхайыр 3 мың сарбазбен барып көмек көрсеткен. 150 жылдан бері Ресей қоластында болған башқұрттар оны өз еліне хан сайламақшы болып жатқанда, 1709 жылы күзде қазақ билері шұғыл шақыртып алып, Кіші жүзге хан сайлайды. Бұрын Кіші жүзде хан болған, үш жүз түгелдей бір орталыққа Тәуке ханға бағынатын. Ресей басқыншыларымен Кіші жүз арасындағы соғыс қиындап кеткен соң оны хан болып басқаратын адам керек болды. Әбілхайырды осындай құрметті орынға сайлаған себебі оның 1709 жылға дейінгі қазақ елін Ресейден қорғаған ерліктері мен еңбегі ескерілді. Әбілхайыр кеткен соң башқұрт көтерілісі жеңіліс табады. Кіші жүзге хан болған соң Әбілхайыр Ресеймен күресті жақсы ұйымдастыра білді.

1709 жылы қазақтар Сызранға бара жатқан орыс-казак керуенін талады.

1711 жылы қазақтардың 16 мың сарбазы Текеге (қазіргі Орал қаласы) астық алып бара жатырған орыс-казак керуенін талқандап, 300 жауынгерін тұтқындайды да, Хиуаға апарып құлдыққа сатады.

1713 жылы 800 жігіттен тұратын сарбаздар Самараға балық апара жатырған керуенге шабуылдап, жауынгерлерін қырып тастайды.

1714-16 жж. қазақтар казак-орыс отрядтарына әлденеше рет шабуылдаған.

1718 ж. қазақтар мен қарақалпақтардың 20 мыңдық әскері Теке (Яицкий городок, қазіргі Орал) қаласын қоршайды. Бұл бір айға созылады.

1719 ж. шілдеде Әбілхайыр 20 мың әскермен қаланы қайта қоршауға алады. Қазақтар Теке қаласын басып алуға сәл қалады. Күз түсісімен елдің мазасын алып қоймаған Еділ қалмақтарына (орыс-казак отрядтарының одақтастары) шабуыл жасайды.

1720-21 жж. казак-орыстар бірнеше рет қазақ жеріне шабуылдар жасайды.

1720 жылдың қыркүйек айында қазақ әскерімен орыс-казактарының арасында Самара өзенінің бойында қанды шайқас болды. Тұтқынға түскен 50 қазақ жігітін өлтіріп «ерлік жасағаны үшін» атаман Никита Бородин Ресей патшасы І Петрдің мақтау грамотасымен марапатталды.

1721 жылы орыс-казактар мен қалмақтардың атаман Балмашнов басқарған тобы Ойыл өзеніне дейін шабуыл жасап, көп тұтқындар мен мал айдап әкеткен.

1722 ж. қаңтарда 300 қазақ сарбазы қарымта қайтару үшін Шаған өзені жанындағы қысқы станицаға шабуыл жасап, 70 казак-орысты айдап әкетеді. Осы жылы ақпанда қазақтар Теке қаласы жанындағы жылқы табынын айдап кетіп оларды түгелдей жаяу қалдырады. Сондықтан Яицкий казак әскерлері І Петрдің Персия жорығына қатыса алмай қалады.

Бұған қатты кектенген І Петр қазақ елін түгелдей жаулап алуды ұйғарады. Жоңғарларды артиллериямен қаруландырып және оларға жаңа қаруды үйретуге капитан И.Унковскийді жіберіп, 1723 жылғы «Ақтабан шұбырындыны» ұйымдастырады. Батыстан казак-орыс отрядтары мен қалмақ әскерлері Қазақстанға шабуыл жасайды.

Шығыстан келген жоңғарлар Түркістан қаласына дейінгі жерлерді түгел басып алып, елді азып-

тоздырды. Ал, батыстан баратын орыс әскерлері мен қалмақтар Түркістанға жете алмады. Себебі, сақадай сай Әбілқайыр әскерлері оларды тоқтатып қана қойған жоқ, қырып салды және Еділден әрі қарай асырып қуды. Соғыстардың бірінде қалмақ ханы Аюке өлтіріледі (1724).

1723-1724 жж. Әбілқайыр Теке қаласына бірнеше рет шабуылдайды. Осы кезде орыс-казактармен, қалмақтардың тісіне дейін қаруланған отрядтарымен мен қазақ әскері Утва, Самара, Шаған өзендері бойында бірнеше рет бетпе бет келіп шайқасқа түседі, қырғын соғыстар болады. И.Тимофеев, И.Логоинов, Никита Бородин бастаған казак-орыс отрядтары көп шығынға ұшырады. Орыстар жағынан 170 адам қаза тапты, көп адам жаралы болды. Көптеген жауынгерлер тұтқынға түсті... Осылай қазақ елінің басына түскен ауыр күндер Ақтабан шұбырындыға ұқсас жағдай Жайық орыс казактары мен қалмақтардың да басына түсті...

1725 ж. екі жақ тұтқындар алмастырады.

Ақтабан шұбырынды кезіндегі Әбілхайырдың осы бір жанкешті қимылы мен іс әрекеті дер кезінде болды. Батыстан келе жатқан орыс пен қалмақтардың жойқын шабуылын тоқтатпағанда қазақ елі түгелдей орыс басқыншыларының қол астында қалатын еді. Сондықтан Әбілхайыр басқарған Кіші жүз казактары Ақтабан шұбырынды апатына ұшырамады. Керісінше күшті жауды уақытында тоқтатып қана қойған жоқ, сондай ақ оларды талқандап Батыс жақ шекараны қауіпсіздендіріп болған соң Жоңғарларды талқандап қазақ елін басқыншылардан тазартуға қызу кірісті. *(Әбілхайыр басқарып Жоңғарларды талқандаған екі шайқас Елбасының кітабында Абылай атымен берілген. Мұндай жалған мәліметті бергендер ақыр бір күн Елбасына жауап беретіні анық)*

Орыс қазақ қатынасы тарихы қазақ халқының ұлт азаттық соғысынан тұрады. Орыс казачьи отрядтарының жауыздығы мен зұлымдығынан және оған қазақ, елінің жанкешті, ел қорғап жанталасқан шайқастарынан тұрады... Қазақ елінің орыстарға қарсы жанкешті соғыстары патритизм мен батырлықтың және ерліктің шыңы болғанын бұл күнде мақтанышпен айтудың орнына көз-көрекі жасырып келе жатырмыз... Қазақ елінің ата мекенін қорғаудағы ерліктері мен батырлығы туралы орыс зерттеушілері де көптеп жазды... Мысалы: *«...Казахи Младшего жуза... отличались «диким, буйным, резко выраженным характером». В степи казах почти непобедим, говорили о них, а в ручной схватке физическая сила, ловкость владеет холодным оружием и управлять конем дают ему величайший перевес над царскими войсками...»* (7) - деп жалпы анықтамасын берген еді.

Қазақ-орыс қатынасы тарихындағы трагедияның үлкені Ақтабан шұбырынды оқиғасы болса, ұлт-азаттық соғыстардың жарқын тарихы Әбілхайыр хан бейнесі екенін мойындаймыз. Бұл жағдайды сонау 90-шы жылдар ақырында академик М.Қ. Қозыбаев пен профессор Ж.Қ. Қасымбаев --- Әбілхайыр тарихын қайта қарау керек деп мәселе көтерген еді. Қазақ хандарының еліміз тарихындағы орнын «Ұлт мүддесі үшін ғасырлар бойы күрес жүргізген Әз Жәнібек хан, Керей хан, Қасым хан, Әз Тәуке, Әбілхайыр хан сияқты тұлғалардың дәуір тарихында шоқтығы биік-ақ» (8) деп жазған еді М.Қ. Қозыбаев. Әбілхайыр Ресейге қарсы 48 жыл бойы соғысып қалайша бодан болуға өтініш жазды екен деп күдіктенген Ж.Қасымбаев осы тарихи тұлғаның тарихын қайта қарау керектігін айтқан еді (9). Алайда 2000 жылы Әбілхайырдың тарихи хатының түпнұсқасы оқылғанда төбеден жай түскендей әсер етті. Біз осы уақытқа дейін оның орысша аудармасын пайдаланып келіппіз. Сол орысша аудармасы талай ұрпақты жаңылыстырып келген еді. Ақыры шындықтың түбіне қол жеткіздік. Сол тарихи хатта «бодандық» туралы бір сөз жоқ екенін көріп тарихшылар қатты қуанды (10). Әттең Әбілхайыр хан тарихын қайта қарайтын ғылыми конференция өткіземіз деп жүргенде М.Қозыбаев пен Ж.Қасымбаев қайтыс болып кетті де аяқсыз қалды...

Жоғарыдағы материалдарды сараптай отырып соңғы кездегі XVIII ғасырдағы Қазақстан тарихы проблемаларын былай деп қорытамыз.

1. Қазақ елінің Ресейге өз еркімен қосылды деген жорамал Маңғыстаудағы Адайлар көтерілісінен соң құрылған комиссияның (1873 жылы., бастығы И.Крафт) шешімімен жоққа шығарылған еді. Тек Әбілхайыр ақталмай жатты.

2. 2000 жылы Тарихи хат қайта оқылған соң ғана Әбілхайыр ақталды...

3. Ақтабан шұбырынды катастрофасының артында кімдер тұрғаны қазір ешкімге құпия болмай қалды. Оның артында Ресей тұрды және осы катастрофаның ұйымдастырған І Петрдің өзі. Ал осынау аса үлкен катастрофадан қазақ елін аман алып шыққан Әбілхайыр хан екені қазақ елінің мақтанышы...

4. Әбілхайыр жазған тарихи хат дұрыс оқылғалы бері бұрынғы түсініктер түгелдей өзгеріп кетті. Сол хаттың жазылу тарихы да орыс патшасы І Петрге байланысты екені қазір ешкімге құпия емес.

1 Абдиров М.Ж. История казачества Казахстана. - А., 1994. - 44 и 45 беттер.

2 Сол кітапта.

3 Досмұхаметұлы Х. Аламан. – Ташкент, 1926. - 53-бет.

4 Абдиров М.Ж. История казачества Казахстана. - А., 1994. - стр. 7-8.

5 Рябинин А.Д. Уральское казачье войско. Ч.І-ІІ. - СПб., 1866. - стр. 28.

6 Карпов А.Б. Уральцы. Ч.І. – Уральск, 1911. - стр. 320, 324, 332-33, 406.

7 Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках. - А. 1964. - стр. 300-301; Абдиров М.Ж. История казачества Казахстана. - А., 1994. - стр. 72.

8 Қозыбаев М.Қ. Елдік үшін күрес мыңжылдығы. // Егемен Қазақстан. - 2000. 27 желтоқсан.

9 Қасымбаев Ж. Политика Абулхаир хана в принятии Младшим жузом российского подданство в 30-х годах XVIII века. // Поиск. – 1997, - №5.

10 Исин А. Әбілхайырдың хатын қалай оқыған дұрыс. «Абай» журналы. 2001, №2.

### Резюме

В статье автор рассматривает вопросы казахской государственности и обращает внимание на исследование социально-гуманитарных дисциплин, в частности на исследование дисциплины Истории Казахстана после обретения независимости. Хотя немного времени прошло как Республика Казахстан стал независимым государством, вопрос исследования истории незначителен. Нынешний год Независимый Казахстан празднует 550 летие Казахского ханства. Очень важно провести его на должном уровне.

Также автор в данной статье повествует о становлении и провозглашении казахской государственности, о системе правления, о деятельности института биев, об особенностях ханского правления при казахских ханов.

**Ключевые слова:** государство, Казахское ханство, Туркестан, ханыар, би

### Summary

In this article an author examines the questions of the Kazakh state system and pays attention to research of socially-humanitarian disciplines, in particular on research of discipline of History of Kazakhstan after finding of independence. Although little time passed as Republic of Kazakhstan became the independent state, the question of research of history is insignificant. A present year Independent Kazakhstan celebrates 550 yaers of the Kazakh khanate. It is very important to conduct him up-to-the-mark.

Also an author in this article narrates about becoming and proclamation of the Kazakh state system, about the system of rule, about activity of institute of биев, about the features of khan rule at the Kazakh khans.

**Keywords:** the state, Kazakh khanate, of Turkestan, Kazakh khans, bies

ӘӘЖ 958.4

## ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНДАҒЫ ҚАЛАЛАР ТАРИХЫНАН

М.Б. Қожа – т.ғ.д., профессор,

М.А. Жолсейтова – т.ғ.к., доцент, Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Мақалада Қазақстан аумағында қалалық мәдениеттің пайда болуының себептері мен алғы шарттары қарастырылады. Ортағасырлық қалалар қазақ хандығы тарихымен, қазақтардың шығу тегімен, мәдени және рухани мәдениетімен тығыз байланыста болды. Ортағасырлық қалалар Қазақстанның шеткі аймақтарында, көшпелі және отырықшы-егінші әлемдердің түйіскен жерінде пайда болды. Табиғи-климаттың қолайлылығына және тарихи жағдайларға байланысты ортағасырлық қалалар негізінен Қазақстанның оңтүстігінде орналасты. Қазақ хандығының нығаюы, қазақ халқының экономикалық және мәдени өмірі Қазақстанның оңтүстік бөлігінің тарихымен тығыз байланысты болды. Соңғы орта ғасырларда қала мәдениеті мен отырықшы-егіншілік мәдениет қазақтың этникалық аумағының осы, бөлігінде сақталып қалды.

Мақалада Қазақ хандығы үшін үлкен әскери-стратегиялық мәнге ие, қаланың қолайлы жерде орналасуына, саяси-әкімшілік, экономикалық маңызына орай билеушілердің оны қуатты бекініске айналдыруы, ғасырлар бойы ірі саяси орталық ретінде өшпес із қалдырған қалалар тарихына арналған.

**Тірек сөздер:** қазақ хандығы, ортағасырлық қалалар, қалалық мәдениет, цитадел, отырықшы қала халқы, адаптация, қалашықтар, сауда-саттық, өркениет

Қазақстан аумағында қалалық мәдениеттің пайда болуына бір топ себептер және алғы шарттар ықпал етті. Ортағасырлық қалалар Қазақстанның шеткі аймақтарында, көшпелі және отырықшы-егінші әлемдердің түйіскен жерінде пайда болды. Қазақстанның басым бөлігі егіншілік пен отырықшылық, қалалық мәдениет дамуына жағдайы жоқ аридті, қуаншылық зонаға жатты. Сондықтан халықтың басым бөлігі осы табиғи ортаға көпғасырлық бейімделу, адаптация нәтижесінде көшпелі мал шаруашылығымен айналысты.

Ортағасырлық қалалар негізінен Қазақстанның оңтүстігінде орналасуы табиғи-климаттық және тарихи жағдайларға байланысты болды. Орта Азиядағыдай Қазақстанның оңтүстігінде ауа-райы жылы болды.

Аймақтың далалық және жартылай шөлейтті жерлері суғару оларды аса құнарлы жерлерге айналдырды. Бұл жерлерде үлкен және кіші өзендер ағып жатқан соң халықтың шоғырланып туруына, олардың егіншілікпен, диқаншылықпен, бау-бақша өсірумен айналысуына жағдай туды.

Бұл аймақта әсіресе көне суғармалы егіншіліктің және қалалық мәдениеттің негізгі орталығы болған Сырдария алқабының орны бөлек. Сырдарияның аңғары жергілікті тұрғындар үшін маңызы мен орны ерекше екенін ортағасырлық жазбагерлер атап өткен болатын. Рузбиханның жазғандарына назар салсақ «Дариядан егістіктерді суғару үшін көптеген арықтар шығарылған. Әлемнің бірде бір елінде Сырдариядай пайдалы өзен жоқ. Дариядан егістіктерді суғару үшін көптеген арықтар шығарылған. Әлемнің бірде бір елінде Сырдариядай көп жаққа пайдалы өзен жоқ. Оның жағасында шөп пен құстардың молдығынан тең келетін өзен жоқ. Сонымен ол түрлі жануарлар мен аңдарға аса пайдалы ... Өзен жағасы түрлі гүлдердің астында қалып әртүрлі құстар, жабайы есектер, сайғақтар мен басқа жануарларға мекен болып келеді, онда желге және орман елесі кіре алмайтын тоғай өседі» [1,13 б.].

Сырдарияның суы жиі арнасынан шығып тасып жақын аймақтарды басып отырды. Сырдария суы құрамындағы калий мен натрий тұздары мол кездескендіктен ол жайылған жерлердің құнарлығы өсіп отырған. Көптеген таулы өзендері мен өзеншелері, олардың ішіндегі су мол Бадам, Арыс және Ақсу ағып жатқан Талас Алатауының алдыңғы бөлігі отырықшылыққа ыңғайлы белдеу болып табылды. Суғармалы жерлердің құнарлығын күшейткен Арыс өзені суының химиялық құрамының едәуір бөлігінде калий және натрий тұздары болды [2,15-16 бб.]. Оңтүстік Қазақстан аймағында беткейлерінде көптеген өзендер бұлақтар аққан Қаратау өтеді.

Сырдарияның орта және төменгі ағысы өзінің географиялық орналасуына орай көне заманнан далалық көшпенділер мен Орта Азияның отырықшы алқаптар арасындағы аса маңызды тұрақты сауда және мәдени байланыстардың орны еді. Кең байтақ Оңтүстік Қазақстан жерімен Ұлы Жібек жолдың тармақтары өтіп су көздері қасында орналасқан қалалардың дамуына игі ықпал етті.

Ауа райы мен жеткілікті су көздері, суғарудан құнарлығы артатын топырақ болуы едәуір көлемді және тұрақты өнім беретін егіншілікпен айналысуға мүмкіндік берді. Су көздері сауда жолдарының да бағыттары анықтайтын факторлардың бірі болды. Сонымен жайлы табиғи-географиялық эне тарихи жағдайлар Оңтүстік Қазақстанның аймақтары мен алқаптарының шаруашылық, әкімшілік және сауда орталықтары болатын қалалардың негізін қалаған егіншілердің ірі қоңыстары пайда болуына мүмкіншілік туғызды.

Б.э.д. I мың жылдықтың екінші жартысында Аралға таяу аймақта Қазақстанда тұңғыш бекіністі қалалық мекендер пайда болды. Олардың қатарында Сырдарияның көне арналарында Шірікрат, Бәбішмола, Баланды пайда болды [3,10-18 бб.]. Сырдарияның орта ағысында ең көне қалашықтар қатарында б.э.б. I ғ. жататын Асаршық-Шаншар қалашығы бар [4,92-94 бб.].

Оңтүстік Қазақстандағы ең көлемді ортағасырлық қалашықтардың бірі Отырар төбенің төменгі қабаты I мыңжылдықтың ортасымен белгіленеді [5, 82 б.; 4, 169-180 бб.]. Шамамен осы уақытта Түркістанның көне бөлігі - Ясы пайда болды [6, 91 б.].

Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның Түркі қағанатына кіруі көшпелілер мен отырықшы халық арасында белсенді қарым қатынас орнатты. Сырдария өзені аңғарындағы қалалар ортағасырлық кезеңде Дешті Қыпшақ пен Қазақстанның оңтүстігі мен Орта Азияның отырықшы, егінші алқаптар арасындағы саудасаттық қатынастарда маңызды рөл атқарды. Көшпелі түркі тайпаларының Сырдария өзені аңғарында отырықшылыққа өтуі олардың қалалармен байластарын күшейте түсті. Уақыт өте түркілік қалалар пайда болды.

Қазақ хандықтарының дамуының бір ерекшелігі бір мемлекет ішінде түрлі: көшпелі, қалалық және отырықшы-егінші шаруашылық-мәдени кешендердің болуы еді. Оңтүстік Қазақстанның кейінгі қалалық орталықтары туралы құнды мәліметтер парсы және түркітілді шығармаларда және орыс деректерінде кездеседі.

Қазақ хандықтары құрамында қалалар болғанын қытай деректері де қоштайды. Қытай деректері Ұлы жүзді (қытай деректері юйынша «Батыс қазақ ордасы») сипаттай отырып оның Орта жүзбен салыстырғанда мына ерекшелігіне назар салады: «Бұл орда тіршілік тұрғысынан Шығыс ордамен ұқсас, алайда онымен салыстырғанда қалалар бар» [7, 573 б.]. Цин дәуіріндегі Орта жүз қазақтарына арналған тарауда бұл ұлыс орта жүз деп аталады, орталығы Есілде және ханы Кэштын қаласында деп айтылады [7, 570 б.].

Жазба деректерде аталатын және археологиялық зерттеулер арқасында белгілі болған Оңтүстік Қазақстанның қалаларының басым бөлігі қазақ халқы қалыптаспай тұрып және Қазақ хандығы құрылуынан бұрын пайда болғанына қарамастан және оларды негізінен аймақтың отырықшы тұрғындары тұрғызығанына қарамай олардың археологиялық қалдықтары қазақтардың тарихи-мәдени ескерткіштері болып табылады. Аймақта жүріп отырған этникалық процесстер барысында ежелгі отырықшы, қалалық халықтың бір тобы қазақ халқының құрамына енді. Ортағасырлық қалалар қазақ хандығы тарихымен, қазақтар-

дың шығу тегімен, мәдени және рухани мәдениетімен тығыз байланыста болды.

Бастапқы Қазақ хандығы пайда болған Шу мен Қозыбасы аралығындағы қалалар болған емес. Археологтардың зерттеулері тек Аспара мен Таразда, Төркүл қалашығында ғана XV-XVI ғғ. тіршілік қабаттары анықталған [8, 7, 234 бб.]. Батыс Моғолстан аймағында жеке хандық құрған алғашқы қазақ хандары өз бабаларына – Орда Ежен ұрпағына, бабасы мен әкесіне (Орысхан мен Бараққа) тиесілі көрші Түркістан аймағындағы қалаларды қайтаруға әрекет жасады.

Көшпелі өзбектер мемлекетінің билеушісі Әбілқайыр 1468-69 ж. қайтыс болған соң қазақ хандары бірден Түркістан үшін күресті бастады. 1470 ж. Түркістанға Керей хан жау болып келген деп жазады бір деректе [9,21; 10, 55-57 бб.]. Жазба деректерге қарағанда қазақтардың қол астына өткен ірі қалашықтардың бірі Қаратаудың солтүстік беткейінде орналасқан Созақ қаласы болды. Созақ уалаяты аумағында проф. С.Жолдасбаев тағы біртоп қалашықтар, олардың ішінде Күлтөбе мен Ран атты елді мекендерді тауып зерттеді [10, 23-27 бб.; 12-52 бб.]. Созақ билеушісі болып Жәнібек ханның үлкен ұлы Махмұт сұлтан тағайындалды. Жәнібектің Иренші сұлтаны Сауран қаласының билеушісі болды.

1472 ж. Мұхаммад Шайбани тағы тағы Түркістан қалаларын өзіне қаратып Түркістан уалаятында орнығуға тырысты. Сырдария бойындағы қалалар үшін соғыста қазақтардың негізгі тірегі Созақ қаласы және оның айналасындағы аймақ болды. «Шайбани-наме» атты дерекке қарағанда қазақ билеушілері Созақ пен Қаракорын іргесінде тұратындардан жаяу және атты әскер жинап олардан бір үлкен жасақ құрды [9,106 б; 10, 55 бб.].

Шайбани Оңтүстік Қазақстандағы ірі қалалардың бірі - Сығанақты басып алады. Оның бұл әрекеті Түркістандағы темірліктер өкілі Мазид тарханның Бұрындық ханмен бірігіп қарсы жорыққа шығуға әкеліп соқты. Осы соғыстың алдында «Шайбани наменің» хабарлауынша, Бұрындық әскерімен Отырар іргесінде қыстап шығады. Сығанақтан Шайбанидің осы жолғы кетуі жайында «Шайбани-намеде» қызық деректер келтіріледі. Бұрындықтың Мұхаммадты Сығанақтан ығыстыруы барысындағы соғыста көп халық қырылған соң, қала басшылары Қазі Садр ал-Ислам, Шықмақ жүзбегі және Сиддик шайқы қала халқын шақырып алып, «Бұл уалаят бұрын Бұрындық ханға қараған. Дұрысы Бұрындыққа қайтару болады», - деп шешеді де, оны іске асырады. Арқуққа тығылған Мұхаммед Шайбаниді Бұрындық хан мен Жәнібектің ұлдары Мұхаммед Мазид тархан әскерімен бірге қоршап, оны кетуге мәжбүрлейді

Алайда тоқсаныншы жылдардың басында қазақ хандарының күшеюінен қауіптенген моғол ханы Сұлтан Махмуд Ташкент жақтан әскермен шығып, Отырарды басып алады. Ол Шайбаниге арнайы хат жолдап, оны Отырарға шақырады. Осы жерде өзара бітім жасасып, оған Отырарды береді. «Шайбани-наме» шығармасында бұл одақ деп аталады, ал негізінде бұл Мұхаммад Шайбанидің Сұлтан Махмуд ханға тәуелді болуы, яғни оның қарамағына қызметке тұруы деп бағалануы тиіс. «Таварих и Гузида-ий Нусрат-наменің» жазбагерінің айтуынша, Сұлтан Мұхаммад хан Отырарда ұлы той жасап, Мұхаммад Шайбаниге хандық шапан жауып құрмет көрсетеді, бір-бірімізге қиын-қыспақ жағдайда қол ұшын береміз деп уәделесіп, шартқа отырады. Сөйтіп, моғол ханы Отырарды Шайбаниге беріп, өзі Ташкентке кетеді.

Бұл жағдай, әрине, Бұрындық хан мен Жәнібек ұлдарының наразылығын туғызады. Шайбани қазақ билеушілерінің әскеріне қарсы тұра алмайтындығын сезіп, Отырар қамалының ішіне тығылады. Шайбанидің қоршауда қалғандығын естіген Сұлтан Махмуд хан көмекке әскер жіберіп, Бұрындық хан мен Шайбанидің бітімге келуіне себепкер болады. Осы жағдайлардан кейін қазақ хандарымен одақтасып жүрген Мұхаммад Мазид тарханды Шайбани хан өзіне тартпақшы болады. Бірақ оның бұл әрекетінен еш нәтиже болмағандықтан Йасыда тұрған Мазид тарханға қарсы жорыққа аттанады. Отырар мен Йасының ортасында болған шайқаста Мазид тархан жеңіліп тұтқындалады. Оның қолына кісен салынып, Отырарға аттандырылады. Бұл хабар Сұлтан Махмуд моғолға жетіп, ол да Отырарға аттанады. Екі билеуші тойдудан өткізіпті. Алайда Мұхаммад Шайбанидің күшеюінен қауіптенген Сұлтан Махмуд хан енді қазақ ханы Бұрындықпен одақтасып, Отырардан Шайбаниді ығыстыру мақсатында жорық ұйымдастырады. Бұл кезде Отырарда Мұхаммад Шайбанидің ұлы Мұхаммад Темір Сұлтан болыпты. Отырарды қоршауға алған Бұрындық хан әскері қала ішіне еруге әрекет етеді. Шайбанилік шығарма бойынша 30 мыңдай әскер күнделікті үлкен шайқас жүргізіпті. Алайда Отырарды алу қолдарынан келмей, жорық екі жақты бітіммен аяқталады. Осымен қатар жазба деректерде Сұлтан Махмуд ханның әйгілі батырларының бірі Әмір Ахмадтың Отырарды тонамақ болып жорыққа аттанғаны, алайда қорған ішіне ене алмай тек қала төңірегін тонап қайтқаны әңгімеленеді. Бұл оқиға шамамен 1494 ж., не болмаса 1495 ж. болған.

XV ғ. 90 жж. басында моғолдық ханның көмегімен Шайбани Отырар, Сауран және Ясыны өзіне қаратты. XV ғ. аяғында қазақ хандары және Мұхаммад Шайбани арасындағы күрес уақытша бейбіт жолмен шешілді. Түркістан аймағының солтүстік бөлігі Сығанақ, Сауран және осыларға іргелес жатқан Қаратау ауданымен Созақ және басқа да елді мекендер қазақ хандары қолында қалды [11,342-344 бб.].

XVI ғ. Түркістан қалалары үшін күрес жалғасты. XVI ғ. басында Қасым-хан Түркістан қалалырының ішінде қиыр оңтүстікте орналасқан Сайрам қаласын басып алады. Осылай Сырдарияның орта ағысындағы қалалардың басым бөлігі Қасымның хандығы құрамында болды [11,367-368 бб.]. Сол кезеңде қазақ хандары Дешті Қыпшақтың батысында орналасқан Сарайшықты басып алды. Мырза Мұхаммад Хайдардың хабарлауынша Бұрындық хан Сарайшықта орналасқан [12,349 б.]. Осы қалада Қасымханның қайтыс болуы және XVI ғ. бүлікшілік кезеңі басталуы қазақ билеушілерінің осы қаладан кетуге мәжбүр етті. Сарайшық осыдан кейін Ноғай Ордасының орталық қаласына қайта айналды. Қазақ хандықтары нығайған кезде дала хандарының билігі Орта Азияның бір топ қалаларына дейін жүрді. Ал қазақ хандықтары әлсіреген кезде қазақтар Түркістан уалаятына қарасты бір топ қалаларды жоғалтып отырды. Тек XVI ғ. аяғында қазақтар Түркістан уалаятының барлық қалалары мен Ташкентті өздеріне тұрақты етіп қаратты.

Тәуке хан кезінде Сырдария бойындағы қазақтарға бағынышты қалалар саны 32 жетті [13,379 б.]. Осы санды бір саудагерге сілтеме жасай отырып XVII-XVIII ғғ. шетелдік ғалымы Н.Витсен келтіреді: «в то время как на козакских территориях в целом можно насчитать тридцать два маленьких городка». Оның пікірінше бұлар шағын қалышықтар еді. Қалаларды басқару хан тағайынадаған әкімдер жүргізді. Олар ханның жақын туыскандары-сұлтандар болды. Н.Витсеннің хабарлауынша Тәуке кезінде Созақ қаласында білеуші болып «Абла-султан»-Абылай сұлтан (болашақ Абылай ханның атасы), Сауран қаласын – «Каз-султан» (болашақ Әбілқайыр ханның әкесі Кажы), Сырнак қаласын (Сығанақ болса керек) – Есім сұлтан (Қаип-султанның әкесі), Икандә – «Булат-султан» (Әбілмамбет ханның әкесі), Отров (Отырар қаласы болса керек) – Тұрсын хан, Сайрам қаласында Қарабас-султан болды [14,67 б.]. Хандардың астаналық қалалардан (яғни Түркістан мен Ташкенттен) сыртқа шыққанда олардың сенімді адамдары - «дятьки их. Ташкентте Жолбарыс ханның сенімді кісісі Ұлы жүздің атақтысы – Төле би болатын. Оны бір орыс дерегі хандардан да жоғары құрметтеледі деп көрсетеді. «Большой Орды знатнейший кайсаченин Тюля бий, который и в Ташкенте больше хана владельцем почитается» [15,97 б.]. Түркістанда ерекше сенімге ие болған Нияз батыр болды. Ол жөнінде орыс деректерінде Орта жүздің атақтысы, Семеке хан кезінде үлкен билікке ие болған, ал ол қайтыс болған соң Түркістанды басқарып Әбілмамбетті хандыққа отырғызды делінеді: «Средней Орды знатнейший старшина Нияз-батыр, о котором известно, что он во время Шемяки-хана в Туркестанте великую силу имел, а по смерти его Туркестантом управлял и Абулмамбет-хана на ханство утвердил» [16,164 б.].

Оңтүстік Қазақстан қалаларына орасан соққы берген жоңғарлардың шапқыншылығы болды. Жоңғар жорықтары кезінде Сайрам мен Созақ қиратылып ойсырап қалды. XVIII ғ. аяғында Созақта бар болғаны 40 үй қалыпты. Н.Алимовтың хабарлауынша Созақ шағын қала болмаған, оны қалмақтар талқандап тұрғындарын өздеріне көшіріп алды – «Сузак был город немалый, а разорили калмыки и людей к себе вывезли» [13,28 б.]. Шади төре Жангірұлының айтуынша Абылай хан Созақты қайта көтеру үшін Оңтүстіктің басқа аймақтарынан отырықшы халықты аталған қалаға көшірген [17,172-173 – бб.].

Қазақ хандығы құрамына Түркістан атты тарихи аймақтың кіруі аймақтағы күрделі этникалық процесстерді және түрлі шаруашылық-мәдени типтердің арасындағы байланыстарды жеделдетті. Деректерде қазақтардың бір бөлігі Оңтүстік Қазақстан қалаларында тұрғаны жөнінде мәліметтер кездеседі. XVI ғ. аяғына жататын жарлықта Сығанақ тұрғындары қатарында арабтар, түркілер, қазақтар және қарақалпақтар аталады [1,48 б.].

1693 ж. Түркістан қаласына барған Теуш мергеннің есебі бойынша онда Тәуке ханмен бірге қазақтар саны еркек пен әйелдерді қосқанда 1000 адам: «казаков живет в том городе с Тевки ханом мужеска полу и женска человек с 1000» [13,405 б.]. 1740 ж. келіссөздердің журналға жазылған нұсқасы бойынша арғындардың басшысы Нияз батыр Түркістан қаласы тұрғыны деп белгіленген [Казахско-русские отношения, 1961, с. 164]. Ұлы жүз биі Төленің Ташкент қаласында үй болыпты, онда әйелімен екі баласы тұрыпты [13,96 б.]. Қазақтың билеуші өкілдерімен қатар қалада кедейленген қазақтарда мекен етті. 1735 ж. Ташкент пен Түркістан арасындағы қалашықтарды атай отырып саудагер Ш.Арсланов оларда сарттар тұрады дей отырып олардың арасында кедейленген қазақтар тұрады дейді: «между которыми и киргиз-кайсаки убогие живут» [13,99 б.]. А.И. Левшин Ұлы жүз қазақтарының қоныс географиясын атай отырып олардың кейбірі Ташкент, Түркістан және олармен көрші елді мекендерде тұратынын көрсетеді: «некоторые живут в самых городах Ташкенте, Туркестане и соседственных с ними селениях» [18, 294 б.]. Я.П. Гавердовский мәліметтері бойынша Орта жүздің көпшілігі қазірдің өзінде Қаратау айналасы мен Ташкенияда тұрақты ауылдар тұрғызып алған - «многие из киргизцев сей орды заводят уже постоянные селения около гор Каратау и в Ташкении [13,400 б.].

Түркістан цитаделіндегі археологиялық зерттеулер барысында XVI-XVII ғғ. қалада көшпелі дәстүрі айқын тұрғындар пайда болғанын көрсететін материалдар табылды. Түркістан цитаделінің оңтүстік-батыс бұрышын қазу барысында 3 киіз үйдің астыңғы бөлігін бекітетін тас қаландылар табылды. Мұндай киіз



үй негіздері бұдан бұрынғы археологиялық қабаттарда табылған емес [19,184 б; 18,159-161 бб.]. Түркістан қаласы ішіндегі киіз үйлер Қазақ Ордасында 1694 ж. сәуір-шілде айларында болған Федор Скибин және Матвея Трошиндер жазған мақалалық тізімде аталады [13,412, 415, 417 бб.].

Созақтың қалалық тұрғындар оның айналасында көшіп жүрген қазақтар жалпы атпен «сарт» деп атаған. Алайда ол шығу тегі бойынша ала-ғұла болатын. Олардың ішінде едәуір топты қалаға тұрақты еніп кеткен түрлі қазақ руларының: ошақты, сатек, қоралас, мырза тобы өкілдері құрады [20,137-163 бб.].

Қазақтардың Орта Азия қалалары мен көрші аймақтардың орталықтарында тұрғаны жөнінде хабар бар. А.И. Левшинның пікірінше қазақтардың кейбірі Хиуада, Бұқарада, Қытай иеліктерінде, Ташкентте, Қоқандта тұрады және онда өз үйлері, жерлері, баулары бар - «некоторые живут в Хиве, Бухаре, китайских владениях, Ташкенте, Коканде и имеют там свои дома, земли, сады» [18,298 б.]. Кейінгі ортағасырлық Бұқарада қазақтардың 15 үйден тұратын жеке орамы болған [21,232, 320 бб.]. Қазақ көшпелілерінің отырықшы болып қала тұрақтауын Шымкент қаласының XX ғасырдың басында айтылған мына пікірі айғақтайды. Шымкенттіктердің пікірінше олар Отырар мен Түркістаннан шыққан және олар таза сарт тобына жатпайды, олар қазақпен араласқан топқа жатады: «что они потомки выходцев из Отрара и Туркестана, и представляют из себя не чистый сартовский тип, а помесь с киргизами». Көзбен көргендердің айтуынша Түркістан тұрғындары тіл жағынан және антропологиялық жақтан далалақтардан айырмашылығы шамалы болып келген [22,225 б.].

Сырдария қалалары тұрғындарының бір тобы аймақта жүрген этникалық процесстер барысында қазақ халқының құрамына кірген. Қазіргі қазақтардың құрамында қалалықтардан өздерін тарататын топтар бар [23,33-40 бб.]. Олардың алдыңғы қатарында сунақ пен қожалар жатады, олар қазақ тайпаларының дәстүрлі тізімінде көрсетіледі [24]. Сунақтар Сығанақ қаласының тұрғындарының ұрпағы. Қазіргі қожалардың топтары: Отырар қожа, Аққорған [25,42-43 бб.] атаулары Оңтүстік Қазақстан кейінгі ортағасырлық қала атауларымен байланысты және олардың бұрынғы тұрған орындарын көрсетеді.

Сонымен қазақ хандығы дәуірінде қазақ көшпелілерінің бір бөлігі отырықшы қала халқына кірігу, айналу процесі жүрді. Қалалық мәдениеттің құлдырау кезеңдерінде отырықшы елді мекендер халқының бір бөлігі жаңа жағдайға адаптациялау барысында айналасындағы далалық көшпенді қазақтар қатарына кірігіп отырды. Олардың кейбір топтары жүзге кірмейтін топтар құрды [25,42-43 бб.].

Қалаға тұрақтаған қазақтар отырықшы-егінші және қолөнер тіршіліктің қыр-сырларын игерді және қалалықтардың тіршілігіне белгілі дәрежеде ықпал етті. Созақ қаласындағы қазбалар көрсеткендей XV-XVI ғасырларда керамикалық ыдыстардың түрі қазақтың этнографиялық тостағандарында байқалады. Ал кейбір оңтүстік қазақстандық керамикалық бұйымдардағы ою-өрнектер қазіргі қазақ өрнектерінде көрініс тапқан [26,9 б.]. Көшпелілердің қалалықтарға ықпалы олардың тіршілігінде көшпелілерге тән бұйымдар мен заттар қолдануында байқалады. Мысалы, киіз үй, текемет, алаша, ши қолдануында көрініс тапты.

Қазақтардың кейінгі орта ғасырда саздан тұрақты құрылыстар салғаны жөнінде мәліметтер бар. Атаман Телятниковтың Ташкентке сапары жөніндегі мына жазбасы «Журнал похода подпоручика и атамана Телятникова в Ташкению (май 1796 г.)» бойынша Арыс өзені бойында Ұлы жүздің үйсін бөлігінің жайлауы, оның көптеген жерлерінде шағын бекіністер тұрғызылған және жау шапқанда сол өлкенің қазақтары әйел балаларымен соларға тығылып қарсылық көрсетеді деген мәлімет бар: «по реке Арысь – кочевка Большой орды Усюнской волости. ...во многих местах построены глиняные маленькие крепостцы, из коих, в случае нападения [ка] кого-либо неприятеля, той волости кайсаки, с женами и детьми запершись, чинят отпор» [27,162 б.]. Саздан тұрақты құрылыстар салумен қоса оңтүстік қазақтары тұрақты үйлер салып оны кен пештермен жылытқан, тандыр пайдаланғанын археологтар көрсетті [28].

Қазақ билеушісі Тәуке ханның қол астындағы қалашықтар саны әртүрлі деректерде әрқилы аталады. Әдетте нақты сан орыс деректерінде көрсетіліп келеді, кейбір деректерде олардың атаулары тізіледі.

1697 ж. Қазақ хандығында болып қайтқан орыс елшілері Ф.Скибин мен М.Трошин өз есептерінде «...Қазақ Ордасының бәрі Түркістанға жақын, қалаға қала көрініп тұрады, алыс қалалар тастан көрінбейді, оларға дала арқылы 3 күннен жүреді, Сырт өзенінен алыс қашықтықта, өзендердің бойында жақын тұрмайды, олардың қалаларында құдықтар көп, олардың барлық қалаларының саны 20» - деп көрсетіледі. [29,265 б.].

Қазақ хандығының жағдайы туралы жақсы хабардар жоңғар елшілері Иркутск қаласына барғанда мынадай мәлімет айтқан: «олалардың қалалары он бір, әміршісі Тәуке тұратын қаланы Ясу деп айтады, көлемі жағынан қала орташа, айналасындағы қалашықтармен қосқанда үлкен...» [30,181 б.]. Орыс деректерінде бірде 25 қала деп берсе, бірде 32 қала болғаны айтылады [14].

Қазақтың ханы Әбілмәмбет 1759 жылы қытай елшісімен жолыққанда өзіне қарайтын қалалар туралы айтқанда 21 елді мекендерді атап өткен: «Ташкент, Бескент, Ордасарай, Қарамұрын, Сайрам, Шымкент,

Қарабұлақ, Маңкент, Иқан, Ташанак, Қарнақ, Сауран, Қарашық, Аққорған, Үзкент, Созақ, Қазақдыжолық, Құлантөбе, Қошосар, Мұхаможын және Жанкент». [31,73 б.]. К.М. Байпақовтың есептеулері бойынша жазба деректерде 20 шақты, ал XV–XVIII ғғ. қабаттары бар қалашықтар саны 23 жеткен [32, 17 б.]. М.Туяқбаевтың кітабында келтірілген мәліметтерді есептесек тек Түркістан ауданы аймағында 16 кейінгі ортағасырлық қалашық бар [33,66-67 бб.]. К.М. Байпақовтың аталған зерттеу бойынша тізіміндегі археологиялық нысаналар - кейінгі ортағасырлық қалашықтар мынадай: Сайрам, Отырартөбе, Түркістан (басқаша Ескі Түркістан), Сауран, Сұнақата, Созақ, Төрткүлтөбе, Қараспан II, Иқан, Ішкан (басқаша Ішкент), Сортөбе, Жөйнектөбе (басқаша Иугнак), Төрткүл II (басқаша Қарашық), Сүткент II, Қауғаната, Бозық, Қотан, Қырузгент, Аққорған,Күлтөбе, Ран, Шаға, Шымкент. Бұған қоса М.Туяқбаев Түркістан ауданы бойынша Абдал-Мәлік-Ташанак, Қосқорған, Саухым-ата, Күлтөбе-Оранғай, Төрткүл-Бабайқорған, Міртөбе, Жаңа Сауран, Төрткүл-Күшата ескерткіштерін атайды [32,17 б.]. Әрине аталған қалашықтардың барлығы қала болмаған. Олар шағын елді мекен болса да қала деп атала берілген.

1 Пищулина К.А. *Присырдарьинские города и их значение в истории казахских ханств в XV-XVII веках. // Казахстан в XV-XVIII веках. - Алма-Ата, 1969, - с. 13.*

2 Грошев В.А. *Ирригация Южного Казахстана в средние века. – Алма-Ата: Наука, 1985. - с. 15-16.*

3 Кожжа М.Б. *Городище Шаниар // Свод памятников истории и культуры Южно-Казахстанской области. Отрарский район. - Алматы, 2007. - С. 92-94.*

4 Байпақов К. *Қазақстанның ежелгі қалалары. - Алматы, 2005. - 10-18 бб.*

5 Акишев К.А., Байпақов К.М., Ерзакович Л.Б. *Древний Отрар. - Алма-Ата, 1972. - С. 82; Байпақов К. Қазақстанның ежелгі қалалары. - Алматы, 2005. - 169-180 бб.*

6 Смагулов Е., Григорьев Ф., Итенов А. *Очерки по истории и археологии средневекового Туркестана. - Алматы, 1999. - С. 91.*

7 Бичурин Н.Я. *Собрание сведений по исторической географии Восточной и Срединной Азии. – Чебоксары, 1960. – С. 573.*

8 Ерзакович Л.Б. *Оседлая культура Южного Казахстана XIII-XVIII вв. Автореферат дисс. канд. ист. наук. Ленинград, 1966. - С. 7; Алдабергенов Н.О., Елеуов М.Е. Городище Торткүль // Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Жамбылская область. - Алматы, 2002. - С. 234.*

9 *Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков (извлечения из персидских и тюркских источников). - Алма-Ата, 1969. - С. 21; Жолдасбаев С. М.Х. Дулати және XV-XVI ғасырлардағы Қазақ хандығы. - Алматы, 2000. 55-57 бб.*

10 Жолдасбаев С. *Материальная культура казахов XV-XVIII вв. Автореферат дисс. канд. ист. наук. – Алма-Ата, 1975, – С. 23-27; Жолдасбаев С. Позднесредневековые города на северных склонах Каратау. – Туркестан, 2012. С. 12-52.*

11 Пищулина К.А. *Взаимоотношения правителей казахского государства с узбекскими ханами Мавераннахра в начале XVI в. // История Казахстана с древнейших времен до наших дней. Т.2. - Алматы, 1997, - С. 342-344.*

12 Мирза Мухаммед Хайдар. *Тарих-и Рашиди. - Ташкент, 1996. - 349 б.*

13 *История Казахстана в русских, Т. 1, 2005. - С. 379.*

14 *История Казахстана в западных источниках, Т.6, 2006, - С. 67.*

15 *Материалы по истории Казахской, 1948, - С. 97.*

16 *Казахско-русские отношения, 1961, - С. 164.*

17 *Абылай хан, 1993. - 172-173 – бб.*

18 Левшин А.И. *Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. - Алматы: Санат, 1996. - С. 294.*

19 Итенов А.О. *Фортификация позднесредневекового Туркестана // Маргулановские чтения. - Алма-Ата, 1989, - с. 184; Смагулов Е., Григорьев Ф., Итенов А. Очерки по истории и археологии средневекового Туркестана. - Алматы, 1999, - с. 159-161.*

20 Жилина А.Н. *Традиционные поселения и жилища узбеков Южного Казахстана // Жилища народов Средней Азии и Казахстана, - М., 1982. - С. 137-163.*

21 Сухарева О.А. *Квартальная община позднефеодального города Бухары. – М.: Наука, 1976. - С. 232, 320.*

22 Добросмыслов А.И. *Города Сырдарьинской области: Казалинск, Перовск, Туркестан, Аулие-Ата и Чимкент – Ташкент, 1912.*

23 Ходжаев М. *Компоненты городского и оседлоземледельческого происхождения в этнической структуре казахов // Ата-мура. Сборник статей, посвященный 75-летию Южно-Казахстанского областного историко-краеведческого музея. - Шымкент, 1995. - С. 33-40.*

24 Гродеков Н.Н. *Киргизы и кара-киргизы Сырдарьинской области. Юридический быт. Т.1. - Ташкент, 1889, приложение 2; Тынышбаев М. Материалы к истории киргиз-казакского народа. - Ташкент, 1925; Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977.*

25 *Исламизация и сакральные родословные в Центральной Азии. Алматы-Берн-Ташкент-Блумингтон, 2008. – С. 42-43.*

26 Ерзакович Л.Б. *О позднесредневековом городище Сузак // Известия АН Казахской ССР. Серия общественная.*

1966, - №3. - С. 9.

27 История Казахстана в русских источниках. Т. 6. - Алматы, 2007. - С. 162.

28 Жолдасбаев С. Жилища казахов Южного Казахстана XV-XIX веков по данным археологии // Археологические памятники Казахстана. - Алма-Ата, 1978. - С. 20-212; Кожжа М.Б. Памятники городской культуры // Историко-культурный атлас казахского народа. - Алматы, 2011. - С. 161-171.

29 Торговля с Московским государством и международное положение Средней Азии / Материалы по истории Узбекской, Таджикской и Туркменской ССР. Т.1. - Л., 1933. - 265-б.

30 Қазақстан тарихы. 3 том. - Алматы, 2010. - 181 б.

31 Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. III том. Цин патшалық дәуірінің мұрағат құжаттары. Қытай деректемелерін аударған, түсіндірмелері мен ескертулерін жазған Б.Еженханұлы. - Алматы, 2006, - 73 б.

32 Байпаков К.М. Проблемы археологических исследований позднесредневековых городов Казахстана. - Алма-Ата: Наука, 1990. - 67 с.

33 Туякбаев М. Историческая топография и развитие городов и поселений Туркестанского оазиса. - Алматы, 2009. - С. 66-67.

### Резюме

В данной статье рассматриваются предпосылки и причины появления городов и городской культуры. История средневековых городов тесно связана с историей Казахского ханства, образованием казахской народности, материальной и духовной культурой казахского народа. Средневековые города возникли на границах Казахстана, на стыках кочевой и оседлой цивилизаций мира. В связи с благоприятными природно-климатическими и сложившимися историческими условиями средневековые города образовались в основном на юге Казахстана.

Укрепление Казахского ханства, экономическая и культурная жизнь казахского народа тесно переплетены с историей южной части Казахстана. В позднее средневековье традиционность городской и оседло-земледельческой культур сохранились именно в этой части этнической территории казахов.

В статье освещаются вопросы истории городов, имеющие важное военно-стратегическое значение для Казахского ханства и превращение их в мощные укрепления в связи с их выгодным расположением, политико-административным и экономическим значением и их роль как политических центров, оставивших глубокий след на протяжении веков.

**Ключевые слова:** Казахское ханство, средневековые города, городская культура, цитадель, оседлое население, адаптация, городища, торговля, цивилизация

### Summary

This article considers the causes and reasons of the appearance of cities and urban culture. The history of medieval towns are closely connected with the history of the Kazakh Khanate, the formation of the Kazakh nation, material and spiritual culture of the Kazakh people. Medieval city fes arose on the borders of Kazakhstan, at the junction of nomadic and settled civilizations of the world. Due to favorable climatic and historical conditions medieval towns were formed mainly in the south of Kazakhstan.

Strengthening of the Kazakh Khanate, economic and cultural life of the Kazakh people are closely intertwined with the history of the southern part of Kazakhstan. In the later Middle Ages traditional urban and sedentary agricultural crops preserved in this part of the territory of ethnic Kazakhs.

The article highlights the issues of the history of cities, with important military-strategic importance for the Kazakh Khanate and turning them into powerful fortifications due to their advantageous location, political-administrative and economic value and their role as the political center, which left a deep mark over the centuries.

**Keywords:** Kazakh Khanate, medieval towns, urban culture, the citadel, the settled population, adaptation, settlement, commerce, civilization

ӘӨЖ 121 – 9

## ТАҢИР ХАННЫҢ ҚЫРҒЫЗДАРҒА ҚАТЫСТЫ ҰСТАНЫМЫ

**А.Ш. Махаева** – т.ғ.д., Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің  
Академик Т.С. Садықов атындағы Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі

Мақалада фольклорлық және жарияланған деректердің негізінде қазақтың Таһир ханының билігі кезіндегі қазақ-қырғыз байланыстары мәселелері қарастырылады. Мақала авторы Таһир ханның кезінде қазақ-қырғыз байланыстары жаңа деңгейге көтерілді деп тұжырымдайды. Таһир хан қырғыздардың көмегімен Жатан бекінісін салып, онда қазақ жасақтары бекінген. Сондай-ақ қазақ-қырғыз әскери одағы құрылып, оның басында Таһир хан тұрды. Осылайша, Таһир хан қазақ-қырғыз әскери одағының жәрдемімен моғол хандарына қарсы күресіп, қазақтар мен қырғыздардың саяси және экономикалық дербестігін сақтап қалды.

**Тірек сөз:** Қазақ хандығы, Таһир хан, қазақ-қырғыз байланыстары, Жатан бекінісі, әскери одақ

Құрылғанына 550 жыл толып отырған Қазақ хандығының тарихында тілі мен ділі бір, этникалық құрылымы және бір-біріне жақын әдет-ғұрыптары мен соғыс өнері де ұқсас болып келетін қырғыздардың алар орны ерекше. Бұл ғасырлар бойы көршілес келе жатқан қазақ-қырғыздың тығыз байланыстарын көрсетсе керек. Өз кезегінде Қазақ хандығының дәуіріндегі қазақ-қырғыз қарым-қатынастарының деректерде көрініс беруіне назар аудару [1], сонымен бірге екі ел байланысының саяси [2], этникалық [3], дипломатиялық [4] және т.б. астарларының арнайы болмаса да ғылыми еңбектерге арқау болуы мәселенің өзектілігін көрсетеді.

Қазақ хандығының алғаш шаңырақ көтеруі Моғолстан мемлекетіндегі Жетісу өңірі болғандықтан қырғыздармен алғашқы әскери одақтар да осы жерде құрылды.

Шағатай ұлысының Мауреннахр мен Моғолстанға бөлініп кетуі тек саяси ғана емес, сонымен бірге этникалық та сипат алды. Моңғол тілді және т.б. тайпалардың түркіленуі және мұсылмандыққа өту үрдісі үздіксіз жалғасып жатты. Әсіресе, Керей мен Жәнібек бастаған қазақ-өзбектердің Әбілқайыр хандығынан бөлініп, Жетісуға келуі маңызды тарихи оқиға болды. Мұндағы этникалық үрдісте түркі тілді тұрғындардың басым түсуіне септігін тигізді.

XVI ғасырдың басына қарай Мауреннахрды көшпелі өзбектердің алуы, Қазақ хандығы мен Қырғыз ұлысының құрылуы Моғолстандағы этносаяси дамуға өзіндік өзгерістер енгізді. Қырғыздар моғолдарды Шығыс Түркістанға қарай ығыстырды. Өзге де түркі-мұсылман тайпаларымен қатар өмір сүрген қырғыздар этникалық басымдыққа ие тайпалардың біріне айналды.

Мұндай этносаяси жағдайда моғолдар қырғыздармен санасуға мәжбүр болды, тіпті оларды әскери одақтас етіп өз жақтарына тартуға тырысты [5, с. 233].

Қырғыз руларының басын қосып, жеке ұлыс құрып, оны бек ретінде басқарған Мұхаммед Қырғыз болды. Моғол ханы Саид ханның кезінде «қырғыз істері Мұхаммед Қырғызға тапсырылды» [6, 496-б.] және «барлық қырғыз оған ықыласпен бағынды» [6, 391-б.]. Оның тұсында қырғыздардың күшейгені соншалық, Түркістан, Ташкент, Сайрамдағы өзбектер қарсы шабуыл жасауға дәрменсіз болды. Дегенмен де қырғыздар моғол хандарымен бірде тату, бірде қату тұрды. Қырғыздар деректерге қарағанда, «хандарға көп қарсылық жасағандықтан, моғолдардан бөлектеніп кеткен» [6, 170-б.]. Тянь-Шанда тұратын қырғыздар Моғолстанның билеушілері үшін мемлекеттегі «барлық бүлікті бастаушылар», бас имейтін таулықтар болатын. XV ғасырдың ортасына қарай қашып барып, Тянь-Шанның батыс сілемдерінен пана тапқан қырғыздармен таулы жерде соғысуға Моғолстан хандарының да жүрегі дауалай бермейтін [7, с. 176]. Өздерінен күші жағынан бірнеше есе асып түсетін қаһарлы қарсыластарына қарсы күресте бостандық пен теңдік үшін қырғыздар талай ғасыр ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қасқая қарсы тұрды. Моғол хандары тарапынан қауіп төнген тұста қырғыздар қазақ хандарынан қолдау тауып отырды.

Қырғыз фольклорлық деректеріне қарағанда, қазақ-қырғыз байланыстары Қазақ хандығының алғашқы билеушілері тұсында-ақ бастау алғанға ұқсайды. «Жәнібек хан» деп аталатын аңыз әңгімеде «Тоқмақта Жәнібек деген хан болған екен. ... Жәнібек хандың кезінде Асан Қайғы деген әулие болған екен» деген жолдар [8, 424 б.] осындай ойға жетелейді. Алғашқы қазақ хандарықалмақтар мен қырғыздарға шабуыл жасап тұрды деген Махмұд ибн Уәлидің мәліметін [9, с. 353] теріске шығара отырып, зерттеуші С.Жолдасбаев: «Қырғыздардың Есен бұға хандығынан бөлініп, жеке хандық құруға талпынып, Жәнібектің бір баласын өздеріне хан болуға қалап барғандығы шындығында рас болуы мүмкін. «Қазақтың «Жел болмаса, шөптің басы қимылдамайды» дегеніндей, ел аузындағы бұл аңыздың бекер айтылмағандығын көрсетеді. ...Қырғыздар моғолдардың қол астында болудан бас тартып, қазақ хандарының қол астында болуға әрекет жасаған» [1, 47-48-бб.], – деп көрсетеді.

Қырғыз тарихшысы Б.Солтоноев та Қасым хан қырғыздарға болысып, моғолдармен ұстасқанын атап өтеді [10, 164-б.]. Ал қазақ ханы Таһирдің кезіндегі қазақ-қырғыз байланыстары жөнінде, аз да болса, деректер баршылық.

Қазақ-қырғыздың байланыстары моғол билеушілері мен ойрат-қалмақ шапқыншылықтарына қарсы күресте беки түсті.

Қырғыздардың мұсылман моғолдардан іргесін аулақ салуы кей деректерде олардың мұсылмандықты қабылдамауынан деп түсіндіріледі [6, 170-б.]. Дегенмен де негізгі себеп қырғыздардың дербестікке ұмтылған күресінде жатты. Ал қазақтардың бір кездері аталарына Қозыбасы жайлауынан жер беріп, қанатына алған моғол хандарының ұрпақтарымен араздығының басталуы моғол ханы – Жүніс ханның үлкен ұлы Сұлтан Махмұдтың (1487-1509 жж.) қазақ хандарының саяси қарсыластары шайбаниліктерге Түркістанда билік тізгінін алуға мүмкіндік беруінен басталды. М.Х. Дулати: «Қазақ хандары – Керей мен Жәнібек хан балалары бір жағынан, Сұлтан Махмұд хан екінші жағынан арасында ежелден келе жатқан достық осының салдарынан дау-дамайға айналды. Себебі, олар «Шаһибек ханның (Мұхаммед Шайбани –

авт.) біздің жауымыз екенін біле тұра оны Түркістанға неге әмір етіп тағайындайсың?», – деп наразылық білдірді. Сөйтіп, осы керістің салдарынан Сұлтан Махмұд хан мен өзбек-қазақ арасында екі рет шайқас болды. Екеуінде де Сұлтан Махмұд хан жеңіліске ұшырады» [6, 142-б.], – деп көрсетеді. Моғол ханы өзінің арамза кеңесшілерінің тіліне еріп, Мұхаммед Шайбаниге Самарқан мен Бұқараны да алуға жәрдем береді. Мұның қате екенін айтқан дулат әмірлерінің сөздеріне құлақ аспай, ақыры 1509 жылы Мұхаммед Шайбани ханның бұйрығымен кәмелетке толмаған 5 баласымен бірге Ходжент өзенінің иріміне тасталып, өлтіріледі.

Шайбаниліктер секілді моғол хандары да қырғыздардың қажет кезінде көрсеткен жақсылықтарын тез ұмытып кетіп отырды. Мысалы, Мұхаммед Қырғыз бастаған қырғыздар моғолдардың 1514 жылы Қашқарды, Жаркентті, Хотанды алуына үлкен жәрдемін тигізді. Алайда моғол ханы – Жүніс ханның немересі, Сұлтан Ахмед ханның (Жүніс ханның кіші баласы) 18 ұлының үшіншісі Сұлтан Саид (1487-1533 жж.) бұл жәрдемнің маңызын елеусіз қалдырып, Мұхаммед Қырғызды 1517 жылы тұтқынға алып, 5 жыл бойы ұстайды. Себебі, Мұхаммед Қырғыз шайбанилік Абдолла ханды тұтқынға алып тұрып, қайта босатып жібереді.

Сұлтан Саид хан оны өз жағына тартпақ болып, 1522 жылы қамаудан босатып, қырғыздардың басшысы ретінде қайта таниды. 1521-1522 жж. Саид ханға Қашқардағы иелігі мал жайылымына тарлық қылып, оны кеңейте түсу үшін Моғолстанды басып алуға, ондағы қырғыздарды бағындыруға бар ынта-жігерін жұмсайды [6, 399, 404-405-бб.].

Саид хан әскерге 13 жасар ұлы Рашидті (Абд-ар Рашид) басшы етіп, оған тұтқыннан босатылған Мұхаммед Қырғызды қосып, Моғолстанға аттандырады [10, 81-б.]. Қырғыздар жас Рашид ханды еркелетіп Эреше хан деп атаған [10, 81-б.]. «Рашид сұлтан Моғолстанға қарай кеткен кезде, Мұхаммед Қырғыз алға озып кетіп, қырғыздың көп бөлігін алып, оның алдынан шықты. Қырғыздардың аз бөлігі Моғолстанның шалғай аймақтарына қашып кетті» [6, 407-б.], – деп жазады сол заманның куәгерлерінің бірі М.Х. Дулати.

Қашқан қырғыздар қазақ ханы Таһирді пана тұтты. Қошқарға жақынырақ келіп қоныстанған қазақ ханы Таһир өзіне келіп қосылған қырғыздарға көрші тұруға қоныс береді. Осы кезде қазақтармен әскери одақ құру жөнінде жасырын келіссөздер жүргізуге Мұхаммед Қырғыз да кіріскен болатын. Бірақ оның бұл әрекеті Сұлтан Саид ханға мәлім болып, Мұхаммед Қырғызды қайта ұстап алып, тұтқындап Қашқарға алып кетеді. Қазақтар мен қырғыздардың бірлескен қимылынан секем алған Рашид сұлтан да қайта Қашқарға оралады.

Басшысыз қалған қырғыздар қазақ ханы Таһирді өз ханы ретінде таныды. Таһир хан, шамамен, 1523/24-1531/32 билік құрған. Ол Әдік сұлтанның ұлы, әз-Жәнібек ханның немересі болатын. Таһирдің ата-анасы ұзақ жыл бойы Ташкентте тұрғандықтан мұсылманша сауат ашқан, көзі ашық, көкірегі ояу сұлтан болуы да ықтимал [11, с. 174]. Себебі, XVI ғасырда, Фазаллах Рузбиханның көрсетуінше, қазақ хандары мен сұлтандары өз балаларын медреселерде оқытуды жөн көретін [12, с. 63].

Таһир ханның ел ішіндегі бүліншілікке қарсы тұруда өзін аса қатал ұстауы оны кейде сырт адамдарға мейрімсіз жан етіп те көрсететін. Қырғыздарды тәртіпке көндіру үшін жіберілген (Сұлтан Саид ханның тапсырмасымен) тарихшы әрі Рашид ханның тәлімгері Мұхаммед Хайдар Дулати өз еңбегінде Таһир ханды өте қатал әрі ашушаң болды деп сипаттаған. Опасыз бауыры Әбілқасым сұлтанды да аямастан өлім жазасына кесуі сенімсіз сұлтандардың сырт айналуына соқтырып, халқының да берекесін қашырады. Есесіне Таһир хан Атбасыдағы қырғыздарды жинап, оған Моғолстанның моғолдарын бір үйір жылқысымен қосып, өзіне қаратып алады.

Қанша қатал болса да Таһир ханды қырғыздар қолдап, керек кезде көмектерін аямады. Мұхаммед Қырғыздың моғол ханының тұтқынына түскеніне қарамастан, қазақ-қырғыз әскери соғыс одағы құрылып, оның басында Таһир хан тұрды.

Сұлтан Саид ханның 1526 жылғы Жетісудағы қазақтарға жасаған жорығы сәтсіз болып, қазақ-қырғыз қайтадан Таһир ханның жанына топтасады. Таһир хан 1523-1524 жылдары құрылған қазақ-қырғыз әскери одағын одан әрі нығайтып, Жетісуды уысынан шығармай, Іле алқабындағы Күнес, Қас өзендерінің бойына дейін көшіп-қонып жүрді [13, 250-б.]. Жетісудан айрылу Таһир хан үшін аса қауіпті еді, себебі, қарсыластарының күшеюінен одан басқа табан тірер жері де қалмаған еді.

Сұлтан Саид хан 1533 жылы өз қызметінде жүрген тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулатиді Моғолстандағы халықты тыныштандыруға жібереді. Тарихшының өзі де: «Қырғыздарды басуға қанша тырыссам да, олар бой бермей, қайтадан Моғолстанның шалғай аймақтарына кетіп, Таһир сұлтанға қосылды, қалған аз бөлігі сол орнында қалды» [6, 414-б.], – деп көрсетеді.

Таһир хан ішкі, сыртқы тартыстардан әбден әлсіреп, 1 млн халқы 200 мыңға дейін кеміп қалған еді.

Сондықтан да қырғыздардың қолдауына аса зәру болатын. Қырғыздардың көмегімен Таһир хан «Жатан» бекінісін салады. Бекіністің қай жерде салынғанын әр ғалым әрқалай топшылайды. Ғалымдардың кейбірі оны қазіргі қырғыз жеріндегі Қошқар өңірінде салынған десе [1, 52-б.], екіншілері Ыстықкөл маңында тұрғызылған [13, 250-251-бб.] деп көрсетеді, ал белгілі ресейлік тарихшы Т.И. Сұлтанов орналасқан жері белгісіздеп атап өтеді [14, с. 179]. Оның себебін деректерде дәл көрсетілмеуімен негіздейді. Расында да Жатан бекінісі туралы бізге дейін жеткен бір ғана мәлімет бар. Оны ортағасырлық автор Зайнидин Уасифи өзінің «Таңғажайып оқиғалар» (Бадаи ал-вакаи) атты еңбегінде береді [15, с. 181]. Бекіністі бір таудың етегінде Таһир хан салды деп жаза отырып, Уасифи оның сырт келбетін биіктігі ұшқан құстың қанатын, қараған жанның көзінің қарын талдыратындай заңғар екенін, ал бекініс тұрған таудың салмағы жерді мүйізімен тіреп тұрған өгіздің белін қайыстыратындай, таудың шыңы жұлдыздарға жетіп жығылатындай деп әспеттеп суреттейді. Бұл ортағасырлық тарихшының Жатан бекінісінің өз заманында айтарлықтай зәулім де берік архитектуралық құрылыс болғанын аңғартса керек. Жалпы, ортағасырларда мұндай бекіністердің Моғолстан мемлекетінде де болғанын тағы бір ортағасырлық тарихшы Мұхамед Хайдар Дулати да растап өтеді. Ол дулат руының әмірі Керімбердінің Моғолстан шекарасында Әндіжан мен Ферғана бағытында Алабұға деген жерде бір төбенің үстінде қорған салдырғанын, дулаттың тағы бір әмірі Хакбердінің Ыстықкөл маңында, Қойсу деген жерінде қорған тұрғызып, қалмақтардан қорғанғанын [6,109-б.] баяндап өтеді. Жетісу жерінде, Алматы маңында, тіпті, ХІХ ғасырдың ортасына қарай жергілікті тұрғындардың бірнеше зәулім бекіністері болғанын патша өкіметінің шенеуніктері де жазып, бірінің суретін салып қалдырған [16, 24-25-б.]. Бұл бекініс құрылысын салудағы сабақтастық дәстүрдің ұзақ уақыт сақталып қалғанын байқатады.

Бекіністер ортағасырларда да, кейіндері де қорғаныс нышаны ретінде қызмет еткен. Шайбанилік Убайдулла хан мен моғол ханы Рашиддің біріккен күшіне қарсы соғыста Таһир хан Жатан бекінісіне келіп қорғанып, бекіністің беріктігі мен қырғыздардың қолдауы арқасында жаудың шабуылынан аман қалады.

Алайда Таһир ханды сын сағаттарда өз жұрты жиі тастап кетіп отырды. Оның себебін көптеген зерттеушілер ханның саяси дарынсыздығынан, қаталдығынан көреді. Дегенмен де, соңғы уақытта осы мәселеге жаңаша көзқарас қалыптастыруға ұмтылған йассауиға тариқатының қазақ қоғамындағы қызметі мен орны жөнінде ғылыми зерттеулер жүргізіп жүрген З.Жандарбек сияқты ғалымның тың пікірі көңіл аударалық екенін айтпай кетуге болмайды. «...Бұл жерде йасауиға мен нақшбандийа тариқаттары арасындағы тартыс Қазақ хандығының тағдырына кері әсерін тигізген негізгі фактор болды десек, артық айтқан болмаймыз, – деп жазады зерттеуші. – ...Қасым ханның сол кезде нақшбандийа шайхы Абу Бакр Саадтың муриді болғаны жазылған. Міне, осы кезден бастап, нақшбандийа ағымы қазақ даласына тарала бастайды. ...Таһир, Бұйдаш хандардың қазақ халқына билік жүргізе алмай, қырғыздарға барып, хан болу себебі осыған байланысты. Мұхаммед Хайдардың да «Қазір бірде бір қазақ қалмады» деп жазуы сондықтан» [17, 228-129-бб.].

Өмірінің соңында айналасындағы сұлтандардың және халқының қолдауынан айрылып, жалғыз қалған Таһир хан қырғыздар арасына кетіп, сонда көз жұмады [6, 418-б.].

Алайда қазақ-қырғыз қатынасы Таһир ханнан кейін де жалғасын табады.

Қорыта айтқанда, қазақ-қырғыз байланыстары Керей, Жәнібек хан, Қасым ханның кезінде бейбіт арнада өрбіді, ал Таһир ханның тұсында қазақ-қырғыз әскери одағының құрылуымен беки түсті. Қазақ-қырғыз әскери одағының арқасында Таһир хан моғол хандарымен күресте қазақтар мен қырғыздардың саяси және экономикалық дербестігін сақтап қалды.

1 Жолдасбаев С. М.Х. Дулати және XV-XVI ғасырлардағы Қазақ хандығы. – Алматы: Қазақ университеті, 2000. – 112 б.

2 Эсеналиева Г.О. Кыргызы и казахи Могулистана в исследованиях О. Караева // Отан тарихы. – 2008. – №4. – С. 139-145.

3 Калкан М. XIV кылымдын экинчи жарымынан XVI кылымдын аягына чейин кыргыз, казак урууларынын этникалык байланыштары. Тарых илимдеринин канд. ... авторефераты. – Бишкек, 2003. – 23 б.

4 Абусеитова М.Х. Казахстан и Центральная Азия в XV-XVII вв. – Алматы: Дайк-Пресс, 1998. – 264 с.

5 Джуманалиев Т. История Кыргызстана с древности и до середины XVIII в. – Бишкек: МОН КР, 2009. – 304 с.

6 Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. – Алматы: «Тұран», 2003. – 616 б.

7 Худяков Ю.С. Сабля Багыра Вооружение и военное искусство средневековых кыргызов. – СПб.: «Петербургское востоковедение», 2003. – 192 с.

8 Тарыхый ырлар, кошоктар жана окуялар / А.Акматалиевдин жалпы редакциясы астында. – Бишкек: Илим, 2002. – 544 б.

9 Махмуд бен Вали. Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахйар // Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII

веков (извлечения из персидских и тюркских сочинений). – Алма-Ата: Наука, 1969. – 649 с.

10 Солтоноев Б. Кызыл кыргыз тарыхы. – 1-китеп. – Бишкек: «Учкун» 1993. – 208 б.

11 Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Ханы казахских степей. – Астана: «Астана Даму», 2006. – 256 с.

12 Фазаллах ибн Рузбихан Исфাহани. Михман наме-и Бухара. – М.: Наука, 1976. – 442 с.

13 Қани М. Қазақтың көне тарихы. – Алматы: «Жалын», 1993. – 400 б.

14 Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2001. – 276 с.

15 Зайн-ад-дин Васифи. Бадаи ал вакаи // Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков (извлечения из персидских и тюркских сочинений). – Алма-Ата: Наука, 1969. – 649 с.

16 Махаева А.Ш. Жетісу өңірі: ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басындағы тарихи оқиғалардың Жамбыл Жабаев шығармаларында көрініс табуы // Өңір тарихы: тәуелсіз Қазақстандағы зерттеудің негізгі бағыттары және тәжірибе. VIII Қасымбаев оқулары» материалдары. – Алматы: «Ұлағат», 2014. – 304 б.

17 Жандарбек З. Иассауи жолы және қазақ қоғамы. Ғылыми зерттеу. – Алматы: «Ел-шежіре», 2006. – 256 б.

### Резюме

На основе фольклорных материалов и опубликованных источников в данной статье рассматриваются проблемы истории казахско-кыргызских взаимосвязей в период правления казахского хана Тахира. Автор статьи утверждает, что в период правления Тахир хана казахско-кыргызские отношения вступили в новую фазу. Тахир хан с помощью кыргызов построил крепость Жатан, где укрепилось казахское войско. А так же во главе казахско-кыргызского военного союза стал Тахир хан. Таким образом, благодаря казахско-кыргызского военного союза Тахир хан боролся против могольских ханов, сохраняя политическую и экономическую независимость казахов и кыргызов.

**Ключевые слова:** Казахское ханство, Тахир хан, казахско-кыргызское отношение, укрепление Жатан, военный союз

### Summary

On the basis of folklore materials and published sources This article describes the problems of the history of the Kazakh-Kyrgyz relationships during the reign of the Kazakh Khan Tahir. The author claims that during the reign of Tahir Khan Kazakh-Kyrgyz relations have entered a new phase. Tahir Khan with the help of the Kyrgyz constructed a fortress Zhatay where strengthened the Kazakh army. And as the head of the Kazakh-Kyrgyz military alliance became Tahir Khan. Thus, due to the Kazakh-Kyrgyz military alliance Tahir Khan fought against the Moghul khans, maintaining political and economic independence of the Kazakhs and Kyrgyz.

**Keywords:** Kazakh Khanate, Tahir Khan, Kazakh-Kyrgyz relations, strengthening Zhatay, a military alliance

## **ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР ПЕРСОНАЛИИ**

ӘӨЖ 007-11

### **ЕРМҰҚАН БЕКМАХАНҰЛЫ БЕКМАХАНОВ – «ҚАЗАҚ ТАРИХШЫЛАРЫНЫҢ СҰЛТАНЫ»**

**Б.Қ. Әбдіғұлова** – *Абай атындағы ҚазҰПУ Тарихты оқыту әдістемесі кафедрасы, п.ғ.д., профессор*

Мақала тарихшы, көрнекті ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР ҒА-ның корреспондент мүшесі, қоғам қайраткері Ермұқан Бекмахановтың еңбек және өмір жолына арналған. Е.Бекмаханов - тарихта үлкен із қалдырған, қазақтың кәсіби тарихнамасын жазған қайсар мінезді, дарынды тұлға. Ғалымның қазақ тарихы жөніндегі озық ойларын, ой-тұжырымдары мен еңбектерін бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан жағдайында терең зерделеу жастарымыздың ой-өрісін, ұлттық сана-сезімін дамытуға зор ықпалы бар. Бүгінгі тарихымызды сыни тұрғыдан жан-жақты терең зерттеу арқылы шынайы жазу, бабалардан мирас болған ұлы мұраны қадірлеу, жас ұрпаққа аманат ету – маңызды іс.

Бүгінде ұлттық тарихымыз бен дәстүрлерімізді қастерлеу келешек ұрпақтың өз ұлтына мен мәдениетіне шынайы сүйіспеншілікті қалыптастыру өзекті мәселенің бірі болып табылады. Е.Бекмахановтың есімі, оның қалдырған мұрасы ұлттық тарихымыздың жаңа белеске көтерілуіне, халқымыздың санасын оятуға, жас ұрпақтың туған жерге, оның тарихына деген құштарлығын тәрбиелеуде маңызы зор.

**Кілт сөздер:** тарих, буржуазияшыл ұлтшыл, ғалым-қоғамтанушы, бұрмалау

Ол Павлодар облысы Баянауыл ауданында Жасыбай деген жерде, кедей шаруа Бекмахан Бегенұлының шаңырағында дүниеге келді. Е.Бекмаханов – Абылай ханның ұрпағы. Абылай ханның баласы Уәлидің он төрт ұлы болған. «Соның біреуі – Тәуке, Тәукеден Жанпейіс, одан Жанбабек тараған. Жанбабек үш ұл көрген: Бегедай, Беген, Жошы. Бегеннен Бекмахан мен Жармұхамед тарайды. Бекмаханнан Тоқаш, Дінше және Ермұқан туады»-деп жазады Шот-Аман Ыдырысұлы Уәлиханов.

Әкесі Ермұхан алты жасқа келгенде дүниеден өтті, ал анасы Бәпіш пен қарындасы ашаршылықта көз жұмады. Еш сүйері жоқ Ермұхан алдымен Әбдір ауылында мектепте үш жыл оқыған соң, Баянауылдағы орыс мектебінің 1 класына түсіп, жеті жылдықты бітірді. Одан кейін Семейдегі жоғары оқу орнына даярлайтын бір жылдық курсты тәмамдайды.

«Ермұқан ығи үздік оқитын. Қолтаңбасы әдемі, тізген маржандай, әрі орыс тілінде қатесіз жазатын сиректердің бірі сол еді»... «Ермұқан қай пәнге болмасын өте ұқыптылықпен дайындалатын, бастаған ісін толық аяқтауға тырысатын. Ұстамдылықтың, әдептіліктің, турашыл принципшілдіктің белгілері сол кездің өзінде-ақ оның іс-әрекеттерінен, жүріс-тұрысынан байқалатын. Музыканы сүйетін, аздап домбыра, мандолин шерте білетін, өлең шығарумен де айналысатындығы барды» - деп еске алады онымен бірге оқыған достары (1,32).

«Ермұқан жастайынан өте зерек, алғыр, кішіпейіл болып өсті. Үнемі үлкендердің арасында жүретін, олардың айтқан әңгімелеріне құлақ түріп, оған терең ой жүгіртіп, өзіне керектісін ойға түйетін. Әлсіздерді қорғап, шындықтың әділет құруына күш салатын. Ауылдағы көлденең әңгіме, өсек аяндарды, көре алмаушылықты жанымен жек көретін. Осының бәрін ол болашағы жоқ елдің жаман әдеті деп есептейтін. Мұның өзге жұртқа қару болатынын, ауызбірлік, туысқандық болмаған жерде қазақ елінің болашағының көмескі, оның құрдымға айналатынын үнемі еске салып отыратын-ды.

Ғұлама ғалымның бауырмалдығы, ақ жарқындығы, жібектей мінезі, жолдастарға деген шынайы достығы, адамгершілігі өмірінің соңғы сәттеріне дейін жоғалған емес», - деп еске алады *Сержан Жармұхамбетов* ғалымның немере ағасы (2,33-34).

1937 жылы ол Воронеж қаласындағы педагогикалық институттың тарих факультетін бітірген. Ермұқан Бекмаханов 1933-1937 жылдары Воронеж қаласында оқып жүрген кезінде жер аударылған Алаш зиялысы Халел Досмұхамедовпен танысады. Халел Досмұхамедов өзі дәрігер болғанымен, тарихты жақ-



сы білген. Содан Ермұхан Бекмахановқа Кенесары ханды зерттеуге бағыт береді. Ермұхан Бекмаханов 1943 жылы Мәскеуде Кенесары хан жайында кандидаттық ғылыми диссертациясын сәтті қорғайды. Ермұқан Бекмаханов «XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан тарихы» еңбегінде халықтың бет-бейнесін, тұрмыс тіршілігін, қиын қыстау кезеңін Кенесары көтерілісі арқылы суреттеп берді (3).

Елге оралған соң, Алматыдағы Қазақ КСР халық ағарту комиссариатының жанындағы Ғылыми зерттеу педагогикалық институтында (қазіргі Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясы) ғылыми қызметкер, кейін директор болып қызмет атқарған (4).

Ұлы Отан соғысы жылдарында Халық Ағарту Комиссариатында басқарма бастығы болды және Алматының жоғарғы оқу орындарында ұстаздық қызмет атқарған.

1946-1947 жылдарда Қазақ КСР Ғылым академиясында жаңадан құрылған Тарих, археология және этнография институты директорының ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары болды.

1947 жылдан 1966 жылдың 6 мамырына дейін, 50 жылдарда «буржуазияшыл ұлтшыл», «антисоветчик» аталып айдауда болған жылдарды ескермегенде, Қазақ Мемлекеттік университетінде Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі болды.

Е.Бекмахановтың ғылыми еңбектерінің тақырыптары алуан түрлігімен, тарихи мәселелерді терең, жан-жақты зерделенуі айшықталады. 1946 жылы Мәскеуде тарих мамандығы бойынша докторлық диссертация қорғаған (3).

Халима Бекмұхамедовна - атакты ғалымның жұбайы, қазақтың тарих саласындағы тұңғыш ғылым докторының диссертациясы қалай қорғалғанын көрген куәгердің естелігіне көз жүгіртейік.

«... Осынау күндерде Ермұқан Мәскеу мен Ленинградта қорғауға қатысты шаруалармен ерінбей-жалықпай, үздіксіз айналысумен болды. Салтыков-Щедрин кітапханасына барғыштап, әлде бір қағаздарды қайта бастырды. Айтқандай, бізге көмектескен машинка басушы «Англетер» қонақ үйіндегі Сергей Есенин асылып өлген бөлмеде жұмыс істейді екен. Бос уақытымызда Эрмитажға, Орыс музейіне, Пушкиннің Мойкадағы музей-үйіне баратынбыз. Кейде Ермұқан букинистік дүкендерде сағаттап отырып кітап ақтаратын. Ол осылай Н.И. Веселовскийдің редакциясымен 1904 жылы Санкт-Петербургте басылған Шоқан Уәлиханов шығармаларын тауып алған-ды. Ақшасының аздығына қарамай С.М. Соловьевтің «Ресей тарихын» сатып алғаны да жадымда.

Блғи ресторанның тамақтану қалтаны жұқартып бара жатқасын мен қажетті ыдыс-аяқ пен электр плитасын сатып алып, мейманхана нөмірінде «контрабандалық» жолмен ас пісірдім. Ермұқан сағат сайын ыстық шай ішуді жақсы көретін. Сөйтіп, мен оны осы рахатқа кенелдірдім. Қой етінің сорпасын да ұнатушы еді. Сол үшін күнде базарға барып, аз-аздан қой етін әкелемін, вермишель немесе макарон салып пісіремін. Ленинградта профессор Михаил Порфирьевич Вяткинді өзбек палауына шақырып риза қылғанбыз.

1946 жылдың 14 қазаны – Ермұқанның докторлық диссертация қорғайтын күні де жетті. Волхонка 14-тегі көне үй, КСРО Ғылым академиясы Тарих институтының үлкен залы. Қорғау осында өтті. Алқалы төрде академик Борис Дмитриевич Греков төрағалық ететін салиқалы Ғылыми кеңес. Кеңес мүшелері – академиктер Анна Михайловна Панкратова, Николай Михайлович Дружинин, Мелица Васильевна Нечкина және басқа тарих ғылымдарының докторлары. Қазақ зиялылары залға лықа толды. Биолог Кәрім Мыңбаев, химик Ерден Әзірбаев, әскери жазушы, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлы. Баукең 1943 жылы-ақ майданда «Қазақ КСР тарихының» бірінші басылымын оқып, бұрыннан таныс А.Панкратоваға Қазақстандағы кейбір тарихи оқиғаларға қатысты өз пікірін білдірген. Кеңес Одағының Батыры, әдебиетші-жазушы Мәлік Ғабдуллин мен көптеген аспиранттар Ермұқанның қорғауын тыңдауға келіпті (2).

«Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың келуіне залдағылар әрі қуанып, әрі таңданды. Ғылыми кеңестің бірсыпыра мүшелері оған төрден бастарын изеп, құрмет көрсете амандасып жатты. Осының алдында қатты ауырып жүдеген боп-боз Ермұқан өз диссертациясының мазмұнын егжей-тегжейлі баяндап берді. Оның оппоненттері Н.Дружинин, М.Вяткин, С.Юшков диссертацияны жіліктеп талдап, жекелеген кемшіліктерін жіпке тізді. Сұрақтар көп қойылды. Оппоненттердің барлық ескертпелеріне, Кеңес мүшелерінің сұрақтарына Ермұқан сақылдатып сайлы жауаптар берді. Өз дәйектемелерін архив құжаттарымен және тарихшылардың еңбектерімен негіздеп отырды. Диссертацияда қозғалған ғылыми мәселелер бойынша пікірталас өршіді. Ермұқан өз көзқарастарын қорғап, зерттелген проблема, архивтік дерек көздер орайында терең білімдарлығын танытып, жалты тақырып бойынша ой өрісінің кеңдігін көрсетті. Тек бір дауыс қана қарсы болып, Ғылыми кеңес мүшелерінің басым көпшілігі тарих ғылымдарының докторы атағы берілуін жақтады. Қаныш Сәтбаев Ермұқанды үлкен ризашылықпен құттықтап, банкет жасауға ақша берді», - деп еске алады Х.Адамовна (1). 31жаста 1946 жылы ол Москвада тарих ғылымынан докторлық диссертациясын қорғады. Осы сүбелі

еңбектің негізінде 1947 жылы «XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан» деген атпен орыс тілінде монография жариялады (3).

1943 жылы жарияланған «Қазақ КСР тарихы» еңбегінің авторлары КСРО ҒА мүше-корреспонденті А.М. Панкратова бастаған бір топ ғалымдар еді (4). Кітап жазылып болған соң КСРО-ның көрнекті тарихшылары қатынасқан кеңесте бір ғалымдар бұл еңбекті *одақтас республиканың тарихын зерттеудегі алғашқы және сәтті ұмтылыс десе, енді бір ғалымдар, орысқа қарсы жазылған деп бағалап, онда Ресейге қарсы ұлттық көтерілістер дәріптелген* деді. Соның ішінде, 14 тарау Кенесары Қасымовтың басшылығымен болған көтеріліс жөніндегі үлкен сындар айтылды (4). Бұл тарауды 28 жасар Ермұқан Бекмаханов жазды. Осы айыптау ғалымның өмірінде теріс ықпалы мен кесірін тигізді.

Ермахан Бекмаханов жөнінде Халық қаһарманы, академик Шапық Шөкин былайша еске алады: *"Ұлтымыздың аса көрнекті тарихшысы Ермахан Бекмаханов уақыт бедеріне бағынбаған, шыншыл ғалым болатын. Ол докторлығын екі рет қорғады. Еңбегінің нашарлығынан емес, тыйым салынған Кенесары тақырыбына жазылғандықтан. 1947 жылы Қазан төңкерісінің 30 жылдығына байланысты Одақтық Академия бойынша үлкен салтанатты кеңес өтуі керек болатын. КСРО ҒА-ның басшысы Вавилов Сәтбаевқа телефон соғып, Қазақстан тарапынан баяндама жасайтын адамды айтуды сұрайды. Қаныш Бекмахановты ұсынады. Жиналыста қағазсыз сөйлеген жас баяндамашыға ғалымдар таң-тамаша болады"*(5).

Халима Бекмұхамедовна-ғалымның жұбайы «Мехнат бізді мойыта алмады» деген *мақаласында былай еске алады.*

*«– Халима апай, Ермұқан аға алғаш кездескен кездерде қандай әсер қалдырды? Бас қосуларыңыздың жай-жапсары қалай болды?»*

– Қарағым, мен өзім осал жердің қызы емеспін. Нағашы атам Бидахмет Бәбікенов Зайсанның атақты көпесі болған, Бобкин атымен белгілі, сонау Нижний Новгород жәрмеңкесіне дейін барып сауда жүргізген кісі. Анамыз Айша әуелі медреседе оқып, сосын Семей мен Уфаның гимназиясын бітірген, екі-үш тілде бірдей сөйлеп, жазатын сауатты адам еді. Әкем Адамбек Бекмұхамедов алашордашы. 30-шы жылдардың басында әкем қайтқаннан кейін қудалаудан қашқан отбасымыз Семейден кетіп, Ташкентке келіп паналады.

Ермұқанмен 1946 жылдың мамырында Ташкентте, Өлішер Науаи атындағы кітапханада кездестік. Мен диплом жұмысын жазып жүргем, ол докторлық диссертациясын толықтыруға келген екен. Арамыздағы 10 жас айырмашылық көңіліміздің жарасуына бөгет болмады. Ермұқан өз қатарластарынан жас көрінетін. Келбет-көркі *соншалықты тартымды* болатын, ер жігітке үйлескен *сырлы сымбатымен кімді болса да баурап алатын*. Белгілі сазгер *Е.Брусиловскийдің* бір жолы: *«Бекмахановтың сырт келбеті кинематографқа лайық»,* - деп айтқаны есімде. Сол кезде оның «Түркістан жинақтарын» еліге зерттеп жүргеніне қызығушы едім. Архивтен тапқан олжалары жайында құлшынып әңгімелейтін. Әсіресе, бір диссертация қорғалып жатқанда Ермұқанның биресми оппонент ретінде *тамаша сөз сөйлеп*, сонда белгілі археолог ғалым М.Массонмен пікір таластырғанына *сүйсіне таң қалғаным* бар.

Ермұқан *табиғатынан жинақы, мұқият, ұқыпты әрі уәдеге берік* еді. Басқалар тарапынан осындайды көрмесе дегбірсізденетін. Сондықтан, мен оның бұл талабына әр уақыт сай болуға тырыстым. Алғашқы апталардағы кездесулеріміздің бірінде театрдан «Фархад пен Шырын» операсын көріп шыққаннан кейін Ермұқан өз папкасынан маған бір кітап алып сыйлады. Бұл Мұхтар Әуезовтің жаңа шыққан «Абай» романы екен. Бір қызығы, ол сол арада маған Абайдың «Айттым сәлем, Қаламқас» әнінің әуенін ақырын сызылтып, бұл әннің қазір Қазақстанда кең таралып, ауыздан түспей тұрғанын айтты. Әннің өлеңі біздің жан күйімізді кереметтей дәл бейнеледі. Мен кейін бұл әнді үйреніп алып, сол кешті еске түсіріп, сағынышты сезіммен ерекше шаттанып айтушы едім. Кітаптың ішкі бетіндегі: «Мәңгілік естелік болсын», деген қолтаңбасы да бейнелі сыр шерткендей. Осы қымбатты кітап біздің үйдің кітапханасында әлі күнге дейін сақтаулы тұр.

Ермұқанды біздің отбасының бастан кешкен тағдыр-талайы қатты толғандырды. Анам да оның *қарапайым ақ жарқындығын, оқымыстылығын, көрік-келбетін* ұнатты. Маған өзбектің небір дүлдүл жігіттері үздіге сөз салып жүрсе де, ол қызының күйеуге тек қазаққа, өз қандасына шыққанын қалады. Ермұқан ішінде сыр бүкпеді, үйлі-баранды екенін де, әйелімен арадағы келіспеушілік-кикілжің ұшығып, үзілер шекке келгенін де жасырмады. Сөйтіп, сол жылдың күзінде Ермұқан Мәскеуде докторлығын қорғап жатқан күндерде екеуміздің жүрегіміз мәңгілікке қосылып, бақыт-шаттығы мол, шер-мұңы да жетерлік, *қуаныш пен қасіреті қатар өрілген жиырма жылдық жұбайлық өмірге жалғасты*» (2).

Москвада тарих ғылымынан докторлық диссертациясын қорғаған соң, осы еңбектің негізінде 1947 жылы «XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан» деген атпен орыс тілінде монография жариялады.

Бірақ Жоғарғы аттестациялық комиссия осы докторлық атақты екі жылдан соң ғана бекітті. «– Иә,

бекіту кешеуілдей берді. Ермұқанда да маза болмады. Қарсыластары мен күндеушілер оны феодалдық-монархиялық құрылысты мадақтайды, хандықты көксейді, ұлтшыл деп кінәлап, екінші біреулері ол бәрін Рязанов қолжазбаларынан көшіріп алған деп жала жауып, ЖАК-қа жазып жатты. Бұған налыған Ермұқанды *Қаныш Имантайұлы ғалымның жолы ылғи даңғыл бола бермейді, кедергілер де кездеседі, шыда, шырағым деп жұбатыпты*. Ғалымның алтын уақыты көре алмаушылармен, айла-шарғышылармен күреске кетпеуі керектігін ескертіпті. Ол Қаныш ағаны пір тұтып, ғалым ретінде бағалап, абыз ақсақал ретінде құрметтеуші еді. Қайткенде де Ермұқан Мәскеуге талай рет баруға, өзін қызыл кеңірдек болып қорғауға, түсінісуге мәжбүр болды. Докторлығы бекігенге дейін, осы жылдарда қанша уайым шекпеді десеңізші! Тыныштық таппай, атағы бекімей тұрып-ақ қолжазбасын баспаға дайындады. «Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40-жылдарында» монографиясы 1947 жылдың жазында жеке кітап болып шықты (2). Осыған байланысты қуанышты бөлісуге бірінші баспахана қызметкерлерін шақырып еді үйге», - деп еске алады Х.Адамовна.

Ермұхан Бекмаханов қазақ тарихшыларының ішіндегі тұңғыш ғылым докторы болды.

«Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40-жылдарында» атты еңбекке пікір айтушылардың кейбіреулері оны Кенесары Қасымов бастаған қозғалыстың тарихын ақтау тұрғысынан көрсеткен еңбек деп бағалап, оны буржуазияшыл-ұлтшыл идеологияны дәріптеуші деген саяси кінәға ұшыратты. Е.Бекмаханов еңбегіне байланысты пікір таластар 1947 жылдың екінші жартысында күшейе түсті.

Е.Бекмахановтың бұл еңбегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «Қазақ КСР ҒА-ның тіл және әдебиет институтының жұмысындағы өрескел саяси қателіктер туралы» деген қаулысымен (1947ж. қаңтар) сай келді. Мәскеуде КСРО ҒА Тарих институтында Е.Бекмахановтың монографиясына арналған алғашқы пікір-талас өтті. Кітап жарық көрісімен-ақ пікір айтушылардың кейбіреулері ғалымды қайтадан Кенесары ханды асыра дәріптеді, ұлтшыл деп айыптады.

Алматыда 1948 жылы 14-19 шілдеде Ғылым академиясында лық толы залда *бес күн бойы пікірталас* жүрді. 15-тен аса сөйлеген адамның жетеуі: *И.Я. Будовниц, Б.Аспандияров, Е.Ділімұхамедов, Ә.Жиреншин, А.Нүсіпбеков, Т.Елеуов, Х.Әділгереев Бекмаханов* идеяларын қолдап шықты. Қалған пікір білдірушілер «Кенесары Қасымов бастаған қозғалыс ұлт-азаттық деуге жатпайды, қалың бұқара оған қосылмаған, ол зиянды, кертартпа қозғалыс деп көрсетті» (3). Ермұқан Бекмаханов қорытынды сөзінде С.Толыбековке, Х.Айдароваға, Т.Шойынбаевқа дәлелді түрде тойтарыс берді.


1947-1950 жылдары Е.Бекмахановқа буржуазияшыл-ұлтшылдықты насихаттады деп айып тағылды. Ол ғылыми дәрежесінен айырылды. Ермахан Бекмаханов бірақ *айтқанынан қайтпады. Халқы үшін жан аямай күрескен Кенесары Қасымовтың батыр екенін дәлелдеген, оның кітабын да, өзін де қызыл империя аямай жазалады* (6).

1947-1950 жылдар Е.Бекмаханов үшін өте ауыр болды, моральдық соққы арта берді.

1950 жылдың 26 желтоқсанында Т.Шойынбаев, Х.Айдарова және А.Якуниннің «Қазақстан тарихының мәселелері маркстік-лениндік тұрғыдан баяндалсын», - деп аталатын мақаласы жарияланды. «*Ермұқан үшін, біздің отбасымыз үшін аса ауыр соққан 50-ші жылдардың бірінші жартысының бүкіл тауқыметтері мен тақсіреттері осы мақаладан басталды*. Өзін арашалауға қанша жан салса да, биліктің қудалауынан құтыла алмады» деп еске алады Халима Адамовна.

Республика басшылығы «ұлтшыл» Бекмахановты қатаң айыптаумен қатар, Қазақ ССР Ғылым академиясын аяусыз сынады. Қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуші Есмағамбет Ысмайылов, Қажым Жұмалиев, т.б. ғалымдар да сотталды. Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезов Мәскеуге кетуге мәжбүр болды (7).

1-кесте: Е.Б. Бекмахановтың еңбек жолы



16 сәуірде Бекмаханов партия қатарынан шығарылып, институттағы қызметінен босату мәселесі күн тәртібіне қойылды.

1951 жылы маусым айында Қазақ ССР ҒА төралқасы «Қазақстан К(б)П ОК бюросының сәуірдің 10-дағы қаулысын жүзеге асыру шаралары туралы» қаулы қабылдады. Ал қазанның 6-ы жоғары *аттестациялық комиссия Е.Бекмахановты ғылыми дәрежесі мен атақтарынан айырды*. Қазақтан шыққан тұңғыш тарих ғылымының докторы Ермұқан Бекмаханов 25 жылға сотталды.

Ғалым ауылдық мектепте мұғалім болуға рұқсат алу үшін қаншама бастықтың табалдырығын тоздырды десеңізші. Алдымен Алматы облысындағы Нарынқол ауданының мектебіне жіберді, мектепте тарих пәнінен сабақ берді. Бірақ бір оқу тоқсаны аяқталмай Жамбыл облысы, Шу ауданы, Новотроицк ауылындағы Горький атындағы мектепке ауыстырды. Новотроицкіде бұрынғы студенті Ахметжан Тілеубергенев және мектеп басшылары, мұғалімдер жер аударылған ғалымды жақсы қарсы алды.

1952 жылы 5 қыркүйекте Е.Бекмаханов тұтқындалып, екі айға жуық тергеу жұмысы жүріп, 2 желтоқсанда Қазақ КСР Жоғарғы Сотының Қылмысты істер жөніндегі алқасының үкімімен ол 25 жыл мерзімге бас бостандығынан айырылып, ГУЛАГ-тың алыстағы лагерінің біріне айдалды.

Халима апай, Е.Бекмаханов өмірінің ең ауыр кезеңі – оны 25 жылға кескен соттың жайы туралы былай жазады.

«– 1952 жылдың 30 тамызында Ермұқанды Новотроицкіге шығарып салдым. Кеткісі келмей, бірдеңе сезгендей, мазасыз күй кешіп еді. Айтқандай-ақ, 5 қыркүйекте оны тұтқындап, Алматыға әкеліпті. Сол күні біздің үйде де тінту жүргізілді. Кешкі сағат 10-да жұмыстан келсем, үйдің есігі ашық тұр. Бір бейтаныс қазақ тінтуге құжат көрсетті. Ермұқанға бірдеңе болғанын сездім. Ас-су беруге рұқсатты табаннан тозып жүріп бір ай дегенде әрең алдым.

Тергеу үш айға созылды. «Тергеу әдістері жайында жиркенішсіз еске түсіре алмаймын, – деп жазды Ермұқан өзі Қазақстан КП Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Жұмабай Шаяхметовке.

– Тергеудің өн бойында қорқыту мен қоқан-лоққы қатар жүрді. Сол үшін барлық тәсілдерді пайдаланып тырысса да мен жекелеген адал адамдарды қаралай алмадым». Ерекең бұл арада Сәтбаев пен Әуезов жөнінде айтып тұр» (1,34).

Сот 1952 жылдың 2 желтоқсанында болды. «Ермұқанды 4 солдат айдап алып келді. Ол маған жақын-дамақшы болған, мен де ұмтылдым, бірақ бізді айырып жіберді. Соттың үш күнінде көптеген куәлар келіп, кетіп жатты...

4 желтоқсанда үкімді жария еткен кезде менің қатысуыма рұқсат берді. Көз жасы еріксіз сорғалаған Ермұқан маған қарады да отырды. Үкімді естігенде жылап жіберді. Мұндай әділетсіз, қатал үкімге қалай жыламассың! Онда: «...*айыпталушы Бекмаханов өзінің тарих ғылымы саласындағы ғылыми қызметкер жағдайын пайдаланып 1942-1951жылдардың өне бойында өз жұмыстарында тарихи фактілерді өңін айналдырып бұрмалаған, сөйлеген сөздерінде буржуазиялық-ұлтшылдық идеологияны насихаттаған, феодалдық-байлық құрылыс пен оның орыс халқына қарсы күресуші хәм Қазақстанда орта ғасырлық тәртіптерді сақтап қалуға ұмтылушы кертартпа хандары мен сұлтандарын мадақтаған. Ол өзінің буржуазиялық-ұлтшылдық көзқарастарын негіздеу үшін кертартпа ақындардың, сондай-ақ Кеңес өкіметіне қарсы күрескен халық жаулары – алашордашылардың шығармаларын пайдаланды. Нақ осы ұлтшылдық идеологияны таныстарының арасында да жүргізді*», – деп жазылып, сот тергеуі осыларды анықтағанын және айыпталушы Бекмахановтың мойнына қойылғанын айтады» (2,65).

«– Бұдан кейінгі өз жай-күйіңіз қалай болды? – Жол бойы қамығып жылап үйге қалай жеткенімді білмеймін. Үйде көз жасын көрсетуге, анамды, нағашы апайымды және балаларды ренжітуге болмайтынын түсіндім. Алматыдан әлдебір жаққа кетіп, Ермұқанды құтқарғым, бейнетін жеңілдеткім келді. Жұрт: «Мынау халық жауының әйелі», – деп көзіме шұқитындай көрінді. Өздері шығарғанын күтпей ЖЕНПИ-ден де, құрылыс техникумы мен №12 мектеп-интернатынан да өтініш жазып өзім кеттім. Сөйттім де күйеуіме араша түсуді және ісін қайта қарауды сұрап Бас прокуратураға өтініш түсіру үшін Мәскеуге аттандым.

Ермұқанның досы Исаак Урэлевич Будовниц қорықпай-үрікпей Бас прокурорға шағым арыз жазуға көмектесті. А.Панкратовамен үйінде жолықтым. Ол кісі болған жайға өкініш білдіріп, Ермұқанның нақақтан күйіп кеткенін, мүмкіндік туған бетте оның ақталуына көмектесетінін айтты. Ол кезде Анна Михайловна Орталық Комитеттің мүшесі еді. Демек, 25 жылға сотталған, саяси сенімсіз адамға араша түсуге оның құқығы жоқ болатын. Бірақ ізгі жүректі орыс әйелі оған қарамады. Маған ақшалай көмек ұсынып еді, бас тарттым. Не істерге білмей, Тбилиси, Бакуге дейін бардым. 1953 жылдың наурыз күндері еді. Сталиннің қайтыс болған хабарына грузин халқының қатты қайғырғанын көрдім. Мен болсам іштей осы жағдай Ермұқанның тағдырын жеңілдетер деп үміттендім. Ақыры, солай болды да. Елеусіздеу қыздар педучилищесінен жұмыс тауып, Ташкентте тұрақтадым.

– Ермұқаннан көпке шейін хабар-ошар болмады. Баратын жердің жолы ұзақ қой. Ақыры, сарғайтып күттірген хат та келді. Ол Лена өзені бойымен, Иркутск облысын басып Бодайбо қаласына жеткенге

дейінгі жолдың машақатын жазыпты. *Өмірдің небір соққы, қиындықтарына қарамастан, менің ер азаматым, менің Ермұқаным мойымады, еңсесін түсірмеді. Түбінде бәрі дұрыс болатынына, қалпына келетініне, әділдік жеңетініне сенді. Тек шыдам, сабыр қажеттігін түсінді. Мен де өз хаттарымда оған жігер беруге тырыстым. Бодайбодан келген хаттардан өмірге құштарлық көзге ұратын, жабырқау мен кектену есте байқалмайтын» (2).*

Ермұқан Хрущевтің атына 16 беттік ұзақ арыз хат жолдады. 25 жылға не үшін кескенін егжей-тегжейлі баяндап, амалсыздан Кенесары көтерілісін түсіндірудегі өз қателігін мойындауға мәжбүр болды.

Ермұқан Бекмаханов сол кездегі Қазақстан басшысы Жұмабай Шаяхметовке де жазды. Осы арыз хаттар, сондай-ақ А.Панкратованың өтініші Бекмахановтың ісі тезірек қайта қаралуына септігін тигізді. «Ол кісінің лагерьден тиісті органдарға жазған көптеген арыздарының нәтижесінде, академик, қоғам қайраткері Анна Михайловна Панкратова сияқты қайырымды адамдардың көмегінің арқасында Берия атылғаннан кейін Е.Бекмахановтың ісі қайта қаралды. Ермұқанды Бодайбодан Мәскеуге жеткізді. 1954 жылдың 16 ақпанында Лубянкадағы Бутырка абақтысында оның қолына ісі тоқтатылғаны туралы анықтама қағазын береді. Болған білместік жайға кешірім өтінілді. Басына түскен осындай қиыншылықтарды қайсар да қайратты ғалым жеңе білді» (7).


«—Ойпырмай, қуанышта шек болмаған шығар?

— Сібірдің суығы өкпесін тесіп, денсаулығын құртқан Ермұқан шипажайда емделіп демалудан да бас тартып, тек үйіне, отбасына, әйеліне, балаларына асықты. Үстіндегі түрме киімімен Анна Михайловнаның үйіне барды. Оның да қуанышы қойнына сыймай, Ермұқанды бастан-аяқ су жаңа етіп киіндірді. *«Сенің достарың көп, бірақ дұшпандарың да бар. Сондықтан, жақсы киінуің керек»*, - дейді ол кісі (2). Ермұқан Анна Михайловнаның осындай қамқорлығын, өзіне жасаған барша жақсылығын өмір бойы ұмытпай өтті.

1957 жылы Мәскеуде КСРО Ғылым академиясының баспасынан «Қазақстанның Ресейге қосылуы» монографиясы жарық көрді. Ғалым университет кафедрасына жұмысқа қайта оралып, екінші рет докторлық диссертациясын қорғады. *Қазақ мемлекеттік университетінде «Қазақстан тарихы» кафедрасының негізін қалады. Қазақстан тарихы бойынша кандидаттық диссертациялар қорғау жөніндегі Ғылыми кеңестің төрағасы болды.*

Е.Бекмаханов өзінің жемісті еңбегіне сай ғылым мен қоғамдағы орнын қайтадан алды. Оған университеттегі өзі ұйымдастырған кафедрасы қайтарылып берілді. *1962 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланды.*

**2-кесте: Е.Б. Бекмахановтың ғылыми қызметі**



Өмірінің соңғы он жылында өнімді еңбек етіп, терең мазмұнды ғылыми шығармалар жазды, орта мектептер үшін Қазақ КСР тарихының оқулығын жазды. *Олар кезінде үздік оқулықтар саналды. Ғалым* орта мектеп үшін Қазақ КСР тарихынан алғашқы оқулық, хрестоматия, ғылыми-мақалалар жазды (8; 9; 10; 11).

Көрнекті тарихшы Ермұқан Бекмаханов *әдіскер-ғалымда* болды. Биыл мектепке арналған тұңғыш Қазақ КСР тарихы оқулығының жарық көргеніне 56 жыл толды. Бұл оқулықты көрнекті ғалым-тарихшы Е.Бекмаханов жазды.

КОКП Орталық Комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесінің 1959 жылғы 8 қазанындағы “Мектепте тарихты оқытудағы кейбір өзгерістер туралы” қабылданған қаулыға сәйкес республика мектептерінде “Қазақ КСР тарихы” алғаш рет КСРО тарихының құрамында курс болып оқытылды. Осы жылдары Қазақ КСР тарихы курсының бағдарламасы, оқулықтары, хрестоматиясы, оқу құралдары дайындалып, тарихи карталардың тізімін бекітілді (10).

Е.Бекмаханов-Қазақстан тарихы мектеп курсының ғылыми-әдістемелік негізін салған алғашқы әдіскер, тарихшы-ғылым. Оның “Қазақ КСР тарихының 8-9 кластарға арналған оқу құралы” (1959 ж.) және “Қазақ КСР тарихының 10 класқа арналған оқу құралы”(1960 ж.) ал, 1962-63 жылдары сегізжылдық мектептің 7-8 сыныптарына және онбіржылдық мектептің 9-11 сыныптарына арналған оқулықтары мен соған сәйкес жазылған бағдарламасын дайындады (8; 9;10;11).

Ғалымның оқулықтарында тарих оқулығының міндеті мен рөлі жөніндегі жаңаша көзқарас көрініс тапты. Оқулықтарда оқушылардың жас ерекшелігі ескерілген, түрлі мұрағат материалдары, еліміздің сол кезеңдегі өзгерістерін айқындайтын құжаттар енгізілген. Оқу материалының ғылымилығы, дидактикалық талаптары орынды ескерілген. “Преподавания истории в школе” журналында А.Кариннің “Одақтас республикалардың оқулықтары” атты мақаласында “Е.Бекмаханов оқулықтарын жоғары бағалап, тәрбиелік-танымдық маңызы зор екенін, Қазақстан тарихында белгілі орын алған жеке қайраткерлер туралы эмоционалды материал енгізілгендігін” - атап көрсеткен.

Белгілі ғалым мектеп пен жоғары оқу орындарына арналған әдістемелік еңбектер, мақалалар жазды: «Қазақ КСР тарихының хрестоматиясы. Он бір жылдық мектепке арналған» (1962, 1965), «XIX ғасырдағы Қазақстан тарихының очерктері. Мұғалімдерге арналған көмекші құрал» (1967 ж.) т.б. (11).

Көрнекті ғалым қайтыс болғаннан кейін қызы академик, тарих ғылымдарының докторы, профессор Нәйла Ермұқанқызы оқулықтарды уақыт талабына сай жетілдіру, өңдеу нәтижесінде Қазақстан тарихы оқулықтары еліміздің мектептерінде отыз жылдан аса пайдаланылды. Тарих оқулықтарына қойылатын талаптардың күрделене түсуіне байланысты Н.Е. Бекмаханова Қазақ КСР тарихының жоғары сыныптарға арналған оқулықтарын үнемі жетілдіріп, заман талабына сай толықтырып отырды.

Сөйтіп, Қазақстан тарихы оқулығын жазуда белгілі дәрежеде оң тәжірибе жинақталды, бұл тұңғыш оқулықтар жеткіншек жастарға тарихи білім, отаншылдық тәрбие беруге септігін тигізді.

Е.Бекмаханов бірнеше жас ғалымдарды даярлауда ат салысты. Шәкірттері бүгінде Республика Ғылым академиясының мүшесі, ғылым докторы, профессор дәрежелеріне жетіп, ұстаздарының ғылыми өмірін жалғастыруда.

ГУЛАГ-тың лагеріндегі адам төзгісіз азапты күндерді басынан кешкеніне қарамастан, қайсар ғалым, халықтың игілігіне айналған мол ғылыми мұраларын қалдырды.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Е.Бекмахановтың басты еңбегі – “XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан” ақталып, орыс және қазақ тілдеріндегі нұсқалары “Қазақ университеті” (қазіргі “Санат”) баспасынан жарық көрді.

Көрнекті ғалымның өмір жолы туралы профессор Ә.Тәкенов, М.Қозыбаев, К.Нұрпейіс, Т.Омарбеков, С.Ф. Мажитов ой талғамдарын жазды (12; 13; 14; 15). Тұлғалы ғалымның зайыбы педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, ғалым Халима Адамқызы Бекмұхамедова «Ермұқан Бекмаханов туралы естеліктер», «20 жыл бірге» атты естеліктер мен мақалалар жазды (1; 2; 18,55).

Ғалымның 90 жылдығына орай туған жеріндегі С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті 7 томдық шығармалар жинағын басып шығарды. «Ерен еңбекті атақты жазушы Медеу Сәрсекке жасады. Оның «Ермұқан Бекмаханов» атты ғұмырнамасы Ерекене әзірге дейін тұрғызылған ең зор ескерткіш деп білемін (1). Бұл кітап қазақ және орыс тілдерінде 2011 жылы Астанадағы «Фолиант» баспасынан, сондай-ақ, Мәскеудегі атақты «ЖЗЛ» сериясымен жарық көргені маған да мақтаныш, елімізге де мерей», - деп жазады Х.Адамовна (18).

*Қазірде әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде аудитория, Алматы қаласында көше, Павлодар және Жамбыл облыстарындағы екі мектеп Е.Бекмаханов атымен аталуда.*

2013 жылы «Қазақ КСР-інің ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі тарихы» атты еңбектің 1943 жылғы басылымы қайта басылып шықты. «Ермұқанның рухын елге алғаш танытқан атақты ұжымдық еңбек қой. Бәрімізге ыстық әрі қымбат. Біздің бір ауыз өтінішімізді жерде қалдырмай, осы кітаптың жоғалып кетуіне жол бермей, жарық көруіне демеуші болған Болатхан Тайжан атындағы Қорға, оның басшысы Мұхтар балама алғысым шексіз. Осындай ұрпақ Ермұқанның арманы болған. Бақыты да осы шығар!» - дейді Х.Адамовна (19).

*Бүгінгі күнде Бекмахановтар әулетінің түтінін түтетіп, алты немере мен олардан тараған шөберелердің әжесі болып отырған Халима әжей әңгімесін түйіндей келе, сөзінің соңында ел болашағы – жастарға арнайы тілек білдірді: « - Менің жасым 85-ке келді, талай қиындықты да, қуанышты да күндерді бастан өткерген тірі тарихпын десем де болады. Ермұхан сияқты мықты қазақпен бір шаңырақта жиырма жыл ғұмыр кешу дегеннің өзі қандай бақыт десеңізші. Ол кісіден үйренгенім көп. Өмірдің де талай қиыншылығын кешірген, шынығып, шымыр болған адаммын мен. Осы тұрғыдан өзімнің немере, шөберелеріммен замандас жастарға сөз арнасам сөкеттігі болмас. Қазір, Аллаға шүкір, оқимын, адам*



боламын деп алға ұмтылған жастарға мүмкіндіктер жеткілікті. Біздің көрген қиындығымыз жастарды айналып өтсе екен деп тілеймін. Қазақ деген елдің көшін алға сүйрейтін жастарға тілерім, рухтарың мықты болсын, сонда ғана өмірдің қиындықтарын жеңе аласыңдар. Бүгін бар да, *ертең жоқ жалт-жұлт еткен дүниеге емес, адамды қайда жүрсе де, кіммен жолдас болса да сатып кетпейтін, өлсең өзіңмен кететін рухани байлыққа құмар болыңдар*»(2). Біз тарыдай шашыраған аз ғана халықты, жан-жағымыздағы алып мемлекеттермен салыстырғанда теңіздің тамшысындаймыз, бірақ бірлігіміз мықты болса, бізді жау да, дау да ала алмайды. Ол үшін жастар мықты, саналы болсын, ал үлкендер оларды құр кінәлаудан аулақ болып, үлгі көрсете білейік. Ең бастысы еліміз аман, заманымыз тыныш болсын!-деп тілек білдіреді Х.А.Бекмұхамедовна (1).

Ғұлама ғалымдар мен ойшылдарының бізге қалдырған тәрбиелік ой-парасат мұрасы өте мол. Халқымызда дара тұлғалардың ішінде Ермұқан Бекмахановтың әр қилы өмірі, қиыншылық пен қуаныш, ұлттың шын тарихын айту жолындағы тағдыры жарық жұлдыздай жарқырап көрінеді. Ермұхан Бекмаханов қазақ тарихшыларының ішіндегі тұңғыш ғылым докторы. Ежелгі дәуірден сол кезге дейінгі кезеңді қамтитын «Қазақ ССР тарихы» халқымыздың тұңғыш дербес тарихын жазудың бастамасы болды. Бұл еңбекті жазуға беделді ғалымдар атсалысты. 2013 жылы Е.Бекмахановтың "Қазақ ССР тарихы" ұжымдық еңбегінің қайта жарық көруіне арналған баспасөз мәслихатында «Бұл 1917 жылға дейінгі ұлт-азаттық қозғалыстар тарихының алғашқы және идеологиялық тұрғыдан шектелмеген шынайы ғылыми нұсқасы болды», - деп жазады әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, тарих ғылымының докторы Талас Омарбеков. "Бұл кітаптың ең басты құндылығы – біздің ұлт азаттық қозғалыстарымыздың тарихы тұңғыш рет шынайы жазылған. Мұнда "Қазақстан отар ел" деп аталатын тарау бар. Сырым Датов, Исатай Таймановтардан бастап Амангелді Имановқа дейінгі кезеңдегі ұлт-азаттық қозғалыстар бұрын ешуақытта шынайы ғылыми түрде жазылмаған болатын", - дейді Т.Омарбеков (12).

Ермұқан Бекмаханов тарихта үлкен із қалдырған, қазақтың кәсіби тарихнамасын жазған қайсар мінезді, дарынды тұлға. Ғалымның қазақ тарихы жөніндегі озық ойларын, ой-тұжырымдары мен еңбектерін бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан жағдайында терең зерделеу жастарымыздың ой-өрісін, ұлттық сана-сезімін, тілін дамытып, олардың толыққанды тұлға болып қалыптасуына зор ықпалы бар. Өткен тарихымызға тағзым жасап, бүгінгі тарихымызды сыни тұрғыдан жан-жақты терең зерттеу арқылы шынайы жазу, бабалардан мирас болған ұлы мұраны қадірлеу, жас ұрпаққа аманат етіп, табыстау маңызды. Осы орайда, ұлттық тарихымызды, дәстүрді қастерлеу, ұлтына, еліне, мәдениетіне шынайы сүйіспеншілікті тәрбиелеу маңызды мәселенің бірі болып табылады.

Бүгінгі таңда Е.Бекмахановтың есімі, оның қалдырған мұрасы ұлттық тарихымыздың жаңа белеске көтерілуіне, халқымыздың оянуына, жас ұрпақтың туған жерге, оның тарихына деген құштарлығын тәрбиелеуде маңызы зор.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «2015 жыл – ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы. Қазақ хандығының 550 жылдығын, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығын, Ұлы Жеңістің 70 жылдығын атап өтеміз. Осынау тарихи белестер Жаңа Қазақстандық Патриотизмді ұрпақ жадына сіңіруде айрықша рөлге ие», - деді (2).

Осы орайда, Қазақстан тарихы ғылымын жетілдіру, оны нақты шындық тұрғысынан насихаттау, осы бағытта орта мектептен бастап жоғары оқу орындарына дейін отандық тарихты оқытудың ерекшеліктері, маңызы мен замануи талаптарға сай инновациялық технологияларды пайдаланудың жолдарын меңгеру және айқындау, оларды күнделікте өмір тәжірибесінде қолдану жолындағы ауқымды жұмыстарда атқару тарих ғылымының дамуының жаңа кезеңіне жол ашып, ұлттық тарихты жаңғыртуға мүмкіндік береді.

1 Бекмұхамедова Х.А. Е.Бекмаханов туралы естеліктер. - Алматы: Азимир, 2005.

2 Бекмұхамедова Х.А. Вместе 20 лет. – Алматы, 2000. - 76 с.

3 Бекмаханов Е.Б. XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан - Алматы, 1947.

4 Бекмаханов Е.Б. Қазақ ССР тарихы. - Алматы, 1943.

5 Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында: оқу құралы - Алматы: Санат, 1994. - 416 б.

6 Бекмұхамедова Х.А. Зобалаң немесе қапасақа қамалған рух // Егемен Қазақстан, 15 ақпан, 2013.

7 Сәрсек М. Ермахан Бекмаханов. – Алматы, 2010. - 533 бет.

8 Бекмаханов Е. Қазақ ССР тарихы. VII-VIII кл. арналған оқу құралы. - Алматы: Мектеп, 1967.

9 Бекмаханов Е. Қазақ ССР тарихы. Хрестоматия. - Алматы: Мектеп, 1962.

10 Бекмаханов Е. Казахстан в 20-40 годы XIX века. - Алматы: Қазақ университеті, 1992. - 200 с.

11 Бекмаханов Е., Бекмаханова Н. Қазақ ССР тарихы. 9-10 кластарға арналған оқу құралы. - Алматы: Мектеп, 1981. - 128 б.

12 Омарбеков Т. «Қазақстан тарихы" ұжымдық еңбегі қайта басылып шықты. // Егемен Қазақстан, 7 қараша, 2011.

- 13 Шокин Ш. Дарынды ғалым, ұлағатты ұстаз. Е.Бекмаханов туралы естелік. - Алматы, 2005.
- 14 Тәкенов А. Менің ғылыми жетекшім. Е.Бекмаханов туралы естелік. - Алматы, 2005.
- 15 Қозыбаев М.К. Ұстазым туралы бір екі сөз // Егемен Қазақстан, 2005. 16 ақпан.
- 16 Нұрпейіс К. Тағдыры күрделі қайсар талант // Егемен Қазақстан, 2005. 16 желтоқсан.
- 17 Мажитов С.Ф. Е.Бекмаханов кәсіпқой тарихшы // Отан тарихы, 2010.
- 18 Бекмухамедова Х.А. 20 жыл бірге. - Алматы, 2000.
- 19 Сәрсекке М. Ермахан Бекмаханов. - Алматы, 2010. - 533 бет.
- 20 Бекмаханов Е.Б. Присоединение Казахстана к России. - М., 1957.
- 21 Бекмаханов Е.Б. Очерки истории Казахстана XIX в. - Алматы, 1966.
- 22 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.

### Резюме

Данная статья посвящена жизни и творчеству выдающегося ученого, историка Ермухана Бекмаханова (1915-1966 гг.). Ермухан Бекмаханов – выдающийся ученый, педагог, общественный деятель, первый доктор исторических наук, профессор, член-корреспондент АН КазССР.

Е.Бекмаханов – один из одаренных ученых, который оставил после себя ценные историческое наследие в историографии казахского народа. На сегодняшний день углубленное изучение трудов ученого по истории Казахстана воспитывает у молодежи высокое национальное сознание и влияет развитию патриотизма. Многостороннее и углубленное исследование истории своего народа, которое досталось нам от предков на протяжении многих веков, требует от нас также доставить в полной сохранности будущему поколению. Сохранение национальной истории и традиций формирует чувства любви к своей отчизне и к своему народу.

В этой связи, можем смело заявить, что историк Е.Б. Бекмаханов оставил большое научное наследие, ставшее достоянием народа.

**Ключевые слова:** история, буржуазно-националистический, ученый-обществовед

### Summary

This article is devoted to the history of life and creativity of the outstanding Ermyhana Bekmahanova. Also to the article is sanctified to life and work of prominent scientist, historian E.Bekmahanov (1915-1966). E.Bekmahanov is a prominent scientist, teacher, publicman, first doctor of historical sciences, professor, corresponding member AN KazSSR

E.Bekmahanov - one of the gifted scientists, that left after itself valuable historical heritage in historiography of the Kazakh people. High national consciousness brings up the to date deep study of labours of scientific on history Kazakhstan for young people and influences to development of patriotism. Multilateral and deep research of history of the people, that was reached to us from ancestors during many centuries, requires from us also to deliver in complete safety to the future generation. Maintenance of national history and traditions forms feelings of love to the fatherland and to the people.

In this connection, we can bravely declare that historian left large scientific heritage, by ставшее property of people.Ermyhan Bekmahanov (1915-1966 yearurs.) – Is the of representatives of the Kazakh yarchashih intelligentsia, one of the Kazakhs doktor history of science.

**Keywords:** history, yarchashih intelligentsia

УДК: 94(574).20:929

## АКАДЕМИК КЕҢЕС НҮРПЕЙІС ЖӘНЕ ОНЫҢ ОТАН ТАРИХЫНЫҢ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ (80 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛАДЫ)

**Н.К. Дюсенова – т.ғ.к., доцент, С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина Университеті**

Кеңес Нұрпейісұлы Нұрпейіс – көрнекті ғалым, тарихшы, қоғам қайраткері, ҚР Ғылым академиясының академигі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, Қазақстан ғылымы мен техникасы саласына еңбегі сіңген қайраткер, халық ағарту ісінің үздігі.

Ол 500-ден аса ғылыми және ғылыми-көпшілік еңбектердің авторы, олардың ішінде 20-дан астам монографиялар, оқулықтар мен кітаптар бар. Ғалымның зерттеу еңбектері қазақ халқының 1916 жылығы ұлт-азаттық қозғалысының тарихына, 1917 жылғы екі төңкеріске, 1918-1920 жылдардағы азаматтық қарсылық көрсетулер тарихына, ұлттық мемлекет құрудағы мәселелерге, саяси қуғын-сүргін тарихына, XX ғасырдағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріне арналған.

Академик Кеңес Нұрпейіс отандық тарих ғылымының іргелі ғылыми-тәжірибелік мәселелерін зерттеді. Тарихи сана-сезім мен тәуелсіз Қазақстанның тарих ғылымын қалыптастыру тұжырымдамасының авторларының бірі. Зерттеушінің ғылыми ізденістері кең болды, оған Алаш қозғалысы, Алаш Орда үкіметі, ұлт-азаттық қозғалыстар, ұлттық-мемлекеттік құрылыс, Қазақстанның XX ғасырдағы қоғамдық-саяси өмірі, аграрлық тарих және тоталитарлық режимнің саяси қуғын-сүргіндеріне қатысты өзекті мәселелері кірді.

Алаштың қоғам қайраткері, академик өз өмірін тарих пен ғылымға арнаған, ол артынан қалдырған мұра бүкіл

қазақ елінің жүрегінде мәңгі сақталады.

**Түйін сөздер:** Алаш қозғалысы, Алаш Орда үкіметі, ғалым, тарихшы, ғылым, қуғын-сүргін, ұлт-азаттық

Кеңес Нұрпейісұлы Нұрпейіс – көрнекті ғалым, тарихшы, қоғам қайраткері, ҚР Ғылым академиясының академигі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, Қазақстан ғылымы мен техникасы саласына еңбегі сіңген қайраткер, халық ағарту ісінің үздігі. Ол 1935 жылы 15 наурызда Алматы облысындағы Кеген ауданына қарасты Саты ауылында дүниеге келді. С.М. Киров атындағы ҚазМУ-ды аяқтағаннан кейінгі барлық өмірі тарих пәнінен дәріс беру мен ғылымға қызмет етуге арналды. Ол осынау қасиетті ғылым ордасы - ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында жарты ғасырға жуық еңбек етті.

Өзінің қызмет жолын еліміздің бетке ұстар оқу орындарында: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогика университетінде сабақ беріп, ғылым және педагогика саласына кадрлар даярлау ісіне елеулі үлес қоса отырып, бірнеше жыл қатарынан «Әділет» тарихи-ағартушылық қоғамының басқарма Төрағасы қызметін атқарды. Ұстазымыз елімізде де, шет елдерде де кеңінен танылған.

Кеңес Нұрпейістің негізгі ғылыми еңбектері: Қазақстан - Республикаменің (Қазақсовет мемлекетінің құрылуы). Алматы, 1980., История крестьянства Советского Казахстана. Алма-Ата, 1987. (Г.Ф. Дахшлейгермен бірге), Становление Советов в Казахстане (март 1917 - июнь 1918 гг.). Алма-Ата, 1987., Қазақстанның шаруалар советтері. Алматы, 1972., Алаш һәм Алаш-орда. Алматы, 1995., Досмұхамедұлы және оның өмірі мен шығармашылығы. Алматы, 1996. (қосалқы автор). History of Kazakhstan. Алматы, 1998. (қосалқы автор). История Казахстана. Учебник для 11 класса (қазақ, орыс, ұйғыр тілдерінде). Алматы, 1994-2002. (бұл оқулық қазақ тілінде 6 рет, орыс тілінде 5 рет, ұйғыр тілінде 3 рет басылым көрді). Сонымен қатар 500-ден аса ғылыми және ғылыми-көпшілік еңбектердің авторы, олардың ішінде 20-дан астам монографиялар, оқулықтар мен кітаптары бар. Ғалымның зерттеу еңбектері қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының тарихына, 1917 жылғы екі төңкеріске, 1918-1920 жылдардағы азаматтық қарсылық көрсетулер тарихына, ұлттық мемлекет құрудағы мәселелерге, саяси қуғын-сүргін тарихына, XX ғасырдағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріне арналған.

Академик Кеңес Нұрпейістің қатысуымен отандық тарих ғылымының бірқатар іргелі және ғылыми-тәжірибелік мәселелерін зерттеу жолға қойылды. Тарихи сана-сезім мен тәуелсіз Қазақстанның тарих ғылымын қалыптастыру тұжырымдамасының авторларының бірі ретінде ол осы идеяларды жүзеге асыру жолдарын да ұсына білді. Зерттеушінің ғылыми ізденістерінің аясы өте кең болды, оған Алаш қозғалысы, Алаш Орда үкіметі, ұлт-азаттық қозғалыстар, ұлттық-мемлекеттік құрылыс, Қазақстанның XX ғасырдағы қоғамдық-саяси өмірі, аграрлық тарих және тоталитарлық режимнің саяси қуғын-сүргіндеріне қатысты өзекті мәселелері кірді.

Тарихшы ғалым К.Нұрпейіс «Қазақстан ауылдарындағы қоғамдық-саяси және мәдени өмір (1917-1929 жж.)», «Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі Алаш париясының рөлі мен орны», «Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін тарихы» атты тақырыптар бойынша жүргізілген зерттеу жұмыстарына жетекшілік етті. Сонымен қатар Алаш қозғалысы мен Алаш Орда тарихын зерттеуге белсенді араласып, қомақты үлес қосты. Ол ұлт-азаттық Алаш қозғалысы мен «Алаш Орда» автономиясын зерттеу бойынша ғылыми мектептің негізін қалады. Осы зерттеу жұмыстарының алғашқы нәтижелері негізінде қазақ тілінде жазылған «Алаш һәм Алашорда» атты монографиясы оқырман тарапынан жоғары бағланды. Бұл монография қазақтың тарих ғылымындағы Алаш қозғалысының – XX ғ. бірінші ширегіндегі қазақ реформаторлары қозғалысының тарихын зерттеуге арналған алғашқы еңбектердің бірі болып табылады. Автор ғылыми айналымға тұңғыш рет енгізіліп отырған орасан зор құжаттық материалдар негізінде ұлттық-демократиялық «Алаш» партиясының пайда болуы, оның бағдарламалық мақсаттары мен міндеттері, Алаш автономиясын (қазақ мемлекеттігін) құру және Алаш Орда үкіметін ұйымдастыру, 1917-1920 жылдар аралығындағы Алаш Орданың кеңестік үкіметпен және кеңестік үкіметке қарсы күштермен арақатынасы, Алаш қозғалысының Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Шоқай, М.Дулатов, А.Ермеков, Х.Досмұхамедов және т.б. белсенді мүшелерінің өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі сияқты маңызды мәселелерді және Қазақ мемлекеттілігінің Алаш автономиясы түрінде қалпына келтірілуі мен 1917-1920 жылдардағы қым-қуат күрделі кезеңдегі оның қызмет ету тарихын жаңа көзқараспен зерттеді. Монографияда Алаш қозғалысының – XX ғ. басындағы қазақ реформаторларының тарихы, ең алдымен Қазақ мемлекеттігінің 1917 жылғы желтоқсанда өткен бүкіл қазақтардың екінші съезінде «Алаш автономиясы» деген атпен қалпына келуіндегі «Алаш» партиясының рөлі тығыз байланыста зерттелді. Бұл еңбекте 1917 жылғы жағдайда «Алаш» партиясының басты мақсаты Ресей демократиялық федеративтік республикасы құрамында қазақ халқына тиесілі барлық этникалық территориялар аумағында автономиялық Қазақ мемлекетін құру болғандығы айтылады. Сондай-ақ өз еңбектерінде 1920 жылы Ресей кеңестік федератив-

тік социалистік республикасы (РСФСР) құрамында Қазақ автономиялық кеңестік социалистік республикасының құрылуы Алаш Орда мен Кеңес үкіметі арасындағы ымыраға келудің нәтижесі болғандығы туралы тезисті дәлелдеді.

Кеңес Нұрпейісұлы өзінің Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтындағы әріптестерімен бірге Кеңес үкіметі кезеңіндегі Қазақстанда орын алған саяси қуғын-сүргін тарихын зерттеумен де айналысты. Осы тақырып бойынша алғашқы жарық көрген басылымдардың бірі кезекті саяси қуғын-сүргін салдарынан Қазақ КСР Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының шешімімен 1952 жылғы 2 желтоқсанда «буржуазиялық-ұлттық идеологияны насихаттағаны, бай-феодалдық құрылысты, Қазақстанда феодалдық тәртіпті қайта орнатуды көксейтін реакционер сұлтандарды мадақтағаны» үшін және өзінің ғылыми еңбегінде «Қазақстанның Ресейге қосылуының прогрессивті мәні жөніндегі мәселені ұлттық-буржуазиялық тұрғыдан қарағаны» үшін 25 жылға бас бостандығынан айрылған, қазақтан шыққан тұңғыш тарих ғылымдарының докторы Е. Бекмахановтың тағдыры жайында жазылған мақала болды. Мұндай әділетсіз үкім шығаруға олардың Е. Бекмахановтың «Казахстан в 20-40-е годы XIX века» атты монографиясын 40-жылдардың екінші жартысында Алматы және Мәскеу қалаларында бірнеше рет талқыға салып, осылайша теріс баға беруі себеп болды.

Бұл монография соңғы рет 1948 жылы шілде айында Қазақ КСР ҒА Тарих, археология және этнография институтында ашық талқыланды және оған 20-дан астам адам қатысты. Сол талқылаудың стенограммасы сақталған және ол жазбалардан біз Е.Бекмахановтың кітабы мен оның өзін «монографиясында көрініс тапқан» осы «КСРО-дағы саяси құрылысқа деген қастық көзқарастарынан байқалатын «антисоветтік» іс-әрекеттері» деген әділетсіз айыптан тек бірнеше адам ғана қорғап сөз сөйлегенін көре аламыз.

Қазіргі кездегі әлемдік саясаттың жетекші елдері арасындағы шиеленістің, атап айтқанда, ресей-американ қайшылықтарының өткірлене түсуі және ҚХР-ның экономикасының қарқынды дамуы жағдайын ескере отырып, аталған елдердің Орталық Азияға қатысты геосаяси жобаларына SWOT-талдау жасау арқылы АҚШ-РФ-ҚХР деп аталатын геосаяси үшбұрышында қай елдің үстемдік жағдайды иеленуге мүмкіндігі бар екендігіне болжам жасауға болады.

Қазіргі таңда АҚШ-тың Орталық Азияға қатысты «Жаңа Ұлы Жібек жолы», Ресейдің «Еуразиялық экономикалық одақ» және ҚХР-ның «Ұлы Жібек жолының экономикалық дәлізі» сияқты геосаяси жобаларының бар екендігі белгілі. Орталық Азия мемлекеттеріне қатысты сыртқы актор тұрғысынан алғанда, АҚШ-тың геосаяси жобасының бірқатар күшті және әлсіз тұстары бар.

*Күшті тұстары.* АҚШ жобасының басты мақсаты жобада белгіленген міндеттердің іске асырылу асырылмауына тәуелсіз Ауғанстанды Орталық Азия аймағында өзінің ықпалын жүргізудегі тірек пунктіне айналдыру, сондай-ақ, аймақ мемлекеттіне қару-жарақ беру.

*Әлсіз тұстары.* Ауғанстандағы тұрақсыздық жағдай; CASA-1000 (Қырғызстан мен Тәжікстаннан Ауғанстан мен Пакистанға электр қуатын жеткізетін жүйе) мен ТАPI (Ауғанстан территориясы арқылы Түрікменстан газ кеніштерін Пакистан мен Үндістан тұтынушыларымен және осы елдердегі реэкспорттаушылармен байланыстыратын газ құбыры) сияқты жобаларды қаржыландырудағы белгісіздік; Орталық Азия елдерінің дамуындағы ішкі ерекшеліктерге назар аудармау.

Ресей жобасының *күшті тұстары* ретінде – жүз жылға жуық бір мәдени кеңістікте өмір сүрген және өткендегі тарихы бір Орталық Азия мемлекеттерінің басын біріктіру мүмкіндігінің болуын; Орталық Азия мемлекеттерінің ішкі саясатына араласпауын; Орталық Азияға қатысты қытайлық жобамен бірлесіп әрекеттесу мүмкіндігінің болуын атауға болады.

Ресейдің Орталық Азияға қатысты жобасының *әлсіз тұстары* ретінде аталған елдің қайта кеңестендіру саясатына аймақ елдері саяси элитасы ортасында қарсылықтың пайда болуын; құрлықтағы көлік дәлізі мен энергетикалық инфрақұрылымды қалыптастыру жөнінде қандай да бір ресейлік жобаның болмауын атауға болады.

Ал енді ҚХР-ның Орталық Азияға қатысты геосаяси жобасының *күшті тұстары* ретінде – аймақ елдерінің экономикасына шексіз қаржы салымдарын беру мүмкіндігін; аймақтағы ресейлік жобамен бірлесіп әрекет жасау мүмкіндігін; Ресеймен және Орталық Азия мемлекеттерімен ешқандай идеологиялық тіке-тірестің болмауын; ШЫҰ-ы қызметіндегі әскери құрамды арттыруға даяр екендігін атауға болады.

Қытай Халық Республикасы мен Орталық Азия елдері арасындағы өркениеттік айырмашылықтарды және аймақ халқы арасында қытайлық демоеграфиялық экспансияға қарсы көңіл-күйдің арта түсуін, Қытайдың Орталық Азияға қатысты геосаяси жобасының *әлсіз тұстары* ретінде атап өтуге болады. АҚШ, РФ және ҚХР-ның Орталық Азияға қатысты геосаяси жобаларын іске асыру мүмкіндіктерін келесідей түрде атап өтуге болады.

АҚШ-тың Орталық Азия елдеріне қатысты *мүмкіндіктері* біріншіден, Қырғызстан мен Тәжікстаннан Ауғанстан мен Пакистанға электр қуатын жеткізу әлеуетінің болуы. Екіншіден, Ауғанстан территориясы арқылы Түрікменстан газ кеніштерін Пакистан мен Үндістан тұтынушыларымен және осы елдердегі реэкспорттаушылармен байланыстыру мүмкіндігі. Үшіншіден, Орталық Азия мен Оңтүстік Азия елдерімен аймақ мемлекеттерінің сауда-экономикалық байланыстарын диверсификациялау мүмкіндігі.

Ал Ресей Федерациясының Орталық Азияға қатысты геосаяси жобасын іске асырудағы *мүмкіндіктер* қатарында, болашақта ҚХР-мен сауда-экономикалық қатынастарды сақтап қалу мүмкіндігі; ҰҚШҰ бойынша қауіпсіздік деңгейін арттыру мүмкіндігі болып отыр. ҚХР-ның Орталық Азияға қатысты геосаяси жобасын іске асырудағы басты *мүмкіндік* сауда әріптестерді диверсификациялау; Орталық Азия нарығына арзан қытайлық тауарлардың енуі; аймақ елдері экономикасының жетекші салаларына, негізінен газ-мұнай және энергетика саласына инвестиция салу болып отыр.

АҚШ, РФ және ҚХР-ның Орталық Азияға қатысты геосаяси жобаларын іске асырудың аймақ елдері үшін *қатерлерін* келесідей тұжырымдауға болады. АҚШ-тың Ауғанстанда іске асырып жатқан шараларының сәтсіз аяқталуы салдарынан болашақта Орталық Азия аймағы ауғандық кеселге ұшырауы мүмкін. Ол аймақта террористік және діни-экстремистік топтардың белсенділігінің арта түсуінен, есірткі тасымалы көлемінің ұлғаюынан, этникалық қақтығыстардың орын алуынан көрініс беруі мүмкін. Ал Ресей геосаяси жобасы жүзеге асуы барысында Москва-Пекин стратегиялық білігінің қалыптасуына жол бермеуге талпынған Вашингтонның әрекеті экономика, қауіпсіздік саласында орыс-қытай мүдделерінің қақтығысуын қоздырушы катализатор болу қатері бар. Осының салдарынан Арктикада орыс-қытай бәсекелестігі пайда болып, екі ел арасындағы қатынастар түбегейлі шиеленісіп кетуі мүмкін. Ал бұл өз кезегінде Ресей мен Қытайдың Орталық Азиядағы ықтималды ынтымақтастығын жоққа шығару қауіпін тудырады [3]. Осыдан-ақ орыс-қытай жобаларының бәсекелесетін тұстары да жетерлік болғанымен, олардың өзара ынтымақтастық жағдайда болу мүмкіндіктері де баршылық. Атап айтқанда, қытайлық «Ұлы жібек жолы» жобасы ауқымында қарастырылған еркін сауда аумақтарды құру ісі аталған жобаның көліктік-логистикалық инфрақұрылымы бола отырып, еуразиялық құрылымдардың әрекет ету ұстанымдарына қайшы келмейді. Бұның мысалы ретінде Қазақстан-Қытай шекарасында Халықаралық «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастық орталығының табысты жұмыс атқаруын айтуға болады.

Осы тұрғыдан алғанда, Қытай мен Ресей арасында өзара толықтырмалы геосаяси стратегияның болуына екі себеп бар. Бірінші себеп - екі тарапқа да ортақ бәсекелес АҚШ-тың болуы. Екінші себеп – екі елдің де Орталық Азияға географиялық жақындығы осы аймақтың маңызды даму аспектілері бойынша олардың тиімді шараларды, ең алдымен, қауіпсіздік пен экономика салаларында іске асыруға талпыныстары болып отыр. Алайда, бұндай симбиоздың болуына қарамастан, тараптар арасында бәсекелестік жағдайдың орын алуына алып келетін бірқатар себептер де бар. Атап айтқанда, 2013 жылы Орталық Азия елдеріне сапары барысында Си Цзиньпин Қытайдың Орталық Азиядағы басты сауда әріптестері болып табылатын Қазақстан мен Өзбекстанға өзара сауда-экономикалық қатынастардағы есеп айырысуды юань негізінде жүзеге асыруға ұсыныс жасай отырып, ҚХР-мен ынтымақтасу оларға пайдалы екендігін және аталған Орталық Азия елдерінің көлік-энергетика саласында миллиардтаған контракті жасауға шақырды. Сондай-ақ, Қытай аталған екі тарапты келісімдердің Қазақстан мен Өзбекстанның егемендігі мен тәуелсіздігіне ешқандай нұқсан келтірмейтіндігіне кепілдік берді. Атап айтқанда, Қытай ұсынған Даму банкі мен ШЫҰ-ы шоттары бұл елдердің экономикалық дербестігіне қатер тудырмайды, оның үстіне, Қытай бұл елдермен тек экономика және сауда салаларындағы қатынастардың саяси салаларға ықпал етпейтіндігіне де кепілдік берді. Қытайдың бұлайша сақтықпен әрекет жасауына ең алдымен посткөнестік елдердегі Қытайға қатысты теріс көңіл-күйдің орын алуы себеп болуда. Сондықтан Қытай өзінің Орталық Азияға қатысты геосаяси жобаларында аталған елдердің мемлекеттік тәуелсіздігі мен егемендігіне зиян келтіретін мақсаттар міндеттердің ашықтан-ашық көзге түсіп қалмауына басты назар аударады [4, 29].

Дегенмен, соңғы уақытта Москва мен Пекиннің Орталық Азиядағы өзара мүдделері осы екі елдің аталған аймақта олар үшін дәстүрлі емес салаларда қақтығысу әлеуеті бар. Бұған Ресейдің Орталық Азияда экономика саласында белсенділігінің артуы, ал, Қытайдың әскери салада белсенділік танытуы дәлел болады. Украинаға байланысты Ресейдің Батыс әлемімен қатынастарының нашарлауы бұл елді Орталық Азияның мұнай-газ, көмір-темір, сауда және көлік-коммуникация салаларында белсенділік



танытуға итермелеуде. Ал Қытай болса, өзінің осы уақытқа дейін Орталық Азиядағы қол жеткізілген сауда, экономикалық жетістіктерін ендігі жерде әскери салада бастама көтеру жолымен нығайтқысы келетіндей. Мысалы, 2013 жылғы ШЫҰ елдері қорғаныс министрлерінің Душанбедегі мәжілісінде ҚХР-ның қоғамдық қауіпсіздік министрі Го Шенкун қауіпсіздік қатерлеріне қарсы тұру үшін ШЫҰ-ның Орталығын құру ұсынысын Қытай жетекшілігінің Орталық Азиядағы сыртқы саяси ықпалын әскери құралдар арқылы арттыруға тырысқандығы деп бағалауға болады. Себебі, «Ұлы Жібек жолының экономикалық дәлізі» жобасын іске асырудағы негізгі міндет Қытайдың әскерилендірілген Өндірістік-құрылыс корпусына жүктелген. Ал бұл корпусның басты міндеті оның атауына қарамастан, Шыңжаңдағы ішкі тұрақтылықты қамтамасыз ету және мемлекеттік шекараны күзету болып табылады. Ал аталған мәселелерде бұл корпус Қытайдың Халық-азаттық армиясымен тығыз байланыста [5]. ҚХР-ның бұндай әрекетін бірқатар американдық мамандар болашақта «күтпеген империяның» пайда болуына алып келуі мүмкін деп санайды [6].

Сонымен қатар, орыс-қытай ынтымақтастығының бұзылуына аталған елдердің өзге де аймақтардағы бәсекелестігінің орын алуы себеп болуы әбден мүмкін. «Үлкен Орталық Азия» концепциясын даярлаушыларының бірі АҚШ Армиясы Әскери академиясының профессоры С.Блэнк: «Ресей мен Қытайдың Арктикадағы бәсекелестігі орыс-қытай қатынастарының бұзылуында жетекші фактор боады», -деген болжам айтады [7]. Ал өз кезегінде аталған концепция «Жаңа Ұлы Жібек жолы» геосаяси жобасының негізі болып табылады. Аталған жоба АҚШ-тың шекарасынан шалғай аудандарда «басқарылатын хаос» стратегиясын таратуға сәйкес осы елдің геосаяси прагматизмі негізінде жүзеге асырылуда. Бұның дәлелі ретінде, ең алдымен, Вашингтонның Орталық Азия елдерінде орын алып жатқан адам құқықтары бұзылуына қатысты көпірме сөзі мағынасының күрт өзгеруін айтуға болады. Осы контексте АҚШ мемлекеттік хатшысының Оңтүстік және Орталық Азия бойынша бұрынғы көмекшісі Р.Блейк «АҚШ Орталық Азия мемлекеттерімен қатынастарында жетекші орынды адам құқықтарына бермейді» деген болатын [8]. Сонымен қатар, RAND Corporation қызметкерлерінің сараптамалық жұмыстарында Өзбекстан Ислам Қозғалысы (ӨИҚ) саяси үдеріске тартылуға тиісті көтерілісшіл оппозициялық қозғалыс ретінде қарастырылады. Осыдан-ақ, АҚШ-тың адам құқықтарына қатысты позициясының амбиваленттілігінен аймақта «тұрақсыздық инъекциясы» механизмдерін енгізу арқылы Орталық Азия мемлекеттерінде саяси жүйелерді өз уысында ұстау, қажет болған жағдайда, олардың іргесін шайқалту екендігін көруге болады [9]. Осындай саясат ұстану барысында АҚШ Ресейдің Еуразиялық экономикалық одақ жөніндегі жобасына теріс көзқарасын білдіре отырып, Қытайдың Орталық Азиядағы экономикалық интеграция бастамаларына бейтараптық танытуда. АҚШ бұндай позицияны Оңтүстік-Қытай теңізінің ресурстары үшін Қытай мен Жапония, Филиппин және Вьетнам арасындағы шиеленістің қарқындауы жағдайында ұстанып отыр. Оның басты себебін Американдық ұлттық мүдделер орталығының қызметкерлері « АҚШ осындай позиция ұстану арқылы Пекин-Москва білігі бойынша ынтымақтастықтың күшеюіне жол бермеуге және өзінің жоғарыда аталған одақтастарының көмегімен Қытайдың Тынық мұхит аймағындағы ықпалын әлсірету арқылы оның Орталық Азиядағы үстемдік жағдайды иемденуіне жол бермеу» деген пікірді ұстануда [10].

Орталық Азияға қатысты АҚШ, Ресей және ҚХР-ның геосаяси жобаларын түйіндей келе мынандай қорытындылар жасауға болады. Біріншіден, Орталық Азия мемлекеттері өздерінің даму бағыттарын таңдау алдында тұр. Екіншіден, қауіпсіздік мәселелері бойынша күрделі аймақтық ландшафт орыс-қытай қатынастарын оңды бағытта дамытудағы басты доминанат болып табылады. Үшіншіден, РФ мен ҚХР-ның Орталық Азияға географиялық жақын орналасуы олардың аталған аймақта экономика және қауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларында күш біріктірулеріне оңды ықпал етуде. Бірақ, Вашингтон ұмтылыс танытып отырған олардың арасындағы бәсекелестік екі актордың позицияларына теріс әсер беруі мүмкін. Дегенмен, АҚШ Москва және Пекинмен бір мезетте шиеленіске түсе алмайды. АҚШ тарапынан Украинаға байланысты Ресейге қысымның күшеюі, Москваны Пекинмен тығыз әріптестікке итермелеп отыр. Ал бұндай жағдайдың АҚШ үшін әскери-саяси және сауда экономикалық салдарлары аур болуы мүмкін [11].

Төртіншіден, аймақ елдерінің қауіпсіздігі Еуразиялық экономикалық одақ интеграциялануға бет алған елдердің мәдени-тарихи байланыстарын ескерер болсақ, онда бұл жоба көліктік-энергетикалық дәліздерді дамыту жобаларын даярлау мен оны іске асыру және осы жаңа тұрпаттағы кеңестік емес интеграциялық бірлестікке ортаазиялық елдердің енуінің тиімділігін уағыздайтын ақпараттық саясат жүргізілген жағдайда аталған жоба басымды жобаға айналуы мүмкін.

1 США пригрозили России еще большей изоляцией // *Сегодня*. Уа. 22.04. 2014.

2 *Центральная Азия. Геополитика и экономика региона. Институт стратегических оценок и анализа*. – М., 2010. – С. 158.

3 Парамонов В., Строков А., Столповский О. Политика России и Китая в Центральной Азии. Доклад независимых экспертов. [antidrugfront.ru/library/00257.html](http://antidrugfront.ru/library/00257.html)

4 Парамонов В., Строков А., Столповский О. Внешняя политика Китая в Центральной Азии. 2008. - С. 29.

5 Исмаилов Р. Военизированные структуры Китая. Кто контролирует границы СУАР (28 мая 2014) // URL: <http://www.regnum.ru/news/polit/1807314.html>

6 Merry R. An Important Voice, Silenced: Remembering Alexandros Petersen (22 января 2014) // URL: <http://nationalinterest.org/commentary/important-voice-silenced-remembering-alexandros-petersen-9750>

7 Blank S. Enter Asia: The Arctic Heats Up (23 апреля 2014) // URL: <http://www.worldaffairsjournal.org/article/enter-asia-arctic-heats>

8 Роберт Блейк: Права человека остаются приоритетом для США в Центральной Азии (31 января 2012) // URL: <http://www.fergananews.com/news/18054>

9 Olikier O., Szayna T. Faultlines of Conflict in Central Asia and South Caucasus: Implications for the U.S. Army. – Published by RAND, 2003. – P. 104.

10 Kaplan R. The China Challenge (21 августа 2012) // URL: <http://nationalinterest.org/commentary/the-china-challenge-7372>

11 Simes D. K., Saunders P. S. And the Winner in Ukraine is... China (12 марта 2014) // URL: <http://nationalinterest.org/commentary/the-winner-ukraine-is-china-10034?page=3>

### Резюме

В статье дается SWOT анализ геополитическим интересам США, КНР и РФ в Центральной Азии. При этом выявлены: совпадение, противостояние интересов, возможность их использования главными акторами для укрепления своих позиций в Центральной Азии.

В статье также исследованы геополитические концепции, влияющие на формирование торгово-экономических интересов России, США и Китая в Центральной Азии, раскрыто содержание понятий: «интерес», «баланс сил», «механизм реализации государственных интересов» и других. Кроме этого, в статье изучены геополитические особенности Центральной Азии, вызывающие повышенный интерес мировых и региональных акторов и их стремление к сотрудничеству со странами региона.

**Ключевые слова:** Центральная Азия, США, Россия, Китай, геополитические проекты, конкуренция, столкновение интересов, возможности, сотрудничество, слабые стороны, сильные стороны

### Summary

In article is given the SWOT analysis to geopolitical interests of the USA, People's Republic of China and the Russian Federation in Central Asia. Thus are revealed: coincidence, opposition of interests, possibility of their use by the main actors for strengthening of the positions in Central Asia.

In article the geopolitical concepts influencing for the formation of trade-economic interests of Russia, the USA and China in Central Asia are also investigated, opened the content of concepts: "interest", "balance of forces", "mechanism of realization of the state interests" and others. Besides, in article studied the geopolitical features of Central Asia causing keen interest of world and regional actors and their aspiration in cooperation with the countries of the region.

**Key words:** Central Asia, the US, Russia, China, geopolitical projects, competition, conflict of interest, capabilities, cooperation, weaknesses, strengths

ӘОЖ: 31411 (09) (574-430)

## ҚАЗАҚСТАНҒА НЕМІСТЕРДІҢ ҚОНЫС АУДАРУЫ (XIX Ғ. СОҢЫ МЕН XX Ғ. БАСЫ)

**Т.А. Әпендиев – Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының PhD докторанты**

Ұсынылып отырған ғылыми мақалада, XIX ғасырдың соңғы ширегінен бастап 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейінгі уақыт аралығында Қазақстанға неміс этносы өкілдерінің қоныс аудару процесі қарастырылады. Қазіргі таңда Қазақстанда өмір сүріп жатқан немістердің Қазақстан аумағына ең алғашқы қоныстанушылары XIX ғасырдың соңғы ширегінен бастап көшіп келді және олар Қазақстанда бірқатар уездердің, болыстар мен ауылдардың құрылуына негіз болды. Қазақстанға қоныс аударған немістердің орналасу аймақтары мен олардың тұрмыстық жағдайын зерттеу мақаланың бастыміндеттерінің бірі болып табылады.

**Тірек сөздер:** немістер, этностар, Қазақстан, көші-қон, Поволжье, Ресей, демография, қоныстану

Қазіргі уақытта Қазақстанда өмір сүріп жатқан әрбір өзге этнос өкілдерінің Қазақстан территорияларына көшіп келу, қоныстану тарихы бар. Қазақстанда өмір сүріп жатқан өзге этностардың ішінде ең көп тараған және өзінің көшіп келу, қоныстану тарихы бар халықтардың бірі неміс этносы. Немістер Қазақстан территориясын XIX ғасырдың соңғы ширегінен бастап мекен етіп, қазіргі уақытқа дейін көпэтносты Қазақстанда өмір сүріп келеді және Қазақстан Республикасын өздерінің ата-мекені деп санайды.

Қазақстанға немістердің қоныс аудару тарихын зерделейтін болсақ, алғаш рет немістердің Қазақстан территориясына жер аударуы 1880 жылы Сырдария облысы Әулие-ата уезінен басталды. Бұл аймақтарға Таврия губерниясындағы Бердянск уезі мен Самара, Новоузенск уездерінен келген немістер орналасты. Олар жүз отбасы көлемінде болып, Талас өңіріне келіп қоныстанды. Мұнда 1882 жылы немістер қоныстанған төрт ауыл құрылды. Олар, Николайполь, Владимировка, Андреевка, Романовка ауылдары болып, мұның барлығы Николайпольское деген бір кішігірім ауданға бірікті. Бұл аймақтарда бір-біріне бірнеше шақырым қашықтықта орналасқан ауылдар болды.

1891-1892 жылдары Орта Азия мен Қазақстанға немістердің жаппай жер аударуы, Поволжьеде астықтың шықпай қалуы мен осы өңірлерде аштық жайлауының себептеріне байланысты орын алды. Осыдан соң немістер мен өзге де этностардың жаппай көшу факторлары орын алды. Олар жан-жаққа көшіп, Қазақстан мен Орта Азияның басқа да аймақтарына қарай көшті. Осы жылдары Ташкент уезінде Константиновка поселкасы құрылып, онда 84 неміс отбасы қоныс тепкен. Мұндағы немістердің жалпы саны 482 адам болды [1]. Осы ретте жер аударған белгісіз бір куәгердің сөзін мысалға келтірсек, былайша баяндайды: «23 колонна жиналды..., олардың барлығы да кедей халық болды – біреулерінде тіпті жерлері болмаса, бірінде өте аз болды. Амурға баруды ұйғарғанбыз, Орынборға жеткенде, жер аударушылардың бастығы: сендер кедей халықсындар, қалай алысқа бармақсындар, одан да Ташкентке барындар» деген нұсқау айтты. Қазалыға жеткенде ары қарай жүрмек түгілі, жейтін азық қалмады. Қысты Қазалыда өткіздік, қыс бойына бізге басшылық тарапынан көмек берді, ал содан соң Ташкентке қазына есебінен жеткізді. Жерді игердік, әр отбасыға – 6 десятина суармалы жерден берілді, су берілген соң әр құлаш жерді жыртып егіншілікті бастадық» [2, 280-281 бб.].

Ендігі кезекте, Ақмола облысына жер аударылған Поволжье немістерінің жағдайына келсек, поволжье-лік немістер де көшіп-қону барысында аз қиыншылық көрмеді. Олар неміс және орыс тілінде жазылған кітаптан Ресейдің шығысында жаңа жер бар екендігі туралы оқып біліп, Ресейдің еуропалық бөлігінен шығады. Ресейдің бұл аудандарынан шыққан немістер бірнеше жылдар бойына Шығыс аудандарға қарай жылжып отырды. Олар алғашында Орынбор губерниясында тұрақтап, онда жерді жалға алу арқылы өмір сүрді. Одан соң Омбыға қарай қоныстанып, осы өңірлерде тұрақтады. Олар Омбы мен Ақмола уездерінде мемлекеттік суармалы жерден учаске берілгенше осылай өмір сүрді. Мұнда 1893 пен 1896 жылдары немістердің алты ауылы құрылды. Олар Александровское, Поповка, Новинка, Привальное, Красноярка және Сосновка болып, бұл ауылдарды біріктіретін Александровка деген болыс құрылды [3]. Сол уақытта мұнда қоныстанған немістердің бір бөлігі Ақмола уезіне жіберіліп, онда 1895 жылы Романовка поселкесі құрылды, ал 1896 жылы Рождественка поселкесі құрылды [4]. Сонымен бұл 8 ауылда 452 неміс отбасының үйі болып, олардың жалпы саны 3,057 адам болды. 1900-1901 жылдары жер аудару есебі бойынша бұл екі уездегі шаруа халықтың 8% жуығын құраса, соның ішінде Омбы уезі – 14% құрады. Аудан орталықтарына бәрінен бұрын Самара (232 отбасы), Саратов (71 отбасы), Волынь (9 отбасы), Ставрополь (29 отбасы) губерния, Кубань облысынан 14 отбасы келіп қоныстанды. Соңғы екінші әкімшілік санақтан байқағанымыз, Поволжьеде келген немістер онда 1860-1870 жылдары жер аударылып, жалға учаскелер алып өзінің шаруашылығын жүргізді.

Ресей империясының 1897 жылы халық жүргізген халық санағы есебінің бірінші қорытындысы бойынша, Орта Азия мен Қазақстанда 8.870 неміс тұрған, оның ішінде 3.020-і қалада (34% жалпы есеппен), ал уездерде – 5.850 адам (66%) [5]. Империяда бүтіндей 1 млн. 790 мың неміс болса, қалада 23.3% мекендеді, ауылдық жерлерде – 76,7% қоныстанды. Қазақстандағы қала халқының жоғары әрі маңызды бөлігі немістердің Степное өлкесінде XVIII ғасырда пайда болғанына байланысты, ал өздерін көбінесе қала тұрғындары ретінде көрсететіндер, негізінен Балтық бойынан немесе ірі қалалардан келген – әскери, жергілікті әкімшілік өкілдері, өзіміз айтып кеткендей 1890 жылдың басынан бастау алды.

Қазақстанда неміс халқын облыс пен аймақтарға орналастыру әр түрлі болды. Қалада тұрған неміс халқы бәрінен бұрын шалғай орталықтарға жинала бастады: Ташкентте – 554 және Омбыда – 437 адам, сондай-ақ, Ақмолада – 205, Оралда – 95, Семейде – 47 адам барды, және басқа да қалаларға орналасты. Санақ кезінде неміс шаруа халқының көпшілігі тек Ақмола және Сырдария облыстарында тұрды, Ақмолада – 1.178, Омбыда – 2.878, Әулие-атада – 682 және Ташкент уезінде – 512 жан болып, олар онда жер аударылғандар тұратын 14 поселкесін құрды (Сырдарияда – 6, Ақмола облысында – 8) [6].

Осы секілді көпшілік бір тектес ұлттар қоныстанған ауылдарды мекендеді. Бұл Жер аудару басқармасының арнайы саясатына байланысты жаңадан көшіп келушілермен шаруа қоғамын тұрғылықты түрде бір учаскеге, ал туыстас отбасылар мен бір жерден көшіп келген адамдарды бір жерге қоныстандыру мақсатында жасалды. Тағы бір айта кетерлігі қазақ, орыс, украин халықтарынан діни жағынан да, тілдік және тұрмыстық жағынан да ерекшеліктері бар неміс халқы бөлек шоғырлануды қалады. Немістердің тек жеке шаруа отбасылары ғана орыс немесе украин халықтарының ауылдарында бөлек шоғырланды.

Торғай облысына көбінесе Оңтүстік Ресейден шыққан адамдар көшіп келді. Олардың барлығы дерлік Қостанай уезінде қоныстанды. Бұл жерде алғаш неміс ауылы 1901 жылы Озерное, 1902 жылы Надеждинка және Воскресеновка, 1904 жылы Нелюбинский, Семеновский, Викентьевский ауылдары құрылды. Губерния бойынша осы ауылдардың (Озерноедан басқа) тұрғындарын қарастырсақ, Революцияға дейін Азия аймағындағы елдерде неміс халқының көпшілігі санақ бойынша алсақ олардың басым бөлігі Ақмола облысында болған. Бұл ауылдық облыстардың климат бойынша да ботаникалық ылғалды жағдайында немістердің Поволжьесімен ұқсастығын аңғартады, бұл неміс халқының суармалы ауыл шаруашылығымен айналысуына, сондай-ақ үлкен көлемде жеке ауыл шаруашылығымен айналысып жерлерді игере алатындығын көрсетті [7].

1915 жылы Ақмола облысында 56 ауыл, жер көлемі 13, 532 жанға арналған 260.518 десятина жерде 27 мыңға жуық адам болды. Уез бойынша олар былайша орналасты: Омбыда – 20 ауылдық уез болса, Ақмолада – 16, Көкшетауда – 12, Атбасарда – 7, Петропавлда – 15 қана уез болды. Енді осы уездерді болыстар мен жерге байланысты жіктесек. Айта кетерлігі ауылдың құрылған уақыты әрқашан жердің заңды түрде берілген уақытымен сәйкес келе бермейді, себебі онда тұратын шаруалардың көпшілігінің заңды тұратын тұрғылықты мекен-жайында тіркелмейтін еді. 1897 жылы, яғни бірінші дүниежүзілік соғыстың басталу кезеңінде немістердің жерін сатып алу науқаны басталды, олардың меншігінде 73.234 десятина 89 учаскеге орналасқан жер болатын.

XX ғ. басында Семей облысында да немістер көптеп өмір сүрді [8, 52-55 бб.]. Семей облысына немістердің жер аудару науқаны үлкен көлемде 1907 жылы басталды. Бұл көш 1906 жылы 10 наурызда шыққан жер аудару қозғалысын ұлғайту туралы заңмен байланысты болатын. Неміс шаруалары үлкен төрт жер учаскелерінде қоныстанды, 12 ауылға бөлінді: Тасқұдық учаскесінде Гнаденталь (Борисовка), Штейнфельд (Федотовка) және Гальбшадт, Талдықұдық учаскесінде – Константиновка, Ровнополье, Тұрсынбай учаскесінде – Заборовка, Софиевка, Доминское және Раевское деген ауылдар болды [9, 85–86 бб.]. Бұл аймақтар да Новороссиядағы секілді ауылдық жерлер болуына байланысты мұнда отбасылар мен тұрғындар саны 30-40 отбасы, 200-300 тұрғыннан артық болмады. Облыстан бөлек, Павлодар уезіндегі немістер лютеран дініне бағытталған діни нанымда болып, олар мұнда Розовка, Акимовка, Ульяновка, Луганское, Анастасьевка, Новоивановка, Никитовское деген ауылдардың негізін қалады. Сонымен барлығы 17 неміс ауылы құрылды, негізі дерлік менониттерден жинақталған адамдар Павлодар уезінің Оңтүстік оң жағалауына орналасты. Олар жалпы Павлодар уезінде 13 ауылында болды [10, 91-95 бб.].

1907-1910 жылы неміс халқының көптеген өкілі Павлодар уезіне де көптеп қоныстандырылды. 1908 жылы Павлодар уезіне жер аударғандардың 3\1 неміс халқының шаруалары құрады, ал келесі 4 жыл бойынша олар елге қоныс аударғандардың 10\1 бөлігін құрады. 1909 жылы Семей губерниясы мен Троицкийде жер аударушы колоннаның үлкен көлемде азауы жер аудару басқармасының көпшілікті қатты қысымға алып шектеу қоюының әсерінен [11, 77-78 бб.] болған еді.

Бірінші Дүние жүзілік соғыстың алдында аймақ бойынша неміс халқының жалпы ортақ саны жеті мыңнан астам адам болған деп есептеледі. Оның 6,5 мыңға жуығы суармалы жерлерді мекендеген. Ал қалада 728 неміс тұрған. Бұл кезеңде Павлодарда – 649, Семейде – 51 неміс болды деп есептеледі [12, 21 б.]. Сатып алынған жерде ауыл құрылып, онда 45 отбасы, 250-ге жуық адам тұрды. Жалпы ортақ есеп бойынша неміс халқы 0,77% құрады, ал Павлодар уезінде – 2,7% болды. Сондай-ақ, Өскемен уезінде аздаған топтар мен католиктер де болды [13, 19 б.].

1906 жылдан бастап неміс халқының қоныстанған бөлігі Сырдария облысында байқала бастады, сондай-ақ Әулие-атада бірнеше облыстық уездер мен ауылдар, көптеген ұсақ болыстықтар, бәрінен бұрын қазақ пен қырғыз халқының жерлерін жалға алу басты назарда тұрды. 1908 жылы Ивановский (Иоганнесдорф) болыстық ауылы құрылып, бұл ауылда Поволжьеде келген 45 отбасы неміс болды. Николайпольскіде көптеген жері жоқ қоғамның өтініштеріне 1907 жылы жергілікті әкімшіліктің қолдауымен Шу өзенінің жоғарғы жағынан Алексеевка ауылы құрылды.

Ташкент уезінде Константиновка ауылында XX ғасырда Поволжьеде келген немістердің жерлестері мен туыстары келе бастады, 1910 жылы қарай онда 90 отбасы тіркеуге алынбаған шаруалар жиналды. Әкімшілік бұл жағдайды қарастыруға мәжбүр болды, нәтижесінде Ақжар станциясынан алыс емес жерден, жер көлемі 1. 000 десятинаға жуық бұрын өздері жалға алған жер берілді. Осылайша Степное ауылы құрылды. 1912 жылы Сырдария облысындағы неміс халқының саны 7.628 адам деп есептелді.

Қазақстанның басқа аймақтарында неміс халқы аз кездесті. Жетісу облысында бірде-бір неміс ауылы құрылмады [14, 18-19 бб.]. 1909 жылы Орал облысында Придорожный ауылы құрылды, Херсон, Таврия, Торғай және т.б. облысына келген 185 католик, 260 лютеран, 20 баптист санаққа алынды, сондай-ақ Құрсай ауылында 204 православ, 7 католик, 208 лютеран келсе, соңғы лек Бессарабия губерниясынан

(Екеуі де Орал уезі) келіп қоныстанды [15, 55-56 бб.]. Жергілікті азаматтардың айтуынша Орал облысында немістердің жалпы саны ХХ ғасырдың 2-ші онжылдығында 800 адамнан кем емес, яғни барлық облыс бойынша халық 0,1% жуық құраса, Орал уезі бойынша 0,2% құрады.

І-ші Дүниежүзілік соғыстың алдында неміс халқының Қазақстан аумағы бойынша жалпы ортақ саны 63.500 адамға жақын болды. 1897 жылы есеп мәліметімен салыстыра қарағанда 9 есеге артқан. Қарастырылып отырған аймақ бойынша бұл этникалық топтардың жалпы халық саны 0,8%-ға жуық болды. Зерттеп отырған кезеңде неміс халқының жалпы санының абсолюттік тұрғыдан ұлғаюы Ақмола облысында белгіленді – 31.248 адам, Торғайда – 11.633, Семейде – 6.900 және Сырдарияда – 5.741 адам есепке алынған еді.

1910 жылдың басында Омск газеті былай деп жазды: «Ақтөбе облысының оңтүстігінде 5 жыл өмір сүрген немістер қайтып келіп жатыр. Олар астықтың ұзақ уақыт шықпауын көтере алмады, дегенмен бұл адамдар күн көріс қамымен, Сібірге келгенде оларға әр отбасыға 600–700 рубльден беріліп отырды» [16].

1911 жылы Әулие-ата уезі Орловка ауылында жері жоқ 29 отбасы болса, Омск уезі, Привальный ауылында 8 отбасы тіркеуге алынды. Олардың бұнда пайда болуы, Батыс Сібірде егіннің шықпауына байланысты еді. Николаевский уезі Самара губерниясынан және Камышенский уезі Саратовский, Новоузенскийдан айдалған адамдар, Ташкент уезі Степное ауылының негізін қалаудан бұрын, «көптеген колонистер орыс жер аударушылары секілді, әр түрлі жерлерде өмір сүріп көрді, мәселен Кавказда, Сібірде, Закаспийский облыстарында тұрған, бірақ олар ол жерге сіңісіп кете алмаған, жердің аз болуынан, жал пұлдың қымбат болуынан, нашар жердің кездесуінен т.б. ал кейде тіпті, мысалы Сібірдің суығына төзе алмағандықтан кеткен».

Немістердің орналасуы еш жерде жүйелі түрде болмады, олар әдетте бір-бірінің жанына 3-4 ауыл болып қоныстанды. Омск уезінде неміс халқы бар 3 болыс болды: Александровское, Новинская, Розовская; Ақмолада – Долинская, Лифляндская (Покерная), және Рождественская; Павлодар уезінде – Вознесенская және Новоиновская. Ережеге сәйкес ауылдар моноұлттық және моноконфессионалды, сондай-ақ діни уәкілеттілік туралы сұрақтар ауыл қоғамының жалпы күнделікті өміріне үлкен әсерін тигізді, осы орайда әкімшілік әртүрлі қиындықтарды болдырмау үшін бір учаскеге бір дінді ұстанатындарды қоныстандырды [17, 176-177 бб.].

ХХ ғасырдың 2-ші онжылдығында Қазақстанда неміс халқы үлкен этникалық топ болып саналды, олар санақ бойынша тек қазақ, өзбек, орыс украин, татар және ұйғыр халықтарын ғана өзінен ілгері жіберді. Неміс азаматтары бәрінен бұрын шеткі орталық аймақтар Ташкент және Омбыда, сондай-ақ Павлодарда, Петропавлда, Ақмолада, Оралда мекендеді. Шаруа халықтың көп бөлігі негізінен – Омск, Көкшетау, Ақмола облысы Ақмола уезінде, Торғай, Қостанай, Семей облысы, Павлодар уезінде қоныстанған болатын. Шығу тегі жағынан бұлар Поволжье немістері (Сырдария облысы, Ақмола және Омск уездерінде) Оңтүстік Ресей отарлаушылары (Көкшетау, Қостанай, Павлодар уезі Транссібір магистралі Петропавл-Омбы линиясы жанындағы қазақ офицерлерінің жерін игерген) болатын. Діни өкілеттілік бойынша барлық аймақтарда лютеран, католик, менонит, адвентист, баптист сеніміндегі адамдар болды.

1 Юферов В.И. Опыт определения нормы надела переселенцев по данным исследования селений Черняевского, Кауфманского и Константиновского Ташкентского уезда. - Ташкент, 1907.

2 Кауфман А.А. По новым местам. Очерки и путевые заметки. 1901-1903. - СПб., 1905.

3 Материалы по переселенческому хозяйству в Степной и Тургайской областях, собранные и разработанные Экспедицией по исследованию Степных областей. Том V. Омский уезд Ақмолинской области. - СПб., 1907.

4 Материалы по переселенческому хозяйству в Степной и Тургайской областях.... Том II. Ақмолинский уезд Ақмолинской области. - СПб., 1907.

5 Первая всеобщая перепись населения Российской империи, 1897 год. Краткие общие сведения по империи. Распределение населения по главнейшим сословиям, вероисповеданию, родному языку и некоторым занятиям. - СПб., 1905. – С. 4-6 (табл. 1).

6 Составлено автором по материалам: Первая всеобщая перепись населения Российской империи, 1897 год. Уральская область. Вып. 88. – СПб., 1904; Тургайская область. Вып. 87. – СПб., 1904; Ақмолинская область. Вып. 81. – СПб., 1904; Семипалатинская область. Вып. 84. – СПб., 1905; Астраханская губерния. Тетрадь 2. – Вып. 2. – СПб., 1904; Семиреченская область. Вып. 85. – СПб., 1905; Сыр-Дарьинская область. Вып. 86. – СПб., 1905; Закаспийская область. Вып. 82. – СПб., 1905.

7 Материалы по обследованию переселенческого хозяйства в Кустанайском и Актюбинском уездах Тургайской области. – Таблицы. – Часть I. - СПб., 1907.

8 Обзор Ақмолинской области за 1914 год. – Омск: Изд. Омского стат. ком., 1915. – 78 с.

9 Gerhard Fast: In den Steppen Sibiriens. Rosthern, 1957 – S. 144.

10 Freie Flur. Deutscher Bauernkalender. – Pokrowsk, 1927. – S. 127.

11 Бекмаханова Н.Е. Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма (60-е годы XIX века – 1917 год). - М., 1986. – С. 164.

12 Обзор Семипалатинской области за 1911 год. – Семипалатинск, 1912. Табл. I.

13 Частновладельческие хозяйства в Семипалатинской области. - СПб., 1912. – С. 41.

14 Обзор Семиреченской области за 1911 год. - Верный, 1912. – С. 32.

15 Итоги разработки материалов подворного обследования хозяйств Уральской области к 1 января 1911 года и сведения о переселенческих поселках. – Уральск, 1911.

16 Омский телеграф. – 1910. – №17.

17 Общая численность населения областей и региона в целом взяты из: Бекмаханова Н. Указ. соч. – С. 172.

### Резюме

В данной научной статье рассматриваются миграционные процессы немецкого этноса на территории Казахстана, с последней трети XIX века до Октябрьской революций 1917 года. В конце XIX века немцы впервые переселялись на территории Казахстана и они основали нескольких аулов уездов и волостей. Они считаются предком современных немцев, которые проживают в Республике Казахстан. Исследование социально-экономическое положение и расположение переселявшихся немцев, является основными задачами научной работы.

**Ключевые слова:** немцы, этносы, Казахстан, переселение, Поволжье, демография, миграция, Россия

### Summary

In this scientific article discusses migration of the German ethnic group on the territory of Kazakhstan, with the last third of the nineteenth century until the 1917 October Revolution. At the end of the nineteenth century, Germans resettled the first time in the territory of Kazakhstan and they founded several villages counties and townships. They are considered to be the ancestor of modern Germans who live in the Republic of Kazakhstan. Study of the socio-economic status and location of the resettled Germans, is the main task of scientific work.

**Key words:** Germans, ethnicity, Kazakhstan, Volga Resettlement, demography, migration, Russia

ӘӨЖ:94(574):001.32

## Қ.И. СӘТБАЕВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ КСР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫ

*А.Б. Джакипова – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
2-курс магистранты, тарих және шетелдік студенттермен жұмыс факультеті*

Бұл мақалада Қазақ КСР Ғылым Академиясының құрылуы, соның ішінде қоғамдық ғылымдардың дамуы, жаңа ғылыми зерттеу институттарының ашылуы және олардың отандық ғылымға қосқан үлесі қарастырылған. Ғылым Академиясының құрылуы, оның құрылымы мен ғылыми зерттеу орталықтары туралы баяндалады. Ғылым академиясының ашылуына өз үлесін қосқан академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың елеулі еңбегі мен оның атқарған қызметі туралы айтылады. Сондай-ақ, Ғылым Академиясының жаратылыстану және қоғамдық ғылымдар саласындағы зерттеу жұмыстарының дамуы мен оның ғылыми зерттеу институттарының атқарған қызметіне тоқталып өтеміз. Қазақ КСР ҒА құрамында алғаш құрылған астрономия және физика, экономика, тіл білімі, эксперименттік биология, зоология, өлкелік патология, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография ғылыми зерттеу институттарының атқарған қызметтері туралы айтылады.

**Тірек сөздер:** Академия, ғылым, институт, зерттеу, қаулы, тарих

Қазақ КСР Ғылым академиясын ұйымдастырушы және оның тұңғыш президенті, КСРО және Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, Кеңестер Одағының және Қазақстанның металлогения мектебінің негізін қалаушы, Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың еліміздегі ғылым тарихында алатын орны зор. Кеңестік Қазақстанда дербес Ғылым Академиясы құрылғанға дейін КСРО Ғылым Академиясының қазақ бөлімшесі жұмыс істеген болатын. Қаныш Имантайұлы Сәтбаев сол кездерде геология ғылымдары институтының директоры, КСРО Ғылым Академиясының Қазақ бөлімшесі Төралқасы төрағасының орынбасары еді. Кейіннен өзі ұйымдастырған Қазақ КСР Ғылым Академиясының Президенті болып сайланды. Бұдан басқа ғалымның мәдениет саласы мен тарих ғылымына да қосқан үлесі зор.

Қазақ жеріндегі Ұлттық Ғылым Академиясын құру идеясы Ұлы Отан соғысы жүріп жатқан уақытта пайда болған еді. Көрнекті ғалым соғыстың қиыншылығына мойынсұнбай, Қазақ КСР Ғылым Академиясын ұйымдастыру ісін табанды түрде қолға алды.

Қазақ КСР Ғылым Академиясының құрылуы республикамыздың ғылыми тұрғыда дәлелді шешімдерін тұжырымдауға, ел экономикасының, ғылымы мен мәдениетінің өркендеуіне үлкен мүмкіндіктер ашты.

Ғылым орталығы жаңадан ашылған кезде оның құрамында минералдық ресурстар, физика-математика-

лық, биология және медицина ғылымдары сондай-ақ, қоғамдық ғылыми-зерттеу бөлімдері жұмыс істеді. Аталмыш, бөлімдердің құрамында ғылыми зерттеу институттары мен секторлар жұмыс істеді [1, 64].

Ғылым академиясының құрамына зерттеу институттары, секторлар, кітапханалар мен мұражайлар, лабораториялар, кабинеттер мен комиссиялар, сонымен бірге базалар мен филиалдар қарайды, сондай-ақ, бұл мекемелердегі тиісті салаларды жоғары білімді мамандар және қызметкерлермен қамтамасыз етеді [2, 51].

Ғылым орталығының алғашқы жылдары жүргізген зерттеулері көбінесе республиканың пайдалы қазба байлығын пайдаланудың мәселесі бойынша регионалды геология, металлогения, кен орындарын пайдалану, түсті және сирек кездесетін металдар, химия, өсімдік ресурстары, ауру таралған табиғи аймақтарды зерттеу, аңдарды жерсіндіру, қойдың жаңа тұқымы - арқар-мериносты шығару, ас қорыту және лактация физиологиясы сияқты мәселелерді қамтыса, ал тарих, тіл білімі, право және Қазақстан экономикасы саласындағы кешенді жұмыстар жаңа серпіліспен жүргізіле бастады.

Қазақ КСР Ғылым академиясы ашылғаннан кейін дербес ғылым салаларында зерттеу институттарының ашылуы етек ала бастайды. Қоғамдық және жаратылыстану ғылым салаларында көптеген ғылыми зерттеу орталықтарының ашылуы, олардың дамуына үлкен септігін тигізді. Сондай-ақ, олардың ашқан жаңалықтары мен жеткен жетістіктері де еліміздің ғылыми кешенді даму белестерін айқындай түсті [3, 36].

Алғаш құрылған кездегі Ғылым академиясының құрамында 5 бөлім, 24 институт, 2 сектор болды. Академия құрылмай тұрып, Қазақ ССР ҒА қазақ филиалы болған кезде 1942 ж. астрономия және физика, тарих, тіл және әдебиет, сондай-ақ, химия-металлургиялық атты 3 институт болған еді. 1950 ж. астрономия және физика ғылыми зерттеу орталығынан астрофизика институты бөлініп шығады. Яғни, ол Қазақ КСР ҒА болып өз еншісін алған кездегі алғашқы құрылған институт болып табылады. Оның негізгі зерттеу нысаны: аспан денелері, жұлдызаралық материя табиғаты, аспанның денелерінің химиялық құрамын анықтау болып табылады [4, 8].

1952 ж. Экономика, 1956 ж. Микробиология және вирусология, 1958 ж. Философия және право, 1961 ж. Тіл білімі, 1965 ж. Гидрогеология және гидрофизика, 1969 ж. ашылған Органикалық катализ және электрохимия,

1970 ж. физика-математика ғылымдары бөлімі құрамында Жоғары энергия физикасы институттары және тағы басқа ғылыми зерттеу орталықтары құрылған болатын [5, 8].

Әрбір ғылыми зерттеу мекемесінің атқарған іс-шаралары ғылыми қорытындылар мен теориялық жүзінде зерттелген жұмыстар, тұжырымнан өткен деректер мен аяқталған ғылыми-зерттеу жұмыстары, монографиялар, мақалалар болып баспасөз беттерінде жарияланды.

Институттар республикалық жоғары дәрежелі ғылыми қызметкерлер (докторлар мен кандидаттар) дайындау саласындағы басты зерттеу мекемелерінің бірі болды. Ғылыми зерттеу институттарының ғылымның алуан түрлі салаларынан мамандар даярлайтын және сырттай оқытатын аспирантуралық бөлімдері болды.

Институттар ішінен ауыл шаруашылығы микробиологиясы, микроорганизмдердің өсу физиологиясы, мал азығы микробиологиясы, микроорганизмдер генетикасы мен селекциясы, жалпы вирусология, вирустар генетикасы мен биохимиясы, антибиотик, микробтарды жою, осылардың бәрін іске асыратын эксперименттік лабораториялардың ашылуы республикамыздың қарапайым халыққа жасаған жақсылығының бірі еді. Ғылыми зерттеу мекемелерінің жұмысында Қазақстанның өзен-көлдері суының микробиологиялы жағдайын зерттеу едәуір орын алды.

Институттардың ашылуы бір-бірімен етене байланысып, Қазақстанның ауыл шаруашылығының дамуына үлкен септігін тигізді. Себебі ол кезеңде еліміздің ауыл шаруашылығы тоқырауда болды. Ұлы отан соғысы жылдары барлық өнімдер майданға арналды, ал соғыстан кейінгі ауылдың жағдайы мүшкіл еді. 1947-1948 жж. ауылдық жерлерде жұмысшы қолының жетіспеуі немесе техникалық жетіспеушіліктер орын алды. Егістік аймақтарда тек қол еңбегі өнімі болғандықтан жұмыс өнбеді. Кейбір аймақтарда ғана кәрістерді көшіріп әкелгеніне байланысты күріш алқаптары болды. Егіс алқаптары тек 1952-54 жылдары тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде көбейіп, ауыл аймақтарындағы халық нанға сол кезден кейін ғана тоя бастады. Институттың ғылыми-зерттеу жұмыстары әрі қарай ауыл шаруашылығы, халық шаруашылығын жақсарту негізінде өрбіді [6, 91].

Соның бірі 1962 ж. құрылған Эксперименттік биология институтының негізгі зерттеу жұмысы малдың тұқым қууы және дамуы болды. Ал, ғылыми зерттеу лабораторияларының іске қосылуы да ел экономикасы мен халықтың тұрмыс-тіршілігінің жақсаруына өз септігін тигізді. Сөйтіп көптеген ғылыми зерттеу институттарының ашқан жаңалықтары мен ерен еңбектері, ғылыми жетістіктерімен тәңгі ете білді.

Тағы бір маңызды ғылыми зерттеу орталық - ол Қазақ КСР Ғылым Академиясының Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институты болып табылады. Ол көне заманнан бастап қазіргі дәуірге дейінгі Қазақстанның тарихын зерттейді. Институт 1945 ж. СССР ҒА-ның Қазақ филиалы тарих секторының негізінде құрылды. Ғылыми орталықта археология, революцияға дейінгі Қазақстан тарихы, Октябрь революциясы мен социалистік құрылыс тарихы, Коммунистік құрылыс тарихы, Ұлы Отан соғысы тарихы, этнография, Советтік Қазақстан мәдениетінің тарихы, қолжазба бөлімдері, археологиялық материалдарды өңдейтін проблемалық лаборатория және Қазақ КСР ҒА-ның Орталық ғылыми мұрағаты болды. Институт ұжымының негізгі еңбектерінің бірі - Қазақ КСР тарихының екі томдығы Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдары жарық көріп, әлденеше рет толықтырылып, өзгертіліп, басылып шықты [7, 97].

Ғылым Академиясының жаңа ғылыми-зерттеу орталықтарының ашылуы еліміздің ғылымы мен мәдениетіне, қоғамдық өміріне ерекше әсер ете бастады. Десек те, республикамыздың мұндай жетістіктерімен қатар академияның жанындағы қоғамдық ғылым бөлімдерінің зерттеу жұмыстары сынға ұшырап, басына қара бұлт үйірілді. 40 жылдардың соңы мен 50 жылдардың басындағы қоғамдық саяси өмір Қазақ КСР ҒА-ның 200-ге жуық қызметкерлерін жұмыстан шығарып, айыптап үлгерді. Оның ішінде Қазақ КСР Ғылым Академиясының президенті қызметінде болған Қ.Сатпаевқа жүктелген міндет тарихи шындықты өткен кезеңнің басты оқиғалары ретінде дәлелді жазғандары үшін қудалауға ұшыраған қазақ зиялылардың екінші тобын жұмыстан қуу еді. Негізсіз айыптаудан бас тартқан Қаныш Сатпаев та осы қудалаудың жолына түсіп кетеді [8,11].

1952 жылы әміршілдік жүйенің тарапынан қысымға ұшырап, қызметінен төмендетіліп, Қазақ КСР Геология институтының директоры болып тағайындалған. 1954 жылы Қазақстан компартиясының ОК басшылығы ауыстырылады. П.К. Пономаренко – бірінші хатшы, Л.И. Брежнев – екінші хатшы болады. Олар 1951 жылғы Қаныш Сәтбаевты айыптаған істі қарастырып, ғалымды жазықсыз деп тапты. 1955 жылы маусымда Қаныш Имантайұлы Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті болып қайтадан сайланып, өмірінің соңына дейін осы қызметті атқарған [7,97].

Қаныш Имантайұлы Сатпаев қазақ ғылымының жанашыры болды. Ол Ғылым академиясының басшылығында болған кезінде ғылымға байланысты әр саланы мұқият қарап, оны орындалуын қадағалап отырды. Мысалы, 1950 ж. №134 хат бойынша Қазақстан КП(б) ОК хатшысы Ж.Шаяхметовке «Абай Құнанбаевты мәңгілік есте қалдыру» туралы Ұлы ақынның 1954 ж. өлгеніне 50 жыл толуына байланысты Абайдың кітаптары сұраныста екенін, қалған шығармаларын да шығару керектігін айтып, еске алу шараларын өткізуді күн тәртібіне кіргізу керектігін дәлелдеп, іске асырды. Бұл өз елінің тұлғаларын дәріптеп, олардың еңбегін елге таныстыру ісіндегі ғалымның атқарған қызметі еді [9,6].

1958 жылы Қаныш Имантайұлы КСРО Жоғарғы Кеңесінің бесінші сессиясының депутаты болып сайланды. 1959 жылы КОКП ХХІ съезінде делегат, 1961 жылы - КОКП ХХІІ съезінде делегат, КСРО ҒА Президиумының мүшесі болып сайланады. 1962 жылы Сәтбаев Кеңес Одағының Жоғарғы Кеңесінің алтыншы шақырылған сессиясында депутат және төраға орынбасары болып сайланады. 1963 жылы Қаныш Имантайұлы геология ғылымының дамуына қосқан үлесі үшін Ленин орденімен 4-ші рет марапатталды [10, 24].

Қ.И. Сатпаевтың құнды да бай дәлелдерінің арқасында ашылған Қазақ КСР ҒА-ның ғылыми мекемелерінде 1961 ж. Қазақ КСР ҒА 39 академигі, 34 корреспондент мүшесі, 87 ғылым докторы және 536 ғылым кандидаты жұмыс істеді. Қазақ КСР Ғылым академиясы ашылғаннан бері, яғни 1946-1960 жылдары аралығында 82 ғылым докторы мен 800-ден астам ғылым кандидаты қорғап шықты. 1970 ж. Қазақ КСР ҒА ғылыми мекемелерінде 114 ғылым докторлары, 1060 ғылым кандидаттары қызмет атқарды. Бұл көрсеткіш 1946 жылмен салыстырғанда ғылым орталығында академиктер 4 есе, корреспонденттар 4 есе, ғылым докторлары 2 есе, ғылым кандидаттары 5,9 есеге өскендігін көрсетеді. Қазақ КСР ҒА құрылғаннан кейінгі көрсеткіш бойынша ғылыми зерттеу мекемелердегі қызметкерлердің көбісі қазақтар болды [11, 47].

Заман талабына сай Қазақ КСР Ғылым академиясының ашқан жаңалықтары мен табысы Қазақстандағы ғылымның дамуына орасан зор ықпал етті. Сонымен қатар негізгі қаржының жартысынан көбі ауыр өнеркәсіпті, оның ішінде қара және түсті металлургияны, химия мен отын өнеркәсіптерін, энергетиканы жедел дамытуға бағытталды. Осындай тапсырмалармен тығыз байланыста болған ғылым академиясы Кеңес Одағының негізгі ғылыми зерттеу мекемелерімен байланысып, келісіп отырды. Осындай қарқынды жұмыстардың нәтижесінде Қазақ КСР Ғылым академиясының геологтары, металлургтері, энергетика саласының мамандары, кеншілері, химиктері, тарихшылары мен тілшілері, экономистері өздерінің ғылыми жұмыстарын халық шаруашылығының мамандарымен бірлесе отырып жүргізді. Нәтижесінде сол кездегі басты сыйлықтар Ленин және Сталин атындағы марапаттаулармен немесе еңбегі сіңген



ғылым қайраткері деген атақтар алды. Бұл Ғылым академиясының табанды еңбегі мен жетістіктерінің көрсеткіші еді [12,20].

Қазақтың көрнекті ғалымдарының бірі Қ.И. Сатпаевтың Қазақстандағы ғылымның дамуына қосқан үлесі зор. Мәселен, Қарағандыда металлургиялық зауыттың өмірге келуі, Қостанай, Алтай темір және марганец, Қаратаудың фосфорит кендерін игеру, және Ертіс-Қарағанды каналының қазылуына, біраз ғылыми-зерттеу институттарының ашылуына тікелей араласып, зор еңбек сіңірді. Сондықтан Қ.И. Сатпаев сияқты Ұлы тұлғалар бастаған ғылым саласы өз болашағын еш жоғалтпақ емес. Бүгінде Қазақ КСР Ғылым академиясы болып құрылған Ғылым ордасы өсіп, өркендеп, мұнда дайындалған ғалымдар көптеген ғылыми жаңалықтарымен еліміздің дамуына өз үлестерін қосуда.

1 ҚР БҒМ ҒК РМК «Ғылым ордасы» мұрағаты 2-қ., 1-т., 570-іс, 64-п.

2 ҚР БҒМ ҒК РМК «Ғылым ордасы» мұрағаты 2-қ., 1-т., 10-іс, 51-п.

3 ҚР БҒМ ҒК РМК «Ғылым ордасы» мұрағаты 2-қ., 2-т., 1-іс, 36-п

4 ҚР БҒМ ҒК РМК «Ғылым ордасы» мұрағаты 2-қ., 1-т., 1-іс, 8-п

5 ҚР БҒМ ҒК РМК «Ғылым ордасы» мұрағаты 2-қ., 1-т., 1-іс, 8-п

6 Ахмедова Н.Б. Центральная научная библиотека Академии наук Казахстана. Наука советского Казахстана 1920-1960 гг. - А.-А., 1960, - с. 89-677.

7 Академик К.И. Сатпаев и наука Казахстана. – Алматы: Ғылым, 1999. – 97-б.

8 ҚР БҒМ ҒК РМК «Ғылым ордасы» мұрағаты 11-қ., 2-т., 5-іс, 11-14п.

9 Қазақ ССР Ғылым Академиясы. - Алматы, 1961. - 6-б.

10 Чокин Ш.Ч. Путь национальной АН. - Алматы, 1996. - с. 24.

11 Есенов Ш. Академия наук Казахской ССР. - Алматы: Казахстан, 1970. - 47-б.

12 Қазақ ССР Ғылым Академиясы. - Алматы, 1961. - 20-б.

#### **Резюме**

В данной статье рассматриваются вопросы создания Академии наук Казахской ССР, в том числе развитие общественных наук, открытие новых научно-исследовательских институтов и их вклад в отечественную науку. В статье рассказывается о создании Академии наук, о ее структуре и научно-исследовательских центрах, а также о постановлении Академии наук. А также рассказывается об академике Каныше Сатбаеве, который внес вклад в открытие Академии наук. Кроме того, в статье рассмотрены вопросы об исследованиях общественных и естественных наук, развитие их научно-исследовательских учреждений. В том числе об институтах которые были основаны в составе Академии наук: институт астрономии и физики, экономики, лингвистики, зоологии, краевой патологии, экспериментальной биологии и истории, археологии и этнографии.

**Ключевые слова:** академия, наука, институт, исследования, постановление, история

#### **Summary**

This article discusses the issues of the creation of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR, including the development of the social sciences, the discovery of new scientific research institutes and their contribution to national science. The article describes the creation of the Academy of Sciences, its structure and research centers, as well as the decision of the Academy of Sciences. And also told about academician Kanysh Satbaev who contributed to the opening of the Academy of Sciences. In addition, the article reviewed research questions about social and natural sciences, the development of their research institutions. In including the institutions that have been established as part of the Academy of Sciences: Institute of astronomy and physics, economics, linguistics, zoology, regional pathology, experimental biology and history, archeology and ethnography.

**Keywords:** academy, science, college, research, regulation, history

УДК: 94(574) «1960»-054.75

## **СОЦИОКУЛЬТУРНАЯ АДАПТАЦИЯ КАЗАХОВ-РЕПАТРИАНТОВ В КАЗАХСТАНЕ**

**А.И. Канагатова** – магистрант факультета истории и по работе с иностранными студентами,  
Кафедра социальной истории, КазНПУ им. Абая

С середины XX века проблема репатриации стала предметом международного законодательного регулирования и научного анализа. Ее стали рассматривать на международном, постсоветском, казахстанском и региональном уровнях. Как показывает статистика на сегодняшний день, за пределами Республики Казахстан проживает около 4,1 млн. этнических казахов. На территории Республики Казахстан в настоящее время численность казахов составляет 8,13 млн. человек, вся численность казахов в мире составляет более 12,2 млн. человек. Таким образом, каждый третий казах живет за границей. В связи с этим, в данной статье рассказывается о социокультурной адаптации казахов-репат-

риантов в 60-е годы XX века, которые представляют значительный научный интерес для анализа изменений, происшедших за этот период в их традиционной культуре, языке и самосознании в результате контактов с окружающими их народами и национальными группами. В связи с этим, возникла познавательная потребность концептуального осмысления активизировавшихся этнокультурных миграционных процессов и репатриации, а также проблем социокультурной адаптации этнических групп в Казахстане, но как эти процессы происходили в советском Казахстане.

**Ключевые слова:** репатриант, культура, возвращенцы, идентификация, адаптация, социокультурная адаптация, казахи-репатрианты

Оторвавшись от основного этнического массива в начале XX века, казахи из Китая представляют значительный интерес для анализа изменений, происшедших за этот период в их традиционной культуре, языке и самосознании в результате контактов с окружающими их народами и национальными группами – уйгурами, дунганями, татарами, узбеками и др.

Как нам известно, трагические события в Синьцзяне в 1930-1950-е гг. в советское время были малоизвестны широкой общественности, что породило запрещение использовать даже те малочисленные источники, находившиеся в особых фондах архивов страны. В фондах Архива Президента РК, Центрального Государственного архива РК, связанные с событиями тех лет. Ранее неизвестные источники представляют особую научную ценность для восстановления некоторых страниц истории нашего государства изучаемого периода.

С конца 1950-х гг. в КНР открыто пропагандируется программа насильственной ассимиляции неханьских народов, одним из проявлений которой явилась отмена арабского алфавита у уйгуров и казахов и перевод их на латинизированную письменность, в основу которой был положен китайский фонетический алфавит. Представителей тюркских этнических меньшинств заставляли изучать китайский язык и насильственно приобщали к китайским культурным традициям, практически запрещая развитие собственных этнических культур.

Все это привело к возмущениям со стороны неханьских народов, особенно казахов и уйгуров, что повлекло за собой репрессии со стороны китайских властей. Эти репрессии явились причиной перехода советско-китайской границы сначала малочисленных групп, а затем массового потока беженцев из Китая [1].

В справках областных комитетов партии в 1950-е гг. отмечалось, что возросший за последний годы объем работ в сельском хозяйстве Казахстана создал в колхозах и совхозах напряженное положение с рабочей силой. Недостаток ее в сельском хозяйстве республики составлял более 500 тыс. человек трудоспособных.

Пополнение многоземельных совхозов и колхозов республики рабочей силой предполагалось осуществить путем переселения из густо населенных районов страны (Украина, Белоруссия, Молдавия, Литва). Также одним из источников пополнения рабочей силой являлось принятие советских граждан, репатриированных из КНР [2].

Основная масса репатриантов была из Илийского, Тарбагатайского, Алтайского округа Синьцзяна. Репатрианты были обустроены в Западно-Казахстанской (Бурлинский, Таловский совхозы, совхоз им. Крупской), Актюбинской (Кзыл-Коинский, Новороссийский, Джиренкуруинский совхозы), Павлодарской (Алакульский, Селитинский, Экибастузский и другие совхозы), Карагандинской (Шетский, Кокташкульский, Нуринский и другие совхозы) областях.

Наибольшее количество репатриантов в 1954 г. было направлено в совхозы Кустанайской области – 504 семьи, 3003 человека. Они были обустроены в Милютинском, Шевченковском, Красноармейском, Джетыгаринском, Бистюбинском и других совхозах.

Итак, большинство прибывающих были определены в районы освоения целинных и залежных земель, куда они направлялись наряду с плановыми переселенцами из различных областей СССР. Так, Совет Министров СССР в Постановлении от 13 апреля 1954 г. №751-329 разрешил въезд в СССР из КНР в июне-августе 1954 г. семей советских граждан из числа изъявивших желание выехать в СССР в районы освоения целинных и залежных земель, с направлением их для работы и на постоянное жительство в совхозы, машинотракторные станции (МТС) и колхозы. Колхозами и совхозами республики было принято 12624 семьи советских граждан, репатриированных из КНР [3].

Для создания обобщенного социокультурного портрета изучаемой группы нами было разработано интервью, которую мы провели с шестью респондентами.

В процессе исследования нам удалось выяснить основные мотивы возвращения репатриантов на историческую родину. Такими мотивами (причинами) опрошенные считают «ностальгию по родине», «желание поближе узнать родину», «желание соединиться с родственниками в республике».

Результаты опроса репатриантов показали практически одинаковое (приоритетное) отношение к *национальности* как атрибуту личной и этнической идентификации и *родному языку* - основному, обязательному и важнейшему атрибуту языковой идентичности. Родной язык казахский - это понятие не имеет двойственности, неопределенности, для них оно неразрывно связано с этносом/нацией, т.е. языковая идентификация вытекает из этнической.

Другое, что нам удалось выяснить, заключается в том, что социальная адаптация началась для респондентов с преодолением языкового барьера и получением советского паспорта. Языковая ситуация Казахстана складывалась за счет функционирования казахско-русского билингвизма. Так, *русский язык* в обществе занимал довольно сильные позиции, которые обусловлены не только соответствующим этническим составом населения страны, но и историческим реалиям. Эти проблемы и были для возвращенцев наиболее трудными.

Практика также показала, факты грубого и оскорбительного отношения местного населения к репатриантам, что тоже негативно влияло на адаптационный процесс. Ведь моральная поддержка соотечественников выше, чем ее правовая составляющая.

В ответ на вопрос о том, какие из обрядов, выполняемых в Китае, сохранились при переезде в Казахстан, респонденты назвали религиозные обряды, связанных с рождением детей, обрядов взаимопомощи, свадебных, похоронных. Отметим значимость обрядов взаимопомощи, характеризующих этническую консолидацию и идентичность.

Тем не менее, респонденты указывают, что казахские обряды отличаются от тех, которые проводили казахи в Китае. Например, такие обряды как «сын су», «бесік жырлары», «жоктау». Также респонденты видят различия в употреблении спиртных напитков, утверждали о чрезмерном употреблении местными казахами спиртных напитков.

На вопрос о том, какие народные музыкальные инструменты звучали на территории их прежнего пребывания, указывали на домбыру и кобыз.

В качестве казахских народных песен, известных им на прежнем месте жительства, они назвали песни «*Елим-ай*» и др.

Система питания во многом определяется характером и особенностями хозяйствования конкретного этноса. В основном казахи отводят важную роль пище животного происхождения. Те же тенденции прослеживаются и при рассмотрении системы питания казахов из Китая. Естественно, они готовили традиционные виды казахских блюд (бешбармак, куырдак и т.д.).

Конечно же, невозможно было избежать влияния иноэтнического окружения, это прослеживалось в кухонной утвари. Респонденты утверждают, что долгое время, даже после приезда в Казахстан они пользовались деревянными палочками, так называемыми «чоке», а уже позднее перешли к столовому набору.

Полученные данные позволяют однозначно судить о субкультурной выделенности казахов-репатриантов. Главные аргументы – большой процент людей, не владеющих русским языком; более строгое соблюдение мусульманских обрядов и ритуалов; резко отрицательное отношение к спиртному и связанными с ним традициями. Обнаружение различий на уровне базовых элементов культуры (язык, религия, ценности) не могут не отражаться и на других ее составляющих. При этом важнейшими адаптационными факторами выступают родной язык, которым владеют все казахи, и ментальные представления.

Таким образом, в науке известны несколько моделей социально-культурной адаптации малых этнических групп. Одна из самых известных – идея так называемого плавильного котла, распространенная не только в Америке, но также в Израиле и в англосаксонских демократиях в 1950-е гг. Согласно этой модели, благом для общества в целом и для самих переселенцев является их быстрое приобщение к системе ценностей, принятых в новом обществе. Данная модель теперь уже оценивается как устаревшая, а на авансцену выходит новая, получившая название «этнографический мультикультурализм». Она допускает сохранение отдельных, менее значимых компонентов идентичности, принятой в странах исхода (например, стиль одежды, любимые блюда и т.д.), при повсеместном принятии ими основополагающих культурных ориентаций нового общества.

Третья модель, определяемая как состояние «сепаратного плюрализма», не предполагает никакого взаимодействия между различными общинами внутри общества: каждая община сохраняет свою обособленность и свои специфические черты, не стремясь к конструктивному диалогу с представителями других общин. При этом отсутствует иерархия между культурами различных общин: каждая из них признается легитимной, обладающей равными правами в рамках данного социального пространства.

Четвертая модель – мультикультурный плюрализм. По мнению С.А. Арутюнова, локальное разнообразие культуры имеет важное адаптивно-эволюционное значение. Для эффективного выполнения

своих адаптивных функций культура должна быть способной нести в себе необходимые потенции для достижения адаптивного эффекта в новых резко изменяющихся условиях [4].

Понятно, что модель, по которой живет этническая группа, складывается в результате сочетания многих слагаемых, и наука может предложить только формы и методы анализа и обобщения накопленных данных.

Говоря о социокультурной адаптации казахов-репатриантов, нельзя не учитывать половозрастной и поколенческий аспекты. Последний связан с тем, что последующее поколение репатриантов говорило на русском языке.

Таким образом, репатрианты 60-х годов XX веков была малой этнической группой, обладающей как признаками внутреннего единства и общности, так и характеристиками, определяющими ее принадлежность к основному этническому массиву казахов. Репатриация казахов на историческую родину – это длительный процесс. Перестройка всей нормативной ценностной структуры личности и образа жизни не происходило вдруг.

1 Мендикулова Г.М. *Казахская диаспора: история и современность*. – Алматы: Реуз, 2006. – 343 с.

2 АП РК. Ф. 708. Оп. 31. Д. 1547.

3 Арутюнов С.А. *Культурная антропология*. - М.: Весь мир, 2004.

4 *Социология. Основы общей теории* / Г.В. Осипов, Л.Н. Москвичев, А.В. Кабыща и др. – М., 1998. - С. 134-135.

### Түйіндеме

XX ғасырдың ортасынан бастап отанға қайта оралу мәселері халықаралық заң реттеушілікпен ғылыми анализ зерттеу заттарының бірі болып табылады. Бұл мәселені халықаралық, аймақтық, постсоветтік, қазақстандық деңгейлерде қарау басталды. Республика Қазақстан шектерінен тыс 4.1 млн. этникалық қазақтар тұрады. Қазіргі уақытта, Қазақстанда қазақтар саны 8,13 млн. адам, ал бүкіл әлемдегі қазақтар саны 12.2 млн. адам. Сөйтіп, әр үшінші қазақ шет елінде тұрады. Берілген мақалада, XX ғасырдың 60 жылдары Қытай Халық Республикасынан қайтып келген қайтармандардың әлеуметтік мәдени адаптациясының сипаттамасы беріледі. Репатриация қайтармандары айтарлықтай ғылыми қызығушылық білдіреді, олардың дәстүрлі мәдениетінде, тілінде, өзіндік сана-сезіміндегі өзгерістер анализге беріледі. Осы жағдайға қарай, репатриация және көші-қон процесстерін зерттеу танымдық қажеттілік болып табылады және де совет замандағы этникалық топтардың мәдени әлеуметтік адаптациясы басқа политикалық жағдайда өтуі қандай болған.

**Тірек сөздер:** репатриация қайтарманы, мәдениет, қайтармандар, сәйкестендіру, адаптация, социокультурная адаптация, казахи-репатрианты

### Summary

Since the middle of XX century the problem of repatriation became the subject of international legal regulation and scientific analysis. It began to be considered at the international, post-Soviet Kazakhstan and regional levels. Outside of the Republic of Kazakhstan has a population of about 4.1 million ethnic Kazakhs. On the territory of the Republic of Kazakhstan at the present time, the number of Kazakhs is 8,13 million people, the whole number of Kazakhs in the world is more than 12.2 million people. Thus, every third Kazakhs living abroad. This article discusses the socio-cultural adaptation of Kazakh repatriates in the 60-ies of the XXth century. Kazakhs from China are of considerable scientific interest for analysis of the changes during this period in their traditional culture, language and identity as a result of contacts with the surrounding peoples and national groups. In this regard, there is a cognitive need a conceptual understanding of growing ethno-cultural migration processes and repatriation, as well as issues of social and cultural adaptation of ethnic groups in modern Kazakhstan.

**Keywords:** immigrant, culture, returnees, identification, adaptation, socio-cultural adaptation, the Kazakh repatriates

УДК: 94 (574) “1940-50”:325

## АРНАЙЫ ҚОНЫС АУДАРЫЛЫҒАН ЛИТВАЛЫҚ АЗАМАТТАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАНҒА ҚОНЫСТАНУЫ

**А.Қ. Күрішбекова** – *Абай атындағы Қазақ Ұлттық Университеті Тарих және шетелдік студенттермен жұмыс факультеті, «Әлем тарихы» кафедрасы магистранты*

Бүгінгі таңда көптеген мемлекеттер көпұлтты сипатқа ие. Соның бірі біздің еліміз болып табылатыны сөзсіз. XX ғасырдың 30-50 жылдары аралығында еліміздің аймақтарына күшпен қоныстандырылғандар көп еді. Бұл – Кеңес үкіметінде өмір сүрген халықтардың бастарынан кешкен қиын кезеңнің бірі. Жер аудару саясаты күштеп қоныс аударылған халықтардың тағдырына қатты әсер етті. Республиканың ішінде де оларды бір жерден келесі жерге көшіріп, арзан жұмыс күші ретінде пайдаланды. Қашып кету оқиғалары байқалған кезде арнайы жер аударылғандарды алыс аймақтарға қайта көшіру болды. Талай еңбектерден көріп жүргеніміздей осы кезеңдегі бірталай ұлттың

саны, олар жайлы мәліметтер берілгенімен, кейбір ұлт өкілдері назардан тыс қалып жатады. Сондай ұлттың бірі – литвалық арнайы қоныс аударылғандар.

**Тірек сөздер:** XX ғасырдың 30-50 жылдары, күшпен қоныстандырылғандар, қоныс аудару саясаты, депортация, Қазақстан, лагерь, литвалықтар, Литва, арнайы қоныс аудару, концлагерьлер, Кеңес Одағы

Бүгінгі таңда көптеген мемлекеттер көпұлтты сипатқа ие. Соның бірі біздің еліміз болып табылатыны сөзсіз. XX ғасырдың 30-50 жылдары аралығында еліміздің аймақтарына күшпен қоныстандырылғандар көп еді. Талай еңбектерден көріп жүргеніміздей бірталай ұлттың саны, олар жайлы мәліметтер берілгенімен, кейбір ұлт өкілдері назардан тыс қалып жатады.

XX ғасырдың 30-шы жылдары Қазақстанға өзге ұлттарды күшпен қоныс аударту кеңінен жүргізілді. Өлке аумағына елдің орталық аймағынан халық көптеп келе бастады. Бұл кезеңнің қоныс аудару саясатын үш бағытқа бөлуге болады: өндірістік, ауыл шаруашылық және күштеп, жазалау тәртібімен қоныс аударту. 1928-32 жылдары РКФСР-дің басқа республикаларынан елімізге 100 мыңға жуық шаруашылық көшіп келді. Ашық және ресми түрде жүргізілген жоспарлық қоныс аударудан басқа 30-40 жылдары әлеуметтік, кейін ұлттық белгі бойынша күштеп қоныс аудару ісі кеңінен жүргізілді. Ұжымдастыру науқаны басталысымен арнайы қоныс аудару бұқаралық сипат алды. 1930 жылы көктемде Қазақстанға 0,5 млн. «арнайы қоныс аударушылар келді». 1937 жылы қазақстанға жапон барлау қызметімен байланысы бар деп айыпталған 95 мың 903 адамнан тұратын корей диаспорасы қиыр Шығыстан көшіріліп қоныстандырылды. 1939-1941 жылы Батыс Беларусь пен Батыс Украинадан, балтық жағалауындағы Кеңестік республикалардан поляктарды қоныс аудару (депортация) жүзеге асырылды. Санақ бойынша депортация алдына 1939 жылы Қазақстанда 54,7 мың поляк, 3,6 мың латыш, 808 литвалықтар және т.б. тұрған. 1941 жылы 28 тамызда фашистермен байланысы бар деген айыппен 349713 неміс, 1944 жылдың ақпанында ингуштер мен чешендер, наурызда башқұрлар, қарашада түрік месхетиндер Қазақстанға күштеп қоныс аударушылар болды. Ішкі істер халық комиссариаты мен КСРО мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің ресми құжаттары күштеп қоныстандыру себептерін фашистік режимді қолдаушыларға, бандитизмнің пайда болуына қарсы жасалған әрекет деп түсіндіреді [1].

Келесі бір тоқтала кететін мәселе ол лагерьлер жайлы болмақ. 1952 жылы 9 одақтық республикада мүлдем лагерь болмады, олар: Беларусь, Литва, Латвия, Эстония, Молдавия, Грузия, Армения, Әзірбайжан және Түрікменстан. Лагерьлер саяси тұтқындарды қамауда ұстаудың негізгі орындарына айналды. Түрме тұтқындары КСРО-ның барлық аймақтарында дерлік шоғырланды. 1941 жылдың 20 наурызына қарай мәліметтерге сәйкес КСРО-да түрме тұтқындарының саны 438,8 мыңға жетіп, олардың ішінен 257,9 – Ресейде, 75,8 – Украинада –, 31,1 – Беларусьта, 4,0 – Молдавияда, 6,2 – Литвада, 4,5 – Латвияда, 2,8 – Эстонияда, 2,4 – Карел-Фин КСР, 8,3 – Грузияда, 2,6 – Арменияда, 6,8 – Әзірбайжанда, 13,7 – Қазақстанда – 13,7, 10,9 – Өзбекстанда, 1,8 – Тәжікстанда, 3,8 – Қырғыстанда орналастырылды. Кішігірім қылмыстары үшін сотталған колония тұтқындарының негізгі бөлігі барлық одақтас республикалардың территорияларында топтастырылған болатын [2].

Жалпы алғанда Қазақстанда 30-50-ші жылдары қоныстанушылар саны, ГУЛАГ тұтқындарын санамағанда, орта есеппен 1560 мың адамға жетті. 1939-1959 жылдар аралығында халықтың өсуі 3210234 адамды құрады [3]. Бұл кезеңде қазақ халқының тағдырына зор қауіп төнді. Тоталитарлық режим Қазақстанды қоныс аударушылар лагеріне, ГУЛАГ, концлагерьлер еліне айналдырып жіберді. Қазақ халқы сталиндік саясат құрбандарын құшақ жая қарсы алды. Олармен азық-түлігімен бөлісті, қайғысына ортақтасты, өздері аш-жалаңаш отырған қазақтар бақытсыздарға бала-шағасының аузынан жырып көмек көрсетті. Дегенмен қазақ қашанда қонақжай халықпыз ғой.

Осы жоғарыда аталған кішігірім деректерден-ақ байқайтынымыз литвалық арнайы қоныс аударылған азаматтар жайлы мәліметтер кем де кем. Сондықтан да Қазақстанға арнайы қоныс аударылған литвалықтардың орналасуы зерттеле түсетін тақырып болып отыр. Біздің елімізге литвалық азаматтар өткен ғасырдың қырқыншы жылдарында орналаса бастаған еді. Халық алып кеңес одағының екінші бір басынан жаппай қоныс аударып жатты. Мыңдаған адамның тағдырын сталиндік қуғын-сүргін күрт өзгертті.

Бай кулақтар мен ауқатты азаматтарды қудалау Литва Республикасына да қатысты көрініс. 1941 жылдың маусым айында Ұлы Отан соғысына бірер күн қалғанда Литвада жаппай қоныс аудару басталды. Бұл көш – бас-аяғы 12 жылға созылды. Күштеп жер аудару тек белгілі бір тап өкілдеріне қатысты болды деуге келмейді. Қоныс аударғандардың арасында дәулетті адамдармен қоса кедейлер де бар еді. Литвалықтардың көпшілігін жер аударды, арнайы лагерьлерге жөнелтті немесе соғыстан зардап шеккен аймақтарды қалпына келтіру үшін қара жұмысқа салды. 1944 жылы кеңестік үкімет халықтың қолындағы малды тартып алып, жаппай ұжымдастыру саясатын жүргізе бастады. Мыңдаған қоныс аударушылар Қазақстан, Сібір және Қиыр Шығысқа табан тіреді. Осы зобалаңда елімізге жалпы саны 17 мыңдай литва-

лықтар келіпті. Олар көбіне солтүстік және Орталық Қазақстанға қоныстанды.

Сонымен қатар литвалық арнайы қоныс аударылған азаматтардың күнделікті өмір тарихы да қызықты деректерге толы. Лагерьлердің бірінде медицина қызметкері ретінде жұмыс жасаған қарттың берген сұхбатында да көптеген медицинадағы күнделіктілікке мән берілген. Спасск мүгедектер мен жұмысқа жарамайтындарға арналған лагерьде фельдшер қызметін Удо Иосиа төрт жыл атқарған эстондық азамат. Ол өзінің естелік сұхбатында лагерь медицинасындағы күнделіктілікті нақты сипаттаған. «Жолымның болғаны ма, болмағаныма мені тас қарьерге жұмысқа жіберді. Бұл жерде туберкулезге дейін жеттім және сол арқылы Спасск мүгедектер лагеріне тап болдым. Арнайы лагерьдің орталық аурухана жүйесі болды. Сол жерден бірнеше адам есімде, олар алғашында өздері ауру, кейін қолдарына дене қызуын өлшейтін құралды ұстап жүретін, содан кейін дәрі егуді үйреніп алды. Шыққанда лагерьде төрт жыл фельдшер болып қызмет етті деген анықтама алдым. Мен бір жыл алты ай уақыт ауруханада жұмыс істедім, 25 жылға сотталғандарды жалпы жұмысқа ауыстырған кезде қара жұмыс жасауға қайта кеттім, уақыт өте келе өзгерістер енген кезде ортақ жұмыстарда еңбек еттім, ауруханада жұмыс жасаған кезім менің өмірімді өлімнен алып қалды деуге болады. Өйткені мен өкпе ауруына шалдықтым. Туберкулез ауруымды емдеу үшін хлорлы кальцийді егіп, ауруымды жазып алдым. Кейін мен сары аурумен ауырып, сары аурулар бөлімшесіне түстім. Уақыт өте келе ұлты еврей дәрігер Кауфман мені жұмысқа алды. Мені эстондық дәрігер ұсынған екен. Литвалықтар рентгенге түсіруші болып қызмет етіп жүрді, неміс ұлтынан дәрігерлер, нағыз профессорлар, медик студенттері еңбек етті. Удо Иосиа Спасскі лагерінің мәдени іс-шараларын былай деп еске алды: «Соңғы жылдары кино көрсетіле бастады, жұмысшыларды тізім бойынша жіберетін, осы аптада басқа адамдар, келесі аптада басқа адамдар. Эстондықтар мен литвалықтардың өз оркестрі, музыкалық аспаптары мен аптасына бір рет концерт ұйымдастыратын. 1954 жылдары алғаш фотоға түсіру басталды, келесі жылы саны көбейді, өйткені 1954 жылдан бастап босату үшін құжаттар дайындау басталған болатын. Тұтқындар арасында спорттық ойындар ұйымдастырған кезеңде осы мезгілдер. Топ болып бөлініп әр түрлі спорттық ойындар ойнайтын еді» [5].

Қарлағта өнерлі жандар аз болмады, қолына қыл қаламын алып сурет салған суретшілердің бірі Юло Соостер – ұлты эстондық атақты суретшілердің бірі. Кейін көзі тірі қалғандарының ішінде атақты суретшілерге айналғандары да аз болмады. Қарағанды лагерінде жолдасы Лидия екеуі де жазасын өтеген. Әйелі Соостер Лидия Израиловна - 1927 жылы дүниеге келген. 1943 жылы 12 сәуірде тұтқындалған. Басында Краснояр аймағына жер аударылып, кейін 1950 жылы 25 сәуірде қайта қамауға алынады. 58-10 бап бойынша 7 жылға сотталып, Тайшет, Песчанлаг, Қарлағта (Долинка) жазасын өтеген. 1956 жылы босатылған. Жұбайы Соостер Юло 1924 жылы дүниеге келген. 1949 жылы 58-1а бабы бойынша 10 жыл және 5 жыл құқығынан айырылды. Басында Қарлағтың Долинкасында, кейін Песчанлаг ОЛП-20 бөлімінде, 1956 жылы босатылып, 1970 жылы дүниеден озған. Өткен өмірін еске түсіріп, жолдасы өз естелігінде мынадай жағдайларды баяндап берді. «Мен 1949 жылыға алғаш рет тұтқындалдым. Біз Красина көшесінің бойында тұратынбыз. Ауладағылар өте тату өмір сүрді, «Метропольға» биге жиі баратынбыз. Сонда менің танысым Тамара американдық тілшімен танысты. Аз уақыттан соң ол соған тұрмысқа шығып, Америкаға бірге кетіп қалды, ал онымен бірге жүрген дос қыздарының барлығын тұтқындады. Мен сол кезде он алты жаста болатынмын. Айыпты деп танып 58 бап бойынша «отан сатқыны» болып шыға келдім. «Кеңес үкіметіне қарсы насихаттау ісімен айналысқан» деген айып тағылды да, сол үшін мен жеті жылға сотталдым. Әуелі Бутыркада, содан кейін Қарағандының Песчлагының Шурабай-Нұра бөлімінде жазамды өтедім. Өте үлкен лагерь, өскен ағаш мың адамға біреу, күн ыстық, су тапшы. Мені бірден театрға жіберді. Көркем өнердің жетекшісі Герда Мурре. Ол – керемет әнші, керемет колоратура сопраносы дауысы бар болатын, бірақ түрмеге келгенде дауысын жоғалтып алған. Таллиндегі «Эстония» театрының примадоннасы. Өте әдемі әйел, қара шашты, көзі көк, ағылшын, неміс, француз, фин тілдерін жақсы меңгерген. Ол түрмеге түсер алдында аяғы ауыр болып, түрмеге келіп өлген баланы дүниеге әкелді, жазасын өтеу үшін 15 жылға сотталған. Олхордың жетекшісі іболды, драманы Марина Лебедева басқарды және екі суретші келіншек болды. Олар Керти Ноорт – ұлты фин, Оля Пшенорская Львов қаласынан; Лида Музалевская – костюмер басшысы, керемет акробатшы Жанна Анупанова – біздің эстрада бағдарламамыздың жұлдызы. Тобымызда қылмыскер де болды, аты Лида, ұлты сыған, испан биін өте жоғары деңгейде орындайтын. Мәдени тобымыз елу адамнан құралды, оның отызы жалпы қара жұмыстан босатылған, ал қалғандары карьерлерде тас тиеу жұмыстарымен айналысып, құрылыс жұмыстарына көмегін тигізіп жатты. Бұл нағыз театр болатын. Біз таңғы жетіде түгендеу үшін оянып, одан соң ертеңгілік асымызға сұлы сорпасын ішіп, артынан станоктармен жұмыс жасауға баратынбыз.

Сабакты балерина Альдона Моршалайте өткізетін. Станокка барлығы баруы шарт болды. Кешқұрым хор мен драманың дайындық жұмыстарын жасайтынбыз. Хор құрамында белорустар мен батыстық

украиндардан тұрды. Олар күн ұзағына қара жұмыста жүріп, кешке ғана босайтын. Бірінде басшымыз әнмен көмкерілген көрініс қоюды тапсырма етіп берді. Люся Залеско – Одессаның режиссерлік бөлімінде оқып үлгерген екен. Біз «Наталка-Полтавка» және «Бесталанная» қойылымдарын ұсындық. Қыздар өздеріне костюмдер дайындады, көйлектертікті, ленталар мен гүлдестелер дайындады.

Опералық концерттер мен әлем халықтарының әндері мен билері өте жақсы шығатын. Әр концерт Сталин туралыжәне партия туралы әнмен басталатын. Осының бәрі үлкен асхананың сахнасында ұйымдастырылатын. Бұл жерге декорацияларды ілу өте қиынға соғатын, қажетті заттар, маталар болмауына байланысты үстелге жазатынбыз. Костюм тігу үшін де маталар жеткіліксіз болатын. Герданың классикалық репертуары үшін өте әдемі түн киетін киімнің матасынан жәнәмәрліден көйлектіктік. Оны санитарлық бөлімнен берген көкпен бояп, көйлектің үстінгі жағына тоқылған мақтаны кестелеп тігіп оны қызғылт түске бояп қойдық. Біздің өз оркестріміз жұмыс жасады. Онда Надя Петренко аккордеонда ойнады, тағы бір Литвалық аккордеонист қыз және балалайкада ойнайтындардан құралды. Конференсье Галя Фуко болды. Спектакльдер үшін пьесалар қажет болды, ал біз ешнәрсе таба алмадық. Островскийдің «Платон Кречетасын» қойылым етіп қойдық. Ер адамдардың болмауына байланысты қыздар ер адам рөлін өздеріне ойнауларына тура келді [5].

1956-1957 жылдары Украина, Молдавия, Литва, Эстония елдерінің Жоғарғы Кеңесінің Төралқалары комиссиялар құрып, жазықсыз қудаланған отандастарын қайтарып алу мақсатында талпыныстар жасады. Соның нәтижесінде қуғындалған латыш, эстон, литвалық, мордвалықтардың құқығы қайта қалпына келтіріліп, халықтар өз атамекендеріне қайтуға мүмкіндіктер алды. Ғылыми ойдың даму тарихында танылған ақиқаттар мен ашылған жаңалықтарды мезгіл-мезгіл талдап, жинақтап, жүйелеп отыру қоғамдық ілгерілеудің басты алғышарттарының бірі болып табылады. Мұндай іс ғылымның қаурыт жаңғырып, жаңа биікке көтерілер шағында өте қажет. Сөйтіп жер аударылған азаматтар бастарына тағылған үкімнен тек 50-ші жылдарда ғана босатылды. Ұлты литва азаматтардың көпшілігі тарихи отанға сол жылдары-ақ қайтып кеткен. Деректерге қарағанда, Қазақстандағы литва диаспорасы 12 мыңдай адамды құрайды. Кеңес одағы тарқағаннан кейін литвалықтардың көпшілігі тарихи отанға қайтуды жөн көрді. Көпшілігі – бірақ, бәрі емес. Оның үстіне – 90 жылдардың соңына таман керісінше көрініс байқалды. Қазіргі Литвадан белгілі бір деңгейде адамдар келе бастады, еңбекке жарамды жастар Қазақстанға келіп кәсіпкерлікпен айналысуда [4].

Кеңес одағы ыдырағаннан кейін жеке-жеке тәуелсіздік алған республикалардың арасында миграциялық құбылыстар айтарлықтай күшейді. Нарықтық экономика – өз ережесін талап етеді. Қазақстандықтар көлік саудасымен айналысу үшін Балтық бойы елдеріне жиі шыға бастады. Ал, Балтық елдерінің еңбекқорлары, керісінше, Орталық Азия мемлекеттеріне келіп кішігірім кәсіпорындарын аша бастады. Қазақстандағы литва диаспорасының өкілдерінің көбісі Қарағанды облысында қоныстанған. Бұған себеп: осында саяси босқындарға арналған лагерьдің орналасуы. Ал қалғаны тың игеру жылдарында көшіп келген. Содан отауларын осы мекенге мәңгі құрып, кіндіктерін қазақ еліне байлаған. Көп ұлтты қазақ елінің мүшесі бола тұра литвалықтар төл дәстүрін сақтап қалып, ұлттық рухынан айрылған жоқ. Қазақстанда көп жылдар ғұмыр кешкендігіне қарамастан, бойларындағы ұлттық «мен» әлі сақтаулы.

1 Полян П.М. *Не по своей воле... История и география принудительных миграций в СССР.* – М.: Изд-во ОГИ-Мемориал, 2001. - 328 с.

2 Алтаев А., Жангуттин Б. *Краткие очерки истории Казахстана.* – Алматы, 2008. - 244 б.

3 Асылбеков М.Х., Кудайбергенова Л.И. *Подготовка и проведение Всесоюзной переписи населения 1939 года по Казахстану.* - 19-38 б.

4 <http://oldkazakh>

5 *Экспедиция материалдары.* – Эстония, 2012, мамыр - 7. Удо Иосиамен сұхбат; Кама Уломенсұхбат. – Эстония, 2012, мамыр - 7.

### Резюме

На сегодня многие государства являются многонациональными. Наша страна, безусловно, одна из них. С 30-50-е годы XX века было много вынужденных мигрантов в регионах страны. Это одна из самых сложных переживаний людей, которые жили в советское время. Политика вынужденной эмиграции, имели огромное влияние на судьбы депортированных народов. В республике их переселяли из одного места в следующее, используя в качестве дешевой рабочей силы. При обнаружении побега, спецпереселенцев депортировали в дальние края. В этот период как мы видим из многих источников информации о многих национальностей, о их количестве, однако некоторые национальностей остаются за пределами. Одна из таких национальностей - литовские спецпереселенцы.

**Ключевые слова:** 30-50-е годы XX века, вынуждены переселенцы, политика спецпереселения, депортация, Казахстан, лагерь, литовцы, Литва, спецпереселения, концлагерь, Советский Союз

### Summary

Nowadays, lot of states are multinational. Certainly, our state are one of them. There were a lot of forced immigrants in the country's regions from 30 to 50 years of the twentieth century. It was one of the most difficult experience for people who lived during the Soviet time. The exile policy had a great impact on fate of deported nations. They had been moved from one place to another using them as cheap labors. In case of running away, the settler had been deported to remote areas of the country. In this period as we see from informational sources about a lot of nationalities, their numbers, however, some of the nationalities have been stayed abroad. However, one of such nationalities is Lithuanian immigrants.

**Keywords:** 30-50 years of the twentieth century, displaced people, politics specially resettled, deportation, Kazakhstan, camps, Lithuanians, Lithuania, specially resettled, concentration camps the Soviet Union

ӘӘЖ 39 (4/9)

## ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНЫҢ МЕЖЕЛЕУІНЕ ДАЙЫНДЫҒЫ МЕН БАРЫСЫ

**Ж.С. Маклушова** – *Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Археология, этнология және музеология кафедрасының магистранты*

Мақалада тарихта әйгілі болғандай 1924 жылы Орта Азия Республикаларын межелеу саясаты Большевиктер үкіметі таратылғаннан жүзеге асырыла басталды. Бұл саясат Қазақстанға өз әсерін тигізді. Саясаттың нәтижесінде Қазақстан территориясының этникалық құрамы өзгеріске ұшырап, жер көлемі нақтыланды. Қазіргі таңда осы саясаттың салдарынан Қазақстан Республикасы көп ұлтты мемлекет болып табылады. Осы жұмысты межелеу саясатының Қазақстанның этникалық құрамына тигізген әсерін ғылыми тұрғыдан зерттеуді мақсат еттік.

Ғылыми жұмысты зерттеу барысында Ресей сондай-ақ Өзбекстан және өз еліміздегі мұрағаттардағы материалдарды пайдалана отырып 1924 жылғы межелеу саясатының басты оқиғаларын және оның неден басталғандығы және бүгінгі таңда сол саясаттың арқасында қандай жағдайға жеткеніміз жайында айтылады және осы саясаттың барысында қатысқан ірі саяси тұлғалар жайында баяндалады.

**Тірек сөздер:** межелеу, Орта Азия, саяси қатысу, саяси фактор

Еліміздің ХХ ғасырдың 20-шы жылдары территориясының бір мемлекеттің құрамына біріктірілуі, Қазақ АКСР-нің құрылуы және оның үлесіне тиген жерлердің құрамы, Қазақстан және Орталық Азияда жүргізілген ұлттық-территориялық межелеу саясатының алғышарттары, барысы мен нәтижесі, солтүстіктегі біраз жерлердің Ресей Федерациясының құрамына өтіп кетуі сияқты мәселелер кеңінен қарастырылады [1]. Сонымен қатар Қазақстан мен Өзбекістан арасындағы шекара мәселесі, ұлт зиялыларының қазақ жері үшін күресі, Өзбекістанда біраз қазақи жерлерінің қалып қоюы талқыланады. Межелеу саясаты кезінде Тәжікстандағы, Түркіменстандағы шекара мәселесінің соңғы нүктесіне шолу жасалады.

Орталық Азия халықтарының қазіргі заман тарихында 1924-1925 жж. Большевиктер партиясы жүргізген ұлттық-аумақтық межелеу саясаты аса күрделі және даулы оқиға болып табылды. Халықтардың сауда-экономикалық байланыстарына, этникалық салт-дәстүрлерінің жақындылығына, рухани және діни ынтымақтастыққа қарамастан, кеңестік Түркістан қалыптасқаннан бір мезгілде Орталық Азияны бірнеше тәуелсіз республикаларға бөлудің мәселесі көтерілді. Бұл ұлттық-аумақтық межелеу көп ұлтты Түркістан қаласында Лениннің ұлттық саясатының практикасын іске асыру жолындағы маңызды қадам болады деп атап өтілді. Шынында, 1920 жылы В.И. Ленин, этникалық белгілері бойынша біртұтас мемлекет құру нұсқауларын қосып, мемлекеттілікті құру мәселесі бойынша Түркістан АКСР-нің басшыларының жоспарлары мен ұсыныстарын қарастыра отырып, Орталық Азияның байырғы халықтарының мемлекеттік автономия мәселесін қарастыру қажеттігін атап өтті.

Кеңес өкіметі Қазақстан аумағында орнап, билігін жүргізген соң еліміздің шекаралық аймақтарына көздері түсе бастады, нәтижесінде Ресейдің аудандарынан әр түрлі ұлт өкілдерін қазақ жерлеріне көшіріле бастады. Осындай саясаттың астыртын өзіндік мақсаты болғаны қазіргі таңда мәлім болып отыр, осылайша Ресей отарлауын тоқтатпады.

Орталық Азия республикалары арасында ұлттық-территориялық межелеуді жүргізу аса күрделі мәселе еді. Мұндағы халықтардың тарихи байланыстарының тереңде жатуы мен ұлттардың бір-бірімен аралас және тығыз орналасуы ұлттық республикалардың шекараларын анықтауда көптеген қиындықтар туғызды. Осы мақсатта РК(б)П ОК Орталық Азиялық бюросы жанынан және әр ұлттық республикалардың жеке комиссия бөлімшелері құрылды.

ХХ ғасырдың басында қазақ жеріндегі мемлекеттілік үшін күрес күрделі сипат алды. Осыған орай әр



түрлі пікірлер таласы орын алды. "Туркестанская правда" газеті "Ұлттық-мемлекеттік межелеу" деген тақырып төңірегінде жауапты қызметкерлер мен қоғам қайраткерлерінің пайымдауларын жариялады. Беделді қоғам қайраткері С.Қожанов келешек дамудың дұрыс жолы "әуелі экономикалық бірлестік, ал содан кейін, бәлкім, мемлекеттік федерацияландыру" болатынын дәлелдеуге тырысты және бұл жол межеленудің мәні мен нәтижесін ешқандай кемітпейді, керісінше межелеуді табысты аяқтаудың ақылға қонымды көрінісі, тарихи акті болатындығына оқырман назарын аударды. Мақалада ол: "Әзірге мынандай ой айқын - өзбектер мен түрікмендердің тәуелсіз республикалары жарияланды" - дей отырып, өз ұлтының да жүзеге асырылуға тиіс құқығын "жалпы саны 5 миллионнан асатын, оның 2 миллионы межелеу үстіндегі Түркістанда тұратын қазақтар тап сондай құрметке лайық және тап сондай жағдайды қалайды - деп тұжырымдаған еді /2/.

В.И. Лениннің идеясы бойынша басталған Орта Азиядағы ұлттық-мемлекеттік межелеуге қазақ саяси басшылығының көзқарастары үйлесе бермеді. Мәселен Мұстафа Шоқайдың «Тұтас Түркістан» идеясы Орта Азиядағы түркі мемлекеттерін біріктіруге арналған еді. Бірақ Кеңестік билік Мұстафаның бұл идеясынан өлердей қорықты. «Мұндағы саяси тіршілікке сын көзін қадап отырған М.Шоқайдың түрлі мысалмен дәлелдеп қорытқанындай большевизм «Түркістанда ұлттық тұтастық пен ұлттық мемлекеттің құрылуынан өлердей қорқады. Сондықтан қайткен күнде де мұндай тұтастықты болдырмауға тырысады». Тұтастықты бұзудың жалпытүркілік тұтастықты сезіну беретін қуатты әлсіреудің төте жолы - Орта Азиядан алдымен Қазақстанды оның Орта Азиялық бөлігімен қоса бір бөліп алу, сөйтіп бауырлас халықтардан қазақтарды ажыратып алшақтатып жіберу» /3/. Мұстафа Шоқайдың идеясы мен Тұрар Рысқұловтың да идеясы бір болатын. Ол Түркістан Республикасын құруда күресті. Кеңес өкіметі қазақ зиялыларынан, олардың идеясын халықты алшақтату мақсатында 1924 ж. соңында Монғолияға елші етіп ауыстырды. 1923 жылдың соңына таман бұл бағыттағы шаралар тұрақты сипат ала бастаған еді. РКП (б) Орталық Комитетінің алдында Орта Азияның үш республикасының аумағын қайта межелеп, жеке-жеке ұлттық республикаға жіктеу міндеті тұрды.

РК (б)П-ның XII съезіндегі кейін Орта Азия республикаларының партия және кеңес органдары РК (б)П ОК-нен Орта Азияны ұлттық территориялық жағынан межелеуді жүргізу мәселесін құрауды сұрады. Ал 1924 жылы Қазақ АКСР-інің үкіметі қаңтар айында өткен кеңестердің IV съезінде Жетісу мен Сырдария облыстарындағы қазақ аудандарын қосу туралы мәселені орталық партия комитетінің және мемлекет органдарының алдына қойды. 1924 жылы 31 қаңтарда РК(б)П ОК-нің хатшысы Я.Э. Рудзутакқа осы мәселе жөнінде Ташкентте кеңес шақыруды тапсырды. Кеңес 1924 жылы наурызда өткізілді. Түркістанның ұлттық-территориялық межеленуі туралы Түркістан коммунистік партиясының орталық комитетінің хатшысы А.Рахымбаев баяндама жасады [4].

Көрнекті ғалым, қоғам қайраткері С.Асфендияров өз сөзінде Қарақырғыз автономиялы облысын құрудың заңдылығын дәлелдеді. Бұны өз сөзінде Атабаев қолдады. Орта Азиялық экономикалық кеңестің төрағасы М.А. Пасутский «аймақтың экономикалық бірлігі қолайлы» дегенге сүйеніп, Орта Азияның барлық республикаларын біріктіруді талап етті. Ол шындығында межелеуге қарсы шықты. Сұлтанбек Қожанов «түркі тайпалары бірыңғай түркі тілдес халықты құрайды, оны жасанды түрде айыруға болмайды», - деді. Кеңес Пасутский мен Қожановтың пікірлерін қабылдамай тастады. Ол Рахымбаевтың Орта Азияны межелеу туралы баяндамасының негізгі тезистерін мақұлдады. Жергілікті ұйымдардың пікірлері анықталғаннан кейін мәселені талқылау РК(б)П ОК-нің Орта Азия бюросы мен орталық партия органдарына көшірілді [5, 156-161 б.].

1924-26 жж. Орта Азия халықтарының этникалық-территориялық шекараларын межелеу барысында Шыршық өзенінің батысында Ташкент уезінің Болат, Зеңгіата, Ниязбек болыстықтары мен Қауыншы станциясы төңірегінде дау болды. Шыршықтың шығысына қарай Ташкентке қарай күршісті аудандарды құрайтын алты отырықшы қазақ болыстықтары орналасқан. Қазақстан республикасына өткен өзбектер мен олар мекендеген шұрайлы жерлердің төлемі ретінде жоғарыдағы 6 отырықшы қазақ болыстықтары Өзбекстан территориясына енгізіледі [6, 20- п.].

Осы Ташкент және оның маңайындағы аудандарды Өзбекстанға еңгізу мәселесіне Темірбек Жүргенов өз ой пікірін айтты. «Даулы мәселелер аумақтық және экономикалық межелеуде болып отыр, - деп бастады сөзін Т.Жүргенов. Бірінші мәселе - Ташкент қаласы. Ең жоғарғы партия органының шешіміне қарамастан Ташкент қаласы туралы шешімді қайта қарауға қол жеткізу қажет». Т.Жүргенов 6 болыстық аумағының Өзбек республикасына жөнсіз қосылып кеткендігін сөз етті. Ташкент уезінің 29 болысының тек екеуінде өзбектердің саны басым. Қалғандарында қазақтар тұрады. Осының бәрі де Ташкент қаласы мен уезінің Қазақстанға қосылуы қажет екендігін көрсетеді. Мысалы, Ташкент уезінің Шыршық бассейнінде 100 мың қазақтар тұрса, онда тұратын өзбектердің саны 7 мың ғана екен. Мырзашөл уезінде тұратын ха-

лықтың 80 пайызы қазақтар. Уездің Голодностеп суландыру ауданы Қазақстанға тиесілі еді. Мырзашөлге қатысты өзбектердің таласарлық мықты дәлелдері жоқ, дей келе Т.Жүргенов Бұқара республикасында тұратын қазақтардың мәселесіне ауысты. Олардың тұрмыс халі адам төзгісіз. Оларға автономия беру мәселесіне, Өзбек республикасы құрамындағы Қазақ автономиясын құруға қол жеткізу қажет деп талап қойды Т.Жүргенов /7,146 б./.

Орта Азиядағы ұлттық- мемлекеттік межелеуді тікелей жүзеге асырушы Орта Азия бюросында И.Зеленский, Я.Э. Рудзутак, К.Бауман, Ф.Карклин, В.В. Куйбышев секілді азаматтар қызмет етті. Өзбектер жағынан А.Икрамов, Ф.Ходжаевтар жұмыс жасаса, қазақтар жағынан С.Қожанов, С.Мендешев, Т.Жүргенов секілді азаматтар ат салысты. Куйбышев В.В жергілікті халықтар арасында саяси-партиялық жұмысқа көп уақыт бөлді, Түркістан республикасында қарулы күштердің құрылуының интернационалды қағидасын қорғады. Ұлттық-мемлекеттік межелеудің жүргізілу барысы және оның мәні үнемі баспасөз беттерінде жарияланып тұрды.

Ал 1924 жылы 26 тамыздағы РК(б)П Киробком Төралқасының мәжілісінде Мендешев Түркістан АКСР-і мен арадағы шекараны межелеуге байланысты баяндама жасайды. Мендешев республикалар арасындағы шекараны анықтауға әр елден үш адамнан өкіл қатысқан комиссияның күрделі және келісімді жұмыс атқарып жатқандығы жайлы хабардар етіп, біраз қарама-қайшылықтар тудырып отырған мәселелерге ерекше тоқталып, комиссияның ұлттық-территориялық межелеуге қатысты шешімдерінің қорытындысымен таныстырды. Ташкент уезінің ұлттық құрамы төрт белбеуден тұратын, Біріншісі – Ангрен өзені бойында орналасқан 8 болыстан тұратын Құрамыс рулары мекендейтін шығыс белбеуі, ол қазақ делегациясының пікірінше, қазақ ұлты өкілдері болып саналады, ал өзбек делегациясы, керісінше, олардың өзбектерден тарайтындығын дәлелдеді. Екіншісі – Шыршық өзенінің сол жағалауында қазақ халқы басым тұратын 8 болыстан құрылған белбеу. 1924-1926 жж. Орта Азия халықтарының этникалық-территориялық шекараларын межелеу барысында Шыршық өзенінің батысында Ташкент уезінің Болат, Зеңгіата, Ниязбек болыстықтары мен Қауыншы станциясы төңірегінде дау болды. Шыршықтың шығысына қарай Ташкентке қарай күрішті аудандарды құрайтын алты отырықшы қазақ болыстықтары орналасқан. Қазақстан республикасына өткен өзбектер мен олар мекендеген шұрайлы жерлердің төлемі ретінде жоғарыдағы 6 отырықшы қазақ болыстықтары Өзбекстан территориясына енгізіледі.

Үшіншісі – 4 болыстан тұратын, халқының құрамы талас тудырып отырған, 1920 жылғы халық сынағына сүйенген өзбек жағының пікірінше, мұнда өзбек халқы басым, ал қазақ өкілдерінің ойынша, бұл жерде қазақ халқы басым тұратын орта белбеу. Төртінші белбеу – тұтастай қазақ халқы мекендейтін Ташкент уезінің батыс бөлігі. Комиссия құрамында жұмыс жасаған қазақ бюросының жобасы бойынша, бүкіл Ташкент уезі Қырғыз (Қазақ) АКСР-і құрамына өтуі тиіс болды. Ал Өзбек бюросының жобасы бойынша, Қазақстанға тек төртінші белбеуді беру қарастырылған. Комиссияның қарауына осындай 2 жоба ұсынылды. Қырғыз (Қазақ) АКСР өкілдерінің бұл ұсынысы Түркістан компартия басшылығының комиссиясында қолдау таппады, алайда 1911 және 1920 жылғы санақ мәліметі бойынша Ташкент уезінде қазақ халқы шамамен - 60% құрады, өзбектер - 30%, құрамалар - 8% құраған. Екі жақты пікір алысудың нәтижесінде комиссия Ташкент пен оның айналасын 30 верст радиус көлемінде Өзбек Республикасына беру жөнінде шешім шығарды. Ташкент уезінің қалған территориясын межелеу жобасы айтарлықта талас тудырмайды.

Екінші талас тудырған мәселе – Мырзашөл уезі болды. Бұл уездің барлық территориясы көшпелі қазақ елін суландыруға бағытталған бір арнаның жүйесімен шектелді. Қазақ делегациясы 3 өзбек болыстарынан басқа уездің барлық территориясын Қазақстанға қосуды ұсынды, ал өзбек делегациясы, керісінше, мүлде қарама-қайшы ұсыныстар жасады. Комиссия бұл мәселені қарастыра келе, қазақ делегациясының ұсынысын қабылдады. Комиссия межелеу бойынша барлық дайындық жұмыстары 15 қыркүйекке дейін, ал 20 қазанда межелеу белгіленген тәртіппен толық аяқталуы тиіс деген шешім шығарды. Орта Азияны межелеу барысында 1924 жылы Орта Азия бюросы дау-дамайға тап болды, өйткені үлкен қалалардың бірі республикаға өтуі, шекараның өзгеріске ұшырауы, көші-қон процесі, осының бәрін бастан кешіру халық үшін оңай тиген жоқ. Республикалар мен облыстар ішінде “автономиялы қалалар”, ұлттық анклавтар мен автономиялы ұсақ бөлшектер құру жобалары ұсынылды. Дәл осы жылдары Ташкент қаласы үшін талас-тартыс басталды. Екі республика комиссиялары арасында дау басталды. Қазақтың С.Қожанов бастаған тобы Ташкентті қазақ автономиясына қарату керек деген ұран тастады. Ол осы қаланың тарихында Ташкенттің он екі қақпасын қазақтар билеген және қазақтың атақты 3 билерінің осында жерленгенін атап өтті. Өзбекстанда қазақтардың шоғырланған аймақтары негізінен Бұхара, Науай, Қашқадария, Қарақалпақстан автономиялы облыстары болып табылады. Мұнда негізінен кіші жүздің Әлімұлы, Байұлы рулары, ал Өзбекстан мен Қарақалпақстанда жеті рудың: Табын, Тама, Рамадан, Жағалбайлы т.б. рулары

кездеседі. Өзбекстандағы кіші жүз қазақтарын XVI ғасырда Тәуекел ханның Ташкент, Түркістан, Самарқандты басып алған ұрпақтарымен байланыстырады.

Болашақ шекараны анықтау үшін КСРО тәжірибесінде қалыптасқан мынадай үш принциптің негізге алынуы тиіс болды:

I. Ауданның табиғи-тарихи жағдайының біртектілігі;

II. Экономикалық құндылықтар;

III. Халықтарының ұлттық-мәдени және тұрмыстық жағдайларының біртектілігі.

Ұлттық-мемлекеттік межелеу барысында Түркістан АКСР-ның Қазақ АКСР-на қосылуының тарихи зор маңызы болды, өйткені Түркістанның Сырдария және Жетісу облыстарының қазақтар басым өңірлері ҚазАКСР-нің құрамына қосылуы тиіс болды. Бұл мәселені шешу оңай болған жоқ, тарихымызға үңілсек 1867жылы Түркістан генерал-губернаторлығы құрылды, оның әкімшілік орталығы-Ташкент қаласы болды. Қазіргі Қазақстанның оңтүстік территориясы сол кезде аталмыш генерал-губернаторлыққа енді. Екі ірі облыс құрылды Сырдария және Жетісу. Сырдария облысының әкімшілік орталығы - Ташкент қаласы болса, Жетісу облысынікі - Верный қаласы болды. Сырдарияның халық саны 1,8 млн. адам болды, соның 420 мыңы, яғни облыс тұрғындарының 4/1 бөлігі Ташкент қаласының халқы құрады, алайда бүкіл облыс халқының санын есептегенде қазақтар басым болды (1 млн. астам), өзбектер 440 мың адам. Ал Жетісу облысына қазіргі Қырғызстанның - Пішпек, Пржевалский уезді, қазіргі Алматы облысы және сол кездегі Аягөз ауданы кірді. Бұл облыстың халық саны - 1,3 млн. адам, қазақтар (882 мың адам) басым болды. Межелеу басталғаннан кейін пікір-талас туды. Халықтардың ұлттық құрамы бойынша территорияны межелеу принципіне С.Хожанов пен С.Асфендияров қарсы болды. Олар К.Атабаевтің көмегімен Түркістанның біртұтастығын сақтап, ортаазиялық ауқымда РСФСР құрамында Кеңес Федерациясын құруды ұсынды.

1 Сейдін Н.Б. *Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы: қалыптасуы, мәселелері және айқындалу барысы.* - А., 2006 ж. – 7 б.

2 Қожанов С. "Туркестанская правда" газеті "Ұлттық-мемлекеттік межелеу" мақаласы.

3 Қойшыбаев Б. «Орталық Азия кеңес республикаларының ұлттық-территориялық жіктелуі және қазақ саяси басшылығының ұлттық мемлекеттігі түрін анықтау жолындағы ізденістері мен қызметі (1924-1926 жж.)» - Алматы, 2002, - 18-б.

4 Ирмуханов Б.Б. *Казахстана: историко-публицистический взгляд* - Алматы: Өлке, 1996. - с. 232.

5 *Протокол заседания Президиума Киробкома РКП(б) по размежеванию.* АПРК. Ф.139. Оп.1, д.818 в. Л.152-153.

6 *Орта Азиядағы Қазақ диаспорасының қалыптасу тарихынан.* // Бекмаханов тағалымы – 2004. Халықаралық ғылыми конференция материалдары. - Алматы, 18-19 мамыр. – Алматы, 2004. – 311-314 бб.

7 Маймақов Ғ. *Қазақ жері тұтастығының қалыптасуы.* - А., 2005. - 146 б.

8 *Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты (ОҚММ) 243қор, 1-тізімдеме, 33-бума, 437-іс, 1-б.*

### Резюме

Хорошо известно, что бывшие Центрально-азиатские советские республики - Казахстана, Кыргызстана, Таджикистана, Туркменистана и Узбекистана - были созданы советской властью в 1920-х-30-х годов в результате национально-территориального государственного размежевания; их границы были условными и не учитывали особенностей истории и культуры. После распада Советского Союза и политической независимости тех республик начался новый процесс создания национальных государственных образований. Республик также начали вырабатывать системы межгосударственных отношений, охватывающих такие сферы, как демаркации границы между странами.

Национально-территориальное размежевание в Средней Азии было очень сложным и драматичным делом. В исторической литературе, интерпретация этого события неоднозначна и иногда противоречива. Настоящая работа - попытка проанализировать национально-территориального государства разграничение в Центральной Азии в 1920-х-30-х годов и нынешнее состояние межгосударственных отношений по вопросам демаркации границы в регионе. Новейшие архивные материалы из Центрального Государственного архива Республики Узбекистан (Ташкент), архиве узбекской Республиканской офис Президента (Ташкент), а также российского Государственного архива социально-политической истории (Москва).

**Ключевые слова:** Размежевание, Центральная Азия, политическое вмешательство, политический фактор

### Summary

It is well known that the former Central Asian Soviet Republics – Kazakhstan, Kyrgyzstan, Tajikistan, Turkmenistan and Uzbekistan - were founded by the Soviet power in the 1920s-30s as a result of national and territorial state delimitation; their frontiers were conditional in character and did not take into account the peculiarities of history and culture. After the disintegration of the Soviet Union and those republics' political independence the process of creating new national state formations began. The republics also began forming the system of inter-state relations, covering also such spheres as boundary demarcation between the countries.

National and territorial delimitation in Central Asia was a very complicated and dramatic affair. In historical literary sources, interpretation of this event is ambiguous and sometimes contradictory. However, newly available archival documents shed fresh light on this problem. The present paper is the effort to analyse the national-and-territorial state delimitation in Central Asia in the 1920s–30s and the present condition of inter-state relations on issues of boundary demarcation in the region. The latest archival materials from the Central State Archives of the Republic of Uzbekistan (Tashkent), the Archives of the Uzbek Republican President's Office (Tashkent) as well as the Russian State Archives of social and political history (Moscow) have been used.

**Keywords:** delimitation, Central Asia, politica, political factor

УДК 94(477.75):341.324.63 «1940/1950»

## ДЕПОРТАЦИЯ И ПРАВОВАЯ РЕАБИЛИТАЦИЯ КРЫМСКИХ ТАТАР

**Р.Онищенко** – *Магистрант 2 курса специальности «БМ 020300 – История» Кафедры «Социальной истории» Факультета истории и по работе с иностранными студентами КазНПУ имени Абая*

История исследований по реабилитации репрессированных народов, в том числе крымских татар, которые являются одним из этнических компонентов многонационального населения Казахстана и восстановления их государственности длительное время испытывала воздействие конъюнктурного колебания. В условиях господства моноидеологии и существовавшей в стране командно-административной системы управления обществом, недоступности к архивным документам практически была исключена возможность изучения названной темы. Между тем исследование различных вопросов реабилитационного процесса может иметь научное и практическое значение для выработки и проведения национальной политики как в Казахстане, так и в других бывших республик СССР. Степень значимости этой темы значительно повышается в связи со строительством на современном этапе демократического правового государства

**Ключевые слова:** депортация, ликвидация, реабилитация, репрессированные народы, тоталитарный режим

В условиях формирования правового государства, развития демократического общества проблемы конституционно-правовой реабилитации репрессированных народов, в том числе крымских татар в период Великой Отечественной войны приобретают особо актуальное значение. С одной стороны, они имеют сугубо практический характер, с другой - научный. Такое явление объясняется главным образом тем, что вопросы, связанные с конституционно-правовой реабилитацией репрессированных народов, не решены полностью. В условиях тоталитарного режима исследование темы было невозможным. Отдельная информация по различным аспектам этой темы не удовлетворяла ни политические, ни правовые, ни научные, ни моральные запросы общества [1].

В настоящее время Крым является одной из так называемых “горячих точек” на территории бывшего СССР, хотя полуостров, к счастью, не стал ареной кровопролитных конфликтов. В фокусе общественного внимания находятся прежде всего трения по поводу Крыма между Украиной и Россией. Между тем, перспективы становления Республики Крым зависят не только от внешних факторов, но и от внутренних национально-политических проблем. Едва ли не самая сложная и болезненная из этих проблем связана с восстановлением прав и определением статуса крымскотатарского народа [2].

Таким образом, тоталитарная депортация и, по сути, геноцид крымских татар через месяц после возвращения в Крым Советских войск превзошли все самые худшие ожидания. Это было, кроме всего прочего, еще и величайшим предательством со стороны советской власти, поскольку основная часть мужского населения крымских татар, призванная в армию продолжала в то время проливать свою кровь на фронтах за ту же советскую власть. Выселение крымских татар проводилось с большей жестокостью.

Итак, ранним утром 18 мая 1944 года началась акция по выселению крымских татар. На проведение ее карательным органом потребовалось всего лишь 60 часов и свыше 70 эшелонов, в каждом из которых было 50 вагонов. Для проведения этой акции наркому внутренних дел и наркому госбезопасности предписывалось командировать в распоряжение соответствующих органов Крыма 5 тыс. оперативных работников, выделить для обеспечения операции 20 тыс. человек внутренних войск и с этой целью направить 11 стрелковых полков и батальонов и отдельную снайперскую роту. Подготовка к выселению шла очень оперативно и организованно, уже 7 мая руководство по выселению народов в Крыму просило выделить 2 тыс. грузовиков. Была проведена оперативная перепись населения, в г. Симферополе развернул свою

работу штаб по проведению операции, 13 мая прибыла комиссия СНК СССР по организации и руководству приемов от спецпереселенцев скота, сельхозпродукции, другого имущества. За два дня до выселения крымских татар в помощь Госкомиссии были выделены на местах около 20 тыс. человек [3, С. 3].

В результате депортации у крымских татар было полностью изъято: более 80 тысяч домов с имуществом, 127,5 тысяч голов крупного рогатого скота и 357 тысяч голов овец и коз; более 34 тысяч га приусадебных участков; весь запас продовольствия, семян кормов для домашних животных, строительных материалов для ремонта домов, около 4 тыс. тонн пшеницы, кукурузы, ячменя, круп и других видов сельхозпродукции. Сельские жители вынуждены были оставить большое количество сельхозинвентаря.

Были отняты и в последующем уничтожены духовные ценности. В архивных документах отмечается, что были ликвидированы 112 личных библиотек, 664 библиотек в начальных и 221 – средних школах, 200 библиотек в колхозах, 30 – в районах и 60 – в городах Крыма. В селах Крыма были закрыты 360 изб-читален, в городах и районах – более 260 клубов. Были также закрыты, а в последствии заняты под конюшни, различные склады, магазины и полностью разрушены десятки театров и мечетей, уничтожено 2400 кладбищ. Ликвидированный книжный фонд на крымскотатарском языке составляет около 25 млн. экземпляров. Ликвидирована система национального образования, театр, материально-политические основы исследований и развития в сфере общественно-политических наук, истории и археологии, языка и литературы. По сути дела была ликвидирована вся система высшего, среднего и начального образования на крымскотатарском языке, вся система культуры.

В целом по народному хозяйству Крыма, даже по выборочным архивным данным, ущерб в годы войны исчисляется в 20 миллиардов рублей, доля крымских татар составила около 4,5 миллиардов рублей (полновесных советских рублей). В частности, по некоторым сведениям, ориентировочный материальный ущерб нанесенный в результате депортации всей общественно-коллективной собственности составляет в ценах на 1961 г. на сумму свыше 1,4 миллиарда рублей, а только по учтенным видам личной собственности крымскотатарский народ был ограблен на 2,5 миллиардов рублей. В том числе, отнятые свыше 80 тысяч жилых домов, составляющие по сути весь жилой фонд крымских татар, в стоимостном выражении оценивается в 785 миллионов рублей. Ущерб нанесенный при ликвидации книжного фонда по приблизительным подсчетам составляет более 18 миллионов рублей [3, С. 5].

Были ли на самом деле для депортации основания? Как известно, 9 декабря 1948 года была принята Международная конвенция «О предупреждении геноцида и наказании за него», ратифицированная всеми членами ООН. Согласно ей к разряду геноцида относятся действия, прямо или косвенно создающие для какой-либо группы людей такие условия, которые рассчитаны на полное или частичное ее уничтожение. В основе геноцида лежит принцип коллективной ответственности определенной общности, основой которой, в свою очередь, является общность происхождения ее членов. Репрессии, таким образом, распространяются не только на людей, персонально в чем-то виновных, но и на лиц, принадлежащих к одной с ними группе [4, С. 47-48].

Хотя мы имеем общие сведения, что в середине ноября 1941 г. Крым был оккупирован немецкими войсками. Практически сразу на полуострове оккупационная администрация стала создавать мусульманские крымско-татарские комитеты. В 1942-1943 гг. на полуострове было сформировано 9 батальонов крымских татар, которые использовались немцами при охране военных и гражданских объектов, принимали участие в борьбе с партизанами. В 1944 г. эти формирования оказали активное сопротивление советским войскам, освобождавшим Крым. В то же время, в рядах Красной Армии с 1941-1945 гг. проходили службу, по разным оценкам, от 25 тысяч до 35 тысяч крымских татар.

10 мая 1944 г. Берия направил Сталину письмо, в котором обвинил крымских татар в активном сотрудничестве с немецкими оккупантами. На следующий день Государственный комитет обороны принял постановление №5859сс "О крымских татарах", согласно которому все татары должны были быть выселены из Крыма до 1 июня 1944 г. и расселены на территории Узбекской ССР. Среди оснований для высылки были указаны массовое дезертирство крымских татар из рядов Красной Армии, активное участие крымских татар в соединениях германской армии, полиции, аппарате тюрем и лагерей [5].

В основе депортации целых народов лежат причины политического характера. Выселение происходило по сфабрикованным обвинениям в предательстве Родины. Таким образом, депортация народов была показателем правовой незащищенности. Характеризовался грубейшим нарушением политики административно-командной системы и результатом тоталитарного режима. Грубейшие нарушения национальной политики выразились в насильственном переселении целых народов, в упразднении ряда национально-государственных автономных образований, в том числе Крымской автономной республики

28 апреля 1956 г. был издан указ Президиума Верховного Совета СССР "О снятии ограничений в

правовом положении крымских татар, балкарцев, турок - граждан СССР, курдов, хемшилов и членов их семей, выселенных в период Великой Отечественной войны". Но снятие ограничений не влекло за собой возврат имущества, конфискованного при выселении, и разрешение возвращаться на места жительства в Крымскую область. Возникло национальное движение крымских татар за право возвращения в Крым, они постоянно направляли обращения в центральные органы СССР с просьбами восстановления своих законных прав. Спустя 23 года с момента депортации в 1967 году Верховный Совет СССР полностью снял огульное обвинение, но и это решение государства носило чисто декларативный характер. Попытки отдельных групп крымских татар вернуться на свою историческую родину наталкивались на противодействие местных властей.

14 ноября 1989 г. Верховный Совет СССР принял Декларацию "О признании незаконными и преступными репрессивных актов против народов, подвергшихся насильственному переселению, и обеспечению их прав". Началось массовое возвращение крымских татар в Крым. Основными проблемами после возвращения стали массовая безработица, проблемы с выделением земли и развитием инфраструктуры возникших в последние годы крымско-татарских поселков.

Также 26 апреля 1991 года был принят Закон РСФСР о реабилитации репрессированных народов. В нем говорится, что в годы Советской власти подвергались репрессиям народы, в отношении которых «по признакам национальной принадлежности проводилась на государственном уровне политика клеветы и геноцида, сопровождавшаяся насильственным переселением, установлением режима террора и насилия в местах спецпоселения. Политика произвола и беззакония, практиковавшаяся на государственном уровне по отношению к этим народам, являясь противоправной, оскорбляла достоинство не только репрессированных, но и всех других народов страны. Этим Законом, как говорится в его преамбуле, восстанавливалась историческая справедливость, провозглашалась отмена всех актов союзных, республиканских, местных органов и должностных лиц, принятых в отношении репрессированных народов, за исключением актов, восстанавливающих права; они признавались неконституционными и утратившими силу. Закон признает полную реабилитацию этих народов: территориальную, обеспечивающую согласно их волеизъявлению возвращение в места традиционного проживания; политическую – право на свободное национальное развитие, обеспечение равных с другими народами возможностей в осуществлении своих политических прав и свобод; социальную – возмещение социального ущерба, нанесенного им в результате репрессий; культурную – осуществление комплекса мероприятий по восстановлению их духовного наследия и удовлетворению культурных потребностей.

И только 21 апреля 2014 г. Президент России Владимир Путин подписал Указ о реабилитации крымско-татарского и других народов Крыма, пострадавших от репрессий: "Пользуясь случаем, хотел бы проинформировать коллег о том, что мною подписан указ о реабилитации крымско-татарского населения Крыма, армянского населения, немцев, греков - всех, кто пострадал во время сталинских репрессий", - сказал Путин [5, С. 1].

По его словам, в этом же указе прописаны меры "по социально-экономическому обустройству некоторых территорий", которые в последние годы и даже десятилетия фактически были брошены и "юридически никак не оформлены" и что, что "крымско-татарский народ действительно серьезно пострадал в период сталинских репрессий, был депортирован из Крыма - со своей родной территории". "И мы, безусловно, должны сделать все от нас зависящее, чтобы процесс вхождения в Российскую Федерацию был связан с реабилитацией и восстановлением законных прав и интересов крымско-татарского народа", - подчеркнул глава государства.

11 марта 2014 г. парламент Крыма принял постановление о гарантиях восстановления право крымско-татарского народа и его интеграции в крымское сообщество. Крымские парламентарии указали на необходимость при утверждении новой республиканской конституции предусмотреть следующие гарантии: придание крымско-татарскому языку статуса официального языка наравне с русским и украинскими языками, гарантированное представительство крымских татар в районных и городских советах и других органах, признание органов национального самоуправления крымско-татарского народа – курултая (общенационального съезда) крымско-татарского народа и формируемых им органов.

Таким образом, депортация, предпринятая партийно-государственным руководством СССР, долгое время относилась к важнейшим государственным секретам. Депортация как крупномасштабная акция, деяние государства по отношению к некоторым населяющим его территорию народам, как явление нашей недавней истории, последствия которой дают о себе знать и по сей день, должна быть проанализирована и оценена с точки зрения общественно-политических, морально-нравственных, юридических критериев. Использование последних позволяет судить о правомерности или неправомерности как всего

явления депортации народов в целом, так и каждого составного ее компонента и в зависимости от этого решать вопрос о законодательных и иных юридических мерах, которые следует предпринять государству и обществу, чтобы окончательно определиться с этой серьезной проблемой.

Так, было признано, что в отношении репрессированных народов на государственном уровне применялась «политика произвола и беззакония, геноцида и клеветы».

1 Муртазалиев В.Ю. Конституционно-правовая реабилитация репрессированных народов Северного Кавказа. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата юридических наук - Махачкала, 2005 - 30 с., С.3.

2 Перепелкин Л., Руденский Н. Этнополитические проблемы крымских татар ...www.hrights.ru/text/b2/Chapter6.htm

3 Ильясов Р. Крымские татары. Краткий обзор прошлого и анализ социально-экономического положения настоящего. Информационный бюллетень. Вып.5. Алтын Бесик. 1997, - С. 5.

4 Кан Г.В. История корейцев Казахстана. – Алматы: Гылым, 1995. - 208 с.

5 <http://itar-tass.com/godovschina-olimpiady>

### Түйіндемe

Қазақстан халқының көпұлтты сипат алуы Кеңес Одағының саяси мүддесіне сай жүргізілген тарихи оқиғаларға тікелей байланысты екені белгілі. Ата-мекенінен күштеп көшірілген Қырым татарлары да Қазақстан халқының біршама этникалық компонентін құрайды. Қырым татарларың депортациялау мәселесі ұзақ уақыт бойы маңызды мемлекеттік құпиялар қатарында болып келді. Депортациялау ірі масштабтағы мемлекеттік саяси акция ретінде де, белгілі бір аумақтағы халықтарға, солардың ішінде Қырым татарларға да қатысты тарихи құбылыс ретінде де бүгінгі күнге дейін тарихи-саяси, моральдық-адамгершілік тұрғыдан ғана емес, заңдық тұрғыдан да талданып, өз бағасын толық алған жоқ.

**Тірек сөздер:** депортациялау, тарату (ликвидация)у, реабилитация, қуғын-сүргінге ұшыраған халықтар, тоталитарлық тәртіп

### Summary

The history of research on the rehabilitation of repressed peoples, including the Crimean Tatars, who are one of the ethnic components of the multi-ethnic population of Kazakhstan and restore their state for a long time to be affected by fluctuation of the political situation. Under the rule mono ideology existed in the country and the administrative-command system of social control, accessibility to archival documents had been practically excluded the possibility of studying the said topics. Meanwhile, the study of various issues of the rehabilitation process may have scientific and practical importance for the development and implementation of national policy both in Kazakhstan and in other former Soviet republics. The degree of importance of this topic is significantly increased due to construction at the present stage of the democratic constitutional state

**Keywords:** deportation, liquidation, rehabilitation, repressed peoples, totalitarian regime

УДК 327

## ҚАЗІРГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖҮЙЕСІНДЕГІ МЫСЫР ЖӘНЕ ОНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

**А.Қ. Омарова** – *Абай атындағы ҚазҰПУ магистранты*

2011-2012 жылдардағы Таяу Шығыс және Солтүстік Африкадағы саяси жағдайдың ушығуы аймақтағы геосаяси жағдайдың өзгеруін туындатты. Осы орайда берілген мақалада 2011-2012 жылдан кейінгі Мысыр Араб Республикасының сыртқы саясатындағы өзгерістерге талдау жасау мақсаты қойылған. Мысыр елінде орын алып отырған саяси үрдістер жалпы араб әлемінің, көршілес суб аймақтардағы саяси жағдайларға өзіндік ықпалы бар елеулі оқиғалардың қатарына жатады. Қазіргі таңдағы Мысыр мемлекетінің сыртқы саясатының маңызды міндеттерінің бірі Таяу Шығыстағы аймақтық державаға айналу болып табылады. Араб саясаткерлері «Мысыр елінсіз соғыс болмайды, ал Сириясыз бейбіт өмір жоқ» деп айтады [1], сондықтан да Мысыр елін Таяу Шығыс және Солтүстік Африка аймағындағы қауіпсіздік жүйесінің саяси құрылымын өзгертуге ықпалы бар мемлекет ретінде қарастырған жөн.

**Тірек сөздер:** Мысыр, араб көктемі, сыртқы саясат, Таяу Шығыс

2011 жылдың 11 ақпанында үш аптаға созылған қарсылық шеруінен кейін Мысыр Араб Республикасының президенті Хосни Мубарак биліктен кетті. Билік басына қорғаныс министрі Хусейн ат-Тантауи бастаған Жоғарғы әскери кеңес келді. 2011 жылдың 19 наурызындағы жалпыұлттық референдумда қолданыстағы конституцияға өзгерістер енгізілді. Сайлау туралы жаңа заң қабылданып, 2011 жылдың қараша айынан 2012 жылдың наурыз айына дейін өткізілетін сайлау мерзімі бекітілді. Мысырдағы парламент сайлауының қарсаңында 50 ден астам саяси партиялар құрылып, олар өздерінің коалицияларын құрды. Сайлау барысында айқын басымдыққа 1928 жылы Хасан әл-Банна құрған «Мұсылман бауырлар» - ұйымы ие болды. 2012 жылы «Мұсылман бауырлар» ұйымының өкілі Мұхаммед Мурси Египет елінің

президенті болып сайланды [2].

Араб әлемін қамтыған жаппай әлеуметтік қарсылықтың туу себебінің терең қордаланған ішкі және сыртқы сипаты бар екені анық. Билікке қарсы бас көтерудің жалпы ұқсастықтары мен жалпы заңдылықтары ортақ болғанымен әрбір елдің діни, әлеуметтік-экономикалық, саяси ахуалына және өзіне тән тарихи даму үрдісіне сәйкес шешімін таппаған шиеленіскен проблемалары өзегін жарып сыртқа шықты. Араб елдерінің әлеуметтік-демографиялық ерекшеліктері де елеулі рөл атқарды.

Өкіметке қарсы жаппай бұқаралық сипат алған наразылықтың ішкі себебі жоғарыда аталған араб елдерінде әлеуметтік-экономикалық проблемалардың шиеленісуімен, халықтың кедей топтарының тұрмыс жағдайының нашарлауы, жастардың едәуір бөлігінің келешекке деген мақсат-мұратының күнгірттенуі, ең бастысы нақты билікке сенімінің жоғалуымен байланысты еді. Әрине, бұл арада ішкі және сыртқы күштер тікелей араласатын саяси ойынның негізге алатын субъектісі – аймақтағы діни қауымдар, кландық топтар мен ру-тайпалық бөлшектенуі, этникалық топқа жатуы (қарым-қатынас тілі мен мәдени мұрасы) екендігін де теріске шығаруға болмайды.

Парламенттік және президенттік сайлауларда демократиялық жолмен билік басына келген «Мұсылман бауырлар» ұйымы билікте ұзақ тұрақтай алмады. 2013 жылы жазда мемлекеттік төңкеріс ұйымдастырып, демократиялық жолмен сайланған президент Мұхаммед Мурсиді тақтан тайдырған маршал Абдул-Фаттах Халил ас-Сиси президент болып сайланды.

Осы орайда, Египеттен бастау алған «араб көктемі» деп танылған саяси оқиғалар да осы араб елінің сыртқы саясатының ерекшеліктерін жан-жақты қарастыруды қажет етеді.

Мысыр елі үшін халықаралық қатынастардағы төмендегідей шиеленістер маңызды орынға ие болып, осы мәселеге қатысты Мысыр елі өз ұстанымдарын да айқындап отыр:

1. араб-израиль шиеленісі;
2. халықаралық лаңкестіктің өршуі;
3. Иранның атом бағдарламасы;
4. Иран мен бірқатар араб мемлекеттері арасындағы мүде қайшылығы.

1952 жылғы төңкерістен бері өзгеріссіз келе жатқан Мысыр мемлекетінің сыртқы саясатының негізгі принциптері төмендегідей түрде:

- ізгі ниетті бейтараптық және блоктарға қосылмау саясатын ұстану;
- халықаралық әскери одақтарға қосылмау;
- өз аумағында шетелдік әскери базалар орналастырудан бас тарту; халықаралық бейтшілікке қолдау көрсету;
- ұлт-азаттық қозғалыстарға қолдау көрсетіп, демеушілік жасау;
- Мысырдың ішкі істеріне басқа мемлекеттердің араласуына жол бермеу;
- жаппай қарулануды тоқтату, ядролық қарудың таралуына жол бермеу;
- халықаралық ынтымақтастық мәселелеріне қолдау көрсету.

2011 жылдың басынан араб елдерін қамтыған саяси-әлеуметтік ахуал, билікке наразылық, бірқатар араб елдерінде ұзақ жылдар бойы билікте болған басшылардың кетуі мұсылман әлеміне дамудың жаңа жолын іздеуді қажет ететіні де ақиқат. 2011 жылдан кейін Мысыр елінің сыртқы саясаты айтарлықтай өзгерістерге ұшырамағанын айта кету керек. Жалпы, Мысырдың аймақтық саясатында бес маңызды бағыттар айқындалады:

- біріншіден, жаппай қырып жою қаруларын таратпау мәселесі;
- екіншіден, Синай жарты түбегінің төңірегіндегі саяси мәселелер;
- үшіншіден, Суэц каналының және Тиран бұғаздарының мәселесі;
- төртіншіден, Газа секторындағы радикалды қозғалыс ХАМАС қызметі;
- бесіншіден, Мысыр және Израиль арасындағы қатынастар бойынша мәселелер кешені.

Сонымен қатар Мысыр сыртқы саясатының негізгі бағыттары және ұлттық мүдделері араб әлемі, мұсылман дүниесі, Африка құрлығындағы негізгі үш басымдылық шеңберінде қазіргі уақытта өзінің стратегиялық маңыздылығын сақтауда [3, 21 б].

Бірінші бағыт бойынша сыртқы саясатының негізгі бағыттарын қарастырсақ, Мысыр елі 1970 жылдардан бастап өзінің ядролық қаруды құру бойынша бағдарламасын тоқтатқан болатын. 2007 жылы Хосни Мубарак Ирандағы осы саланың дамып отырғандығына алаңдаушылық білдіре отыра, елдің ядролық қару бойынша бағдарламаны қайта қарастыру мүмкіндігін тілге тиек еткен еді [4, 471]. Қазіргі таңдағы Мысырдың жаңа үкіметі де зерттеушілердің пікірінше осы бағыттағы саясатты ұстануы мүмкін [5, 166].

Мысырдың Хосни Мубарак кезеңіндегі ядролық қаруды таратпау бойынша сыртқы саясаттарының басым бағыттары бойынша төмендегідей саясатты ұсынған [6, 37].



1. Африканы ядролық қарудан еркін құрлық деп жариялау және Орта Шығыста да осындай аймақ құрудағы Мысырдың шешуші ролі;

2. Мұндай аймақты негіздеу ережелері мен тәртібін талқылау үшін Орта Шығыста қарулануды қысқарту бойынша ресми келіссөздер үрдісін бастау маңыздылығы;

3. Бейбіт үрдіске сәйкес қысқа мерзім ішінде ядролық, химиялық және биологиялық қарулануға тиым салу жөніндегі халықаралық конвенцияға аймақтағы барлық елді, Израильді қоса алғанда, біріктіру;

4. Аймақтағы атомдық мекемелерді бақылау орнату мәселесін талқылау.

Мысырдың бұл бағыттағы саяси қадамдары 2011-2012 жылғы «Араб көктемінен» кейінгі саяси бағытында аса өзгеріске ұшырамаған.

Синай түбегіндегі саяси мәселелерге қатысты Мысыр ұстанымдарына тоқталсақ, 1980 жылы Израиль мемлекетімен келісім шарт жасау нәтижесінде Мысыр Синай жарты түбегін өзіне қайтарған болатын. Дегенмен келісім бойынша жарты түбекте әскери инфрақұрылымдарды орналастыруға шектеу қойылған. Осы жылдардан бері Мысыр елі аталған шектеулерді алу бойынша ұсыныстар көтеріп келеді.

Ресейлік зерттеуші М.Сапронованың пікірінше Абдель Фаттах ас-Сиси билігі кезеңінде Мысыр тұрақтылық және қауіпсіздікті сақтауға талпынысын көрсетті. Бұған Синай жарты түбегіндегі жағдайдың тұрақтылығын ерекше атауға болады.

2011 жылы Израиль, террористік ұйымдармен күрес мақсатында Мысырдың мыңдаған әскерілерінің әскери техникаларымен Синай жарты түбегіне жіберілуіне рұқсат берді.

Суэц каналы бойынша сыртқы саяси бағыттарында Мысыр, 1888 жылғы Константинополь конвенциясында қабылданған ережелерді сақтап келеді. Дегенмен, Мысырдың жаңа үкіметі израильдік әскери кемелеріне Суэц каналына кіруге тиым салуға ұмтылып отыр. Бұл қадамдарын Мысыр жағы Ираннан Газа секторына және Суданға қару-жарақтың тасымалдануына тиым салуға бағытталған шаралар деп түсіндіруде. Мысыр елінің ресми саясаты бойынша ядролық жанар май негізінде жүретін кемелерге Суэц каналынан өтуге тиым салынған [6, 567].

Тиран бұғаздары мәселесіне тоқталатын болсақ, Израильдің палестиналық жерлерді оккупациялануы және БҰҰ Бас Ассамблеясы мен Қауіпсіздік Кеңесі резолюцияларын орындаудан бас тартуы оның араб елдерімен қарым қатынастың шиеленістіріп жіберді. 1967ж мамырда Гамаль Насер Тиран бұғазын жауып, БҰҰ бақылаушыларынан египеттік шекарадан кетуін сұрады. Тиран бұғазы Израиль үшін Қызыл теңізге шығуға, Шығыс Африкаға, Азияның оңтүстігіне қарай жол ашатын маңызды стратегиялық шеп болып саналады. Қазіргі жағдайда мамандардың айтуынша Израиль және Египет арасында жанжал бола қалған жағдайда Египет Тиран бұғаздарын қайта жабуы мүмкін [5, 166].

Израильге қатысты сыртқы саясатында Хосни Мубарак кезіндегі Мысыр ұстанымы екіжақты байланыстар дамуының перспективалары Таяу Шығыстағы жалпы хал-ахуалмен және Таяу Шығыс мәселесін реттеу үрдісімен анықталған [7]. Бұл Израильмен белгілі бір ара қашықтықты сақтап қарым-қатынас жасаудың маңызды екендігін көрсетті.

2011 жылғы Мысырдағы революция жалпы антиизраильдік сипатта болмағанымен, революция барысында Израильге қарсы лозунгтер де белең алған. Египет кинорежиссеры Хала Галальдің айтуынша 2011 жылы 26 тамыздағы Каирдегі антиизраильдік шерулердегі кең тараған ұрандардың ішінде «Палестина біз сені ұмытқан жоқпыз! Біз де күресудеміз, біз де оккупацияға ұшырадық» деген ұрандар көп айтылған [8].

Израильге қарсы оқиғалардың ішінен ең маңыздысы ретінде 2011 жылы израильдік елшілікке жасалған шабуылды айтуға болады, нәтижесінде израиль елшісі елден кетуге мәжбүр болған. Мысырдағы антиизраильдік толқын барысында 2011 жылы Синайдан Израильге баратын газ құбырларына жасалған жарылыстарды атап өтуге болады [9].

Абдель Фаттах ас-Сисидің билік басына келуінен бастап, Ресей және Египет қатынастары жаңа деңгейге көтерілген. Олардың ішіндегі ең маңыздысы Мысырдың Кедендік Одаққа ену бойынша шешімі болып табылады. Кедендік Одаққа мүше мемлекеттермен Мысыр арасында еркін сауда аймағын құрылуы мүмкіндігі туралы Мысыр Президент ас-Сисидің Ресейге алғаш ресми сапарынан кейін белгілі болды. Ресей Президенті Владимир Путин ауылшаруашылық өнімдерін Мысырдан тасымалдамақ. Каирден Кремльге тасымалданатын тауарлардың көлемі 2 есеге артып, 60 пайызға артпақ [10].

АҚШ-Мысыр қатынастарына тоқталсақ, «Мұсылман бауырлар» ұйымын және президент Мухаммед Мурсиді күшпен кетіру Вашингтонның наразылығын тудырған мәселе болды. Нәтижесінде, демократия принциптері бұзылды деген ұстаныммен АҚШ жыл сайынғы Мысыр еліне әскери көмек мақсатында берілетін 1,3 миллиард доллардың біршама көлемін қысқартты. F-16 истребительдерін, Abrams M1A1 танкілерін, Naгroon ракеталарын жіберуді біршама уақытқа тоқтатқан. Дегенмен, 2014 жылы қыркүйек айында АҚШ Мемлекеттік хатшысы Джон Керри Каирде болып мысыр президенті Ас-Сисимен кездесу

өткізген болатын. Журналистермен кездесу барысында Джон Керри: «Мысыр елі ықпалы күшті мемлекеттердің қатарына жатады және ол терроризммен күресте ғаламдық деңгейдегі ролі орасан» деп айқын даған болатын. Жалпы революциядан кейінгі Мысырға 2012 жылы АҚШ 1,3 млрд доллар көлемінде қаржылық көмек көрсеткен [11].

Мысыр-Түркия қатынастарына келетін болсақ, 2011 жылдың 3 наурызында Түркия президенті А.Гюль Египетке бір күндік жұмыс сапарымен барған. 2011 жылы 10 сәуір күні Түркия сыртқы істер министрі А.Давутоглу түрік-египет қатынастарын және Ливиядағы жағдайды талқылау үшін Мысырда болған ресми сапарында, елдің премьер-министрі Эссам Шарафпен, сыртқы істер министрі Набиль аль-Араби мен және Араб мелекеттері Лигасының бас хатшысы Амр Мусамен кездесуі барысында екі ел арасындағы маңызды мәселелер қарастырылған [12].

Мысыр президенті Мухаммед Мурсиді билік басынан кетіргеннен кейін Каир және Анкара арасындағы қатынастар бірқатар қиындыққа ұшырап отыр. Атап айтқанда, Түркияның премьер-министрі кезінде Реджеп Эрдоган мысыр әскерилерінің әрекеттерін айыптаған мәлімдеме жасаған болатын. 2013 жылы тамыз айында Түркия және Мысыр өз елшілерін шақыртып алған. Қараша айында Мысыр үкіметі түрік елшісі Хусейн Авни Ботсалыны, ал түріктер мысыр елшісі Абдурахман Селахаддинді «персона нон грата» деп жариялаған. Сонымен қатар, екі ел арасындағы ара-қатынастың ушығуына мемлекеттердің палестина мәселесі бойынша ұстанымдары арасындағы алшақтық та енген.

Осы саяси мәселеге байланысты, қазіргі таңда Каир өз ұстанымдарында Шығыс Жерорта теңізінде жаңа геосаяси альянс құруға ұмтылып отыр. Осы мақсатта бірінші рет, Нью Йорк қаласында БҰҰ Бас Ассамблеясының 69 сессияы шеңберінде Мысыр, Греция және Кипр сыртқы істер министрлері кездессе, екінші кездесуі 29 қазан күні Никосия қаласында өткен.

2014 жылы Мысыр, Греция, Кипр елдері энергетика, экономика және саяси қатынастар саласында үш ел арасындағы әріптестіктің жаңа кезеңі басталғанын мәлімдеді. Қараша айында өткен саммит нәтижесінде үш ел президенті: Абдель Фаттах ас-Сиси, Антонис Самарас, Никос Анастасиадис бірлескен декларация қабылдады.

Жалпы мақаланы қорытындылай келе, Мысыр елінде болып жатқан трансформациялық өзгерістер әлі де жалғасып отырғандығын байқаймыз. Мысырдағы толқулар нәтижесінде ел экономикасына елеулі нұқсан келтіріліп, зардап шекті. Елдің сыртқы саясаты да бірқатар өзгерістерге ұшырап отыр. Атап айтқанда соңғы кездерде біз Мысыр елі мен АҚШ арасында бірқатар саяси ұстанымдар арасындағы алшақтықтар басталып, керісінше Ресей елімен саяси интеграцияға бет бұрған Мысыр ұстанымдары байқалады. Ал Түркия елімен де арасындағы саяси алшақтықтарға байланысты жаңа геосаяси альянс Египет-Греция-Кипр одағы құрылып отыр.

Дегенмен, халықаралық сахнадағы Мысыр елінің сыртқы саясатының негізгі басымдылығы - басқа мемлекеттермен бейбіт қатар өмір сүру, әділдік, теңдік, әлеуметтік-экономикалық дамуындағы мақсаттарға қызмет ету, араб ұлты мен дамушы елдерге қатысты әділдік ісіне қызмет ету, барлық мемлекеттермен ынтымақтастық, достық қарым-қатынас орнату сияқты басым қағидаттары мызғымассыз екендігі анық.

1 Геополитика египетской революции // <http://newsme.com.ua/ukraine/politic/779869/>

2 Долгов Б. Арабская весна: итоги и перспективы // <http://www.perspektivy.info/print.php?ID=135959>

3 Тайжан Болатхан. Аталы сөздер: Еліміз күнделігінен. – 1 кітап. - Алматы, 2007. - 300 б.

4 Pilat J. The End of the NPT Regime? // *International Affairs*, 2007. - №83. Vol. 3.

5 Старкин С.В. Основные направления внешней политики Египта: региональный аспект. // *Историческая и социально-образовательная мысль*. 2012. - №6(16). - С. 165-168.

6 Жүніс Қ.Ә. Мұнайды экспортқа шығаратын елдер ұйымы және араб елдерінің мұнай саясаты. – Алматы, 2006.

7 Шыңғысбаев А. Хосни Мубарак және оның Мысыр Араб Республикасы сыртқы саясатындағы ролі. Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация. - Алматы, 2006.

8 Hossam el-Hamalawy. Egypt's revolution has been 10 years in the making. URL: <http://www.guardian.co.uk/commentisfree/2011/mar/02/egypt-revolution-mubarak-wall-of-fear-free>.

9 Al-Haq F.A., Hussein A.A., *The slogans of the Tunisian and Egyptian Revolutions*. URL: <http://media.leidenuniv.nl/legacy/fawwaz.pdf>, free.

10 Кедендік Одаққа мүше мемлекеттермен Мысыр арасында еркін сауда айналымы құрылуы мүмкін // [http://www.almaty.tv/kz/news\\_of\\_day/kedend-k-oda-a-m-she-memlekettermen-mysyr-arasynda.html](http://www.almaty.tv/kz/news_of_day/kedend-k-oda-a-m-she-memlekettermen-mysyr-arasynda.html)

11 Washington Institute for Near East policy/ *The future of US assistance to Egypt*//<http://washingtoninstitute.org/templateC05.php?CID=2924>

12 Волович А.А. Турция и арабские революции 2011 года // <http://www.iimes.ru/>

#### Резюме

События 2011-2012 гг. на Ближнем Востоке и в Северной Африке привели к обострению политической ситуации

в регионе, что оказывало геополитические изменения в регионе. В связи с этим в настоящей статье рассматривается тенденции внешней политики Египта после арабской революции в 2011-2012 гг. Происходящие в Египте политические события оказывают существенное влияние на ситуацию в арабском мире, и в соседних субрегионах. На сегодняшний день главной задачей египетской внешней политики является утверждение страны в качестве ключевой региональной державы на Ближнем Востоке. Арабы говорят, что «Без Египта нет войны, без Сирии нет мира» [1] поэтому необходимо рассматривать Египет в качестве ведущей силы региона.

**Ключевые слова:** Египет, арабская весна, внешняя политика, Ближний Восток

#### **Summary**

The events of 2011-2012 in the middle East and North Africa has led to the aggravation of political situation in the region, which had a geopolitical changes in the region. In (due to these trends, this paper examines the trends in the foreign policy of Egypt after the Arab revolution in 2011-2012 what is Happening in Egypt political events have a significant impact on the situation in the Arab world, and in the neighbouring sub-regions. Today the main task of Egyptian foreign policy is the adoption of the country as a key regional power in the middle East. The Arabs say that "Without Egypt, no war, no Syria, no peace" [1] therefore, it is necessary to consider Egypt as a leading force in the region.

**Keywords:** Egypt, the Arab spring, foreign policy, middle East  
УДК 94(574) «1959/70»: 314

### **АУЫЛ ЖӘНЕ ҚАЛА ТҰРҒЫНДАР САНЫНЫҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯСЫ (1959-1970 жж.)**

**М.С. Өтеулі** – *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің магистранты*

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғанға дейінгі басынан өткен күрделі әлеуметтік-экономикалық және саяси процестер халықтың демографиялық жағдайына да өзіндік ықпал жасады. Мемлекет дамуының жаңа жолдарын табу, оның тиімді жолдарын анықтау, халықтардың дамуында тұрақтылықты сақтау үшін олардың өткен тарихы мен бүгінгі дамуына ғылыми талдау жасау өзекті мәселелердің бірі. Зерттеу барысында экономикалық, әлеуметтік, сандық өзгерістерді анықтауда демографиялық статистика материалдарын қолдану нәтижесінде ауыл және қала тұрғындарының сапалық және сандық өзгерістері анықталды. Бүгінгі күнде Қазақстан тәуелсіз әрі зайырлы мемлекет ретінде дүние жүзіне танылды. Оның территориясыбұрынғы Кеңес Одағы жерінің 12,4 пайызын құраған. Мақалада осынша аумаққа қоныстанып отырған Қазақстан халқының 1959-1970-жылдар аралығындағы аймақтарға орналасуы қарастырылады. Сонымен қатар, ауылдағы табиғи өсім мен қала халқы санының өсу себептері және олардың сандық көрсеткіштері анықталды. Мақалада кеңестік кезең зерттеулері мен қазіргі таңдағы ғылыми баспалардың материалдары қолданылды.

**Тірек сөздер:** демография, халық санағы, табиғи өсім, урбанизация, миграция

Кеңес дәуірі тұсындағы идеологиялық ұстанымға байланысты елдің әлеуметтік-демографиялық ахуалынан нақты хабар беретін халықтың табиғи өсімі, демографиялық көрсеткіштердегі өзгерістер, оның аймақтық ерекшелігі толық қанды зерттеуді қажет етеді. 1959-1970 жж. халық санақтары аралығындағы ауыл мен қала тұрғындарының санының өсуі, оған көші-қонның әсері және аталған кезеңдегі урбанизация процесінің деңгейін анықтау демография ғылымының өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Қазақстандағы тұрғындар санының өзгеруіне негізінен республиканың өз ішіндегі көші-қон әсер етті. Ауыл және қала тұрғындарын сандық көрсеткішін санақ деректерімен жұмыс істеу арқылы анықтауға болады. 1959 жылы кезекті санақ науқаны жүргізілгені белгілі. Бұл науқан қорытындысы бойынша 1950 жылдардың аяғында халық саны соғысқа дейінгі деңгейге жеткені және біршама артқаны байқалады [1]. Санақ деректері бойынша республика халқы саны 9555,8 мыңды құрады. Соның ішінде қала тұрғындарының саны – 4193,5 мың адамды болса, ал ауыл тұрғындар саны - 5362,3 мыңды құрады. 1959 жылғы жүргізілген санақ қорытындысынан байқайтынымыз, халықтың басым бөлігін ауыл тұрғындары құрады.

Қазақстандағы осы екі санақ аралығындағы кезеңде де сан жағынан көп этнос болып орыс ұлты қала берді. Оларға украиндер мен белорустерді қосып есептегенде 1959-1970 жж. халықтың басым бөлігін құрады. Оған осы кезеңде жүргізілген тың және тыңайған жерлерді игеру қарсаңында Кеңес Одағының еуропалық бөлігінен келіп қоныстанғандардың әсері мол болды.

Қазақстанда 1959 жылғы санақ қорытындысы бойынша оңтүстік және солтүстік өңірлерде ауыл тұрғындарының саны басым болды. Оңтүстік аймақтағы ауыл саны 1млн 822 мың болса, бұл көрсеткіш 1970 жылғы санақ қорытындысында 2млн. 484 мыңды құрады. Осы екі санақ аралығында 133,0 пайызға артқан. Солтүстік өңірде 1959 жылы 1млн. 896 мың болса, келесі санақта бұл көрсеткіш 2млн.155 мыңды құрады. Сәйкесінше ауыл тұрғындар саны 113,7 пайызға артқан. 1959 жылғы және 1970 жылғы санақ қорытындысы негізінде басқа өңірлердегі ауыл тұрғындарының санының көрсеткіші біршама артқанын көруге болады. Орталық аймақта 225 мыңнан 298 мыңға артып, пайыздық көрсеткіші 132,4 құрады. Батыс

аймақта 621 мыңнан 828 мыңға артып, пайыздық өлшемі 133,3-ті құрады. Шығыс өңірде ауыл тұрғындары саны 633 мыңнан 758 мыңға көбейіп, пайыздық көрсеткіші 119,7-ні құрады [2]. Бұдан байқайтынымыз солтүстік өңір тұрғындарының санының артуы табиғи өсімге емес, қоныстанушылардың есебінен артқанын байқаймыз. Сонымен қатар Қазақстанға келіп қоныстанушылардың ішінде әсіресе солтүстік облыстарға келгендер арасында тұрақсыздық байқалады. Бір жерден екінші жерге қоныс аудару көп болды. Оның басты себебі алғашқы кездегі қиындықтарға шыдамай, табыс көзіне және қала жағдайына жақын тұрмыстық-әлеуметтік жағдайын жақсартқысы келгендер ауылдық жерлерден кәсіпорынды қалаларға көшіп отырды.

1959-1970 жылдар аралығында ауыл тұрғындарының тұрақтамауы Солтүстік аймақта жоғары болды. Оның көрсеткіші 10,8% құрады. Сонымен қатар Батыс, Оңтүстік, Орталық аймақтардағы ауыл-село тұрғындарының жартысы осы көші-қон негізінде қалыптасты. Батыс аймақта көшіп келушілер жыл сайын халықтың 3,4% құраса, орталықта 1,7%, ал оңтүстікте 1,3% құрады.

Осы уақыт аралығында ауыл жастарының ішінде мектеп бітірген соң қалаларға оғарғы оқу орындарына кетуі, оқуға түскендердің сол жақта қалуы, әскер қатарына шақырылып, кейін қайта оралмауы жиі кездеседі. 1960-1970 жылдары ауылдық жерлерде мектептер санының азаюы, оған қоса ауылдық жерден кетуіне үй, мәдени-тұрмыстық жағдайдың жасалмауы, жалақының көлемінің төмендігі және оның дер кезінде берілмеуі себеп болды. Сол сияқты экологиялық келеңсіздікте бұған әсерін тигізді. Экологиялық босқыншылыққа түскен аймақтар қатарына Семей атом полигонына іргелес орналасқан аудандарды айтуға болады. Оған Қарағанды Павлодар, Семей облыстарының плоигонға жақын жатқан Қарғалы, Егіндібұлақ, май, Абыралы, абай және басқа аудандар жатады. Сонымен қатар Арал қасіретін тартқан экологиялық апат аймағына Қызылорда облысы жатады. Бұл аймақтағы көші-қон үдерісі 70-жылдардың ортасында басталған еді. Бұл жерлердегі ауыл-село тұрғындарының кетуі негізінен жергілікті емес тұрғындар есебінен жүргізілді [3].

50-жылдары тыңжерлердігерубасталғаныбелгілі. Қазақстанға жүздеген мың адамдар келді. 1954-1958 жж. республика халқы 24 пайызға өсті, ал солтүстік өңірлерде 40-50 пайызға артты. Бұл Қазақстанда жергілікті емес тұрғындардың көбеюіне алып келді. Жергілікті және жергілікті емес тұрғындар арасындағы үлес салмақ әр экономикалық аудандарда әртүрлі болды. Төмендегі кестеде көрсетілгендей, жергілікті тұрғындардың ең көп шоғырланған экономикалық ауданы- оңтүстік өңір болып тұр. Бұл өңірдің халқының тұрақты дамуы байқалады. Жергілікті емес ұлт өкілдерінің көп орналасқан ауданы – солтүстік өңір болып табылады. Қазақстанның халқының саны аз аудан- орталық өңір. Бұл өңірде жергілікті және жергілікті емес ұлт өкілдері басқа өңірлермен салыстырғанда аса көп емес екені байқалады. Батыс өңірде жергілікті халықтың санының басымдылығы байқалады. Тау-кен өнеркәсібі шоғырланған Шығыс өңірде 1959 жылғы санақ бойынша жергілікті емес ұлт өкілдерінің санының басымдылығы байқалады, бірақ бұл үдеріс 1970 жылдары жергілікті емес халықтардың санының біршама азайғанын көруге болады. Қазақстан бойынша жергілікті ұлт өкілдерінің үлес салмағы 1970 жылдардың аяғында басымдылыққа жеткен.

Кесте 1. 1959-1970 жж. Қазақстандағы ауыл тұрғындардың саны (мың адам)

Экономикалық аудандар	1959 жыл	1970 жыл	1959 ж қарағанда 1970 ж пайызбен
Оңтүстік - жергілікті	940	1398	148,7 %
Жергілікті емес	882	1026	116,3 %
Солтүстік - жергілікті	419	587	40,1 %
Жергілікті емес	1477	1568	106,2 %
Орталық - жергілікті	95	149	156,8 %
Жергілікті емес	130	149	114,6 %
Батыс - жергілікті	410	587	143,2 %
Жергілікті емес	211	241	114,2 %
Шығыс - жергілікті	245	398	162,4 %
Жергілікті емес	388	360	92,7 %
Қазақстан - жергілікті	2109	3119	147,9 %
Жергілікті емес	3117	3352	107,5 %

\* Алексеенко А.Н. Население Казахстана 1920-1990 гг. - Алматы: Ғылым, 1993ж. - 56 б. [4]

Бүкіл одақтық тұрғындар санағының мәліметтері көрсеткендей 1959, 1970, 1979, 1989 жж. Тұрғындар санының өсуі әр он жылдық сайын кеміп отырған. Біз қарастырылып отырған кезеңде Қазақстан тұрғындарының саны 40% өскен. 1959 жылғы халықтың орналасу тығыздығы республика бойынша 1км.шаршы жерге 3,4 адамнан келді, ал бұл көрсеткіш 1970 жылы 4,8-ге жетті.

Қалахалқы 1959 жылы 4 млн. 67 мыңболса, 1970 жылғы кезекті санақта 6 млн. 537 мың адамды құрады. Санақ деректері көрсетіп отырғандай қала халқы саны ауыл халқының санынан жыл санап басым түсіп отырған. 1959 жылы қалада орналасқан халықтардың 60 % негізінен әлеуметтік – экономикалық дамуы төмен шағын қалаларда тұрақтады. Қала тұрғындарының санының артуы өнеркәсіп орындарының ашылуы, шикізат орталықтарының кеңейтілуі, ауылдық жерден жұмыс іздеп келушілер мен оқу орындарына түсуге келген жастар легінен көбейді. Экономикалық аймақтарда урбандалу деңгейі әртүрлі болды. Урбандалу процесінің қарқынды жүруіне байланысты ауылшаруашылығымен айналысушы аймақтан, Қазақстан қала халқының санының үлесі артқан республикаға айналды. 1959 жылы Қазақстанда 43 қала, 139 қала типтес кенттер болса, 1970 жылы 78 қала 176 қала типтес кенттер болды.

Кесте 2. Экономикалық аудандар бойынша 1959 жылғы қала тұрғындарының саны

Экономикалық аудандар	Қалахалқы (мың. адам)	Барлығы (мың.адам)
Шығыс Қазақстан	622	1255
Батыс Қазақстан	463	1197
Солтүстік Қазақстан	1243	2610
Орталық Қазақстан	797	1022
Оңтүстік Қазақстан	875	2707
Жалпы Қазақстан	4067	9295

\* Сост по Об основных показателях Всесоюзных переписей население 1939, 1959, 1970, 1979 и 1989 гг. Алматы, 1991 ж., - 4-5 б. [5]

Кестеден көрегініміздей қаласанының өсуі барлық облыстарда жүрді, тек Батыс Қазақстан экономикалық ауданында бұл процесс баяужүрді. Жалпы 1959 жылы Батыс Қазақстандағы халық саны 1 млн. 190 мың адамды құрды. Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарында 401,0 мыңжәне 381,1 мың Адам болды. Атырау облысында жалпы халық саны 252,0 мыңға жетсе, еңхалық аз орналасқан облыс Маңғыстау болды. Онда барлығы тіркелген халық саны 35,7 мыңға әрен жетті. Батыс Қазақстандағы қала тұрғындарының үлесі 38 пайызды құрады[6].

ҚазКСР бойынша 1970 жылғы санақта халық саны 13 млннан асты. Оның қалалық жерде тұратындар саны 6 млн. 537 мынды құрады. 1959-1970 жж. Аралығында қала тұрғындарының даму көрсеткіші 227,8% құрады, бұл әр он жылда жүргізілген санақтар ішіндегіен жоғарғы көрсеткіш [7].

Халық – тарихты жасаушы десек, ондағы халықтың саны, көбеюі, сол мемлекеттегі ахуалға, әлеуметтік дамуға тікелей байланысты. 60-жылдардағы ел экономикасындағы дағдарыс демографиялық дамуға да өз ықпалын тигізді. 1959 жылғы санақ нәтижесінде ауыл халқының саны басым болса, 1970 жылғы санақ қорытындысы қала халқының санының басым болғанын көрсетеді. Кеңес үкіметі жылдарындағы әкімшіл-әміршіл жүйесі өзінің тиімсіздігін көрсетті. Ауылдық елді мекендерді дамыту туралы қаулылар қабылданса да, іс жүзінде жемісін бермеді. Ауылдағы табиғи өсімнің негізін қазақтар беріп отырды. Қазақстандағы барлық қалаларда қазақтар 1959 жылы бүкіл халықтың 16,7 пайызын құраса, 1970 жылы бұл көрсеткіш 17,0 пайызға ғана көтерілді. Ал ауылдағы қазақтар бар халықтың 40 пайызын құраса, 1970 жылы 48,2 пайызын құраған болатын. Бұдан көретініміз қазақтардың әлі де болса ауылдық жерде тұрақтануын және қалада көбінесе өзге ұлт өкілдерінің көп бөлігі шоғырланғанын байқаймыз. Қазіргі уақытта ауыл және қала тұрғындарының тұрақты дамуы мен көбеюі үшін мемлекет қатаң қадағалау жасау керек. Ауылдағы тұрақты демографиялық ахуал қалыптастыру үшін ондағы еңбекке қабілетті тұрғындардың жағдайы жасалуы қажет. Ауылдық жерлерден жастардың қалаға кетуін қадағалап, демографиялық саясатқа баса назар аудару керек. Бүгінгі күні ауыл мен қала халқының сандық үлесі мен орналасу тығыздығын реттеп отыру қажет.

1 Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980). – Алма-Ата: Ғылым, 1991 ж., - 128 б.

2 Досекеева Г.А. 1959-1979 жж. санақ аралығындағы ҚазКСР ауыл тұрғындарының санындағы өзгерістер. – Вестник университета «Кайнар» №1/2, 2006 ж., - 10 б.

3 Ерімбетова Қ. Урбанизациялық үрдіс мәселелері (1970-1980 жж.). – Алматы: «Ұлттағылымы» – №4, 2002 ж., – 78-81 б.

4 Алексеенко А.Н. Население Казахстана 1920-1990 гг. - Алматы: Ғылым, 1993 ж., - 56 б.

5 Сост по Об основных показателях Всесоюзных переписей население 1939, 1959, 1970, 1979 и 1989 гг. - Алматы, 1991 ж., - 4-5 б.

6 Итоги Всесоюзной переписи население 1959 года КазССР. - М.: Гостатиздат, 1962 г., - 17 б.

7 Кожаскеева Л.Т. Динамика численности население городов Южного Казахстана во второй половине XX века. ЕНУ «Вестник» №1-2, 2013 ж., - 26 б.

### **Резюме**

Социально-экономические и политические процессы прошедшие в истории до обретения независимости Республики Казахстан своеобразно отразилось на демографическое положение народа. Найти новые пути развития государства, выявить ее выгодные пути для сохранения стабильности развития народов. Чтобы сохранить стабильность народов необходимо изучение истории народов проживающих в Казахстане и дать научный анализ современному развитию так как они является одним из актуальных проблем. В выявлении экономических, социальных и количественных изменений в ходе исследования при использовании демографически-статистических материалов были выявлены качественные и количественные изменения население аула и города. На сегодняшний день Казахстан известен всему миру как независимое и суверенное государство. Его территория составляет 12,4 процентов земли бывшего Советского Союза. В данной статье рассматривается расселение в регионах народа Казахстана, населявшие столь великую территорию в 1959-1970 гг. А так же были выявлены: естественный рост населения аула, причины роста населения города и их численные показатели. В статье были использованы научные исследования советского периода и материалы современных научных публикаций.

**Ключевые слова:** демография, перепись населения, естественный рост, урбанизация, миграция

### **Summary**

Socio-economic and political processes which took place in the history of pre-independence of the Republic of Kazakhstan peculiar effect on the demographic situation of the people. To find new ways of development of the state, identify its profitable ways to preserve the stability of nations. To maintain the stability of nations is necessary to study the history of the peoples living in Kazakhstan and give a scientific analysis of modern development since they are one of the most pressing problems. In identifying the economic, social and quantitative changes in the course of the study with the use of demographic and statistical materials were identified qualitative and quantitative changes in the population of the village and the city. To date, Kazakhstan is known around the world as independent and sovereign state. Its territory is 12.4 percent of the land of the former Soviet Union. In this article deals with the resettlement of people in the regions of Kazakhstan, inhabited such a great area in 1959-1970 years. And so were identified: natural population growth village reasons for the growth of the population of the city and their numerical indicators. The article used the scientific study of the Soviet period and modern materials research publications.

**Keywords:** demographics, population census, natural growth, urbanization, migration

УДК 091. 327.7

## **ИСТОРИЯ ОРГАНИЗАЦИИ И ПРОВЕДЕНИЯ ПЯТОГО ЮБИЛЕЙНОГО САММИТА ШАНХАЙСКОЙ ОРГАНИЗАЦИИ СОТРУДНИЧЕСТВА**

*М.Сулейманова – магистрантка 1 курса кафедры Всемирной истории КазНПУ им. Абая*

В данной статье рассматривается история организации и проведения пятого юбилейного саммита Шанхайской организации сотрудничества (2006 г.). В Шанхае подготовка к юбилейному саммиту начался в мае, вся городская полиция была переведена на усиленный режим несения службы. Члены организации активно работали над превращением ШОС в анти-НАТО. От встречи в Шанхае организаторы саммита ожидали окончательного закрепления ШОС в этом статусе. Организация должна была внешне видоизмениться, впервые обрести генсека. Кульминацией юбилейного саммита стала итоговая декларация.

Участники саммита ШОС выступили за укрепление взаимного доверия, дружбы и добрососедства, поощрение эффективного сотрудничества между государствами-участниками в политической, торгово-экономической, научно-технической, культурной, энергетической, экологической и других областях. Наряду с этими проблемами участники саммита отметили необходимость совместных усилий по поддержанию и обеспечению мира, безопасности и стабильности в регионе, построению нового демократического, справедливого и рационального политического и экономического международного порядка.

**Ключевые слова:** история, регион, организация, саммит, сотрудничество, политика, экономика, безопасность

Мұражай – жалпы адамзат баласының өмірінде заттық және рухани мәдениетті танытуда, зерттеу мен насихаттауда үлкен рөл атқарады. Әсіресе, ұлттық, мәдени, азаматтық, әскери, еңбек жетістіктерін, әдет-ғұрып, салт-дәстүрдің ерекшеліктерін оқып-үйренуге оның көмегі зор. Мұражай ісі - ғылымның, білім беру ісінің маңызды бір саласы. Осы уақытқа дейін Қазақстандағы мұражайлар көбінесе тарихи бағытта жұмыс істеп келді. Кеңес дәуірі кезеңінде жалпы тарихи, тарихи-революциялық, әскери-тарихи, этнографиялық, өлкетану мұражайы болып бөлінді де, олар жалпы мұражайлардың 63%-ын құрады. Қазір Қазақстанда тарихи, өлкетану бағытындағы мұражайлар басым. Оларға мемлекет тарапынан көп көңіл бөлінуде. Себебі, ондағы ғылыми жинақтау, ғылыми қор, экспозиция, көрме, үгіт-насихат бағыттары жұмыс істеп, жас ұрпақты тәрбиелеу жұмысында маңызды рөл атқаруда.

Мұражайлар өзінің қызметі мен бағытына қарай бірнеше топтарға бөлінеді: тарихи мұражайлар (жалпы тарих, археологиялық, антропологиялық, этнографиялық, нумизматикалық т.б.), көркемөнер мұражайлары (көркемөнер, мүсін, қолөнер, қолданбалы өнер, театр, музыка, кино т.б. мұражайлар), жаратылыстану мұражайлары (биологиялық, зоологиялық, геологиялық, минералдық, палеонтологиялық т.б.), техникалық мұражайлар (авиация, автокөлік, кеме жасау, тау-кен ісі, өнеркәсіп, өндіріс өнімдері т.б.), кешенді мұражайлар (тарих, шаруашылық, жаратылыстану т.б. бағыттарды біріктіріп, жұмыс істейтін кең профильді өлкетану мұражайлары), мемориалдық мұражайлар (мемлекетке, өнерге, әдебиетке ғылымға еңбегі сіңген белгілі адамдардың жеке өнері мен қызметіне арналған мұражайлар) [6-7 б.].

Музей – жалпы адамзат баласының өмірінде заттық және рухани мәдениетті танытуда, зерттеу мен насихаттауда үлкен роль атқарады.

Әсіресе, ұлттық, мәдени, азаматтық, әскери, еңбек жетістіктерін, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлердің ерекшеліктерін оқып-үйренуге оның көмегі зор. Музей ісі ғылымның, білім беру ісінің маңызды бір саласы.

Арнайы пән ретінде музейтану теориялық және әдістемелік бағытта музей ісін дамытып, оның тарихи тәжірибесін жинақтайды.

Кеңес үкіметі тұсында музейлер ғылыми-зерттеу және мәдени-ағартушылық қызметін атқарды. Бірақ, олардың жұмысы идеологияға негізделген, көбінесе кеңес үкіметінің жетістіктері мен жеңістерін насихаттауға арналады. Қазақстандағы музейлердің қызметі еліміздің тәуелсіздік алуына байланысты көп өзгерді.

Музей арнайы жабдықталған, қоғамдық қажеттіліктерді өтеуге арналған, тарихи-ғылыми дерек ретінде экспонаттарды сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін, әлеуметтік ақпарат құжаттарын жинайтын, эстетикалық құндылықтары бар мекеме болғандықтан оларға қойылатын талаптар да күшейді. Музей ісі қоғам дамуымен тығыз байланысты сала. Ол ғылым мен білімнің, мәдениеттің қалыптасуына тікелей әсер етеді.

Барлық музей ісіне байланысты жинақталған тәжірибе мен музей ісінің мәселелерін көтеретін арнайы әдебиеттерде жарық көрген ғылыми білімдер жиынтығын “музейтану” деп атайды. Дәлірек айтсақ, музейтану – музейлердің шығуы мен дамуы заңдылықтарын, олардың әлеуметтік қызметтерін, оны қоғам дамуының әр кезеңінде іске асыру тәсілдері мен формаларын зерттейтін ғылыми пән. Музей ісінің теориясы мен тарихын, музей деректерін тану, музеография мен музей ісінің әдістемесін қамтиды.

Бұл термин ХХ ғасырдың екінші жартысында ғана пайда болғанмен, көптеген тілдерде ертерек орнығып қалды. Ғылымда бұрынғы қолданылған “музоография” деген термин музейге қатысты барлық шығармаларда қолданылып келеді, ал ХХ ғасырдың ортасынан бастап тек музейді сипаттауға ғана пайдаланылады.

Музейтану терминін көбінесе “музей ісіндегі ғылыми ілім” немесе “музей теориясы” деп қарастырады. Бұл ұғымдардың барлығы музей мен ғылым арасындағы байланысты терең көтере алмайды.

Музейтану XVI ғасырдан бастап өзінің теориялық жүйесін тәжірибемен біріктіріп, қорытындылау арқылы ұзақ мерзімнен соң басқа ғылыми салалар арасындағы өз орнын тапты. Соңғы жылдары ғана музейтану жалпы ілімдік пән ретінде негізгі ұғымдарды қалыптастырып, бағытын айқындай бастады.

Музейлердің Халықаралық кеңесінде музейтану ғылыми сала ретінде толық қабылданды. 1977 жылы Кеңес Одағында өткен музей ісіне байланысты Халықаралық XI конференцияда музеология комитеті құрылды. Онда іргелі ғылыми-зерттеу еңбектерді жазуға бағдарламалар қабылданып, музейтануды университеттерде оқытуға ұсыныс жасалды және **18 мамыр Халықаралық музей күні** болып бекітілді.

Музейтану – қоғамдық ғылым, әлеуметтік ақпараттың сақталу процестерін музей экспонаттары арқылы танымдық білім беріп, эмоциялық әсер қалдыратын және әртүрлі қоғамдық-экономикалық жағдайдағы әлеуметтік заңдылықтардың формалдық қызметін музей экспонаты, музей ісі арқылы зерттеп, жүзеге асыратын пән және тарихи өлкетану саласымен тығыз байланыста дамиды.

Арнайы пән ретінде музейтану музей ісінің теориялық және ғылыми-әдістемелік негіздерін жасайды, музей ісіндегі тарихи тәжірибені қорытындылайды.

Кез келген ғылыми саланың зерттеу нысанасы мен зерттеу пәні болады. Музейтанудың негізгі нысанасы – музей, музей ісі, музей экспонаты дедік. Музей және музей ісі тарих, тарихи өлкетану, мәдениет, өнертану, социология және басқа ғылыми салаларда зерттеу нысанасы ретінде қарастырылады. Сондықтан зерттеу пәні үнемі өзіндік, арнайы заңдылықтарды анықтайтын ғылыми жүйе ретінде қарастырылуы қажет.

Музейдің мәдени-көпшілік жұмыстары музей коммуникациясының бір саласы ретінде жан-жақты білімді, белсенді, эстетикалық талғамы зор, қоғамға пайдалы адам тәрбиелеуге бағытталады. Әсіресе экспозиция мен көрмелерді ұйымдастыру арқылы музей әртүрлі жастағы, әлеуметтік және әр түрлі категориядағы, әр мамандық саласындағы адамдарға қызмет етеді.

Музейдің негізгі жұмысы – тарих арқылы, тарихи-мәдени ескерткіштерді насихаттау, сол арқылы жас ұрпақты рухани-адамгершілік және патриоттық рухта тәрбиелеу. Жастарды музей мәдениетіне тарту, тарихын сүю, еліне деген мақтанш пен отаншылдық сезімін ояту, тарихи кезеңдермен таныстыру, материалдық-рухани құндылықтармен таныстыру деген сөз. Музейдің қоғамдық-әлеуметтік мәнін жете түсініп, оны тәрбиелік мақсатта толығымен пайдалану үшін **музей педагогикасы пәні** қолданылады. Музей педагогикасы – музейлік заттарды білім беру мен тәрбиелеу мақсатында қолданудың теориясы мен әдістемесі. Ол аралас ғылыми пән, музей жұмысының коммуникациялық формаларын, музей ісін ұйымдастыруды педагогикалық тұрғыдан қарастырады.

Музейдің педагогикалық зерттеу пәні – музейдің жұмысын педагогикалық жағынан ұйымдастыру әдістерін, түрлерін, жұмыс бағыттарын қарастырады. Педагогикалық жұмыстың негізгі мақсаттары мен мәселелерінің бірі қоғамда белсенді, шығармашылық қабілетті адам тәрбиелеу. Қай ғасырда болмасын тәрбие мәселесі назардан тыс қалмаған. Кез-келген музей экспозициясы және онда қойылған музей экспонаттары жоғары ізгілік пен адамгершілігі бар, жан-жақты мәдениетті тұлғаның қалыптасуына ерекше әсер етері сөзсіз.

Жас ұрпақты тәрбиелеуде олардың білім мен ғылымға деген ынта жігерінің құлшынысын, қызығушылығын, қабілетін дамытуда мектеп музейлері қашанда маңызды жұмыстар атқарады. Қоғам өзінің әр даму кезеңіне байланысты, музей қызметіне жаңа талаптар қоя отырып, оның ғылыми, мәдени және тәрбиелік мүмкіндіктерін толығымен пайдалануға мүдделі. Ал, музейдің қоғам дамуына, оның мүшелерінің жан-жақты көз-қарасының қалыптасуына қосатын үлесі олардың өзіне тән қызметі мен мүмкіндіктерін толықтай аша білуіне байланысты.

Музей экспозициясын көрген оқушылар одан көргендерін көңілдеріне түйіп, ой елегінен өткізетіндей етіп қабылдаса, ол өз болашағын аңғаруға, айналасындағылардың іс-әрекетін түсінуіне, ойлануына, сезінуіне ықпал етеді. Ол үшін музей экспозициясы мен көрмелерінің тақырыптарын дұрыс таңдай білу керек. Жас ұрпақты Отансүйгіштікке, патриоттыққа, рухани-адамгершілікке тәрбиелеуде мына төмендегідей тақырыптарды жан-жақты ашып көрсетуге болады. Мысалы: “Ұлы Отан соғысының қаһармандық жеңісі”, “Ереуіл атқа ер салмай”, “Егеменді Қазақстан” т.б.

Осы тақырыптарға қысқаша тоқталып өтсек: Биылғы жылы тойланған “Ұлы Отан соғысының 70 жылдық жеңісі” ерекше тақырыптардың бірі. Соғыстың отты жылдарында басқалармен бірге қаһармандық ерлік көрсеткен ұстаздарымызда көп болды. Мектеп музейлерінде осы тақырыпта көрмелер жасап, соғыс ардагерлерімен кездесулер ұйымдастырып, олардың әңгімесін тыңдау. Оқушыларға одан алған әсерлерін жазғызу. Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында, азаматтық пен патриотизмнің аса бір алып көрінісі, бүкіл халық болып майданға көмектесуден анық көрінді.

Қазақстан оқушылары қызыл армияға деп жылы киімдер жинауға белсене қатысты. Метал сынықта-

рын, шипалы шөптер, қорғаныс қорына ақшалай көмек, жинап тапсырды. Мектеп оқушылары, майданға кеткен үлкендердің орнына егіс даласындағы еңбекке араласты. Бидай ору, егін суару, шөп шабу, оны жинау, қырмандағы жұмыс, бәрі-бәрі оқушылардың мойнында болды. Ал, оқушы қыздар аналарымен бірге, соғысқа кеткен азаматтарға қолғап, шұлық тоқып жіберіп отырды. Осындай жағдайларға байланысты олар сабақтан қол үзіп, кешкі және сырттан оқуға мәжбүр болды.

Музей - жалпы адамзат баласының өмірінде заттық және рухани мәдениетті танытуда, зерттеу мен насихаттауда үлкен роль атқарады. Әсіресе ұлттық, мәдени, азаматтық, еңбек жетістіктерін, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлердің ерекшеліктерін жетік білуге музей орасан зор жұмыс атқарады. Музей ісі-ғылымның білім беру ісінің, әсіресе, мектеп оқушыларына мәдени-білім мен тәрбие беруде маңызды салалардың бірі.

Қазіргі кезде мектеп музейінің құрылуы оқушылар арасында туристтік-өлкетану жұмыстарының дамуымен тығыз байланысты. Жәдігерлерді жинаумен айналысатын экспедициялар мемлекеттік мекемелермен: музей, архив, кітапханамен бірлесіп жұмыстануы керек. Облыс көлемінде мектептерде жасақталған музейлер әр түрлі профилде қалыптасқан соның ішінде ең көп тарағаны өлкетану музейлері. Ал көркем әдебиет, жаратылыстану, мектеп тарихы, ауыл тарихы мұражайлары әлі азғантай. Музейді жасақтау үшін іздестіріп табылған құжаттар жеткіліксіз, сондықтан іздестіру-жинақтау жұмыстарын жүргізгенде болашақ музейдің кескінін оның негізгі тақырыбымен, атын таңдау керек.

Олардың жұмысы кезінде идеологияға негізделген, көбінесе кеңес үкіметінің жетістіктері мен жеңістерін насихаттауға арналған болатын. Қазақстандағы музейлердің қызметі еліміздің тәуелсіздік алуына байланысты көп өзгерді.

Музей – арнайы жабдықталған, қоғамдық қажеттіктерді сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін, әлеуметтік ақпарат құжаттарын жинайтын, эстетикалық құндылықтары бар мекеме болғандықтан оларға қойылатын талаптар да күшейді.

Музей ісі – қоғам дамуымен тығыз байланысты сала. Ол ғылым мен білімнің, мәдениеттің қалыптасуына тікелей әсер етеді. Олай болса, музей өзінің әлеуметтік қызметін музей заттарын жинау, сақтау, үйрену, зерттеу және қолдану арқылы жүзеге асыра отырып, жас ұрпақты тәрбиелеуде маңызды роль атқармақ.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев... «Соңғы он жылғы алуан өзгерістер ел өміріне жүз жылға бергісіз рухани серпілістер әкелді. Өскелең ұрпаққа үлгі боларлық белесті кезеңдерден өттік. Осы ретте көненің көзіндей, тарихтың ізіндей болған жәдігерлерді жинақтап жүйелеу, оларды келешекке сақтап жеткізу, өзге жұртқа барымызды көрсетіп, насихаттау – абыройлы міндеттердің бірі» - деп мұражайдың қоғамдағы орнын атап өткен еді. Ендеше, мұражай қашанда өз заманына қызмет етуге тиісті. Жаңа ғасырда ондағы экспозиция құрылымына жаңаша көзқарас қалыптастырып халқымыздың әлі де болса талай жерде көміліп жатқан тарихын «тірілтіп», өз дәрежесінде ел игілігіне айналдыру, әлемдік деңгейдегі мұражайлар қатарына көтеру – мұражай қызметкерлерінің басты мақсаты.

*1 Музеи занимают особое место в культурной жизни страны. Поздравление Президента РК Н.А. Назарбаева работников музеев Казахстана с Международным днем музеев // Казахстанская правда. - 1998. - 19 мая. - С. 1.*

*2 Темірғалиева К. Қазақстан әйелдері. - 2005. - №12. - 18-19 б.*

*3 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 6 том - Алматы: қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы, 2004. - 696 б.*

*4 Кайназарова А.Е. Музейное дело в Казахстане (1831-1925 гг.): Автореф. канд. дис. истор.наук. - А., 1995. - 25 с.*

*5 Санақұлова Б.Қ. Қазақстан Республикасындағы музей құрылысы мен қызметі (1991-2004 жж.): Тар. ғыл-ң. канд. дис. автореф. - Орал, 2006. - 30 б.*

*6 Картаева Т.Е. Әлемдік музейлер кеңістігіндегі қазіргі мәселелер. Оқу құралы. – Алматы: «Қазақ университеті», 2013 ж. – 150 бет.*

### **Резюме**

В статье рассматривается место, где важную роль играет освидетельствование истории, культуры и цивилизации народа. Следует отметить, что в настоящее время люди не уделяют много внимания истории, накладывают на долю музея большую ответственность.

Музейные факты имеют особое место в формировании национального мышления и патриотизма. Особенность музея – это возможность психологического влияния. После обретения нашим народом независимости в музейном деле были поставлены новые цели, был дан новый импульс. Появилась возможность увидеть в музейных экспозициях историко-культурное наследие, узнать и запомнить исторические события, гордиться историей, показывать другим народам. Через служителей музеев мы можем увидеть традиции нашего народа, понять всю глубину нашей культуры, содержание нашей истории, что будет формировать имидж нашей страны.

Возможность хранения музейного наследия на протяжении столетий оказывает влияние на передачу исторических фактов от поколения к поколению в их истинном виде. Это показывает высокую общественную ценность музейного дела.

**Ключевые слова:** фонд, экспозиция, экспонат, музей; коллекция, экскурсия, экскурс, лекция, музеография; музейная теория; музейная педагогика

### Summary

In article the place where an important role is played by survey of history, cultures and civilizations of the people is considered. It should be noted that now people don't pay much attention history, imposes on a share of the museum heavy responsibility.

The museum facts take special place in formation of national thinking and patriotism. Feature of the museum is possibility of psychological influence. After finding by our people of independence in museum business the new objects were set, the new impulse was given. There was an opportunity to see historical and cultural heritage in museum expositions, to learn and remember historical events, is proud of history, to show to other people. Through attendants of the museums we can see traditions of our people, understand all depth of our culture, the maintenance of our history that will form image of our country.

Possibility of storage of museum heritage throughout centuries has impact on transfer of historic facts from generation to generation in their true look. It shows high social value of museum business.

**Keywords:** Fund, exposition, exhibit, museum; collection, excursion, digression, lecture, muzeografiya; museum theory; museum pedagogics

### ТАЛҒАР ҚАЛАСЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫНАН

**Б.М. Утеулиева** – *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің, Тарих және шетелдік студенттермен жұмыс факультетінің 2-курс магистранты*

Автор мақалада Талғар қаласының тарихи құндылықтары елеп-екшеленіп, пайда болу тарихы мен ғалымдардың құнды зерттеулеріне шолу жасалынды Талхир қаласы өз заманында халықаралық жергілікті сауда орталығы ретінде де кеңінен дамыған. Сауда қалалықтар өмірінде маңызды рөл атқарған. Сонымен қатар, Ұлы Жібек жолында халықаралық сауда да қала тіршілігіне үлкен ықпал еткен. Себебі, Жібек жолы дәл осы жерден жан-жаққа тарамдалғандықтан, Талхир керуен жолдарының тоғысқан жерінде, түйілісінде орналасқан. Талғар қаласы туралы Ш.Уәлихановтан басқа да ғалымдар мен саяхатшылар зерттеп, азды-көпті еңбектер жазған. Бүгінгі таңда Талғар қаласының орнында болған Талхиз қалашығының жанынан ашық аспан астындағы археологиялық мұражай ашылды. Онда Талхиз орнынан табылған көне бұйымдар жинақтаулы.

**Тірек сөздер:** қала, қала тарихы, Талғар, Ұлы Жібек жолы, сауда, халықаралық, керуен, ғалымдар, зерттеулер

Тәуелсіздік алған жылдардан бастап еліміздің өткен тарихын қайта қарап, ондағы тарихи құндылықтарды елеп-екшеп және тарихи құнды құжаттар қорына өлшеусіз үлес қосып, ата-бабаларымыздан қалған көне қалаларды зерделеп, зерттеуіміз келер ұрпақ үшін өз тарихының үлкенді-кішілі сол уақыттағы қоғамдағы өзгерістермен тарихи оқиғаларды керегіне жарату үшін жасалынған өзекті мәселе.

Қазіргі тарих ғылымында көптеген теориялық проблемаларды шешу, оның деректемелік базасын кеңейту және тағы басқа жағдайлар ғылыми зерттеудің жаңа бағыттарын дүниеге әкелді. Сондай бағыттардың бірі – қала тарихы. Осы тұрғыда Талғар қаласының негізі қалануы мен даму тарихын зерттеу күнделікті өмір тарихын қарастыру арқылы халықтың тіршілігіне терең үңілуге мүмкіндік береді. Ал бұл өз кезегінде тарих ғылымының ауқымдылығын арттырады, акценттерді қайта қарастырып, мәселені жаңаша қоюға, тарих беттеріндегі маңызды және маңызды емес деп қабылданып келген оқиғаларды мұқият талдауға мүмкіндік туғызады. Алынған дәйектер мен дәлелдер негізінде бүтіндей бір өлкенің тарихи белестерін өруге мүмкіндік береді.

Талғар қаласы алдымен X ғасырдың соңғы жылдарындағы географиялық шығарма – белгісіз автор жазып қалдырған парсы тіліндегі «Худуд әл-Әлем» (Әлем шекаралары) еңбегінің беттерінен алынған. Көрнекті шығыстанушы В.В. Бартольдтің пікірінше: «белгісіз автордың Орта Азия географиясы бойынша түпкілікті білімі болған. Әсіресе ол өзінің араб замандастарына қарағанда Орта Азияның шығыс бөлігі жайлы анағұрлым жақсы білген. Аталған шығармада ертеде ержүрек, батыр халық – түркілер мекендеген Тонг және Талхир қалаларының аттары аталады. Бұл елді мекендер жікілдер мен қарлұқтардың шекарасында, Ыстықкөлге жақын маңда орналасқан делінген {1}. Археологиялық ізденістер мен зерттеулерге қарасақ, олар мұнда ортағасырлық қалашықтың орны бар екенін дәлелдеген.

Талғар, Талхиз, Чжимуэрр - Жетісу өлкесіндегі ежелгі қала. Жазба деректерде X-шы ғасырдан бастап «Талхиз» деген атпен белгілі. XIII-ші ғасырдың орта шенінде Іле ойпатында болған шетел саяхатшыларының жазбаларында биік шынды таудың етегіндегі сұлу қала - «Чжимуэрр» деп жазылады. В.Рубруктің «Шығыс елдеріне саяхат» кітабында да осылай келтірілген. Ежелгі Талхир қаласы Алматыға таяу жерде жағалаулары тіп-тік келген, арнасы толы, ағыны қатты, күндіз-түні гүрілдеп ағып жататын өзеннің жанынан табылған. Бұл өзен Талғар деп аталады. Қаланың аты сол өзеннің атауынан шыққан. Қазіргі орны Алматыдан шығысқа қарай 25 шақырым жерде. Қаланың орталық бөлігі төңірегінен едәуір биік

төрт бұрышты алаң. Мұның қорғаныс мұнаралары бар, бекініс дуалдармен қоршалған. Бекініс дуалы қазірде сақталған биіктігі 5-6 метр, қалыңдығы 15-17 метр. Қалаға кірер екі қақпа бар. Олардың біріншісі солтүстік шығыс жақ қабырғаның ортасында да екіншісі оңтүстік батыс жағында. Қаланың орталық бөлігінің аумағы 9 гектар. Бекініс іргелерінен тысқары да көптеген құрылыс орындарының жұрнағы сақталған. Қаланың жалпы аумағы 28 гектар. Археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде қаланың іргетасы б.з. IX-шы ғасырында қаланып, XI-XII ғасырда гүлденіп өскені анықталған. XII-XIV ғасырда Шыңғыс әулетінің өзара күресі салдарынан қала күйрей бастаған.

Енді осы Талғар қаласының маңынан, тау шатқалының шыға берісіндегі оң жағалаудан аршылып алынған ежелгі қаланың аталу тарихына тоқталайық. Талхир (Талхиз) атауы бірден өзіне назар аудартады. Бәрінен бұрын оның дыбыстық құрамы бізге жақсы таныс, Талғар сөзімен үндес, ұқсас. Талхир (Талхиз) бұл атау қаншама ғасырларды басып өтіп бізге жетіп отыр. Сол сияқты Талғар (топонимі) сөзі де өте көне сөз. Екі түбірден құралған бұл атаудың «ғар» («гора») бөлігі үндіеуропа тілдеріне жатады және «тау» деген ұғымды білдіреді {2}.

Ежелгі Талхирдің орнына көп жылдар бойы зерттеу жұмыстары жүргізілді. Мұндағы археологиялық жұмыстарды алдымен Абай атындағы Қазақтың Педагогикалық институтының И.И. Копылов басқарған экспедициясы қолға алды. Кейіннен, 70- жылдардың екінші жартысынан бастап Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Т.В. Савельева жетекшілік ететін экспедициясы атқарды.

Көне ескерткішті зерттеу өте қиын да, жауапты іс болғандықтан зерттеу жұмыстарын түпкілікті әрі кешенді түрде жүргізу мақсатында 1990 жылдан бері қазба жұмыстарына америкалық ғалымдар, Германия, Жапония, Израил зерттеушілері қатыстырыла бастады. Олардың қатарына тек археологтар ғана емес, сонымен бірге эколог, геоморфолог, топырақтанушы, палеоботаник, палеозоологтар да тартылған.

Талхир қаласы өз заманында халықаралық жергілікті сауда орталығы ретінде де кеңінен дамыған. Сауда қалалықтар өмірінде маңызды рөл атқарған {2}. Сонымен қатар, Ұлы Жібек жолында халықаралық сауда да қала тіршілігіне үлкен ықпал еткен. Себебі, Жібек жолы дәл осы жерден жан-жаққа тарамдалғандықтан, Талхир керуен жолдарының тоғысқан жерінде, түйілісінде орналасқан. Оның бір тармағы солтүстік-батыс бағытта Талғар өзенінің бойымен төмен өтіп, Іле өзенінің өткеліне қарай кететін де, сол жерден Жоңғар Алатауына, Алакөлдің жағасына жетіп, одан ары қарай Қытай асатын. Екінші тармағы шығысты бағытқа ала қазіргі Шелекті басып өтіп, Шарын шатқалымен әрі қарай Іленің оң жағалауын бойлай қазіргі Жаркент, Қорғас жерімен Қытайға жететін немесе Шектің үстімен жүріп отырып, одан әрі қарай қазіргі Райымбек (Нарынқол) ауданының жері арқылы да қытайға апаратын. (Талхиз) Талғарда әр елден келген саудагерлер түсетін өздерінің арнаулы керуен сарайлары болған. Олар осы жерде аялдап, сапарларын әрі қарай жалғастыратын. Қала халқының көпшілігі қалалық өмірге кейінірек ауысса керек. Олай дейтіміз, тұрғын үй-жайлардың ауласынан киіз үй орындары табылып отыр. Бұл олардың көшпелі өмірдің салт-дәстүрлерін көп жылдар бойы ұстанып, сақтағандығын көрсетеді.

Талхир тұрғындарының басым бөлігі түркілер-жікіл, қарлұқ, яғмалар құрған. Сондай-ақ базарлар мен көшелерден тілдері бір-біріне ұқсамайтын жат елдік адамдарды, Орта Азия, Иран, Қытайдан келген көпестерді кездестіруге болатын.

Ерте кезде қаланы Қарлұқтар, Жікілер, Тұхсилер, Үйсіндер, Дулаттар сияқты түркі тілдес тайпалар мекендеген. Талғар қаласын зерттеушілердің есебі бойынша, қала гүлденуінің шырқау шыңына жеткен кезінде, яғни XI-XIII ғасырлардың бас кезіне дейін 5-6 мың халық өмір сүрген. Олардың көбі сауатты болған. Мұның дәлелі ретінде қыш ыдыстардағы арабша жазулар болды. Ол жазулар сол ыдысты жасаған шебердің аты-жөні немесе ыдыс иесінің аты болуы мүмкін. Араб тілі бұл өңірге Ислам дінімен бірге IX ғасырда келген. Алайда араб жазуымен бірге көне түркілік руна жазуы да қолданылған. Бұған қазба жұмыстары барысында табылған ұршық тасындағы руна жазуы куә бола алады {2}. Талғардағы тіршілік тынысы Жетісуда XIII ғасырдың басында Татар-Моңғол жаулап алғаннан кейін әлсірей бастайды.

Ортағасырлық Талғарда жүргізілген қазба жұмыстары бойынша қарастырсақ, қала орнындағы археологиялық зерттеу әлі күнге дейін жүріп жатыр және жыл сайын жаңа мағлұматтар мен толығуда. Темір бұйымдарына жасалған макро, микро құрылымдық сараптама қалада темір шойын болаттың бірнеше түрі, оның ішінде қазіргі күні өндіру әдісі ұмыт болған құрыш деген атпен белгілі (лидебурит) кездесетіні анықталды. Сол кезеңдегі болат қорыту технологиясының құпиясын қазіргі уақытта кеншілер тірнектеп жинап, қалпына келтіру үстінде. Оған дәлел: археологтар темір бұйымдарының бай жиынтығын тауып отыр. Олар қару-жарақтар, қанжар, пышақ, жебе ұштары, сауыт бөліктері, дулыға сынықтары және көптеген басқада заттар. Талғар қаласында піл сүйегінен жасалған алты теңдессіз шахматтық мүсін табылды. Талхиз қаласында ертеде су құбыры тартылған, қыштан құйылған 22 су құбырының бөліктері табылып отыр. Талғар қаласының орны бүгінгі жан-жағы мүжілген дуалмен қоршалған төрт бұрышты алқап түрін-

де сақталған {2}.

Талғар батыс пен шығысты жалғастыратын керуен жолдарының қиылысында тұрды, сол себепті де бұл жерден орта Шығыста жасалған аса көркем металл бұйымдар да табылды. Атап айтқанда, қазу барысында зергерлер мен көзешілердің шеберханалары табылған. Олардан қыш ыдыстар күйдіретін пештер аршылып, зергерлер мен ұсталардың, көзешілердің, ершілердің құрал-саймандары шықты. Әсіресе қола тостағандар мен абақтардың ғылыми құндылығы жоғары. Олардың беттері күрделі өрнекпен, хайуанаттар бейнесімен әшекейленген. Қалада теңге шығаратын орын болған. Сондай олжалардың бірі – канатты сақтар бейнесі салынған мыс табақша.

Талғардағы мекен-жайлар дәлелдеп отырғандай, тастан құрылыс салу дәстүрі орта ғасырларда ерекше дамыған. Қала құрылыстары негізінен тастан қаланған. Олардың әрқайсысының аумағы 300 шарш/м. Тұрғын үйлер үшін ағаш тақтайлар мен бөренелер кеңінен пайдаланылған. Талғар қаласындағы археологтардың қазбалары бүкіл Іле өңірінің отырықшылық өмір жайында құнды мәліметтер береді {3}.

Талғар қаласы туралы Ш.Уәлихановтан басқа да ғалымдар мен саяхатшылар зерттеп, азды-көпті еңбектер жазған. Мысалы орыс ғалымдары В.Бартольд, А.Гумилев көп еңбек сіңірсе, қазіргі кезде Қазақстан ғалымдары Карл Молдахметұлы Байпақов (Талғарда туған) оның зайыбы Тамара Владимировна Савельева және Кемал Ақышев сияқты археолог мамандар әлі күнге дейін зерттеу үстінде {4}. Ғұлама ғалымдарымыздың зерттеулерінің нәтижесінде талғар қаласы аймағының тарихы туралы толып жатқан деректер бар екеніне көзіміз жетіп отыр. Талғар қаласының тарих қойнауы көне ескерткіштерге өте бай өлке.

Бүгінгі таңда Талғар қаласының орнында болған Талхиз қалашығының жанынан ашық аспан астындағы археологиялық мұражай ашылды. Онда Талхиз орнынан табылған көне бұйымдар жинақтаулы.

Талғар (талхиз) қалашығының орны белгілі бір дәрежеде тарихтың қозғаушысы, көптеген оқиғалардың кейіпкері, әрі куәгері болып табылады.

1 Байпақов К. *Средневековые город и поселения северо-восточного Жетісу* {19, 20, 21, 22, 24 б.}.

2 Байпақов К. *Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семеречье (VI-XIII вв.)*. – Алматы, 1986 г. {146, 147, 148, 155, 156, 158 б.}.

3 Байпақов К. *Мусульманская архитектура Великий Шелковый путь на территории Казахстана*. – Алматы: Наука, 1980 г. {12, 18, 20 б.}.

4 *Средневековый город Казахстана на Великом Шелковом пути* - Алматы: Ғылым баспасы, 1998 г. {153, 16 б.}.

### Резюме

Автор в статье делает попытку историографического анализа ценных исторических исследований ученых, которые исследовали исторические ценности города Талгар. Этот город в свое время был широко развит как международный торговый центр. Торговля играла важную роль в жизни городского населения. Также международная торговля на Великом Шелковом пути имела огромное влияние на развитие международной торговли. Так как город был расположен на стыке караванных путей Великого Шелкового пути. Труды многих исследователей, ученых, путешественников и историков были посвящены истории города Талгар, а в частности про этот удивительный, богатый своей историей, писал и Ч.Уалиханов. В настоящее время, на месте средневекового городища Талхиз открыт археологический музей под открытым небом. Здесь собраны древние экспонаты найденные в археологических раскопках.

**Ключевые слова:** город, история города, Талғар, Великий Шелковый путь, торговля, международный, караван, ученые, исследования

### Summary

